

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА**

**АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ
120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«ХІХ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«ХІХ САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 120-ЛЕТИЮ
АКАДЕМИКА К. И. САТПАЕВА**

ТОМ 1

**ПАВЛОДАР
2019**

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Ж66

Редакция алқасының бас редакторы:

Ахметова Г.Г., филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.Қ., Эрназаров Т.Я., Бергузинов А.Н., Муқанов Р.Б., Каюмова М.С., Мажитова А.Ә.

Жауапты хатшылар:

Абдырова А.О., Амангельдинова М.М., Гасымова Т.Г., Еликпай С.Т., Ельмуратова Б.Ж., Жамбулова Б.Т., Жумабаева Г.М., Жумабекова Д.К., Жумадилов Н.Ж., Искакова З.С., Калиева А.Б., Капәнова М.М., Касенова А.Ж., Каскабасова А.А., Кашканова Р.С., Коспаков А.М., Мажитова А.Ә., Мамытова С.Н., Молдабаева С.К., Мусабекова Н.М., Мусина А.Ж., Оғузбаев А.Е., Рахимов Е.К., Садық Н.Е., Сембаева Н.Т., Сергазинова З. М., Тайбулатов К.М., Титков А.А., Торайғыров Е.М., Улихина Ю.В., Ысқақ Б.Ә., Юн А.А.

Ж66 «XIX Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының : халықар. ғыл. конф. мат-дары Академик Қ. И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019.

ISBN 978-601-238-907-4
Т. 1 «Оқушылар». – 2019. – 370 б.
ISBN 978-601-238-908-1

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-908-1 (Т. 1)
ISBN 978-601-238-907-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,
филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі**

Құрметті «Сәтбаев оқуларына» қатысушылар!

Сіздерді игі дәстүрге айналған «XIX Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Бүгін қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың ізін басқан жастарға қош келдіңіздер дейміз! Ғылыми шараны халықаралық деңгейде ұйымдастыру біз үшін зор мәртебе, үлкен мақтаныш!

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мақсаты – асыл азамат, ірі тарихи тұлға, академик, ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, сол арқылы үлгі, өнеге көрсету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашанырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың ізбасарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашанырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашан да дарынды, білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға дайын.

Әрине, мен конференция қатысушыларына нәтижелі диалог құруларына, оның нәтижесі Қазақстандағы зерделенетін мәселелердің жай-күйі мен келешекте жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты ғылыми қорытындылар шығаратынына жүректен тілектеспін.

**С. Торайғыров атындағы
ПМУ ректоры**



Г. Ахметова

1 Секция. Академик Қ. И. Сәтбаев және оның білім беру мен ғылымдағы рөлі
1 Секция. Академик К. И. Сатпаев и его роль в развитии науки и образования

ҒАСЫР АДАМ, АСЫЛ АДАМ

АМАНЖОЛОВА Қ. Д.

9 сынып оқушысы, № 25 Қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.
 ТАШИЕВА Ж.

тарих пәнінің мұғалімі, № 25 Қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Қазақ халқының мақтанышы, тұңғыш академик, елімізде тау – кен ғылымының негізін қалаған ғалым – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа биыл 120 жыл толып отыр. Осы орайда атамызға арналған Екібастұз қаласында үлкен көрме болып өтті. Көрмеден қаншама біз білмейтін тың мәліметтер ала отырып ойтүйгенім, қазақстан ғылымының орасан зор табыстарға жетіп, әлемдік биікке жетуде айрықша еңбек сіңірген, дүниежүзіне танымал, халқының сүйікті перзенттерінің бірі – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев артына көп салалы ғылыми мұра қалдырған ұлы тұлға болғанын мақтанышпен айтқым келді. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев « Біздің қазақ даласы қай заманда да дарынды адамдарға кенде болмаған, әлемдік өркениетке сом үлес қосқан, осыдан мың жыл бұрын жасаған әл-Фарабиден бастасаңыз, 500 жыл бұрын Мұхаммед Хайдар Дулатидан бері қарай таратсаңыз, Абай мен Шоқанға дейінгі аралықта ғылым аспанында халқымыздың күйректі жұлдызы болып аққан талай перзенттерін атауға болады. Ендігі жерде сол есімдерге бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан лайықты бағасын беру, ұлтымыздың мақтанышы – адамзаттың мақтанышы екенін көрсете білу баршаныңды сіздер мен біздердің парызымыз, – деп атап көрсеткен болатын [1, 5 б.].

Елбасы атап көрсеткендей ХХ ғасырдағы қазақ халқының дарынды перзенттерінің бірегейі Қ. И. Сәтбаев болды. Ғалым артынан ғылымның қай саласы болмасын мол мұра қалдырған, тұңғыш тау – кен инженер геологы, Қазақстан ғылымының атасы. Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы [2, 617 б.].

Ғалымның бес томдық таңдамалы еңбектері 1967-1970 жылдары жарық көрді. Академик Қ. И. Сәтбаевтың еңбектерінің басым көпшілігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық

ресурстарын зерттеуге арналған. Пайдалы қазындылардың болжам карталарын құрастырудың принциптерін айқындаудағы ғалымның еңбегі өте зор, ол Одақтағы металлогения ғылымын жасаушылардың бірі және қазақстандық тау-кен мектебінің негізін қалаушы болып табылады. Қазақстандағы қара металлургияны дамытудың үлкен маңыздылығы бойынша қырықыншы жылдардың басында республика аумағында ірі металлургия заводын салу мәселесі көтерілді. Сол кездерде КСРО Ғылым Академиясы Қазақстандағы филиялының Геология институтында Қ. И. Сәтбаевтың инициативасы бойынша Қазақстандағы темір мен марганец кең орындарының геология – экономика сипаттамаларын беру және болашақ металлургия заводынның шикізат қорын әрі қарай ұлғайту жөнінде үлкен жұмыстар атқарылды. Қаныш Имантайұлы өзінің әріптестерімен бірге 1942 жылы осы заводты салатын жерді белгілейтін Үкімет комиссиясының жұмысына қатысты. Олар сонда Қарағанды қаласының іргесіндегі Теміртау алабын таңдап алды. Осыған орай республикадағы барлық ғылыми зерттеу мекемелерінің жұмысын үйлестіріп отыратын ғылыми-техникалық кеңес құрылды. Ұлы Отан соғысы кезеңі КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы үшін күрт өсу жылдары болды. «Филиялдағы ғылыми жұмыстардың өте –мөте анағұрлым өсуі біздің еліміздің қанқұйлы жауға қарсы қайрат күш жұмылдырған Ұлы Отан соғысы кезінде байқалды, – деп жазды. 1946 жылы 1 маусымда республика өмірінде қазақ халқының ғылымы мен мәдениетінің дамуында үлкен серпіліс болып, айырықша мәнді оқиға болғаны бәрімізге мәлім. Қазақ КСР Ғылым академиясы құрылып, оның тұңғыш президенті болып Қ. И. Сәтбаев сайланды. Республиканың ғылыми орталығында бұл уақытта 1500-ден астам адам, оның ішінде 78 ғылым докторлары және профессорлар, екі жүздей ғылым кандидаттары жұмыс істейтін. Сонымен бірге қазақ ғалымдарының да саны өсті, олардың арасында 12 ғылым докторлары және отыздан астам ғылым кандидаттары болды [3, 23 б.].

Қаныш Имантайұлы үшін өмірінің басты мазмұны өз Отаны – Қазақстанына деген шексіз сүйіспеншіліктен тұрғандығынан, ғалым республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетін жедел көтерудің ықпалды құралы болды. «Қаныш Имантайұлы кабинеттік ғалым емес еді, – деп еске алады, академик Н. В. Мельников - ол ғылым мен практиканың тұрақты байланысын және өндірістің мүддесін ескеру ең басты деп санады. Ғылымды ол еліміздің күштерін дамытуға қуатты көзі деп, есептеді [4, 107 б.].

Ғылым кадрларын даярлау мен тәрбиелеуде Қ. И. Сәтбаевтың рөлі өте зор болды. Ол қырықыншы жылдардың басынан бастап, ғұмырының аяғына дейін Қазақ КСР Ғылым академиясы мен тау –кен маман-кадрларын даярлауда тікелей өзі араласып, артынан көптеген шәкірт тәрбиелей білген – Ұлы тұлға болды. Академик, Д. В. Наливкин «Халық тарихында кез – келген жеке адамның рөлі соншалықты емес. Ал кейде, тіпті жүз жылда бір рет кемеңгер, жарқын, халқына мақтаныш болатын тұлғаның тууы мүмкін. Қаныш Имантайұлы ғылымның нағыз басшысы болды. Ол қандай жұмысты бастамасын, ол жұмыс қандай көлемде болса да, ол әрдайым даусыз басшылық ететін, әрі жұмыстың құндылығы да артатын. Осы ерекше қызмет орында ол өмірінің соңғы күндеріне дейін істеді. Қатты науқас бола тұрып, ол соңғы күшін қызметке жұмсады. Осы қызметте – қазақстандық ғылымның басшысы қызметінде қайтыс болды» – деп, өзінің естелігінде келтірген екен [5, 135 б.]. Ол өзінің көп жылғы жемісті еңбектерімен Қазақстанның геологиясы мен металлогениясын зерттеу тарихында терең із қалдырды. Жүргізілген жұмыстың ерекше мақсатқа бағытталғандығының және оның коллективті түрде атқарылуының – басқару ісінің бір орталықта болуының арқасында 1953 жылдың басында Орталық Қазақстан бойынша көп материалдар жинап, талдау жұмыстары аяқталды. 1954 жылы алғашқы карталар макеттерін және жүйелендірілген металлогениялық болжам карталарының өзін жасау аяқталды. 1954 жылы Қ. И. Сәтбаев былай деп жазды: «Металлогениялық болжам картасы әр аймақтың геологиясы мен металлогениясы туралы біздің ұғымымыз пирамидасының шыңы болуы керек». Қазақстандық металлогения мектебі осылай туды. Бұл дүние жүзінде алғашқы металлогениялық болжам картасы да еді. 1958 жылы металлогениялық болжам карталарының методологиялық негізін дайындағаны және оларды жасап шығарғаны үшін Қ. И. Сәтбаев бастаған бір топ Қазақстан ғалым – геологтарына Лениндік сыйлық берілді [3, 23–24 б.].

Академиктің бастамасымен республикада тың игеру жылдарында тынайған жерлерді игеретін аудандарды су және құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуі үшін Маңғышылақ, Мұғаджар және Торғай төңіректерінің табиғи минералды ресурстарын зерттеу бойынша көптеген жұмыстар атқарды. Қазақ КСР Ғылым академиясы ғалымдарының тың және тынайған жерлерді игеру ісіне қосқан үлестерін кеңестік үкімет жоғары бағалап, 1957 жылы олардың біразы жоғары үкімет наградаларына

ие болып, ал Қ. И. Сәтбаевқа үшінші Ленин ордені берілді. Ғалым өзінің барлық творчестволық өмір жолының ескерткіші етіп Үлкен Жезқазғанды, Геологиялық ғылымдар институтын, Қазақ КСР Ғылым академиясын ғана қалдырып қойған жоқ, оның тынымсыз зор еңбегінің, атқарған ауқымды істерінің нәтижелерін бүгінде еліміздің жоғары дамыған халық шаруашылығының әр саласында көре аламыз, олар – Қарағанды металлургия зауыты, Соколов – Сарыбай комбинаты, Атасу темір рудалары, Алтай кен орындары, Қаратау фосфариті мен полиметалл кен орындарының игерілуі болып табылады. Жезқазған қаласы бергіінде Сәтбаев атанған кеншілер қаласы ғалымның ұшқыр ойы жобалаған, кезінде қиал сияқтанған шәріге айналған-ды. Жаңа қалада мыс өндірісі мен осы өңірдің ерте заманнан бергі үлкен ғұмыр тарихын баяндайтын мұражай жұмыс істейді, оның бір залы геолог Сәтбаевтың Ұлытау қазынасын ашудағы ұлан – ғайыр еңбегін әйгілеуге арналған (Қ. И. Сәтбаев отбасымен 12 жыл тұрған Қарсақбайдағы ескі үйде – ғалымның мемориалдық тарихи мұражайы орналасқан) [6, 464 б.].

Академиктің геологиядан кейінгі рухани мұрасы ұлттық мәдениет, әдебиет, өнерге тығыз байланысты болды. Ол көркемөз өнері мен өнерге тым ерте араласты. Академик ғылымның әр саласында ұлан ғайыр көп қырлы қазына қалдырды. Сол бай қазынының бірі әдебиет пен өнер саласындағы еңбектері болды. Оның XIX ғасырдағы қазақ халқының ағартушы демократтары – халқымыздың тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы А. Құнанбаев, ағартушы – педагог Ы. Алтынсариндер туралы жазған еңбектері бар. Ғалым жас кезінде халық ауыз әдебиетін жан тәнімен жақсы көріп, әр түрлі тақырыптардағы ақын жазушылардың шығармаларын оқып, олардан түйген ойларын жарыққа шығару ісімен де айналысқан. Ғалымның республикамыздағы жер – су аттарын жинауда және оны ғылыми тұрғыдан зерттеуде жыл сайын ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, оны жүргізу ісінде де мұрындық болды. Кезінде тарихи тұрғыдан материалдар жинап, ауыз әдебиеті мен тарихын зерттеу барысында археологиялық, этнографиялық, фольклорлық экспедицияға жіберу мен оны қолға алғанда ғалымның өзі болатын. XX ғасырдың – Ұлы тұлғасы, ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірінің ір кезеңінде баспа бетіне жарияланып, көпшілік оқырманының игілігіне арналған қазақтың тарихы, мәдениеті мен әдебиеті туралы зерттеулері қоғамтанушы ғылымдарының іздену жұмыстарын жүргізуде теориялық және практикалық тұрғыдан

көмегі мол ғылыми мұра болып табылады. Ғалым қазақ халқының ұлы перзенті, ол өз халқын ғылым мен білімге, өнер мен өркениетке шақырып, қолынан келген көмегін аямады. Оның қамқорлығы арқасында ғылымға бет бұрған жастар ғылым кандидаттары, докторлары деген атаққа ие болды. Көрнекті ғалым, белгілі қоғам қайраткері, қазақстан ғылымының жетекшісі – Ұлы тұлға Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өз халқы үшін орасан зор қызмет жасап, артынан өшпестей бай мұра қалдырды. Сондықтан болар ХХ ғасырдың аяғында халық оны «Ғасыр адамы» деп атады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қазақстан ғалымдарының библиографиялары. – Алматы : ҚазақССР–нің ғылым баспасы. – 1989. – 159 б.
- 2 Әлжанов Т. М., Сәтбаева М. К. Қаныш Сәтбаев қазақ елінің тұлғасы. – Алматы : Ғылым ғылыми баспа орталығы., – 2002. – 164 б.
- 3 Наливкин Д. В. // Академик К. И. Сәтбаев. – Алматы., Ғылым баспасы. – 1965.39– 40 б.
- 4 Сәрсекке М. Дара дарын .Роман – эссе. – Астана : Фолиант, 2008. – 484 б.
- 5 Жанұзақов Т. Қазақстан ғылымының атасы. // Қ. И. Сәтбаев және Қазақстанның қоғамық ғылымдары. – Алматы., Ғылым баспасы. – 142 б.
- 6 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2009.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

АУФАЛИ М. А.

9 сынып оқушысы, Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені, Баянауыл ауданы, Мұса Шорман ауылы

МАСАЙНОВА К. Б.

жетекші, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі,

Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені

*«Ата салты қонса арттағы балаға,
Кетпегені бата тілек заяға,
Біле білсек, артығымен өтелді,
Ауыр міндет-перзент болу данаға».*

К. Салықов

Атақты ғалым Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева 1930 жылы 25 шілдеде Павлодар облысындағы, Баянауыл ауданының «Теңдік» ауылында дүниеге келген. Шәмшиябану кім? Және осы төңірегінде жауап іздесек, оның әдебиет зерттеушісі, қазақ қыздарының арасынан шыққан ірі тұлға ҚР Ғылым академиясының мүше корреспонденті, профессор, қазақ еліне еңбегі сіңген ғылым қайреткері екенін ұғар едік. Менің мақсатым- ғалымның өнегелі өмірін қазіргі жастарға үлгі болсын деген мақсатпен, қандай қиын жағдайларға қарамай, алға қойған мақсатына жеткені, артына өшпес із қалдырғаны туралы құжаттар жинап сіздерге баяндау.

Шәмшиябану апай туып өскен Сәтбаевтардың үлкен отбасында ғылымның басқа салаларымен қоса филологияның мәні де жоғары. Шәмшиябанудың үлкен әкесі Имекең жасынан араб, парсы тілдерін оқыған, әдебиетті сүйетін, қадірлі адам болған. Шәмшия қасиетті Ақкелін баурайында, Шорман әулеті, Сәтбай әулеті, қала берсе Шоканды Зейнеп апамыз дүниеге әкелген киелі топырақтан, кәусар бұлақтан нәр алып, зиялылар көшіне ілесуіне себеп болған. Әкесі Қаныш халқымыздың әдеби, мәдени мұрасын қатты қадірлеген. Бала күнінен-ақ зерек, сезімтал Шәмшиябануға ғылым жолын таңдауына ықпалы зор болған. Шәмшиябану орта білім алғаннан кейін, 1946 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педогогика институтының филология факультетіне түседі. Бұл институтты үздік дипломмен бітіріп, аспирантураға қалдырылады. Әрі қарай Шәмшия апамыз білім-ғылым жолындағы ізденісін бір жоғалтқан емес. Шәмшияның әдебиет саласындағы терең де жүйелі білімін байқаған Мәскеулік ғалымдар Мәскеудегі мемлекеттік университетінің филология

факультетіндегі СССР халықтары әдебиеттерінің кафедрасында қалып қызмет істеп, Орта Азия мен Қазақстан әдебиетінің маманы болуға кенес береді. Құрбы-құрдастарының, отбасының ортасында еңбек еткісі келген апамыз Алматыға оралады. Шәмшия бұл жылдары тек 24-те ғана болатын. 1962 жылы Шәмшия орыс және шетел әдебиеті кафедрасының доценті деген атаққа ие болады [1, с. 3].

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, республикаға еңбегі сіңген ғылым қайреткері, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегерін бүгінгі қауым республика жұртшылығында білмейтін жан жоққа тән. Өмір бойына еліне, халқына қалтқысыз қызмет етіп, Ғылым атты қастерлі қара шаңырақтың туын көтерісіп өткен апамызды Қазақстаннан тыс жерлерде де, жақсы білетін, құрмет тұтатын. Өйткені, оның бүкіл өмірі елге өнеге, ұрпаққа үлгі еді. Қазақ ғылымының атасы Қаныш Имантайұлы сынды нар тұлғалы азаматтың отбасында өмірге келген ол көш бастаған ұлы әкеге лайық перзент бола білді. Шәмшиябану Қанышқызының кандидаттық диссертациясына бірінші сарапкер болған халқымыздың тағы бір ұлы перзенті, жер жүзіне аты мәшһүр жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов жұмыстың құндылық жақтарын баса көрсете келіп, жалпы еңбек иесінің келелі істер тындыруға мүмкіндігі бар қабілетті дарынды жас екендігін баса айтқанды. Ал, кеменгердің осы ойы Шәмшия апайдың кейінгі еңбектері арқылы толығымен дәлелденгенін көргендер Мұхтар Омарханұлының соншалықты көрегендігіне қайран қала таңданысады. Ш. Сәтбаеваның 1982 жылы жарияланған «Қазақ әдебиеті және шығыс» атты монографиясында, кейінгі жылдары жарық көрген жалпы көлемі 80 баспа табақтың «Уақыт шуағы», «Веяние времени» атты екі томдық еңбегіндегі өз кезеңінде одақтық, республикалық ғылыми басылымдарға басылған зерттеулерінде сонау Фирдоуси, Рудаки, Науай, Низами, Жәми Хаям, Физули еңбектерінен ғана емес, көнненің көзі «Мың бір түн», «Қалила мен Димна» секілді әлем елдеріне мағлұм рухани ескерткіштердің түп-тамырына егжей-тегжейлі тоқталып, осы дүниелердің қазақ руханиятымен байланысына тереңдей үнілуі – соның дәлелі. Осы арқылы ол туған халқының мәдениеті мен әдебиеті ешқашан тамаға тұйық қалыпта емес, хатталған тарихы мен әдебиеті арқылы – ежелгі елдердің санатына жататын ерекше естияр жұрттармен тікелей жалғастықта жүріп есейген, көпті көрген қабырғалы жұрт болғанына зерделі оқырманның көзін жеткізу үшін аянбай тер төкті. Бұл тарапта ол өзінің ғылыми пайымдауларын орыс, қазақ тілдерінде қатар жазды [2, с. 17]. Қазақ әдебиетінің тарихына, бүгінгі күнгі ұлттық

әдебиеттің зерттелу, зерделену мәселелеріне профессор Шәмшиябану Қанышқызының сіңірген еңбегі тіптен ерекше. Сонымен қатар, қазақтың ұлы ғалымы Ш. Ш. Уәлихановтың ұлан-ғайыр мұрасының бірсыпыра шешілмей жатқан мәселелерін, әсіресе, филологияға қатысты жағын озық мәдениеті мен әдебиетімен, Батыс-Шығыс халықтарының ой-жүйелерімен үйлестігін зерттенген. 1987 жылы Шәмшиябануға «Шоқан Уәлиханов Филологы», «Чокан Валиханов и русская литература» монографиясын жазып, бұл монографияда аса көрнекті ойшыл ағартушы, демократ Ш. Уәлихановтың сан-қырлы бай мұрасындағы филологияға байланысты еңбектері жан-жақты зерттеліп, ғылыми таңдаулар жасалды, ғалымның орыс, ежелгі грек пен рим әдебиеті және батыс еуропалық ойшылдарымен жазушылары туралы ой тұжырымдары жүйелі, терең зерттеледі. Монографияларды жазғаны үшін Шәмшия апамызға Шоқан Уәлиханов атындағы I-дәрежелі сыйлығының лауреаты атағы берілді. Апамыз тек қана Шоқанды жазып қоймай, Абай, Мағжан, Ахмет шығармаларына, өмірлеріне зерттеу жасаған. Сәтбаева Шәмшиябану Қанышқызы филологияның әдебиеттану саласының ғылыми докторы деген дәреже алған тұңғыш қазақ қызы екенін айта кетуіміз жөн. Шығыс елдерінің мәдени мұрасын зерттейтін ғылыми үйірме құрып, оған өзі жетекшілік етті. Шәмшия – жақсы педагог, ғалым болу мен қоса байсалды ана. Шәмшия апай кешкен ғұмырнамасына үніліп қарасак, ол өмір бойы Қаныш аға сынды ойлы кеменгер, ұлт мақтаншының атына сай перзент болуға тырысып өткен, алыс пен жақынға сыйлы болып өткенін көреміз. Өз ата-бабасының ерекше текті тұқым екендігіне ден қойып, әке аманатын, Әлкей ағаның тапсырмасын орындауға тырысқан болар. Сәтбаевтар әулеті жайлы, «Сәулелі әулет», «Свет очага», «Ә. Сәтбаев» атты үш кітап жазды [3, с. 19].

Бақыт келер ұлдан ба, қыздан ба,
Бас имейді тағдыр мәңгі бір заңға.
«Сәулелі әулет» межешам боп жайнады,
Қанекеме ел салтанат құрғанда,

– деп К. Салықов суреттегендей, Шәмшия апай соңғы еңбегінің жемісін бабалар рухына арнады. Шәмшиябану апамыздың тағдыр қосқан қосағы көрнекті партия және қоғам қайраткері, ғалым Оразай Батырбеков абзал азамат бола жүріп, Сәтбаевтар әулетінің атына сай еңбек еткендігін естелік әңгімелерінен кездестіреміз.

Біздің мектебіміздегі кітапхана Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева атында. Шәмшиябану Қанышқызының мол кітап мұрасынан, тұтынған заттарын кіндік қаны тамған туған жеріндегі

мектеп мұражайында, кітапхана қырына тапсырғандығының өзі Сәтбай әулетіне, еліне деген үлкен құрмет емес пе?

Ұлы шаңырақ нөпір жүгін артыпты,
Соны ақтауды жан жүрегің ар тұтты.
Бір ғанибет, ұлдарың да, қызың да,
Ғылым қуып Қанекеме тартыпты,

– деп ақын К. Салықов жырлағандай, осынау сүттей ұйыған берекелі отбасының басшысы Оразбай аға мен Шәмшия апайдың перзенттері Фазиз, Еркеш, Ертандар ғылым докторы, ғылым кандидаттары, ғалымдар әулетінің жалғасы. Жоғары дәрежесі бар, білімі молбарлық ынта-жігері, күш-қуатын, білімін халыққа қызмет етуге арнады. Өзінен бұрын да, өз тұсында да кездескен осындай ардақты адамның қажымай талмай риясыз еңбектерің, бағалай келе, қазақ халқының алып ақыны Абай ағамыз кезінде былай деген екен:

Өлді деуге бола ма ойландаршы,
Өлмей тұрып артында сөз қалдырған.

Шәмшиябану Сәтбаева 2002 жылдың қаңтар айының 1-і күні дүниеден өтті. Бірақ ол өткенімен адал еңбегі, бейнесі халық көңілінен еш уақытта кетпек емес. [4, с. 14–15].

Шәмшия апай – халқымыздың өрелі өміріне айрықша үлес қосқан, өз ата-бабасының ерекше текті тұқым екендігіне қатты ден қойып өткен кісі. Шындығында Шәмшиябану Қанышқызының өмір өнегесі, қайсар табандылығы, білімге деген құштарлығы, ХХІ ғасырда өмір сүретін біз үшін, ғылымды оқып меңгеруге жетелейтін тұмар десек қателеспейміз.

«Ғалымның хаты өлмейді, данышпанның аты өлмейді» деген халық даналығы осыған сай айтылса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ш. Қ. Сәтбаева. «Сәулелі әулет». Алматы: «Қазақстан» баспасы. 1996 ж.
- 2 Құраст А. Ментебаева. «Ш. Қ. Сәтбаева – 80 жаста: Еске алуға арналған материалдар». Алматы : Жібек жолы. 2012 ж.
- 3 А. Нухұлы. «Асыл мұрасын асқақтатқан бабалар». Павлодар. 2005 ж.
- 4 «Х Сәтбаев оқулары» атты жас ғалымдар, студенттер және оқушылардың халықаралық конф. материалдары. \ С. Торайғыров атындағы ПМУ. - Павлодар, 2010 - Т.1. 14-15 бб.

СӘТБАЙ-ШОРМАН ӘУЛЕТІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ТУРАЛЫ

БАҚБАЕВА М. Т.

6 сынып оқушысы, Академик Қ. И. Сәтбаев атындағы
мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені,
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Мұса Шорман ауылы
МУЗАФАРОВА Б. С.,

кітапханашы, Академик Қ. И. Сәтбаев атындағы
мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені,
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Мұса Шорман ауылы
НҰХЫ А. Ш.

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Академик Қ. И. Сәтбаев атындағы
мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені,
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Мұса Шорман ауылы

Орталық Қазақстанның, Сарыарқаның, ұлан-байтақ жерін ежелгі Орта жүз рулары-арғын, найман, керей, қыпшақ, қоңырат, уақ мекендегені белгілі. Осылардың ішіндегі айтулысының бірі – Арғыннан бірсыпыра ұрпақ тарапты. Арғын руының арғы тегі, аталу туралы шежірелерде, тарихи құжаттарда әртүрлі жорамалдар болса да тиянақты тұжырымдар жоқтың қасы. Әзірше белгілі болған құжаттардың бәріне сүйенсек, мысалы, Ақжолдың баласы Қаракожаның төрт ұлы - Мейрамсопы, Қарасопы, Кенжесопы, Бәсентиін екен. Мейрамсопының Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болат атты бес ұлы болыпты. Өніп-өскен Сүйіндік ұрпақтары көбіне, Орталық Қазақстанның шұрайлы жерінің бірі – Баянауыл тауының сыртқы бөктері Ақкелінде коныстаныпты.

Сүйіндік ұрпақтарының бірі Қаржастан Құлықе, одан Анай, Анайдан Жәдігер, Жәдігерден – Сағай, одан Баубек, Баударбек, Олжабай, Шегір. Баубектен – Шөтік, Шөтіктен Сәтбай.

Баубек Сәтейұлы өзінің немересіне сәтті бай, сәулетті болсын деген тілек ниетпен және әкесінің есіміне ұқсас болсын десе керек, Сәтбай деп атапты.

Сәтбай Шөтікұлы Сәтбаев (1823–1902) дәулетті, аukatты отбасында дүниеге келіпті де, жалғыз болғандықтан ерте есейген, ақылды да байсалды, өз тұстас жақсы - жайсандармен сыйлас, қадірлес болған деседі. Сәтбайдың әйелі Күнсұлу туралы дерек аз. Ол да мүмкін, әлде, айтулы жерден шыққан болар.

Сәтбай бәйбішесі Күнсұлудан 1845 жылы тұңғыш Имантай дүниеге келгенде үлкен той жасап, қазақ сахарасының түкпір-түкпірінен атақты адамдар, әншілер, күйшілер, ақындар шақырылыпты. Олар өнер

сайысына түсіп, дүниеге жаңа келген Имантайдың келешегін мадақтап толғау-жыр шығарыпты, деп айтады. Тойға шақырылғандардың бірі сол кезде жатса болса, елге қадірлі өнерпаз батыр, әнші, ақын Сегізсері (Мұхамедханафия) Баһрамұлы Шақшақов (1818-1854) екен. Сегізқырлы, бір сырлығы үшін Сегізсері атанған Мұхамедханафия XIX ғасырдың 30-40-жылдарында қазақ еліне көршілес Хиуа, Қоқан хандақтардың, Ойрат шонжарларының шабуылдарының жапа шеккен ауылдарды сақтап қалу үшін атқа мінген батырлар қатарында болған. Ол өткір өлеңдерімен, тамаша әндерімен, ел ішінде жүріп-салдық, серілік құрған өнерпаздығымен де ел қадірлесі екен [1, 5 б.].

Архив құжаттарының түрінде Ақкелін мекенінен он сегіз адам соның ішінде Сәтбай Шөтікұлы, Мұстафа Шорманұлы, Иса Шорманұлы т.б. қол қойған қолхат сақталған. Қолхат 1853 жылдың 17 октябрі күні делініп арабша, орысша қара тушпен жазылған, әріптері әдемі, қанша уақыт өтсе де өшірілмей әдемі сақталған.

1853 жылы қолхат жазылған кезде Сәтбай 30 жаста еді, бұл құжат оның халыққа пайдалы игілікті істің басында жүргенін, қамқоршы болғанын көрсетеді. Сонымен қатар бұл қолхат Сәтбай арабша да, орысша да сауатты істің мән жайын білетін көзі ашық сергек адам болғанын дәлелдейді. ашық сергек адам болғанын

Сәтбай атаның қолының ізі қалған сол бір әдемі ұрпақтары, балалары, немерелері мен шөберелері үшін, сөз жоқ, қымбат дүние. Баянауылда, Ақкелінде Сәтбай салдырған ағаш үйлердің кейбіреулерінің іргелері, соңғы кезге дейін сақталған еді, қазіргі ауыл басқа жерлерге көшіп, ол үйлердің ізі қалмаған. Сәтбай тұстастары арасында қадірменді, сыйлы жан болған. Баянауылдың Ақкелін шоқысының батыс жақ беткейінде, «Ащы» өзенінің бойында Сәтбаевтар мен Шормановтың ауылы қатар орналасқаны, аралас-құралас, құдандалы-туыс болғаны белгілі. Шормановтар ата-тегімен бай баласы аға сұлтан болғаны баса айтылып, олар туралы қара бояумен жазылып келді. Төркілеу кезінде олардың Баянауылдағы ата-мекені, зәулім ағаш үйлері, әсіресе ондағы материалдық және рухани игіліктер, тарихи деректер жойылды. Шынында да, Сәти мырза оның баласы Күшік, Күшіктен Шорман (шын аты Жұмабай, жасында қиын дау кезінде суырылып шешім айтатын болған, сол үшін Шорман аталған - хан атына қоса айтылатын ілтипат белгісі «шора» мен «ман» деген сөздің қосындысы) Баянауыл тарихында белгілі. Әсіресе, оқыған, білімді, полковник Мұса (1819-1885) оның тұңғыш баласы Сәдуақас (1854-1927) Шормановтар елдің көркеюіне үлкен еңбек етті. Өнер-білімнің қамқоршылары болды. Шорманов әулетімен Сәтбай баба,

Имантай ата, олардың ұрпақтары қиын кездің: төркілеу, қудалау кездің өзінде де жақсы қатынаста, туыстас ниетте болған [1, 11 б.].

Имантай алпысыншы жылдардың соңында Нұрым Тасболатқызымен отасқан, одан туған қызы Күнше жастай өлген соң көп уақыт баласыз жүріп, екінші рет үйленген. Шорманның Мұстафасының баласы Қанафия-Қашафедтин қайтыс болды, жесір қалған жап-жас әйел Әлимә келін ауылға қадірін асырған жан екен. Осы Әлимаға қырықтың ортасынан асқан Имантай үйленген. Әлимәні Шорман ауылы қыздай ұзатып берген. Осы бір қайта шаңырық болудың басы-қасында Сәтбай қарттың өзі болған деседі. Сәтбай атаның батасын алған келіні Әлимә - Ғазизаға, Ғазиз, Қаныш Сәтбаевтардың анасы. Сәтбай ата осы немерелерін көріп барып дүниеден өтіпті. Әлимә өз балаларының ер жеткенін көре алмай өмірден озды. Ол 1904 жылы қайтыс болды. Жастай қалған балалар Имантай мен Нұрым бәйбіше қамқорында болды.

Сәтбаевтардың Шормановтар ауылымен құдандалығы кейін де жалғасқан. Мысалы: Ғазиза Имантайқызы Шорекендердің ұрпағы Аужанның ұлы Ақышқа ұзатылған. Олардан қалған Рашат, қазірде белгілі археолог Кемел Ақышев. К. А. Ақышевтың археология ғылымындағы ерекше орын алған жаңалығына «Алтын адам» ескерткіші жатады [2, 108 б.]. Сәтбай кезінде беделді адамдардың бірі Тәтімен жақын қатынаста болған көрінеді. Академик В. В. Радловтың «Түркі тайпаларының халық әдебиет үлгілері» атты он томдық еңбегінің қазақ фальклорына арналған үшінші томындағы «Тәтінің өлерінде еліне айтқан қоштасу өлеңінде»:

...Тетелес туған Сәтібай,
Ойнаушы едің аға деп,
Менен жақын бар ма? - деп,
Мен тірлікте айтушы ем:
Мың миллионың кетсе де,
Төре алдына барма! - деп
Тағы дұғай сәлем дегейсің,
Алаштың ұлы Арғынға - деген жолдар бар.

Жырдың басындағы түсініктемеге қарағанда Тәті XIX сүрген едәуір игі істер атқарған, өз қадірін өзі білген, төре алдына бас имеген тәкәппәр, адамды жақсы танитын жұртшылыққа белгілі адамдардың бірі әрі ақын болғанға ұқсайды. Бірде Тәті Қаратау жағындағы Құспек төркінің ауылына барған жерде Құспек құсатып жасап, у жаққан шекпен кигізіп, оны өлтіреді. Ауырып жатқанда Арқадағы еліне өлеңмен сәлем жолдайды. Сол арнау да Сәтібай

аты аталады. Тәтінің әкесі Алтай немесе оның руы Алтай, Қоянды, Жыланды өзендері бойында Нұраны мекен еткен белгілі би болған, «Үш мейрамның ұлында Қуандық пен Сүйіндік жан бармаған таласқан...» деген жолдарға қарағанда ол осы руда сөзі тындаулы, қадірлі жан болған.

Ел есіндегі әңгімелерге қарағанда, Сәтбай ата ауылы ауқатты, біршама бай болыпты да, балалары өніп-өсіп, әрқайсысы үйлі-жайлы, үбірлі - шүбірлі болып тармақталыпты. Сәтбай атаның өз ауылы «Үлкен ауыл», ал енші беріп бөлек шығарған баласы Имантай ауылын «Кіші ауыл» дейді екен. Өзге балалар да үй жайлы етіп бөлек шығарған, олар көбінесе «Үлкен ауылдан» ұзамай, төңіректен қоныстанады екен. Сәтбай ата мен Күнсүлу әже балаларына, келіндеріне мейірлі, еркін тәрбие беріп, өскенде олар ата-ананы қадірлеуді, сүюді, құрметтеуді, жылтылықты, осы ауылдың игі дәстүрлерін жалғастыруды өздеріне парыз санаған, оны бүкіл ұрпақ дағдыға айналдырған. Бұл ауылдың қадір-қасиетінің молдығы, биік мәдениеттілігі мен білім-ғылымға, өнер-сымбаттылыққа бейімділігі, әділеттілігі мен инабаттылығы сол маңайдағы ауылдарға үлгі саналыпты.

XIX ғасырдың басындағы ақындар тобына жататын елеулі тұлғалардың бірі, парасатты, зиялы ізгі қасиеттедің иесі - Сәдуақас Шормановты жұртшылық қадір тұтып, Сәкен ағай деп атаған. Мұса мырза баласы Сәкенді онымен бірге Сәтбайдың баласы Имантайды бастауыш училищеге береді. Зерек балалар оқуларын бітірген соң Сәдуақас Томск университетіне, Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Имантай заман талап еткен бастапқы парызын ардақтаған. Әуелі арабша сауатын ашқан араб, парсы, шағатай, тілдерінде кітап оқитын дәрежеде болған. Орыс тілін де біршама игеріп хат-хабарды айырарлық түсінікке жеткен. Келешекке терең көз жүгірткен Сәдуақас Шорманов пен Имантай Сәтбаев болашақта ғылым мен білімнің ұрпақ үшін қол жеткен қазына боларын болжап ауыл балаларын оқытуды мақсат етті. Оның дәлелі Ақкеліндегі ағаш үйден мектеп ашып мұғалім әкеліп, балаларды оқуға тартты.

Зиялы бабаларымыз ауқаттыларға мал салығы емес, бала салығын салады екен. Ол келешегі бар баланы әрі қарай оқытуға талап.

Шорман бидің кенже ұлы Әужанның немересі, қазақ археологы, тарих ғылымдарының докторы, Кемел Ақышевтің анасы Ғазиза Имантайқызы Сәтбаева болуы, Шорман әулетімен Сәтбай әулетінің тағы да бір ұрпақтар байланысы екенін дәлелдейді.

Зейнептен туған Шоқан Уалихановпен Омбыда танысып араласып бір пәтерде бірге тұрған Ә. Х. Марғұланнның естелігінде

айтылған. XIX ғасырдың екінші жартысында Баянауыл атырабында ат басын бұрған қазақ даласын зерттеушілердің ішінде Ақкелінде бұрынша би, сол күндегі атау бойынша халық судьясы болып қызмет атқарған Имантай Сәтбаевпен жан-жақты зиялы Сәдуақас Шормановқа соқпағаны кемде-кем.

Архивте сақталған тағы бір құнды дерек - Сәтбай ата өмірінің соңғы жылдары сонау алыс ел Сауд Арабиясындағы қасиетті Мекке мен Медине шаһарларына сапар шегуіне байланысты берілген рұқсатта аты-жөні, паспорт номері және берілген уақыты, мекен-жайы Сәтбай Сәтбаев 8854 31-12-1901 Павлодар уезі, Ақкелін болысы деп көрсетілген.

XIX ғасырдың 20-жылдары дүниеге келіп, саналы өмірін жүз жылдықтың бел ортасында өткізіп, жаңа ғасыр бастаған жылдары тәмәмдаған қасиетті Сәтбай ата Сатайұлының (1823-1902) ұрпақтары оның атын қастерлі тарихқа алтын әріппен мәңгілікке жаздырды. Асқан байлықпен емес халыққа, ел көркеюіне, биіктеуіне, ғылым мен мәдениетке қосқан елеулі үлестерімен, қоғамның әр саласындағы жемісті еңбектерімен, Сәтбай атаның ұрпақтары өмірдің әр тарапында, негізінде, оқу-ағарту, білім-ғылым, өркениет саласында еңбек етті. Нақты санын ғана атасақ, есеп, сан-нағыз дерек, бұл тартпайтын шындық саналады ғой. Тек бір ғана білім саласында Сәтбайдың балалары Имантай және Зейнеп тараған ұрпақтардан 7 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты шықты. Бұлардың арасында бір академик, бір академияның корреспондент мүшесі бар. Осы 15 санға Имантай мен Зейін Сәтбаевтардың күйеуі баласының екеуі академик, біреуі доктор, үш ғылым кандидаты, бір жиен академияның корреспондент мүшесі, яғни Сәтбай ұрпағы 22 адам ғылымның әр саласында жемісті еңбек етуде. Сәтбай атаның Жәмін, Әмін атты балаларынан тараған ұрпақтарының ішіндеде ғалымдар бар.

1930 жылдардың екінші жартысында қазақтың көзі ашық, халыққа басшы бола алатын азаматтарын қуғындау, көзін жою ылаңы басталды. Сол зобалаңның Сәтбаевтар әулетінен үш адам Ғазиз, Әбікей және Кәрім құрбаны болған.

Сонау XIX ғасырдың жылдарынан басталған Сәтбаевтар әулетіндегі оқу-білімге, рухани- тереңдікке биік адамгершілікке ұмтылған ұлағатты дәстүр бұдан былайда жалғаса берсе екен деген игі тілек ұялайды. Мен бұл жұмысымды Кәкімбек Салықовтың мына өлеңдер шумағымен аяқтаймын:

Дәріс етіп кім ізетпен атамас,
Фибрат алсын, Білсін заты алаш.
Шормановтар, Сәтбаевтар әулеті,
Әлмисактан іргелес һәм аталас.

Шорман- шонжар дәулет қонған жүйелі,
Ұлы Мұса аға сұлтан киелі.
Шоқан туса Зейнеп апа қызынан,
Сол Шорманның Қаныш та өз жиені.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сәтбаева Ш. «Сәулелі әулет»: - Алматы, 1996 ж. 177 б.
2 Рысбеков Т. З.: «БҚМУ Жаршысы»: - Орал, 2009 ж, 229 б.

Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ ШЕЖІРЕСІНЕН – СЫР ШЕРТЕМІН

КЕНЖЕСАРЫ Ә. Б.

9 сынып оқушысы, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған
көптілді лицей-интернаты, Екібастұз қ.

КАРЖАСБАЕВ Т. К.

тарих пәнінің мұғалімі, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған
көптілді лицей-интернаты, Екібастұз қ.

«Жеті атасын білген ер жұрттың қамың жер.»

Қаныштың атасы Сәтбай Шотықұлы (1823–1902) Баянауыл өңіріне танымал, қадірменді азамат болған. Сәтбай бабаның аты Шорман би, Шыңғыс Уәлиханұлы сияқты ел саңлақтарымен дәрежелес, атақты кісі болғаны белгілі. Бәйбішесі Күнсұлудан 1845 жылы тұңғыш ұлы Имантай туады. Сонда ол ұлан-ғайыр той жасап, үш жүздің әр аймағынан атақты жырау, ақындарды, балуандарды, әйгілі сал-серілер мен әнші-күйшілерді алдырыпты. Тойға шақырылған аса мәртебелі қонақтардың ішінде атағы сол кезде сахараны жаңғыртып тұрған, әрі батыр, әрі ақын, әрі композитор Сегіз сері (Мұхамедқанафия) Бахрамұлы Шақшақов (1818-1854) болған екен. Сыйлас досы Сәтбай сұраған соң Сегіз сері тойды бастап беріп, балаға Имантай деп атын қойып, ұзақ толғаулы өлеңмен жас нәрестеге ақ батасын беріпті. Сәтбай бабаның өмірі әділетті билікте, саналы діндарлықта өтіп, ақыры қажылыққа барғанда топырақ Меккеден бұйырыпты. Имантай қартайған шағында ардақты әкесінің дүние салған жерін көріп, белгі орнатқысы келді ме, әлде өмірінің ақырғы кезінде мұсылмандық

жолына түбегейлі түсейін деді ме, Меккеге баруды ойлапты. Мәскеуде қызмет істеп жүрген баласы Қанышқа хат жазып, бұл ойын айтқан да екен. Алайда ол қасиетті арманы орындалмай, Имантай ата 1928 жылы ауыр сырқаттан қайтыс болыпты. Осы аз ғана аталған басы сапалы, соңы қапалы жағдайларды жіпке тізіп жүрген Кенес өкіметінің жендеттері Қаныш Сәтбаевқа байдың баласы, атасы қажы, әкесі де діндар болған деп қалайда ебін тауып, қаралау әрекеттерін жылдан жылға өрістете береді. Оның үлкен әйелі Күнсұлудан Имантай, Жәмін, Әмін, Зейін атты төрт ұл туады. 1845 жылы Имантай туғанда Сәтбай жайлауда үлкен той жасаған. Ат жарыстырып, балуан күрестірген. Имантайға ат қойғанда, бата беріп, айтқан Сегіз серінің 147 жол өлеңі бар. Сәтбай мыңға дейін жылқы біткен ауқатты адам болған. Кейін жылқысының барлығын Жәмінге берген. Ал Қаныштың әкесі бай болды деген сөз жалған. Имантайдың-жүзге жетпейтін жылқысы ғана болған орта шаруа. Әкесі Имантай Сәтбайұлы (1845–1928) Омбы қаласындағы медреседе білім алған. Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Мұса Шорманов баласы Сәдуақасты, онымен бірге шаруашылығын басқаратын Сәтбайдың баласы Имантайды Омбыдағы оқуға: Сәкенді гимназияға, Имантайды начальное училищеге береді. Зерек балалар оқуларын бітірген соң Сәдуақас Томск университетіне, Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Анасы Әлима Исақызы (1860–1904) Қаныш бес жасқа келгенде қайтыс болған. Именкең-баланы кеш көрген жан. Бәйбішесі Күлше атты қыз туып, ол өмірден ерте өтіп кеткен. Содан 47 жасқа келгенде екінші рет үйленіп, Шорман ауылының жесір отырған жас әйел Әлиманы алады. Одан 1892 жылы Ғазиза атты қыз, Оның бірі-Ғазиза Имантайқызы Сәтбаева (1892–1932) белгілі ғалым-археолог Кемал Ақышевтың анасы. Ал Ғабдұлғазиз Имантайұлы Сәтбаев (1894–1937) болса, іске берік, елге қадірлі болған тұлға. «Бай тұқымы» деген түрткі сөзден аулақ жүру үшін Ғабдұлғазиз ауыл аймағын, туыстарын Омбы қаласының маңайынан жер алып, бәрін сонда көшіріп алыпты. Қанекен Қарсақбайда қызмет істеп жүргенде өз балалары Ханиса мен Мәләшті, ағасының, Имантайдың асырап алған баласы Әбсәлімнің балаларын, Ғазизаның екі ұлы Рашат пен Кемалды өз қолына алып, тәрбиелеген екен. Қанекен оқуда жүргенде Ғабдұлғазиз шаңыраққа тіреу болыпты. Сәтбай әулетінің 1932-1933 жылғы аштыққа ұшырамауына осы Ғазиз бен Қаныштың сіңірген еңбегі өте зор. Ғазиздің немересі, геология ғылымдарының кандидаты Әлішер Ғалымтайұлы Сәтбаев қазір су шаруашылығы ғылыми институтының директоры, халықаралық Қ. И. Сәтбаев қорын басқарып келеді. Бес жылдан кейін Қаныш

шын есімі Ғабдулғани туады. 1899 жылы Қаныш туғанда Имантай өз болысының бии болыпты Сөзге шешен, қазақтың мақал-мәтелдеріне жетік, ән салып, домбыра тартатын жан екен. Сәтбай әулетінің парасаттылығы сондай-Қаныш ол әулеттен шыққан бірінші білімпаз емес.

Зейіннің Әбікей деген баласы 1886 жылы Омбының мұғалімдер семинариясын бітірген, Баянауыл мектебінде мұғалім болған, орыс тілінен сабақ берген. Қаныш 1962 жылы Американың Пристон университетіне жолдаған анкетасындағы «Сіз білім алғаныңыз үшін кімге қарыздарсыз?» деген сұраққа Алашорда көсемдерінің бірі болған. 1937 жылы атылып кеткен ағасы туралы тұңғыш рет сөз қозғап «Оқуға түскенім үшін ескі интеллигент Әбікей ағама қарыздармын» деп жауап беріпті. 1914 жылы Семейдің мұғалімдер семинариясына барғанда, Әбікей сонда мұғалім болатын. Екінші ағасы Әбдікәрім-Имантайдың Жәмін атты інісінің ұлы. Өзінің айтуынша Қаныштан үш жас үлкендігі бар. Ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев (1881–1937), Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев (1897–1937) та аймаққа аты шыққан, елге сыйлы, нағыз ұлтжанды қазақтар еді. Бұл екеуі де атылып кетті. Ә. Марғұлан кезінде «Семей губерниясында Кәрім Сәтбаевтан асқан скрипкашы болған жоқ» деп жазады. Ол кісі барлық аспапта жақсы ойнаған бірақ скрипканы ерекше меңгерсе керек. Қанекеннің бұл ағасыда 1938 жылы атылыпты. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған ағасы Ғабдулғазиз (Ғазиз, Бөкеш атанған) 1937 жылы тұтқынға алынып, хабар-ошарсыз кетті. Түрмеде ме, айдауда ма, қай жерде оған қазаның жеткені беймәлім қалды. Бұл жағдай Қаныштың жүрегін айықпас дертке, орны толмас қайғыға душар етті. Қанекеннің ағалары жайлы осылай. Ал туған ағасы Ғазиз (Бөкеш) туралы сұрағанда, Ә. Марғұлан Қанекеннен көзінен тұңғыш әрі соңғы рет жаз көріпті. Жылап отырып: «Мен ағамның талантының маңайына да бара алмаймын. Ол менен әлде артық еді. Тұнып тұрған талант еді. Бірақ заманы солай болды», – депті. Ашаршылық жылдары елге барған ол ағасын өзінің қаржастары «байдың баласы» деп ұстап берген екен. 1925 жылдары Абайды баласы Тұрағұл ауылына келген Ә. Марғұланға: «Біздің Ертіс бойында Имантайдың екі ұлынан асқан білімпаз, оқымысты адам жоқ. Біз ол екеуінің маңайына бара алмаймыз», – деген екен [1, 290–292 б.].

Арғын- Сүйіндік-Қаржас тарауы

Қаржас; 1 ұлы Құлекеден: Әлімбет, Телі, Тілеу, Ойым, Теліден-үлкен әйелінен Тоқсан, Талас, Телінің екінші әйелі (Бегім қайтыс болғаннан кейін жеңгесін алған) одан Анай туған. Анайдың бірінші әйелінен-Нияз, екінші әйелінен-Мырзақұл,

Құдайқұл. Анайдың үшінші әйелінен - Жәдігер, Жаңқа. Анайдың үшінші әйелінен-Құл.

Анайдың екінші әйелі Тәйтеке қызы Аққабақтан- Мырзақұлдан- Сәти; Сәти

Күшік; Күшіктен-Шорман; Шорманнан-Мұса; Мұсадан-Біләл; Біләлден-Жаржан,

Анайдың үшінші қалмақ әйелінен- Жәдігерден- Сасық, Шөтік, Шөтіктен-Сәтбай, Сәтбайдан- Имантай, Жәмін. Сәтбайдың кіші әйелінен-Әмен, Әменнен- Әбікей, Жәміннен- Мағаз, Әпсәләм. Имантайдан-Қаныш [2, 129–131 б.].

Қаныштың өзін ұрпақтар.

Бірінші әйелі Шарипамен Қанекенді атастырып қойған екен. Онымен жас кезінде атастырып қойған екен. Онымен жас кезінде шаңырақ көтереді. Кейін өзімен бірге Томскіде оқыған Таисия Алексеевнаны да алады. Бірақ бірінші әйелімен ажыраспаған. Тек «екі әйелі бар» деген сөзге қалмас үшін сұрағандарға алғашқысымен қарыс-қатынасын үзгенін айтқан. Олардың ажыраспағанын балаларының туған жылына қарап та байқауға болады. Балалары екі әйелінен кезек-кезек туып отырған. Шәрипа жеңгей балаларымен Омбыда тұрған. Қаныш аға оған ақшаны інісі Тармизи арқылы жеткізіп отырған. Заман түзелген соң, 1946 жылы Шәрипаны балаларымен Алматыға көшіріп алады. Қаныштың үлкен қызы Ханиса 1921 жылы желтоқсан айында елде дүниеге келген. Қазір жасы тоқсаннан асты, медицина ғылымының докторы, профессор. Ол кісінің балалары да ғалым. Екінші қызы Шәмшиябану-филология ғылымының докторы. Балалары да ғалым еді, үшеуі дүниеден өтті. Еркеш деген ұлы-химия ғылымының маманы. Үшінші қызы-Мейізі де үлкен ғалым еді. Қаныштың екі әйелінен де бір-бір ұлы болған. Шәрипа жеңгейден 1926 жылы туған Малыбай (Мәлеш) атты ұлы мектепте оқып жүрген кезінде Омбыда қайтыс болған. Ал Таисия Алексеевнадан Мәскеуде туған Арслан деген ұлы сәби шағында, Қарсақбайға көшкенде белгісіз аурудан шетінеп кеткен.

Қорыта келе мен мынандай ой түйдім. Себебі Мәшекең сөзіне қарағанда Ары қарай тереңдесек, Қаныкең тоғызыншы атасында Бұқар жыраумен туысады. Алтыншы атасында Шорманмен қосылады. М. Ж. Көпейдің Шорманның Мұсасы өмірден өткенде айтқан жырында:


Қаржастың зоры Анай-ды,

Талай жақсы Анайдан тарайды,-деген жолдары бар [3, 9 б.].

Осы өлең жолдарына қарағанда, Баянауыл өңірінен шыққан атақты адамдардың шежіресін зерттей бастадым. Баянауыл өңірінің

көбі Арғын-Сүйіндік-Қаржас руынан тараған анықтадым. Қаржастың ұлы Алтынторидан Бұқар жырау тараса, Құлықеден Телі, Теліден-Анай туған. Анайдың бірінші әйелінен-Нияз, Анайдың екінші әйелінен-Мырзақұл, Құдайқұл. Анайдың үшінші әйелінен-Жаңқа, Құл. Мырзақұлдан-Сәти-Шорман-Мұса тараған. 6. Жәдігер, 5. Сасық, 4. Шөтік, 3. Сәтбай-2. Имантай, 1. Қаныш. Мырзақұл мен Жәдігер тусады. 9. Құлықе, 8. Телі, 7. Анай, 6. Жәдігер, 5. Сасық, 4. Шөтік, 3. Сәтбай, 2. Имантай, 1. Қаныш. Қаржастың ұлдары Құлықе, Бегім, Алтынторы бірге туған, Алтынторидан Бұқар жырау тараған.

Қаныш Сәтбаевтың таралу шежіресі



ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көпейұлы М. Ж., Қазақ шежіресі Алматы, 2010, - 290-353 бб.

2 Жеңіс Т. Шежіре Ертіс-Баянауыл өңірі, Павлодар «Дауа», 1995, 129-143 бб.

3 Сәрсеке М. Қанекен тоғызыншы атасында Бұқар жырумен тусады // Аңыз адам, №13 2012. 9 б.

Қ. СӘТБАЕВ – ТУҒАН ӨЛКЕМНІҢ ШОҚ ЖҰЛДЫЗЫ

НУКЕШОВ А. А.

5 сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

ЖАКУПОВА Р. Т.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
№ 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тәуелсіз Қазақ елінің тарихи жаңа кезеңге аяқ басқанын, үшінші жаңғырудың басталғанын жария етіп, рухани жаңғырудың нақты мақсат-міндеттері мен басымдықтары бар екендігін айрықша атап көрсетті [2, 85 б.].

XXI ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Елбасы мақаласындағы туған жерді құлай сүйеге арналған тарауы түйсігі бар жанға терең ой салады [1, 69 б.].

Мен бүгінгі тақырыбымда өз туған жерімнің ерекше тұлғалы жайлы айтқым келеді. Ұлы тұлға деп өз елінің атын тарихқа қалдыра білген, оның дамуына өзінің ерекше үлесін қоса білген жанды айта аламын. Павлодар облысының тумасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Кез-келген халықта сонда тұрып жатқан әрбір адам жанының бір бөлігін құрайтын жерінің қасиетті бұрыштары бар. Көп ғасырлар бойы Павлодар өңірінің осындай бір бұрышы Баянауыл мекені болып табылады деп айтуға болады. Бұл көлдер, жартастарға жармасқан аспан, жартастардың пішіні өте келбетті, тыныштық пен мәңгілік сезімі, адамға тән емес мәңгілік. Баянауыл жөнінде айтылған сөздерді әр қилы түсінуге болады, алайда барлығымыз да оны білеміз: ол туралы шексіз айта беруге болады. Оның табиғатына, оның адамдарына, оның тарихына салынған қандай да бір көзқарас басқа жаққа қарай бір адым жасасаң да сол сәтте өзгере қалады.

Ежелгі таулар мен жердің өзі әлем мен өмір мәнін түйсінуге үйретеді. Бәлкім сол себеппен Баянауыл жаңа ойдың, шығармашылықтың, шабыттың көзі болып есептеледі.

Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр көлдері, көптеген археологиялық ескерткіштер, аса бай табиғи қорлар мен тас дәуірінің мүсіндері көп уақыттан бері белгілі ғалымдардың, ақындардың, суретшілер мен жазушылардың қызығушылықтарын туғызды. Әр жылдары бұл жерде Г. Н. Потанин, А. Клодт, Батулин, Д. П. Багаев, Ш. Уәлиханов, В. А. Обручев, Томск университетінің профессорлары В. В. Сапожников, П. Л. Драверт, И. А. Усов болады. Баянауыл жері – ғалымдардың, жазушылардың, ақындар мен қоғамдық қайраткерлердің отаны. Олардың есімдері тек қана Павлодар облысына әйгілі емес: бұл жерде атақты ақын Бұқар-Жырау, композитор және ақын Ж. М. Байжанов, тарихшы - ағартушы М. Ж. Копеев, ақын – демократ Сұлтанмахмұт Торайғыров, ақын және философ Жаяу Мұса дүниеге келген. Қазақстан ғалымдарының ішінде геолог, Қазақстан Ғылымдар академиясының бірінші Президенті, КСРО Ленин және Мемлекет премиясының лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың алатын орны ерекше [4, 9 б.].

Жер қойнауының сиқырлы жиһазын тамаша көргендікпен аша білген академик Қаныш Сәтбаев – қазақ халқы мен Қазақстан тарихындағы зор құбылыс. Ол аса көрнекті ғалым-геолог қана емес, өз заманының әйгілі табиғат зерттеушісі, әлемдік өреге көтерілген ойшыл ғұлама. Қаныш Имантайұлы мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, ғалымдығы мен шебер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Қазақстанның индустриялық даму жолындағы өркениетті үрдістің көш басында болып, кемеңгер ғалым атанды [3, 58 б.].

Ең үлкен ғылыми жаңалықтар кезеңінің аса әйгілі өкілі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – біздің данышпан замандас, қазақ халқының дарынды ұлы. Өзінің шығармашылық жолын 1926 жылы қарапайым инженер-геолог болып бастаған Қ. И. Сәтбаев Жаланаңаш даланың минералды ресурстарын игерудің келешегіне сенбейтіндермен теңдессіз күреске шықты, ол кезде барлығы оған ыстық Орталық Қазақстанды шегі жоқ жазық деп атаған болатын.

Қандай азаматтық ерлікпен, табанды сеніммен және қажырлылықпен қалыптасқан пікірге қарсы шығып, Жезқазған мыс кен орынының кені мардымсыз деген пікірді жоққа шығарып, осы кен орынында геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру қажеттігін дәлелдеп, оны өзі басқарып, ақырында кенорынын кен рудасының алыбы болған әлемдік уникумдардың қатарына шығарды. Болашақ ұрпақ 27 жасар инженер-геолог Қ. И. Сәтбаевтың осы өмірлік ерлігін ешқашан ұмытпайды. Алайда, ғалым және ұйымдастырушы

Қ. И. Сәтбаевтың дарыны 1941 жылы КСРО Қазақ Ғылым академиясының филиалын басқарғанда ғана толықтай ашылды. 1940 жылы өзі құрған геологиялық ғылым институтының директорлығымен бірге, бір мезгілде, Қазақ КСР Ғылым академиясының бірінші және тұрақты президенті Қаныш Имантайұлы өзіне тән шексіз берілгендігімен толықтай ғылымға беріледі. Көп кешікпей Қазақ КСР Ғылым академиясы президенттің қуаты мен бастамасының арқасында еліміздегі ең ірі ғылым штабтарының біріне айналды [4, 105 б.].

Қ. И. Сәтбаевтың ғылыми зерттеулері шын мәнінде орасан. Ол металлония, минералогия, геохимия, пайдалы қазбалар, стратиграфиялар, тектоника, география, экономика және басқа ғылымдар саласындағы 800 публикациялардан тұрады. Алайда оның ғылыми шығармашылығындағы басты бағыт әрқашанда пайдалы қазбалардың металлогениялар мәселелері болды. Қ. Сәтбаев институттың басқа да ғалымдарымен бірге металлогениялық геологиялық ғылымның негізін қалаушы болып табылады [4, 207 б.].

Ғалым новатор, ғылыми ұйымдастырушы және мемлекеттік қайраткер Қ. И. Сәтбаев Партия мен Үкіметтің барлық шешімдеріне шапшаң әрекет жасайды, коммунистік қоғам құрылысшыларының авангардты қатарында болды, ғылыми зерттеулердің тиімділігі үшін үздіксіз күрес жүргізді, ғылыми зерттеулердің нәтижесін халық шаруашылығына енгізуге қол жеткізді. Осындай көп қырлы және шын мәнінде алып қайраткер Қ. И. Сәтбаев жеке қасиеттерімен дарындылығымен, еңбек сүйсіншігімен, сарқылмас қажырлығымен, көпшілдігімен және тартымдылығымен танылды.

«Ғылым мен қоғамның дамуындағы «сәтбаев кезеңі» бізден алыстаған сайын, оның бейнесі атақты ғалым, мемлекеттік және қоғам қайраткері, өз елінің азаматы және патриоты ретінде арта түседі, біздің Отанымыздың дамуы мен гүлденуіне қосқан үлесі зор» Оның есімі біздің халқымыздың жадында алтын әріптермен мәңгі сақталады».

Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. 1931 жылы басылған А. Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген [3, 23–24 б.].

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және

рудальдық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да; мәдениет саласында да; тарихтан да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақанғанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көрегендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аударып зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді [6, 464 б.].

Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен бірнеше жылдар бойы жүргізілген тынымсыз еңбектің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, Қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді, Қазақстан ғалымдарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі; бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты; СОКП създерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кен-металлургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен шаруашылық

аттарына берілген. Сондай-ақ, Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады. Оған арналған бірнеше мұражайлар бар [5, 135 б.].

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк броньның құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған [6, 175 б.].

Өндірістегі ұзақмерзімді жұмыс, әсіресе, өндірістік құрылыстың ауыр теліміндегі жұмыс – жас таукен инженер-геолог үшін тамаша мектеп болды. Бұл жұмыста оның ұйымдастырушылық қабілеттері ұшталып, бағалы практикалық тәжірибе жинақталып, өмірдің терең білімдері байытылды. Бір сөзбен айтқанда, кейіннен ойдағыдай ғылым аймағына көшірілген барлық қажетті заттар алынды және ол басқаратын Қазақ Ғылым академиясының үлкен ғылыми ұжымының зерттеулеріне сол жасампаз мақсаттылық мен нақтылықты жасады. Практикалық жұмыста үлкен тәжірибеге ие бола отыра, ол өндірісте алынған тәжірибенің кейінгі ғылыми жұмыс үшін өте пайдалы екенін түсініп, осындай тәжірибесі бар ғалымды өте бағалаған. Егер адамзат күннен-күнге гуманизмнің ең жоғарғы сатысына аяқ басса, Қ. И. Сәтбаев гуманизмі сол үрдіске үлкен үлес қосты. Оның бар болмысы, жан талабы, азаматтық құштарлығы, ғылыми арманы

барлық халықтардың өркениетті өмірге жету жолына арналды. Сондықтан да ол дүниежүзілік деңгейдегі ғалымдар қатарына қосылып, қазақ елінің маңдайына біткен шоқ жұлдызының біріне айналды.

Қорыта айтса, Қ. И. Сәтбаев артына қалдырған мол мұрасы қазіргі тарих ғылымында жалпы мәдениетімізде болып жатқан іргелі өзгерістермен үндес, болашаққа қызмет жасайтын ұлтымыздың рухани байлығына жатады. Қ. И. Сәтбаев шығармашылығын, сондай-ақ тарих ғылымының белгілі бір саласымен ғана шектеп қарастыру қателікке ұрындырады. Өйткені, ғылымның өзі тарихи процестерді жан-жақты өзара салыстыра, ұштастыра зерттеуді мақсат тұтқан. Сондықтан да ол археологиялық ескерткіштерді тарихи-жазба деректермен, тарихи жазба деректерді алдыңғы екеуімен байланыстыра зерттеген. Сол арқылы ғалым халқымыздың жүріп өткен тылсым әлемін жарқыратып, аша білген. Осындай мол дүние қалдырған академик Қаныш Сәтбаев ғылымға бет бұрған жастарға, сонымен қатар біз сияқты, мектеп қабырғасындағы оқушыларға елінің нағыз патриоты болуға үлгі тұтатын ұлы дала тұлғаларының бірі деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Медеу Сәрсекке. ЖЗЛ. Сәтбаев. Мәскеу, Молодая гвардия, 2003 жыл. - 550 б.
- 2 Жанұзақов Т. Қазақстан ғылымының атасы // Қ. И. Сәтбаев және Қазақстанның қоғамдық ғылымдары. – Алматы., Ғылым баспасы. - 142 б.
- 3 Әлжанов Т. М., Сәтбаева М. К. Қаныш Сәтбаев қазақ елінің тұлғасы. – Алматы : Ғылым ғылыми баспа орталығы., – 2002. - 164 б.
- 4 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – 7 том. – Алматы : Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, – 2005. – 728 б.
- 5 Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қазақстан ғалымдарының библиографиялары. – Алматы : ҚазақССР–нің ғылым баспасы. – 1989. - 159 б.
- 6 «Қаныш» энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» редакциясы, 2011 жыл. – 664 бет+ 40 бет түрлі түсті суреттер.

ДАРА ДАРЫН

ШАЙДУЛЛИНА М. Д.
10 сынып оқушысы, №2 Ертіс ЖОББМ
МАХМЕТОВ Ә. Қ.
география пәнінің мұғалімі, № 2 Ертіс ЖОББМ

«Қ. И. Сәтбаев – бұрынғы КСРО-дағы ғана емес, өткен XX ғасырдағы ұлы адамдардың бірі.»

Нұрсұлтан Назарбаев
Қазақстан Республикасының президенті

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899–1964) – Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Ж. Аймауытов, М. Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқыған. Ш. Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген.

1920–1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы қызметтерін атқарған. 1941–1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті болған. 1952 жылы әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған. 1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес

парламентарийінің ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У. Черчилль қалжындап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ. Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқанын) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926–1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927–1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар,

Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты.

Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш. Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындаған. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А. Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген.

Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп және көптеген ғалымның ескерткіштері бар. Оның есімі Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтына, бір қала мен ғаламшарға, еліміздің ең ірі техникалық оқу орны Қазақ ұлттық техникалық университетіне берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жонғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шын, Қаратаудағы ваннадий кен орнынан табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. 4 мәрте Ленин, 2-ші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған [1].

«СӨТПАЕВ» – күн жүйесіндегі Марс пен Юпитер ғаламшарларының орбиталары аралығындағы шағын планета. Украина асртономы Н. С. Черных ашқан (1979). Жұлдыздар картасында 2402-реттік санымен тіркеліп, оған қазақтың аса көрнекті ғалымы Қ. И. Сәтбаевтің есімі берілді. «СӨТБАЕВ» шағын планетасы Күнді 3 жыл 3,7 айда бір рет айналады. Ол Күннен 332 миллион км қашықтықта. Эклиптикаға қиғаштығы 5,169°. Оның орбитасы эклиптикадын 5,17°-қа дейін ауытқиды. Экцентретіті 0,131; орташа қозғалу жылдамдығы тәулігіне 0,2976°; үлкен жарты шарлық осі 2,2216 а. б-ке тең. Абс. жұлдыздық шамасы 13,2. Диаметрі 8 км шамасында. Сәтбаевтің шағын планетасының Жерге барынша жақындауы 1 жыл 5 ай сайын қайталанып

тұрады. Түсі қара қоңыр, қатты жыныстан тұрады. Кіші планетаға Қ. И. Сәтбаевтің аты берілгені туралы диплом ҚР ҰҒА-ның Геология ғылымдары институтында сақтаулы [2, 643 б.].

Қаныштың студенттік шағы Сібірді геологиялық зерттеудің жаңа қарқынмен жан-жақты өрістеген кезеңіне дөп келген-ді. Михаил Антонович геологиялық саяхатқа жалғыз шықпайды, сарапшы мамандармен қоса кен барлау бөлімінің студенттері де еріп жүреді. Өйткені, ол болашақ геологтардың дау туғызған мәселелерді талқылауда тыңдаушы болуын, зерттеу материалдарын тексеруге қолғабыс етуін пайдалы деп есептейді.

Институт студенттері қыста да дамыл көрмейді. Әр кафедрада сан алуан үйірмелер жұмыс істейді. Дәріс үстінде ұқпағанынды, иә естімегінінді осында үйренесің. Мысалы, бір жолы барлаушылар үйірмесіне технология институтының түлегі Николай Николаевич Урванцев келіп, Енисей төңірегінде жүргізген зерттеулері мыс, никель кенінің алып ошағы-Нориль көмбесін қалай тапқаны жайында әңгімелейді. Қиыр терістікте іздеуші геолог екі жыл тынымсыз жұмыс істепті; Таймыр түбегінде, Дудинка, Нориль, Игарка, Хантайка деген жерлерде болған; әрине мұндай кездесулер тыңдаушыларды қиялға бөлеп, жан баспаған қиырларды кезіп, тың жаңалықтар ашуға еліктірген... [3, 116–117 б.].

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926–1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927–1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған – Ұлытау ауданында мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар

жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған.

Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған. Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Қаныш Сәтбаев аштықтан иесіз қалған ауыл балаларына өз көмегін көрсеткен [4].

«СӘТБАЕВТАНУ», Алматыдағы қазақ ұлттық тех. Университетінің баспа орталығынан 2007 ж. Қазақ тілінде жарық көрген оқу құралы. Авторы – М. Бәкенов. Еңбекте Қазақ КСР ҒА-ның тұңғыш президенти және ұйымдастырушысы. Қазақстандағы тау-кен, геол. және тех. Білім саласына еңбек сіңірген белгілі ғалым, геолог Қ. И. Сәтбаевтың жан-жақты таланты үлгіге алына отырып, тау-кен, геологиямамандықтарының жұмбақ сырлары ашылады. Қазба байлықтардың зерттелуі, ғылымның дамуы, өндіргіш күштердің қалыптасуы, сонымен қатар еліміздегі әр түрлі минералды шикізат көздерінің бейдәстүр тәсілмен кешенді әрі тиімді ашылуы көрсетілген. Геол. барлау, тау-кен, мұнай, металлургия және экология-экономика институттарында білім алып жатқан студенттерге пайдалы қазбаларды кешенді әрі тиімді тәсілмен ашу, бармау және өңдеу жолында тиімді бағыт-бағдар беретінқұнды материалдар қамтылған. Инженерлер мен аспиранттарға, магистранттар мен ғылым қызметкерлерге, өндіріс мамандарына және минералдық шикізат көздерінің ашылуына, ғылым, білім және индустрияның дамуына қызығушылық танытатын жалпы оқырмандарға арналған. Көлемі 178 бет. Таралымы 500 дана [5, 474 б.].

Беделінің шарықтап өсуі Қаныш Имантайұлының кішіпейіл мінез-құлқын өзгерткен жоқ. Президентке кез келген уақытта кіруге болады, ұзағырақ сұхбаттасуды қаласаң – кешке бар (ол кезде жауапты қызметкерлеркешкі мезгілде де жұмыс істейтін). Оның аузынан ешқашанда «Бос еместпін», «Кейін келсін» дегенді естімейсіз. Қабылдады екен – алдындағы креслоға отырғызады да, шақшасын суырады...

(Насыбай – жігіт кезінен машық ермегі: дасаң шығында үйреніп жирене талмай қалды; көнігі насыбайшылар құсап шынысын ала жүріп, шырт – шырт түкіріп отыру әдетінде жоқ; насыбайды астыңғы ерніне толтыра салады да, мейірі қанғанша ұстап отырып, әлден соң алып тастайды; насыбайы – нағыз көкбұйраның ащысы; тегінде, бұл – ғалымның осал қылығы.

Оның көңілін аулау үшін, иә бір нәрсе жайында ұзағырақ кеңескің келсе – әңгімені шақшанды ұсынудан баста. В. И. Штифанов және Жезқазған геологтарының жаппай насыбайшыл болуы – осыған дәлел. Сөкет іс сияқтанғанмен бұл да шындық. Ұзақ жылдар онымен бірге істеген геологтар Орта Азияға, түстік жаққа жолға шыққанда шақша ала келеді, болмаса дайын насыбай; бұл жайында әріптестері арасында неше алуан лақап, аңыздар тараған; соның бірі – Қ. И. Сәтбаевқа сыйланған ағат шақшасы жөніндегі әңгімелер. Ғалымның Баянауылдағы мұражайында тұрған жалғыз шақшаны «Мен сыйлап едім» деушілерден біз, мысалы, алты адамның есімін білеміз... [6, 116–117 б.].

Қорытынды

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – ХХ ғасырдың аса көрнекті геолог – ғалымы, қоғам және мемлекет қайтраткері. Біз үнемі әрі шынайы түрде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты ұлттың мақтанышы, аса көрнекті ғалым, Қазақстан ғылым Академиясының ұйымдастырушысы және тұңғыш президенті ретінде айтамыз. Мақтаныш сезіммен айтылатын, ұлан – ғайыр еңбегі көрсетілген Ертіс өңірінің академиктер әлемнің бас ұйытқысы, ұлы дала жұлдызы, есімі әлемге әйгілі, академик Қаныш Сәтбаевтің есімі, сөз жоқ, ерекше. Қаныш Сәтбаевтің халқына қалдырып кеткен мұраларына ғажап сезіммен толғана отырып, мәңгі өшпес үш ұлы ірі ісі дараланып айтылып жүр. Қ. И. Сәтбаевтің ғылым әлемінде танылуы Үлкен Жезқазғанды игеру жылдарымен байланысты, ал енді өнер және әдебиет мәселелерінде Қаныш Имантайұлы үнемі жан – жақты, терең білімнің иесі болды. Ғалымның әдебиет мәселелеріне деген қызығушылығы жастық шағында тарихты және

оның фольклордағы бейнесін оқып – білу арқылы қалыптасты. Қалай десек те, тарих, әдебиет және өнер туралы зерттеулер – оның көп қырлы талантының бір ғана ширегі болды. Оның есімімен еліміздің дарында жастары ғылым және білім әлеміне жол бастауда.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 2013. - 7 том.
- 2 Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия, 643 бет. Алматы қаласы.
- 3 Медеу Сарсеке. ДАРА ДАРЫН. Роман-эссе, 116, 117 бет. Астана.
- 4 Тоғысбаев Б. Сужикова А. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. – Алматы. «Алматы кітап баспасы».
- 5 Қ. Сәтбаев. Энциклопедия, 474 бет. Алматы қаласы.
- 6 Медеу Сарсеке. ДАРА ДАРЫН. Роман-эссе, 116, 117 бет. Астана.

2 Секция. «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру» баяндама және мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы

2 Секция. Программа «Рухани жаңғыру» – взгляд в будущее и статья «Семь граней Великой степи»

НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ. АСЫК – ТЕРАПИЯ

АБДРАХМАНОВА Д. С., ШАКЕНЕВА Ш. К.-К.

учителя математики, Гимназия № 3 для одаренных детей, г. Павлодар

ОРУМБАЕВ Е., МАСЛОВСКАЯ Е.

ученики 9 «М» класса, Гимназия № 3 для одаренных детей, г. Павлодар

Общий период становления казахских народных игр - VII-IX века до нашей эры. Независимо от того, какие кочевые племена находятся на казахской земле, камни, дерево, кости и другие природные материалы, используемые только в производственных целях, используются в национальных играх этой эпохи.



Рисунок 1– Игра в степи

Большинство казахских национальных игр основаны на натуральных материалах. Поскольку хозяйство основано на животноводстве, к нему адаптированы национальные игры казахского народа. «Асык ату» игра является одним из самых ранних примеров национальных игр (рис.1). Асык играет на нервной системе ребенка, старея его до меткости, ловкости и самоконтроля. Соревнования по стрельбе из асыка проводятся в соответствии с правилами игр в асык, утвержденными агентством по спорту и физическому воспитанию Республики Казахстан и Национальной ассоциацией спорта Республики Казахстан. В 2017 году казахская

игра асыки была включена в список нематериального культурного наследия ЮНЕСКО.

Асык игра - одна из древнейших национальных игр казахского народа. Мы признаем его псевдонимом кочевой этнокультурной жизни. Основной объект игры - инструмент, а инструмент - асык. Эта игра особенно популярна среди детей. Она является источником воспитания, внимательности и бдительности.

В Казахстане пытаются вновь возродить интерес к игре в асыки. Эта забава полезна для здоровья детей и может стать профилактикой заболеваний опорно-двигательного аппарата. Игра развивает у детей меткость, ловкость и мелкую моторику. Игра является хорошим примером позитивного взаимодействия, социальной сплоченности и дружбы.

Мы хотим показать в рамках программы «Рухани жаңғыру» многовековую мудрость национальной игры и рассмотреть асыки как развивающий компонент ребенка. Для начала мы изучили историю возникновения и развития игры, виды игр, правила игры технологию обработки материала (рис.2).




Рисунок 2 – Частицы асыка

Работу мы начали с проведения анкетирования о том, что известно нашему подрастающему поколению об асыках.

Количество респондентов -100 учащихся ГУ «Гимназии №3 для одаренных детей» г. Павлодара. По результатам анкетирования нам стало известно, что 60 % не владеют информацией об игре «Асык ату» (Рис.3).




Рисунок 3 – результаты анкетирования

Провели исследовательскую работу о пользе игры «Асык ату» и влиянии:

- ✓ на физическое развитие детей;
- ✓ на развитие умения концентрироваться;
- ✓ на развитие коммуникативных качеств;
- ✓ на развитие творческого мышления.

Асык - это комбинация простых аналогов. Необходимость подсчета улиц, подсчета выигрышей и распределения очков увеличит склонность любого ребенка к математике. Также игра ориентирована на зрение, гибкость доступа к суставам. Всякий раз, когда искусный игрок бежит сквозь трость, его бедро поднимает или опускает большие пальцы в челюсть. Это геометрический расчет и аккуратность. Второе - избавиться от спешки с целью победы. Кстати, этот аспект можно совместить с бильярдной игрой.

При игре в асык восстанавливается нервная система ребенка. Достаточно хотя бы одного часа игры в день, чтобы посмотреть на результаты и избавить семейный бюджет от покупки дорогого лекарства от нервных расстройств. Ребенок, играющий в асык ату, овладеет навыками командной игры и сможет преодолеть своих соперников, проявляя лидерские качества. Игра формирует в ребенке качества эффективного, ответственного человека. При игре в «Асык ату» начинают двигаться не только обе руки человека, но и все мышцы запястья и ног. Игрок принимает позиции, которые можно принять при занятии йогой. Лучше поиграть в асык во дворе, чем платить за абонемент фитнес-центра.

Национальная игра асык ату помогает развитию детей в Атырау, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Древняя национальная игра казахов «Асык ату» несколько позабыта в последнее время. Мы поставили цель ее возродить. Асык ату развивает ловкость, глазомер, координацию, меткость, скорость, смекалку. Кроме того, нужно еще и тактическое мышление. Здесь ведь главное не только метко и быстро бросить асыки, но и просчитать варианты на несколько шагов вперед. Также в асыках требуется быстрое логическое мышление», - говорит один из инициаторов возрождения игры, воспитатель детского сада «Коркемай» г. Атырау Светлана Салькова. Воспитатели вместе с детьми представили коллегам из других детских садов 30 видов игры в асык, в том числе настольную игру асык ату, составление мозаики и пирамиды из асыков, точечный массаж для ног в виде ходьбы по асыкам, а еще дети нанизывали асыки на веревочку, составляя своеобразные бусы, чередуя разные цвета.



Рисунок 4 – Знакомство ребят с асык

«В программе «Рухани жаңғыру» говорится о необходимости особого отношения к родной земле, ее культуре, традициям, обычаям, это важная черта патриотизма. Поэтому мы заинтересованы в возрождении казахских национальных игр и пропагандируем асык-терапию. Эта игра учит дружбе и организованности детей, к тому же она проста и доступна», - говорит директор одного из детских садов Атырау Гульбану Конаева. Мы, используя материалы СМИ, также собрали ортопедические коврики, а асыки для них собирали все ребята 1-5 классов нашей гимназии в рамках акции «Подари асык школе».

ЛИТЕРАТУРА

КНИГИ, УЧЕБНИКИ:

1 Қазақтың Ұлттық энциклопедиясы. - 1 том, 255 с.

2 С. Қалиев, М. Оразаев. «Қазақ халқының салт дәстүрлері»: Алматы, 1994.

ЭЛЕКТРОННЫЙ РЕСУРС:

1 <https://e-history.kz/kz/contents/view/2217> © e-history.kz

2 https://www.inform.kz/ru/asyk-terapiyu-vnedryayut-v-atyrauskih-detskikh-sadah_a3209509

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ

АБУЛГАЗИНА С. М.

география пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

СМАГУЛОВА А. Қ.

9 сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Кешегі қазақтың ежелгі мекені Ұлы Дала, қазіргі Мәңгілік ел - Қазақстан шетсіз де шексіз. Алтайдан Каспийге дейін созыла сұлап, Батысы Сібір ойпаты, Шығысы Тянь-Шань тауларының теріскейін ала көсіліп жатқан осынау Ұлы даланың жері де Ұлы, тылсым терең тарихы да Ұлы, өскелең ұрпаққа деген Ұлағаты да Ұлы. Түп-тамыры түркіден тарайтын ортақ Дала өркениетінің ұланғайыр кеңістігінде ежелден бастап-ақ гүлдене қанат жайған бұл мәдени үрдіс Қазақстанның қазіргі шекарасымен ғана шектелмесе керек.

Өмір мен өлімнің өзегін жалғап, қуаласаң сағымдай созыла жеткізбей дінкенді құртатын Уақыт, Кеңістік атты шексіз ұғымдардың паркы мен нарқын айыра білген ата-бабаларымыз қандай дана десеніңші. Ол даналықтың ізім-қайым жоғалуы мүмкін бе?! Жоқ! Тіпті, өткен уақытты еске түсіруге мұрша болмай, күнделікті күйбең тірлікпен күн өткізсек те, олар үнемі бізбен бірге. Андаған кісіге аяқ астынан шыға келетіні бар. Еуразияның Ұлы даласында қым-қиғаш із тастап, оны арлы да берлі тынымсыз шарлаған, үш мың жыл бойы көші-қон күн кешкен көшпелілер сол өмір, салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігіне орай төлтума өнер мен мәдениет қалыптастырған. Олардың көне тарихы бірде аттың жалында, жойқын қақтығыстар барысында қалыптасса, енді бірде түйенің қомында, мамыражай тірлік жағдайында өмірге келген. Оның қай-қайсысы болса да, сол көшпелілердің соңғы тұяғы, ұштығы көз алдында тұрған ХХІ-ғасырдың басына дейін жеткен қазақ халқының тарихына өшпес белгі қалдырған. Көшпелі өмірдің сән-салтанаты күні бүгінге дейін кей-кейде қылаң ұрып, сыр беріп қоятыны да сондықтан болар... [1].

Елбасымыз аталмыш мақаласын: «Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады», деп бастап, мұның «жай ғана әдемі афоризм еместігін» ескертіпті. Айтылған ойдың астарынан «бұл – тарихи шындық» деген тұжырым сығалап тұр.

Демек уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде басталған осы ұлттық тарихымызға терең үніліп, түп-тамырымызды жете

танып, оның күрмеуі күрделі түйінін шешуге ұмтылу – баршамызға ортақ міндет. Басқаша айтқанда, төл тарихымыздың төлтума болмысын өзіміз ғана біліп қоймай, оның ешкімнің тарихынан кем еместігін өзгелерге де танытарлық тарихқа деген дұрыс ұстанымымыз болуы қажет. Бұл ретте Президент мақаласында санамалап көрсеткен Ұлы Даланың жеті қыры арқылы біздің ғалымдарымыз бен тарихшыларымызға ежелгі ұлыдалалықтардың адамзат баласы жасаған өркениеттің бастауында тұрғанын меңзеп, «Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз жеткілікті» дейді. Шындық сөз. Расында да, оған қажетті дәйектер жетіп-артылады. Тек көре білер көз, тани алар мол таным, жүзеге асырар ынта болсын [2].

Біздің дамуымыздың ең басты белестерінің бірі болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының жариялануы және бұл бастаманың жалпыхалықтық сипатта қолдау табуы, жарқын болашаққа қадам басқан қазақстандықтар үшін айтулы оқиғалардың бірі болмақ. Себебі, төл тарихымызға қайта үңілу, оны байыппен зерттеп-зерделеу, ұлттық болмысымызды қайта жаңғырту, ежелгі мәдениетімізді қайта қарау, барымызды бағамдап, жоғымызды түгендеу – мемлекетіміздің жан-жақты дамыған әлемнің озық елдерімен тең дәрежеде қатар тұруына мүмкіндік береді [3].

Бұл мақаланы тарихи-мәдени, өнер жағынан, жалпы гуманитарлық сала бойынша қарауға болады және осы сала бойынша біздің елдің дамуына үлкен бағдарламалық, тұжырымдамалық алғышарт болып отыр. Осыған байланысты сіз бен біз «Ұлы дала деген не?», «Ол қашан пайда болды?», «Ол әлемдік тарихқа, саясатқан қандай ықпал жасады?», «Әлемдік мәдениетке өзінің қандай ізін қалдырды?» деген сұрақтар аясында жұмыс істеуіміз керек. Жалпы, тарихымызға тереңдеу бойынша үлкен денгейдегі зерттеулер еліміз егемендік алған уақытта басталған. Ал мына мақала оны енді жаңа сапаға көтеруіміз қажет екенін көрсетеді [4].

Қазақ даласы – тарихта қалған ұлылардың алтын бесігі болған қасиетті мекен. Ұлы дала талай ұлыларды дүниеге әкелгенін біз, жақсы білеміз. Елбасының «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашу идеясы ғибратты ғұмырымен есте қалған тұлғаларымызға көрсетілген зор құрмет деп білемін.

Павлодар облысы – тарихи тұлғалардың туған жері. Қазақстанға еңбегі сіңген көптеген ұлы адамдар, осы өңірден түлеп ұшқан.

Мәселен, XVIII ғасырдың қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі - Бұқар жырау Қалқаманұлы халық басына түскен ауыртпашылық жылдары хандар мен батырлар төңірегіне бірігу идеясын ұсынды. Бұқар жырау өзінің толғаулары мен өлеңдерінде өз заманының зәру мәселелерін арқау етіп, оларға жауап беруге тырысты. XVIII ғасырдың екінші жартысында жырау шығармашылығымен қатар, ақындар қызметі айтарлықтай таныла бастады. Олар өз шығармаларында негізінен философиялық проблемаларды көтеріп, батырлардың ерлігін жырлады, адамдар арасындағы қарым-қатынастарға, олардың сезіну әлеміне үңіліп, мінез-қаракеттерін ашуға көңіл бөлді.

XX ғасырдың әдебиетіне қазан төңкерісінің оқиғалары ықпал жасады, әеби шығармалар ағартушылық ойдың мәні сипатында өрбіді. Ж. Аймауытовтың, С. Торайғыровтың, С. Дөнентаевтың, Қ. Кеменгеровтің және басқаларының шығармалары жеке кітап болып шықты. XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ поэзиясында біздің жерлес ақындарымыз – Қ. Бекқожин, Д. Әбілев, И. Байзақов көрнекті орын алды.

М. Ж. Көпеевтің еңбектері тарихи тұлғаларымызды ғана емес, жалпы қазақ тарихына қатысты мәселелерді де жан-жақты қарастыруымызға мол мүмкіндік береді. Оның еңбектері келешек ұрпақты өткен дәуірлерге қатысты тарихи мәліметтермен байыта түседі және бір қарағанда кездейсоқ болып көрінетін қазақтардың қоршаған ортамен байланысын, олардың тарихи үрдістегі әлемдік тарихтың дамуындағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Иә, осы атап кеткен тұлғаларды күллі Қазақстан біледі. Бірақ Павлодар облысында осындай ұлы адамдармен де қатар әр түрлі салада қызмет етіп, өз елін асқақтатқан тұлғалар да бар.

Кемел Ақышев - (23 мамыр 1924 жылы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы - 10 тамыз 2003 жылы, Алматы қаласы) - археолог, тарих ғылымдарының докторы, қазақ археология ғылымының негізін қалаушылардың бірі. 1950 жылдардың соңында К.Ақышевтің қазба жұмыстары кезінде табылған сақ дәуіріне жататын Бесшатыр қорымы оның ғылыми өмірбаянынан ерекше орын алады. Көне және орта ғасырлардағы Қазақстан ескерткіштерінің әлемдік маңызы зор Есік обасынан табылған «Алтын адам» (б.з.б. V-IV ғасырлар), Бесшатыр (б.з.б. VI-V ғасырлар), Отырар жәдігерлерін ашып зерттеді. Қола, ерте темір дәуірлерінің мәдениеттерін кезендеу және мерзімдей мәселелерін анықтады. Көне Қазақстан тарихының негізгі тұжырымдарын жасауға белсене қатысты. Орталық Азия өркениеті жүйесінде ежелгі Қазақстанның орнын айқындауға елеулі үлес қосты.

Бейсембаев Серікбай (27.12.1912, Павлодар облысы Баянауыл ауданы Баянауыл ауылы – 20.12.1989, Алматы қаласы) – тарих ғылым докторы (1969), Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі (1975). Ғылыми мақалалардың, монографиялардың, оқу құралдарының авторы, көпшілік документалдық материалдардың құрастырушысы және редакторы. Саясат мәселелерін, мемлекеттік құрылыс пен халықтардың достастығына арналған ғылыми еңбектердің негізін қалаушы.

Қаржасов Қабдыл-Ғалым Насырұлы (11.1.1954, Павлодар облысы, Ертіс ауданындағы Үлгілі ауылы) - суретші, кескіндемеші. Қазақ халқының сәндік қолданбалы көркемөнер дәстүріне тірене отырып, пластикалық және үлгілік жүйеде өзінің жеке стилін дамытқан.

Халел Арғынбаев (21.9.1924, Павлодар облысы Баянауыл ауданы – ғалым, тарих ғылымдарының докторы (1976), профессор (1982). Халел Арғынбаев 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Қазақстан және Орта Азия халықтарының тарихи-этнография атласын жасауға ат салысты. Арғынбаев Қазақстандағы этнография ғылымының негізін салған академик Ә. Х. Марғұланның ғылым мектебі дәстүрін дамытты.

Әбілқас Сағынұлы Сағынов (27 желтоқсан 1915 жыл, Баянауыл, Павлодар облысы - 2006) [1] - Социалистік Еңбек Ері (1971), тау-кен маманы, техника ғылымының докторы (1967), профессор (1958), ҚазССР ғылым академиясының академигі (1970). Қазақстан Республикасының ғылым мен техникасына еңбек сіңірген қайраткер (1995), ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974, 1986).

Дмитрий Поликарпович Багаев - белгілі фотосуретші, өлкетанушы, Г. Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінің негізін қалаушы, аталмыш музейдің тұңғыш директоры. Ол 1884 жылы Павлодар қаласынан алыс жерде орналасқан Вятка губерниясының Туман ауылында дүниеге келген. 1899 жылы, ақша табу үшін Павлодар қаласына барады, ал 1905 жылы қаладағы алғашқы фотосалонды ашады.

Осы кезде Павлодарлық Ертіс маңындағы жерлерде орын алған барлық тарихи оқиғалар оның баға жетпес фотосуреттерінде – төңкеріс, аштық, ұжымдастыру, тың игеру кезеңі, Ұлы Отан соғысына қатысы бар осы кездегі құжаттарда – өз көрінісін тапқан.

Бүгінгі таңда Кереку өңірінің Ұлы тұлғалардың атын білсек те, қай салаға үлес қосқаның білмейміз. Оған қоса біздің жерлесіміз

болып шықса да таң қаламыз. Осыған орай Керекү өңірінен шыққан тұлғалардың салалар бойынша топтастырдық (1 кесте).

Кесте 1 –Керекү өңірінің тұлғалары

Білім және ғылым саласы, журналистика	Өнер және әдебиет	ҰОС батырлары
Арман Қани	Қалижан Нұрғожаұлы	Қалижан Нұрғожаұлы
Сергей Алексеевич	Арман Қани	Иван Илларионович
Сергей Александрович	Иманжүсіп Құтпанұлы	Кривенко
Рамазан Айыпұлы	Рамазан Айыпұлы	Андрей Николаевич Елгин
Қоғабай Жұмағали	Қоғабай Жұмағали	
Ержанов Жақан	Нұтфолла Шакенұлы	
Сүлейменұлы	Сергей Алексеевич	
Жабайхан Мұбаракұлы	Жанаталап Кабиденұлы	
Хамза Жұматұлы	Татьяна Окольничья	
Әлкей Хақанұлы	Антон Семенович	
Потанин Григорий	Борис Васильевич	
Шафық Шөкіұлы	Павел Васильев	
Арықтай Қаюпұлы	Естай Беркімбауұлы	
Мейірхан Мұбаракұлы	Кабдікәрім Ыдрысов	
Қасымов Қамар	Бағдат Дюсенов	
Кемел Ақышев	Торайғыров	
Халел Арғынбайұлы	Сұлтанмахмұт	
Серікбай Бейсембайұлы		

«Ұлы Дала тұлғаларын» әлемге әйгілі болатындай, атты ғылыми-көпшілік серияларды шығару ұлылардан қалған ұлағатты насихаттау мен өскелең ұрпақтың санасына сіңіру жолында жасалған үлкен еңбек болатыны анық.

Ұсыныс:

- Ұлы тұлғаларға арнап деректі фильм түсіру;
- Керекү өңірінде «Ұлы Тұлғалар ұлылығы» атты аллея құру;

Жұмыстың сонында Керекү өңірінің жаңадан өсіп келе жатқан ұрпағы онымен қоса қазіргі ұрпақ Ұлы тұлғаларды танып, біліп өседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 https://adebiportal.kz/kz/news/view/kazak_dalasi__tarihta_kalgan_ulilardin_altin_besigi__20936.
2. <https://egemen.kz/article/178329-uly-dalanynh-zheti-qyry-maqalasy-zhayly-pikirler>.
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/Павлодар_облысы.
4. <https://e-history.kz/kz/publications/view/914>.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ: ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

АЙТЖАНОВ А. С., НҰРПЕЙІС Г. Д.
7 сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
БЕЙСЕНБЕКОВА А. С.
жетекші, тарих пәнінің мұғалімі,
№ 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Ұлы Жібек жолы - әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым елеулі жетістіктердің бірі. Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуропа мен Азияны кесіп өтіп, ерте дүние мен орта ғасыр дәуірінде сауда байланыстары мен Батыс пен Шығыс мәдениеттері арасындағы тілдесуінің маңызды құралы қызметін атқарды. Жолдың неғұрлым ұзақ үзгіі Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтті.

Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы. Тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. «Ұлы» сөзінің қосылуы жолдың кең-байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстырып жатуынан. Сондықтан «Ұлы Жібек жолы» болып тарихқа енді.

Қытай жазба деректерінде б.з.б. II–I ғасырларда Үйсін мемлекетінің Қытай өкіметімен қарым-қатынастары жайлы мәліметтер табылған. Ұлы Жібек жолы - әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым елеулі жетістіктердің бірі. Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуропа мен Азияны кесіп өтіп, ерте дүние мен орта ғасыр дәуірінде сауда байланыстары мен Батыс пен Шығыс мәдениеттері арасындағы тілдесуінің маңызды құралы қызметін атқарды. Жолдың неғұрлым ұзақ үзгіі Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтті.

Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы. Тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. «Ұлы» сөзінің қосылуы жолдың кең-байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстырып жатуынан. Сондықтан «Ұлы Жібек жолы» болып тарихқа енді.

Қытай жазба деректерінде б.з.б. II–I ғасырларда Үйсін мемлекетінің Қытай өкіметімен қарым-қатынастары жайлы мәліметтер табылған.

Байланыс кезінде олардың араларында жасалған саудада қымбат бағалы жібектің жүргендігі сөзсіз. Қытай деректері бойынша, VI ғасырда Батыс Түрік қағанының және нөкелерінің

жібек шапан кигендері белгілі. VI ғасырда жібектің бүкіл Еуразияға әйгілі болған кезеңі.

Қазақ жеріндегі көне керуен жолдарының тарихы б.з.д. I мыңжылдықтың орта шеніндегі «далалық сақ жолынан» басталады. Геродоттың жазуы бойынша, жол Қара теңіз маңынан Дон жағалауына дейін, одан Оңтүстік Оралдағы савроматтар жеріне бағыттанып, Ертіс бойы мен Алтайға, Зайсан көліне дейін созылған. Қазіргі ғылым мен техниканың тамаша жетістіктері, ғарыштан түсірілген бейнекөріністер Еуразияның бел ортасынан өткен осы көне маршруттың ең қолайлы жол екендігін дәлелдеп отыр. Бір таңғаларлық нәрсе-қазіргі заманғы көлік жүретін жолдар мен темір жол ежелгі дала жолының бағытын дәлме-дәл қайталауы.

Жүздесу мен тілдесу және алыс-беріс байланыстары б.з.д. III–II мыңжылдықтарда басталған. Бадахшан тауының лазурит және Хотан маңындағы Яркендария өзенінің жоғарғы жағынан нефрит кен орындары табылып, оларды өндіре бастауға сәйкес байланыстар реттеліп, жөнге келтіріледі.

Қытайдың Хан патшалығы кезінде ғана өркендей бастаған, себебі Хан патшалығының У-ди патшасы Жаң Чянды батыс өңірге екі рет жіберіп, Орталық Азиядағы елдермен достасуға пейілді болған. Жаң Чян қазіргі Ферғана, Самарқан және Балқаш көлі сияқты жерлерге барған. Жаң Чяның сапары жолды шығыс пен батыс үкіметтері арасындағы байланыс жолына айналдырған. Осыған орай саудагерлер де «Жібек жолында» ат ізін суытпаған. Жаң Чян батыс өңірге және Орта Азияға Қытайдың жібек өнімдерін ала барған; елге қайтарында барған жерлерінің тауарлары және батыс өңірінің музыкасы сияқты алуан түрлі мәдениетті алып қайтқан. Жаң Чяның сапары қытайлықтардың батыс өңір мен Орта Азияны түсінуіне мүмкіндік берді. Жаң Чян барған жерлердегі халық та Қытайдың өнімдері мен мәдениетіне қатысты түсінігін анағұрлым тереңдетті. Осылайша, жол гүлденіп, көркейе түсті. Шығыс пен батыстың аралығындағы дәнекерге айналып, өркениеттерді өзара тоғыстырды.

Жолды қорғау және дамыту мақсатында, Қытайдың әр дәуірдегі патшалары жол бойына қарауылдарын қойып, әскерлерін әкеле бастаған. «Жібек жолы» іс жүзінде өзгермейтін тұрақты жол емес, қайта уақыт ізімен өзгеріп отырған, тарихтағы дәстүрлі сорабы өзгермеген жол шығыста Чаң-аннан (қазіргі Ши-ан) басталып, Тарым ойпатынан өтіп, Памир үстіртінен асып, Орталық Азияны, Батыс Азияны кесіп өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барады, жалпы ұзындығы 7000 шақырымнан асады.

Ұлы Жібек жолы Шығыста Қытай империясынан басталып, Батыста Рим империясында аяқталды. Жол Қушан, Соғды және Парфия империяларын басып өткен жүктерді тасымалдап жеткізуді Еуразияның таулы және далалық аймақтарын мекендеген малшылар іске асырған. Ұлы Жібек жолын тек аграрлық империяларды XV ғасырдан артық уақыт қойып тұрған артерия ретінде қарастыру шекті болады, себебі отырықшы мемлекеттер өзара түйіспей, мұхиттағы аралдар сияқты оқшау тұрған, түркілердің көшпелі ұлыстары байланыстырып келді. Негізгі мәдени ауысулар қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бойымен өтті, яғни ареалды өркениеттердің тоғысқан жері деп қарастыруға болады.

Ұлы Жібек жолы бойында еуразиялық көшпелілер біртіндеп өркениеттенуді бастарынан өткізді, олар өз ордаларын, қалаларын, керуен сарайларын салып, саудаға бақылау жүргізді. Отырықшы өркениет көшпелілердің қару-жарақ, ат әбзелдерімен, әр түрлі бұйымдарымен танысып, өздеріне қабылдады. Қазіргі жаһандандудың алыс үлгісі ретінде Ұлы Жібек жолы Ұлы географиялық ашуларға дейін өмір сүрген. Өркениеттің индустриялық толқынына түрлі себептермен ілесе алмады.

Б.з.б. III–II мыңжылдықтарда Месопатамия жазығынан Инд өзенінің аңғарына, Орта Азия шөлдерінен Жерорта теңізіне дейін аралықта құрылыс және су жолы жүйесі-Месопатамия-харап қалыптасты. Ең алыстағы мәдениеттер мен өркениеттерді байланыстырған. Кейін жүйе Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтарының біріне айналды.

Орталық Азия халықтарының сауда байланыстары б.з.б. III–II мыңжылдықтардан тамыр алады. Байланыс жолдарының бірі-көктас (лазурит) жолы. Көктас Шығыс елдерінде ертеден асыл тас ретінде жоғары бағаланды. Бадахшан тауынан өндірілген көктас Иранға, Месопатамияға, Сирияға, Египетке пен Анатолияға жеткізілді. Бадахшан өңірі Бактрия патшалығының иелігінде болатын. Көктас жолы екі мемлекеттің-Бактрия мен Ассирияның арасындағы сауда байланысы болғанын аңғартады. Б.з.б. I мыңжылдықтың басында көктас Қытайға да тасыла бастаған. Азия елдеріне Соғдыдан сердолик (қызыл, қызыл-сары түсті асыл тас), Хорезмнен көгілдір ақық (бирюза) тасылды.

Нефрит өзге елдерге таратуда делдал ретінде қызмет атқарды. Батыс Ганьсу мен Шығыс Түркістанның көп жерін алып жатты. Нефрит жолы Шығыс Түркістанды Солтүстік Қытаймен жалғастырды.

Дала жолының қызметі б.з.б. I мыңжылдықтың орта шенінде жандана бастаған. Тарихтың атасы Геродоттың (б.з.б. V ғ.) еңбегінде Дала жолы туралы мәліметтер кездеседі Дала жолы Азияны Таулы Алтай және Оңтүстік Сібірмен жалғастырды.

Қара теңіз жағалауынан Донға, Оңтүстік Орал тауларына, ары Ертіс, Алтайға дейін жеткен. Ежелгі дәуірде савроматтар (Оңтүстік Оралда), аргоппейлер қоныстанды. Дала жолымен бағалы металл бұйымдар, парсы кілемдері, мал, аң терілері тасылды.

Тауарлар алмасу ежелгі дәуірде стихиялы түрде жүрді; тауарды бір тайпа екінші тайпаға жеткізді, бір аймақтан келесі аймаққа делдалдар арқылы таралды. Жолдардың қалыптасуында тайпалар мен халықтардың миграциясы үлкен рөл атқарды.

Ғұндардың тұсында Шығыс Түркістаннан Солтүстік Моңғолияға баратын жол ашылды. Ғұндарға Соғды елінен, Грек - Бактрия және эллиндік Сириядан тауарлар жеткізілді.

Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында Батыстан Шығысқа әйнек бұйымдар әкеліне бастады. Әйнектен жасалған моншақтар сақ қорғандарынан көптеп табылды. Мөлдір әйнектен жасалған моншақтар мен білезіктер Оңтүстік Памир және Тянь-Шань, Алтай өңіріндегі сақ дәуіріндегі молалардан шықты. Әйнек бұйымдар б.з.б. II мыңжылдықтан бастап Шығыс Жерорта теңізі аймағында өндірілетін.

Жол тораптарының көптеп салынуына Грекия мен Египеттен Орта Азия мен Үндістанға дейін кең-байтақ жерді алып жатқан Ахеменид мемлекеті өзіндік үлес қосқан. Эфестен Суз қаласына дейінгі аралықты жалғаған 2400 шақырымды құрайтын «патша жолы» болды. Ахеменидтік жол тораптарында белгілі қашықтықта байланысшы атты адамдар тұрды, хабарды бірінен біріне айтып, мақсатты жеріне дер кезінде жүргізіп отырған. Байланыс жүйесін ежелгі парсылар «ангарьетон» деп атаған. Геродоттың көрсетуінше, парсы патшасы Кир сақтарға жету үшін Сырдария өзеніне көпір салдырады, Дарий патшаның (521–189 жж.) тұсында Азияның көп бөлігі парсыларға белгілі болады. Жаңа жерлердің жайын білу мақсатында Дарий патша ең сенімді адамдарын жан-жаққа аттандырып, мәліметтер алып отырған.

Ахеменидтіктер жүргізген соғыстар оған қатысқан әскерлердің құрамындағы сақтар, бактриялықтар, соғдылар және тағы басқа халықтарға алыстағы жолдармен, елдермен танысуға мүмкіндік берді.

Батыстан Шығысқа баратын ежелгі сауда жолдарын былайша топтастыруға болады:

- Еуропа мен Азияны жалғастырған құрлықаралық маңызы бар жолдар (мысалы, Ұлы Жібекжолы);

- құрлықтық маңызы бар жолдар, бір құрлықтағы түрлі аймақтарды жалғастырды (мысалы, Бактрия мен Үндістанды);

- аймақтық маңызға ие жолдар (мысалы, Бактрия мен Соғды елін, Бактрия мен Хорезмді жалғастырған жолдар);

- облыстық маңызы бар жолдар. Қала мен қала арасын, белгілі бір тарихи-мәдени аймақтың ішіндегі ірі елді мекендерді жалғап жатты;

- соқпақ, сүрлеу жолдар болса, елді мекеннің өз ішінде болатын.

Жолдардың арақашықтығына келсек, құрлықаралық жолдар 10 мың шақырым, құрлықтық-бірнеше мың шақырым, жергілікті-бірнеше ондаған шақырым, сүрлеу жолдар бірнеше жүз метрден бірнеше ондаған шақырымға дейін созылды.

Ұлы Жібек жолының бағыттары ауысып тұрғанымен, екі негізгі арнасы-оңтүстік және солтүстік жолды бөлуге болады.

Оңтүстік жол Қытайдан шығып, Орта Азия арқылы Таяу Шығысқа, Солтүстік Үндістанға апаратын.

Солтүстік жол Қытайдан Памирге, Арал бойы арқылы өтіп, төменгі Еділге және Қара теңіз бойына апаратын. Оңтүстік және солтүстік жолдың аралығында бірнеше жалғаушы, аралық бағыттар болды. Уақыт өте келе негізгі бағытқа қосылған жолдар тарамдалып, көбейе берді.

Ұлы Жібек жолы қызметінің дамуы әртүрлі елдердің керуен жолдарына бақылау жасауға деген геосаяси қарсыластығына аса тәуелді болды. Ұлы Жібек жолының табысты қызмет етуі үшін халықаралық саяси тұрақтылық қажет болатын. Екі жақты жетуге болатын: Еуразия кеңістігінен өтетін маңызды керуен жолдарын бақылауға алған үлкен империялардың құрылуы арқылы немесе сауданың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті ірі мемлекеттердің «әлемді бөлуі» арқылы. Көпестердің керуенінен салық алу Азиядағы керуен жолы ететін мемлекеттердің билеушілеріне жоғары табыс беретін. Көпестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, екінші шеті, Ұлы Жібек жолының үлкен бөліктеріне бақылау жасауға мүмкіндік алуға ұмтылды. Мемлекет ішіндегі соғыстар және орталықтанған биліктің құлауы Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар мен қоныстардың құлдырауына, керуендердің тоналуына жиі соқтыратын. Өз кезегінде Ұлы Жібек жолының белгілі бір бөлігінің қызметінің бұзылуына әкеліп соқты.

Ұлы Жібек жолының тарихында бүкіл жолды бір ғана мемлекет бақылаған үш қысқа мерзімді дәуір болды.

- VI ғасырдағы Түрік қағанаты;
- XIII ғасырдағы Шыңғыс хан империясы;
- XIV ғасырдағы Темір империясы.

Ұлы Жібек жолы қызметінің нашарлап кетуі VI ғасырға дейін, Еуразияда қайтадан қуатты державалар қалыптаса бастағанға дейін созылды. 570-600 жылдары Түрік қағанаты Жерорта теңізінен Солтүстік Қытайға дейінгі жерлерді біріктірді. Соның нәтижесінде сауда ісінде көпестер жетекші рөлге ие болды.

VI-VII ғасырларда Қытайдан батысқа баратын жол жандана түсті. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін. VI-VIII ғасырларда Ұлы Жібек жолының негізгі бағыты: Сирия-Иран-Орта Азия-Оңтүстік Қазақстан-Талас аңғары-Шу аңғары-Ыстықкөл ойпаты-Шығыс Түркістан болды.

VI ғасырда Қазақстанның батыс бөлігін Қиыр Шығыспен, Амур өзені бойымен «Бұлғын жолы» дейтін жол жалғастырды. VI ғасырда «Жапонияға баратын жол» деп те аталған. Расында жолмен Византиядан, Ираннан, Түрік қағанаттары мен Соғдыдан шыққан керуендер Жапонияға жететін.

VI-VII ғасырларда Ұлы Жібек жолының Оңтүстік немесе Ферғана тармағымен жүрудің қиындап кетуіне байланысты Солтүстік немесе «Түрік жолы» ауыстырды. Ферғана жолымен жүру, біріншіден, жолдың жартысына жуығының асулы, таулы жерлер арқылы етуіне байланысты қиындық тудырса, екінші шеті, Ферғана өңіріндегі өзара қырқысуларға байланысты қауіпті болды.

Түрік қағанаттарының күшейіп, керуен жолдары бойында қалалар мен қоныстардың күшеюі Ұлы Жібек жолының «Түрік жолы» тармағының басты қатынас жолына айналуына себепкер болды.

VIII ғасырдың екінші жартысында Орталық Азиядағы халықаралық байланыстар жүйесі біршама өзгерді. Тибеттіктер Шығыс Түркістан мен Батыс Қытайға басып кіріп, Ичжоудан Ганьсуға дейінгі Ұлы Жібек жолының басым бөлігіне иелік етті. 30 жылға жуық керуен жолының бөлігі тибеттіктердің бақылауына өтті. Бәйтиннен Баркел көліне дейін, одан солтүстік шығыстағы Ұйғыр қағанатының астанасы Қарабаласағұнға (Харабалғас) дейін апаратын «Ұйғыр жолы» күшейді. «Ұйғыр жолы» Шығыс Түркістанды Солтүстік Моңғолиямен жалғастырды. Ұйғырлар, қытай деректеріне қарағанда, жолды «Цаньтянь қағанның жолы» деп атаған, себебі, жолмен қағанға түркі салық апарылған. Тан әулеті кезінде «Ұйғыр жолымен» жібек пен жылқы саудасы белсенді түрде жүрді. «Ұйғыр жолымен» Шығыс пен Батысты жалғастырған

басты керуен жолы ретінде ұзақ уақыт қызмет етті. XIII-XIV ғасырларда жол Моңғол империясының астанасы-Қаракорымды өзге елдермен жалғастырған күретамырға айналды.

Ұлы Жібек жолы туралы айтқанда, Қазақстан жері үшін аса маңызды болғанын есте ұстау керек. Еуразиялық Дала аймағы «варвар» көшпелілерден басқа мәдени үрдістерді басынан өткізбеген. Шын мәнісінде көшпелі түрік тайпалары мен отырықшы халықтар ежелден қалыптастырған төл мәдениет өркендеген болатын. Ұлы Жібек жолы мәдениетінен шығатын бір қорытынды аграрлық өркениеттегі қала мен оның маңайындағы жер өңдеушілер мен бақташылардың арақатынасындағы көптүрліліктің жасампаздық сипатымен байланысты. Кез келген мәдени құрылымда шығармашыл немесе басқарушы элита, ішкі және сыртқы пролетариат бар.

Ұлы Жібек жолы жанданып, Орталық Азия қалаларындағы жоғары мәдениеттің өркендеуінде маңызды рөл атқарады. Ұлы Жібек жолы мәдениетінің бастапқы кезеңінде, I мыңжылдықтың алғашқы жартысында, Орталық Азияда оншақты қалалардың ғана аттары аталса, Тан империясы мен Ислам Ренессансы уақытында, VIII-XII ғасырларда өңірде болған саяхатшылар жүздеген мәдениет орталықтары туралы дерек береді, мысалы Сюань Цзян Жетісудың өзінде осындай ондаған қалалар бар екені жөнінде хабарлайды. Марко Поло, Ұлы Жібек жолы әрекет етіп тұрғанда Орталық Азияда болған сирек саяхатшының бірі, моңғолдар шапқыншылығынан кейін қалалық мәдениет күйдіруге жеткізгеннен, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Ұлы Жібек жолынан керуен арылған жоқ дейді.

Ұлы Жібек жолының ерекшелігі оның орталықтарының басымдық таныта алмауында болды. Оның үстіне ол кезде мәдени артерияны бақылаушы түркілерде жалғыз үстемдік етуші жүйе әлі қалыптаспады.

Ұлы Жібек жолы халықтардың достығы мен ынтымағының жарасымдылығы деп түсінген жөн. Оның қызметінің тарихынан тағылым ала отырып, бүгіндері жаңа мыңжылдықтың жолына түсе отырып, адамзат баласы қауіпсіздікке, тұрақтылыққа және дамудың беріктігіне ұмтылуда.

Ұлы Жібек жолы бүкіл әлемге танымал жол болатын. Батыс пен Шығысты, бітімгерлік пен ынтымақтастыққа ұмтылған халықтарды өзара байланыстырған бұл жол мәдени - экономикалық көпір іспетті еді.

Қазіргі уақытта осы көне керуен жолын жаңғыртудың, халықаралық мәдени - экономикалық байланыстағы рөлінің маңызы жөніндегі еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Ежелгі жібек

жолының жалпы сұлбасымен ХХІ ғасырда мұнай - газ құбырлары тартылады, солар арқылы Орталық Азияның мұнай мен газы экспортын дамыту Орталық Азия халықтарына, ежелгі замандағы сияқты, бірыңғай сыртқы экономикалық саясат, бірыңғай кеден, салық бақылауы, бірыңғай қауіпсіздік жүйесі қажет, сол тиімді, - деп көрсетіп берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байпаков К., Нұржанов А. «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» – Алматы, 1992 жыл – 208 б.

2 Шәлекенов У. Х. «V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» - Алматы: Жібек жолы, 2006 – 248 бет.

3 Никитин Е. «Ұлы Жібек жолы туристік инфрақұрылым арқылы қайта құрылуы тиіс» //Егемен Қазақстан. 1997 жыл. 18 қараша.

ЖАС ҰРПАҚ ПАТРИОТИЗМІ ШОҚАН ІЗІМЕН

АЙТМАКУШЕВА Б. М.

тарих пәнінің мұғалімі, Северный ЖОББМ,
Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Северный ауылы

МАЖЕНОВА З. С.

II сынып оқушысы, Северный ЖОББМ,
Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Северный ауылы

Қазақ халқының ұлы ғалымы, жарқын жұлдызы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов отандық шығыстану ғалымы мен әдебиет тарихында үлкен орын алады. Шоқан Уәлиханов өзінен кейін мол әдеби-тарихи мұра қалдырды. Өзінің тым қысқа ғұмырының барысында Шоқан еуропалық ғылым үшін «белгісіз», «жұмбақ» болып келген Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы, географиясы мен этнографиясына арналған бірсыпыра еңбеткері мен қоғамдық саяси тақырыптағы толып жатқан шығармалар жазып үлгерді. Шоқан Уәлихановтық қоғамдық тарихи майданда көріне бастаған дәуірі қазақ халқының тарихындағы маңызды кезең – қазақ халқының орыс халқымен және оның алдыңғы демократиялық мәдениетімен жақындасу дәуірі, сондай-ақ толық отарлыққа түскен дәуірі еді. Сол кездегі Шоқанның қоғамдық өмірдегі қызметі көп қырлы. Сондықтан да ол көптеген зерттеу еңбектерінің тақырыптарының негізіне алына алады. Бүгінгі таңда

еліміз егемендігін алған уақытта отандық тарихымыз өзінің тарихи қайраткерлерінің тұлғасын зерттеуге зор көңіл бөліп отыр. Әсіресе ұлтымыздың қазақ екендігін дәлелдеп бағуға тырысқан ғалымымыз – Шоқан Уәлихановтың бай тарихи, ғылыми мұрасын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

2018 жылдың тамыз айында Ертіс ауданының Северный ЖОББ мектебінің ұйымдастыруымен Павлодар-Көкшетау-Сырымбет-Алматы-Шоқан-Павлодар сакралдық маршруты бойынша «Шоқан Жолы» атты экспедициясына шықтым. Негізгі мақсатымыз жұмбаққа толы әйгілі отандасымыз Шоқан Уәлихановтың өмірбаянымен танысып, бар сұрақтарымызға жауап табу.



Сурет 1 – Шоқан Уалихановтың туған ауылы Сырымбеттегі мұражай

Біздің зерттеу жұмысымыз елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары немесе Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы мен тарихи тұлғалары» бөлімінің идеясын іске асыруға негізделген.



Сурет 2 – СҚО Сырымбет ауылы



Сурет 3 – Алматы обл. Шоқан ауылы

Экспедиция барысында біз Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылындағы Шоқан Уалихановтың мұражай комплексіне және Алматы облысы Кербұлақ ауданы Шоқан ауылындағы ғалымның мұражайына бардық.

Ең бірінші біздің көзімізге түскені – бұл ғалымның керемет үлгіде салынған ескерткіштері. Екі өңірде де мұражайлар алты қанатты киіз үй түрінде құрастырылған. Сырымбетте Шоқанның суреттері қағазда көрсетілсе, Шоқан аулындағы мұражайда тура композиция түрленді құрастырылған.

Сырымбеттегі мұражай алты бөлмеден тұрады. Бірінші бөлмесінде Шоқанның ескерткіші мен Уалихановтар отбасының Абылай ханнан басталған жешіресі көрсетілген.



Сурет 4 – Сырымбет мұражайы

Айғаным әженің қонысындағы үйінде Жанғали Құлыш-ұлы (Уәлінің екінші әйелі Айғанымнан тараған ұрпағы) құрастырған «Уәлі ұрпағының шежіресінің» толық нұсқасы көрсетілген. Ауылдың байырғы тұрғындарының сөздеріне қарағанда Шыңғыстың екінші баласы Жақыптың үлкен ұлы Мәлік Шоқан Уәлихановтың баласы болуы мүмкін деген пікірлері бар.



Сурет 5 – Уәлі ұрпағының шежіресі



Сурет 6 – Айғаным әжесінің усадьбасы

Мұнда мемлекеттік Елтаңбаның авторы да-Шота Уалиханов, Шоқанның туысы екенін білдім. Сонымен қатар, мұнда Әлкей Хақанұлы Марғұланның Шоқан Уалихановтың өмірін сипаттайтын бес томдығымен таныстым. Мұражай жетекшісі және сақталған құжаттары мен деректерден көп мәлімет білдім.

Қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы қараша айының ішінде сол кездері Құсмұрын дуалының аға сұлтаның майор дәрежесіндегі Шыңғыс Уәлихановтың қара шаңырағында дүниеге келген. Шоқанның кіндік қаны тамған Құсмұрын бекінісінің еске жұрты қазіргі Қостанай облысы, Жетікөл ауданы Шөптікөл аулынан үш-төрт шақырым жерде орналасқан. Азан шақырылып қойылған есімі Мұхамедқанафия болғанына қарамастан, анасының «Шоқан» деп еркелетіп қойған есімі өмір бойына сақталып кетеді.

Шоқанның анасы Зейнеп – қазақша хат таныған, өз заманының көзі қаракты қыз-келіншектерінің бірі. Оның әкесі – бала жасынан шешендік өнерімен ел ішінде аты аңызға айналған, кейінен Сібір қазақтары арасынан алғаш рет аға сұлтандық әкімдікке қолы жеткен, атақты Шорман би.

Екінші бөлмеде Шоқан Уалихановтың балалық шағы жайында мәлімет берілген. Оның туған жері Қостанай облысындағы Құсмұрын бекінісі картада көрсетілген. Ғалымның балалық шағындағы отбасылық фотосуреттері сақталған. Сонымен қоса жас суретші туған өлкесін салған суреттеріне де ерекше назар аудардық.

Екінші күні экспедиция мүшелері Сырымбет ауылынан 3 шақырым жерде орналасқан Шоқанның әжесі Айғанымның усадьбасына тоқтады. Мұражай меңгерушісінің айтуынша усадьба 1824 жылы Ресей патшасы І Александрдың Жарлығымен салынған. Усадьба XIX ғасырдың ағаштан салынған сәулет ескерткіші болып саналады.

Шоқанның балалық шағы негізінен оның сүйікті әжесі Айғанымның усадьбасында өтті. Орта жүз ханы Уәлидің кіші әйелі – Айғаным жігерлі әрі көреген әйіл болған. Ол шығыстың бірнеше тілін білген, орыс мәдениетіне мейлінше ден қойып, сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаментімен және Петербургтегі Сібір комитетімен хат жазысып байланысып отырған [15, 5 б.]. Сырымбетте тұңғыш қазақ мектебін аштырды (екіншісін Құсмұрында оның баласы Шыңғыс салдырды) [9, 12 б.].

Бала Шоқанның сана-сезімі ерте оянып, рухани өсіп жетіле беруіне әжесі Айғаным үлкен әсер еткен. Тұмасынан сезімтал,

дарынды балаға әжесі «халық даналығының сарқылмас білім бұлағы» болған. Халықтың озық дәстүрлері мен салтын бойына сіңірген әжесінің жарқын бейнесін Шоқан өмірінің аяғына дейін ұмытпай есінде сақтаған. Шоқан суретке салған әжесінің усадьбасы XIX ғасырда осы сурет арқылы қалпына келтірілгенін білдік.



Сурет 7 – Шоқанның салған суреті



Сурет 8 – Айғаным әженің қонысы

Сырымбет пен Шоқан ауылдардағы мұражайларында Шоқанның Омбы қаласында оқып жүрген кезі көрсетілген. Мұнда көптеген мәлімет оның досы болып табылған Ф.М.Достоевскийдің Шоқан жайында айтылған сөздері, суреттері, мақалалармен таныстық.



Сурет 9 – Шоқан ауылындағы мұражай



Сурет 10 – Сырымбет ауылындағы мұражай

Солтүстік-Қазақстан облысы Сырымбет ауылындағы мұражай ғалымның балалық шағы мен Омбы қаласында оқып жерген кезі бойынша көптеген материал берсе, Алматы облысы Шоқан ауылындағы мұражай Шоқанды зерттеуші ретінде бізге терең таныстырады.



Сурет 11 – Алматы облысы Шоқан ауылындағы мұражай

Уәлихановтың тарих, география саласындағы еңбегінің даңқы Петербург ғалымдарына жетіп, 1857 жылы 27 ақпанда 20-дан жаңадан асқан Шоқан Орыс география қоғамына толық мүшелігіне сайланды.



Сурет 12 – Сырымбет мұражайы



Сурет 13 – Шоқан а. мұражай

1858-1859 жылдардағы Қашқарияға сапары Уәлихановтың ғылым, ағартушылық саласындағы шығармашылығының жаңа белеске көтеріліп, дәуірлеп өсуіне жол ашты. Екі өңірдегі мұражайларында Шоқанның атақты Қашғарға саяхаты терең зерттеліп көрсетілген.



Сурет 14 – Шоқан Уәлихановтың зираты

Шоқан Уәлихановтың өмірін зерттеу барысында келесі қорытындыға келдім: ғалымның еңбектері мен қызмет жолы біздің халқымыздың тарихындағы өте маңызды кезеңімен сәйкес келді. Бұл қазақтардың Ресей империясының құрамына кірген кезі мен үш жүз этностардың бейбітшілік және ақындық, көңілді және намысшыл, күші мол және жігерлі, дамуында үлкен үміт беретін – бір «қазақ» деп аталатын халыққа бірігу кезеңі. Ғылымдағы Шоқан Уәлихановтың рөліне тиісті баға беруге мүмкін емес.

Көрнекті саяхатшы және Сібір, Қазақстан, Монғолия мен Орта Азияның зерттеуші И. Н. Потанин Шоқан Уәлихановтың еңбектерін жоғары бағалай отырып, «Шоқан қазақ ішінен оқырман қауымын талқан болса, ол өз халқының шын мәнісіндегі асқан данышпаны болар еді» – дейді [14, 74 б.]. Атақты шығыстанушы ғалым Н. И. Веселовский өзінің еңбектерінде Шоқан Уәлихановтың ғылыми қызметтерінің нәтижелерін пайдалана отырып: «Шоқан Уәлиханов шығыстану әлемінің аспанынан күйрықты жұлдыздай жарқ етіп өте шықты – орыс ориенталистері бірауыздай оны таңғажайып құбылыс деп қарады, одан түркі халықтарының тағдыры туралы аса маңызды ұлы жаңалықтар ашады деп үміт күтіп еді» - деп жазды [19, 42 б.].

Біздің экспедициямыздың маршруты Омбы-Павлодар-Кокшетау-Алматы арқылы жол жүрді. Аталған сакралдық орындарға, мұражайларға қатысу біздер үшін рухани-адамгершілік, интеллектуалдық, еріктілік, көшбасшы, эмоционалдық қасиеттерімізге әсер етіп, патриоттық тәрбие берудің тиімді, жаңа әдісі болып отыр. Патриоттық сезімсіз, туған елге сүйспеншіліксіз, бірліксіз алдыңғы қатарлы, бәсекелестікке қабілетті, мықты болу мүмкін еместігіне көзіміз жетті. Оған дәлел болған қазақ елінің ұлы Шоқан Уәлихановтың өмірі үлгі болып отыр.

Ғалымға өз құрметін білдіріп риза болған ұрпақ Қазақстанның бірнеше қала көшелеріне Шоқан Уәлихановтың есімін берді.

Бүгін Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, егемен мемлекет, демократиялық пен прогресс жолымен дамиды. Осымен де біз Шоқан Уәлихановқа да қарыздармыз, ол мәдениет пен ғылымның дамуына үлкен үлес қосты. Біз, жас ұрпақ, осыны ұмытуға құқығымыз жоқ!

Осымен «Шоқан жолы» жобасы өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Келесі оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында экспедиция өз жұмысын жалғастырады.

Келешекте Шоқанның өткен жолын толығымен өтіп, зерттеу жобаларын жазып, мектебімізге Шоқан Уәлихановтың есімін беруді өтіну бұл күтетін соңғы нәтижелердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абдрахманова, Ш. О просвительстве и демократизме Чокана Валиханова // Абдрахманова Ш. «Ұлы ғалымның тағы ой қыры» // Ақиқат.

2 Әбуев, Қ. Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттерінен. А: «Қазақстан» 1994. Әгішев Ә «Ш. Уәлихановтың социологиялық және мемлекеттік – правалық көз Бейсенова А. С., «Исследование природы Казахстана» А: «Қазақстан» 1979 ж.

3 Бердібай, Р., «Ел боламыз десек: Ұлт тағдыры туралы толғау» Валиханов Ч., «Тандамалы» А: «Жазушы» 1985 ж. 560 б.

4 Валиханов, Ч. Ч., «Собрание сочинений в 5-ти томах» Т.1. А: Валиханов Ч. Ч., «Собрание сочинений в 5-ти томах» Т.2. А: Валиханов Ч. Ч., «Собрание сочинений в 5-ти томах» Т.3. А: Валиханов Ч. Ч., «Собрание сочинений в 5-ти томах» Т.4. А: Валиханов Ч. Ч., «Собрание сочинений в 5-ти томах» Т.5. А: Валиханов Ч. Ч., «Записка о судебной реформе» А: «Әділет» 1999.

5 Дулатова, Д., «Шоқан - тарихшы» А: «Қазақстан» 1982 ж. Зиманов С. Д., Атишев А. Б., «Политические взгляды Чокана Валиханова» А: История Казахстана: с древнейших времен до наших дней в Қанафияұлы Н. Ұлы Дала және Шоқан» А: «Өнер» 1997.

6 Мұқтарұлы, С. «Шоқан және өнер» А: «Өнер» 1985 ж. Маргулан А. «Великие ученые средней Азии и Казахстана VIII Сатбаева И. К. «Чокан Валиханов - филолог» А: «Ғылым» 1987.

7 Сегизбаев, О. А. «Казахская философия XV начало XX вв». Алматы. 1996 г.

8 Сүлейменов, Р. Б., Моисеев, В. В. «Шоқан Уәлиханов - шығыстанушы» А: Стрелкова Н. К. Валиханов (2-е изд. доп) М: «Мол. гвардия» Чокан Валиханов и современность (Сборник материалов Всесоюзной научной конференции).

- 9 Дгуреп, Я. К. Русское окружение Чокана Валиханова: Люди. События. Факты.
- 10 Елшынбеков, С., Сабденалиева, А. Шоқан – табиғат зерттеушісі // Еркімбеков З. Шоқан Уәлиханов шығармалары // Қазақ тілі мен.
- 11 Касымжанов, А. Х., Уразбеков, А. «Ч. Валиханов – ученый и мыслитель». 1835-1865. // Вопросы философии, 1984. № 5.
- 12 Касымжанова, А. Х., Абрамов, М. В. Чокан Валиханов // наука в деталях. Алматы. 1991 год.
- 13 Қарасбаева, З. «Ш. Уәлиханов – ұлы ғалым» // Қазақ тарихы, 1999 жыл.
- 14 Көкенов, С. «Қазақ ағартушы ойшылдарының дүниетанымдық мұралары» // Биология.
- 15 Момынова, Ш. Вклад Ч. Валиханова в развитие русского востоковедения. «Отан Тарихы», 2001 год.
- 16 Муканова, З. А. Ориентализм в произведениях Ч. Валиханова // Вестн КазГУ Муканова З. А. Вкропление из восточных языков в произведениях Ч. Валиханова
- 17 Мағауин, Е. «Едіге» жыры және Шоқан // Жұлдыз 1992 жыл.
- 18 Нурышева, Г. Ш. Уәлиханов адам және оның өмірінің мәні. // 2001 жыл.
- 19 Маргулан, А. Х. О художественном наследии Чокана Валиханова // Валиханов Ч.Ч. Собр.соч.: В 5 т. - Алма-Ата, 1972. - Т.5. - С. 5-28.

МӘҢГІЛІК ЕЛ – ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ ИДЕЯСЫ

АМАНГЕЛЬДИ Д.

9 сынып оқушысы, № 20 лицей-мектебі, Павлодар қ.

МАРЗАТАЕВ Е. Т.

ғылыми жетекші, тарих пәнінің мұғалімі

Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік – асыл арман. Оған жетудің жолы әрқилы. Негізгісі екеу. Бірі – күрес жолы, екіншісі келісім жолы. Ал тәуелсіздікке қол жеткізген соң оны сақтап қалу, одан да қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздық болмау керек. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат – мұрат керек.

Ұлттық идея - халық мұраты. Бұл бір көптен көтеріліп жүрген тақырып.

Идея – грек сөзі, образ, ұғым, түсінік мағыналарында қолданылады. Атқаратын міндетіне қарай идея алуан-алуан қырымен көзге түседі. Мәселен, бірде ол сырт дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың пішіні болса, енді бірде адамның басты сенімі орнына жүреді.

Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болу керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлттық мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы», - деген еді. Жалпы, «Мәңгілік Ел» идеясының үш негізден немесе үш тұғырдан тұратыны анық. Біріншісі – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк) саяси акт – «манифест» ретінде әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы; екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни Ата Заң іргетасының қалануы. Біріншіден, ол сол мемлекетте өмір сүріп отырған халықтың мақсат-мүддесімен, болмысымен толық сәйкес келгені жөн. Бұл туралы Монтъеске: «Зандар үкіметтің табиғаты мен принциптеріне, басқару формасына, елдің географиялық факторы мен физикалық қасиеттеріне, жағдайы мен көлеміне, климатына, топырақ сапасына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, санына, байлығы мен қабілетіне, әдет-ғұрпына сәйкес болу керек», - дейді. Екіншіден, идеологияның мемлекеттік сипат алуына қажетті тағы бір қасиет оның мемлекет тарихымен сабақтас болып, ұзақ мерзімдер бойы сол қоғамда үйреншікті, жетекші идеологиялық деңгейде тұру тиістігін айтады. Осы негізгі екі белгі де түркілердің ұлы қағанатын құрғанда бар еді. Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын теориялық-философиялық тұрғыдан негізін салып берген әйгілі ойшыл, философ Әбу Насыр әл-Фараби болды. Ол ежелгі грек философиясы мен Шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесіне сәйкес «Мәңгілік Ел» идеясының саяси-философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының

көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» шығармаларында баяндайды. [1, с.3] Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсіншілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Әл-Фараби мемлекеттің мақсатын және оның ішкі-сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Мемлекеттің сыртқы міндетіне қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастыру жүктеледі. Ал мемлекеттің ішкі міндеті әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оны керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату болып табылады.

«Құтты білік» дастаны орта ғасырларда өркениетті ел болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашғар қаласында аяқтаған. Дастан елде Ата Заң (Конституция) қызметін атқарған. Шығармада ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттің әлауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Ж. Баласағұн – саяси-әлеуметтік ойда мемлекеттегі басқару істерінің заңмен реттелуі мәселесін кешенді көтерген ғұламалардың бірі. Дастанның басты идеясы – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Шығармада елдегі, қоғамдағы ішкі тәртіпті халық мүддесіне, заңдылыққа негіздеп құру идеясы айқын көрініс береді. Осы идеялар негізінде бүгінгі Қазақстан өзінің алдына қойған стратегиялық, конституциялық міндеттері, яғни «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қағиданы ойдағыдай шеше алады. Ж.Баласағұн еңбегіндегі елдегі заңдардың бүкіл халыққа қызмет етуі және орта топтың мемлекеттің әлеуметтік тірегіне айналуы туралы идеялары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін өте маңызды [2, с. 2].

Бұл бағыт – қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде жариялап отырған Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың да ұстанып отырған стратегиялық саясаты. Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазірде тарихи сабақтастықты бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр. Оны Елбасының жария еткен 2015 жылға

арналған Жолдауында айқын көрсетіп берді: «Біздің жалпы ұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі» [2, с. 3]. Ол «Қазақстан -2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры». «Мәңгілік Ел» идеясында Н. Ә. Назарбаев басты жеті құндылықты атап көрсетті:

«Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы. Тәуелсіздік дегеніміз – елдің егемендігі, халықтың бостандығы, сана еркіндігі. Елдің аңсарлы азаттығы, елшілдік-ұлттық санасы, тарихымен қоса, рухани құндылықтары, рухы. Бұл бірнеше ғасырлар бойы халықтың армандаған қасиетті ұғымы. Арман болып жеткен тәуелсіздігімізді, ендігі жерде сақтап қалу біздің халқымыздың ең қасиетті борышы. Екінші құндылық, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Біздің халқымыз – өзгеге қыспақ көрсетпек түгіл көмекке мұқтаж кез-келген ұлттың өкілін бауырына баса білген дана, мейірімді халық. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәттерде бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықылдасының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің дербестігін, тәуелсіздігін сақтап, мемлекеттігін қалпына келтіре алғандығы тарихтан да аян. Сондықтан біздің ең басты мақсатымыз – тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен көркейіп өсуі. Қасиетті тәуелсіздігімізді – мықтап ұстап тұру. Ел дегенде, жер дегенде – білегін сыбанып, іске дайын тұратын, еліміздің жарқын болашағы үшін күресе білетін, намысты ұрпағымыз болса, қоғамымыздағы ұлттық бірліктің іргесі шайқалмаса, ұлтымыз өз әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаса Мәңгілік ел боламыз, бұл – жеңіске жетуіміздің негізгі кепілі. Міне, біздің басты байлығымыз да – осы. Рухы еркін халық қана кез-келген мәселені шеше алады, әлемдік деңгейде өз орнын таба алады.

Қазақ халқы өзінің тарихи негізгі ұлттық құндылықтарын өзі де танып, өзгеге де танытып, ұлттық тілін құрметтеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелегенде ғана руханияты жоғары, зайырлы қоғам бола алады. Бұл – біздің үшінші құндылығымыз» [2, с. 4].

Елбасы төртінші құндылық, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім екендігіне тоқтала отырып, әрбір қазақстандықтардың әл-ауқатының жақсарып

дамыған отыз елдің қатарына қосылудың бірден-бір сара жолын анықтап берді.

Бесінші құндылық, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы Елбасының қазақстандық қоғамның бүгінгі, жаңа замандағы бейнесі деуге болады. Президент Н. Ә. Назарбаевтың жаңғырту үрдістерінің табыстылығын жүзеге асыратын басты қағидалардың бірі ынталандыру. Адал еңбекке ынталандырудың жолын табу, еңбек табыстарын қоғамдық ынталандырудың жүйесін құру Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыртудың аса маңызды мәселелерінің бірі. Бұл рейтинг жүйесі. Әркім атқарған еңбегіне орай және көрсеткен нәтижесіне қарай бағалануы заңдылық. Адал еңбек еткен ғана бақытты болмақ. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

«Өз тарихын, өз философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай да мәдениеттің дамуы мүмкін емес», - дейді көрнекті түркітанушы ғалым Л. Н. Гумилев. Шындығында, өз елінің тарихын, философиясын білу, ұлттық құндылықтарын зерттеу, солар арқылы ұлттық идеологияны қалыптастыру, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу, оны ұрпақ санасына сіңіру елдің, ердің басты мұраты. Еліміздің сан ғасырлық дәстүрін, ата-баба салтын, әдебиеті мен өнерін өзінің бар болмысымен сақтай отырып, оларды әлемдік өркениет өрісіне қарай өрістете отырып, мәңгілік ел болу идеясын ұсынды. «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені, ол-ұлтымыздың анасы». «Толыққанды тілсіз – толыққанды ұлт болуы мүмкін емес» [25]. Ана тіліміз – біздің бүгінгіміз үшін де, ертеңіміз үшін де мәңгіліктің тілі. Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан - 2050» Стратегиясын жариялаған Жолдауында айқын атап көрсеткеніндей: «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз». Түпкі мұрат – тәуелсіз елімізді Мәңгілік Ел ету.

Жетінші құндылық, бұл-еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Қазақстан егемен ел ретінде дамудың алғашқы күндерінен бастап жаһандық деңгейде де, өңірлік деңгейде де жауапты саясат жүргізіп келеді. Қазақстанның барлық бастамалары, Президентіміз ұйытқы болған бастамалар әлемдік қоғамдастық тарапынан кеңінен қолдау тапты. Әрбір оқушыға өз мемлекетіне, оның бай тарихына, болашағына деген жауапкершілігін сезіндіретін әрекет жүйесін жасауымыз керек деп білемін. Өткен мен бүгінгіні таразыға сала алатын, келешегінің сабағын ертеңіне бағдар еткен рухтағы асқақ,

жандары таза жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті. Білімнің іргетасының беріктігі – болашақтың мықты болуына негіз. Тарих сабағында оқушылардың елін, Отанын сүю сезімін қалыптастыру, ерлік рухын ояту- тарих мұғалімінің басты парызы. Біздің міндетіміз – айқын, алған бағытымыз – дұрыс. Ендеше Тәуелсіздігіміз баянды, тұтастығымыз берік, елдігіміз мәңгі болсын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 2000 жылға дейін қазақ тілін және басқа да ұлттық тілдерді дамыту мемлекеттік бағдарламасы. // Қазақстанская правда. 1989 жылғы 1 шілде.

2 Қазақ КСР-дағы тілдер туралы заң // Қазақстандық шындық. 1989 жылғы 22 қыркүйек.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 г. Алматы, 1995.

4 Берекет Кәрібаев Қазақ тарихы журнал // «Қазақ Хандығының құрылу тарихы» №8(33) ақпан 2011 ж.

5 Е. Тілешов, Г. П. Әріпбек. «Алаштың ардағы» Алматы, 2010 ж.

6 Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы: Оқулық. /Ред. Басқ. Қ. С. Қаражан. – Алматы, 2005 ж.

7 Н. Ә. Назарбаев «Бейбітшілік кіндігі» - Алматы, Атамұра, 2010 ж.

8 Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы» - Алматы, 2006 ж.

9 Н. Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» - Атамұра, 1999 ж.

10 Мырзатай Жолдасбеков // Ел - назар Республикалық журнал» Мәңгілік ел – Қазақстан» № 1(28) қаңтар 2014 ж.

ТЕМА ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ПИСАТЕЛЕЙ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА

АРҒЫН М., АХМЕТЖАНОВА А.

ученики 10 класса, СОШЛ № 22, г. Семей

ГАБДУЛЛИНА А. А., БЕКПОЛОВА Г. А.

руководители, учителя русского языка и литературы, СОШЛ № 22, г. Семей

Много лет отделяют нас от Великой Отечественной войны (1941–1945). Но время не снижает интереса к этой теме, обращая внимание сегодняшнего поколения к далёким фронтовым годам, к истокам подвига и мужества советского солдата - героя,

освободителя. Но в настоящее время всё чаще появляются попытки пересмотреть итоги Второй мировой войны, которые используются для манипуляции массовым сознанием. Правильная трактовка и оценка исторических событий имеет огромное значение для воспитания подрастающих поколений.

Тема Великой Отечественной войны стала на долгие годы одной из главных тем литературы XX века. Да, слово писателя на войне и о войне трудно переоценить: меткое, разящее, возвышающее слово, стихотворение, песня, яркий героический образ бойца или командира - они вдохновляли воинов на подвиги, вели к победе. Эти слова и сегодня полны патриотического звучания, они утверждают красоту и величие наших моральных ценностей. Вот почему мы вновь и вновь возвращаемся к произведениям, составившим золотой фонд литературы о Великой Отечественной войне. Произведения писателей, пришедших в литературу прямо с полей сражений, имеют большое воспитательное значение. Многие герои этих книг могут служить примером мужества, бесстрашия, проявленных при выполнении своего долга перед Отечеством. Чем больше проходит времени, тем суровее, правдивее, беспощаднее литература наша видит минувшую войну, ее кровь, боль, грязь, голод и жестокость.

В годы войны 123 казахстанских поэтов и писателей находились на фронте, командовали партизанскими отрядами в тылу врага, зорко охраняли границы страны, участвовали в освобождении европейских столиц от фашизма. Все они награждены орденами и медалями. 26 поэтов и писателей Казахстана погибли на полях сражений.

Огромную популярность приобрели стихотворения Жамбыла Жабаева («Ленинградцы, дети мои!»), А. Тажибаева, «Ленинград» Ж. Шашкина, К. Аманжолова («Легенда о смерти поэта»), А. Сарсенбаева. Многие писатели и поэты с оружием в руках участвовали в боевых действиях: Бауыржан Момышулы, Касым Кайсенов и другие. Многие из них, как Абдулла Жумагалиев, Баубек Булкышев, Владимир Чугунов пали смертью храбрых.

Хотим рассказать о писателях и поэтах, которые мало знакомы широкому кругу читателей. Их произведения не вошли в школьную литературу. Одним из них является Кемель Токаев.

«Кто говорит, что на войне не страшно, тот ничего не знает о войне». Эти строки как никакие другие передают отношение к войне Кемеля Токаева.

Свои воспоминания о войне он позже подробно опишет в книге «Солдат ушел на войну», где расскажет о своих переживаниях, о

первой встрече с противником, о потерях на фронте и огромном желании каждого солдата вернуться домой с победой. Это беспристрастный и честный рассказ солдата о том, что ему пришлось пережить на войне, рассказ горький, потому что война не бывает без потерь, светлый, потому что в любых обстоятельствах к тебе на помощь приходит настоящая мужская дружба

Война на то и война, что она все расставляла по своим местам. Для Кемеля Токаева она стала настоящей жестокой школой жизни, наложила неизгладимый отпечаток на его судьбу. Она помогла ему понять, что такое добро, что такое зло, понять ценность и неповторимость человеческой жизни.

В боях закалялся его характер, дух. Его сын, видный государственный деятель, Касым-Жомарт Токаев позже напишет: «По стечению суровых обстоятельств война стала его первым жизненным университетом, где он получил уроки мужества и основные навыки общения на русском языке. Спустя много лет он с удовольствием вспоминал об этом, говоря, что русским языком он овладел не за школьной партой, а в боевых условиях».

Может поэтому, как и миллионы его сверстников, он не очень любил говорить о войне, отличался молчаливостью, а порой и замкнутостью. Таким он вышел из войны – молодым, поседевшим... Как пишет Касым-Жомарт Токаев: «Он стал мужественным и стойким, но не жестокосердным человеком, мужественным, но не циничным».

Повести Кемеля Токаева с большим интересом и тепло встречали читатели. Такие как «Особое поручение», «Таинственный след», «Убийство перед закатом», «Ночной выстрел» и другие книги. Герои его – простые люди. Это и партизаны, героически сражающиеся в тылу врага, и отважные работники милиции, органов госбезопасности, которые благодаря своему уму, таланту, выдержке и спокойствию раскрывают сложные преступления.

Морис Давидович Симашко (настоящая фамилия Шамис). Книга казахстанского писателя Мориса Семашко «Гу-га» приоткрывает завесу над одним порождением сталинского режима - батальонами штрафников времен Великой Отечественной войны, месяц службы в которых приравнивался к десяти годам тюрьмы. «Гу-га» - книга о тех, кто, проливая свою кровь, ежедневно рискуя собственной жизнью, расплачивался за ошибки штабных. Человек, талант которого - «милостью Божьей». Он жил историей, а история жила в нем.

Касым Кайсенов — автор многочисленных произведений, в которых правдиво описывал самые трудные периоды Великой

Отечественной войны, беззаветный героизм простых солдат. Его первая книга «Молодой партизан» увидела свет в 1954 году. После этого были опубликованы книги «Илько Витряк», «Партизаны Переяславля», «В пасти у смерти», «Мальчик в тылу врага», «На Днепре», «В тылу врага», «Партизанские тропы» и многочисленные рассказы, очерки, сборники повестей. Многие произведения автора были переведены на русский, украинский и другие языки.

Не остались в стороне от темы войны писатели и поэты Восточного Казахстана: Михаил Чистяков, Анатолий Иванов, Александр Егоров, Семен Анисимов, и другие. Нам, землякам этих героев, стыдно не знать их имена и творчество.

Михаил Иванович Чистяков

Тематика военной лирики М. И. Чистякова богата и разнообразна. Можно выделить следующие направления:

- тема памяти;
- женщина на войне;
- тема войны и мира;
- патриотическая лирика

Важное место в творчестве поэта занимает тема памяти. Он не может забыть тех, кто уже никогда не вернется с поля боя, тех которые безвинно погибли от рук оккупантов. Война оставила глубокий отпечаток в памяти у всех, кто был на войне, участвовал в сражениях, был свидетелем бесчеловечности, жесткости войны. Не обошло стороной это чувство и М. Чистякова:

Оружие сдано, погоны сняты,
Но сердце не уволено в запас.

С горечью узнает поэт о том, что Советский Союз, рубежи которого он защищал со своими товарищами, развалился. «Родина в душе моей одна!» - восклицает он в одноименном стихотворении:

Знал одну я Родину в бою.
За нее я шел на смерть без страха...
Мне делёжка наций не нужна.
Родина в душе моей – одна!

Поэту не стыдно за своё поколение, отстаившее свободу и независимость Родины в борьбе с врагом, а потом участвовавшее в восстановлении разрушенного войной хозяйства:

Друзья!
Припоминаем те года,
Когда страну мы поднимали,
Заводы старые латали,

Варили сталь, поля пахали,
Преображали города.
Мы шли в жестокие сражения
И гибли в лучшие года,
Чтобы грядущим поколениям
Война не снилась никогда.

В этом стихотворении – «Ветеранам войны и труда» - автор создает обобщенный образ своего поколения, горячего любящего свою Родину. Он хочет, чтобы современная молодежь брала пример со своих отцов и дедов, также глубоко и преданно служила Отечеству. Стихи М. И. Чистякова учат читателей быть патриотами – в бою и в труде [3, с. 11].

Александр Иванович Егоров.

В повести А. И. Егорова «Отдельный штурмовой», рассказывающей о Великой Отечественной войне, события происходят в мае – июне 1944 года. Отдельный штурмовой батальон находился на передней позиции 1-го Прибалтийского фронта, где оказывается и главный герой повести Алексей Желнов.

На фронте все в мире воспринимается по-особому, «через новые рефлексy, обретенные в грохоте огня, в скрежете металла.» И еще долго солдату, прошедшему через ад войны, будет многое видеть и слышать совершенно аномально. «Даже обычный рев коровы может показаться протяжным звуком выстрела реактивного миномета. Даже одинокое дерево в ночи почудится вдруг застывшим взрывом тяжелого снаряда...»

Финальные строчки повести – это гимн жизни и Человеку. О простых солдатах он пишет: «Отдохнули, побалагурили, посмеялись солдаты и снова, сдвинув брови, зашагали вперед – навстречу смерти и Победе. Да, навстречу горю, крови и ... смерти. Война – не праздник, не торжество Разума и Добра. Это Горе и Зло. И противно было духу нашего солдата это мерзкое военное дело. Может, оттого еще и шутействовал он на привалах и коротких роздыхах между боев, чтобы приглушить в себе боль увиденного и совершенного на войне... А страх? Был ли страх? Да, был... Что уж там! ... Сперва он потрясал как ужас. Как первого боя. И как боязнь за себя. А потом? Потом был только страх. Он всегда шагал с солдатом рядом. И он был какой-то странный этот страх. Это была скорее неизбежная боль. Боль за всех. И за себя. И вообще за Человека» [5, с. 14].

Александр Иванович Егоров, кроме прозы, пишет и стихи о войне. Вообще, писать стихи он начал на 73-ем году жизни, что

очень удивительно! В сборнике «Красота», вышедшем в городе Усть – Каменогорск в 2010 году, глава, где помещены стихи о войне, называется «Они к победе шли и шли...». Автор не описывает в стихотворениях отдельные бои или крупные военные операции, для него важен дух, который привел к победе

И тот же дух единой воли
Пылал в бою и у солдат,
С одной на всех смертельной долей
Летевших в ураганный ад.
В пожарах черных и багровых
Они к победе шли и шли.
Святой огонь сердец кремневых
В Берлин, как знамя, принесли.

По мнению автора, «в той войне иная сила судьбу решала масс людских». Это и есть сила духа советских солдат.

Семён Михайлович Анисимов

«На фронте - вспоминал С.Анисимов, - мой автомат обрел свое поэтическое слово. Вот как было написано одно из лучших стихотворений «Сединка». Став секретарем редакции Газеты «В бой за Родину» я продолжал писать стихи. В апреле 1945 года мы планировали очередной номер, и мой редактор майор Ф. Нерерва сказал: «Напиши стихотворение». «О чем?» - спросил я. «Это твое дело о чем. О войне, о солдатах...». Я посмотрел на него. Впервые за два года посмотрел как-то по-новому. Седина на висках! А ведь ему нет и сорока! Потом посмотрел на старого наборщика М. Ковалькова... и у него сединка. И в тот же вечер я написал «Сединку».

Нет, не с грусти, друзья, не с тоски
Пролилась седина на виски:
Это выцвел я в битве, в огне,
Это смерть прикасалась ко мне...

Все стихи поэта проникнуты любовью к родному краю, к человеку труда, к миру. В них звучит не громкий глас трибуна, а скорее всего умиротворенная песня, благословляющая красоту природы и человека, прославляющая все то новое и доброе, что видит его глаз в окружающей жизни.

Судьба сделала его поколение героями великой трагедии, но не оставила права на легкое, беззаботное счастье. Самым ярким и простым одновременно является его стихотворение «Солдатская дума.»

Давай, товарищ, посидим
И помолчим вдвоем...

Сверкают искорки седины
На ежике твоём.
Заключение.

Много блестящих страниц в историю мирового искусства вписали мастера слова, известные нам со страниц школьных учебников и создавшие неповторимую художественную летопись Великой Отечественной войны. Но немало среди них и малоизвестные.

И мы гордимся, что в этом ряду находятся и произведения поэтов и писателей Казахстана: Бауыржана Момышулы, Касыма Кайсенова, М. Симашко, К. Токаева, А. Иванова, М. Чистякова, А. Егорова, С. Анисимова и др. Они сумели показать вторую мировую войну во всех ее токах, под высочайшим напряжением, пронизывающим весь народ, ее «фантастическую разветвленность и многоветвистость», показать, что в свою обжигающую атмосферу она втягивает всю страну, до последнего человека.

А закончить эту статью хотелось бы стихотворением Р. Рождественского «Послевоенная песня». Это обращение к нам, не знавшим войны, чтобы война не повторилась мы должны помнить какую ценой нам досталась Победа и мирная жизнь:

Задохнулись канонады,
В мире тишина,
На большой земле однажды
Кончилась война.
Будем жить, встречать рассветы,
Верить и любить.
Только не забыть бы это,
Не забыть бы это,
Лишь бы не забыть!

ЛИТЕРАТУРА

1 Чистяков М. Полное собрание сочинений.-Усть- Каменогорск: Рудный Алтай, Т.1.- Стихотворения и поэмы 1932-1984. – 2004. – 325 с.

2 Литература Восточного Казахстана. Ч.2. Усть- Каменогорск 2005. - 248 с.

3 Тарлыкова О. Михаил Чистяков: «Мне все давалось очень трудно: любовь, поэзия, война...» - 2006. - 250 с.

4 Симашко М. Д. «Гу-га...» - 2009. – 125 с.

5 Анисимов С. Поля войны: стихи / С. Анисимов.// Простор. - 2005. № 5. – 85-87 с.

6 Анисимов, С. Солдатская дума / стихотворение//Простор. - 2015. №5 – 127 с.

7 Кайсенов К. «Пишу о том, что испытал и пережил» // Казахстанская правда. - 1995 – 147 с.

СТАРТАП «ВОЗРОЖДЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ТРАДИЦИОННОЙ РЕЦЕПТУРЫ ТРАВЯНЫХ ЧАЕВ НА ОСНОВЕ ДИКОРАСТУЩИХ РАСТЕНИЙ САРЫАРКИ»

АСАНОВ И. Р., АБЫШЕВ А. А.,
МАРАЛБАЕВА К. Р., МУСТАФИНА Н. М.

ученики, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

СОГУМБАЕВА А. Д.

учитель биологии, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

Актуальность: В настоящее время в Казахстане актуальны различные виды чаев. Однако, чаще всего казахстанцы ограничиваются черным и зеленым чаем. Во время болезней местные жители используют медикаменты, забывая о дешевых и проверенных временем вариантах. Актуальность данной темы соответствует основным направлениям и приоритетам, которые поставил перед собой Президент Республики Казахстан в своем послании от 05.10.2018. [1]

Создание фиточая, которые использовали кочевники на территории Павлодарской области, поддерживает государственную программу «Rýhanı jańǵurý», то есть способствует возрождению традиций и обычаев кочевников.

Учитывая это, был создан чай «Легенда Сарыарки», включающий в себя ряд растений Павлодарской области, которые регулярно использовали кочевники в жизни в степи в целях профилактики болезней.

Цель: создание стартапа и обоснование экономической рентабельности такого типа производства на территории Павлодарской области с учетом традиций и обычаев кочевников.

Задачи:

1 Изучить литературу по теме исследования.

2 Подобрать растения, которые использовали кочевники для укрепления иммунитета и профилактики болезней.

3 Создать рецептуру чая из тимьяна ползучего, кипрея узколистного и лабазника вязолистного. Эффект и противопоказания

4. Разработать стартап с учетом экономической составляющей производства включая стоимость оборудования.

Краткий литературный обзор: Фиточай – напиток, состоящий из лекарственных растений.

При обзоре литературы, обнаружилось, что на территории Павлодарской области нет юридических лиц или компаний, изготавливающих фиточай. В основном, в Павлодарскую область фиточаи ввозятся из Сибири или из лесной зоны Российской Федерации. Однако нет фиточаев изготовленных из растений ареал обитания, которых затрагивает исключительно Павлодарскую область. По результатам исследования мы выяснили, что на территории нашей местности существует множество лекарственных растений, имеющих отличные лекарственно-профилактические свойства и годных для создания фиточаев. Также, есть много упоминаний об этих чаях у кочевников [2].

Изучив базу данных по лекарственным растениям [3].

В качестве компонентов были выбраны такие растения как: тимьян ползучий, кипрей узколистный и лабазник вязолистный.

Тимьян ползучий (*Thýmus serpyllum*)- растение, чаще всего используемое в медицине и парфюмерии, что можно доказать его душистым запахом и целебными свойствами. Имея в составе витамины А и С, способствует укреплению иммунитета.

В качестве сырья используется верхняя часть растения. Время сбора: июнь или июль. В казахском народе называется Tasshóp. Урожайность: 2000 кг/га [4].

Лабазник вязолистный (*Filipéndula ulmária*) - издавна известное растение, используемое в народной медицине. По мнению казахов, таволговая камча отпугивала бесов и всякую нечистую силу, и поэтому камчу вешали у изголовья молодых женщин.

Время сбора июнь – июль. Используются цветки или листья.

Также, лечебные свойства таволги имеются в пословицах. Например, таволга 40 болезней лечит». В казахском народе называется Tobylǵy. Урожайность: 2250 кг/га [5; 6].

Кипрей узколистный (*Chamaenérion angustifolium*) - растение, используемое как успокоительное, противовоспалительное средство. К использованию пригодна любая часть растения. В составе имеет дубильные вещества и кумарин, тем самым обладает восхитительным запахом.

В качестве сырья для чаев используется верхняя часть растения. Время сбора: июль или август. В казахском народе называется *Ótkýreñ*. Урожайность: 10000 кг/га [7; 8].

Лабазник растет в пойме реки или на суглинистых почвах, Кипрей не имеет особых требований для жизни. Для тимьяна нужны легкие, некислые, рыхлые почвы. Для тимьяна и таволги при светло-каштановой почве нужны компост или перепревший навоз, а также фосфорно-калийные удобрения.

Методы исследования. Для данных растений лучшая местность для выращивания – Баянаульский район. В этой части Сарыарки имеется большое количество водоемов пригодных для полива и орошения. Также, эта местность является экологически чистой, что является обязательным для выращивания лекарственных растений.

Было проведено анкетирование, в котором приняло участие 156 человек. По его результатам, 60 % человек готовы пить фиточай производства Павлодарской области. А точнее, из лабазника вязолистного, кипрея узколистного, тимьяна ползучего.

Размеры полей вычислялись по формуле количество нужного сырья/урожайность Размеры полей: 38,2 га лабазника вязолистного, 86 га тимьяна ползучего, 17.19 га кипрея узколистного.

Рецепт фиточая «Легенды Сарыарки»:

1 Берем листья кипрея узколистного (15 грамм), тимьяна ползучего (30 грамм), лабазник вязолистного (15 грамм).

2 Кладем смесь вышеперечисленных лекарственных растений в емкость 1 литр.

3 Заливаем кипятком.

4 Ждем 10–15 минут.

5 Наслаждаемся запахом и вкусом напитка.

Полезные свойства фиточая:

- Оказывает противовоспалительное и антисептическое действие.
- Улучшает водно-солевой обмен и помогает при отеках.
- Способствует лечению и профилактике болезней дыхательных путей.

- Помогает расслабиться из-за наличия дубильных веществ.

– Противопоказания:

- Низкое артериальное давление.

- Беременность.

- Заболевания желудка с повышенной кислотностью.

- Болезни почек и печени.

- Сниженные функции щитовидной железы.

Оборудование для производства чая:

Прибор	Измельчитель	Вибросито	Сушильный шкаф	Смеситель
Название	ВОС 313	ВИБРОМАШ ВО–2	EQ–03SW	Бренд: Технолог (Украина)
Цена (тенге)	475000	170000	1140000	2447000

Итоговая цена всего оборудования = 4232000 тенге.

На мини-заводе будет 25 штук каждого вида оборудования. Стоимость фиточая = 1150 тенге за 50 грамм. Упаковка: 250 тенге (пакет). Цена фиточая = 1400 тенге. Окупаемость (при 1200 пакетов чая в день): 63 дня (без учета оплаты рабочим и земли).

Результаты:

1 Была изучена литература по теме исследования.

2 Подобраны растения, которые использовали кочевники для укрепления иммунитета и профилактики болезней.

3 Была создана рецептура чая из тимьяна ползучего, кипрея узколистного и лабазника вязолистного. Полезные свойства и противопоказания.

4 Был разработан стартап с учетом экономической составляющей производства, включая стоимость оборудования.

5 Кочевники были всегда здоровыми. Одна из причин – фиточай.

Выводы:

1 Можно возродить традиции и обычаи с помощью фиточаев

2 Фиточай – прибыльный и экономически выгодный бизнес.

3 Фиточай являлись частью культуры кочевников.

4 Производство фиточаев из растений, ареал обитания которых затрагивает только Павлодарскую область, возможно. Чай «Легенды Сарыарки» отличается своим вкусом и запахом.

ЛИТЕРАТУРА

1 http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/postanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-5-oktyabrya-2018-g

2 <https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=276>

3 Бексеитов Т. К. Камкин В. А., Лекарственные растения : учебно-методическое пособие для студентов лесохозяйственных специальностей высших учебных заведений / Т. К. Бексеитов, В. А. Камкин. – Павлодар : Кереку, 2016. – 250 с.

4 <https://www.nur.kz/1745995-rastenie-cabrec-polza-i-vred.html>

5 <http://www.gardenia.ru/pages/tavolga003.htm>

6 <https://azbyka.ru/zdorovie/tavolga-lechebnye-svoystva-primenenie-protivopokazaniya>

7 https://www.ayzdorov.ru/tvtravnik_kipreii_yzkolistnii.php

8 <https://halykemi.wordpress.com/түйіншектер/tobylgy-tavolga-1>

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ЖЕТІМ БАЛА ЖАН ДҮНИЕСІНІҢ СУРЕТТЕЛУІ

БАКИШЕВА К. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

БУХАНОВА Д. У.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

МАРАТБЕКОВА А. М.

7 сынып оқушысы, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

МЫРЗАКАН С. Қ.

8 сынып, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Балалық тақырыбы-әлем әдебиетіндегі жетекші және түйінді тақырыптардың бірі де бірегейі. Бұл кейбір кезеңдерде ерекше мәнге ие болғандығына қарамастан, қандайда бір ұлттық әдебиетпен немесе қандайда бір нақты кезеңмен шектелмеген жан-жақты тақырып. Бұл жан-жақтылық балалық шақтың өмірге келу, өмір сүру және өмірден өту тәрізді жалпы адами санатқа жататындығынан болар. Мәңгілік және барлық адамдарға тән құбылыстар әдебиеттен орын алмауы да мүмкін емес қой. Бала образы әлемдік өнерде және әдебиетте де барлық уақыттар бойына болған, алайда XIX ғасырдың басына қарай қарқынды даму ала бастады.

Қазақ әдебиетінде балалар өміріне арналып жазылған шығармалар, олардың ішінде панасыз балалар жайындағы туындылар дегенде М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесімен Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасы еске оралады.

Даналық ойдың алыбы саналған Абай қазақ поэзиясының мұзарт шыңы, мызғымас биігі болса, Мұхтар - қазақ прозасының хас шебері, рухани құндылығымызды қастерлеген кемеңгері. М. О. Әуезовтің әңгімелерінде ел тағдырын жан-жақты толғайды, қоғам өміріндегі қайшылыққа, тартысқа толы сәттерді баяндай отыра, өмір тәжірибесіндегі оқиғаларды да қалтарыс қалдырмайды. «Қайғылы жетім» әңгімесі жазушы шығармаларының 1936 жылғы

«Ескілік көлеңкесі» атты еңбегіне «Жетім» деген атпен өзгертіліп басылады, жазушының бұдан кейінгі шығармалар жинақтарында да осы атпен басылған.

Жетім әңгімесінде әке мен шешенің жылы алақанынан айрылған Қасымның енді он жасқа келгенде көрі әжесінен айрылған аянышты халі суреттеледі. Әжесінің дүниеден өтуі кішкентай Қасымды есейтіп жібергендей. Әжесімен қоштасарда: «Әжетай, мені кімге тастап кеттің?! Мені неге ала кетпедің, менің қаңғып қалғаным ба? деп зар жылап, жиылған жұрттың сай-сүйегін босатты».

Қасым жетімдіктің зарын енді тартты, сұм дүниеде тек жалғыз өзі ғана қалғандай сезінді. Келмеске кеткен әке-шешесін, әжесін түсінде көріп, олардың мәңгілікке жол тартқанын әзір мойындай қоймай, талай уақыт бойы тосумен, алысқа телмірумен болды. Баланы қолына алған Исаның көрсеткен қорлығы, қыастығы қазақ аулына таңсық емес жай. Жазушы көрсеқырарлық жасап, жетімнің бар малына иелік етуге құмартып, оны ешқашан таусылмайтын мол дәулет санаушылардың надандығын, күнгірт ойлы пасықтығын жеріне жеткізе жазды. Анаға тән мейірбандық Қадишаның бойында жоқ, тұлдыр жетімге басқадан гөрі оның мейірбандық танытатын жөні бар еді, алайда, таяз ойлы, алдындағыдан әріні көре алмайтын, шайпау мінезді бейбақтың қатқан жүрегі жібімеді. Бала бойын ашу-ыза кернеп, ішкі арпалысы күшейді, ақыры соры қайнап, ауылдан безіп, тек әке-шеше қабірі басында тыншу көретіндей сезді. Тау ішін жалғыз кезіп келе жатқан балаға ертегі-әңгімелердегі жын-перілер елестеді. Қан жұтып, мұң арқалап келе жатқан Қасымды одан бетер сынай түскендей, табиғат та сес көрсетіп, күн күркіреп жарқылдай түсті. Бұл ауыр сынға шыдай алмай бейкүнә сәби көз жұмды.

М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесіндегі балалар образының пайда болуы ауыл қазақтарының соғыс жылдарындағы балалар үйінен әртүрлі ұлт өкілдерінің балаларын асырап алуымен байланысты. Балалар үйіндегі балалардың балалық шағы тек қана жетім балалардың ғана емес, сонымен бірге соғыста ұлдарын жоғалтқандардың да өмір беттеріндегі трагедиялық тағдырын көрсетудің көркем көрінісіне айналады. Балалар мен үлкен адамдардың жақын жандарын жоғалтудан кейінгі айықпас қайғылары адами жылулықпен жеңілдейді-«Бір атаның балалары» повесінің басты ойы осы.

Балалар үйіндегі балалардың тағдырын автор ешқандай боямасыз, шынайы көрсеткен. М.Мағауиннің бұл повесінде соғыс жылдарындағы балалық шақ ауыр, жұтан, қайғылы көрінеді. Әсіресе

бұл әртүрлі отбасына берілген Нартай мен Ертайдың тағдыры туралы айтылған жерінен айқын байқалады.

Ертайдың өгей ата-аналары алты жастағы ұлдың өткенін ұмытуы үшін барлық жағдайды жасауға тырысты, балаларды кездестірмеді, Нартайды өз үйлерінен қуып отырды. Алайда өздерінің туған әкелерін іздеуге бел буған балалар, боранды күнді далада өліп қалады.

М. Мағауиннің баланың жан-дүниесіне үңілісі, әсіресе Нартай образында баланың ішкі күйзелістерінің күрделі құрылымына жоғары қызығушылық танытуынан. Нартай ерте есейіп кетеді, ол үлкен адамдар тәрізді талқылайды. Ол ештеңеге сенбесе де, ішінен үміт етіп жүрді. Оның есінде ата-анасының бейнелері қалып қойды, ол қайда тұрды, қалай тұрды барлығын да есінде сақтады.

Өгей ата-анасымен бірінші кездесу үстінде ол қатысушы емес сырттай бақылаушы ретінде көрініс береді. Ол әйелдің өзіне қарай келгенін, құшақтап жылағанын және ән айтқандай «жалғызым менің жалғызым» деп дауыс шығарғанын қарап тұрады. Бала болса өз ішінен «Сонда мұның жалғызы кім болды екен?» деп ойлайды. Оқырман үнемі болып жатқандарды түсінуге тырысқан, Нартайдың ішкі пікірін тыңдап отырады.

Ал неміс баласы Зигфридтің ішкі жан дүниесі азырақ ашылған. Бұл арада автор ең бастысы өгей әкесінің баланы қаншалықты өзіне жақын қабылдағанын, қаншалықты жақсы көргенін көрсетуді негізгі факт ретінде алған.

Нартай мен Ертай бейнесінен оқырман балалардың ішкі дүниесін ересектердің танып алмағандығын нәтижесінде балалардың өліміне алып келгендігін көрсе, Зигфридтің жағдайында Ахмет ақсақалға өгей ұлының жан дүниесіне кілт таба білгендігін көреді.

Жалғыздық зардабын, ішкі жан күйзелісінің күрделілігін бала соңынан жасөспірім шақтағы Яковтың образынан көреміз. Барлық жетімдердің ішінде оның тағдыры шешімі жоқ сұрақтарға толы болды, ол көбінесе үлкендер арасында жүріп, солармен ортақ тіл табысуға тырыса отырып, басқаларына қарағанда көбірек қорғаусыз еді.

Мағауин балалардың балалық шағын көрсетуде ең бастысы үлкендердің бала жан дүниесін қаншалықты түсіне алатындықтарын көрсетуді басты ой ретінде алады. Жазушы үшін балалардың жан дүниелерінің ашықтығы, олардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы маңызды.

«Жусан иісі» Сайын Мұратбековтың творчествосындағы үздік жетістіктерінің бірі болып табылады. Ұлы Отан соғысы жылындағы ауыртпалықты суреттейтін шығарма да, бала кейіпкер де мол.

Бірақ бұл туынды олардың ешқайсысына да ұқсамайды. Оқиғаның өрбуі мен құрылымы да, логикалық ақыл-ойдың дара сабақтаса дамуы да, лирикалық шығарманың ішкі жан-дүниесі де оқшау. Көз алдынан кара жолдыңшақын аспанға шығара жарысып бара жатқан балалардың соңында аяғын сылттып басып, жете алмасын білгенде: «Әй, тоқтандаршы, бір қызық ертегі айтайын», - деп соқпақ шетіне отыра кететін Аянның бейнесі кетпейді. Ғажайып қиялдарға беріліп, қызық-қызық ертегілерді айдан шығарып, сонау майдандағы көкесін сағынған кезде оның күрткесін иіскеуі, күндіз ойнауға мұршасы келмей, түнде басқа баланың шанасымен сырғанақ тебуі тәрізді детальдық көріністер өзінің шынайылығымен жүрегінді шымырлатып, Аянның әрбір қимылына зер салып, елжірейсің. Аян ертегіші. Оның өзі ақыл-парасатына сай шағын әлемі бар. Рухани серігі – қиялы. Сол ұшқыр ойының жетегіне ілесіп, адамдармен, дүниеден ерте кеткен анасымен, майдандағы әкесімен сөйлеседі. Өзге құрбыларынан кішкене, бірақ өмір оны ерте есейткен. Тіпті, оны жұбатуға келген балалардың өзін қайсарлығымен таңдандырады. Әңгіме соңында Аян қаладағы балалар үйіне аттанады. Өзі кетсе де ауылдағы достарының көп нәрсеге деген түсінігін өзгертіп, өшпес әсер қалдырды. Сондықтан да лирикалық қаһарманның «...Тіпті, күні бүгінге дейін, сонан бері талай ондаған жылдар өтсе де, кей күні түнде далаға шыға қалсам, қараңғыда бөрікше шошайған Ешкі өлмес шоқысы астында жалғыз көзді дәу ұйықтап жатқандай соның қарқыраған демінен теңселіп тұрғандай көрінеді. Сол дәумен алысатын бала қойда екен деймін сол сәт... Шынында да бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына нендей мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса жусанды төбеге» бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой?» деп түйіндеп, оқырманның өзіне сауал қойып, Аянның қалған өмірінің қалай сабақталатынын қиялдауға, көз алдына елестетуге меңзейді. Жусан иісі – баланың майдандағы әкесінің тері күртесінің иісі. Жусан иісі туған даласының иісі. Автор осы тұжырымымен Аянның адамгершілік рухының өрелігін, парасатты байсалдылығын, оның қиялы балалық қызығушылықтан туған ұшқыр ой емес, асқаралы мақсатпен астасқан арналы арман екендігін анықтайды. Онда игі сезім балдәурен шақта жүрекке ізін салатындығын аңғартып, моральдық тазалықты оқиға арқылы жырлайды. Иә, кара сөзбен жырлайды. «Жусан иісі» әңгімесінің композициялық құрылымы, поэтикалық суреттелуі, лирикалық қоңыр әуені, кестелі тілі аталмыш туындының поэзиялық қасиеттерімен ұштастырып, жақындастырып тұр.

Бір қызығы, аталмыш әңгімелерді үш түрлі қалам иесі туғызанымен, олардағы оқиғалар бірінен екіншісіне жалғасып жатқандай Қаламгерлердің кешкен заманына орай жазушылық мүдделерінің бір болуына қарамастан, үшеуі де шындық өмірді боямалаудан саналы түрде бас тартқан тәрізді. Қаламгер туындыларында жаңа өкіметті әспеттеу мүмкіндігі бола тұра, бұл мүмкіндік пайдаланылмаған. Жаңа билік әділеттілігіне деген тамсанушылық, ризашылық сияқты сезім, эмоциялық реңк байқалмайды. Шығарма кейіпкерлеріне арналған жандардың мұншалықты ұсақталып, жүрек мейірімінен айырылу себебі неде? Жауап тағы біреу. Пендешілік ниеттің үстемдік алуынан, әлсізге күш көрсетуді кәдімгі өмірдің қалыпты ісі, заңы деп таныған пенделердің пасық ой түюінен.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. «Шығармаларының төрт томдық толық жинағы». Алматы, 1995. - 280 б.
- 2 Бельгер Г. Каменный брод: повести и рассказы. – М.: Советский писатель, 1987. – 345 с.
- 3 Грякалов А. А. Космос детства (Вместо предисловия). // Космос детства. Антология. – М., 2009. – С. 350.
- 4 Мұратбеков С. «Басында Үшқараның» әңгімелер жинағы. - Алматы, 2001. - 265 б.
- 5 Литература народов Казахстана / Ин-т литературы и искусства им. Ауэзова. – Алматы: Ғылым, 2005. – 352 с.
- 6 Мағауин М. «Бір атаның балалары». - Алматы, 2001. - 290 б.
- 7 Мағауин М. Голубое марево. – М.: Известия, 1985. – 560 с.
- 8 Свердлов М. И. Тема детства в английской оде XVII – начала XIX века. / Автореферат.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ. АЛТЫН АДАМ

БЕКБОЛАТҚЫЗЫ А., КАЗБЕКОВА Ж. Д.
10 сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
БЕЙСЕНБЕКОВА А. С.
жетекші, тарих пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

«Тарихи ескерткіштерді жаңғырту жұмысы ерекше ыждаһаттылықты талап етеді.

Бұл құбылыс емес ғылыми жұмыс...»

Н. Ә. Назарбаев

Ұлы даланың заманалар керуенінің белін қайыстырған ұлық өркениетіне зер салған жан баласы адамзат тарихының біз шеше алмаған жұмбақтары әлі де көп екеніне шүбә келтірмес. Соның бірі «Алтын адам» бейнесі. Қазақ топырағының төрт тарабынан да Алтын адамның табылуы – тарихи сананың бетбұрыс жасар тұсы болса керек. Тарихи сана дегенде біз өз мәдениетін ерекше, өзгелерден зор санайтын халықпыз.

Бүгіндері әлем халықтарының назары қазақ еліне ауса, және өз мәдениеттерінің терең қаптарында осы даламен сабақтас, тамырлас, іліктес оқиғалар тізбегі барекенін сезсе және оны көшпенді халықтың ауыздықпен су ішкен, тұлпарының тұяғы тимеген жердің кеде-кем екендігін мойындап жатса, осы мекенде ғұмыр кешкен ұлттың арғы бабалары бір кездері адамзат тарихында орны бөлек өркениетті қоғам құрғандығына күмәнсіз сенсе, кең байтақ даламыздың әр қиырынан табылған құнды жәдігерлерге қызыға да, қызғана қараса, мұның бәрі дебіпр ездегі жауынгер болмысымыздың өзгеше табиғатынан. Қазақ даласының қай бұрышына барсаңызда - тұнған шежіре.

Әлем жұртшылығы тарихы деректері мен мұраларға қашанда үлкен қызығушылықпен, құлшыныспен қарайды. Жаһан жұртшылығының басым бөлігі туристік сапарға шыға қалса, міндетті түрде тарихи бай өлкелерге ат басын тірейді. Мәселен, Мысырдың пирамидаларын немесе Ұлы Қытай қорғанын ккру кедесінде сұлулыққа деген құштарлығы бар жандардың барлығының армны болар. Ал, жекеей заттардың да құны, бағасы жылдан – жылға артып келеді. Мысалы, әйгілі суретші Леонардо да Винчидің «Джокондасы» әлі күнге дейін сақтандырылмаған екен. Оның басты себебі картина құнының жоқтығы екендігі бізге бұрыннан мәлім. Қазақстан жерінде де көптеген археологиялық қазбалар табылған. Көне қалалардың орны халқымыздың бай тарихынан сыр шерткендей. Ал, күні бүгінге дейін

жоғалмай келген Тараз, Түркістан сияқты сан ғасырлық тарихы бар қалалар бүгінде көптеген туристердің тандана отырып аралайтын мекеніне айналған. Археологиялық қазбаларға келетін болсақ, бұл тұрғыдан Қазақстан жерін зерттеудің негізгі жұмыстары XX ғасырда жүргізілген. Қала орындары, зираттар, мешіт- медреселеркең байтақ Отанымыздың түпкір- түпкірінен табылған.

Есік қорғанынан табылған «Алтын киімді адам». Алматының іргесіндегі Есік қорғанынан 1969 жылы табылған «Алтын киімді адам» - құнды тарихи жәдігер. Тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышев бастаған ғалымдар Алтын киімді адамды тауып, б.з.д Y-IV ғ. өмір сүрген сақ ханзадасы деген шешімге келген болатын. Бұл алғашқы Алтын киімді адам бұдан екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген. Ол кезде бұл оқиға әлем назарын Қазақстанға аударған үлкен жаңалық болғаны шындық. Алғашқы Алтын адам - Алматы облысындағы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған Алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі V ғасыр жәдігері. Жерленген адам- 17-18 жас шамасындағы темір дәуірінен сақталған сақ ханзадасы. Алтын киімді адам сақ мәдениетінің бірегей үлгісі. Есік Қорғанынан табылған алтын бұйымдардың көптігіне қарап, бұл мәйітті «Алтын киімді адам» деп аталды. Жауынгер сақ тайпалары қазақ халқының негізін қалаған. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлер мен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс жебеушілерге сыйыну ғұрыптары болған. Өлген адамдардың мәңгі жасайтынына өлгендер өзінің рулық қауымының салттары үйреншікті ғұрыптары мен ережелері өмір сүре беретін о дүние бар деген сенімге негізделген. Өлген адамның тіршіліктегі беделі мен қауымдағы дәрежесіне лайық мүліктің көмілуі, тайпалар табына тән күрделі жерлеу ғұрпы болған. Көшпенділердің қауымдық салты, діндік сенімі, сол дәуірдегі жерлеу салтында үлкен құрметпен, алтыннан тігілген салтанатты киіммен және қару-жарағы түгел қойылған күнде жерленген. Мәйіттің жанына жүзден аса жебе салынған қорамсақ, қыш құмыра және темір қылыш пен қанжар табылған.

Зерттеу барысында көсемнің киім- кешегі өте бай асыл бұйымдармен, алтын әшекейлермен безендірілгені аңғарылды. Бұған айғақ ретінде қабірден табылған әр түрлі дәрежедегі ромб, шеңбер және жылан пішіндерімен бейнеленген 400-ге жуық қаптырмалар болған. Қабірден қару-жарақ, әшекей бұйымдардан басқа жұқа алтын фольгамен қапталған абыз аса таяғының бөліктері табылды.

Екінші Алтын адам: Аралтөбеден табылған сақ көсемі. Зерттеушісі археолог З. Самашев 1999 жылы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Ақтөбе облысының Жылыой ауданына қарасты Аралтөбе қорымынан сақ көсемін табады. Көсемнің киіміне тоқталсақ, үстіне мата көйлек кигізілген. Сауыт қысқа жеңді. Белдік тағылатын жерге дейін ромб фигурасындағы алтын тағалармен қапталған. Зерттеу барысында көсемнің киім-кешегі өте бай асыл бұйымдармен, алтын әшекейлермен безендірілгені аңғарылды. Бұған дәлел ретінде қабірден табылған әртүрлі дәрежедегі ромб, шеңбер және жылан пішіндермен безендірілген 400-ге жуық алтын фольга мен қапталған абыз асатаяғының бөліктері табылған. Зерттеу нәтижесінде ер адамның шашы өрілген бұрым болғаны б.з.д I мыңжылдықта Еуразия аймағында өрілген бұрым тек жоғары дәрежедегі салт аттыларда кездесіп отырған.

Көсемнің үстіне мата көйлек кигізілген. Оның жеңдері әртүрлі алтын қаптырмалар мен тізбелер араластырылып, әшекейленіп кестеленген. Көйлектің сыртынан сауыт кигізілген. Сауыт қысқа жеңді. Белдік тағылатын жерге дейін ромб фигурасындағы алтын тағалармен қапталған. Ал сауыттың жеңдері жағасы мен төменгі бөлігі шеңбер тәрізді алтын қаптырмалармен толықтырылған. Көсемнің оң жағына алтынмен жалатылған ұзын абыз аса таяғы, сол жағына қорамсаққа алтын қаптырмалармен безендіріліп, әшекейленген жүзден аса жебелер салынған қорамсақ, қылыш қойылған. Шалбар тегіс бойымен ұсақ алтын қаптырмалармен әдептелген және балақтары шалбардың тігісіндей ұсақ алтынмен қаптырылған саптама етікке сұғындырылған. Қорғаннан табылған қолөнер бұйымдардың тарихи маңыздылығы зор. Қорғанда әр түрлі ырым сыйқырлық іс-әрекеттер және құрбандық шалу әрекеттері жүзеге асқан. Қорғанның ортасында ошақ орны болған. Тазартатын қасиетті күштің белгісі – отқа табынушылық сармат тайпасында болған. Отқа табыну сақтану қызметін атқарған. Жерлеу дәстүрінде обаларды айнала ондаған жерге от жаққан. Қабірден қару-жарақ, қару ілетін аспалы белбеу бөліктері, әскери темір күршек, сүйектен жасалған ине және жебенің үшбұрышты темір ұштары болған. Сақ көсемі екінші Алтын адамды Атырау облысының орталық мұражайына көрмеге қойылған.

Шілікті қорғанынан табылған Үшінші «Алтын адам» – сақ патшасы. Үшінші «Алтын адам» 2003 жылы табылған. Үшінші Алтын адамды Шығыс Қазақстан облысына қарасты Зайсан ауданының Шілікті жазығынан археолог-этнолог, профессор, тарих ғылымының докторы Әбдеш Төлеубаев бастаған археологтар қазба жұмыстары кезінде тапқан. Жалши ауылындағы маңайда үлкен 17 оба

бар. Солардың ең басында тұрған үлкеноба тегін адамға қойылмаған ескерткіш екенін сезген. Шілікті патша қорғанынан табылған.

Алтын адам біздің дәуірімізге дейінгі ҮІІ ғасырдың аяғы мен ҮІІ ғасырдың басындағы жәдігерлердің бірі. Қазақстан жерінде табылған Алтын адамдардың ең көнесі. Мекен еткен жеріне және үстіне құйма алтыннан жасалған аң-құс белгілеріне қарағанда сақ патшасына келетін бұл олжа сақ дәуірінен жеткен құнды тарихи жәдігер. Бұл жәдігер тарихқа Бәйгетөбе деген атаумен енді. Бұл археологиялық жаңалық тарих ғылымында сақ дәуірінің тағы бір жарқын ескерткіші ретінде танылып отыр. Обаның биіктігі 8м, диаметрі 100 метрге жуық. Ол үш қабаттан тұрады. Үстінгі қабаты топырақпен, астыңғы қабаты тастан үйілген. Тас үйіндінің ішінде сағана-қабірхана орналасыпты. Қабірхана жер бітіне салынған. Оның қабырғалары ұзынан екі қатар етіп қойылған жуан самырсын бөренелерден тұрғызылған. Осындай алып ғимараттың ішінде бірғана ер адам жерленген. Адамды сом алтыннан құйылған қаптырма, әшекей түймешектермен безендірілген киімімен жерленген. Киімінің алтын қаптырма – түймешектерінің барлық саны 4303 данадан тұрады. Олар аңдық стильде құрылған. Патша киімдеріне тағылған алтын жапсырмалардың жасалуы сом алтыннан құйылған әшекей дүниелер, яғни таза құйма алтындар. Олардың ішіндегі ең үлкені – арқардың мүсіні. Шілікті қорғанынан табылған Үшінші Алтын адам сақ патшасы. Шілікті қорғанынан екі бұғының мүйізі айқасып тұрғанын бейнелейтін алтын жапсырма «Мәңгі әлем бәйтерегі» өрнегін еске түсіреді. Ал бір-бірімен тұмсық түйістіріп тұрған екі таутекенің басы кейіпінде жасалған жапсырмадан үш сюжетті көреміз. Оның біріншісі, қос таутекенің басы десек, екіншісі тура қарап тұрған барыстың бейнесі. Үшіншісі осы жапсырманы жатқызып қойып қырынан қарағанда, оның ұшып бара жатқан құсқа ұқсайтындағы. Өз дәуірінде өнердің аса шеберлікпен өркендегенін көруге болады. Бұл деген нағыз өнер шыңы.

Жалпы бір форма арқылы бірнеше мағына беру- сақ бейнелеу өнерінің өте ерте замандағы кезеңіне тән құбылыс. Аса бір геометриялық дәлдікпен жасалған бесжұлдыз бейнелі түйме де еріксіз таңдандырады. Бесжұлдыздың тіні алтын жұлдызшалары көк лазурит тасынан жасалған. Айналасы сүйекпен көмкерілген. Ортасына томпақ мүйіз орнатқан. Бесжұлдыз сол заманда да биліктің белгісі саналған. Бесжұлдыздың қырларымен түйменің ортасындағы жұлдызша Еуразия даласына сақтардың әкелген үлкен жетістігі деуге болады.

Үшінші Алтын киімді адам екінші Алтын киімді адамнан мың жылбұрын өмір сүрген. Есік қорғанынан табылған Алтын адаммен

салыстырсақ айырмашылықты да көруге долады. Енді салыстырсақ Есіктен Есіктен табылған жәдігердің үстіндегі алтын бұйымдар жұқа фольга түрінде киімге тігілген әшекей. Бұл өлген адамға арналған киім. Яғни жерлеу рәсімінде қолданылатын ритуалдық киім. Өнер бұйымы ретінде құндылығы шексіз. Алтынмен апталған жас әскербаының сыртқы киімдері кезінде қалай көмілсе сол күйінде бізге аман жеткен. Бұл оба тоналмаған. Шілікті үшінші Алтын адам обасы тоналған. Патшамен қойылған ірі ірі заттар-алтын тәж, семсер, қанжар, салтанатты аса таяғын тонаушылар алып кеткен. Аса қымбат, көзге ілінетін ірі дүниелерді және алтын заттардың біразығ алып кеткен.

Үшінші Алтын адамның киімі тірі кезінде киген киімі. Оның үстіне мұның алтынмен безендірілген киімдері тірі кезінде киіп жүрген киімі екі белгілі болып отыр. Ритуалдық киім емес. Бұл алғашқы Алтын адамның киімінен басты айырмашылық деуге болды. Мұндағы алтын әшекейлер күрделі зооморфтық қалыптарға негізделіп құйма алтындардан жасалған. Зерттеушілер бұл олжаны сақ патшасы болуы мүмкін деп жорамалдап, баға жетпес жәдігердің кілтін тауып, құпиясын ашуға ұмтылуда жанылысқан жоқ. Бұл жәдігер өз заманында сақ патшасы болғандығымен ерекшеленіп әлем назарын тағы да өзіне аударды. Бұл жәдігерді ғалымдар Шілікті «Алтын адамы» деп таныды. Оның қайта қалпына келтірілген алғашқы нұсқасы жасалынды. 2013 жылы шілде айында жәдігер өз өлкесіне қайта әкелінді.

Қазақстаннан табылған төртінші «Алтын адам». Енді міне, төртінші Алтын адамды да баба дала қойнауынан қазып алынды. Төрт құбылаң тең болсын дейтін қазақтың төрт торабындағы осы «Алтын киімді адамдар». Ата тарихтың жаңа парағы іспетті. Қарағанды облысына қарасты Талды-2 қорымындағы қазба жұмыстары кезінде табылған «Алтын адам» - бұған дейінгі олжалардың ішіндегі ең сүбелісі деуге лайықты.

Қ. Аманжолов атындағы елді мекеннен бұдан екі жарым жыл бұрын өмір сүрген сақ жауынгерінің алтынмен апталған мүсінін кезіктірген археологтардың қазба жұмыстары үлкен жаңалықтың жаршысына айналып, қазақ даласы тағы да бір тарихи жәдігермен толықты. Ұзақ жылдық тарихи – археологиялық зерттеу, қазба жұмыстары нәтижесінде қол жеткізген бұл олжаны тарихшылар сақтың қолбасшысы, жауынгердің жауынгердің моласы болуы керек деп топшылауда. Қазақстаннан табылған төртінші Алтын адам – Сақ жауынгері. Зерттеушісі археолог Арман Бейсенов.

Қазақстаннан табылған төртінші Алтын адамды археолог Арман Бейсенов басқарған зерттеушілер Қарағанды облысына

карасты Талды-2 қорымында қазба жұмыстары кезінде тапқан. Қазба жұмыстары барысында жүзге жуық белдіктің әшекейі, сегіз арыстан бейнесі, жиырмаға тарта құйма алтын, түрлі формадағы әшекейлер, айдаһар пішіні сомдалған алтындалған зат, секіруге бейімделген қабан. Елтаңбамыздағы пырақтардың бейнесіне ұқсас суреттер бедерленген жәдігермен бірге, мыннан аса асыл моншақтар табылды. Бұл қорғанға аса беделді адамның жерленгендігі осыдан-ақ белгілі. Археолог Арман Бейсеновтың айтуынша, қорым бұған дейін әлденеше рет тонауға ұшырап, бұданда үлкен деректі дүниелер қолды болғанға ұқсайды. Төртінші Алтын адам тарих үшін аса маңызды ақпарат, ғылыми дерек. Мұндай байлық күнде кезіге бермейді, - дейді археолог. Бұл да тұтас халқымыздың, еліміздің олжасы, тарихтағы ғылыми қол жеткен құндылығымыз, тіпті әлем тарихының жаңа бір тың да сүбелі дерегі.

Қазақстаннан табылған төртінші Алтын адамды сипаттасақ ол сақ жауынгері. Сақ жауынгерінің кеуде тұсы толықтай алтынмен қапталған, мұндай үрдіс күн билеушісі болғандарға жасалатын құрмет. Сондықтан бұл мола – Күн билеушісіне тұрғызылған дейді-зерттеу барысы. Тарихшылар аталмыш қорымды Патшалар даласы деп атады. Арғы ата-бабаларымыз Күнді құрмет тұтып, Төңірдің мекені сол жақта деп түсінгенін ескерсек, археологтың айтқанының жөні де бар сияқты. Патшалар даласынан кезіккен күн билеушісі-үлт мәдениетінің өшпес шұғыласы сияқты жарқырап тұрар күнде туды. Бұл Күн- сөнбейтін Күн. Қазақстаннан табылған «төртінші Алтын адамның» аздап өзгешелігі болғанмен, бұл еліміздің басқа аймақтарынан табылған Алтын адамдармен негізінен ұқсас.

Қорыта келгенде қазақ топырағының төрт тарабынан табылған осы ұлы бабаларымыздың есім-сойын, сол дәуірдегі лауазымын білмесекте, олардың өз замандарының көшбасшысы, қолбасы, елінің қорғаны болғанын түсінеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б. Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-X.2 Акишев А. К. «Костюм «Золотого Человека» и проблема катафрактария».

3 Акишев К. А., Акишев А. К. «Происхождение и семантика исыкского головного убора». - «Археологические исследования в Казахстане». Алма-Ата, 1979. деген кітабінде.

ЕСТАЙ БЕРКІМБАЙҰЛЫ

ДИСЕНОВА А.

11 сынып оқушысы, Агрономия ЖОББМ,
Актоғай ауданы

КАЛИЕВ Д. С., АСАНОВА Д. Е.

тарих пәнінің мұғалімдері, Агрономия ЖОББМ, Актоғай ауданы

Қазақ жері баяғыдан-ақ ұлттық музыкалық-поэтикалық мәдениеттің небір көрнекті қайраткерлерін дүниеге келтірген. Бірақ Естайды басқалармен салыстыруға келмейді. Себебі, Естай- тендесі жоқ асқан талант иесі, ұлт өнерін ұсынса қол жетпейтін биік сатыға көтеріп кеткен санлақ, ғұлама адам.

Жарық дүниеден армансыз өтетін адам бар ма екен, сірә? Мейлі, жүзге келсін қызыққа да, жасқа тоя ма екен ол? Арман-тіршіліктің ләззаты. Күнді ертеңге сүйрейтін алтын шапак, атар таң сәулеті. Армансыз адам жоқ. Арманның толық жүзеге асуының өзі-қауіп. Екі ғашық өмір бойы қол ұстасып, судай тасып өте ме? Бір молада өлген Қозы мен Баян ғана армансыз. Адам ғұмырының өзі ғарыш көгіне жалт еткен бір ғана сәт емес пе? Сол сәт Қозы мен Баянға шынайы таза күйінде, өте қысқа мерзімде бұйырған. Тағдыр тазалығы. Сондай тағдыр тазалығы ешқандай қоспасыз, шынайы махаббат- бұл жалғанда екі адамға, Естай мен Хорланға бұйырған. Міне сондықтан да Естайды еске алған кезде Хорланның атын атамауға болмайды. Себебі, ақынның барлық өмірі Хорланмен байланысты.

Естай Беркімбайұлы кесенесінің киелілік мәні - қалдырған бай, сан алуан рухани, поэзиялық және музыкалық мұрасына тоғысқан. Атақты ақын әрі композитор Естай Беркімбайұлының мұрасы қазақ халқының рухани мәдениеті мен музыкалық дәстүрін айтарлықтай байытты. Халықтың Естайдың шығармашылығына деген құрметі оның туындылары мен өмірінің ел жадында болуымен, кесенесіне барып, зиярат етушілер қатарының қалыңдығымен айқындалады, ал бұл өз кезегінде оның халық санасында қасиетті екенін көрсетіп отыр. Естай мазары Павлодар -Ертіс өңірінің киелі өңірлерінің біріне жатады [3, 2].

Осы зерттеу жұмысым арқылы тарихи тұлғаны өз замандастарыма және бізден кейінгі ұрпаққа өнші атамыз туралы дұрыс және нақты дерек қалдыратыныма сенемін..

Өлкеміздің Естай атына берілген мектептер мен ауылдарды мұрағат деректері арқылы зерттеуді жүзеге асыра отырып, тарихи тағдырын ашып көрсетуге тырыстық:

- Естай Беркімбайұлының өмірбаянын зерделеу;
 - Естайдың атына берілген ауыл және көшелердің атауын нақты мұрағат деректері негізінде дәлелдеу;
 - Естай туралы ауызша және жазбаша деректер іздеу.
 Зерттеудің міндеттерін шешу үшін Естай турасындағы материалдарды жинау. Ол туралы ауызша деректермен жұмыс жасау және мұрағат құжаттарын да пайдалану болып табылады.

Облысым Павлодар, Естай атым,
 Жұртқа баян істері азаматтың.
 Орта жүз, Сүйіндікпін бері келе,
 Төлебай, Қанжығалы арғы затым, - деп,

руын, туған жерін Естай өзінің өлеңінде анықтап айтып береді. Міне, сол Павлодар облысының Қуйбышев ауданы, «Ақкөл» деген жерде Естай 1868 жылы туған. Естайдың қыстауы осы Ақкөлде, жаз жайлауы Итмұрын, Бестөбе, Қойайырған деген көлді жер. Руы-Алмашы. Әкесі Беркімбай екі аяғы жоқ мүгедек болған. Мұндай мұқтаждық көрмей өсу-Естайдың болашағы үшін үлкен рөл ойнайды. Басқа өнері болмаса да, ағасы Естайдың талабын кескестемей, оның ерте оянған сезімінің баюына қолынан келгенше жәрдем береді. Естайдың арғы аталарында айта қалғандай әнші-күйші, ақын болмағанымен, нағашы жағы өнерден құр қалмаған. Нағашысы Қозған руынан кезінде белгілі әнші болған Байтұлым деген кісі. Естайдың шешесі Күлипа жақсы әнші, көркем дауысты, өткір адам болған. Өзінің «арқасы» болғаннан ба, Күлипа да кішкентай Естайдың әуесқойлығын ерте байқады [1, 8 б.].



Сурет 1

Он бес жаста Естай өз айналасында әнші бала, кейін әнші жігіт атанды.

Оның бағына ол кездегі Павлодар уезінің жерінде әншілер көп болатын. Әсіресе ол өңірде аты шулы Біржан сал, Ақан сері

сияқты әншілерді білмейтін, әнді құрметтемейтін кісі сирек кездесетін. [2, 122 б.].

Жасы жиырмаға келмей жатып Естай жоғарыда айтылған әншінің екі алыбын да көрді. Біржан салдың қасында бір жылдай еріп жүреді. 1889 жылы сондай-ақ Ақан серіге шәкірт болады. 1893 жылы екеуінен де тікелей ән үйренеді. Бұл жағдай Естай үшін үлкен бақыт болған екен [3, 1].



Сурет 2

Естай Беркімбайұлы 1939 жылы Алматыға келіп, музыка зерттеуші әрі композитор Б. Ерзаковичке өз әндерін нотаға түсіртеді. Содан кейін М. Әуезов және Ж. Жабаевпен Қазақстан жазушыларының екінші съезіне қатысқан. 1939 ж. қыркүйегінде «Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері» деген құрметті атақ берілді. 1940 ж. Қазақстан Композиторлар одағына мүше болып қабылданды



Сурет 3

Содан ол Семейге барып, онда біраз күн болып, Керекуге қайтады. Сол Семейде болған күндерінде Естай Қайым

Мұхамеджановтың үйінде болып, Хорлан қыздың және басқа әнгімелерін айтып, жаздырып, кетеді. 1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толған мерекеге Естай арнап шақырылады. Онда Нартай, Нұрлыбек, Төлеу, Сапарғали ақындар болады.

1946ж 15 наурызда Қазақстанның өнерге еңбегі сіңген қайраткері, композитор Естай Беркімбаев жолдас қатты науқастан кейін Куйбышев ауданы, «Ақкөл» колхозының 73 жасында қайтыс болды [1, 217 б.].

Адамшылық, азаматтық қимылды өлеңнен, әннен бастаған еңбекші халықтың қамын жеуде әнімен алдында тұрған қиыншылықтармен күрескен Естай соңғы рет соңғы демін де, соңғы лебізін де поэзияға, музыкаға арнайды.

Ақының әнші болдым, еркеледім
Кеше гөр қош аман бол ардақты елім
Естайдың болды енді көзі тамам

Ақтық сөз айтқан қамым осы менің – деп көз жұмады [1, 26 б.].

Мен мектеп оқушылары және жетекшімізбен бірге Естай ауылына экскурсияға барып қайттық. Ақсақал Сағынтай Хамитұлының үйіне барып, ол кісімен ауылдың шетіндегі Естай мазарына бардық.

Сағынтай ата құран бағыштап, бізді мазардың ішіне кіргізді. Сол жерде өз білгенін бізге әңгімелеп берді: «Осы ауылда Естайдың аталас туысы Кәрібай деген кісі тұрған ...» деп әңгімеледі.

1982 ж. Қазақ КСР-нің тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне ілініп, мемлекет қарауына алынды.

1993 ж. 125 жылдығына орай Естайдың басына мазары қойылған.

1999 ж. сол кездегі Ақтоғай ауданының әкімі Әбілқак Түгелбаевпен кесене жаңартылған.



Сурет 4

Келесі маршрутымыз Жолболды ауылындағы Естай мектебі және мұражай болды. Мектепке барған кезде бізді Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Арынова Арайлым Бағадатовна қарсы алды. Ол кісі бізді мектеп тарихымен және мұражайдың ішімен таныстырды. Мұражайдың ішінде көптеген Естайдың ұрпақтарының және Естайдың өлеңдерін зерттеген адамдардың фото суреттері бар, бірақ Естайдың өзінің жеке заты жоқ екен.

Біз мектепке Естай атының қай жылы берілгенін және Естай мұражайының қашан ашылғанын сұраған едік, мектеп 1993 ж. Естай аты берілген екен, бірақ нақтылайтын құжат болған жоқ, сол себепті келесі маршрутымыз аудан мұрағаты болды.

Аудан мұрағатынан Естай мектебі мен Естай ауылына қатысты құжаттарға сұраныс беріп, бірнеше күннен кейін жауабын алып құжаттарды қолға түсірдік.

- 1987 жылдың 20 тамызында Қазақ КСР-нің Жоғарғы Үкіметінің президумымен Чкалов совхозының №1 Ынтымак бөлімшесі Естай ауылы болып өзгертілді.

- 1993 жылы Коминтерн орта мектебіне Естай аты берілді және осы жылы мұражай ашылды.

Менің туған жерім Андриановка ауылында Естай Беркімбайұлы атында көше бар. Сол көше жайлы деректі аудан мұрағатынан таба алмаған соң, ауыл Әкімшілігіне келдік. Ауыл Әкімі Абельдинова О.А. бізге ескі құжаттарды көрсетті. Бірақ ол жерден де материал таба алмадық. Ольга Александровнаның айтуы бойынша бұл көше 1987ж студенттердің бастауымен салынған көше екен. Және 1989 ж осы ауылда ең алғаш адам есімі берілген көше. Бұл айтылған дерекке дәлел, сол көшедегі бір үйдің шатырында «ССО 87» деген жазу бар [4].

Тақырыптың жас ұрпақты патриот ретінде тәрбиелеу жолындағы маңызы өте үлкен. Естай туралы тың деректерді зерделей отырып, әнші тұлғасын сомдауда отансүйгіштік рухты айшықтауға тырыстым. Осы жұмысымды тек Ақтоғай ауданы бойынша жүргіздім. Жұмысты ары қарай жалғастырғым келеді. Келесі қадамым Облыс көлемінде Естайға қатысты жерлер мен ғимараттарға барып қайтсам деген ойым бар. Ең бірінші Естайдың туған жері Ақкөл ауылындағы Қаражар деген жерге бару және Екібастұз қаласындағы Естай мұражайына барып, Естайдың өз қолымен ұстаған заттарын көріп қайтқым келеді. Және ең үлкен жұмыс ол кісінің ұрпақтарымен кездесу деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Естай (мақалалар, естеліктер, зерттеулер, поэмалар, арнау өлеңдер). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2002ж-8 бет, «Қызыл ту» газетінің ксерокөшірмесі-217 б.

2 Саида Елеманова. Найзатас №5(42) қыркүйек-қазан 2018 жыл-122 б.

3 <http://map.paviodarlibrary.kz> [қаралған мерзімі 07.11.2018]
<http://kielimeken.kz/Sakralnyemesta/203-estaj-berkimbaev-mavzoley>. [қаралған мерзімі 02.12.2018]

4 Ф.88.оп.1.д.20.л.94. / Постановление Главы Актогайской районной администрации «О переименовании общеобразовательных школ района» № 67 от 20 сентября 1994 года / Ведомости Верховного Совета Казахской ССР, 1987г. №35, л 63

РУКОДЕЛИЕ НАШЕГО СЕЛА

ИГБЕРЛИНОВА Г. Б.

учитель казахского языка и литературы,
Узынсукая СОШ, Иртышский район

ИМАНМАГЗАМОВА Г. К.

ученик 7 класса, Узынсукая СОШ, Иртышский район

На протяжении веков в разных странах мира формировались различные виды и способы этого рукодельного ремесла. Еще не так давно без умения шить, невозможно было вести домашнее хозяйство. Надо было самостоятельно изготавливать и штопать одежду, чинить постельное белье и другие атрибуты домашнего быта. Лишь только представители привилегированных классов, не занятые постоянным трудом могли позволить себе тратить долгие часы на занятия утонченными видами рукоделия: вязать изысканные белые кружева или шить великолепные, богато украшенные коврики из разноцветных лоскутков, вышитых картин. Для большинства же женщин умение обращаться с ниткой и иглой составляло часть обычных домашних хлопот или служило способом заработать на жизнь.

В начале XX столетия среди домашних работ связанных с рукоделием преобладали шитье и вязание – основные техники изготовления одежды. В наше время острой необходимости в этом нет, но наблюдается массовое возрождение ко всем видам декоративного и прикладного рукоделия.

В полнее закономерно стремление многих избавиться от единообразия продаваемых в магазинах товаров массового производства, тем более что самые общие представления о том, как правильно пользоваться иглой и ниткой, позволит придать индивидуальность предметам вашего гардероба, сделать оригинальные подарки родным и друзьям, изготовить очаровательные украшения способные подчеркнуть характер и неповторимость вашего дома.

У рукодельниц сформировались свои приемы и техники рукоделия, идеи, которые вдохновляют и побуждают нас к творчеству и введут в восхитительный мир рукоделия [1, с. 11].

Целью работы являлось изучение творчества мастеров рукоделия в своем селе во второй половине XX века, а так же познакомится по ближе с рукоделием наших мастериц.

Задачи исследования:

- познакомиться с историей возникновения сельского округа;
- изучить виды рукоделия преобладающих в XX веке;
- познакомиться с мастерами рукоделия второй половины XX века нашего села;
- выявить основные виды рукоделия в селе;

Предмет исследования: мастера рукоделия второй половины XX века в селе Суворова.

Объект исследования: изделия, выполненные в ручную нашими бабушками рукодельницами; изучение древне казахского национального ремесла;

Теоретическая значимость нашей поисково-исследовательской работы заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы в выставочной работе школьных музеев, краеведческом музее села.

Практическая значимость нашей поисково-исследовательской работы заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы на занятиях декоративно-прикладного творчества.

В качестве гипотезы мы предлагаем следующее объяснение распространенными видами рукоделия в нашем селе были: казахские национальные подушки, костюмы, костюмы невест а так же вязание, вышивка, макраме, шитье ко всему этому рукодельницы это все делали в ручную своими руками и обучали этому своих внуков.

Казахстан в начале XX века начал непростой путь преодоления культурного диктата Российской империи. Причем, как ни парадоксально, сама имперская власть инициировала такие процессы [2, с. 126].

В этот период формируется особый интерес к национальному фольклору, декоративно-прикладному искусству, происходит становление национальной школы.

Так создается культура Казахстана. Ключевыми факторами влияющими на развитие казахских ремесел стали основные формы хозяйственной деятельности: пастбищно-кочевое скотоводство и орошаемое земледелие, а также географические особенности расположения. Так через территорию современного Казахстана в древности проходил великий шелковый путь, что несомненно привело к развитию торговых отношений и культурному обмену с другими народами. Помимо этого казахи с давних пор умели добывать руду и были мастерами в обработке металла: золота, серебра, железа, меди.

Скотоводство, как основной вид хозяйственной деятельности и соответственно источник материалов и сырья, таких как кожа, шерсть, пух, рога крупного рогатого скота, привело к развитию многих видов казахских ремесел: валяние шерсти, выделка и тиснение кожи, пошив одежды, резьба по кости, ювелирное искусство. Особенно ценились шкуры жеребят и ягнят. Из кожи выделывали замшу на халаты, кафтаны, шаровары. Из шерсти валяли ковры, кошмы, делали шнуры, ленты. В отдельных регионах Казахстана до середины девятнадцатого века пастбищно-кочевое скотоводство сочеталось с орошаемым земледелием.

На развитие казахских ремесел определенное воздействие оказали торговые связи, способствовавшие культурному обмену между народами. Отырар был центром гончарного производства. В мастерских, датируемых шестнадцатым веком сохранились остатки печей, в которых обжигались керамические изделия и покрывались цветной глазурью. При раскопках также обнаружены мастерские в которых остались следы обработки металла, в них занимались изготовлением ювелирных изделий, аксессуаров: ремней, браслетов, серег.

Немаловажный факт, играющий роль в развитии казахских ремесел - торговые отношения казахов с Китаем. Дело в том, что Китай славился высококачественными хлопковыми и шелковыми тканями, а у казахов был скот, который они меняли на ткань или гнали табуны лошадей и стада баранов, продавали их там и за вырученные деньги покупали необходимые промышленные товары. Подобные взаимовыгодные торговые отношения были у казахов и с Россией. Одно из ремесел развитых в дореволюционном Казахстане - красильное дело. Различными пигментами окрашивали кожу,

ковры, одежду. Для изготовления красителей казахи использовали различные растения, минералы. Основным материалом для производства красителей различных цветов было растение марена и его корни. Произрастает марена в низинах почти во всех речных долинах Казахстана. Окрашенные ею кожа и шерсть не теряли своего цвета. Казахи не плохо разбирались в свойствах минералов и красителей, которые они из них изготавливали. Например для усиления цвета применялась селитра, нашатырь, купорос, охра, сера и т.д. Особое предпочтение казахи отдавали белой краске, считая ее выражением радости. Для усиления белизны кошм покрывающих юрты, употребляли белую глину и мел. Женскими казахскими ремеслами можно считать валяние шерсти, ткачество и валяние ковров, вышивку различными стилями и техникой, пошив одежды. При изготовлении войлочных полотнищ для покрытия юрты, различного вида ковров, приданного невесте: одежды, постели, домашней утвари, работали как правило группами, при этом взрослые женщины обучали девочек всем этим ремеслам. Семьи со средним достатком сами изготавливали предметы быта и производили основную часть ремесленных изделий. Богатые казахи являлись только заказчиками, а за выполненную работу платили скотом или продуктами скотоводства. Самые ценные изделия казахского ремесла производились по заказу ханов, султанов и беков в их ставках и мастерских. Здесь трудились самые талантливые ювелиры, резчики, вышивальщицы. По заказу знати строились и мавзолеи, облицованные резными плитами, с художественной обработкой портала, колонн и фриз. В некоторых мавзолеях Казахстана - надгробных сооружениях, которые создавались как память об умершем для почитания его духа, открыта фресковая роспись. В настоящее время многие казахские ремесла становятся очень популярными. Модные дизайнеры одежды в своих работах часто используют технику валяния шерсти, декорируют одежду вышивкой в национальном стиле. Ювелиры создают новые коллекции с казахским орнаментом. Вошли в моду различные аксессуары с узорами из тесненной кожи [3, с. 56].

Рукодельницы внесли огромное значение в развитие культуры мира. Именно они выделяют города из серого мира, создавая ручные работы. Современные рукодельницы это и молодые мамы, и опытные мастерицы, и совсем еще юные девушки, удивляющие своими произведениями. Есть среди них мастера, которые работают профессионально, в выбранном ими направлении, а есть те, чья

профессиональная деятельность далека от рукоделия. Но все они любят заниматься творчеством, и эта любовь видна в каждой работе.

«Без прошлого нет будущего»- гласит народная пословица. И с этим трудно не согласиться, как трудно не согласиться с неоспоримой истиной, гласившей: «Ты мира не узнаешь, не зная края своего». Но так ли много мы - подрастающее поколение, знаем о прошлом своего края, о людях, о родословной своей семьи? Наверно, не каждый может этим похвастаться. А ведь, чтобы познать самих себя, уважать самих себя - надо знать свои истоки, знать прошлое родного края, гордиться своей причастностью к его истории.

В процессе работы мы изучили историю возникновения нашего села, так же для нашей работы нами рассмотрены виды рукоделия второй половины XX века в Казахстане. Но для достижения нашей цели нам необходимы сведения относительно рукоделия сельского округа Суворовский (Узынсу). Для этого мы обратились в акимат села. Для этого мы решили встретиться с наиболее известными рукодельницами села Узынсу. Встречи провели в рамках программы «Рухани жаңғыру» и областного комплексного проекта для организаций среднего образования «Шаңырақ» с целью возрождения и развития национального творчества, преумножение традиций казахской культуры.

В процессе наших увлекательных, познавательных встреч мы выявили наиболее распространенные виды рукоделия во второй половине XX века в нашем селе. В то время в стране было развито множество видов рукоделия, но большинство из них требовало определенных затрат на материалы и оборудования. Но люди все равно стремились украсить свои дома. Изучая, экспонаты музея, предметы рукоделия, выполненные старшим поколением, пришли к выводу, что на территории села были наиболее распространены вышивка национальных изделий, вязание и шитье. Это объясняется тем, что эти виды рукоделия не были слишком затратные. Крючки и спицы изготавливались самостоятельно в домашних условиях из металла и дерева, для получения ниток распускали старые вязаные вещи и лоскутки ткани, а пряжу для вязания – из шерсти домашних животных. Данная работа требовала огромного терпения, усидчивости и художественного вкуса. Эти изделия не уступали по качеству и красоте фабричным изделиям. Они сохранились до наших дней и не перестают удивлять современных мастериц. Вещи, сделанные своими руками, высоко ценятся и в наши дни.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Несипбаев Б. К. Национальная культура и искусство // «Білім». 2012.
- 2 Кенжеахметулы С. Быт и культура казахского народа. – Алматы: Алматы кітап, 2013.
- 3 Шокпарулы Д., Даркембайулы Д. Прикладное искусство казахов. – Алматы: Алматы кітап, 2012.
- 4 Мухамеджанулы З. Казахское искусство вышивки. – Алматы: Алматы кітап, 2013.
- 5 Тотенаев Б. Казахские национальные игры. – Алтыбақан, 2012.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕРДІҢ ІШКІ-СЫРТҚЫ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ

ИСМАГУЛОВА С. Ж.

ғылыми жетекші, № 22 ЖОББМЛ, Семей қ.

НЫҒЫМЕТХАНОВА Ж. Д., КИДЫРМИНА А. Ж.

8 сынып оқушылары

Кіріспе. Ғылыми жобаның мақсаты: Шығыс Қазақстан облысының қасиетті жерлерін ғылыми негізде зерттеп, қарастыру; Міндеттері:

Шығыс Қазақстан облысының киелі жерлерінің мәдени маңыздылығы мен құндылықтарын ашып көрсету;

Қасиетті жерлердің негізінде ішкі және сыртқы туризмді дамытудың жолдарын қарастыру;

Тақырыптың зерттелу деңгейі: Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазіргі таңда да Шығыс Қазақстан облысының киелі жерлеріне көптеген зерттеулер жасалуда. Туризм қызметкері С. Кистанов, туризм және спорт ғылыми-зерттеу лабораториясының меңгерушісі К. Миляев және «Тұран» университетінің доценті В. Волошин бастаған топ «Қоңыр әулие» үңгіріндегі көлдің түбіне сүнгіп, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, зерттеу барысында, көлдің құрамын зерттей отырып, шипалық қасиеттерін анықтады нәтижелерін ғылыми журналдарға жариялады. Шығыс Қазақстан өңірінің киелі жерлері жөнінде өздерінің зерттеу еңбектерінде Ф. Байбатыров, М. Жеңсеханов, Г. Ысқақова, Б. Жапаровтар біраз деректерге тоқталып, талдау жасайды.

Жобаның ғылыми жаңалығы: Біріншіден, алғаш рет «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы негізінде «Туған жер» бағдарламасы аясында Шығыс Қазақстан өңірінің киелі жерлері нысанаға алынып, жүйелі түрде зерттелді; Екіншіден, қасиетті жерлерді зерттей отырып, соның негізінде ішкі-сыртқы туризмді дамытудың жолдары нақты ұсынылып отыр; Үшіншіден, су жолы арқылы туризмді дамытудың картасы жасалынды; Төртіншіден осы мәселелерге жаңа сындарлы зерттеулер жүргізу, оны ұлттық рухани жаңғыру және туған жер бағдарламасымен үйлестіре отырып, іске асыру аталған тақырыптың ғылыми жаңалығын құрайды.

Шығыс Қазақстан облысында киелі орындардың туристік инфрақұрылымы жақсаруда. Биылғы жылы Шығыс Қазақстан облысындағы көпке әйгілі киелі орындар мен қажылық ететін жерлерді абаттандыру үшін көп жұмыстар жасалды. Облыста «Алтай маржаны» туристік кластері құрылмақ. - Әр адам Өскемен, Семей қаласынан болсын осы жерге келіп, демалады. Шығыс Қазақстанның табиғаты туризм саласын дамытуға әбден лайық. Көзартар көрікті жерлерге бай өңірге тынығу үшін келетін жандар қатары артып келеді. - Шығыс Қазақстанда туризмді дамытуға мүмкіндік мол. Облыста 100-ден аса туристік ұйымдар жұмыс істейді. Өткен жылы ғана өңірде жарты миллион адам келіп демалды. Бұл тұрғыда Алматы мен Астанадан кейін үшінші орындамыз. Инфрақұрылымды дамытып, жарнаманы жүйелеу жұмыстары жалғасын табады. Ал Павлодар өңіріндегі Маралды көлі демалыс аймақтарының қатарына енгізіліп, оның айналасын абаттандыру қолға алынды. Ұзындығы бес жүз метр жағажай салынып, қалқалар орнатылды. Жаңа демалыс аймағына келушілер саны демалыс күндері 2 мыңнан асады. Маралды көлінде медицинада аса құнды артемия салина шаяндары тіршілік етеді. Балшықтың бес түрі бар. Келешекте он екі ай жұмыс істейтін заманауи шипажай салу жоспарланып отыр. Тағы бір жаңалық – нақты осы өңірде марал шаруашылығын ашуға дайындық жүріп жатыр. Шығыс Қазақстан өңірінде міне осындай, туризмнің дамуына мүмкіндік беретін демалыс орындарымен бірге қасиетті жерлерде өте көп. 2017 жылғы 29 қарашада Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов биліктің бұл бағыттағы жұмыстарын ЖОО ғалымдары арасында ғылыми жобаларға байқау жариялап, көптеген ғылыми жобаларды қаржыландырып отыр. 2017 жылы Абай ауданындағы Қоңыр-Әулие үңгіріне абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Қасиетті жерлердің

бірі болып саналатын Қоңыр Әулие үңгірін көркейтуге 25 млн теңге бөлінді. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде үңгірге түсіп бара жатқан адамдардың алау жағуынан қалған қалдықтар, үңгірдің маңайында жатқан барлық қоқыстар тазартылған. Құрылысшылар кіре беріске жоғары қорғаныс ғимаратын орнатты. Келушілерге арналған ағаш баспалдақтар мен орындықтар қойылды [1, 2016.].

Сонымен қатар, Тарбағатай ауданындағы Ырғызбай ата кесенесі көркейтілді: электр желісі орнатылып, субұрқак салынған. Бұл жұмыстарға 50 млн теңге жұмсалды.

Шығыстың рухани бұлағы, қасиетті де атақты емші Ырғызбай Досқанаұлы 1787 жылы туып, 1850 жылы дүниеден өткен. Кесенесі Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында Тарбағатай тауының теріскей бетіндегі бұйратты құба белде, Ақсуат ауылынан Кіндікті ауылына баратын жолдың бойында, солтүстікке қарай 5 шақырым жерде Күмісті бастауының қасында орналасқан. Ел ішіндегі ақпараттарға қарағанда Ырғызбай Досқанаұлы қайтыс боларын сезіп: «топырақ маған осы жерден бұйырған. Менің сүйегімді Кіндіктіге апармандар, анау тұрған құба белге жерлейсіңдер»-деп, қазір өзі жатқан жотаны көрсетеді. «Мені сандықша бейітке қоясындар. Басыма зират үйін тұрғызбандар. Зират үйін тұрғызу келешек ұрпақтың міндеті»-деп өсиет еткен екен. Ырғызбай ата XX ғасырдың басында Шыныбай Жәнібекұлы – деген ақсақалдың түсіне кіріп: «менің басым жалаңаш жатыр ғой» - деп аян береді. Шыныбай ақсақал тастан қалап Ырғызбай атаның басын көтереді. Одан кейін Ырғызбай Досқанаұлының басына құлпытасты 1975 жылы Тағабаев Құнанбай ақсақал өз қолымен қояды. Бұл кесененің басындағы барлық іс-шаралар мен тазалыққа 2001 жылдан бері Тағабаев Болат Құнанбайұлы басшылық жасап келеді. Ырғызбай Досқанаұлының кесенесі мен оған зиярат жасап келушілерге арналған үйдің іргетасы 1990 жылы 7 қазан күні қойылып, 14 қазан күні басталып, 22 қазан күні аяқталған. Ол кезде кесене силикат кірпішпен қапталған. Силикат кірпіштің жарамдылық уақыты өте қысқа болғандықтан кесененің іргесі жаңбыр мен желдің әсерінен мүжіліп тоза бастаған. Кесенеге қазақ халқына сыйлы Сабуровтар әулеті атынан және алаштың ардақты ұлы Бәделхан Камалханұлы тарапынан 2014 жылы қайта жаңғыртылу жұмыстары жүргізілді. Бәделхан Камалханұлы идея авторы бола тұрып, осы жобаны өзі тікелей іске асырды. Барлық материалдарға Сабуровтар әулеті басшылық ететін «Ағзам» асыл тұқымды жылқы зауыты демеушілік жасады. Ескерткіштің негізгі материалдары болып тұрған қызыл және жасыл гранит тастар 1100 шақырым болатын Баянауыл жерінен

тасылып әкелінді. Кесене Сырдария сағасындағы мандай беттегі кіре берісте екі ойығы бар екі камералы ескерткіштердің дәстүріне жатады. Ескерткіш жоспары жағынан 6,5x6,4 м. болатын тік төрт бұрышты қызыл гранит тастардан өңделіп соғылған. Құрылыс материалдары ретіндегі тастар Баянауыл жерінен тасылып әкелінген. Кесене порталды-күмбезді, екі камералы, болып келеді. Кесененің бұрыштары әлемнің төрт бұрышына қарай бағытталған. Жерлеу камерасына кіреберіс оңтүстік қабырғаның ортасына қойылған. Осы дәлізден жерлеу камерасына кіретін есіктің батыс және шығыс қабырғаларында пішіндері үшбұрышты терезелер жасалған. Кіреберіс бөлменің қабырғасы 2,8 x 2,0 м, Тас сандықшаның өлшемдері 3x1,2 м. Қызыл мрамордан жасалған «Әулие Ырғызбай»- деген жазуы бар қасбеттің биіктігі 3,4 м. Қабырғасының биіктігі 3 м, ал адыңғы екі мұнараның биіктіктері 3,7 м, артқы екі мұнараның биіктіктері 2,4 м. Кесененің күмбезінің төбесінде орналасқан «аймен» бірге қосқандағы жалпы биіктігі 9,2 м. Кесене әшекейлі тас қалауымен безендірілген. Төменгі жағы таған ретінде жасыл түсті граниттан жасалған. Өз кезегінде осы палитра ескерткішке керемет өң береді. Күмбездің жоғарғы жағында жарық түсіп, ауа алмасу үшін жасалған төрт саңылау бар [2, 58 б.].

Кесененің шығыс жағында төрт адамға арналған жатын бөлме, сондай-ақ Тарпаңбай ұлы Лензаттың зираты мен тағы оншақты адамның тас кабірлерінің орындары бар.

Шығыстың рухани бұлағы, қасиетті де атақты емші Ырғызбай Досқанаұлының кесенесін өз қаржысына қайта жаңғыртқан алаштың ардақты азаматы Бәделхан Камалханұлы Қазақстан Республикасына ақысыз, қайтарымызсыз және мәңгілікке сыйға тартады. Бүгінде облыстағы басқа да киелі орындардың туристік инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстар әзірленуде [3, 560 б.].

Қорытынды. Алдыға қойған мақсат міндеттерді жүзеге асыра келе мынандай қорытынды жасадық. Заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық өмірлерге тікелей қатысты. Жаңғыру тарихтағы өзі сияқты жалғаса беретін процес. Бүгінде тарихшылардың жасаған және жасап жатқан зерттеулері мәдени қазынамыздың әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдері мен жолдарын қарастыру қажет. Қасиетті жерлерді ауқымды зерттеуіміз кітап түрінде емес, әр түрлі мультимедиялық тәсілдерімен де суретті альбомдармен шығаруға тырысудамыз. Туған жер бағдарламасына сәйкес ауқымды мемлекеттік қолдау жасалып жатқан кезеңде тарихшылар, мәдени қайраткерлер жүйелі түрде жұмыла жұмыс істеп, жастарды туған ел тарихын зерттеуге жұмылдырып, әр жастың бойында патриоттық сезімді

ояту [4, 19 б.]. Шығыс Қазақстанда өңірдің киелі орындарының картасы жасалып жатыр. Әзірге онда Қоңыр әулие үңгірі, Шілікті аңғары, Берел қорғаны, Мұзтау сынды 40-қа жуық нысан белгіленген. Табиғи тарихи мәні басым киелі жерлер алыс-жақын шетелдіктердің де қызығушылығын тудырған. Ең бастысы, құнды жәдігерлер – «Рухани жаңғыруға» ниетті еліміздің асыл мұрасы. Қорыта айтқанда елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген асыл үндеу өсиеті, туған жер бағдарламасы негізінде ел тарихын, өлке тарихын, қасетті жерлерді қайта зерттеп зерделеуге мүмкіндік береді. Рухани жаңғыру адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі өзгерісті қабылдай білуі. Бүгінгі күнде Шығыс Қазақстан облысында туризмді оның ішінде Ертіс су жолы арқылы ішкі-сыртқы туризмді дамыту ең басты мәселелердің бірі болып табылады. Бұл ғылыми жоба әлі де зерттеуді қажет ететін ауқымды тақырып болып саналады [5, 12 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 С. Тәбәрікұлы. Заман ағысы. «Өлке» Алматы, 1998.
- 2 М. Аймақов «Ақ жол асулар» Семей, 2002.
- 3 Ә. Нысанбаев. - Алматы, 1998.
- 4 «Қазақ» газеті. 1918. №264.
- 5 «Ә. Абай» журналы, 1918. №1, №2.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ. ҚАЗАҚСТАН АЛМА МЕН ҚЫЗҒАЛДАҚТАР ОТАНЫ

КАБДЫЛКАРМОВА С. Б., НУРБАЙ А. Д.
7 сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
БЕЙСЕНБЕКОВА А. С.
жетекші, тарих пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Алматы апортының тарихы адамның басын айналдырғандай еді. Ол – араға миллиондаған жылдар салып, атамекеніне қайта оралған алма ағашының жемісі. Жер шарын шыр айналып шыққан алма ағашы, ақырында, өз топырағын қайта тапқан. Ол алмалы Алматының айналасы болатын.

1913 жылы Мәскеуде тарихтың төрінен орын алған ұмытылмас оқиға болды. Жоғарыдағылардың жаңаша жүре алмайтыны, төмендегілердің ескіше тұра алмайтыны әлсін-әлсін хабар беріп жүрген кез. Патшалы Ресей тарихында ең соңғы үлкен той болып өтті. Романовтар әулетінің тұғырдан таймай таққа отырғанына

300 жыл толған. Үш ғасырлық осы торқалы тойда қазақтардың төбесі көкке бір елі жетпей қалды.

Әлемдегі ең үлкен империяны ғасырлар бойы уысында ұстап келген Романовтар әулеті ол кезде барлық құрметке лайықты еді. Патша ағзам өткізген ұланасыр тойда жан-жақтан Мәскеуге келген сый-сияпатта шек болмады. Алайда, қазақ топырағынан барған тартудың орны бөлек болды. Ол кәдімгі алма болатын. Алма болғанда қандай! Атты кісі аттан түсіп, жаяу жатып қарайтын еді. Алматы апортының даңқы осы сәтте бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп өтті. Тойға қазақ жерінен 30-дан астам адам барған болатын.

– Біздің қазақтың үш жүзінен барған ақсақалдар патша тойына Алматының апортын алып барған. Оның әрқайсысының салмағы 1 килограмм 200 грамм – 1 килограмм 300 граммнан шыққан еді. Тойға жиналған қауым сол жерде өлшеп көріп, Алматының алмасына таңқалысады. Небәрі 300 граммның айналасындағы өздерінің «Антоновка» сияқты алмаларын ғана көріп жүрген жұрт риза болғаны соншалық: «Мұны біздің патшамыздың құрметіне «Александра» деп атайық» дейді сол жерде. Сөйтіп, біздің Алматының апорты сол атқа ие болып шыға келді. Негізі, апорт алмалар Қырғызстанда да бар, біздің елімізде де бар, басқа жерде де болуы мүмкін, бірақ нағыз апорт, өзінің топырағын тапқан апорт – Алматының апорты, – деген еді ғалым-биолог Құнанбай Ысмағұлов.

Алматы апортының тарихы адамның басын айналдырғандай еді. Ол – араға миллиондаған жылдар салып, атамекеніне қайта оралған алма ағашының жемісі. Жер шарын шыр айналып шыққан алма ағашы, ақырында, өз топырағын қайта тапқан. Ол алмалы Алматының айналасы болатын.

Әр нәрсенің де отаны болады. Бұл орайда біздің қазақ мақтана алады, әлем ғалымдарының айтуынша, есте жоқ замандардан бері жасап келе жатқан алма ағашы басқа жерлерге о басында қазақ жерінен барған. Оның мұнда, біздің аймақта өсе бастағанына 50 миллион жыл болды. Оны ғалымдарымыздың өздері айтып отыр.

– Қазіргі Қазақстан жерінде керемет алмалардың өсетіндігін қытайлар 1240 жылдан бастап жаза бастаған, сондай-ақ алма тұқымының осы жерден таралғанын да айтқан. Ал, біздегі жабайы алмалар осыдан 50 миллион жылдай бұрын да осында өскен, жер жүзіне осы өңірден тараған. Жабайы алманы ешкім қолдап, қорғап отырмайды, ол өзі дарвинизмнің эволюциялық даму заңдылығындағыдай, өзін-өзі сақтап, табиғи сұрыпталып, дамып жетіліп, таралып отырған. Мұны біздің лабораторияда Ботаника институтының ғалымдары әлемдік

деңгейде зерттеп, дәлелдеп берді, – деді, әңгіме арасында марқұм, ҰҒА академигі, биолог-ғалым Аймақ Жанғалиев біздің ғалымдарымыздың қол жеткізген жетістіктері жайында.

Апортқа қатысты естен шығаруға болмайтын жәйттер де бар. Ол Алматыда әлімсақтан өседі. Жалпы, Алматының тарихын жақсы білетін адам оның алмасы жайында айтпай тұра алмайды. Көне заманда Алматының «Алмалы» деп аталғаны да тегін емес. Ал, оның бір кездері «Верный» деп өзгеруі патшалы Ресей зорлық-зомбылығының ғана айғағы болып қалғанын бұл күнде елдің бәрі біледі. Алматы апортының берідегі тарихы да осы түспен тікелей байланысты. Оны сырттан келіп қоныстанушы келімсектер өздерімен бірге қайта ала келген. Алайда, бұл әңгіменің өзі жабайы алмадан бастау алады.

– Біздің жерімізде жабайы алманың 131 тұқымы бар, барлық алма түрі біздің жерден ғана тараған. Мынаған көңіл бөлу керек: Оксфорд университетінен келген ғалымдар бізбен бірге бір жыл жұмыс істеді. Оларда, жалпы ағылшындарда алманың 2500 сорты бар деп есептеледі. Осында келіп, бізбен араласып, менің еңбектеріме қарап жұмыс істегенде өздері түсінді, барлық сол 2500 сорттың бәрі осы Жонғар, Іле Алатауының бойынан тараған, дамып жетілген түрлер еді. Ал оны о баста бірінші тапқан Иван Сиверс 1796 жылы қыркүйекте біздің Алакөлге келіп, Тарбағатай тауының Үржар маңындағы керемет өсіп тұрған алмаларды көріп: «Мұндай алманы бұрын еш жерде кездестірген емеспін», деп жазып, дүниежүзіне мәлім етті. Ол алманың сорты, сөйтіп, сол кісінің атымен аталып кетті. Одан кейін Қырғыздың жабайы алмасы, сосын қызыл алма – жабайы алманың осы үш түрі белгілі болды. Ең қызығы – алма біріне бірі ұқсаған жоқ, – деп қайырды академик ағамыз әңгімесін.

Алма туралы айтқанымызда, тіл ұшында оңтүстік астанамыздағы Ботаника бағы тұрады. Өйткені, алманың әрбір жаңа сорттарының дүниеге келуіне осы ғылыми-тәжірибелік орынның ерекше қатысы бар. Жалпы, Ботаника бағында өсімдіктің 7 мың түрі өсіріледі. Оның 450-і дәрі-дәрмек жасайтын, ал 400-дейі құрып бара жатқан өсімдіктер.

– Бұрынғы кездің өзінде жоғары жақтан келген ғалымдар таңқалысып, «Оу, мынаны қайдан алғансыздар, бұл тіпті бізде – Мәскеуде, Ленинградта жоқ қой» деп жататын. Шындығында, біздің Ботаника бағы үшінші-төртінші орыннан түскен жоқ еді. Мәскеу, Ленинград, Киев қалаларындағы Ботаника бақтары ғана бізден сәл ілгерілеу болатын, алайда оларда жоқ, олар қол жеткізе алмаған өсімдіктер біздің бақта жайқалып тұрды. Соның ішінде алманың әртүрлі сорттары да бар. Сондай сирек кездесетін өсімдіктердің

бірі, мысалы, спрянтус еді (тобылғы сияқты). Ол біздің Қаратауда ғана кездеседі. Бұл өсімдікке өз уақытында атақты Темірлан қатты қызығып, арнайы қолға алып, Самарқандта өсірмекші болған. Ол туралы Борис Александрович Быков деген академик өзінің зерттеу еңбегінде жазған. Осындай тағы бір бағалы өсімдіктің бірі, мысалы, Тянь-Шань шыршасы, яғни өзіміз күнде көріп жүрген шырша. Бұл бізде көп болғандықтан, бағасын біле бермейміз, әйтпесе бұл Жерорта теңізінде өсетін өсімдіктерге қарағанда әлдеқайда бағалы. Оның ағашы, оның адамзатқа беріп отырған ауасы (кислород), тіпті, айта берсе көп. Басқасын қойғанда, одан алынатын спирттің өзі бағалы болып табылады, қаланы көгалдандыру қолға алына бастаған кездері Ботаника бағы алдымен осы ағашты көп отырғызуды қолға алып еді, – деді, өз саласын жетік білетін биология ғылымдарының кандидаты Сабыр Түрдиев Алматының айналасында, осындағы Ботаника бағында өсетін өсімдіктер туралы қызықты әңгімесінің арасында.

Ал, алманың о басында қазақ топырағынан тарағанын біздің ғалымдарымыз дәлелдеп берген. Араға талай ғасырлар салып, бір елден екінші елге көшіп жүрген алма ағаштары Жер шарын шыр айналып шыққан. Алматының апорты деп танылған алма ағашының тарихы да солай.

– Ол алдымен Еуропада өсіп, содан Ресейге келді. Бірақ ол жерде азғантай ғана сорттары болды ол кезде. Одан 1904 жылдардың айналасында елімізге келіп жатқан келімсектердің бірі, өте ұқыпты шаруаның бірі Редько деген кісі Алматыға ала келген. Ол ғана емес, Моисеевтер отбасы да дәл осылай өздерімен бірге алма ағаштарының көшеттерін ала келіп, Алатаудың бауырына отырғызған. Бұл жемістер кейін жақсы өнім беріп, қып-қызыл, тәп-тәтті кәдімгі Алматының апортына айналып шығады. 1913 жылы сол Романовтар әулетінің 300 жылдық торқалы тойына апаратын алмалар осылардың жемісі еді. Алматының апорты мақтанш үшін, әрине, өте керемет жеміс. Басқа жақта дәл бұлай өспейді. Бірақ, шындығын айтқанда, оны күтіп-баптаудың қиындықтары өте көп. Оның толыққанды жеміс беруі үшін белгілі бір шарттары мен тәртіптері бар. Ол, біріншіден, биік таудың басында, белгілі бір өзіне тән биіктікте өскенде ғана нағыз апорт бола алады. Оның топырақты тез арада құнарсыздандырып тастайтын қасиеті тағы бар. Апортты өсіру үшін осының бәрін ойластырып отырмаса, түрі ұқсағанмен, өзі нағыз апорт болып шыға қоймайды. Шет елдердің ғалымдары апортқа емес, біздегі жабайы алманың сорттарына, соның тұқымына қатты қызығады. Өйткені, бұлар – өзін-өзі жаңартып, жасартып, жетілдіріп отыратын алмалар. Ыстыққа шыдамды, суыққа

төзімді, оның үстіне алманың жаңа сорттарын алуға өте қолайлы. Мысалы, Американың Канадамен екі арасындағы Невада штатының табиғаты аса қолайлы аймақ емес, суық жер. 43–45 градусқа дейін суық болатын аймақ өзі. Сол жерге біздің алмамызды апарып егіп еді, біздің алмамыз өте мықты болып шықты. Жалпы, жаңа сорттар алу үшін будандастыру мақсатында да біздің жабайы алмамыздың тұқымына қызығып жүрген ел көп, – деді өз саласына қарай көбірек ден қойған академик Аймақ Жанғалиев.

Әр нәрсенің өз уақыты болады. Шет ел ғалымдарын қазір апорт алмасы емес, жабайы алма қызықтыра бастады. Өйткені, апорттың арғы атасы – жабайы алма. Мәселен, Америка ғалымдарының біздің ғалымдарымызбен он екі жылға шарт жасасып, жабайы алма тұқымын сақтап қалу үшін 3 миллион доллар қаржы бөлуінің өзі осының айғағы. Бұл – алма тарихы одан ары жалғаса береді деген сөз.

Апорт – алманың ірі, әрі құнды түрі. Салқындау, бірақ ұзақ емес қысы бар, ал жазы жылы немесе ыстық болатын оңтүстіктің орта белдеуінде (Солтүстік Кавказ, Іле Алатауы) кең тараған. Апорттың қабығы тығыз, сары немесе жасыл-сары қызыл-қоңыр мөрімен болады; ішкі жағы (еті) сусымалылығымен, нәзік дәмімен ерекшеленеді. Апорт – кеш пісетін түрге жатады, қыркүйек айларында ғана пісіп жетіледі. Кеш піскендіктен қыста жақсы сақталады. Ең танымал апорт бақтары Алматы сыртында орналасқан (мысалы, Бесқайнар ауылдық аймағы). КСРО кезінде Алматы қаласының рәмізіне де айналған.

Бүгінгі күні апорт нарықтан жоғалған, себебі апорт өсірілген жерлер жекешендіріліп алма ағаш орнын басқа нысандар ауыстырған (кұрылыс т.б.), сонымен қатар ағаштар ескіріп жаңа алма-ағаш отырғызылмайды, Алматы облысының әлсіз газдандырылғанын еске алсақ, жергілікті тұрғындар да оны кесіп қыстан аман шығатыны сөзсіз. 70-жылдарғы санақ бойынша, Қазақстанда 3851193 түп апорт ағашы болса, оның 80 пайызын құрайтын 3036346 түп Алматыда өсірілген екен. Бұдан кейінгі санақтар көңілге кірбің ұялатады. Мәселен, 1984 жылы Қазақстанда 1965795 түп апорт алма болып, Алматыда оның 1418988-і өсіріліпті. Ал бұдан соңғы мәліметтер тіпті майдаланып кеткен.

Қызғалдақ - лалагүлдер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін пиязшықты өсімдік. Қазақстанның далалық аймақтарында жиі кездеседі, 32 түрі бар, оның 11 түрі – Қазақстанның эндемигі болып саналады. Бұлардың биіктігі 3 – 50 см. Сабағы жұмыр, тік өседі. Тамырымен жалғасқан буынында пиязшығы болады. Гүл қоршауы ақ, қызыл не сары. Жемісі – қауашақ. Қызғалдақтың

пиязшығын күзде гүлі түскеннен кейін жинап алып, оны құрғақ, салқын жерде сақтап, көктемде егеді. Қызғалдақ әсемдік және гүлінен хош иісті зат алу үшін өсіріледі. Қызғалдақтың өте сирек кездесетін 13 түрі (Альберт қызғалдағы, Борщов қызғалдағы, Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы, Шренк қызғалдағы, т.б.) қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Қызғалдақ – пиязшықтардың ішіндегі табиғатта да кең таралған, көгалдандыруда да жиі пайдаланылатын өсімдік. Ерекше әсем көркімен дараланатын гүл болғандықтан, оны білмейтін адам кемдекем. Қазақстан табиғатында қызғалдақтың 35 түрі бар. Осы себепті де Қазақстан – қызғалдақтың отаны болып саналады. Сұрпы мен түріне қарай қызғалдақтың гүлдеу мерзімдері де әртүрлі. Наурыз-мамыр айларында гүл ашады. Оның биіктігі 10 см-ден аспайтын аласа бойлы түрлері ерте көктемде гүлдейтін болса, «Рембрант қызғалдағы» сияқты биік өсетін түрі маусым айының ортасына таман гүлдейді. Барлық түрі 20-25 күн аралығында әдемі гүл жарып тұрады. Қызғалдақ гүлінің түсі ақтан қараға дейінгі аралықта алуан түрлі болып келеді. Көп жағдайда сабақ басына бір тал ғана гүл жарады. Гүлзарларға бірыңғай түсті қызғалдақтарды топтап отырғызған жақсы көрінеді. Ал, жеке ыдыстарға бойы аласа түрлерін отырғызған дұрыс. Бойы аласа қызғалдақтар альпі шоқысының да көркін асыра түседі.

Қызғалдақ атауы туралы көптеген болжам бар. Ең көп тарағаны - «тгольпан»-парсы сөзі «толибан» немесе «долбент», яғни қызғалдақ қауызының осы шығыс баскиіміне ұқсастығымен түсіндіріледі.

Қызғалдақтың пайда болу орталығы Орта Азия болып есептеледі. Оның көп бөлігі шөл, айнала тау жүйесі қоршап жатыр: ортасында - Копетдаг, Ауғанстан шекарасына дейін Памир-Алай таулары, оңтүстік шығысында - Тянь-Шань. Үндістанның солтүстігінде, Ауғанстанда, Кавказ тауларында, Сирия мен Ливан шекарасында, Қара, Каспий және Жерорта теңізі маңында жабайы қызғалдақ түрлері өсетін оқшау ошақтары белгілі. Қызғалдақтардың экологиялық ауқымы өте кең. Бір түрі сусыз құмды және тасты шөлдерде, гипсті және сазды топырақта өссе, басқалары аңғарларда немесе тау етегінде, шөгінді тастарда, аяқ жетпейтін құлама жарда, қиыршық толған жартас қуыстарында, тау баурайымен теңіз деңгейінен 3000 м биіктікке дейін көтеріледі. Қызғалдақ өсімдігі ылғалды сүймейді.

Қызғалдақ баданалардың отырғызу мерзімі жердің ерекшеліктеріне және олардың өсуіне байланысты тұрақталады. Баданалардың тез өсуіне жер температурасының төмендеу (5-7°) қажеттілігі бар болғаны анық. Қыр жерлерде осындай жағдайлар қазанның ортасында пайда

болады. Былай қарасақ, бүкіл қазан айы бойы қызғалдақтарды отырғызу үшін өте қолайлы уақыт. Қызғалдақтардың тамырлары жердің температурасы 6-10° болғанда жақсы дамиды. Егер температура жоғары деңгейге көтерілсе ол оған көп зиян келтіреді. Ал егер жер температурасы 3° болса онда баданалар тамырларын шығармайды. Сөйтіп, өсімдікті қарашаның аяғында отырғызуға мүлдем болмайды. Себебі гүлдер ауыруға өте жуық, сонымен қоса көктемде кеш гүлденеді. Әдетте, күндердің аяздауына дейін баданалардың тамыр жүйелері жақсы дамып, өсімдіктер қысты сәтті өтеді. Баданаларды қыркүек айының соңғы күндерінде де түсуге болады. Ең жарамды мерзімі бұл қазан жұлдызының бірінші және он бесіншінің арлығындағы күндері. Осыдан ертеректеу уақытта отырғызу ұсыналмайды. Сонымен қоса баданалар суық күндерге дейін тамырларын біраз жығару керек, сондықтан өсімдіктерді аяздардан үш әлде төрт жұма бұрын отырғызу қажетті. Тамыр жүйесін дамыту үшін қызғалдақтарға отыздан қырық күндерге дейін мерзім керек. Егер тамырлар жақсы деңгейде дамыса онда қыста оны жаму қажеті қалыптаспайды. Отырғызудың алдында әр бадананы қарап шығу керек және олардың арасынан ауру және бұзылғандарды алыптастауға қажетті.

Отырғызудың тереңдігі, баданамен жер арасы, бадананың үдкендігіне орай анықталады. Егер өсімдіктер кішіріктеу болса онда оларды аса терең отырғызбайды. Сонымен, үлкендерді он екі- он төрт см терең, ал кішкентайларын алты-сегіз см терең отырғызады. Бірақ, он бес см-ден терең отырғызбайды. Баданалардың арасындағы ұзындығы олардың мөлшеріне тікелей байланысты. Әдетте питомниктердің ішінде өсімдіктердің арасында сегіз-он см қалдырады. Кішкентай учаскелерінде баданаларды қолмен отырғызғанда он-жиырма см қалдырып шығады.

Қызғалдақтардың тамырлары отырғызғаннан кейін он-он бес күнде шығады. Оның жылдамдылығы жағдайлардан тәуелді. Ол жер сулылығына және температурасына байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандық жол» 2008 жыл.
- 2 Н. Ә. Назарбаев «Әділеттің ақ жолы» 1991 жыл.
- 3 Алма қалай таралған? Балдырған журналы 2001 жыл.
- 4 Географиялық энциклопедия 1999 жыл.
- 5 Қазақ ұлттық энциклопедия 9- том Алматы 2007 жыл.
- 6 Ә. Б. Бірмағанбетов Қазақстан табиғатын зерттеудің негізгі кезендері Алматы 2001 ж.

- 7 География және табиғат журналы 2011 ж, №2, 3. 8.
 Фаламтордан: <http://www.referati.kz>, <http://thenews.kz>
 8 Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, 1997.
 9 Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс»
 баспасы, 2002 жыл. ISBN 9965-607-02-8
 10 Балалар Энциклопедиясы, 6 том.

АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІНДЕ ИППОТЕРАПИЯНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

КАЗАНГАПОВА А. К.
 8 сынып оқушысы, Малайсары ЖОББМ, Май ауданы
 КОЙЛЫБАЕВА А. Т.
 жетекші, биология пәнінің мұғалімі

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішүлі Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарыққа шыққанда «Әлемнің жеті кереметі» деген секілді өзіміз ауылдық жерде тұрғандықтан «Атқа міну мәдениеті» маған өте жақын тиді. «Ұлы даланың жеті қыры» бөлімдерінде атқа міну мәдениетінің енуде текетек емес. Себебі, біздің арғы ата бабамыздың көшпенділер дейтін әр қазақ баласы үшін атқа міну, жылқы үйрету, жылқы айдап, сапырып қымыз ішуден асқан дүние жоқ.

Қазақ халқында атқа міну мәдениеті дегеніміз- тарихымызда «жүйрік баптап, жорға міну» емес адамзат баласына қосылған ұлы дала мәдениеті. Зерттеушілеріміз «Ботай» қонысында жасалған қазба жұмыстары арқылы жылқы малының Қазақстан жерінде алғаш үйретілгенін дәлелдеген. Ертеден жылқы баптаған қазақтар жаһандық мәдениеттің дамуына үлес қосқан.

«Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі» дейді Нұрсұлтан Әбішүлі. Осы кезде Асқар Сүлейменовтің «Өзгелер маймылдан жаралса жаралған шығар, қазақ жылқыдан жаралған» дейтін сөзі еске түседі. Иә, қазақтың арғы-бергі тарихын саралап қарасаңыз ұйқысыз өтсе де, жылқысыз өтпегенін көруге болады. Дала тарихын ат тұяғының ізімен жазған көшпенділердің соңында Ботай, Берел, Есік секілді тарихи қорғандар қалды. Кешегі Геродоттың, Рубруктың, Страбонның, Марко Полоның жазбаларынан көшпенділердің ат жалындағы мәдениеті, ат жалындағы соғыс өнеріне жетіктігі, ат жалындағы рухани қазынасы қаншалықты тереңде, қаншалықты бай болғанын көреміз. «Жылқыны қолға үйрету

арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты», — дейді Елбасы мақаласында. Қазақ даласында қолға үйретілген жылқы жануары әлемдік өркениетті алға сүйрегені анық. Әсіресе ауыздық пен үзенгіні ойлап тапқан бабаларымыз әлемнің тізгіні мен тіреуішін қолына ұстады десек болады. Бұл туралы тарихтың атасы атанған әйгілі Геродот: «Олар ат үстінде де, жаяу да соғыса береді, соғыстың екі тәсілін де жетік меңгерген: садақпен және найзамен қаруланған, қарапайым қару мен айбалтаны да қолданады. Нұрсұлтан Назарбаев та өз мақаласында: «Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды» деп жазды. Иә, сан ғасырдан бері тақымынан тұлпары, қарынан құрығы, қолынан найзасы түспеген қазақты 18 ғасырдың соңында орыстың Ақ патшасы түсіруге талпынды. Тіпті бүгінде аңызға айналған II Екатерина айтты дейтін сөз көкейімізде сайрап тұр. «Қазақтарды атқа мінгізбендер. Олар атқа мінсе кімді болса да таптап кетуден тайынбайды» деген қатын патшаның қаймығуы орынды да еді. Себебі «Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі — батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі» еді. Ал әлем сахнасына атпен шыққан көшпенділер өркениетінен нәр алған бүгінгі еуропа адамбасты, жылқы денелі кентаврлардан бекер сескенбесе керек. Себебі де жоқ емес, бабаларымыз жылқы жануарының арқасында тізеліні бүктіріп, мойындыны иілткен. Тіпті, адамзат әлі күнге қуат күшін аттың күшімен есептейтіні тегін емес. Елбасы айтқандай, «біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз». Елбасы тұжырымдап отырған атқа міну мәдениетінің тағы бір көрінісі — адамзат өркениетіне киім кию мен ықшамдылықты алып келді. «Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша, кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды» дейді Елбасы. Демек, ауыздықтап ат мінген бабаларымыз адамзат тарихына өлшеусіз үлес қосып, өркениет көшін дамудың жаңа сатысына көтергенін байқау қиын емес. Атқа міну мәдениеті кешегі бабаларымыз

үшін әлемді аузына қаратқан айтулы оқиға болса, бүгін сол бабалардың ұрпағы аттың он-терісін ажырата алмайтын жағдайға жетті. Жоғарыда айтқан II Екатеринаның айтқаны айдай келіп, қазақ баласы «аттан түсті». Анығы түсірді! 300 жылдық патшалық сүргіннен әупіріммен аман қалған ұлттық руханияттың жұрнағы 70 жылдық кенестік езгіде ессіздікке айналды. Енді қазақ халқы үшін арғымаққа алтынды ер салып, төс айылды бос тартып, шап айылды берік тартып, екі тізгін, бір шылбырды қолға алып, атқа қонар сәт келді [1, 1–2 б.].

Атқа мінудің пайдасы

Қазақ халқының жанына жақын жануалардың бірі- жылқы. Ерте кезден ақ ата бабаларымыз баланы жас кезінен атқа мінуге дадыландырған. Атқа мініп қаншама батыр бабаларымыз елін қорғаған. Қыс кезінде аулыда бес жастағы баладын бастап атқа, тайға мініп қоян қуып, таза ертіп жүргенін көруге болады. Атқа отыра білуде үлкен өнер. Атқа мінген адамының көңіл күй көтеріліп, жаны жай табады. Жылқы биотогы адам денсаулығына үлкен әсер етеді. Адамның қан айналысын жақсартып, ас қорыту мен тыныс алауда жақсартады және ат үстіндегі адамның барлық дене бұлшық еттеріне массаж жасайды. Атқа мінуге баланың шымыр, өзіне сенімді болып өсуіне, бала батырлық рухын бойына сіңіруде үлкен рөл атқарған. Жылқының пайдасы адамды күйзелістен шығарып, көңіл- күйін көтереді. Атқа мініп серуендеу барысында денегі арттық салмақтан арылуға да болады. Ат үстінде отырған адам тепе- теңдікті сақтау үшін бойын жинақы ұстайды [2, 9 б.].

Иппотерапияның емдік қасиеттері

Атқа мініп серуендеу - көптеген елдерде балалардың сал ауыруына ең тиімді емдеу жолы болып табылатын осы атқа отыру арқылы- жаттығу қабылдау. Тиімді табиғи жаттығу- жылқы тернажері. Бұл жылқының емдік қасиетінің физикалық қыры болса, екіншісі – эмоционалдық сипатта. Оны көпжақты түсіндіруге болады. Мәселен, бала жаны жануарды жақсы көреді, онымен сөйлеседі, сырласады, салт ат жүргенде көңілі көтеріледі. Екіншіден, ат үстінде, биікте жүрген бала әлемге жоғарыдан қарайды, сол арқылы оны өз-өзіне деген сенімдігі артады. Ал дәрігерлердің айтуынша, сенім мен көтеріңкі көңіл күй – нәтижелі ем алудың ең басты шарты боп табылады. Жылқының екі емдік қасиеті бірлескенде бір бала сал аурын ғана емес, көптеген сырқатқа шипа. Олардың қатарында – тірек-қимыл аппараттарының, сөйлеу жүйесінің бұзылуы, психиканың баяу дамуы, Даун синдромы, аутизм, остеохондроз, простатит, склероз, артроз, құяң, омыртқаның

1-2 деңгейде майысуы, жүрек-қан тамыр аурулары, тіпті девианттық әрекеттерді де жатқызуға болады. Иппотерапия тірек-қимыл аппаратының бұзылысында, атеросклероз, бас сүйек жарақатында, полимиелитте, асқазан-ішек ауруларында, простатитте, ақыл-ой жетіспеушілігінде ұсынылады. Жылқы жануарының температурасы адамнан екі градусқа артық, оның да пайдасы бар. Сал ауруымен ауратын бала өздігімен аяғын баса алмайды, ол өзін салт атты адам сезінгенде бейне бір өз аяғымен жүріп бара жатқандай психоэмоционалдық тұрғыдан әсер алады. Жылқы жүрісінің тербелісі және артқа, алға шайқалу арқылы баланың тірек-қозғалыс жүйесіне әсер етуге болады.

Арғымақты ауыздықтап мінуге кімге болсын қанат бітіреді. Еркіндікті сезіндіреді. Қазақ еркіндікті ат үстінде сезінген. Еңбектеген сәтте қу шыбықты ат етіп ойнайтын қазақ баласы өсе келе шыбыққа жан бітірген. Ат үстінде рухы тасып, қайраты қалыптасқан. Ендеше, рухым биік, денім сау болсын десеңіз бабалар ізін жалғастырыңыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

ГАЗЕТТЕГІ МАҚАЛА:

1. «Ұлы даланың жеті қыры» // Егемен Қазақстан газеті 2018 жыл 21 қараша.

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1. «Қазақ жылқысының тарихы», Ахмет Токтабай, Алматы «кітап» баспасы.

«Қазақша мал атаулары», Ш. Жанәбілов, Алматы 1982 ж.

3. «Төрт түлік», Ж. Нұсқабайұлы, Қ. Қайым, Алматы «білім» баспасы 2006 ж.

ЖУРНАЛДАҒЫ МАҚАЛА

1. «Ислам әлемі» журналы №1 2002 ж.

2. «Қазақстан тарихы» әдістемелік құрал №11, 2012 ж.

3. Ұлттық тәрбие ел болашағы», М. Жоламанқызы, «Алдаспан» журналы №11-12, 2009 ж.

ОТКРЫТЫЙ КАЗАХСТАН

КАПЕНОВ Б. М.

ученик 11 класса, Областной многопрофильный лицей-интернат
для одаренных детей, г. Павлодар

ЕГІНБАЙ А. М.

ученик 10 класса, Областной многопрофильный лицей-интернат
для одаренных детей, г. Павлодар

ЗАГОРУЛЬКО С. Н.

руководитель, Областной многопрофильный лицей-интернат
для одаренных детей, г. Павлодар

Насколько хорошо вы знаете регион в котором проживаете? А есть ли у вас информация о нашей Республике в целом и по каждой области в отдельности?

С целью популяризации и расширения общественного сознания нами был создан ресурс «Открытый Казахстан», на котором собирается информация по каждой области нашей Республики.

На данный момент на сайте вы можете наблюдать краткое описание каждого региона, его основные центры и города. В рамках программы «Рухани жангыру» были отмечены исторические, сакральные объекты нашей Республики, с помощью которых можно заложить основу патриотизма и любви к родному краю. Работа проводится в сотрудничестве с региональным центром «Рухани жангыру», что позволяет получать актуальную информацию по изученным местам.

«У каждого народа, у каждой цивилизации есть святыне места, которые несут общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа» - Н. Назарбаев.

Сакральные объекты Казахстана имеют древнюю историю. Это культовые архитектурные сооружения, города, поселения, курганы, некрополи, святилища, наскальные рисунки и исторические ландшафты.

Особую популярность имеют культовые архитектурные памятники, как правило, лучше сохранившиеся до наших дней и более почитаемые.

Наряду с известными сакральными объектами, вошедшими в историческую и археологическую науку, появляются новые - религиозные памятники и святыне места.

Объектами паломничества также становятся и памятники архитектуры, имеющие историческое, научное и художественное значение. Обладая правом неприкосновенности, они не подвергаются

вмешательству; а многие из них - культовые сооружения. Но стоит отличать их от вновь возникших сакрализованных мест, определяя наличие историко-художественной ценности.

В годы независимости, когда появилась возможность вернуть забытые имена легендарных предков, изменилось общественное сознание. Религиозный туризм разрастается, вовлекая в свою орбиту всё новые регионы. В связи с назревшим вопросом определения сакральных объектов Казахстана учёные работают над систематизацией сакральных мест по всей стране. Такое распределение будет препятствовать распространению шарлатанства в области историко-культурного наследия и проявлению на этой почве религиозного экстремизма.

Систематизация сакральных объектов на основе определённых критериев позволит выработать механизм историко-культурной экспертизы природных и других сакральных мест.

Сакральные места на примере Павлодарской области

На сегодняшний день по Павлодарской области сформирован список сакральных мест из 78 объектов, из них 5 объектов вошли в республиканский список сакральных мест.

Духовные святыни Павлодарской области, вошедшие в список сакральных объектов Казахстана общенационального значения

Таблица 1 – Список сакральных объектов Павлодарской области

№	Наименование сакральных объектов	Место расположение
1	Городище Акколь - Жайылма	Экибастузский сельский округ Нижнее течение рек Оленты и Шидерты
2	Мавзолей Исабек хазрета	Экибастузский сельский округ местность Аккөл-Жайылма
3	Мавзолей Машхур - Жусупа Копеева	Баянаульский район Село Жанажол Местность Ескелди
4	Пещера Коныр аулие	Баянаульский район Село Торайгыр
5	Место захоронения Жасыбая Омирулы	Баянаульский район
6	Горы Калмаккырган	Майский район Село Акшиман
7	Пещера Кулан аулие	Баянаульский район Кызылтауский сельский округ
8	Озеро Жалаулы	Граница Иртышского и Актогайского районов
9	Озеро Малыбай	Лебяжинский район Аул Малыбай
10	Сакские курганы Торайгыр	Баянаульский район Берег озера Торайгыр

11	Петроглифы пещеры Драверта	Баянаульский район
12	Олентинские петроглифы	Город Экибастуз Река Оленты
13	Погребальный комплекс эпохи бронзы на Сабындыколе	Баянаульский район
14	Археологический комплекс Аулиеколь	Экибастузская сельская зона Село Каражар
15	Петроглифы Акбидайык	Поселок Майкаин Экибастузский район
16	Родник Аулиебулак	Баянаульский район Торайгыровский сельский округ
17	Мавзолей Таймас аулие	Иртышский район Село Шубарат
18	Мавзолей Габдул-Уахита Хазрета	Щербактинский район Село Арбиген
19	Место захоронения Нургали хазрета	Павлодарский район Село Айтим
20	Место захоронения Акбалык хазрета	Река Тундик Местность Шынырау около горы Сарытау
21	Мавзолей Укибай бия	Баянауыл ауданы Көкломбак ауылы
22	Место захоронения Караман абыза	Баянаульский район Село Жанатлек
23	Аулиебулак (Место святых Акбура)	Баянаульский район
24	Местность Абылай , Местность Найза	Майский район Село Басколь
25	Археологический памятник Кемпиртас	Баянаульский район Село Торайгыр
26	Калбасунская башня	Майский район Село Кызыл-Енбек
27	Место захоронения Тугел батыра	Иртышский район Село Кызыл Агаш
28	Место захоронения Жазы батыра	Иртышский район Село Кызыл Агаш
29	Место захоронения Сырымбет батыра	Павлодарский район Шакацкий сельский округ Село Маралды
30	«Сөретас» Казыбек бия в горах Далба	Баянаульский район Село Мурынтал Далбинский горы
31	Место захоронения Казангап бия	Аксуский район Село Жолкудык
32	Место захоронения Муса Шорманулы	Баянаульский район Сатбаевский сельский округ Село Тендык
33	Место захоронения Акына Жарылгапберды Жумабайулы	Баянаульский район Село Куркели
34	Мавзолей Султанмахмута Торайгырова	Баянаульский район Село Торайгыр
35	Место захоронения Жаяу Мусы	Баянаульский район Село Мурынтал
36	Место захоронения акын Естая	Актогайский район Село Естай
37	Место захоронения геолога Косыма Пшембаева	Баянаульский район Куркелинский сельский округ Село Ж. Шанина
38	Место захоронения Умут апа	Павлодарский район Село Березовка
39	Памятник жертвам голодомора	Город Павлодар
40	Мемориал памяти жертв политических репрессий	Город Павлодар на углу улиц Каирбаева-Астана
41	«Мәңгілік алау» и «Данк» - памятник, посвященный защитникам Отечества	Город Павлодар между улицами Каирбекова, Бектурова и Кривенко

Сайт разработан на языке разметки HTML5, имеет удобную навигацию и адаптивный дизайн.



Рисунок 1 – Главная страница

В данный момент представлена информация на казахском и русском языках, ведется перевод на английский, что позволит нам расширить аудиторию. Он выложен в свободный доступ на домен лица, что позволяет нам своевременно наполнять и обновлять информацию.




Рисунок 2 – Регистрация ресурса

Видеоматериалы собраны из источников с открытым доступом, что позволяет более широко раскрывать тему сакральной географии.

Телеканалом Хабар 24 был разработан интересный телепроект «Большая страна», который не остался нами незамеченным. Так

был добавлен видео раздел, где представлена важная информация, касающаяся обзора священных, сакральных мест.



Рисунок 3 – Пример реализации воспроизведения видеофайлов

Информация на данном ресурсе представлена по каждой области в отдельности. На странице области имеется краткий видеобзор, информация по региону, а также описание сакральных мест.



Рисунок 4 – Павлодарская область

Сбор информации по сакральным местам производился путем отбора материалов из открытых официальных источников, а также при сотрудничестве с региональным центром «Рухани жанғыру», что позволяет получать актуальную информацию по изученным местам.



Рисунок 5 – Сакральное место

Отдельно был введен раздел «Путеводитель», в котором вы можете ознакомиться с регионами благодаря интересным видеобзорам, а также получить такую полезную справочную информацию как телефоны вокзалов, аэропортов, гостиниц по каждой области.



Рисунок 6 – Полезная информация

Опираясь на выступление Главы нашего государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» был создан данный актуальный проект.

У каждого народа, у каждой цивилизации есть святыне места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа.

Это одно из оснований духовной традиции. Для Казахстана это особенно важно.

Внутренний и внешний культурный туризм должен опираться на это символическое наследие народа. В данный момент идет наполнение

сайта собранной информацией. Организовываются выезды школьников в сакральные места. Полученные данные обрабатываются и в скором времени появятся на нашем ресурсе. Планируется сотрудничество с туристическими агентствами нашей страны для освещения популярных маршрутов отдыха как для жителей нашей Республики, так и для поднятия уровня международного туризма.

Мы считаем, что данный ресурс будет полезен всем, так как имеет актуальную информацию, собранную и обработанную локально на одном сайте.

ЛИТЕРАТУРА

ЭЛЕКТРОННЫЙ РЕСУРС:

- 1 Официальный сайт «Рухани жанғыру» [Электронный ресурс]. - URL: <http://ruh.kz>
- 2 Официальный сайт Президента Республики Казахстан [Электронный ресурс]. –
- 3 URL: http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy_gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАСТАРҒА РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

КИСИНА Г. А.

11 сынып оқушысы, Қараоба ЖОББМ,

Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

КЕТИКОВА Ж. Т.

жетекші

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді» деп айтқан болатын [5, 1 б.]. Бүгінде атқа міну мәдениетінің ежелгі Қазақ даласында пайда болғандығын және Қазақстан жабайы жылқыны қолға үйреткен басты аймақ қатарына жататынын әлем ғалымдары мойындаған. Қазақтар тарих сахнасына атпен шықты, ат әрдайым олардың адал досы және киесі болды. Соның көмегімен олар күнделікті тұрмыс қам-қаракетіндегі

және жорықтардағы қандай да болмасын қиындықтарды жеңе алды. Ұлы Омар Хайям түркілердің билеушісі Афрасиабтың сөзін келтіреді: «Аспанда ай қандай маңызды болса, адам үшін ат та сондай маңызды». Аттың адам өмірінде алатын орнын Махмұд Қашғари: «Ат – түріктің қанаты», – деп бейнелейді. Жылқыны қолға үйрету әлемді дүр сілкіндірген жаңалық болды. Адамның жылқыны қолға үйретіп, оны ерттеп мініп, көлік ретінде пайдаланғаны адамзат өмірінде үлкен өзгеріс жасады. Үйретілген жылқының көмегімен адамдар құрлықтар мен кеңістіктерді игерді.

Ел мен ел арасын ашқан жылқы,

Ел мен ел арасын қосқан жылқы, – деп айтылатын қазақ мәтелінде жылқының дипломатиялық қарым-қатынастардағы рөлін көреміз.

Жылқыны қолға үйрету барысында бабаларымыз қаншама дүниелерді ойлап тапқан. «Ауыздық» жылқыны бағындырудың белгісі болса, «үзеңгі» ат үстінен садақ ату мүмкіндігіне жетудің нақты белгісі. Біз дайын дүниеге ие болғаннан кейін, оның жасалу жолдары туралы терең ойлана бермейміз. Ал сол кездегі өлшем бойынша, ол – үлкен арифметика. Металл өндіретін зауыты жоқ, фабрикасы жоқ заманда ондай нәрсені ойлап табу, жасау сол заман үшін ақыл-білімнің шыңы десе болғандай. Арбаның дөңгелегін ойлап табуы, әлемдегі барлық өркениетке негіз болған «механика» ілімінің басы десе де болады.

Жылқының қадір-қасиетін, мінез-құлқын, түр-түсін, барлық болмысын қазақ халқынан артық білетін халық кемде кем. Бетеге, тарлау боз, балауса секілді шөптің асылын жеп, судың тұнығын ішкен, аптап ыстыққа күйіп, қарлы боранға қарылып шыныққан дала жылқысы таза, кірпияз болып өседі. Ғасырлар бойы жылқының етін жеп, қымызын ішкен қазақ халқы өзін «жылқы мінезді халықпыз» дейді. Қазақтарды «жылқы текті» деп айтудың бір себебі, текті жылқылар қан араластырмайды. Халқымыздың жылқыдан алған бұл қасиеті арқылы жеті атаға дейін қан араластырмау салты қалыптасты.

Аталарымыз өз байрақтарына тоғыз ақ айғырдың құйрығынан алынған тоғыз түп қыл байлаған. Егеменді еліміздің Елтаңбасындағы қанатты пырақтың бейнеленуі де тегін емес. Қазақ жерінен табылған археологиялық бұйымдардан қанатты аттың бейнесінің кездесуі қазақ жерін мекендеген ежелгі тайпалардың діни дүниетанымында «қанатты ат» образының тарихи дәуірлерден жалғасын тауып келе жатқандығын көрсетеді. Қанаты бар салт аттыны көрсететін Алматы облысындағы Теңдік қорғанынан табылған алтын бұйымдар, Қарғалы шатқалынан табылған «қанатты атты» көлік етіп мінген

әйел образы. Есік қорғанынан табылған қанатты және мүйізді аттар бейнесі дәлелдей түседі [3, 251 б.].

Жылқы – қазақ халық өнерінің басты бір тұлғасы. Оның жүрісі мен дүбірі – ән мен күйде, екпіні – эпоста, кескін-келбеті – бейнелеу өнерінде бедерленіп отырған. Жылқының қадір – қасиеті туралы жазылған шығармалар - рухани мәдениетіміздің негізгі өзегінің бірі. Мысалы: І. Жансүгіровтың «Құлагер», Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», Қ. Жұмаділовтың «Сәйгүліктер», С. Сейфуллиннің «Қызыл ат» сияқты көркем шығармалары, «Маңмаңгер», «Ақ бақай», «Қара жорға» тәрізді әндермен қоса «Телқоңыр», «Қос күрен», «Көк дөнен» күйлері қасиетті жылқы түлегіне арналған. Деректерге сүйенсек, жылқыға байланысты 38 ән, 89 күй, 4 би бар [6, 357 б.]. «Ер қанаты - ат» - деген қазақ мақалы тегін айтылмаған. Ер қорғаған батырлардың аттары иелерімен бірге халық жадында сақталып қалған. Мәселен, Қобыландының Тайбурылын, Ер Тарғынның Бозтарланын, Алпамыстың Байшұбарын, Исатайдың Ақтабанын, Махамбеттің Тарланын, Ақансерінің Құлагерін, Қабанбайдың Қубасын, Бөгенбайдың Нарқызылын, Кенесарының Кертайлағын, Наурызбайдың Ақауызын айтуға болады. Көптеген елдерде әр түрлі жан – жануарларға қойылған ескерткіштер бар. Солардың бірі - қазақ халқының жылқыға деген құрметін көрсететін, олимпиада чемпионы «Абсентке» қойылған ескерткіш.

Қазіргі кезде жастарға рухани тәрбие берудің бірден – бір жолы – атқа міну мәдениетін меңгерту, оны қайта жаңғырту. Атқа мінген қазақ баласының бойына желік кіріп, рухы көтеріледі. Атқа міну мәдениетін отбасынан, бала тәрбиесінен бастау керек. Қазақта дүниеге ұл бала келсе, «ат ұстарым» келді деп айтады. Ұл баланың кіндігін «ат құлағында ойнасын» деген тілекпен, аттың жалына байлап қоятын дағды бар. Баланы бесікке саларда «Тақымынан тұлпар кетпесін, бәйге бермес шабандоз болсын» деген тілек айтады. Бесіктен белі шыққан баланы ең алдымен аттың алдына алып үйретсе, бірте-бірте артына мінгестірген. Алғашқысында тізгінге жармасса, кейінгісінде жүргізем деп тебінеді. Сәби үш жасқа толғанда атқа мінгізу тойы өткізілген. Ол үшін балаға ашамай дайындаған. Ашамай – кішкентай ер ағаш. Баланың мінетін атына да шарт қойылған. Ол жуас, әрі жүрісі жайлы, сыр-сымбаты жарасқан болуы керек. Сондай-ақ оның жас шамасы баланың өзімен шамалас құнан не дөнен болуы да қадағаланған. Таңдалған ат жабулап, үкілеп сәнделген.

Мықтап тарт ашамайдың қолтырмашын,

Жас бала жол үстінде болдырмасын, – деп ниет етіп, баланы атқа мінгізу міндеті ата-анасының таңдауымен ырымдап, аты шыққан шабандоз, желтақым, санлақ жігіттердің біріне жүктелген. Ашамайға отырғызып, ат жалын тартқызу – азаматтықтың бастауына ізгі жол салу. Туған баласын түліктің төліне теңеу де көшпенділерге, әсіресе, қазаққа тән қасиет. Ата-ана баласын «кұлыным», «кұлыншағым» деп еркелетіп, оның томпаң қағып, зыр жүгірген жүрісін «кұлындай құлдырандады» деп бейнелейді [8, 76 б.].

Қазақ халқында ежелден ерлермен қатар қыз бала мен әйелдердің атқа міну мәдениетінің ерекше дәстүрі қалыптасты. Қазақстанның қай жері болмасын әйел ерін жасауға үлкен мән берген. Әрі ер-тоқым ұзатылдар қыз жасауының басты бөлігі болды. Ұзатылдар қыз үшін ата-анасы аты шыққан ерші-ұсталарға, зергерлерге тапсырыс берген. Әйел ері қашанда сүйегі ауыр, әшекейі мол болып жасалатын. Ұзатылдар қызды ең таңдаулы атқа мінгізіп ұзатқан.

Жылқы болмысын терең зерделеген қазақ халқының салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, мәдениеті мен өнерінде жылқы ерекше орын алады. Өздерінің барлық болмысын, тұрмыс-тіршілігін жылқыға байланысты сөз тіркесі мен афоризмдермен, философиялық көзқарастармен байланыстырып отырған. Мысалы: бір ауылда бірге өскен құрдастарды «Тай құлындай тебісіп бірге өскен» деп жеткізсе, бір әулеттен тараған адамдардың бәрі бірдей атақты батыр немесе ақын болмайтындығын «Аттың бәрі тұлпар болмас, құстың бәрі сұңқар болмас» - деген жолдармен бейнелеген. Ұрпақ жалғастығын «Ат тұяғын тай басар», балаң бар ма дегенді «Ат ұстарын», немесе «Ат байларың» бар ма деген сөздермен жеткізе білген. Жылқының «Еті – шекер, сүті – бал» деген. Мәшһүр Жүсіп «Қазақ жылқыны жаным дейді, қымызды қаным дейді», - деп текке айтпаған.

Түп-негізіне келер болсақ, жылқы өсіру, ат баптау, сәйгүлік жарату - үлкен мәдениет. Еуропаға зер салайық. Ұлыбритания, Франция елдерінде ат жарыстарын тамашалауға миллиондаған адамдар жиналады. Сырт елден келген мәдениет болса да, соны көздің қарашығындай сақтап, үкілеп, биікке көтеріп, күллі әлемді тамсандырып, бекзат өнерге айналдырды. Ал біз қазір, өкінішке орай, атқа мінбейтін, атқа құмартпайтын ұлтқа айналып бара жатырмыз. Қалалық мәдениетке бой ұрған соң, далалық салтты ұмытып, далалық дүниетанымнан қол үзе бастағанымыз шындық. Бүгінде аттан гөрі «темір тұлпар» деген сөз сәнге айналды. Бәйгені тамашалауға асыққан жастарды көрмейсің. Көкпарға қаны қызып, көкпаршы боламын

деген жастар да азын-аулақ. Тіпті, атқа қай жағынан мінуді білмейтін жастарымыз көбейді. Ұлттық ат спортының түрлері көп болғанымен, қазіргі кезде оның көбісі ұмыт бола бастады. Қазақтың қымызын басқа елдер біздікі деп пайдаланып кетті. Ал көкпарды қырғыздар ұлттық ойынымыз деп өз бауырына басуда.

Қазіргі таңда араб, ағылшын, түрікмен т.б. жылқы тұқымдары туралы жан-жақты ақпарат бар. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ жылқысының сан ғасырлық тарихы, оның дәстүрлі мәдениеттегі рөлі аз зерттелген. Қазақстанның өз ішіндегі күнделікті баспасөзде көп жазылғанмен, әлемдік аренада айтылмайды, насихатталмайды. Өкінішке орай, қазақтар Кеңес заманында жылқыдан шеттеліп, жатсынып қалды. Кезінде Қазақ өлкелік Комитетінің бірінші хатшысы болған Голощекин «Ең бірінші қазақтарды жылқысынан айыру керек, сонда олардан жуас, бейшара халық болмайды», - деген екен. Осы саясаттың кесірінен 1928 жылы 3 млн. 616 мың жылқыдан 1932 жылы 710 мыңы ғана қалды. Сөйтіп ат жалында өскен халық өз рухынан айрылып, қызыл империяның боданына айналды [7, 24 б.].

Бүгінгі таңда, рухани жаңғыруымыз үшін жылқы туралы ақпаратты халық арасында мейлінше кең насихаттау қажеттілігі туып отыр. Елбасы көрсеткен «Ұлы даланың жеті қырының» бірі – атқа міну мәдениетіне баса назар аударып, жылқының ұлттық бренд екенін дәлелдеуіміз қажет. Ұлттық рухымызды көтереміз десек, ата-бабаларымыздың жан серігі болған жылқының қадірін жас ұрпаққа түсіндіру керек. Мектеп оқушыларына ат спорты егжейлі-тегжейлі таныстыратын экскурсияларды ұйымдастыру, оларды ат әбзелдері жасалатын шеберханаларға апару, жылқы шаруашылықтарының жұмыстарымен таныстыру, ат спортына үйрету сынды жұмыстардан хабардар ету керек. Мәселен, оқушылардың жазғы демалысында жазғы лагерьлер ұйымдастырылып, онда әр бала атқа мінуді, ат ерттеуді үйренсе, асаудың қалай үйретілетінін көрсе, бәйге аттарының қалайша бапталатынын білсе, сонда жастардың атқа деген қызығушылығы оянар еді. Атқа мінудің денсаулыққа қаншалықты пайдасы бар екенін медицина ғалымдары да дәлелдеді. Қазіргі кезеңде сал ауруына ұшыраған балаларды жылқының көмегімен емдеу, яғни иппотерапия Германия, Ұлыбритания, Франция сияқты елдерде қолға алынуда. Ал біздің елімізде жылқымен емдеу бар болғанымен, әлі де кеңінен қолданылмайды.

Қорыта айтқанда, атқа міну мәдениетін жете меңгеру - ұлттық сана-сезімімізді сергітер, жасыған жадымызды серпілтер,

тектілігімізбен табыстырар тағылымның ең қуатты рухани құралы. Жастарға рухани тәрбие берудің бірден-бір жолы - ата кәсібіміз жылқы шаруашылығын өркендетіп, атқа міну мәдениетін қайта жаңғырту. Себебі, аттың жалын тартып мінген, үзеңгіге табан тіреген жас ұрпақтың айбары асқақ, рухы биік болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бәмішұлы Б. Жылқы және қазақ рухы //Мінбер. 17 қаңтар 2010 ж. [Электрондық ресурс] - <http://www.minber.kz/2010/01/17>.
- 2 Жоламанқызы М. Ұлттық тәрбие - ел болашағы //Алдаспан. - №11. - 2009. - 6 б.
- 3 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы- Дайк –Пресс: Алматы, 2004. – 495 б.
- 4 Мұхтарұлы Б. Арғымақ - Алматы, 2017. - 208 б.
- 5 Назарбаев Н. Ә. Ұлы Даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. 21 қараша 2018 жыл (№ 195). – 1 б.
- 6 Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы - Алматыкітап: Алматы, 2010. – 596 б.
- 7 Тоқтабай А. Түркі халықтарының жылқы мәдениеті - Ғылым: Астана, 2016. – 380 б.
- 8 Тоқтабай А. Төрт түліктің қасиеті (қазақтың мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптары). - ҚазБаспа-КТ: Семей, 2005. - 192 б.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ. АҢ СТИЛІ

МҰЗАФАР Д. Ә., ТУГЕЛЬБАЕВА А. Е.
7 сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
БЕЙСЕНБЕКОВА А. С.
жетекші, тарих пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Біздің заманызға дейін I мыңжылдықта Еуразия далаларында ертедегі көшпелілердің мәдениеті қалыптасып, олардың жекелеген орталықтары ерекшеленді. Олар: Қара теңіз жағалаулары, Солтүстік Кавказ, Арал маңы (Түгіскен; Үйғарак), Орталық Қазақстан (Тасмола), Жетісу, Шығыс Қазақстан, Минусинск шұңқыры, Тува, Монғолия және Ордос. Аталған аумақтарда материалдық және рухани мәдениеті ұқсас бірлестіктер қалыптасты.

Олардың ортақ белгілері ат әбзелдерінде, қару-жарақта және «аң стилінде» болған. XX ғасырдың басында зерттеушілер мұны

скиф үштігі (үштағаны) деп атады. Еуразия далаларындағы скиф-сақ-сібір әлемі мынадай факторларымен ерекшеленді:

- 1 аталған облыстардың, аумақтардың жақындасуымен;
- 2 әлеуметтік-экономикалық негізгі нышандарымен;
- 3 даладағы тұрақты сауда, мәдени және саяси байланыстарымен;
- 4 ортақ мәдени дүниетанымдарымен;
- 5 Ежелгі Грекия, Ахманид парсылары Қытай әлеміне қарсы далалық аумаққа айналуымен.

Сақ заманында «аң стилі» деп аталынған бейнелеу өнері кең тарады. Еуразияның далалық тұрғындарының ат-өбзелдерінде, қару-жарақтарында, тұрмыстық және табыну заттарында зооморфтық аң бейнесі көрініс тапты. «Аң стилі» - мазмұны жағынан мифологиялық, өнер, яғни діни-наным сипатында болды. Жануарлар мен құстардың бейнелері, көбінесе жыртқыштар мен тұяқты жануарлар олардың тұрмыста қолданған заттарында бейнеленді. «Аң стилі» сәндік сипатта да қолданылды

«Аң стилін» 3 кезеңге бөлуге болады:

1 Біздің заманызға дейін VIII-VII ғасырларда - архаикалық кезең: жануарлардың өзара үйлесімділігін сақтамай, қозғалмайтын бейнеде кескінделуі;

2 Біздің заманызға дейін VI-IV ғасырларда - классикалық кезең: жануарлардың өзара үйлесімділігін сақтап, қозғалыста, реалистік түрде бейнеленуі;

3 Біздің заманызға дейін III-I ғасырларда - біртіндеп құлдырау кезеңі: жануарлардың сұлбасын бейнелеу, жекелеген элементтердің өрнекке ауысуы (құстың тұмсығы, мүйізі және т.б.).

«Аң стилі» белгілі бір діни наным-сенімге байланысты ұғымды білдірді. Жыртқыш жануарлар мен құстардың бейнелері қару-жарақтарға немесе атқа ерекше күш беретін тұмар ретінде қолданылды. Жануарлардың жекелеген бейнелерінен басқа олардың топтасқан (синкретикалық) бейнелері де кездеседі. Бұл бейнелер киелі, рәміздік мағына береді. Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» бас киімі жылқы, құс, таутеке, барыс, т.б. топтасқан бейнесінде алтын қапсырмалармен әшекейленген. Осындай топтасқан бейнелерді зерттеу темір дәуірі көшпелілерінің идеологиясы мен діни түсініктері туралы мағлұмат береді.

Кешенде біздің ата-бабаларымыздың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі - «аң стилі» өнері туындылары берілген. Дала өркениетінің адамзат дамуына қосқан теңдессіз үлесінің бірі сақ-бабаларымыздың қолынан

шыққан аң стиліндегі жауһарлар болып табылады. Кіреберіс есіктер сақ дәуіріне жататын Шілікті, Берел ескерткіштерінен табылған алтын бұйымдардың айшықты кескіндерімен көркемделген. Бұл нақыштар сақтардың аң стилі негізінде жасалған әшекей бұйымдары түрінде ертедегі ата-бабаларымыздың таңғажайып зергерлік өнерінің ең озық көркем үлгілерін паш етумен шектелмей, сонымен қатар олардың рухани-дүниетанымдық көкжиегінің Ұлы даладай кеңдігінен тылсым сыр шертеді.

Сақтар дәуіріндегі зергерлік бұйымдар мен түркі-қимақ дәуіріндегі зергерлік бұйымдар және түркі-қимақ дәуіріндегі бұйымдар көшірмелері (ат-өбзелдері, зергерлік бұйымдар) залда арнайы витриналардан шұғыла шашып тұр. Сақ-скиф шеберлерінің асқан шеберлігі жайында металды өңдеудегі көптеген әдістерді қолдануы мағлұмат береді. Олардың арасында - құйылмалы әдіс, қалыптау, нақыштау, соғу, металмен жалату, бедерлеу сынды әдістері бар. Металды көркемдеп өңдеуде көптеген әдістерді кеңінен пайдалануы шеберлердің өздерінің бұйымдарының түпқұсқалық бейнемен ұқсастыру үшін қолданылды. Шеберлердің табиғилыққа ұмтылуымен бірге алдыңғыазиялық өнердің сюжеттерін пайдалануда кең таралған фантастикалық бейнелерді қолданған. Ал тұяқты жануарларға келетін болсақ, оларға жатқан немесе түрегеп тұрған кейіп тән болып келеді. Кейбір жануарлардың төрт аяқтары да бүгулі болуына байланысты түсініктердің қарама-қайшы келуі орын алууда.

Аң стилінің сақ-скифтік торевтикасының жалпы сипаттамасы осындай болып келеді. Киімдер, ат-өбзелдердегі, діни, наным-сенім заттарындағы және қару-жарақтағы «зооморфтық торевтика» заттардың мән-мағынасын түсіндіру үшін жасалған. Бұралып жасалған жануар бейнесі торевтика және жұмсақ материалдан жасалған бұйымдарға да тән болып келеді. Былғары мүсіндерде шеберлер жануарлар денесінің кейбір бөліктерін, табиғилық пен нақтылықты айқындауда керек болды. Мұндай жағдайда олар сырмен бояу әдісін немесе ойып жасау әдісін қолданған. Нүкте, үтір, жарты ай, жарты таға, үшбұрыш түріндегі стильдеп жасалған бұйымдар боялып немесе ойып жасалды.

Сақ-скиф аң стилінің туындылары ерте көшпелілердің көптүрлі және өзіндік өнерінің айырықша белгісі болып саналады. Себебі, бұл терминнің астарында б.з.д. I мыңжылдықта Еуразия жазирасында көшіп-қонып жүрген, Алдыңғы Азияның дамыған елдеріне басып кіріп отырған, Қара теңіз жағалауындағы грек отарларымен байланыс жүргізген көптеген ру-тайпалардың аң стилі, көптеген

өзіне тән ерекшеліктерімен қатар басқа да айырмашылықтарға ие болады. Көшпелі тайпалардың өнердегі жалпы ұқсастықтары ең алдымен олардың мәдениеттерінің дамуындағы бірдеңгейлігі, әлеуметтік тұрмыс жағдайының, діни-мифологиялық түсініктерінің ұқсастығымен түсіндіріледі. Алайда, ерте көшпелілер алып отырған алып кеңістік, жақындықта немесе керісінше әлемдік мәдени ошақтан қашықтықта болуы, көршілермен байланыста болуы немесе кей-кезде оқшаулануы біршама ұғымдық, бейнелік айырмашылықтарды енгізді.

Ерте көшпелі тайпалардың аң стилінің жалпы белгілері болып, ең алдымен бейнелердің себеп-салдары болады. Ежелгі шеберлер көп жағдайда жыртқыштардың тұяқты жануарларды жаралау сәтін және одан басқа кездерін бейнелеген. Солардың ішінде кең таралғаны марал, жолбарыс, арқар, барыс, бұлан, жылқы, жыртқыш құстар болса, сирек кездесетіні қабан мен ақбөкеннің және өте сирек балық пен аюдың бейнелері.

Сақ-скиф аң стиліне алдыңғазиялық кейбір сарындардың болуы, оның ішінде қиял-ғажайып жануарлардың болуы да тән. Ерекше бейнелердің бірі арыстан бейнесі болып табылады, себебі суретшілер күнделікті бұл жануарды бақылап, біле алмаған. Алайда, олар шынайы өмірмен ұштасатын, ұқсастықтары жанасатын белгілерін алып, оның өзі оған айырықша белгісін - бейненің шынайылығын шартты түрде белгіледі. Осы мақсатқа ие болу үшін, шеберлер тұла бойды ерекше бұрап жасау әдісін қолданған. Мұндай жануарлардың бейнелері сақ-скиф өнерінің өзіндік төсбелгісіне айналды. Ақсүйек өкілдерінің қабірінен жануарлардың біршама саны, көсем денелеріндегі татуировкалар, ерекше басымдық белгі ретінде, жануарлардың арнайы костюмде, қару-жарақта, ат әбзелдерінде бейнеленуі сақ-скиф өнерінің, нақтырақ айтсақ аң стилінің ерте көшпелілердің діни-мифологиялық түсініктерімен, ежелгі тотемизммен байланысы бар деген пікірді қалыптастырады.

Аң стилімен апталаған б.з.д. VIII-VII ғасырлармен мерзімделетін Шілікті «Алтын адамы» біздің кафедраның профессоры Ө. Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен қазылған болатын. Шілікті қорымының Бәйгетөбе обасынан барлығы 4303 дана алтын заттар табылды. Оның 153 данасы мәлінің маскасы бейнесінде, 36 данасы бүркіт-самұрұқ, 20 данасы бұғылар, 39 данасы қасқыр (аю) түрінде, бір түйме-қаптырма бесжұлдыз, бір қаптырма арқар бейнесінде. Сол жәдігерлердің композицияға қойылған көшірмелеріне сипаттама бере кетейік.

Мәлін бейнесіндегі қаптырма. Бұл өзінің композициясы жағынан өте күрделі әшекей. Бұл затта үш тұрық, үш мағына бар. Әшекей алыстан қарағанда мәлін (мысық) тектес жыртқыштың бет бейнесін елестетеді. Ал енді әшекейге жақыннан үніліп қараса оның бір-біріне тұмсығын түйістіріп, беті мен мүйізі анық көрініп тұрған екі таутекенің бейнесінен құралғандығын байқауға болады. Таутекелердің көзіне, тұмсығына, аузы мен құлағына көк ақық тас (бирюза) орнатылған. Ал енді осы құйма алтыннан жасалған әшекей затты бір қырынан қарасаңыз тура қалықтап ұшып келе жатқан алып құсты елестетеді. Бұл әшекей сақ-скиф өнер бұйымдарында бұрын соңды кездеспеген.

«Бұғылар» деп аталатын әшекейлер, құйма. Әшекейдің тінін екі бұғының мойыны, басы және мүйіздері құрайды. Екі бұғы мойынымен бір-бірімен жымдасып кеткен, бастары екі жаққа қарап тұр, бірақ тағы да өзара жымдасып қосылып кеткен мүйіздері бір композиция құрап тұр, бейне бір мөуелі талдың бұтақтары сияқты. Бұғылардың ауызы, мұрыны, құлағы көк ақық таспен безендірілген. Әшекейдің артқы жағында үш түймелігі бар. Бұған ұқсас, екі бұғының мүйіз түйістіріп тұрған бейнесіндегі алтын әшекей кезінде Жетісудан табылған Жалаулы көмбесінде кездескен.

Бүркіт түріндегі әшекей-қаптырма. Қанатын жайып-қомдап, мойынын ішіне алған бүркітті елестетеді. Тұмсығының үсті дөңестеу. Көздері дөңгелек, үлкен. Денесінің үстіңгі жағы және қанаты мөлшермен жалпы ұқсастырылып ғана бейнеленген, ол томпайып келіп, сүйірленіп бітеді. Жыртқыш құстың денесінің төменгі жағы, аяғы, құйрығы, тырнақтары да нобайланып қана берілген. Зер сала қараған кісі құстың аяғын шағып жатқан жыланның басын, денесін көреді. Жыланның иірілген денесі бір жағынан құстың бауыр жақ бөлігін де құрап тұр.

Қасқыр түріндегі әшекейлер. Бұл әшекейде жыртқыш хайуанаттың шақалақ баласы бейнеленген. Көне заман зергері бұл бейнені жасап жатып нені ойлады екен?! Басы, тұмсығы жаңа ғана туған қасқырдың күшігінікіне ұқсайды. Ал енді жалпы денесінің бітімі, табаны, құйрығы аюдың қонжығына ұқсайды. Жалпы сақ-скифтердің бейнелеу өнерінде қасқыр мен аюдың бейнесін бір-біріне ұқсатып жасау, кейде осы екі жыртқыштың қасиеттерін ұштастыру кездесетін жағдай.

Бұл жәдігерлер көрмеге қойылған аңдық стильдегі өнер туындылары көшірмелерінің бір парасы ғана. Бұдан басқа Берел қорымы, Аралтөбе, Таксай ескерткіштерінен табылған заттар да қойылған. Қорытындылай келе, ұлан ғайыр Ұлы даланың

көшпелілер өркениеті әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен қалдырған мұрасы ұшан теңіз.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында «Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды» деп атап өткеніндей атап стилі айрықша жоғары өндірістік тәжірибе болған. Әлемдік өркениеттегі биік белестердің бірі болып саналатын «аң стилі» феноменін барша әлемге паш ету бүгінгі ұрпақ – біздің қолымызда, сондықтан өскелең ұрпақтың негізгі міндеттерін естен шығармауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. - Алматы: Атамұра, 2010. - 153.

2 Аң стилі - сақтардан қалған асыл мұрамыз 15 желтоқсан, 2018 жыл. Электрондық ресурс. https://www.inform.kz/kz/gani-omarov-ang-stili-saktardan-kalghan-asyi-muramyuz_a3478284.

3 Акишев К. А., Кушыев Г. А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, - Алматы, 1963 – 210 с.

4 Артамонов М. И., Сокровища саков, - Москва, 1973 – 168 с.

5 Акишев А. К., Искусство и мифология саков, А. - Алматы, 1984 – 267 с.

ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРТЕКЕНІҢ ОРНЫ ЖӘНЕ ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯСЫ

РАХМЕТ А. М.

7 сынып оқушысы,

ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

КУСАИНОВ И. А.

8 сынып оқушысы,

ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

АХМЕТОВ Д. К., МАҚСАТХАН А.

жетекшілері

Ұлт тәрбиесінің басты құралы - өнер. Оқушыларға тәрбиелік мәні бар халықтық мұралар аз емес. Қазақ халқының өнерін, іскерлігін, өнер

шеберлерінің қолынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдарды айтып, бұрынғысы мен бүгінгісін салыстыра отырып, ұлттық өнерді сүйеге, құрметтеуге баулу, бүгінгі шәкірттерді ертенгі еңбеккер, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу, оқушылардың жүрегіне жол тауып, олардың бойында еліне, жеріне, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, пәнді оқып үйренуге деген ынтасын, құштарлығын арттыру, қазақ өнерін оқушылардың санасына жеткізу, оны оқытып үйрету, «Ортеке» өнерін жаңашыл тұрғыдан көрсетіп, қазақ өнеріне жұмылдыру қажет.

Еліміздің өркениетті елу елдің қатарына қосылу бағытындағы үлкен мәселелердің бірі-келешек ұрпақтың рухани дамуы. Бұл жөнінде Н. Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабында былай деген: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», «Мәдени дәстүр қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келеді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу-бұл, әрине, оң процесс... Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр».

Қазіргі таңда, оқушыларды өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Ортеке өнері – этномәдениетке тәрбиелеудің құралы. Қазіргі уақытта біз күрделі тарихи кезендердің бірін кешудеміз. Яғни, дүние байлық рухани құндылықтан басым болуы, оқушыларды патриотизм мен азамат әділеттігі, кең пейілдігі, қамқорлығы, мейірімділігі туралы түсініктерін мүлдем өзгертеді. Адам, қоғам, мемлекет рухани ұстамды білімді қажет етеді. Егер біз шынайы түрде құқықтық мемлекетте өмір сүргіміз келсе, ұстамды-рухани білім керек. Оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау, оның жалпы ұлттық рухани құндықтарына сай тұлғалық мәдениет негіздерін иеленуі, мектеп тәрбиесі мен оқу талаптарының бірі болып табылады. Оқушыны тұлға ретінде дамуы мен социализация тұрақтану негіздерін қалыптастыруына лайықты доминант ұйымдастырылуы қажет және бүгінгі мезетте, біздің пікіріміз ше, оқушыларды этномәдениетті тәрбиелеу доминантты деп саналады, дегенмен осы сәтін жіберіп қойса, яғни ересектер өмірінде өз табиғатының негіздерін, қайдан шыққанын білмейтін адам боп қалады. Осыған қарап біз оқушының жүрегін, сезімін және миын рухани байытуы рухани ұстамды және этномәдениеттік тәрбиелеудің негізгі құралы деп санаймыз, ал негізгі формасы – жақсылыққа,

адамдарға құлшылық ету. Сондықтан өз өлкесінің ерекшелігін, мәдениетін, тарихын зерттеу арқылы бір бағытты әрекет секілді рухани ұстамды тәрбиені туындату.

Әрбір азаматтың ата – тегін, елінің тарихын, ана тілін білуі, ұлтын сүюі қасиетті парызы, ал ұлтының әдет – ғұрпын, салт – дәстүрін, мәдениетін, өнерін өмір бойы сақтап, ұстануы, дамытуы ата – баба рухы алдындағы мәңгілік борышы мен міндеті.

Кеткеніміз оралып, жоғалғанымыз табылып, өшкеніміз қайта жанған тәуелсіздік шапағаты төгілген осынау кезеңде, егемендігіміздің еңселі жылдарының жарқын бір жемісі – мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының жасалып, жүзеге аса бастауы. Оның мақсаты – халқымыздың бірегей ұлттық мәдениет, мәдени құндылықтарын іздеп, тауып, зерттеп әлемге әйгілеу. Осыған орай аталмыш бағдарлама аясында қазақтың ұмытылып, назардан тыс қалыңқырап бара жатқан киелі де бірегей ұсталық кәсіп, зергерлік өнерін қайта тірілту, дамыту бағытында ізденістер, зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Өткен ғасырда өмір сүрген қазақ ұсталары мен зергерлерінің мұраларын іздеп табу, оны келер ұрпаққа жеткізу, насихаттау, табылған жәдігерлерден көрмелер жабдықтау жұмыстары жүзеге асырылып, ел назарына ұсынылуда.

Ұлы дала төсінде соңғы үш мың жыл бойы салтанат құрған көшпелі өмір салтының ең соңғы мұрагері қазақ халқы. Содан болар, көшпелі қазақтың материалдық және рухани мәдениеті тікелей байырғы салтпен шендесіп жатыр. Қазақ даласынан табылған Андронов заманындағы археологиялық олжалардың ішінде қолөнердің құрал – жабдықтары мол ұшырасады.

1935-ші жылы белгілі зерттеуші, ғалым А. Жұбанов «Казахстанская правда» газетіне мақала жариялап, онда төмендегідей деректерді келтірген: «...Ойын кезінде қуыршақ секіріп, бірде орғып, әртүрлі бұрылыстар жасайды. Кейбір кезде домбырашылар оған жылқының, еркек пен әйелдің бейнелерін қосатын болған. Олар әуеннің ырғағымен билейді. Шебер орындаушы домбырада күй тартып, жоғарыда атап өткен бейнелерді түрлі қимылдарға келтіріп, бірде секіртеп, бірде жүгірткен. яғни біресе секірген, қимылдарын жасай білген». Белгілі домбырашы Науша домбырамен күй тарта отырып, ағаштан жасалған аталған 4 түрлі бейненің қозғалысын бір жүйеге келтіре отырып, әдемі ойнатқаны да белгілі». Ғалымның айтуы бойынша қазақтың қуыршақ театры өз бастауын осы «ортекеден» алады. Бұл жайлы театртанушы Е. Жуасбек өз еңбегінде, қазақ фольклорында театр элементтерінің мол үлгісімен ерекшеленетін «дала театрын» келтіреді. «Дала театрының»

басты шарты, осы өнерлердің жеке дара өздігінен ғана өмір сүрмей, ең алдымен көптеген көрермендер үшін шексіз көрушілермен қатар өмір сүретіндігі». Зерттеушінің пікірінше, «ортеке» ойыны да көлемі жағынан ықшамдау болғанымен көрермендеріне шек қоймаған. «Ортекені» «театр» деп аталуын ойын-сауық ететін алты-бақанның тұсынан болсын, үлкен той өткізген ауыл болсын, киіз үйдің іші болсын, әйтеуір ортеке өнері үшін орын табылып отыруымен түсіндіреді.

«Ортеке» дәстүрі қазіргі уақытта да жалғасуда. Бағыс Қазақстан өңірінде тұратын музыкалық аспаптарды жасаушы шебер Жәнібек Әбілпейісов «ортеке» өнерін меңгерген. Оны бұл өнердің ең көне түріне жатқызады. Ж.Әбілпейісовтің бұл театралды-музыкалық көрінісіне текеден басқа, адамдардың, жылқының және есектің бейнелері де қатыстырылады. Өз көрінісін Жәнібек «Қожанасырдың есекті үйретуі» деп атайды. Оның жеткізген мағлұматы бойынша, ортеке өнерінің пайда болғанына 3000 жылдай болған екен [3].

Белгілі күйші, мәдениет қайраткері және зерттеуші Абдулхамит Райымбергеновтің дерегі бойынша, ертеректе қазақтарда «ортеке» өнері қазіргі заманмен салыстырғанда анағұрлым дамыған түрде тараған екен. Күйшілер бұрын бірнеше бес немесе сегіз текенің бейнелерін ойната білген, ал бұл -шебер орындаушылықтың белгісі болып саналған. Сонымен қатар, күйтанушы Манғыстау дәстүрінің аса көрнекті өкілі Мұрат Өскембаев «Сегіз лак» күйін ойнай отырып, сол қолының саусақтарына сегіз текенің жіптерін бекітіп ойната білгенін, текенің бейнелері арнайы қондырғыда емес, үй ішіндегі киіздің үстінде билегенін айтып жеткізген. Өкінішке орай, қазіргі заманда мұндай орындаушы шеберлер қалған жоқ, ал олардан жалғасуға тиісті болған орындаушылық техника да сақталмаған.

Қазіргі кезде белгілі орындаушы, зерттеуші А. Раимбергенов «ата ортеке», «әке ортеке», және «бала ортеке» деп үш бейнені алдымен жеке-жеке кейін бәрін бірге, яғни біреуін оң қол саусағына ілген жіптің көмегімен, ал қалған екеуін аяққа арналған педальдің көмегімен ойнатады.

Ойымызды тұжырымдасақ, қазіргі таңда оқушыларды қолөнерге баулу оқушылардың көркем мәдениетке деген көзқарасын қалыптастыруға және қоғамның белсенді саналы мүшесін тәрбиелеуге лайықты үлес қосуда. Өнер сабағында оқушыларды жан-жақты дамыту, әсемдікті, сұлулықты сезіне білуге баулу мәселесі мен қатар жас ұрпақтың бойына ұлттық сана-сезімін дамыту жолдары кеңінен қолданылуда. Осыған орай қолөнер үйірмелерінде көптеген тақырыптар салт-дәстүр, рухани-

мәдени мұраларды қастерлеу, яғни этномәдениетке тәрбиелеумен жүргізіліп отыр.

Этномәдени тәрбиенің мазмұнын анықтауда оның мақсаты да маңызды рөл атқарады, ол ұлттық сана – сезімді қалыптастыру. Сонымен қатар, этникалық тәрбиенің мазмұнын анықтауға оның міндеттері де әсер етеді: отансүйгіштік сезімін, ана тілін, ұлттық мәдениеті мен тарихын, ұлтының рухани мұрасын құрметтеу сезімін қалыптастыру.

Қазақ халқы баланы өнер арқылы этномәдениетке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз балаларының тәрбиесін өз ара бөлісіп алған.

Қазақ өнері бұйымдарын жасап үйрену, сол арқылы оқушылардың қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрі мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім меңгеруге, еңбек етуге үйретуге қажет. Осы орайда қазақ халқының өнерін дәріптеу, оған мектеп оқушыларын баулу, шеберлігін дамытудың маңызы ерекше. Қазақ халық қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық жиынтығын айтады.

Өзге халықтар сияқты, қазақтың да өнер шеберлігін үйретуде ерте заманнан бері жиып – терген мол тәжірибелері бар. Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата – бабалар өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлденеше ғасырлар бойы ұрпақтан – ұрпаққа жалғастырып, насихаттап, үйретіп келген.

Қазіргі кезде, сол өнерді жас ұрпақтың бойына дарытатын, үйрететін мектептерде жүргізілетін өнерсабағы. Олай болса, біз қазақ өнері «Ортекені» жұмырлы мүсіндеу арқылы, оқушыларды этномәдениетке тәрбиелеудің құралының бірі ретінде қарастыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

ЖУРНАЛДАҒЫ МАҚАЛА:

1 Елбасы Н. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

2 Құттыбекұлы К. Ортекенің 3000 жылдық тарихы бар. – Айқын, 12.04. 2008.

3 Қазақ қуыршақ театры. Жубанов А. Ортеке – начало казахского кукольного театра. - Казахстанская правда от 1935.25.02.

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Жуасбеков Е. Қазақ қуыршақ театрының қалыптасуы мен дамуы – Алматы, 1994.

2 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. — Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.

3 Қалиев С. Этнопедагогика ұлттық тәрбие үлгісі // ЗаманҚазақстан. – 1998. – 19 маусым.

4 Тойлыбаева А.Т. Сәндік қолданбалы өнердің мәні // Мектептегі технология. – 2004 №11.

5 Семенцев А. Ю. Резьба по дереву // Минск: 2003.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗ, ДАМЫҒАН, ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛГЕ АЙНАЛУЫНА ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ӘСЕРІ

РЫБАЛКО Е. О.

10 сынып оқушысы, № 41 ДСБЖОБББМ, Павлодар қ.

КАБИДЕНОВА Б. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 41 ДСБЖОБББМ, Павлодар қ.

Сталиндік тоталитарлық тәртіп жылдары байтақ Қазақстанымызға он мыңдаған саяси тұтқындар келді. Қазақстан лагерлі республикаға айналды. Өткен ғасырдың 30-40 жылдары бұрын Қиыр Шығыс, Күнгей Кавказ, Солтүстік Кавказ, Қырым, Еділ арнасы және т.б. жерлерден сонды болып көрмеген жаппай жер аударулар басталды. Тың және тыңайған жерлерді игеру, жаппай кеңестік индустриалдық құрылыс жылдары жүз мыңдаған жастар Қазақстанда жаңа Отандарын тапты. Кез келген осы сатыларды қазақтар қоныс аударғандарды ерекше жылулықпен және жайдарылықпен қарсы алғандарын еске сала кету қажет. Ең күшті дағдарыс кезеңі республикада өткен жүз жылдықтың 90-шы жылдарының бірінші жартысына түс келді. Бұл мемлекеттіліктің өркендеу кезеңі болатын. Республиканың алғашқы Конституциясы қабылданды. Жеке валютасы енгізілді. Елдің экономикасы аса қиын дағдарысты басынан өткізіп жатты, қоғамда әлеуметтік мәселелер асқынды. Халықтың республикадан тыс жерлерге кету процесі басталды. Отандастарымыз мемлекеттен тыс жерлерде өздеріне жақсы тағдырлар іздеуді бастады. Немістер - Германияға, гректер – Грекияға, орыстар – Ресейге, украиндықтар – Украинаға және т.б. жақтарға кетіп жатты. Қоғамда тіл, азаматтық және көші-қон мәселелері көтерілуіне байланысты елдегі жағдай шиеленісе түсті.

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев дана, салмақты және ұзақ мерзімді ұлтаралық саясатты жүргізуді бастады. Ол бірнеше жылды қажет етті және осы күнге дейін жалғасын табуда.

Елбасының жеке араласуымен ұлтаралық үнқатысу мен бейбітшілікті сақтаудың күшті идеологиясы құрылды және оны қорғап, елде және әлемде қызу насихаттады.

Егемендіктің басынан бастап Қазақстанның барлық диаспораларына туған тілдерін, мәдениеттерін, салт-дәстүрлерін дамытуға тең мүмкіндіктер жасалды.

Барлық ұлттар мен этникалық топтардың біртұтас көпұлтты Қазақстан халқын біріктіру барысында жұмыс жүйелі түрде жүргізілді, мәдениеттегі, тілдегі, тұрмыстағы ерекшеліктерге қарамастан олар үшін Қазақстан туған отандарына айналды. Бұл барлық қазақстандықтардың 27 жыл ішіндегі басты жетістігі. Бүгінгі күні Қазақстанның топырағында өз тілін, мәдениетін, дәстүрін дамытып, көптеген ұлт өкілдері өмір сүруде.

Кезінде осы басқа ұлт өкілдері қазақтармен тез тіл табысты, салт-дәстүрлерін қабылдады, жергілікті жағдайға бейімделді, қазақстандық менталитетін қалыптастыруға ықпал етті. Бүгінгі күні көптеген ұлт өкілдерінің біздің елімізде тату-тәтті өмір сүріп жатқаны Қазақстанымыздың дамуына, ұлттық құндылықтарының қалыптасуына әсер етеді.

Қазақ халқы ғасырлар бойы өз Тәуелсіздігі, Егемендігі үшін ауыр қиыншылықтарды басынан кешірді, басқаның қайғысына ортақтығын танытты. Осыған қарамастан қазақ халқы тағдыр тәлкегімен келген басқа жұртты бауырына басып, бейбітшілікте, келісімдікте өмір сүруге тырысты. Қазақ халқының бір ерекшелігі басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, салт-дәстүрін, дінін құрметтеуі және халықтың –төзімділігі. Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары –қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласын айтылған: «Бізде қазірдің өзінде екі негіз бар, оларды дамыта отырып, біз өзіміздің Болашағы Біртұтас Ұлтты дәйекті түрде нығайта беретін боламыз». Біріншіден, ол 1995 жылы құралған Қазақстан халқы Ассамблеясы. «Қазақстан-Қазақстанда тұратын барлық ұлт-ұлыстардың елі, Отаны, мемлекеті. Көп ұлтты халықтың Қазақстанда тұру –біздің кемістігіміз емес, бұл біздің байлығымыз, біздің мақтанышымыз, біздің халқымыз қаншалықты тату-тәтті дос болып тұрса еліміз де соншалықты тез алға басады»-деп елбасымыз санайды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының еліміздегі ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі рөлі уақыт өткен сайын маңызды бола түсуде.

Екіншіден, «Мәңгілік Ел» идеясы. «Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы». «Болашағымызға айқын бағыт-бағдар беретін де, ұлтымызды ұжымшылдыққа ұйыстыратын да, межелі ұлы мақсаттарға жетелейтін де осы Мәңгілік Ел», деп-түйіндеді Н. Назарбаев. Басқа ұлт өкілдеріне деген қамқорлық Қазақстан Республикасының Конституциясында да қарастырылған.

Этносаралық қатынастар ретінде мемлекеттік тіл ел бірлігін қалыптастырудың маңызды факторы болып танылған. Сондықтан да Ассамблея қызметінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту маңызды орынға ие. Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Еліміздегі барлық этностардың мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдай жасалған.

«Біздің ортақ отанымыз – Қазақстанның қазіргідей қарыштап дамып отырғаны – елімізді мекендеуші барлық этностардың ынтымағы мен бірлігінің арқасы. Тәуелсіздігімізді тұғырлы ететін де, елімізді жаңа белестерге шығаратын да біздің осы қоғамдық татулығымыз. «Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады, дейтін даналықтың шындығына бүгін де бәріміздің көзіміз жетіп отыр», – деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев айтқандай бүгінде мемлекетімізде ұлттар достығы берік сақталып отыр.

Қоғамдағы ұлтаралық келісім мен татулыққа ықпал негізгі факторлардың бірі – тіл жағдайы. Кез келген халықтың тілі – оның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, әдебиеті мен мәдениетін сақтауының негізі болып табылады. Республикамыздың мектептері 9 тілде: қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік, украин, татар, неміс, және ағылшын тілдерінде білім береді. 15 тіл ана тілі ретінде оқытылады, 22 ұлттық-мәдени бірлестіктердің жексенбілік мектебі бар. Олардың саны қазір 170-ке жетті. Деректерге жүгінсек, жалпы республикамызда тұратын бмлн. 968 мың этнос өкілдердің 1,5 миллионы мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, сөйлей алады. Қазақстанда 5 республикалық және 15 өңірлік ұлт тіліндегі газеттер бар.

«Әрбір саналы, мәдениетті азаматқа ана тілі мен сол ана тіліндегі қадірін білмеу-мәдениетсіздік» деп М. Әуезов санайды.

Мұхтар Әуезов атамыз айтқан сөздермен мен де келісемін, өйткені, тіл-ата-баба аманаты, ғасырдан-ғасырға, бабадан-балаға жалғасқан ұлы мұра, әр ұлттың тілі.

Қазақстан әлемнің басқа мемлекеттері үшін ұлтаралық келісімнің, тұрақты және орнықты дамудың үлгісі бола алады. Бұрынғы Кеңес Одағының бір де бір мемлекетінде ұлттар мен диаспоралар осындай келісімде өмір сүріп жатқан жоқ. Қазақстандағы ұлттық мәселенің мұндай жағдайы, әлбетте, қарама-қайшылықтармен емес, ұлтаралық қатынастардың ерекше адамгершілік үлгісімен және әр түрлі мәдениеттердің өзіндік бай симбиозымен түсіндіріледі. құрметтеу арқылы осы бейбітшілікті аялау және сақтап қалу болып табылады.

Бүгін этномәдени фактордың Қазақстанның дамуында рөлі зор. Қазақстан бүкіл әлемге өзінің табиғи байлықтары мен емес, ең алдымен келісім мен төзімділіктің, достық пен ынтымақтастықтың ордасы ретінде танымал. Елімізде 120-дан астам ұлт өкілдері тіліне, дініне, мәдениетіне қарамастан бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүруде, өйткені елімізде біріншіден, елбасымыздың дұрыс саясаты арқасында ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан өзара және заң алдында барлық ұлт өкілдері тең құқықты. Қазақстанда өмір сүретін этнос пен азаматтың құқықтарын кемсітетін заң жоқ.

Екіншіден, осы Қазақстанның тұрғылықты халқының қонақжайлығы, кеңпейілділігі, татулығы, толеранттылығы арқасында Қазақстан өзге ұлттарға құтты қонысқа айналып отыр. Бүгінгі көп ұлтты Қазақстандағы татулық пен келісімнің болуы да, ең алдымен, қазақ халқының ұлылығын танытып отыр. Қазақтың қонақжайлығы мен дарқан мінезіне өзге ұлттар үнемі өз алғыстарын айтып, өздерінің жоғары бағасын беріп келеді.

Қазақстанда тұрып жатқан барлық өзге ұлт өкілдерін біріктіретін -жеріміз, Отанымыз, мәдениетіміз. Елбасымыз айтқандай, біз сияқты көпұлтты мемлекеттің даму болашағының бір көзі-Қазақстан халықтырының бірлігі.

Осы бірліктің арқасында ғана біз Қазақстанымызды бүкіл әлемге паш ете аламыз. «Жұмыла көтерген, жүк жеңіл» демекші халықтардың талпынуынан қоғамда Отанға деген сүйіспеншілігімізді нығайту идеясы туды.

Бұл-Қазақстандық патриотизм. Ұлтына, мәдениетіне қарамастан халықтар бірліктерін, достықтарын нығайта түсті.

Н. Назарбаев 2050 –стратегиясында, біздің алдымызға үлкен мақсат қойды, мемлекетімізді дамыту және нығайту.

Елбасымыз Қазақстан елін мекен еткен барлық халықтардан зор үміт күтеді. Қазақстанның 17 миллион адамы елбасымызды қолдайды, оны, мен әр ұлт өкілдерімен кездесулерімнен түсініп отырмын, олардың айтуынша, елімізде болып жатқан игі өзгерістерге риза. Қазақстанды өркендетуге өз үлестерін қосуда, елімізде бейбіт өмір сүріп жатқандарына, армандарын жүзеге асыра алатындарына, мәдениеттерін, тілін, дәстүрін жоғалтпағанын біледі және бағалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Ұлт жоспары –қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласы http://www.akorda.kz/kz/eents/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-ult-zhospariy-kazakstandyk-armanga-bastaityn-zhol-makalasy

2 Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы /Н. Назарбаев - Астана 2012. https://www.inform.kz/kz/kr-prezidentinin-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhanasayasi-bagyty-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy_a2518877

3 Мәңгілік ел - қазақ халқының ұлттық идеясы -/Н. Назарбаев –Астана 2014. <http://www.kst.adilet.gov.kz/kk/articles-inner/mngilik-el-kazak-halkynyn-ulttyk-ideyasy-nazarbaev>

4 Қазақстан Республикасының Конституциясы - 39-бап, 2-тармақ http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

5 «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – Астана 2006-2011 жылдар <https://e-history.kz/kz/contents/view/1568>

КРЫЛЬЯ ДЖИГИТА

СТАШЕВСКИЙ Д. А.
ученик 10 класса, Иртышская СОШ № 3
ИВАНОВА Е. В.
учитель истории, Иртышская СОШ № 3

Впервые одомашнивание лошади человеком произошло на территории современного Казахстана, о чем свидетельствуют раскопки поселения «Ботай» на севере страны. В древнюю эпоху Степной цивилизации уходят истоки базовых компонентов современной одежды. Всадническая культура породила и оптимальное облачение для всадника-воина. Стремясь улучшить управление лошадью во время езды, степняки изобрели высокое седло и стремяна [1, с. 102]. Новшества позволили всаднику уверенно сидеть на коне и даже при

быстром движении эффективнее использовать свое оружие – лук, копье, саблю. Наши предки первыми создали из пластин защитную броню для коня и всадника. Это привело к появлению тяжеловооруженной конницы – важнейшей военной новации евразийских кочевников.

«Мощность автомобильных двигателей до сих пор измеряют в лошадиных силах. И эта давняя традиция – символическая дань той величайшей эпохе, когда на планете господствовал всадник», – пишет Нурсултан Назарбаев [5, с. 1]. Один из народов, который должен смотреть с особым почетом на ту великую эпоху, это мы – казахи. Лошадь занимает в жизни казахов особое место, они называют ее «ер қанаты» – «крылья джигита». В традиционном казахском обществе именно лошадь является мерилем и богатства, и изобилия, и авторитета. Она оказала существенное влияние на наш духовный мир при формировании казахов в качестве народа [6, с. 8].

Я хочу обратить внимание лишь на одну из семи граней Великой степи. Речь пойдет о местности Ботай, что в Аиртауском районе Северо-Казахстанской области, которая имеет колоссальное значение в истории человечества. Поселение Ботай занимает в общей сложности 25 га, на сегодняшний день здесь раскопаны останки 158 жилищ. А в целом количество жилищ около 250. Я решил даже еще более сузить рамки своего разговора и не стремиться к полному охвату всаднической культуры, названной первой гранью Великой степи, а лишь остановиться на ее истоках – на одомашнивании лошади. Лошадь определила историческое развитие всего человечества. «На лошадях пахали, охотились, перевозили грузы, воевали, они служили людям пищей и спасали жизни. А еще они объединяли пространство – без лошадей невозможно было бы возникновение древних империй» [8, с. 10]. Верно сказано. В одно время существование человечества было невысказимо без лошади. Удивляет исключительное богатство артефактов Ботая. Из культурного слоя извлечено более 60 тыс. предметов, в том числе каменные ножи, кинжал, наконечник стрелы, копье, разные иглы и т.д., а также около 70 тыс. костей. Не надо быть ни археологом, ни остеологом, чтобы понять, что только само содержание большого количества лошадей в одном месте показывает их прирученность. А то, что толстый слой навоза, который составляет здесь целый пласт, свидетельствует о содержании животных в загоне, знает любой рядовой казах. Причем ботайцы не только содержали лошадей в загоне и лишь питались их мясом. На лошадиных зубах остались следы от удил, такие следы оставляют и удила из органического материала. Особенно удивляют такие находки, как

предметы конской сбруи, обыкновенный курук, сшитые из кожи брюки, кожаные сапоги с высокими голенищами, головной убор «тымак» [2, с. 135]. Говоря о всаднической культуре и коневодстве, которые берут начало в Великой степи и распространились по земле, Лидер нации ясно подчеркивает: «Впервые одомашнивание лошади человеком произошло на территории современного Казахстана, о чем свидетельствуют раскопки поселения «Ботай» на севере страны.

Одомашнивание лошади дало нашим предкам невысказимое на тот период превосходство, а в планетарном масштабе произвело крупнейшую революцию в хозяйстве и военном деле» [5, с. 2].

Коневодство в Республике Казахстан является традиционной отраслью животноводства. Наличие достаточных естественных пастбищных угодий (185 млн. га.), многовековой опыт казахского народа в разведении табунных лошадей, платежеспособного спроса на продукцию коневодства и большой интерес к национальным видам конного спорта, создают реальную предпосылку для развития продуктивного и племенного коневодства в республике.

Вкратце остановимся на характеристики пород лошадей. Древняя порода скакунов – арабская чистокровная. Существует порода лошадей, которую считают одной из наиболее привлекательных внешне. Эти кони признаны лучшими из восточных скакунов. Типичные особенности арабской породы лошадей: квадратная во лбу голова с немного вогнутой переносицей, сухое сложение, изогнутая шея. Уши тонкие и очень подвижные. Туловище у коней округлое, круп прямой и длинный. Конечности у коней тонкие и длинные, но крепкие, хвост расположен высоко. Мускулистые предплечья хорошо развиты. Пясти солидные, короткие, скакательные суставы низкие, большой длины и ширины [3, с. 99].

Древняя порода лошадей –Северного Кавказа – Кабардинская. Одной из самых выносливых пород лошадей считается кабардинская. Эти животные могут трудиться в тяжелых условиях и отличаются физической силой. Врожденная выносливость и физическая сила позволяют табунам за день проходить с грузом в 1,5 центнера до ста километров. У кабардинской породы лошадей крепкая конституция, стойкость ко многим конским болезням и хорошая плодовитость. При разведении в хозяйствах племенных самок используют до двадцати лет. Хотя и в более зрелом возрасте часто от них можно получить крепких жеребят.

Башкирские лошади. Существует выносливая и сильная порода лошадей, которая пользуется популярностью среди

фермеров. Она отлично подходит как для перевозки грузов, так и для поездок верхом. Башкирская порода лошадей достаточно неприхотлива в содержании и в пище. Это одна из самых выгодных пород для разведения. Почти круглый год животные способны жить на открытом воздухе и питаться подножным кормом. Подобно тарпанам, кони разгребают снег в поисках травы. Лишь во время сильного снегопада надо предоставить питомцам заготовленный заранее корм и хлев. К холодам у них отрастает длинная густая шерсть. В отличие от других лошадей, её необязательно чистить.

Так же я хочу рассказать вам о человеке из села Буланбай, Иртышского района который на прямую связал свою жизнь с лошадьми, это-Мусин Амантай Нигметович. Амантай Нигметович родился в 1938 году. Его вырастила бабушка, которая рассказывала, что у деда было большое количество скота верблюдов, лошадей и т.д. В советское время, чтобы не попасть под репрессии скот пришлось сдать в колхоз, а отец Амантая стал председателем колхоза. Многие крестьяне покупают лошадей и думают, что сразу дело пойдёт, но на самом деле это большое искусство. В погоне за показателями в советское время были потеряны многие традиции скотоводства, народные породы. Завозили скот, который не подходил местному климату. Но порода, которую разводили его предки исчезала. В 1989 году Амантай-ага создал первый в районе животноводческий кооператив, приобрёл 10 лошадей породы джабе и начать восстанавливать породу. Крестьянское хозяйство «Алтай, Карпык, Сайдалы, Сары-Тока», что в отдаленном селе Буланбай Иртышского района Павлодарской области, совместно с отечественными учеными добилось вывести новую породу лошадей. И шли они к победе не один год, кропотливо проводя селекционную работу. Основоположник этой работы – знаменитый на весь Казахстан коневод Амантай Мусин, сызмальства «прикипевший» к лошадям, назвал вместе со своим сыном Дулатом, который теперь руководит хозяйством, новую породу джабе, тип «Сайдалинский». По имени деда и прадеда. И не только потому, что чтят память о своем предке, а из-за того, что возрождают позабытые богатейшие традиции казахского народа в области коневодства... Этот тип знаменитой казахской лошади с улучшенными физиологическими качествами ученые, как сказали в Буланбае, выводили 40 лет. В один из годов этого периода, вспоминает Амантай-ага, к нему приехали ученые из института сельского хозяйства. Они не скрывали удивления, увидев табуны, где все лошади – как на подбор, и выспрашивали знатного коневода: как он и его сын этого добились. В 2007 году КХ

«Алтай, Карпык, Сайдалы, Сары-Тока» присвоили статус племенного хозяйства, а в 2011 году – конезавода по разведению казахской породы типа джабе. Здесь надо подчеркнуть, что в крестьянском хозяйстве особое внимание уделяют селекционно-племенной работе, для чего приглашаются лучшие специалисты в этом деле. Так, новая порода джабе, тип «Сайдалинский» выведена под руководством главного научного консультанта национального племенного центра «Животноводство и ветеринария» академика национальной Академии наук РК Игоря Нечаева и старшего научного сотрудника Амина Акимбекова. Бесспорно, огромный вклад внесли и специалисты крестьянского хозяйства под руководством его главы Дулата Мусина, которые круглый год при лошадях. Для индивидуального учета и точной регистрации происхождения лошадей всех жеребят подвергают обязательному таврению холодным методом при помощи жидкого азота. Важнейшим зоотехническим мероприятием в конезаводе является организация весеннего и осеннего выпаса. Дорашивание молодняка до 2,5-летнего возраста дает наибольший эффект при наличии в хозяйстве достаточного количества пастбищных угодий, особенно в зимний период. Так как в условиях конезавода в одном табуна содержатся 450-500 голов лошадей с молодняком до 2-летнего возраста. Радиус выпаса табуна от точки водопоя в летнее время составляет 15–20 км, в осеннее время - 25–30 км [9, с. 53]. Уникальные качества чистокровной казахской породы джабе, тип «Сайдалинский» имеют свои особенности. Так, масса лошадей может достигать до полутонны! Жеребцы весят до 503 кг, а кобылы – до 467. Таких показателей нет ни в одном животноводческом хозяйстве республики! Помимо того, что лошади крупные, они еще и выносливые. Более того, для них нипочем как летняя жара, так и зимние холода [7, с. 1]. Сейчас Амантай Нигметович уже вышел на пенсию, а хозяйство передал своему сыну Дулату, который работает вместе с отцом с 1989 года. Не случайно за большой вклад в развитие сельского хозяйства Дулат в 2008 году отмечен дипломом акима области «Лучший предприниматель года», а в 2009 году награжден благодарственными письмами акима области и района. В 2011 и 2012 годах отец и сын Мусины признавались лучшими коневодами Казахстана. На формирование казахских лошадей оказал влияние комплекс факторов - скрещивание степных лошадей с южными верховыми, условия разведения и содержания, характер использования лошадей в хозяйстве кочевников (под седлом и в упряжи, в качестве мясных и молочных животных). Элементы искусственного отбора и подбора, а также сезонные кочевания на большие расстояния,

выращивание лошадей при максимальном использовании пастбищ в течение года под открытым небом. Именно этим объясняется тот факт, что в породе казахских лошадей встречаются особи самых различных типов, но наиболее распространенные: джабе-плотный, крепкий конь, выносливый в работе, но не быстроаллюрный, с отличными способностями к нажировке и адаевский, или верховой, - более сухого телосложения, с хорошими аллюрами [4, с. 15].

Одомашнивание лошади, изобретение колеса, стремян, сложносоставного лука, по мнению эксперта - действительно, вдохновляющие примеры для того, чтобы в современном мире, в мире технологических инноваций Казахстан не выглядел такими поблекшим, потому что казахстанцы являются наследниками той культуры, которая породила многие технологические достижения современного мира.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 История Казахстана и Центральной Азии: Учеб. Пособие / Абусейтова М. Х. и др. – Алматы : Білім, 2001. - 620 с.
- 2 История Казахстана: Народы и культуры: Учеб. Пособие / Масанов Н. Э. и др. – Алматы : Дайк-Пресс, 2000. – 608 с.
- 3 Нечаев И. Н., Жумагул А. Е, Жайтапов Т. и др. Казахская лошадь, прошлое, настоящее, будущее. Алматы, 2005, с. 207.
- 4 Нечаев И. Н., Кикебаев Н. А. Использование мирового отечественного генофонда в создании и совершенствовании конских пород Казахстана/ сб. тр. «Повышение генетического потенциала лошадей Казахстана с использованием отечественного генофонда. Костанай, 2006 – с. 13-18.
- 5 Назарбаев Н. А «Ұлы даланың жеті қыры» («Семь граней Великой степи»).
- 6 Назарбаев Н. А. В потоке истории. Алматы, 1999.
- 7 Омаров М. М к.с.-х.н., доцент Инновационного Евразийского университета, г. Павлодар URL: <http://kazatu.kz/assets/i/science/vn1101agr05.pdf>
- 8 Сауытбек Абдрахманов, доктор филологических наук, профессор «Доместикация лошади – великая заслуга наших предков перед человечеством.» «Казахстанская Правда», 2019 г.
- 9 Рекомендации по системе ведения сельского хозяйства Павлодарской области. Алма-Ата, издательство «Кайнар», 1981, с. 252.

ЕР ҚАРУЫ – БЕС ҚАРУ

ТАҢАТҚЫЗЫ Ш.

10 «Ә» сынып оқушысы, № 47 ЖОББМ, Семей қ.
ЗЫХАНОВА Н.

8 «Д» сынып оқушысы, № 47 ЖОББМ, Семей қ.
ДАЛБИНА Ж. К.

жетекшілер, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, № 47 ЖОББМ, Семей қ.
АКИМЖАНОВА Г. Б.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

*«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де,
болашақтың дидарын көзге елестету үшін
де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.»*

Н. Ә. Назарбаев

Киелі Елі мен Жерінің біртұтастығын қорғап, бостандығын сақтап қалуда батыр қазақ халқы астындағы атының беліне, өзінің сом білегінің күшіне, алып жүрегінің түгіне, бойындағы бес қаруының айбатына сеніп, арқа сүйеген. Қыпшақтардың – қазақтардың қару-жарағының айрықша қуатты болып, жауының құтын қашырғаны, батырларының мәртебе-мерейін асырғаны тарихтан ән-жыр, дастан, аңыз болып, жазба ескерткіштері, құжаттар арқылы бізге жеткен ақиқат. Алайда қазіргі жас ұрпақ ата-бабаларының осынау әскери қару-жарақтарының көптеген түрінің атауын да ұмытып бара жатқандай. Сол себепті біз бүгін қазақтардың әскери қару-жарағының бір шоғыры жөнінде ғана сөз қозғамақшымыз.

Халқымыз ғасырлар бойы жаугершілік жағдайда өмір сүріп, өз елін, жерін, тәуелсіздігін үнемі қорғап отыруға мәжбүр болған. Ел мен жердің қамы үшін ат үстінде күн кешіп, қолындағы бес қаруына сеніп жауының құтын қашырып, мысын басқаны ауыздан-ауызға таралып бүгінге жетті.

Қару-жарақ – қай елдің де мәдениетінің, соғыс өнерінің ерекше құбылысы. Қазақ қару-жарағының қысқаша тарихы, қазақтың дәстүрлі қару-жарақ жүйесінің тарихы тереңде. Жалпы қару-жарақтың пайда болуы мен оның қолданылу тарихы өте ертеден басталса, Ұлы Даланы мекен еткен көне халықтардың қару-жарағына тән белгілер б.з.д. I мыңжылдықта қалыптаса бастады. Әр түрлі дереккөздер, археологиялық қазбалар мен басқа да материалдар қазақ халқының арғы түбі саналатын сақтардың әскери ісінің деңгейі, жауынгерлік өнері өте биік дәрежеде болғанын көрсетеді.

Ерте замандағы халықтардың қару-жарағын зерттеген ғалым Қ.Ахметжанның көрсетуінше, сақтардың жеке жауынгерлік қару-жарақ комплексі алыс, орта және жақын қашықтықта қолданылатын шабуыл қарулары мен денеге киіліп, қолға ұстап қорғанатын қорғаныс жарағынан тұрды. Бұдан кейінгі дәуірлерде даланы дүбірлеп өткен батыр бабаларымыздың қару-жарағы металдардың өңдеп-өндіруіне байланысты түрленіп, өзгерістер қосылып отырды. Ғұн-сарматтардың, кангюлердің, үркілердің, қимақ-қыпшақтардың қару-жарақ соғу өнері даму сатысында бірнеше кезеңді бастан өткерді және жалпы адамзаттық өркениетке өлшеусіз үлес қосты.

Дәстүрлі қоғамда затты қолданғанда оның символдық мәні ескеріліп отырады. Жауынгер скифтер мен спарталықтар үшін құлдарды өздеріне теңеп, олармен қару алып соғысуы қаншалықты мүмкін емес болса, өздеріне тең, азат әскери адамға қамшы жұмсау соншалықты мүмкін емес [4]. Барлық түркі халықтарының қаһармандық эпостарында соғыс кезінде батырлардың жекпе-жек айқастары 5 қару түрімен сайысу – садақ ату (1), найзаласу (2), қылыштасу (3), балталасу (4) мен шоқпарласу (5) түрінде өткен. Көшпелілердің соғыс өнерінде батырлардың жекпе – жегі ғана емес, бүкіл әскердің ашық майдандағы айқасы, оның тактикасы осы жауынгерлік қару түрін қолдануға қатысты құрылды. Ұрыс алыс қашықтықтан садақпен атысудан басталып, адамдары шығынға ұшыраған жау әскерімен жақын қашықтықта бетпе – бет айқаста найзаласумен жалғасты, одан әрі қарай қоян-қолтық шайқаста қылышпен шабысу, айбалта, шоқпар сілтеу секілді тәсілдерге көшетін. Күштің тепе-теңдігі бұзылған жағдайда, қаша ұрыс салып, қайтадан шауып келе жатып артқа қарай садақ атуға көшіп, жаудан айласын асыруға тырысатын. Бұл әскери тактика барлық түркі-монғол халықтарына ортақ әдіс болды. Соғыста қолбасшылар әскери тактиканы ойластырғанда бес қару түрін айқаста қолдану мүмкіншілігін ескеріп, ұрыс салу әдісі соған негізделген. Әскери тактикаға негіз болу – ер қаруының бесінші ерекшелігі. Сонымен, жекпе-жек өткізетін, әскери бөліктер құратын, әскери тактиканы анықтайтын қарулардың ішінде де қанжар мен қамшы жоқ. Соғыс қаруының тағы бір ерекшелігі, – ер қаруы ретінде олармен жоғары дәрежелі әскери лауазымдарды белгілеу, әр түрлі символдық мағынада қолдану. Түрік сұлтандары таққа отырғанда, қазақ хандарын ақ кигізге көтергенде олардың белдеріне қылыш байланатын. Еуропада рыцарь дәрежесін алғандарға корольге семсер таққан, Шыңғысханның кешігендері (жеке ұланы) «қылыш ұстаушылар» деп аталған, оғыздарда жақ хандықтың белгісі болды. Түрік сұлтандарының жеке ұлдарының

(гвардиясының) арнаулы бөлігі (солақтар) белгі ретінде жақ пен жебе ұстап жүрген. Шығыс шахтары, хандарының «үзенгішілерінің» (үзенгі ағасы), орыс патшаларының жеке күзетшілері «рындастардың» лауазым белгісі – айбалта. Шоқпар – қазақ атамандарының, поляк гетмандарының лауазым белгісі. Иран, түрік қолбасшылары да, дәреже белгісі ретінде, шоқпар ұстайтын. Байрақ, шашақ тағылған найза – көп халықтарда әскербасылық белгі. Мұнда да әскери дәреже белгісі ретінде қолданылған қарулар бесеу екенін көреміз: семсер (қылыш), найза, айбалта, шоқпар және садақ. Әскери дәрежені бейнелейтін қарулардың ішінде де қанжар жоқ. Қанжарды көбіне күнделікті өмірде, серуенде, үйде т.б. жағдайларда таққанын көреміз.

«Ер қаруының» санының бесеу болып қалыптасуы олардың айқаста бірін-бірі ауыстыра алмайтын тек өзіндік жеке қызметінің болуына байланысты. Соғыс қаруларының негізгі жұмсалып тәсілі бес түрлі болып қалыптасқан. Олар: ату (садақ), кесу (қылыш), түйреу (найза), шабу (балта), соғу (шоқпар). Сонымен, «ер қаруы – бес қаруға» мынадай анықтама беруге болады. «Ер қаруына» мынадай басты ерекшеліктерге сай келетін: а) өзіндік жұмсау тәсілі бар; б) жауынгерлер ғана ұстайтын; в) соғысқа ғана қолданылатын; г) жауынгерлік жекпе-жек сайысын өткізуге болатын; д) әскер бөліктерін құруға негіз болатын; ж) әскери тактиканы анықтайтын; и) әскери қару ретінде түрлі жоғарғы дәрежелі әскери лауазымды белгілейтін жауынгерлік қарудың негізгі бес категориясы – ату қаруы (садақ, оқ), түйреу қаруы (найза, сүңгі), кесу қаруы (қылыш семсер, сапы), соғу қаруы (шоқпар, гүрзі), шабу қаруы (балта, айбалта, шақан) жатады.

«Батырлар жырларында» көбіне мынадай қару – жарақ атаулары кездеседі: **ақберен, алмас, бес қару, найза, қылыш, көк сүңгі, ақ сүңгі, көк балдақ, шарайна, кездік.**

Мысалы, атақты «Қобыланды жырында»:

Үстіне сауыт кигізді,
Жанына байлап болатты,
Беліне садақ ілгізді.
Қолына алып толғанып,
Қозы жауырын жебені
Ат үстінен ширеніп,
Сонда тұрып тартады.
Қарағай найза саптатты,
Алмас қылыш соқтырып,
Күміспен қынап шақтатты.

Беліне семсер іледі
 Ақ сауытын бөктеріп,
 Ноғай бөркін киеді.
 Қылышпенен өлтірсем,
 Қикаладың дерсің сен
 Найзаменен өлтірсем,
 Микаладың дерсің сен.
 Садакпенен өлтірсем,
 Қапыл қалдым дерсің сен,
 Мылтықпенен мен атсам
 Жазым қалдым дерсің сен.
 Қанжарменен қармасты,
 Семсерменен серместі
 Қанжар қалды қайысып,
 Семсер қалды майысып.
 Ақ семсерді қолға алып,
 Көк найзаны толғанып –

деген үзіндіде батырдың барлық қару-жарақтар суреттелген.

Байырғы көшпелілердің орта қашықтықта ұрыс жүргізгенде қолданылатын түйреу қаруының бірінші түрі – **найза** болса, екінші түрі – сауытты әскерге қарсы қолданылатын қару осы **сүңгі**. Мысалы:

Қорамса жоқ белінде,
 Ақ сүңгі жоқ қолында,
 Алты құлаш алмасты,
 Беліне тартып буады.
 Сауытсыз тидің шарайна,
 Жебені қолға алмадың.
 Будың алмас беліңнен
 Жалғыз кеттің елінен.
 Найза менен жебең жоқ,
 Өзің де жас баласың (Алау батыр).
 Қолындағы ақ найза,
 Жарқылдайды жебесі,
 Садақтың бауы сыртылдап,
 Сарт-сарт етіп соғады
 Жанындағы ақ берен.
 Кемітіп сөз айтқаны,
 Мылтықпенен атқаны
 Жүрегіме найзадай
 Әр сөзінің батқаны (Айсаның ұлы Ахмет).

Көшпелі халықтың көнеден келе жатқан ант беру салтында да қару ритуалдық атрибут болды. Анттасқанда қан араласқан шарап құйылған ыдысқа семсер, жебе, айбалта және найза батырып, сол шарапты ішу батыстағы скифтерде, шығыста мекен еткен ежелгі ғұндарда да болған. Қазақ хандығын құраған ру-тайпаларда да бұл ырым ертеден кең тараған болатын. Қазақтарда да құда немесе анда болған адамдар қан құйылған ыдысқа семсерді, жебені малып, куәгерлердің алдында қылышты не қанжарды сүйіп ант беретін.

Адамзат тарихындағы мың-мыңдаған соғыстар мен майдандар кезінде киім қорғаныш құралы болған. Эпос, батырлар жырына көз тастасақ, ақ берен, сауыт, дұлыға, зере, найза, жебе, қол шоқпар деген сөздер көптеп кездеседі. Батырлық жырлар, дастандар, эпостарда батырларымыздың басында дұлыға, арқасында жыға, жүрек тұсында шарайна, үстінде сауыт, садақ, жебе, найзасы, қол шоқпары, белінде оқшантайлы белдік болған. Жауынгерлердің киімдері ата-бабаларымыздың жауынгер, жаугер, батыр, жау жүрек халық болғанын көрсетеді [12]. Көшпелі халықтарды ер қаруы қолданылатын түрлі әскери салт-дәстүрлер қалыптасқан. Ер құралын аса қадірлеп, кие тұтқан батырлар өз қаруларына жеке ат қойып, шайқас алдында олармен сертескен. Орта ғасырларда семсер немесе қылыш өміршілердің таққа отыру рәсімінде патшалық дәреже белгісі болған заттардың құрамына кірген. Қазақ хандарының ақ кигізге отырғызып олардың белдеріне алтын қылыш байлаған. Ер қаруымен жоғары дәрежелі әскери лауазымдарды белгілеп, әскербасыларға тулы найза, қылыш тапсырылатын. Қару иеленген адамдар қоғамға белгілі бір әлеуметтік артықшылыққа ие болған. Мысалы, Тәуке хан кеңесіне тек қару асынған хан, сұлтандар, батырлар, рубасылар ғана қатыса алған.

Тарихқа терең үілсек, ата – бабаларымыз қазақ даласын жаулап алу саясатын жүргізген жауларының шапқыншылықтарынан қорғауда ғасырлар бойы күресіп келген. Осындай жаугершілік заманында қазақ батырлары қолдарына қару алып елді, жерді азат еткен ерлердің есімдері ұранға айналып, олар ұстаған қарулар ұрпақтан-ұрпаққа мұраға қалып отырған. Ер азаматтың жаугершілік заманда жаумен шайқасқанда жеңіске жетуі оның астындағы тұлпары мен үстіндегі сауыты, қару-жарағына байланысты екені белгілі. Халқымыз бұл ойды «ер қанаты -ат»,» ер қуаты –қаруы» деп тұжырымдаған. Осы тұрғыдан алғанда қазақ халқының қаруы оның ерлікке толы өмірінен мәлімет беріп, еркіндікке ұмтылған мақсатын көрсетеді. Қазақ халқы күні кешеге дейін «аттың жалында, түйенің қомында» жаугершілік жағдайда өмір сүріп, өз елін, жерін, тәуелсіздігін қорғауда ата-бабаларымыздың

басында дулығасы, арқасында жығасы, жүрек тұсында шарайнасы, үстінде сауыт, садақ, жебе, найзасы, қол шокпары, белінде оқшантайлы белдігі т.б., халық ауыз әдебиеті мұраларында сақталған әскери қару-жарақ атау-сөздері қаншама десеніңші...

Соғыс кезінде батырлардың жауынгерлік жекпе-жегі бес қарумен айқасу, садақпен атысу, найзаласу, қылыштасу, балталасу, шокпарласу түрлеріне қарай бөлінген. Бес қарудың әр түрін жете меңгерген жауынгерлерден арнайы садақшылар, найзагерлер, қылышкерлер, айбалташылар, шокпаршылар әскери қосындары құрылған. Ал бірнеше қаруды меңгерген, бес аспап батырлардан ауыр қаруланған бөліктер жасақталған. Шайқас алыс қашықтықтан садақпен атумен басталып, адамдары, аттары шығынға ұшыраған жау әскерімен жақын қашықтықта бетпе-бет айқаста найзаласумен жалғасады. Одан әрі қарай қоян-қолтық шайқаста қылышпен шабысу, айбалта, шокпар жұмсау арқылы жүргізіледі. Ер қаруы-бес қаруды қадірлеу қазақтардың халықтық дәстүрінде осы уақытқа дейін сақталған. Қазақ батырларын бүгінгі ұрпақтары бабаларынан қалған ер қаруының жұрнақтарын киелі зат ретінде әлі де қастерлеп ұстап келеді. «Әрбір кейінгі ұрпақ өз жолын алдыңғы ұрпақтардың жеткен жерінен бастайды, жақсысынан үйренеді, жаманынан жиренеді. Өзінің алдына қойған міндеттеріне сай, әр кезек өткендегінің қайсыбір қаракетін мансұқ етеді, қайсыбір қаракетін қасиеттеп дамытады», - деп ғалым Ш. Елеуқенов айтқандай біз батырлар жырындағы қазақ батырларының қолданған қару түрлеріне тоқталып, олардың шығу тарихын жан-жақты зерттей отырып, қазақ халқының қару түрлерінің жастар үшін танымдық маңыздылығын айқындадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Қырымның қырық батыры. Алматы: «Арыс», 2005.
- 2 Мәдиева Г. Иманбердиева С. Ономастика.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: Он томдық. Т2: Б-Алматы: «Ғылым», 1976.
- 4 Исақов. Халық календары. Алматы: «Қазақстан», 1980.
- 5 Дәуітұлы С. Алмас қылыш: батырлар жыры. – Алматы: Жалын, 1973. – 224.
- 6 «Ақсауыт» - қазақ батырлар жырларының екі томдық ғылыми жинағы. 1977 ж.

7 Ахметжанов Қ. С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Алматы: Дәуір, 1996. – 240 б.

8 Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. - Алматы., 2006. – 216.

9 Мағауин М. Аласапыран. (Тарихи роман) 1,2-кітап. – Алматы: Жазушы, 1988. – 830 б.

10 Қазақ ертегілері (Құраст.Е.Дүйсенбайұлы). – Алматы: Жазушы, 2009. – 320 б.

АВТОРЕФЕРАТ:

11 Қайырбаева Қ. Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Автореферат. Алматы, 2004.

КӨКПАР ЖӘНЕ КӨКПАР АТЫ

ТІЛЕУҚАБЫЛ С. О.

6 сынып оқушысы, Нығманов атындағы ЖОББМ,

Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

АДУОВА А. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Нығманов атындағы ЖОББМ,

Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

Ер жігіттің қанаты – жүйрік аттарды баптау дәстүрі – қазақ халқында ана сүтімен даритын қасиетті салт. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атқа міну мәденетінде – Ұлы даладан тараған деп айтуында да толық негіз бар. Көкпар – көшпелілердің байырғы заманнан бері келе жатқан ғұрыптық-жауынгерлік ойын өнері. Аталмыш ойынның шығу төркіні жайлы зерттеушілер, «Қазіргі көкпар тарту әуелде әлеуметтік мәні бар әскери машықтың қажетінен туған. Түркі қағандығы кезінде «дербес жасақты» осындай жаттығудан өтіп, сыналған жауынгерлерден жасақтаған. Әскери машықтың бұл түрі бейбіт күндерде көкпар тарту ойынына ұласып отырған» дейді.

Расында, көшпелілердің өмір сүру салтында, жауынгерлік өнердің маңызы зор. Ат үсті сайыста дайындықсыз сарбаз ажал құшуы мүмкін. Сол себепті, көкпар сияқты ұлттық ойын түрлерін жетілдіру арқылы әскери-жауынгерлік дайындыққа мән берген. Айталық, ертеде қырғын шайқас үстінде жараланған жолдасын жау қолына тастап кетпес үшін, оның денесін іліп алып, майдан ортасынан алып шығу керек. Немесе жаудың тақымға басқан

жау-жарағын тартып алып, оны қарусыздандыру қажет. Бұндай іс көкпар тартып әбден машықтанған сарбаз үшін қиынға соқпайды. Демек, көкпар дегеніміз – жауынгерлік өнер. Бізге белгілі көкпардың көптеген түрлері бар. Атап айтқанда: жаппай тарту, ұтысып тарту, дода көкпар, айналма көкпар, мәре көкпар, өлмес көкпар, тақым тартыс, т.б. Сондай-ақ, көкпардың аталған түрлеріне қатысты жеке-жеке ережелері болған немесе көкпаршылар ойын үстінде жағдайға қарай келісіп алатын да үрдіс бар. Бірақ бұл біртекті емес үрдіс, әр өлкеде әрқилы түрлері кездесе береді.

Мысалы, **жаппай тартуды** алатын болсақ: бұл ойын түрінде кәрі-жас, үлкен-кіші дейтін шектеу жоқ. Барлық адам қатысатын болғандықтан жоғарыдағыдай атауға ие. Көкпаршылардың тақым күшін, ептілігін, қол қайратын талап ететін бұл көкпардың ерекшелігі барлық өңірге тән екендігінде.

Ұтысып тарту. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Екі жақтан бір-бір адам шығып көкпарды тартады. Көкпардан айырылғаны немесе ұтылған адам ойыннан шығады. Кей жағдайда өзіне сенген көкпаршы қарсыластарын жеке-жеке сайысқа шақырып, бір өзі бәрін жеңіп ойыннан шығарып тастайтын кездері болған. Нәтижесінде, қарымы мықты, күшіне аты сай жігіт іріктеліп жеңіске жетеді.

Айналма көкпар. Бұны кей өңірлерде шауып тарту деп те атайды. Ойыншылар көкпарды нақты межеленген жерге (ауылға, жеке үйге, нысаналы орынға, т.б.) жеткізіп тастауы керек. Екінші жақ оларды жібермей қарсылық көрсетеді. Қарсыластарынан айласын асырып, нысанаға көкпарды апарып тастаған адам сыйлыққа ие болады.

Мәре көкпар. Ойынға қатысушылар екі шеттен нысана немесе қазандық белгілеп, қай жеңгені көкпарды сол қазандыққа салып ұпай жинайды. Осылай межеленген уақытта қай топ көп ұпай жинайды солар жеңіске жетеді. Қазіргі таңда, еліміз көкпаршылары осы мәре көкпар түрінен сайысуда. Жалпы, көкпар ойыны топтасқан жігіттердің (команданың) бірлігі мен ептілігін қажет етеді. Ертеректе көкпаршылар ауыл, ата, ру болып топтасып, екінші ру, ата, ауылдың азаматтарымен сайысатын болған. Рудың азаматтары қарсыластарынан жеңіліп қалмау үшін әркез дайындықта, үнемі машық жасайтын болған. Қазақта «Көкпар тартқандікі, қоян қаққандікі» деп тегін айтылмаған.

Дода көкпар. Жүйелі және тұрақты тәртіп сақталмайды. Үлкен жікке бөлінген топтар тұтас сайысады. Бұрын мұндай тартуға көбіне аталы ауылдар, руларымен түскен. Осындай жағдайда көкпар кімнің қолына түссе, сонда қалады. Кейде бұл түрді «марта тарту» деп те атайды. Көкпар тартысу үшін әуелі мықты ат керек.

Көкпар аттары екіге бөлінеді. Жазда, құмда шабылатын және қыста шабылатын. Кейінгі кезде, көбінесе, соңғы мезгілі дұрыс деп табылып жүр. Себебі, тойдың көбі күзде, қыста, ел адамдарының қолы босап, жер кеңгенде өтеді.

Яғни, көкпаршы жігіттердің білек қарымының сыртында астындағы аты өте көп рөл ойнайды. Көкпарға мінетін аттың ерекшелігі: еті мығым, сүйегі мықты, кеуделі, омыраулы, екпіні қатты, жылдам һәм жүйрік, көкпарды жерден іліп алуға икемделгіш, ақылды, текті жылқы таңдап алынады. Жануарды (жылқыны) көкпар үшін арнайы баптап, үйретеді және көкпардың алдында етін қатырып жаратады. Семіз немесе арық ат көкпарға жарамайды. Семіз жылқы додаға түскенде қызылмайланып, еті жінігіп кетеді де, алқынып тұрып қалады. Арық ат тез болдырады.

Көкпар атына қызбел, желбегей, қапшық жүйріктерді таңдайды. Әсіресе қызбел жүйріктер қазіргі таңдағы спорттық көкпарға таптырмайтын жылқы. Желбегей және қапшық жүйріктердің мінезі алаң, ұшқалақтау әрі топ жарғыш болатындықтан бұларды жаппай көкпарға салуға оңтайлы.

Топ жарғыш жылқының сипаты: еріндерінің еті қалың, салпы, маңдай сүйегі шобырлау біткен, кеңсірігінің шеміршек сүйегі қатты болады.

* * *

Көкпар атының сынын білетін атбегілер жылқының жалпы сипатына қарап: салым аты және сайыс аты деп бөледі. Салым атының сипаты. Қаршыға төс, қайқы бел, тұрған орнынан атыла шабатын ұшпа, ұрыншақ, аса шапшаң, жүйрік келеді. Сайыс атының сипаты. Бұқа мойын, омыраулы, сіңірлі, бура сан, астау бас, мінезі долы, топ жарғыш келеді. Сайыс атына суық райлы аймақта туған, терісі қалың, тау жылқысы ыңғайлы болады

* * *

Көкпар атының негізгі ерекшелігі жүрегі жақсы болуы шарт. Жүрегі жақсы жылқы додаға қорықпай кіре алады және тау-тас, күдір жерлерден іркілмей шабады. Жүрегі жақсы жылқының сипаты. Көз шарасы қарақызыл немесе күрең түсті болып келеді. Құлақ түбі қалың етті, денесі қызған сайын қуаты артады.

* * *

Одан кейін көкпар атына тән сипат икемді әрі жылдам болуы керек. Икемді әрі жылдам жылқының сипаты. Терісі жұқа әрі кен, мол пішілген шапан сияқты көлбірлеу болады.

* * *

Келесі шарт – көкпар аты ақылды болуы қажет. Яғни, ақылды жылқы көкпаршының тақымы арқылы маневр жасап, жеңіске жетелейді. Ақылды жылқының сипаты. Жылқының ақыл-сезімінің деңгейін білу үшін оның байлаулы тұрған жеріне келіп әсем әуезді үнді адам қаттырақ сөйлейді. Әуезді сөзді тыңдаған жылқы дүркін-дүркін есінейтін болса, бұл көкпардың әдіс-тәсіліне тез үйренетін ақылды жануар болғаны.

* * *

Көкпар жылқыларының дені айғыр болады. Айғырдан басқа жылқы түлігі дода-дуды жарып кіре алмайды, кіргеннің өзінде ұзақ тартысқа шыдас бермейді. Сондықтан тәжірибелі ат бапкерлері көкпарға айғырды тандайды.

Көкпарға лайық айғырдың сипаты. Мінезі кең, басы етсіз, қамыс, мүкіс құлақ, салпы ерін, түйе тіс, кірпік-қасы, құйрық-жалы, кекілі мол, кеудесі кең, жүндес, бүкіштеу, шоқтығы биік, мықыны тар, жаясы жалпақ, бауыры жазық, қабырғалы (артынан қарағанда, қабырғаның қанатын жая жауып қалмай толық көрініп тұруы керек), бауыры жазық, жоны тартық болады. Төрт аяғы тең (маймақ емес), жерге қаққан қазықтай нық басуы шарт. Жіліншіктің сіңірлері білеуленіп, бөлектеніп тұрады. Бақайы қысқа, алдыңғы аяқтарының бақайы артқы бақайынан тұрқы сәл ұзындау, тұяғы жұмыр әрі берік, жерсоғары қалың, шашалы келеді. Кісінегенде арқырап кісінейді.

* * *

Көкпар атының тұяғы өте берік әрі қуатты болғаны абзал. Сондықтан да көкпар атын тандағанда оның тұяғына көп мән беріледі. Көкпар атының тұяқ сипаты. Тұяқ мүйізі қалың, өкше жағы биік, тұяғы құланның тұяғы сияқты қатты әрі әдемі, тағалық қаратырнағы өткір болғаны абзал. Бұндай жылқының табан-тұяғы қызбайды, аяқ тастасы өте жылдам болады.

КӨКПАР АТЫНЫҢ ЖАБДЫҚТАРЫ

Ер, жүген, қысқа тоқым, ішпек-терлік, желдік немесе қаптал қабат, үзенгі бау, үзенгі, тарпа-айыл (қажет жағдайда өмілдірік пен құйысқан) жатады.

1 Ер. Көкпар атының ерін әсемдеп металл бұйымдармен сәндейді. Салмағы да ауыр болмағаны дұрыс. Қапталы кең, аттың арқасына нық түсуі қажет. Аттың арқасын нық ұстаған қаптал көкпаршы еңкейгенде ерді аудармайды.

2 Ердің алдыңғы қасы. Көкпаршы еңкейгенде екінші қолымен ердің алдыңғы қасынан ұстайды, себебі, жердегі серкені ілгеннен

кейін қайта көтеріліп, атқа отыруға бұл әдіс қолайлы. Сондықтан, көкпар ерінін алдыңғы қасы қолмен қысып ұстауға ыңғайлы, әрі берік болғаны абзал, сондай-ақ, тартыс кезінде көкпаршының кіндігінен тіреп кедергі келтіретіндей тік емес, жатаған иінді келеді

3 Ердің артқы қасы. Көкпар атына тиесілі ердің артқы қасы мен құйрықбасары тұтасқан жалпақ әрі көтеріңкі болады. Себебі, жалпақ ер нық отыруға қолайлы болса, көтеріңкі қасы көкпаршы еңкейгенде ер үстіндегі аяғын орай тіреп алуына мүмкіндік жасайды.

4 Желдік немесе қаптал қабат. Бұл түтіліп кетпейтін пысқан киізден жасалады. Сырты жұмсақ былғарымен қапталады. Желдіктің міндеті – ердің қапталын аттың арқасына батырмайды және қысқа тоқымға жабысып ерді нық ұстайды.

5 Қысқа тоқым. Көкпар атының тоқымы тартыс кезінде аяққа оратылып кедергі келтірмес үшін қысқа жасалады. Қалың киізден пішіп алып, шетін жұмсақ былғарымен сырып тігеді. Аттың арқасына батпайтын жайлы болмағы абзал.

6 Үзенгі бау. Берік заттан (қайыс, жіп, т.б) жасалады. Үзенгі баудың ұшына үзенгі (7) орналасады


7 Тартпа-айыл. Міндеті аттың үстіндегі ерді аудармай ұстап тұрады. Айыл үстінгі доғаға (9) бекітіліп, астыңғы доға (10) арқылы сыртқы тартпаға (11) жалғасып тартылады.

8 Жүген. Көкпар атының жүгені жеңіл әрі өте берік болуы қажет. Жүгенде шылбыр болмайды, тек тізгін (13) арқылы басқарылады. Сондай-ақ, жүгеннің құрамында: кеңсірік (14), ауыздық (15), жақтау (16), сағалдырық (17), желкелік (18), сулық (19) бар.

Қазақтың ұлттық ойындарының екі жүзден астам түрі бар дейді зерттеушілер. Соның бірі, бірегейі, әлемге мақтанып көрсетуге тұрарлығы – көкпар. Көкпарға ауыл баласы икемді келеді. Алайда аудандарда көкпар тартылмайтын болғандықтан, ауыл балалары спорттың бұл түрінен шет қалып жатады. Ал мықты көкпаршылар ауылдан шығатынын ескерсек, осы мәселеге жіті назар аударуымыз керек. Ат спортын ауылда дамытпай, ұлттық ойындарды жоғары деңгейге көтеру мүмкін емес. Өйткені ауылда көкпарды дамыту үшін жағдай бар, яғни ат та, оған қызығатын бала да табылады.

Қорытындылай келе қазақтың қанында бар ұлттық спорт түрі – көкпар тартуды қолға алғалы жақсы күй кешуде қазақ елі. Сонымен қатар біздің ендігі мақсат осы ұлттық ойынды әлемдік деңгейге көтеру болуға тиіс деп есептейміз. Ол үшін көкпар ойынының әлемдік деңгейде көрсетілетін арналарға ұсына отырып, сол арнадан әлем назары ауатындай деңгейдегі көкпар ойының экран арқылы

ат пен көкпаршының шеберлігін көрсету керек. Егер осыған қол жеткізсек, әлемдегі көрермені көп спорт түріне айналып, болашақта олимпиада ойындарына кіргізуі ғажап емес. Сондықтан еліміздің имиджін көтеруге де септігін тигізери сөзсіз. Қазақ аман болса, ұлттық ойын көкпар да аман болады деген сенейік, алаш елі.



Сурет 1

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ ұлттық спорт түрлері қауымдастығы ресми сайты: <http://ulttyqsport.kz/?p=553>.
- 2 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9.
- 3 Қазақстан - спортшылар елі. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Сөздік-Словарь». ISBN 9965-822-57-3.
- 4 Massaget.kz ресми сайты: <http://dev.massaget.kz/22-nauryz/1014>.
- 5 Жүнісов А. Фәниден бақиға дейін: Қазақтың байырғы тұрмыс-салт,әдет-ғұрыптары, - Алматы: Қайнар, 1994. - 127 б.
- 6 Дүйсенбайқызы А. Ұлттық ойындар ұмытылып барады // Ана тілі. - 2012.- 5-11 шілде (№ 27). - 11 б.
- 7 А.Кендірбекұлы Көкпар: Өлеңдер / Ред. А. Естен. - Алматы: Жазушы, 1996. - 104 бет.
- 8 «Абай ақпарат» газеті. 8 Сәуір, 2014 ж.

ЗАМАНАУИ ТЕХНАЛОГИЯ БОЙЫНША ҚОЙ ЖҮНІНЕН ЖАСАЛҒАН ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР

ТОЛУБАЕВА Г. О.
магистрант, БМПУ Уфа қ., Ресей Федерациясы
УНҒИЙБАЕВА Д. С.
қазақ тілі пәнінің мұғалімі, 43 ЖБОМ, Павлодар қ.
ТЕМІРБОЛАТ А.

8 «А» сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңартуға байланысты өзінің тарихи және мәдени көздеріне үндеу, этникалық дәстүр бұрын-соңды болмағанға дейін айналды. Өткенді білмей, бүгінді тиімді түрде жасау мүмкін емес, ал қазіргі кезде болашақты құруға болмайды. Қазақ халқының шығармашылық базасының көптеген элементтері этнос қалыптастыру мен қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Енді олар рухани даму үшін, қазіргі заманғы қоғамның табысты жұмыс істеуі үшін мәдени жер қойнауының рөлін атқарады. Қазақ мәдени мұрасының маңызды бөлігі қазақ халқының шығармашылық мәні мен эстетикалық артықшылықтарын бейнелейтін сәндік-қолданбалы өнер.

«Қазіргіні түсініп болашақты көру үшін өткенге аяқ басуымыз керек. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасында атап өтті. Бүгінгі күні, біздің замандастарымыздың міндеті халық өнерінің дәстүрлерін қайта жаңғырту мүмкіндігінше, қолданбалы өнер туындылары сақтап, сонымен қатар ғана емес. халық дәстүрлерін жаңғыру үлкен рөл өнер сабақтарын ойнайды

Мектептің міндеті әр түрлі халық колөнерінің даму тарихын сақтау және толық мағлұмат беру. Оқушылар мәдениетінің негізін білуі керек. Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектепте өнерді оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасында өнертану және тәрбиелеу саласында зерттеулер жүргізілді. Оқу бағдарламалары, оқулықтар, әдістемелік нұсқаулар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалды. Оқушыларды шығармашылық және қолөнер құралдарымен тәрбиелеу мәселелері бойынша зерттеулері нәтиже беріп және қолөнер оқушының жеке дамуының маңызды құралы ретінде бағаланып, жағымды тәжірибе жинақталды. Сонымен қатар, білім беру үдерісінде өнер және қолөнерді пайдалануды, сондай-ақ кәсіпкерліктің қазіргі дамуындағы экономикалық процесті айтарлықтай кеңейтіп, орташа

немесе шағын бизнесті дамыту мүмкін. Бұл мәселені шешудің бір түрі - тоқыма талшықтарын, әсіресе қойдың жүнін пайдаланып, өнер мен қолөнерді оқыту мен оқытуда пайдалану.

Жүннен жасалған туындылар түрлі-түсті таусылмас өртүрлілігімен, тереңдігі мен көркемдік мазмұны аясында маңызы зор. Көшпелі халықтың өмірі мен табиғаттың үйлесімділігі анықталды. Қазақ қыздары қойдың жүнінің көптігін пайдаланып, туындылар жасау барысында өздерінің қиялдарынан туындаған қолөнерін дамытты. Жүннің экологиялық тұрғыдан үйлесімділігі, табиғи қолайлы қасиеттері, көшпелі тұрмыс жағдайында ең маңызды құрылыс материалы болды. Заманауи этномәдени-көркем және технологиялық жадыға ие жүн өнімдерін жасау өнері үй ортасының барлық объективті әлемін толығымен қамтыды.

Қойдың жүнінен жасалған заманауи қолөнер қазіргі қазақстандық ғалымдардың зерттеуі бойынша үлкен сұранысқа ие болып, тәжірибе жинақталғаны анықталды. Заманауи бейнелеу өнерінің көркемдік-қолданбалы шығармашылық шеберлері, теңдесі жоқ құндылықтар ретінде, эксклюзивті, экологиялық таза материалдарды өнер туындысына пайдалана бастады. Олар жүннен бейнелеу кескіндеме суреттерін жасайды, түрлі- түсті оюлы суреттерін сәйкестендіріп, сәндік үйлесіммен көпшіліктің назарын аударады; олардың композицияларында этникалық рәміздер, белгілер, дерексіз өрнектер, рокгравюралардан көріністер және авторлық қиялға негізделген басқа да тақырыптар басым.

Қазақстанда Әлибай және Сәуле Бапанова тоқыма талшықтарының қазіргі заманғы өнер туындыларын киіз дайындау, тоқу және шәй маталарын жасаумен айналысады. Суретшілер қазақтың ұлттық өнерінің дәстүрлі материалдарымен - киізден, иірілгендіктен жұмыс жасаудың ежелгі технологиялық әдістерін пайдаланып, поэтикалық пейзаждар мен жанрлық композицияларды, шынайы және қиялды суреттерді жасайды. Олардың киізден жасалған жұмысының мақсаты - қазақтың ұлттық дәстүрлерін жандандыру.

Жүннің қазіргі заманғы өнер туындыларын жасау бойынша жұмыс жасайтын басқа суретшілердің арасында Гүлжан Қабиджанова, Гүлшат Жураева, Наталья Баженова бар. Олар киізді әр түрлі материалдармен біріктіреді: жібек, органза, мақта, зығыр.

Қазіргі заманғы суретшілер қазақтардың жүнінен жасалған бұйымдарды жасау үшін дәстүрлі технологияларды қолданумен қатар, киіз маталарын жасаудың өз әдістерін ойлап тапқан. Мысалы, бауырластар Анқауовтар машина құралы жасайтындай

өздері әртүрлі тақырыптартағы жүннен тақтайшалардан өнер туындыларын жасайды.

Көптеген заманауи суретшілердің көзқарасы- заманауи өнер түрінің әсіресе, жүнмен кескінделген туындылар. Яна Богданова - танымал шебер, ал оның жүннен жасалынған кескіндемелері өнер сүйгіш әріптестері оның туындыларын жоғары бағалайды. Жүннен жасалынған гүлдері мүлдем өзгеше: жүнді көкнәр, жүнді сәлдегүл, жүнді түймедақ және ирис. Оның сюжеттік суреттері де бар.

100 жылдан астам уақыттан бері, түрлі-түсті қой жүнімен айналысудың пайдасы мол екені дәлелденді. Мысалы: адамдарға психикалық күйзелісті, тепе-теңдікті жеңуге, шығармашылық жолда ашылуына және жүнмен сурет салу кезінде шабыттың сезінуіне көмектесті, себебі бұл процесс өте креативті! - жүнмен суретке түсірген адам қандай да бір суреттермен шектелмейді, ол әрдайым өз жанының қажеттіліктеріне сәйкес келетін түс масштабын, қазіргі кезде оның жағдайына ең жақын сюжетті қолданады.

Жиһаздарға арналған интерьерлерде аз емес. Қолөнер бұйымдарымен жиһаздарға арналған жапқыштар практикалық қолданылысқа ие болды. Қолөнершілер кәдесыйларды, жаңа жылдық шыршаларды және түрлі балалар әшекейлерін, қуыршақтарды ерікті түрде жасайды. Мысалдар шексіз жалғасуы мүмкін. Инновациялық технологиялардың заманауи дамуы жыл мезгіліне қарамастан киізден, жүннен туындылар шығаруға мүмкіндік береді.

Қазақ қыздарының тоқыма өнерін, қолөнер теориясын зерттеу барысында «Қыз аруы» өрнектеліп, әшекейленіп салынған сурет жасауға, «Теңіз тастары» зергерлік бұйымдарын жасауға, заманауи оюлы желетка тігуге мүмкіндік берді.

Жұмыстың басталуына дейін Ы. Алтынсарин атындағы облыстық қазақ гимназия-интернат мектебінің оқушылары шығармашылық идеялардың бастамасын және шығармашылық идеяларын дамытуын өнім шығаруға шешім қабылдады. Жетінші, сегізінші және тоғызыншы сынып оқушылары өздерінің шығармашылық жұмыстарын өрнектелген, әшекейленген киім бұйымдарды шығаруды бастады. Өрнектелген, әшекейленген киімдерді жасау үшін жұмыс орынын дайындап, үстелдің бетін ауа-көпіршікті полиэтиленмен жауып, үстелдің үстіңгі жағы киімдерді орындап, қажетті құралдар мен материалдарды орналастыру үшін керек құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Бөлмеде жақсы жарық болуы керек.

«Көне дәуірі» киім бұйымының төменде көрсетілген жүйеде орындалды.

Бірінші кезең - дайындық:

- бұйымның эскизін жасау, түстің екпінін анықтау;
- құралдар мен материалдарды дайындау;
- жүннің шөгуінің есебі.

Екінші кезең – бұйымдардың кестемесін қалау:

- дәкедің орналасуы;
- түрлі бағытта ақ жүннің екі қабатының орналасуы;
- орынды нақтылау үшін эскизге сәйкес жүннің орналасуы фон,

ою-өрнек, петроглифтардың суреттері.

Үшінші кезең - бұл бұйымның жасалу бөлшектері:

- фон жасау үшін жүнді төсеу;
- ою-өрнек жасау үшін жүннің орналасуы;
- петроглифтардың сурет бейнесін жасау үшін жүннің орналасуы;
- киімді жасау үшін жүннің орналасуы;

Төртінші кезең - дайындаманы алдын ала жағу:

- ыстық сабын ерітіндісін дайындау;
- дайындау бөлігін ыстық сабын ерітіндісімен ылғалдандыру;
- дайындауды ауа көпіршігі полиэтиленмен жабу;
- GSM дайындамасының екі жағында 2-3 минуттай пышақтауы

(бар туберкулезге қарсы ережелерді сақтау).

Бесінші кезең - бұл:

- GSOM-ды өшіру;
- дайындаманың бетіндегі ауа көпіршігі полиэтиленін алу;
- артық сұйықтықты сүлгімен алып тастау;
- олардың қатысуындағы кемшіліктерді түзету (жүнмен, аяқтау

тақтайшаларымен және т.б. бос жерлерді толтыру).

Алтыншы кезең- дайындаманың түпкілікті кесілуі:

- ыстық сабын ерітіндісін дайындау;
- дайындау бөлігін сабын ерітіндісімен ылғалдандыру;
- үстелде дайындаманы кем дегенде 100 рет ұрып-соғу.

Жетінші кезең –киім бұйымның соңғы кезеңі:

- Бұйымдарды шаю;
- жұмысты реттейтін құрылымды ашу, көйлек қалыптастыру, киімнің жендері;
- Тақтаны кептіру.

Тоғызыншы кезең –тақтайшаның негізін гүлге, сабаққа және жапыраққа бекіту, панельдің яғни тақтайшаның соңғы жобасы.

Қазіргі заманауи қой жүнінен туындылар жасау процесі өте маңызды және еңбекқорлыққа баулиды. Ұзақ уақытты қажет ететін үдеріс нәтижесінде

«Көне дәуірі» авторлық киім бұйымы және т.б туындылар пайда болды. Көптеген авторлық туындылар шығармашылық және жаңа идеяларды дамыту үшін тамаша шабыт болды. Оқушылар авторлық жұмыстарды орындады, кестеде келтірілген жүн өнімдерін өндіруге арналған барлық шығыстарды есептеді.

Кесте 1 – Расчет себестоимости изделий

	ед.изм.	цена, тг.	Жилетка		картина		Бижутерия	
			Норма расхода	Сумма на 1 кг.	Норма расхода	Сумма на 1 кг.	Норма расхода	Сумма на 1 кг.
Шерсть	кг	4000	0,4	1600	0,1	400	0,2	800
Шелк	м	1300	0,5	650	0,5	650		
Мыло детское	шт.	135	3	405	2	270		
Полиэтиленовая пленка	кв.м	150	2	300	2	300		
Рамка	шт	150			4	600		
Фурнитура	шт	250					10	2500
Итого				2 955		2 220		3300

Кесте 2 – Кірістер мен шығындардың болжамы 2018–2020 жж.

	2018	2019	2020
Табысы	13957272	18609696	23262120
Шығыны	10384875	13846500	17308125
ҚҚС есебі мен пайда	3572397	4763196	5953995
ҚҚС	428687,6	571583,52	714479,4
ҚҚС төлеуден кейін пайда	3143709	4191612,48	5239516
Табыс слығы	418718,2	558290,88	697863,6
Салықтан кейінгі пайда	2724991	3633321,6	4541652

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Концепция культурной политики Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. – URL: <http://cultural.kz/ru/page/view?id=24>
- 2 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 2. – Алма-Ата: Өнер, 1987. – 288 с.
- 3 Муканов М.С. Казахская юрта. – Алма-Ата: Кайнар, 1981. – 224 с.

АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

ТУРАКУЛОВ Ш.

10 сынып оқушысы, Северный ЖОББМ,
Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Северный ауылы

ЖУСУПОВ Н. М.

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Северный ЖОББМ,
Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Северный ауылы

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі. Осы атқа міну үшін қазақтар ер тоқымды жасап шығарған.

Ер дегеніміз – салт атқа мінуге арналған ат өзбелдерінің негізгі құралы. Ер-тоқым мінген адамға жайлы әрі аттың арқасына батпайтын, жүріске бөгет болмайтын болуы шарт

Еркектерге арналған ердің сүйегі жұқа және ықшамды, өте жеңіл келеді. Мұндай ерлерді онша әшекелемейді, тек жасалуына көп көңіл бөліп, жете өндейді.

Балаларға арналған ерді – ашамай дейді. Ер бала дүниеге келгенде қазақ оған арнап жаңа туған құлын бәсірелейді. Сол бәсіресі тай, құнан болғанда үкі тағып, ашамай жасатып, баланы мінгізген.

Ер - тұрман жасайтын адамды ерші дейді. Ершілер әсіресе ағаш ұсталығын, темір ұсталығын, зергерлік өнер мен үйшілік, тігіншілік, өрімшілік өнерін қатар меңгерген әмбебап шебер болып келеді. Ердің ағаштан жасалған негізгі бөлегін сүйегі деп атайды. Ағаш тапшы жерлерде ердің сүйегін бірнеше бөліктен құрастырып, құрап, желімдеп жасайды. Оны «кұранды ер» - деп атайды. Сол сияқты жуан ағаш дөңбекті екіге жарып, әр бөлігінен ер сүйегін тұтас шауып шығуға да болады

Жасалуы: Құралды ер жасауға қайың ағашының безі (беріші, үйілі, көзі, оқырасы деп те атайды) өте қолайлы. Өйткені ол өте берік, әрі жарылып шытынамайды, қаңсымайды, өңделген кезде ағаштың табиғи өрнектері ашыла түсіп, өте әдемі болады.

Ер сүйегін тұтас шабу үшін тал, киіз терек тәрізді ағаштар қолайлы. Ағашты су күйінде өңдеп, ер сүйегінің нобайын келтіре,

жеңілдете, жұқарта шабу жұмысында желден ағаш тез кеуіп, жарылып кетуі ықтимал.

Суға тұзды мол салып, қаныққан ертінді жасап, жұмыс істеуінде сол ертіндіге ер сүйегін әлсін-әлсін малып отырса, ағаш жарылмайды. Әзір болған ер сүйегін байырғы шеберлер сиырдың жас жапасымен орап, күн, жел тимейтін көленкеде бабымен кептірген.

Ер сүйегі кепті-ау деген кезде, сиыр жапасынан тазартып, өңдеп қартауға дайындайды. Ол үшін алдын-ала ірі қараның терісін жылы суға бірнеше күн салып, жүнін жібітіп түсіреді. Тері сәл дегдіген соң қажет мөлшерден артықтау етіп кесіп алынады. Содан кейін ердің сүйегін шалқасынан аударып, оқпанынан бастап екі жақ қапталдың қырына қарай тартып, отырып, ұсақ шегелермен шегеленеді. Шегеленіп болған соң қапталдың қырынан артылып тұрған теріні екі жақ қапталын шегеленеді, кейде кергіні өрнектеп те шегелейді. Мойынды қаптамас бұрын қанжығалық пен алдыңғы қолын қаптап алып, соны бастырып мойны мен ердің басы тысталады.

Ер-тұрманның безендірілуіне байланысты жасаған материалына байланысты атауларға жіктеледі. Мысалы: күміс ер, алтын ер, лажылы ер т.с.с. бағдарлы ер әйелдер мінетін ердің алдыңғы қасына, айыл - тұрманның, қалишының алақанына, салып салпимақшарына, асыл тастан көз орнатып, зерлеп әшекеленеді. Ердің үзеңгі бауы, қанжыға құйысқандығы (бүлдіргі) болуға тиіс. Үзеңгі бау алдыңғы қастың етегінен кейінірек қапталдан тесіледі. Ал құйысқан байланатын бүлдіргі мен қанжыға қапталдың артқы қанатынан тесіп өткізіледі. Ер тоқымның құрамына: терлік, киіз тоқым, қайыстан өрілген айыл-тартпа, үзеңгі, құйысқан, өмілдірік және көрпеше мен қанжыға кіреді. Осының бәрі ағаштан ойылып жасалған қаңқаны толықтырып ер-тоқым деп аталады

Жалпы ер-тұрманды атаулары бойынша былай жіктеуге болады:

Ер – ердің ағашы, сүйегі, қаңқасы ағаштан жасалады.

Қас – ердің алдыңғы және артқы шошайып тұратын бөліктері. Қазақ ерлерінде алдыңғы қас және артқы қас болады. Алдыңғы қас артқы қасқа қарағанда жоғары болады

Қаптал – ат арқасына үйлесімді етіп жасалған екі қисық ағаш. Ердің алды-артына байланысты «қапталдың алды», «қапталдың арты» болып бөлінеді.

Үзеңгілік – үзеңгі бау өткізуге арналған екі қапталдағы тесік. Үзеңгілік екі қапталдың астыңғы шетін ала тесіледі.

Үзеңгі – атқа міну үшін қолданылатын және аяқтың талмауы үшін жасалған жабдық.

Ер-тоқым тұрманындағы тоқымның өзі ерді жабдықтайтын бірнеше бөлшектерден тұрады: тебінгі тоқым, ішпек, ішкілік, терлік, өң және көпшік, өткерме сияқты төсеніш жабдықтары болады.

Тоқым – аттың арқасына, ер батпас үшін салынатын нәрсе. Киізден сырылып, айнала жиегін шұға, баркыт сияқты маталардан тігіледі.

Ноқта – атты бұлтарыссыз, тырп еткізбей, толық және түпкілікті бағындыратын жүгенге қарағанда құрылысы қарапайым жабдық атауы.

Жүген – ауыздық, екі сулық, екі шаужай, тізгін, шылбыр, екі жақтау, кеңсірік, екі сағалдырық, желкелік, милық деп аталатын жабдықтар кіреді.

Тұрман – аттың жабдығы, сонымен бірге, қазақта әр аттың өзіне ғана арнап тұрман жасату ертеден қалыптасқан.

Жүген – атты басқаруға, асауды үйретуге, адамның ырқына көндіруге арналған әбзел. Адамзат жылқыны алғаш қолға үйрету кезеңінде шыққан ер-тұрман жабдықтарының ең алғашқысы деп халықта айтылады.

Сағалдырық – жүгеннің ат алқымы астынан орап тұратын бауы. Сағалдырық жүгеннің ат басынан сыпырылып түспеуіне қолданады.

Өмілдірік – ер-тұрманның ең бір күрделі және маңызды жабдығы. Ер-тұрман жабдықтарының даму эволюциясында күр тоқымды атқа бір немесе екі айылмен тартып мінген заманда өрге, тауға шыққанда тоқым ат арқасынан кейін сырғымау, ерттеген жерінен қозғалмау үшін қажет.

Құйысқан – өмілдірік сияқты ер-тұрманның көне замандардан келе жатқан жабдығы. Салт атты адам еңіске жүргенде, таудан түскенде ер аттың мойнына кетпес үшін жасалған.

Қорытынды.

Жоғарыдағыларды ескере отырып мынадай қорытынды жасауға болады. Адам баласы қолөнерінің түп тамыры халықтың өмір сүру салтында, шаруашылық дәстүрінде тығыз байланысты. Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнер-ер жасауы бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі. Ол жаңа заман талаптарымен үндесе тарап, ақыл-ойды асқарға, қиялды қиялға жетелейтін киелі мұра.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Шаңырақ» энциклопедиясы.

2 С. Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері».

3 «Қазақтың ұлттық қолөнері».

4 «Білім және еңбек» журналы.

5 «Мектептегі технология» журналы.

6 «Қазақ жылқысының тарихы». Алматы кітап баспасы. – 2010 ж.

7 Қазақтың ер-тұрман жабдықтары. Арғынбаев Х Алматы. Ғылым 1969 ж.

8 Тоқтабаев А. Жылқы түстерін кім көп біледі? 1991 ж Ұлан газеті.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – КОНЦЕПЦИЯ ПРОЦВЕТАНИЯ ГОСУДАРСТВА

ХАЙРАТХАНҚЫЗЫ Р.

ученик 8 класса, КГУ «Средняя школа села Уштерек г. Аксу»

ЕЖИХАНОВА Г. К.

учитель русского языка и литературы,
КГУ «Средняя школа села Уштерек г. Аксу»

Инициативу о модернизации сознания народа Казахстана в своей стратегической статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» в апреле 2017 года выдвинул президент Нурсултан Назарбаев. Глава государства отметил, что невозможно занять место в передовой группе, не изменив сегодняшний образ мышления.

В документе говорится о том, как обществу сделать шаг в будущее - стать ближе к созданию еще более сплоченной единой нации сильных и ответственных людей.

Условия модернизации - сохранение своей культуры, собственного национального кода, конкурентоспособность, прагматизм, культ знания, открытость сознания. Эти качества должны стать основными ориентирами современного казахстанца.

В рамках программы действует 6 специальных проектов: «Туған жер», «Сакральная география Казахстана», «Казахстанская культура в современном мире», «100 новых учебников», «Перевод казахского языка на латинскую графику», «100 новых лиц Казахстана».

На реализацию модернизации общественного сознания до 2022 года из бюджета предусмотрено 54 миллиарда тенге.

Через модернизацию – к звездам. Что сделано в ушедшем 2018 году в рамках программы духовной модернизации? По всему Казахстану от глубинки до больших городов прошли сотни мероприятий с привязкой к «Рухани жаңғыру», открыты десятки объектов, утверждены латинский алфавит и график перехода на него,

наши соотечественники заявляли о себе на мировом уровне, делая страну узнаваемой, появились новые лица, переводятся ведущие учебники в социально-гуманитарной сфере.

Переход на латинскую графику откроет все возможности для доступа к самым современным достижениям науки и техники. Сложности неизбежны, это связано с подготовкой населения, с проведением разъяснительной работы, необходимых научных разработок в этом направлении.

Но в долгосрочной перспективе - переход на латиницу для нашей страны - важный шаг, отвечающий национальным интересам Казахстана. Это должно происходить поэтапно, спокойно.

В рамках программы «Туған жер» крупные промышленные предприятия и представители малого и среднего бизнеса проводят значительную социальную работу, направленную на развитие сфер образования, здравоохранения, спорта во всех уголках страны.

Создание Сакральной географии решает не только вопрос духовного обогащения человека, но и также отмечает богатство нашей истории, культуры и традиций.

Программа и ее тезисы становятся все более популярными среди казахстанцев, особенно молодежи.

Так, в сети Instagram по хэштегу «руханижангыру» насчитывается более 26,5 тысяч публикаций.

Информация об идее духовной модернизации постепенно доходит до казахстанцев, и процесс запущен. Остается ждать, верить, и приложить немного усилий – каждому из нас.

Потому что страна, которую строят все казахстанцы, достанется нам, будущему поколению.

Время никого не ждет, и модернизация, как и сама история, бесконечно продолжающийся процесс. И здесь важно, чтобы все казахстанцы, помнили, что главное это внутреннее желание и готовность к изменениям. В своей программной статье Елбасы четко и ясно обозначил механизмы модернизации общественного сознания. Поставлена задача по реализации программы «Рухани жангыру».

Программа «Рухани жангыру» это новый подход к решению наших с вами задач. Вызовы нового времени, глобальные вызовы, изменения во всей структуре жизни, в технологических платформах, образе жизни требуют, чтобы Казахстан соответствовал этому новому времени. И наша задача заключается не только в том, чтобы построить заводы и фабрики, но и в том, чтобы люди, которые будут

жить в Казахстане в ближайшие годы соответствовали этому новому времени. Чтобы они ощущали себя казахстанцами и в том же время, гражданами большого мира.

Программа «Рухани жангыру» включает в себя 4 подпрограммы «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани казына», «Ақпарат толкыны».

В ней президент озвучил новые инициативы по восстановлению теперь уже степного наследия и поручил начать работу по ряду таких крупных проектов, как восстановление городища Отырар, созданию исторических туристических маршрутов, восстановлению «Великих имен Великой степи» и ряд других.

В Казахстане необходимо создать семилетнюю программу «Архив-2025», которая должна стать продолжением уже успешно реализованной программы «Мәдени мұра». Ведь, как считает президент, многие документальные свидетельства о жизни предков и их уникальной цивилизации до сих пор не введены в научный оборот и ждут своего часа в многочисленных архивах по всему миру. В новую программу должны войти «серьезные фундаментальные исследования всех отечественных и зарубежных архивов, начиная с античности и кончая современностью».

«В рамках его реализации нужно сфокусировать поисково-исследовательскую работу специальных групп историков, архивистов, культурологов на системном и долгосрочном взаимодействии с отечественными и крупнейшими зарубежными архивами», - говорится в статье Назарбаева, опубликованной на сайте Акорды.

По мнению главы государства, эта «важная во всех отношениях деятельность» не должна превратиться в «академический туризм» за государственный счет.

«Необходимо не только кропотливо собирать архивные данные, но и активно конвертировать их в цифровой формат, делая доступными для всех заинтересованных экспертов и широкой общественности», - считает он.

А вот для воспитания чувства гордости за свою историю и воспитания патриотизма среди подрастающего поколения важно создать при школах и краеведческих музеях страны историко-археологическое движение.

Создать учебно-образовательный Парк-энциклопедию «Великие имена Великой степи», в котором под открытым небом будут представлены скульптурные памятники в честь наших

знаменитых исторических деятелей и их достижений, – еще одна инициатива президента.

«Великая степь породила целую плеяду выдающихся деятелей. Среди них такие масштабные фигуры, как аль-Фараби и Яссауи, Кюль-Тегин и Бейбарс, Тауке и Абылай, Кенесары и Абай и многие другие», - пишет глава государства.

Кроме того, необходимо сформировать актуальную галерею великих мыслителей, поэтов и правителей прошлого в современной литературе, музыке, театре и изобразительном искусстве через формирование целевого госзаказа.

Вместе с тем необходимо систематизировать и активизировать деятельность по созданию и распространению научно-популярной серии «Выдающиеся личности Великой степи» – «Ұлы Дала тұлғалары», в рамках которого можно создать международные многопрофильные коллективы, в которых наряду с казахстанскими учеными будут задействованы и иностранные специалисты.

В рамках направления «Генезис тюркского мира» Назарбаев предлагает запустить проект «Тюркская цивилизация: от истоков к современности», в рамках которого можно организовать Всемирный конгресс тюркологов в Астане в 2019 году и Дни культуры тюркских этносов.

«Также важно создать единую онлайн-библиотеку общетюркских произведений по примеру Википедии, в качестве модератора которой может выступить Казахстан. Кроме того, в рамках продвижения Туркестана в качестве нового областного центра необходимо системное усиление его позиционирования на международной арене. Древняя столица Казахстана является не только духовным центром нашего народа, но и сакральным местом для всего тюркского мира», - отмечается в статье.

Получат свое развитие и музеи. В своей статье глава государства говорит о возможности создать музей древнего искусства и технологий Великой степи «Ұлы дала». «В нем можно собрать образцы высокого искусства и технологий, в том числе изделия, выполненные в зверином стиле, убранство «Золотого человека», предметы, отражающие процесс приручения лошади, развития металлургии, изготовления вооружения, снаряжения и другие артефакты. Развернуть в нем экспозиции ценных археологических находок и археологических комплексов, найденных на территории Казахстана, которые отражают процесс развития различных

отраслей хозяйства на территории нашей страны в те или иные исторические эпохи», - объясняет он.

Также предлагается создать общенациональный клуб исторических реконструкций «Великие цивилизации Великой степи» и проводить на его основе фестивали в Астане и регионах Казахстана по тематикам: древние саки; гунны, эпоха великих тюркских каганов и другие. Интересен будет и туристический проект по частичному восстановлению древнего города Отырар с воссозданием объектов городской среды – домов, улиц, общественных мест, водопровода, городской стены и так далее. При этом необходимо сделать упор на популяризацию знаний и развитие туризма на этой основе.

Отдельным блоком президент выделил тысячу лет степного фольклора и музыки, в рамках которого предлагает создать «Антологию степного фольклора», выпустить сборник «Древние мотивы великой степи» – коллекцию значимых произведений, созданных для традиционных казахских музыкальных инструментов, а также организовать серии научно-поисковых экспедиций в различные регионы Казахстана и другие страны для поиска общих исторических основ фольклорной традиции.

И заключительный пункт статьи президента затрагивает развитие истории в кино и на телевидении. По данному направлению уже в ближайшее время нужно запустить в производство специальный цикл документально-постановочных фильмов, телевизионных сериалов и полнометражных художественных картин, демонстрирующих «непрерывность цивилизационной истории Казахстана».

«Рассматриваю указанные выше проекты как продолжение программы «Рухани жанғыру». Новые компоненты общенациональной программы «Рухани жанғыру» позволят актуализировать многовековое наследие наших предков, сделав его понятным и востребованным в условиях цифровой цивилизации. Убежден, у народа, который помнит, ценит, гордится своей историей, великое будущее. Гордость за прошлое, прагматичная оценка настоящего и позитивный взгляд в будущее – вот залог успеха нашей страны», - считает президент РК Назарбаев Нурсултан Абишевич.

ЛИТЕРАТУРА

1 <https://e-history.kz/ru/publications/view/4012>. «Рухани жанғыру»: первый год реализации

2 <https://informburo.kz/stati/statya-prezidenta-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya.html>. Статъя Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»

3 https://www.inform.kz/ru/programma-ruhani-zhangyru-rezultaty-i-novye-proekty_a3437371. Программа «Рухани жангыру» - результаты и новые проекты

4 <https://www.inform.kz/lenta/ruhani/ru/>. Программа «Рухани жангыру» - Казинформ

5 https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/programme-ruhani-jangyru-god-cto-uje-sdelano-341877/. Программе «Рухани жангыру» год: что уже сделано

3 Секция. Қазақ әдебиеті
3 Секция. Казахская литература

**Ы. АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АНТИТЕЗАЛАРДЫ
ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

АБДИЛЬМАНОВА М. С.

9 сынып оқушысы,

ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

САПАРФАЛИ М. С.

ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда адамға әдептілік, кішіпейілділік, жанашырлық, еңбексүйгіштік, елін, жерін сүю сияқты адамгершілік қасиеттер жетіспейді. Адамгершілік – рухани тәрбие, сондықтан қазіргі жасөспірімдерді адамгершілікке тәрбиелеп, олардың келешек өміріне бағыт беру өзекті мәселе.

Ыбырай Алтынсарин қалдырған мәдени мұра бүгінгі өскелең оқушы қауымның қолына жеткенше талай кезеңді басынан кешірді. Бірақ ағартушы есімі қай кезде де халықтың көңілінен тыс болып көрген жоқ. Соның нәтижесінде оның жас ұрпақ, жаңа қауымға қалдырған мұрасы қандай жағдайларға душар болғанына қарамастан ескірмей, өшпей бүкіл асыл қасиеттерін өз бойында сақтап, уақыт, дәуір сынынан толық өтіп біздің заманымызға жетті.

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың жазба әдебиеті мен тілінің негізін қалаушылардың бірі. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізген жазушы. Шығармаларын шиеленіскен тартыстар мен соны бейнелер негізінде жаңғыртып, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұны жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты. Оның мағынасы терең тағылымды өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиеті тарихында айрықша орын алды.

Балалар әдебиетінде шендестіру, салыстыру әдісі оқушылардың қызығып оқып, тез түсінуі үшін қолданылатын көрнекіліктің бір түрі болып табылады. Ыбырай Алтынсарин өз әңгімелерінде қарама-қарсы сөздерді, яғни антитезаны ұтымды қолдана білген. Оларды өзара шендестіре отырып, тәрбиелік мәні жоғары туындыларды дүниеге әкелді.

Антитеза – шендестіру, мүлде қарама-қарсы ұғымдарды, жағдайларды, образдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя

отырып, ой мен сезімді әсерлі жеткізуге ұмтылатын стильдік, эстетикалық бейнелеу құралы, көркемдік әдістің бірі. Антитезаның сөз өнеріндегі орны ерекше және оның бастауы ежелгі мифтерде жатыр. Адамзаттың балаң кезеңіндегі дүниені аспан - жер, жарық - қараңғы, су- от, т.б. қарама-қарсы ұғыммен салыстыра тануы шендестірудің алғашқы белгілері болып есептеледі. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл әдісті алғаш рет А. Байтұрсынов қолданған. Мәселен, «Жайдағы қайғыдан қуаныш үстінде көрген қайғы жанға көбірек батады. Жарлылық қиындығы жасынан жарлы болғаннан гөрі байдан жарлы болғанға көбірек сезіледі. Көріксіз бетіндегі дақтан көріктің бетіндегі дақ көзге көбірек түседі. Тәттінің артынан ащылық, дәмдінің артынан дәмсіздік артығырақ білінеді». Қарсы мәндес сөздерді бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы шендестіруді пайдаланғанын байқауға болады. Сондай-ақ шығарма атауларында да шендестіру кездеседі. Мысалы, «Соғыс және бейбітшілік» (Л. Толстой), «Қызыл мен қара» (Стендаль), «Қан мен тер» (Ө. Нұрпейісов). Қазақ ауыз әдебиетінде де антитеза әдісі шеберлікпен қолданылған.

«Қатыны семіз, ері арық,
Үй жұтынан сақтасын.
Иесі семіз, аты арық,
Тұз жұтынан сақтасын» (Мақал).

Мұнда антитеза арқылы адам бойындағы кемшілік әсерлі бейнеленген.

«Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айырықша қызмет атқарады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық-айқын, мейлінше мәнерлі болып белгіленеді» [1, 176].

Балаларға арналған шығармалар ең алдымен оқиғалы, қысқа, қызықты, тартымды болуы қажет. Мейлінше түсінікті, балалардың ұғымына жеңіл, тілі жатық және әдеп, оқу, өнер адамгершілікке жетектейтін тәлім-тәрбие берерлік болуы шарт. Ыбырай әңгімелері осы шарттардың барлығына дәл келеді.

Ыбырайдың өлең, әңгімелері түгел дерлік оқушысына түсінікті, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, оқып отырған оқырманына үлкен ой салатындай тақырыбы әсерлі, көркем бейнеленген және ойын жеткізуде тілдік стиль ерекшелігі зор. Оның қай шығармасы

болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Әңгімелеріндегі антитеза құбылысының тәрбиелік мәні жазушының өзіндік стиліне тән сипатталған.

Ы. Алтынсарин шығармаларының маңызды әрі күрделі тақырыбы – еңбек. Дүние қалай етсең табылады», «Бай мен жарлы баласы», «Асыл шөп», «Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәтемір хан», «Таза бұлақ» сынды әңгімелерінде «еңбек түбі – зейнет» деген пікір айтылады. Еңбек тақырыбына жазылған Ы.Алтынсарин әңгімелері бірін-бірі қайталамайды, әрқайсысының өзіндік қызықты және тәрбиелік күшті жақтары бар. Мұны оқыған бала пайдалы, өнегелі істерге үйренеді, жамандықтан жиренеді. Бұл әңгімелердің ескірмейтін өмірлік қасиеті осында. Алтынсарин еңбек адамдарын өмір тәжірибесі мол, қандай жұмысқа болса да икемді, кішіпейілді, мейірімді және ешқандай арамдық, зұлымдық әрекеттерді білмейтін қалың бұқараның жайдары өкілі етіп көрсетеді. Ақыл да, терең ой да, қиын-қыстау кезде жол тапқыштық та еңбек арқылы жинақталған жеміс екенін білдіреді. Автор еңбекті сүймейтін, ел үстінен күн көретін арамтамақтарды батыл сынады. «Бір уыс мақта» әңгімесінде әкесінің шапанын жамап отырған кішкентай қыздың қасына келген әжесі оған ақыл айтады. «Қарағым, қоқым-соқым болса да қиындыны жерге тастама, оның да қажетке асар жері бар», – дейді әжесі. Мұны немересі тыңдамайды. «Әже, осы қиымның ешнәрсеге керегі бола қоймас», деп, мақтаның қиқымын терезеден лақтырып жібереді. Мұны көрген торғай дереу әлгі мақтаны іліп алып, ұясына әкетеді.

– Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді, – деді әжесі [2].

Жазушының «Шеше мен бала», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімелері балаларды мейірімділік, кішіпейілдік сияқты адамгершілік қасиеттерге баулиды. «Мейірімді бала» әңгімесінде адамгершілік қасиеттің ең жоғары сапасы суреттелген. Ауыр істерге өзін-өзі қиып, әкесі үшін өз қолын кестіруге ризалық білдірген жас қызға аяныш сезіммен сүйсінеміз. Мұндай мейірбандық, әкеге деген қамқорлық, ақылдылық, өмірдің ащы-тұщысын көрген тәрбиелі жастың қолынан ғана келеді. Қажет болған жағдайда өз өмірін қиюға дайын екенін саналы түрде білдіру баланың бойындағы патриоттық күш-қуат танытады. Осындай ізгі қасиеттер мен ерекшеліктерді бойына сіңірген бала әрі мәдениетті, әрі әдепті болып өседі.

Ы. Алтынсариннің «Ақымақ дос», «Жаман жолдас» деген әңгімелері жақсы жолдасқа үйір болуға, нашар жолдастан аулақ жүруге үйретеді. Парасатты жақсы адам әрқашан барлық жағынан да кіршіксіз таза, ізгі ниетті болуға тиіс дегенді уағыздайды. Алтынсарин шығармаларында ұқыптылыққа, мейірімділікке, әділдікке, әдептілікке баулу мәселесі да кең орын алады. Бұл әңгімелерде антитеза қолдану арқылы Ыбырай Алтынсарин қарама-қарсы ұғымдарды салыстыра отырып, тәрбиелік мәнін ашқан. Мысалы, «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде ақылдылық-ақымақтық, оптимист-өмірден түңілу, еңбекқорлық-жалқаулық, мақсатқа ұмтылу - жігерсіздік сияқты қарама-қарсы ұғымдар қолданылған.

Алтынсарин шығармаларының енді бір күрделі тақырыбы – тазалық, денсаулық мәселесі. Баланы тәрбиелеу, оған білім беру үшін, алдымен оның денсаулығын қамтамасыз ету керек. «Денсаулық – зор байлық», «Тәні саудың жаны сау» – Алтынсариннің бірсыпыра шығармаларының түйіні осы.

Ыбырай бір сөйлем ішінде мынадай антонимдерді шендестіре отырып қолданған: қыс-жаз, жат-таныс, дос-дұспан, сырты-іші, жарлы-бай, көзді ашып-жұму, алыс-жақын, ауыр-жеңіл, жылау-күлу, жақсылық-жамандық, тіптік-қисық, ақ-қара, т.б. Міне, осы келтірілген мысалдардың қай-қайсысын алсақ та, жазушының қарама-қарсы мағынадағы сөздерді таңдап, талдап қолдануының сыры бар. Мұндай сөздерді қолдану арқылы объекті жан-жақты танытуға тырысады. Салыстыра отырып бейнелеу арқылы оқушыға айқын мағлұмат беруді мақсат еткен.

Ыбырай шығармаларының тілі қазақтың таза әдеби тілінің нормасына сай. Ол басқа тілдерден ешбір сөзді қолданып, тіл шұбарлығына бармаған жазушы. Ыбырай сол сияқты заттың, құбылыстың қарама-қарсылық қасиетін, олардың өзіндік түр-түсін, садьқ мөлшерін бейнелеуде антоним сөздерді өте шебер қолданады. Әсіресе, оның мағынасын қарама-қарсы қойып антитеза жасауы:

«Бұл екі кісінің біреуі әлсіз ауру екен, екіншісі, мықты жас жігіт аюды көрген соң ауру жолдасысын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді» [2, 49].

«Сонда қарт күліп айтты дейді: бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар, ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдыңда, басыңды тым жоғары ұстамай төмен иіңкіреп жүрсең мұнан да артық неше соққылардан құтыларсың» [2, 57].

*«Ағайын жат болады алыс болса,
Болады жат та жақын таныс болса...» [2, 95].*

*«Басқа әкім жүргенде қараңғы еді,
Ашылып дүние жүзі болды жарық!» [2, 77].
«Боз үйден таң алдында күйеу шықса,
Артынан қарар жары жүзім басып» [2, 79]*

Ы. Алтынсарин шығармалары лексикасының тағы бір көңіл аударарлық жері – қарсы мағынадағы эпитеттерді қатар қолдана отырып шендестіру де кездеседі. Мысалы: есті бала, ақылсыз дос – ақылды дұспан, шын молда – арамза молда, – мүсәпір молда, т.б.

Шығарма арқылы әдептілікке, адамгершілікке баулудың екі әдісі бар: бірі құрғақ ақылға құрылса, екіншісі жаманшылық пен жақсылықтың, достық пен қастықтың адамдар тағдырына еткен әсерін, қоғамға тигізген пайдасы мен зиянынын көрсетеді. Ы. Алтынсариннің әңгімелері осы екінші топқа жатады.

Жазушы әңгімелері еңбексүйгіштік, оқуға, өнерге ұмтылушылық, отансүйгіштік, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетті. Осы қасиеттердің барлығын қарама-қарсы қойып, антитеза жасаудың өзі де әңгімелерді жылдам түсінуге өзіндік септігін тигізе білді.

Қорытындылай келе, Ыбырай Алтынсариннің қай шығармасы болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Оны балалар сүйіп, ынтыға оқиды. Өзі өшсе де сөзі өшпейді дегендей, өзі жоқ болса да біз үшін оның еңбектері мәңгі өшпейтін мұра болып қалмақ. Ыбырай атамның көркем әңгімелерін оқи отырып, мен өзімше ой түйдім. Тек қана тынымсыз еңбек пен талмас талаптың арқасында көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Күннен күнге дамып келе жатқан еліміздің экономикасына үлес қосу біздің қолымызда. Үнемшіл болып, ысырапқа жол бермей, азға қанағат етіп тіршілік етіп, еңбектің кез келген түрін меңгерген бесаспап маман болып шықсақ, сөз жоқ, біздің еліміз міндетті түрде алдыңғы қатарда болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002.
- 2 Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
- 3 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1994 ж.
- 4 Сөзстан. Жас қаламгерлер кітапханасы. Алматы: Жалын, 1983.

5 Абай шығармалары. – Астана: Фолиант 2011 – 456 б.

6 Мұқағали шығармалары I том. - Алматы: Жалын, 2006.

7 Әділбекова Ж. Қ., Ырсымбетова Н. А. Антонимдердің көркем мәтіндегі көріктеушілік қызметі// Қазақстанның ғылыми әлемі. №2 (36), 2001.

8 Ы. Алтынсарин «Өнер – білім бар жұрттар». Алматы, Жалын 1991 ж.

ЖУРНАЛДАҒЫ МАҚАЛА

9 Ә.Сәрсенбаев «Сәулелі жұлдыз іздеген адам». «Қазақстан мұғалімі», 2001 ж., №11.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС

https://kk.wikipedia.org/wiki/Ыбырай_Алтынсарин

10 Ыбырай Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық». Алматы «Атамұра» 2006.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ОҚИҒАЛЫ ӨЛЕҢДЕРІ

АДЕНОВА Б. О.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Облыстық көп салалы Дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

КИЗАТ М., РАМАЗАН А.

оқушылар, Облыстық көп салалы Дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

Тәуелсіздік кезеңі әдебиеті әдебиет әлеміне көптеген қаламгерлер мен ақындарды әкелгендігін білеміз. Сол қаламгерлер мен ақындар қаламынан тұщымды дүниелер туып, әдебиет әлеміне өз ерекшеліктерімен, стильдік, көркемдік, жанрлық т.б. қырларымен танылып жатыр.

«Тақырып пен идея санаткер психологиясына, әрбір қаламгердің өзіндік лабораториясына тығыз байланысып жатады. Үнемі қинайтын, өткелі қиын, жүгі ауыр асудың бірі осы. Қаламгердің объектіге келуі оның өмірлік жолымен, өз пешенесіне жазылған тағдырмен сабақтас» [1, 162]. Ал егемендік алған жылдардағы әдебиет қандай қоғамнан нәр алғаны қоғам назарында.

Қазіргі кезеңдегі жастардың әдебиетін немесе поэзиясын белгілі ақын, сыншы Темірхан Медетбек «Алтын көпірліктер» деп атаған екен [1, 143]. Неге «Алтын-көпірліктер», енді соған келейік. Бұл сөз – Маралтайдың сөзі. Ол өз толқынының әдебиетке келу кезеңін

осылай атаған. Яғни, ол толқын сол бір сапырылысы да, алыс-жұлысы да көп, бүкіл ел тауқыметті, таршылық заманды басынан өткеріп жатқан шақта, көп ақын-жазушыларымыз не істерін білмей абдырап, дағдарып, қаламы мен қағазынан көз жазып қалғандай болған кезеңде ұлы мәртебелі поэзияның кешегі жағалауын ертенге, яғни бүгінгі жағалауға қосқан көпір міндетін атқарды. Шын мәнінде алтын көпір бола білді.» деп өзі түсіндіреді. Олай болса бізде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы буынды осылай атағанды жөн көрдік.

Бұл орайда, алтынкөпірліктер поэзиясын Маралтай Райымбекұлы, Әмірхан Балқыбек, Жарас Сәрсек, Бауыржан Бабажанұлы, Нұржан Қуантайұлы, Батырболат Айболатұлы, Әлібек Шегебай, Бақыт Беделханұлы, Дәурен Берікқожаұлы, Бақытжан Алдияр, Алмас Темірбай, Танакөз Толқынқызы, Айнұр Әбдірасылқызы және сырттан өз еліне енді оралып жатқан Ұларбек Дәлей, Тоқтарәлі Таңжарық, Нұрбәтімә Байтұрсын, Отар Шауқан шығармалары арқылы танып-білмекпіз.

Алдыңғы сөздерімізде айтқанымыздай «Алтынкөпірліктер» атауының авторы – Маралтай Райымбекұлы. Сөз жоқ, осы алтынкөпірліктер ішінде жұрттың көзіне жай оғындай жарқ етіп алғаш түскен де осы Маралтай.

Маралтай шығармашылығына үнілсек тікелей автордың өмір жолының өрнектеріне ұшырасамыз. Әрбір өлеңіндегі идеяға, айтпақ ой мен суреткерлігінде мүлдем сонылық бар. Өзінің «Кентавр» деп аталатын жинағындағы сол «кентавр» өлеңінің өзі қазақ әдебиетінде бұрын соңды дәл мұнша жырланып суреттелмеген қияли болмыс. Ал оның біздің мәдениетіміз бен тарихымызға байланыса, тікелей қабыса суреттелуі ақынның айтпақ идеясын әрлендіре түседі. «...Маралтай деп қол қоюым шарт емес // О дүниеден жауап келмес хаттарға» [2, 108], – деп о дүниеге хат жазады. Міне сонылық. Міне ерек тақырып. Өткенге мұң шағу мен кеткенге, өлгенге хат жазу екі басқа. Иә, Маралатай өлеңдерінде мұндай тың өрнектер мен тақырыптар көптеп кездеседі. «Көрғау», «Ақшамда ару», «Қарабура. Түс» дегендей тақырыптар.

Лирикада сюжеті бар өлеңдерге қарағанда сюжетсіз өлеңдер басымдау. Солай бола тұра, оқиғаға құрылған өлеңдер жайлы сөз қозғалғанда, мысал іздестіргенде, көбіне сезімге құрылып, лирикалық қаһарман көзімен, қабылдауына сай құрылған өлеңдермен шатастырып жататындығымыз да бар. Әсіресе, ол мектеп оқушыларында жиі кездесіп жатады. Осы тұрғыдан келгенде, оқиғаға құрылмаса да, сезім арқылы берілген табиғат

бейнелері суреттелуінің куәгері бола аламыз. Мәселен, әдебиет әлеміне өз қолтаңбасымен енген қазіргі белгілі ақындарымыздың бірі – Маралтай Райымбекұлы. Ақынның көптеген лирикалық өлеңдерінің ішінде «Елес» атты туындысы оқырман назарын аударарлық. Ол 11 буынды, 3 бунақты, қара өлең ұйқасына негізделген. Ақын іштегі үнін өлең тармақтары арқылы табиғат жаратылыстарына жан бітіріп, қимылға келтіріп тамаша үйлестіре біледі. Үзінді оқып көрелік:

Жұлдыз едің,
Мәлт еттің жанарымнан,
Аппақ Айдың дақ көрдім аңғарынан.
Еңіреп кеп құлады қара түнім
Қара гүлдің құшақтап сағағынан.
Жалт ете қап, жоқ болдың қас қағымда,
Кілт айналды дүние басқа ағымға...
Періштелер дүрлігіп той жасап жүр,
Алатаудың Ай қадап асқарына.
Кермек татып кеткендей таза жасым,
Сұр аспанда саз емес,
Аза басым,
Шілік біткен шімірікпей оқып жатыр
Ақ қайыңның ақ жауып жаназасын...

Жұлдызды қыз кейпінде бейнелеп, өз көңіл-күйін қара түнге балайды. Өлең сюжетке құрылмаған, алайда сюжетсіз өлеңдегі ақынның өз қабылдауы, ойы табиғат бейнелері негізінде шағын оқиға құрып көз алдымызда көрініс елестетеді. Шығармада қыз бейнесі жылт етіп көрініп, одан кейінгі лирикалық қаһарманның беймаза сезімі қалай өрбіп жатқанынан байқаймыз. «Аппақ айдың аңғарынан дақ көрдім» дегені, лирикалық қаһарманның сезіміне кірбің түсуінің де айнасы болуы мүмкін. Лирикалық қаһарман сезіміне, қабылдауына сай одан кейінгі түндері қара түнге айналады. Ал дүние басқа ағымға кетіп бара жатқандай сезіледі. Өлеңде оқиға жоқ, дегенмен жай ғана арпалысқан сезім, ой бар деуге болады.

Жалпы, ақын мінезі бүкіл шығармашылығының негізіне айналары ақиқат. Ал Маралтай Райымбекұлы елінің есті ерке, бұла мінезді ақыны. Яғни, ол туралы Мейірхан Ақдәулет айтқандай: «Бұл – әбден қанау мен қақпай көріп, қамытқа жегіліңкіреп келген қазақы өлеңнің еркіндікке шыққан кезіндегі «тентек баласы» [3, 144].

Осы қатардағы тағы бір талантты ақын Жарас Сәрсек те жұртшылыққа ерте танылды.

Халқы еркелеу,
Сүмбе дейтін ауылдан
Алматыға өзімді іздеп келіп ем,

– дейді ол алғашқы өлеңдерінің бірінде [3, 150]. Жарас Сәрсек өзін өзі тапқан ақын. Оның қазір әдебиетте өз орны, өз дауысы бар.

Ақынның мұңдасы да, сырласы да елінің қайғысы. Осыны жақсы түсіне білген Жарас Сәрсек ауылына хат жазған бір сәтінде «дайын бол, танданбастан, мен бір күні наладан найзағайға айналғанда» деп өзінің басты мақсатын жайып салады.

Алтынкөпірліктердің тағы бір талантты өкілі болып саналатын Әмірхан Балқыбекте де сондай бір тамырын тереңнен тартқан қайратты өлең бар. Өлең «Баба-ырым» деп аталады. Тақырыбының атына мынадай түсінік беріліпті: «Бабалар ырымы бойынша тілі шығуы кешеуілдей бастаған сәбиге итаяқтан су ішкізеді екен. Сондай жағдай менің басымда да қайталаныпты». Енді сол өлеңді оқып көрейік.

Бабаның
Ырымына мінезі жат қаланың
Көшесінде көп-көрікті қызбен де
Қызып кетсем ырылдасып қаламын.
Осы болды-ау замананың өлеңі.
Көп болған соң көр сезімі, көбеңі.
Исі тілге илікпеген жандарға
Итаяқпен тамақ бергім келеді.
Құдай сақтасын.

Шын ақын – ұлттың үні, рухы. Ұлттың үні бола алмаған ақын, бар болтаны өлең құрастырушы ғана. Әрине, әр ақынның табиғаты да, болмыс-бітімі де, дүние танымы да әр қилы.

Осы буынның қатарындағы Нұржан Қуантайұлы да өлең деген күре тамырдай даңғыл жолға өз соқпағымен келіп қосылыпты. Нұржан қиядағыны қапы жібермейтін байқағыш қана емес, сол көргенін қаршығадай қағып түсетін алғыр. Тағы да ол көргендерінің бәрі қазақ жанына жақын. Ұлттық колоритке бай.

Сары шалдың тарамдалған сақалындай

Ошақта от қойып ең дейді жел лебімен [3, 13]. Кім-кімді де қызықтыратын жанды сурет. Жалпы, Нұржан сөзбен сурет салуға шебер-ақ. Тағы да ол суреттердің бәрі сондай нақты, бояуы сондай қанық.

Өзінің көңіл-күйі мен көзқара-сын сол табиғат құбылыстарымен астастыра қарастырып, өлеңін сол құбылыстармен үйлестіре, үндестіре өретін болды.

Сіре, сіре, сіре қар,
Сіре қарда кім оңар.
Сірі қалған мына біз,
Сіз табыңыз бір амал.
Қара түннің қаймағын
Айқай бұзбас, ой бұзар.
Орманды сөздің аймағын
Оңбаған ой бұзар [3, 13].

Айтылар ойдың, ішкі психологиялық арпалыстың балқыған қорғасындай боп құйыла қалғанын былай қойғанда, орындалуының өзі қандай әдемі.

Нұржан шығармашылығы туралы пікір жазған Бекжан Әшірбаев: «Жаңа. тың теңеулер, үйреншікті емес лексикаға ұмтылу, оқыс метафоралар жасау. шарттылықтан жалт бұрылып кету Нұржан поэзиясында аз кездеспейді» депті. Мен бұл пікірге әбден қосыламын.

Ендігі – Бауыржан Бабажанұлы барынша қарапайым жазады, шешен жазады, бір сөзбен айтқанда, қазақы ақын, Табиғаты қазақы. Тосын мінез. Тосын әрекет. Басқа-басқа өз қабірін аттап өтіп жолға шығу, тіпті «қайда барарын» анық білмей тұрсада, осындай тосын мінезді қажет етсе керек. Қалғандай, көне стиль, ескі сүрлеуді шиырлап жүрген сияқты көретіндер бар. Оның ерекшелігі сонда – қандай бір күрделі ұтымды да қазақ жанына жақын етіп қорыта білетіндігінде [1, 153].

Мәселен, сол «Сүлейменнің жүзігін» алайықшы. Бұл өлеңде Бауыржан жұрттың бәріне белгілі оқиғаны хабарлы сөйлемдермен баяндап жатпайды. Одан осы заманға сай философиялық мән-мағына іздейді. Іздегенде де нақты әрекет арқылы, яғни Сүлейменнің жүзігін қолына киіп алып сөйлейді.

Қайран басым болған кезде бір әлек
Жалғай алмай бір ойлардың үзігін,
Пайғамбардан қалған маған мұра деп
Тақтым қолға Сулейменнің жүзігін.
Содан кейін күндер кештім қызықты ең,
Құшағы ыстық Бақтың ауылын мекендеп.
Сәуле түсіп, жазу шықты жүзіктен

«Байқа, бала, бұл күндер де өтер» [1, 154], – деп. Тақырыпты қазақша қорыту, яғни қазақ ұғымына жақын, қазақ ұғымына сіңімді етіп беру деген осы. Әйтпесе, Сүлейменнің жүзігіндегі мәтінде байқа, бала», деген тіркес жоқ қой. Байқа, бала,

бұл күндер де өтер» деген тіркес қазақ үшін әлдеқайда салмақты, әлде қайда ұғынықты етіп жырлаған.

Сондай бір ақын жігіт кейіннен ерекше танылып жүрген Әлібек Шегебай. Оның сағынышы туған жердің сары ала белдері мен ақ адырларын, баталарын беріп жататын аталарын аңсайтын, тілеулес бауырлары мен қарлығаш қарындастарын іздейтін, сөйтіп сенің жаныңда да өз ауылыңа деген үлбіреп тұрған аңсар сезімді оятып, жүрегінің дәл басынан өсіп шыққан шидей жіп-жіңішке үміт сабағына шырақ іліп кететін нәзік сағыныш. Төлеген тақырыбына өзектес.

Сабырым қанша дем берді,
Әлі де талай шыдармын.
Сағыну үшін сендерді,

Алыстап кеткен шығармын, [4, 10] – дейді. Бұл, әрине, ауылдан алыстап кеткені үшін ақталу емес. Бұл, ең алдымен, өзінің де, өзгелердің де көңілін аулап, жұбату.

Кезінде абыз ағамыз Әбіш Кекілбаевтың дуалы аузымен үні де, уілі де ешкімге ұқсамайтындығынан, айрықша тосындығынан «біртүрлі ақын» атанып кеткен Тыныштықбек Әбдікәкімұлы осы жинаққа жазған алғысөзінде былай тебіреніпті: «Түпкі Жаратушыны да байырғы бабалар дәстүрімен «Жұпар иіс» (Жұпар Алла) айтатын Бақыттың «Көкемаралының» іші толы өлең шөптен құлпыра қаулаған. Өлеңсөз! Біреуі оның шашыратқыдай ащы, екіншісі – қызамықтай жасыл, үшіншісі – барқыт шөптей бояуға бай, төртіншісі – қызанақтай өтір иісті, бесіншісі – бес саусақтай тәтті, алтыншысы – қарғақоздей бек уытты, жетіншісі – кәдімгі ... гу-гу гүлдеу үстінде! Қалай десек те, соның бәрі, өз уағында, өз кезегінде, қазіргі мына жатбауыр қоғамнан да өгейлікті көп көріп өксіп жүрген өзектерге, автордың өзі тілегендей, өзінше ем болып қонады деп ойлаймын» деп әдемі тілек айтыпты.

Әсерлі, өлеңнің өлендігі, ең алдымен, өзегіне рух құйылған сөзде ғой. Майы таусылған шамдай білтесі бықсып өлеусіреген өлеңнен, тіпті образы бар, теңеуі орнында, ұйқасы мінсіз бола тұра, бірақ рухы жоқ болса, яғни қайратсыз болса, не үміт, не қаш: Өлеңнің жан бітіретін тамыры – Оны Дәуреннің «Найзақарамен тілдесуінен» де танып-білуге болады.

Ханың бар ма әділетті?!
Бар датым
Мен болайын ең ақырғы
Зарлы ақын.
Өз еміңе жарап қалар

Ұлынды

Өзегіне теппеші енді, Алматым! [3, 43].

Тағы да ол Алматыға жүк артайын деп, салмақ салайын деп немесе бәлсініп, бұлданып келіп тұрған жоқ. Дертті Алматыны емдейін деп келіп тұр. Бұл – азаматтық ірілік!

Болмысы бөлек, шығармашылық әлемі ұлттық нақыштар мен терең өрнекке қанық осындай таланты ақындар баршылық. Солардың бірегейі Бақытжан Алдияр. Оның Бақытжан Алдиярдың «Кұбыла» атты жанағына өз басым аса қадіртұтатын үлкен көркемсөз шебері Мархабат Байғұтов «Қазығұртқұнар қаламгер, Өгем өрісті өлендер» деген тақырыппен салмақты да, салиқалы алғысөз жазған екен. Мархабат өзінің Бақытжан шығармаларына жан-жақты тоқталып, терең талдау жасапты. Бағыт-бағдарын анықтап, бағасын беріпті. «Бақытжан Алдиярдың мұны да, сыры да теренде. Ол күн-делікті күйбең тірлікте де, өзінің өзгеше өлендерінде де ішкі рухани еркіндігіне залал келтіргісі жоқ күйде қинала тіршілік кешеді. Халықтың, қазақы ұлттық көркемдік уыздың қайнарларынан бастау алатын Бақытжандық тіл, Алдиярлық діл – біз сөз етіп отырған ақынның айрықшалығы» – дейді Мархабат.

Иен дала, ерен дүз,

Иесі біз дегенбіз.

Алаң сүтін ішкенбіз,

Аю етін жегенбіз, [5, 14] – деп желпініп жүрген ақынның күндердің-күнінде аңшы әкесі қансонарда қайтпай қалады. Сонан кейін-ақ қонторғай тіршілік қана емес, иіні түскен жадау, иығы жамау, жүдеу тіршілік басталады. Бір кезде «қабыланмен қағысып, қанын жұттық қасқырдың» – деп кеудесін керіп жүрген бала қабағы күреңітетін де тұратын сұрықсыз сұрқай өмірге тап келеді.

Шынтуайтын айтқанда, әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары әдебиетімізге үлкен олжалы көш келіп кірді. Тағы да ол тең-тең қазына арқалаған құтты керуен боп шықты. Бұйырса, ол керуен көші үзілмес, әлі де жалғаса берер деген ниеттеміз. Керуенді олжа деп отырғанымыз сыртта жүрген қандастарымыздың елге оралуымен бірге, біздің әдебиетіміз бен мәдениетімізге құйылып жатқан ақын-жазушылардың шығармалары. Әрине, бұл үрдіс алпысыншы жылдары басталған болатын. Сол жылдары келген қаламгерлердің бірқатары қазіргі қазақ әдебиетінің қадау-қадау ірі тұлғаларына айналып үлгерді. Қазіргі толассыз келіп жатқан жастардың ішінен де күні ертең-ақ іргелі қаламгерлер шығатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: эссе, әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 256 б.
- 2 Райымбек М. Кентавр. Алматы, Жалын баспасы. 2008. – 240 б.
- 3 Шаханов М. Жаңа қазақтар. – Алматы: Санат, 2000. – 244 б.
- 4 Оразалин Н. Ақын туралы сыр: Ф.Оңғарсынова жайлы. // Егемен Қазақстан. – 2000. №16. – 8 б.
- 5 Оңғарсынова Ф. Дауа. Өлендер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 288 б.

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛА АЯСЫНДА
«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ АНТОЛОГИЯСЫ»
БАҒЫТЫ БОЙЫНША МӘШҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ
ЕРТЕГІЛЕРІНЕ ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА
ТЫНЫС БЕРУ**

ДРОЗДОВА М. В., ШОРМАНОВА А. Р.

орыс сыныптарындағы 8, 10 сынып оқушылары,
Дарынды балаларға арналған № 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев (1858-1931) – ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі бір тұлғасы. Тақырыбымызға арқау болып отырған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы аңыз-әңгіме мен тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсіріп отырған. Оның үстіне фольклорлық жанр түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын, т.б. жинағаны тағы бар. Мәселен, ғалым жинақтауында ел аузындағы тұрмыс-салт жырларының 30–40 шақтысы топталған. Егер жанр бойынша жүйелесек, ертегілерден – 15 шақты мәтін үлгісі; батырлық жырлардан – 5-6; ғашықтық жырдан – 2–3; қисса-дастандардан – 11–12; тұрмыс-салт жырларынан – 30–40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің – 200–300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100–150 шақты; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің – 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының – 27 үлгісі; 30–40 шақты ақын-жыраулардың өлендері, дастандары т.б. орын алған екен. Сондай-ақ, қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлендер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы, т.б. нұсқалары бар. Қолжазбалар ішінде зерттеуші ел арасынан түрлі ертегілерді де көрсеткен: «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай»,

«Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алаша хан», «Жеті жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Өз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген» [1].

Осы жағынан болса керек, М. Ж. Көпеев шығармалары көптеген ғалымдарды қызықтырған. Оның ертегілеріне қатысты М. Әуезов: «Қазақ ертегілерін ең мол өндіріп және естіген қалпында жазып алған Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Мәшһүр-Жүсіп ертегілерінің көпшілігі қолжазба күйінде Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының фондысында сақтаулы. Мәшһүр-Жүсіп жинаған ертегілердің жер, су аттарына, тарихи адамдар атына байланысты ертегі аңыздардың бір қатарына түсініктер, шешулер, талдаулар беріп отырады» - десе [2], ғалым С. Дәуітұлы «Мәшһүрдің «Қара месі» жинағынан бес ертегіні қарастырып отырмыз, олар: «Алтынбас – Күмісаяқ ғашық болған», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Асанқайғы», «Еділ – Жайық», «Желкілдек». Осы ертегілердің ішінде «Алтынбас – Күмісаяқ ғашық болған» және «Желкілдек» өлең түрінде жазылуымен ерекшеленеді. Әсіресе, «Алтынбас» бастан-аяқ он бір буынды қара өлең түрімен өрнектелген. Ал «Желкілдек» ертегісі шытырман оқиғалар қақтығысмен ерекше. Бас кейіпкер Желкілдек Ертөстік сияқты атса мылтық, шапса қылыш кеспейтін, жақса отқа күймейтін жан. Желкілдектің қарсыластары да осал емес. Бұл туындыдағы айырықша бір кейіпкер – мыстан кемпір. Ол айла-шарғысымен, неше түрлі сүмсүркия іс-қимылымен көзге түседі. Бір сөзбен айтқанда, халық армандаған алып батыр да, сұлу да ақылды қызкеліншектер де, зерек қариялар да бұл ертегілердің ішінде баршылық» - дейді [3, 17].

«Қазақ халқының фольклорлық-этнографиялық мұрасы сөз болғанда Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин, Ә. Диваев, А. Затаевич есімдерін аттап өту мүмкін емес. Осылардың қатарынан кезінде «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» деген кітаптарымен танылған Мәшһүр-Жүсіп Көпеев елеулі орын алады» дегенді Т. Қоңыратбаев та жеткізеді [4, 314]. Қазақ әдебиетінің классигі М. Әуезовті тағы бір сөйлетсек, «...өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историяграфия бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт» [5, 3]. Ал Мәшһүр-Жүсіптің өзі фольклорды «этнографиялық

мәліметтердің көзі» деп қарастырған. Яғни, белгілі бір халықтардың шығу тегіне, рулық құрамына, қоныс аударуына, қалыптасуына, тіпті олардың тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған табиғи ортасына, киетін киімдері мен кәсібіне, рухани мәдениетіне т.б. қатысты деректер Мәшһүр жазбасында мольнан ұшырасады.

Ғалым А. Қ. Тұрышевтің «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдениет лексикасы» атты монографиясында Мәшһүр шығармасындағы этнолингвистикалық сөздер – отбасылық парадигма, календарлық мейрамдардың тілдік көріністері, өлік жөнелту салтының терминологиялық жүйесі деп сараланған [6]. Ал ғалым С. М. Исаев: «Этноатаулар көркем шығармада тіл мен мәдениеттің ғана байланысын көрсетпей, оқырманға ұлттық болмыс пен ұлттық белгіні де танытады. Осының өзі қаламгерлер тілінде этномәдени фон жасаудың негізгі құралы» - деп таныған [7, 27]. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, ақын-жазушылар шығармаларындағы этнолингвистикалық сөздер «ұлттық ерекшеліктерді танытатын, қазақ халқының ұлттық сипатын беретін бірліктер» болып келеді дегенге саяды. Осыған орай, біздің мақсатымыз Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ел арасында жинастырған қазақ халқының ауыз әдебиеті ішіндегі ертегілерінен этнолингвистикалық сөздерді теріп, олардың түсініктемесін жазу, оқушылар арасында Мәшһүрдің шығармашылығын дәріптеу болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, Мәшһүр-Жүсіп ертегілерінің 15 шақты мәтін үлгісі бар екені көрсетілген. М. Ж. Көпейұлы ертегілері өлең сөзбен де, қара сөзбен де жазылған. Ертегіде кездесетін этнолингвистикалық сөздер: діни бағыттағы сөздер, халықтың тұрмысында қолданылған заттар атауы, жер-су атауы, туыстық қатынас атауы, жанжануар, хайуанаттар атауы, т.б. Академик Ә. Т. Қайдар этнолингвистикалық сөздерді «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп үш үлкен салаға жіктеп, олар іштей 30 (6+17+ 7) үлкен (макро) топқа, ал олар өз ретінде 200-дей микро-топқа бөлініп қарастырылады деген [8,18]. Мысалға алсақ, «Адам» саласына – адамның ішкі және сыртқы дене мүшелер атауы, туыстық атаулар. Ал «Табиғат» саласы – жабайы хайуандар және үй жануарлар атауы, өсімдік атаулары. «Қоғам» саласына – діни бағыттағы сөздер, халықтың тұрмысында қолданылған заттар атауы, жер-су атауы және т.б. деп бөлінеді. Одан басқа этнолингвистикалық арналар деген бар, ол көнеден келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілері, оған жататындар – мақал-мәтелдер, жұмбақтар, баламалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер (тұрақты сөз тіркестері), этнолингвистикалық этподтер. Сонымен, М. Ж. Көпейұлы жинақтауындағы көрінісі төмендегідей болды:

Адам саласы:

а) туыстық атаулар – кемпір-шал, бәйбіше, әке-шеше, аға, қатын, қалын (қалындық), құда, қайын, бикеш, нағашы, жиен, күйеу, іні, жеңге, қайнаға, жамағат, қарындас, ағатай, қыз, қыз-бикеш, ер, бауыр (іні), бай (күйеу), келін, жезде, балдыз, т.б.

ә) титул атаулары – бай, байбатша, хан, сері, мейман, батыр, балуан, мерген, жендет, жасауыл, уәзір, патша, нөкер, т.б.

б) қаратпа сөз – алдияр, тақсыр, дат, т.б.

в) адамның дене мүшесі атауы – көт, шынашақ, аяқ, ақ сақал, құйрық, бауыр, кеңсірік, тіл, жүрек, тізе, жамбас (жанбас), тері, канат, ет, табан, саусақ, шек, тырнақ, т.б.

г) адамға қойылатын есімдер атауы – жеті жасар Желкілдек, Бөгелек, Сарыбай, Өзтемір, Телегей деген алып, Нұрманбет деген хан, Тінікей, Күнікей (апалары), Тастүлек (жеті жастағы бауыры), Топай құл, Еділ деген бай, Жайық деген қу жарғақ мерген (ағалы-інілі), Қыпшақтан Қошқарбай батыр, Жақып деген молда, Жайықбай, Ыбырай, Тамада (Қу жарғақ Сарыбас) атанған мерген, Мәшһүр-Жүсіп, Қайыперен, Аушыерен (аңның бақташылары), Қайыпберді (ер бала есімі), т.б.

д) халық, ру, тайпа атаулары – Қыпшақ, кіші жүз Қарабура, қазақ, ел, жұрт, Қайыпберді-Тама (нәсіл-жұрағат), т.б.

Қоғам саласы:

а) халықтың тұрмысында қолданылатын салт-дәстүрлер атауы – қалың мал, той малы, сүт ақы, ит ырылдатар, бақан аттары, үйге енгізер, ұрын келер, қыздың ұзатылуы, шымылдық құрар, шаш сипар, табақ тарту, ат мінгізу, тон кигізу, т.б.

ә) жер-су атауы – бел, ор, дария, Еділ суы, Жайық суы, «Құлан суаты» атты суат, Естек, Мысыр, Бағдат, Басра (шаһар атаулары), бел, шаһар, Шалқар көл, белдің асты, ауыл, оба, ор, орда, Сарыарқа, тоғай, бетпақ шөл, Жетіқоңыр құм, дала, Бұхара базары, Қаратау, үңгір, т.б.

б) халықтың тұрмысында қолданылатын сөздер – той, ғалам, дәулет, жат ел, отау, құдық, керуен, хак, қиянат, ғайбат, науқан, бәйге, сүре, Хұтыма, ақырет, тозақ, шатыр, бесік (алтыннан шүмегі, күмістен түбегі), т.б.

в) табақ тарту үшін арналған ет атаулары – соғым, қазы-қарта, жал-жая, төс еті, сыбаға, т.б.

г) діни бағыттағы сөздер – Бисмилла! Құдайға шүкір, құдайкем-ай! Ассалаумалейкүм, уалайкумассалам (сәлем беру және алу), тәңір, құдай, садака, Нәубәт, Мехнат, Рахат, дәрет, ғақыл, тәубе, ғазиз, зекет, хазірет, мәулет, ділда, т.б.

д) үй мүлкі атаулары – шымылдық, алаша, төсек, әбдіре, т.б.

е) атқа тағатын әбзелдер атауы – айыл, белдеу, құйысқан, шалма, жүген, тұрман, ертоқым, құрық, ат тақымы, т.б.

ә) киім атаулары – жейде, балақ, жейденің етегі, шапан, телпек тымақ, тон, көйлегімнің шүберегі, жібек белбеу, белдемше, құндыз бөрік, сырмалы шапан, көйлектің жеңі, етік, шекпен, т.б.

ж) ішімдік, сусындар атауы – саба, қымыз, арап-шарап, бір аяқ боза, бір аяқ көже, т.б.

з) халықтың тұрмысында қолданылатын етістіктер – «боқтау», буаз болу, босану, т.б.

и) киіз үй мүлік атаулары – уық, кереге, шаңырақ, киіз (кигіз), қазық, желі, тоқпақ, желі арқан, құланның қодығы, төсек, төсеніш, т.б.

й) қару-жарақ атауы – қылыш, пышақ, біз (боз), мылтық, кездік, т.б.

к) ыдыс-аяқ атауы – керсең (ағаштан дөңгелектеп істеген үлкен шара, тегеш, тегене).

Табиғат саласы:

а) жан-жануарлар (үй жануарлары) атауы – кара ту бие, жылқы, асау, кара мал, ақ жал ат, құба інген түйесі, қарабедеу бие, боз жорға ат, бие, қой, сиыр, ат, торы ала айғыр, үйір, кара бедеу бие, қотыр күрең тай, қырық ту бие, күрең арғымақ, қызыл өгіз, айғыр, ит, мысық, түйе, т.б.

ә) хайуанаттар атауы – құба інген, кертағы, аладомбай, бұғы, бұлан, арқар, киік, құлан, Зариф деген жануар, Ангос (аңкөс) деген аң, Жезтырнақ, т.б.

б) құстар атауы – сауысқан, қоңыр қаз, көк кептер, т.б.

в) жеміс-жидек атауы – анар, шәрбат, т.б.

г) ағаш атауы – сандал (үй, ағаш), бәйтерек, т.б.

д) табиғат құбылыстары – сейіл, боран, аяз, бетпақ қар, т.б.

е) құрт-құмырсқа, жәндіктер атауы – бит, т.б.

е) шөп атауы – ту тобылғы (шөп атауы), сексеуіл, т.б.

Мәшһүр жинақтауынан ауыз әдебиеті үлгілері ішінен де тілдік жіктеулерді таптық:

а) тұрақты сөз тіркестері: көшпелі дүние, бір тамақ аузыма татымады, жақсы көрер тамыры болғандықтан, түс жору, айтқаны далаға кетпейді, құба жон, құла түзге бет қою, сол кеткеннен мол кету, жаныннан қорқу, жартысын қалта қылу, ерік әліне қоймай, жазы жапанға, құла түзге қашу, ұрғашының жаман жері жақсы, табанын аудармай тұру, жұрттың көзіне түсу, аузына ілігу, құлағының тынышы кету, құлағына маза бермеу, кара күйе болу,

көз қысу, аузын ұрып, аяғын сыпырған, мысық сою, бір бүртік ет, тілі тию, ет жасап, табақ тартып;

ә) *теңеу, метафоралар*: бьжынаған биттей, құжынаған құрттай; ай дейін десе, аузы бар, күн дейін десе көзі бар; бір қасық сумен жұтып жібергендей бір қыз; басына ат басындай алтын, аяғына қой басындай алтын; жапанның сары даласы; қалқиған жан жоқ; жылан мен бала ойнағандай, ит-құс пен қой ойнағандай; егіз қозыдай жарасып; бұты толған бұлақ; апысы кіріп, күпісі шығып; жайылып жастық, иіліп төсек; айдан жарық, күннен раушан қылып; ғазиз тәнде шыбын жаным пидә; өн мен түс – екеуінің арасы жер мен көктей; қырғидан бұққан торғайдай; бүркіттен бұққан қояндай; қасқырдан үріккен қойдай; алты құлаш ала айғыр; жеті аяқты жирен бие;

б) *мақал-мәтелдер*: «Құлан жалғыз, құдай жалғыз»; «Құлағың естігенді көз көреді»; «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме»; «Адал еңбекпен азға қанағат қылу»; «Есі кеткен ешкі жияды, Ешкіменен есін жияды»; «Тұщы етіне ащы таяқ»; «Алтын көрсе, періште жолдан шығады»; «Қой үстінде торғай жұмыртқалайтұғын»; «Заманына қарай – амалы»; «От ішінде мақта, Мақтадан құдай сақта»; «Екі аяқты адамзаттың жорғасы»; «Ағасы бастап, інісі қостап»; «Көрген жер – бостан, көрмеген жер – көрстан»; «Мехнат түбі – рахат»; «Бірдікі – мыңға»; «Асыққан – жетпес, бұйырған – кетпес»; «Мал – жан садақасы, жан – ар садақасы»; «Бас – аман, жан – сау»; «Өлейін десе, жан тәтті. Өлмейін десе, дерт қатты»; «Аттан жығылғанды пері андиды»; «Ел аралаған сыншы, ағаш аралаған үйші»; «Ерді көрсең, қыдыр тұт. Асты көрсең, қадір тұт»; «Ел-елдің заңы басқа, иттері кара қасқа»; «Ауырды жер көтереді, көңілді дос көтереді»; «Тоғыз жақсы, тоқсан жамбы теңге болмақ»; «Тегін беретін теңі келмей, алушының әлі келмей»; «Ешкі егіз табады, ит сегіз табады, шошқа да тоғыз табады»; «Бермесен, ырзалығым жоқ»;

в) *қанатты, нақыл сөздер*: «Не жұмыс, не іс қылсаң, ақылмен, сабырмен артын ойлап істе»; «Артын ойлап іс қылу керек»; «Қорыққан, қуанған – екеуі бір бас»; «Заманды адам билемейді, адамды заман билемек»; «Біреудің біреу бір сабақ жібін қиянат қылмау»; «Құдайдың құтты күні»; «Барлық жақсы екен ғой, байлық жақсы екен ғой»; «Жығылған жағыннан тұрма»; «Сан жетпеген»; «Қожаны жықпас па, аузына тықпас па»; «Жатқанға жан жуымайды»; «Қимылдаған қыр асады»; «Іздеген миқан ағашын табады»; «Қырықтың бірі қыдыр»; «Қыдырған қыдырдың ізін басады»; «Бір жоқты бір жоқ табады»; «Іздегенге сұраған кез болады»;

з) *баталар*: «Малдың астында қал»; «Жалған дүниенің жүзіне бір жақсылық берсін»; «Ойын оң, тілеуін дұрыс болсын»; «Кәміл болсын иманың, адал болсын жиғаным»;

Біздің байқауымызда, М. Ж. Көпейұлы ертегілерінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, туыстық қарым-қатынасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениет лексикасы, көшпенділік үрдісі, қазақ халқының түпкі тамыры түркілерден тарайтындығы, бай мен кедей арасындағы кикілжілдік, ер жігіттердің батырлығы, ерлігі суреттеледі. Сол себепті, оларда этнолингвистикалық сөздердің қолданысы мол. Бұл қазақ тілінің бай, тұнып тұрған маржандай сөздері бар екенін байқатады. Мәшһүр ертегілерін оқи, талдай келе, болашақ ұрпаққа берер тәрбиесі бар, баланы мықты да алғыр, ойлампаз, ақылды, тіл байлығы мол болуға үйрететініне көз жетті. Солай бола тұра, біз көл-көсір байлықтың бір бөлігін ғана қарастырдық деп білеміз. Ақынның этнолингвистикалық әлемін терең, жан-жақты зерттеп, ел игілігіне ұсыну мәшһүртанушылардың алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып қала бермек.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты биылғы Жолдауында білім беруде IT саласын кеңінен қолдану, 3D-принтинг, онлайн, мобилді, цифрлық қызмет көрсету секілді салаларды дамытуды айтып, бұл іске мемлекеттік емес секторды белсенді түрде тарту қажеттігін атап өтті. Осының аясында ұсынылып отырған мобилді қосымша өлкеміздің фольклортанушысы М. Ж. Көпейұлының ертегілеріне арналады. Мобилді қосымшаның мақсаты: қолданушы өлкеміздің көрнекті зиялысы М. Ж. Көпеевтің ел арасынан жинаған халық ауыз әдебиетінің ең асыл үлгілерінің бірі ертегіні үлестіріп, мобилді қосымшаға салынды. Қосымшаны жүктеп алушы ертегілерді заманауи цифрлық форматты қолданып, оқуға, тыңдауға мүмкіндігін алады. Ұсынылып отырған мобилді қосымша 3 бөлімнен тұрады: «Оқылым», «Тыңдалым», «Этнолингвистикалық глоссарий». Қосымшаны қолдану нәтижесінде оқырманға ертегілермен танысуға қолжетімді болады. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі бір тұлғасы Мәшһүр-Жүсіп мұраларын кеңінен насихаттау ең басты міндетіміз болып табылды.



Сурет 1

ӘДЕБИЕТТЕР

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАР:

1 <https://kk.wikipedia.org>2 <http://el.kz>

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

3 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері.

Екі томдық, 2-т. – Алматы: Ғылым, 1992. – 224 б.

4 Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б. М. Сатершинов, А. Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

5 Сыздыкова Р. Сөз құдіреті. Алматы: «Білім» баспасы, 1997. – 323 б.

6 Тұрышев А. Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдениет лексикасы. Монография. - 2 том. - Павлодар: Кереку, 2008. – 204 б.

7 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

8 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған «Этнолингвистика» пәнінің оқу-әдістемелік кешені. - Семей, 2013.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ҚОРҚЫТ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ

АСКАРОВА А. Е.

9 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы

№ 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

ЖУМАДИЛОВА Ш. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған

Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Ірі лирик ақын, әрі аудармашы, әрі ұстаз, ғалым - Мағжан Жұмабаев ондаған поэма, жүздеген лирикалық өлеңдерімен бірге, оқытушылық қызметті атқара жүріп, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Ақынның бұл туындылары жас ұрпақ үшін маңызы зор, көркемдігі жағынан ертегідей сұлу романтикалық сарынға толы, тақырыбы мен идеялары жағынан ұлттық әдебиетіміздің алтын қорына қосылған, тәлім-тәрбиесі тұнып тұрған, баға жетпес құнды болып табылады. Сондықтан, ақынның шығармаларын оқып-үйрену, зерттеп-зерделеу бізге артық болмас.

Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі тарихымыздағы ұлы оқиға және ұлттық рухани құндылықтардың қайта жаңғыруына септігін тигізді. Біз үшін болашағымызға бағдар беріп, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Еліміздің ертеңі мен болашағы – жастардың қолында. Олай болса, өмір бойы «Алаш» ұранын көтеріп өткен Мағжан үшін жастардың орны бөлек. Сөз өнері арқылы рухани мол азық қалдырған М. Жұмабаевтың мұрасын зерттеу, зерделеу, бүгінгі күн тұрғысынан баға беру қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Егер біз Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» атты поэмасында қозғалған «Мәңгілік ел» идеясын кеңінен насихаттасақ, бұл жас ұрпақтың сана- сезіміне, көзқарасына жағымды әсер етеді.

Мағжан Жұмабаев – атағы бүкіл әлемге әйгелі көрнекті жазушы, ақын, философ. Оның өлеңдері мен поэмалары халық алдында деген зор жауапкершілігін сипаттайтын трагизмге толы. Өмірінің камшының сабындай қысқа болатынын өзі білгендей, шығармаларында әлдеқандай мұн, қоштасу туралы сөздер, жастар мен болашақ ұрпаққа арналған өсиеті бар.

Адамның өмірі бір сәттік емес, өзіндік үнемі даму. Сондықтан, Мағжан «Қорқыт» поэмасында өмірдің мәңгілік болуы мүмкін деген

идеяны қозғаған. Бұл тақырыптағы Мағжанның жағымды ойлары: болашақ жайында ойламасақ, өмірдің еш мәні болмас. Өлімнен кейін адам өз қолымен жаратқан рухани, материалдық құндылықтар мен мәдениет қалады.

Қанкөзді Кеңес өкіметі халықтың тарихқа көз жүгіртіп, оны зерттеп- білуіне, сол тарихта елеулі із қалдырған ірі тұлғаларды тануға мүмкіндік бермеді. Мағжан өз философиялық көзқарасында қазақ халқын құтқару, келешек ұрпақтың тәуелсіздігі жайлы жырлаған. Өз тілін, дінін, тарихын, мәдениетін, дәстүрін білген халық тәуелсіз, мәңгілік ел бола алады. Мағжанның «Мәңгілік өмір» туралы мәні осында.

«Мен өлмеймін, менікі де өлмейді, надан адам өлім жоғын білмейді», - деп Мағжан Жұмабаев «артына сөзден, өнерден ескерткіш, мұра қалдырған тұлға өлмейді, оның мұрасы мәңгілік» деген түсінікті өзектілейді [2, с. 24].

«Өмір» концептісі мен «өлім» концептісі ақын танымында «Өмірдің өлшемі – өлім» когнитивтік моделі арқылы авторлық ғалам бейнесін береді. Өмірді өлімге барар жол ретінде бағалау, яғни адамға өмір өлмек үшін беріледі деп тану концептуалдық инверсия құрайды. Өмір мен өлім құбылысын адам болмысының бір-бірінен ажырамас екі шегі ретінде тану қалыптасқан. Негізіне келгенде бұндай танымдық үрдіс адамзат танымының рухани жүйесінде орын алатын өмір-өлім-мәңгілік үштігі феномендерінің қарама-қайшылығы бірлігі идеясынан бастау алады [3, с. 12].

Мағжан «Қорқыт» поэмасында философиядағы мәңгілік тақырып – өмір мен өлім мәселесін Қорқыт пен ажалдың андысуы түрінде суреттейді. Ажал – хақ, сондықтан да өмір жібінің түйінінде өлімді болмай қоймайтын өмір ақиқаты ретінде қабылдау қажет деп санайды ол. Өмірге құштарлық, айналасындағы адамдарға, туған табиғатқа, жер-анаға ғашықтық туралы ойлар – Мағжан өлеңдерінің басты сипаттарының бірі. Ақын нені жырласа да, ерекше махаббатпен, шынайы жүрекпен жырлайды. Сол себепті де оның өлеңдері сырлы, сазды, көркем.

Өмір осы — бірде ол болар бұлтты,

Қатты желді, дауылды, кейде отты.

Құрып дымын, қайғырып жас төгерсін,

Бұлт ашылар – қайғының бәрі бітті, – дейді ақын. Мағжанның осы өлеңінің философиялық лирикадағы басқа өлеңдерінен өзгешелігі, мұнда ақын – оптимист. Ол өмірде бақытты күндерінің боларына сенеді [2, с. 26].

Мәңгілік өмір үшін күрескен Қорқыт Мағжан поэмасында аңыздық бейне күйінде қалып қоймайды. Қазақ санасына ой мәйегі тұнып қалған дана ойшылының, өнерлі рух ұстазына айналған күй атасының көркемдік образы жасалады. Мағжанның Қорқыт тақырыбы рух үндістігімен қызықтырған, яғни Қорқыттың ажалмен күресі – ақынның бостандық сүйгіші, азатшыл рухымен үндес.

Қайда барса өзіне қазылған, өзінің атына жазылған көрден құтылмаққа Қорқыт баба да қобызын күңіренге тартып мәңгілік ғұмырды аңсамады ма? Мәңгілік үнді, мәңгілік әуенді аңсамады ма? Сырдың бойын сырлы қобыз үніне ұластыра сыр шерту де мәңгілік арманы еді ғой.

Мәңгілік ұлт болу әр ұлыстың арманы болған тарихта. Мағжан да ұлтымыздың мәдениетін, рухани құндылықтарын, тарихын сақтап, еліміздің мәңгілі болуын армандаған. Ақынның асыл арманы орындалып, біз тәуелсіз ел болдық.

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа Жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық – тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы [7].

Қорқыт, Мағжан мен Елбасының ойлары бір – бірімен ұштасып, үндесіп жатыр.

Кесте 1

«Мәңгілік ел» идеясы		
Қорқыт	М. Жұмабаев	Н.А. Назарбаев
– Ажалдан құтылғысы келіп мәңгілік өмір іздеген. – Төрткүл дүниені аралаған. – Туған жері Алтайға қайтып келіп, қарағайдан қобыз жасайды. Қобыздың атасы.	– Қазақтың тілі, діні, мәдениеті, рухани құндылықтарының сақталуы мен дамуын ойлаған. – Тәуелсіздікті, егемендікті аңсаған. – Болашақ ұрпаққа, жастарға көп сенім артқан. – Қазақтың мәңгілік ел болғанын қалады.	– Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астанасы. – Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. – Зайырлы қоғам және жоғары руханият. – Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өнім. – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. – Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. – Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Көріп отырғанымыздай, бұл үшеуінің аңсаған арманы, көздеген мақсаты – бір. «Мәңгілік Елдің» жеті қағидасы біздің дамуымыздың арқаулық құндылықтарын, Қазақстан халқына ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтады. Елбасы Н. Назарбаев атамыз біз өмір сүріп отырған мекенге қаншама жақсы жағдайлар жасауда. Біздердің сауатты болып өсуімізге, сапалы білім алып елді өркендету, қызмет ету үшін бағыт беруде.

«Мәңгілік Ел» идеясы:

- жалпыұлттық патриоттық идеясы және оның құндылықтары, алдағы табысты даму үшін қазақстандық қоғамды нығайтудың өзегі болып табылады;

- үштілділік, Қазақстанның табысқа жетуіне және әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруіне мүмкіндік беретін ашық және толеранттық қоғам;

- біздің ұлттық бірлігіміз, Қазақстанмен және оның болашағымен этникалық шығу тегіне тәуелсіз, өз арақатысының жоғары деңгейінде негізденеді;

- рухани бастама – бұл ұлтты біртұтастыққа топтастыратын күш, оның басымдықтары: дәстүр мен патриотизм рухы, жанару, жарысу және жеңіс рухы болуы тиіс;

- өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне мемлекеттің патриоттық саясатының жалпы күші, білім беру жүйесі, тәрбие, мәдениет, БАҚ, этномәдени бірлестіктер бағытталуы қажет [8, 2].

«Мәңгілік ел» идеясы – халықтың мүддесіне, қоғамдағы тыныштық пен ынтымақтастыққа қызмет ететін, бағыты мен бағдары анық жол, бейбітшілік пен келісімді, ұлтаралық татулық пен төзімділікті сақтап, сындарлы сәттерден сүріндірмейтін ұлы мұрат. Бұрынғы-соңғы білімдарлардың пайымдауынша, елді ілгері сүйрейтін идея мемлекеттік сипат алып, қоғам мүшелерінің көңілінен шығуы үшін негізгі екі талап орындалуы тиіс екен. Оның біріншісі – сол мемлекетте өмір сүріп отырған халықтың болмысымен, мақсат-мүддесімен толық сәйкес келуі; Екіншісі – мемлекет тарихымен сабақтасып, ұзақ мерзімдер бойы сол қоғамда қалыпты, жетекші идеологиялық мәні болуы [8, с. 1].

Ұлы қағанат құрған түркілер осы екі қағиданы да ұстанған екен. Қазақ халқы Түркі қағандары мен Қазақ хандарының, Абай мен Алаш қайраткерлерінің ізгі арманы болған ұлттық идеологияны қалағандықтан, «Мәңгілік Ел» идеясын ту етіп көтеру қажеттілігін сезінді.

Қазақ елінің бүгінгі басты мақсаты – бірлігі жарасқан, экономикасы мығым, әлеуеті жоғары, бәсекелестікке қабілетті, алдыңғы қатарлы отыздыққа ену. Қазақтың біртуар перзенті Нұрсұлтан Әбішұлы тәуелсіздік алған күннен бастап құндылықтарымызды қадірлеп, асылымызды ардақтауға үндеп келеді. Бүкіл әлем қызыға қарайтын елдегі тыныштық пен тұрақтылық, экономикалық даму, ұлтаралық татулық – халқымыздың салқынқанды сабырлылығы мен Елбасымыздың сындарлы саясаткерлігінің жемісі.

Қазақстан еліміз дамыған өркениетті 50 елдің арасынан орын алуымыз біздің ұлттық тәрбие мен тиянақты білімдерімізге байланысты. Ертеңгі «біз» ұлтымыздың ізгі қасиеттерін, рухани құндылықтарын бойларымызға сіңіріп өз Жері мен Елін қорғай алатын ұлтжанды, мәдениетті болып өсуіміз керек.

Қазақстан халқының мәңгілік мұратына айналған бұл ұлттық идея бір сәтке де санамыздан өшпеуі керек. Әсіресе, ұрпаққа ұлағатты тәрбие беретін педагогтардың басты ұстанымы бола бермек. Егер бүгінгі бүлдіршінді халқымыздың жарқын болашағы мен еліміздің кемел келешегі үшін еселі еңбек ететін, адалдықтың ала жібін аттамайтын атпал азамат ретінде қалыптастырсақ, онда мақсатымыздың толық жүзеге асқаны.

Біз, қазақ поэзиясына көп үлесін қосқан, ақын, философ Мағжан Жұмабаевтың өмірбаянын, шығармашылық жолын,

шығармаларының ұлттық рухани құндылықтарын және философиялық мәнін ұғынып, талдау жасадық.

Ақын «Қорқыт» поэмасында әлемдік әдебиеттегі қаһармандық ұлы тұлғалардың бірі, ұлы мақсат арқалап, адамзатты өлімнен арашалауға ұмтылған, Қорқыт бейнесін сомдап, өз рухымен ұштастырды. Өлімнен қашып, ажалмен күрескен Қорқыт – Мағжан үшін мәңгілікке символ болар, қаһармандық бейне, өлмес рух.

Мағжан өз философиялық көзқарасында қазақ халқын құтқару, келешек ұрпақтың тәуелсіздігі жайлы жырлаған. Өз тілін, дінін, тарихын, мәдениетін, дәстүрін білген халық тәуелсіз, мәңгілік ел бола алады. Мағжанның «Мәңгілік өмір» туралы мәні осында.

Мәңгілік ұлт болу әр ұлыстың арманы болған тарихта. Мағжан да ұлтымыздың мәдениетін, рухани құндылықтарын, тарихын сақтап, еліміздің мәңгілі болуын армандаған. Ақынның асыл арманы орындалып, біз тәуелсіз ел болдық. Елбасымыздың «Мәңгілік ел идеясы» өзінен бұрын өткен бабалар реформасымен мақсаты бір болғанымен, мағынасы мен жүйесі жағынан зор айырмашылық жасайды. Бабаларымыз халқын ауызбіршілікпен алға бастырып, әдет-ғұрпымен руханиятын шыңдап, заңдарымен ел бүтіндігін жер амандығын қорғап отырса, Елбасымыз сындарлы саясатымен өз халқын дамыған елдердің қатарына қосып, басқа елдермен терезесін тең етіп, бақытты да шат-шадыман тірлікке жеткізу, бұл дегеніміз бабалар арманымен мақсаты мен маңызы бір, мәні мен жүйесі бөлек іс!

«Мәңгілік Елді» жеті қағидасы біздің дамуымыздың арқаулық құндылықтарын, Қазақстан халқына ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтады. Сондықтан Қазақстан халқының мәңгілік мұратына айналған бұл ұлттық идея бір сәтке де санамыздан өшпеуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Ізтілеуова С. Шәкәрімнің шеберлігі. Алматы 2007ж.

2 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. – 293-б.

3 Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. – 242-б.

ЖУРНАЛДАҒЫ МАҚАЛА:

4 Берғалиева С. «Патриоттық тәрбие беру» // Тәрбие құралы № 2 2007 ж.

5 Тұмабаев Нұртай. «Шәкәрім жырлары бүгінгі ұрпақтың бойтұмары» // Тәрбие құралы. №1 2016 ж.

6 Мұқышева С. Ж. «Ұлы Абай шығармалары арқылы бастауыш сынып жасындағы балалардың тұлғалық қалыптасуы» // Білімдегі жаңалықтар №1 (29) 2010 ж.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

7 ҚР Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-5-kazan.

8 Патриотический акт – «Мәңгілік Ел». Республиканская газета «Казхстанская правда», <https://www.kazpravda.kz/kz>

И. БАЙЗАҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

БІРЖАН З.

10 сынып оқушысы, Ш. Айманов атындағы мектеп-интернаты
АХАТОВ Т. Қ.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Құралай сұлу» поэмасын таза да іңкәр махаббат туралы, армансыздықты армандаған ер жүректі, ізгі жанды адамдар туралы аяулы жыр деп санаса да болғандай.

Байзақов Иса творчествосы халық поэзиясы дәстүрі мен жазба әдебиет мәдениетінің классикалық тоғысуы. Ел ананың ежелгі фольклорынан халықты бойына дарытса жазба әдебиетте партиялық принципке баулынды ол. Міне содан да Иса өзіне дейінгі халық ақындарының орақ тілді, от ауыздысының бір де бірі айтпаған құнды сөзді көпке сыйлады. Ер-азаматтың елге, әлеуметке аты жайылуы бар да, шын мәртебе-мерейге ие болуы бар. Кейде әлдебіреулер бұларды шатастырып алып жүреді. Екеуі екі басқа ұғым.

Иса болса, алғашқы дастаны «Құралай сұлу» жарық көрісімен-ақ (1925 жылы) бүкіл қазақ елі махаббатына бөленген тәкаппар талант, ерке дарын. «Құралай сұлудың» бірден баршаға ұнауының себебі неде? Бұл елдік жайында, еңіреген ер жайында, кіршіксіз махаббат жайындағы дастан. Көзсіз батыр Келден, ерге ер, серіге сері Құралай қыз, ел ағасы Монтай - кесек те сүйкімді тұлғалар. Романтикалық сарында туған поэма жаңа заман адамдарының революцияшыл рухына

үйлес, үндес келгем де ғой! Біздің бұл сипаттағанымыз шығарманың идеялық құндылығы болса, ол көркемдік сапасы да жоғары туынды.

Ол үшін дастанның көріктеу құралдарына көз жүгіртелік. «Күрсініп дертті леппен демін үрлеп». «Дертті леп». Қандай соны, оқыс анықтауыш (эпитет). Абайдағы «күлкінің ерні» іспеттес. «Жас ойда жасырынып жанның сыры,

Шығарды сұлу жүзден суық терді». «Жас ой» Лермонтовтың жас бұлтын» еске түсіргендей! Аттың шабысын суреттегенде «Жалындай жалтарады жел үрлеген» деуі ше? Желден жығылған жалын тілінің жер бауырлап қайта «Өмірдің алды - жарық, арты - қара» - деген тармақтағы ауыстыру (метафора) көріктеу құралының дәлдігі сонша, тіпті түс-баяуға дейін көзге елестетпей ме?! Ақындық сөзде алуан бояу түсі болатынын Иса анық дәлелдейді.

Алмастырудың (метонимияның) да соныларын кездестіреміз. Келден өзінің қыршын өмірін сөз қылғанда «Балдырған жас үмітке қауіп жетті» дейді. Табиғатқа жан бітірген мына тұрпаттас кейіптеу тәсілі де дастан жазылған сонау 1924 жыл үшін ғана емес, бүгін де қымбат тапқырлық сияқты.

«Батуға шеті ілінген алтын арай,
Жерастан, аспанүстенқарай-қарай,
Қоңыртүсойғатүсіп, қабаңжауып,
Тиышталыпкележатырдүниесолай».

Бұл сонымен қатар поэзиядағы табиғаттың тамаша көрінісі; өзін де сол іңір құшағына кіріп кеткендейсін. Әдетте, «*Шаңкөтерілді*» дейміз. «*Айқай-сүреншықты*» дейміз. Ал Иса ақын сол екі атауды қатар тізекеліп: «Айқай мен шаңжарысып көтерілген» деп саф алтындық есегімен әкеп, дастан жолына қалайды. Зат – шаң үзенгі қағыстырғандай, дыбыс-айқайменқатар қозғалады. Ат десе, бәйгі десе, делебесі қозатын қазекеннің көз алдында зат пен дыбыс жарысып шыға келеді!.. Жалғыз ғана осы дастаннан жамағат аузынан ақыл боп көшкен қаншама жолдар бар. Солардан мысалдар:

«*Ер туып, жоқелді бар қыла алмайды,
Ел болса, ер тугызбай тұра алмайды*».

Және:

«*Елден де ер арманықушті*».

Егер Иса поэзиясындағы барша көркемдік інжу-маржандарды тізіп шықса, қандай асыл алқа болар еді. Бірғана «Құралай сұлу» дастанынан алынған осы мысалдардан-ақ ақындық қуаттың күдіретін жасөспірім де қастерлей аңғарғандай. Көптің көкейіндегісін осылайша көркем сөзбен суреттей білген туынды әрине көпке ұнайды. Сүйген

жүрек сөз табады сүйсінер. «Құралайсұлу» тақылеттес туындылар халық деген алыппен қатар жасайтын уақыт жолдасы болып қала бердік. Кешегі Отан соғысы жылдарындағы ғажайып хас батырлар жүрегінде осы «Құралай сұлу» сияқты дастандардан, жырлардан түскен қанша ұшқын болғанын немен өлшерсің!?

Ойласаң өткен күнді айтады жыр,
Тындасаң естіледі бір терең сыр,
Ой өліп, өмірсөніп, көпсогоылған,
Суреті өткендердің алдымда тұр.

«Ой өліп, өмірсөніп» деген жолдары адамөмірінің қысқалығы сонымен қатар ой мен өмірге жан бітіріп тұрғаны анық.

«*Кейінтеу*» (олицетворение) – әр түрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейіпіне келтіріп, немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл» [58, 108].

Толқыны бұл өмірдің талайды ұрған,
Көп жанды алдап соғып, зарландырған.
Аяған дертті әмірдің пендесі жоқ,
Жасдемей, кәрідемей торықұрған.

«Өміртолқын», «өмірдария» деген тіркестер әр ақынның өмір жырында көп кездеседі. Мұндағы *Толқыны бұл өмірдің талайды ұрған* жансызға жан бітіру. Сонымен қатар, «*Жас-кәрі*» антонимдік жұп «*тор құру*» тіркесімен бірлесе өмірдің тор құруы ауыспалы мәнде берілген.

Біреудің күшін алып, үмітін кескен,
Біреудің жүрегін жеп, қанын ішкен.
Жете алмай *талайасық* мұратына
Қаракүн қан жамылып, басқа түскен.
«Қаракүн» эпитет.

Естісем сондайлардың мұң мен зарын,
Менін де қозғалады қапаларым.
Ортақпынқайғылыныңқайғысына,
Үнкосыпкүнірену, болғанбарым...
Мұң мен зарсинонимдер

Теңеу - затты тура мағынасында емес, ауыспалы басқа мағынамен салыстырып айту. Теңеу жасайтын: -дай,-дей,-тай,-тей,-ша,-ше,-дайын, -дейін жұрнақтары арқылы жасалады [17, 18].

Бір тойда диуананың тілі тиіп,
Күнінде **құлыншақтай** о дағыөлді
Бұлтылдап жұтқыншақтың **жұмырындай**,
Көлдегі **көгілдірдей** Қақажанға...
Қардай ақалты-жетіақ орда тұр,

Күмістей ақсақалды, қартқабасқан,
 ...Дүниеден күлмей өттім, күлмес**хандай**,
 Ойласам **өкінішін тау басқандай**.
 Кеудемнен арсыз жаным шықпаған соң,
 Сұрбикеш бедеuedі, арқар сокқан,
Құстай ұшып шығатын талай топтан.
 Күлдіріп дүниені жас **баладай**.
 Орыным босағад атері тұлып,
Сыптай қылып тастаған, тар ғыптігіп,
 Көшкенде салбыратып, нарға теңдеп,
Тірі өліктей қорқылып сан сүйретті....
 Бұлт жамылып, киінген сағымменен,
Әлемге мақтанғандай, көр деп мені.
Баладай өмірге ерке сұлу туып,
 Ерлері жайдай ойнап, үміт қуып,
 Құбылған **бриллианттай** жерін сырлап,
 ...Талма түстің **шағындай** бой нұсқасы,
 Түйген жібек секілді түйме басы.
 ...Кең маңдайлы, қыр мұрын, бота көзді,
 Түрімен **ұқтырғандай**, айтпақ сөзді.
 Жасбаланың **аузындай** кішкене аузын
 Қызыл ерні сүйіп тұр құмарланып.
 Ақылдан **орнатқандай** өлшеуалып,
 Білегі аппақ арай, **ақжамбыдай**,
 Сұлулық есі кетіп, тұр таңқалып.
Меруерттей жаспен жуып қайғы-ызасын,
 ...Жаскетті **киіктей** ат атылдырған,
 ...Тұлпардың жалы су-су, тақымду-ду,
Сүйріктей сұлу қолын ербендетед.
Қырандай көзайырмай Дауыл қақты,
Құйындайығы-жығы жауды көріп,
 Тілейді, сақтай көр деп, жасаған-ай!
 ...Жәй шағыр ор **қояндай** ойнақсалған.
 Керек-керекқарудыжиыпалып,
 Жүгіртіпкеледіекентауғатаман.
 Кенеттенөңкірді**жасбаладай**,
 Жүгірді түсе сала атқа қарай.
Күмістей аппақ тәнге күн шағылды,
 Білек, балтыр **қояндай** жұмырланып.
 Қоян алған **бүркіттей** шөге түсіп,

Құралайды жолбарыс жатыр талап.
 Бұлтылдап жұтқыншақтың **жұмырындай**,
 Жарысып құлын мен тай ойынсалған.
 Талма түстің **шағындай** бой нұсқасы,
 II
 Қазақтың Есім ханы болған кезде,
Жау жорық жапан түзге толған кезде,
 Болыпты Монтай атты бір әділ би
 Руы Ойбас Қыпшақ, Орта жүзде.
Жау жорық жапан түзге толған кезде, көптік мәнді білдіріп тұр.
Метафора—өз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырғанзатты не құбылысты ақындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.
Толқыны бұл **өмірдің** талайды ұрған,
 Көп жанды алдап соғып, зарландырған.
Шашты қыз, тарақты алсын, шөп өседі,
Ат шаптырым алабында жайлаған ел
 – осы жолдарда шөптің қалыңдығын шашты қызбен алмастырып тұрда, келесі тармағында Сол өзен маңын ел жайлаған деп бермей, Атшаптырым алабында деген сөзбен алмастырған.
Тағдырдыңжазмышынакөнгенненсоң
 Сіздіңмауықбасылуынтіледікбіз...
 Армансызадамкөрдімбүлдүниеде...
 Айтайынсонынжайыніздесеңіз –
 осы өлең жолдарынан өмірдеген сөздің үш түрлі баламасы берілген.
 Көлдегі көгілдірдей Қақажанға,
 Қамығып **жас** кеткен соң, жүдедік біз – бұл жерде «бала» сөзін «жас» сөзімен алмастырған.
 Ортада үлкен **ақ үй сегізқанат**
 Түзелген кемшіліксіз сән, салтанат.
Түсіріп шымылдығын бір заманда,
Күнсұлу кіріп кетті сарайына – бұл мысалда «түн батуын» шымылдырық түсірумен, сарайға кетумен, ал күнді «Күнсұлу» деп атаған.
 Дариға-ай, **жалын сөнді**, кәрілік жетті,
 Дәуренім өң мен түстей өтті, кетті! – жастық кетті, қартайдым деген мағынада қолданылған.

Оянды **таста ұйықтаған таудың құсы**,
Сәулемен араласқан жат дыбысы,
Шырлады бозторғайы ақкөденің,
Сарғайтып түрілген соң таңның түсі – «тау құсы» – Күн.

Тасалап **түн қолтығын** кеттік жүріп,
Арқанын жөні осы деп желі құрып.
Жансыз түнде тұлпардың дүбірімен,
Тасқұлағын салғандай бұғып тұрып.

«**Таң** сызылып **пердесі** көтерілді,
Сәулемен қараңғылық итерілді,
Өлкеден қараңғылық үй шығарып,
Түрлі күй, мың дыбыспен жан тірілді.
Тайсалды кейінгілер бір-бірлеуге,
Жан шіркін **жаманитке** қандай тәтті.

Не болмақ, менің күнім Келден өлсе,
Мәңгілік **тағдыр** ойнап **уын** берсе.

Екі алма аналық та алдиярлап,
Күліп тұр жас балаша, шамдай жанып.

Ассонанс – бірыңғай дауысты дыбыстарды қайталау
Ер туса, елден тумас, елді тіле
Елсізден ер тумас па, білмеймісің?
Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды,
Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды.

Метонимия – өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірінқолдану.

Жиылып **«жақсылары»** ел-жұртының,
Ас беріп, бата оқысып аза салды.
Қарабасын қайғырса,
Биде әділдік болар ма?
Біреу жылап, біреулер құлап жатыр,
Ел басына түскен соң заманақыр,
Өгіз, түйе **мінгендер** борсандатып,
Жаяудан да оза алмай бара жатыр.

Параллелизм – екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу.

Астындашам, үстінде құндық жүзіп,
Аққайрандай денесін қимылдатып.
Шошытты Құралайды суда ойнаған,
Әлде не жап, қамысты сылдыратып.

Ұлғайту, яғни **гипербола**, тағы бір түрі – **кішірейту**, яғни **литота**. Бұлар да суреткердің тілі мен стиліне бірсыпыра бояу қосады, сөздегі суретті түрлендіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі – Алматы : Жазушы, 1987. – 231б. Майтанов Б. Көркемдік нәрі – Алматы : Жазушы, 1983. – 208 б.

2 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология – Алматы: Ғылым, 1987, – 28-бет.

3 Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты – Алматы: Қазақ университеті, 1992, 326 б.

4 Байзақов И. Құралай сұлу – Алматы, Атамұра, 2007, 192 б.

5 Байзақов И. Өлеңдер мен поэмалар – Алматы, Жазушы, 1980, 202 б.

ШӘКІР ӘБЕНОВ – ШЫНАЙЫ ТАЛАНТ ИЕСІ

БОЛАТҚЫЗЫ А., ЖЕҢІСҚАЗИНА С. Е.
оқушылар, № 47 ЖОББМ, Семей қ.
КУМАШЕВА А. Ж., БИЯХМЕТОВА Ж. Қ.
ғылыми жетекшілер

Еліміздің тәуелсіздік алуы қоғамдық өмірде үлкен өзгерістерге жол ашты. Ең бастысы, туған Отанымыздың аңсаған тәуелсіздікке жетуі қазақ жұртшылығының ұлттық санасының күрт оянуына айрықша әсер етті. Соңғы жылдарда қазақтың із тарихын, мәдениетін, әдебиетін, өнерін білуге деген талап-тілегі, талпынысы арта түсті. Міне, осындай саяси қысымды кеңес үкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ басынан өткерген ақындарымыздың бірі - Шәкір ӘбенOV.

Шәкірдің азан шақырып қойған аты - Мұхаметшүкір. Әкесі Әбеннің қойған аты. Ақынның қызы Сананың айтуы бойынша, «Әбен кіші әйелінің аяғы ауыр кезінде түс көреді екен. Түсінде

ақбоз ат көреді. Ақбоз аттың ерінің қасы қисық екен. Осы бала дана болады, түсімді кешке жақын көрдім. Тегі артында ұрпақ қалмайтын болуы керек... А, Құдай, артында ұрпағы қалмаса да бергеніне шүкір!» - деп атын Мұхаметшүкір қойыпты.

Шәкір Әбенев 1901 жылы 1 наурызда Абай ауданының Құндызды ауылында дүниеге келген. Шәкір тікелей әкесі Әбен қажының тәрбиесінде болған, әкесінің ықпалымен ерте ауыл молдасынан мұсылманша хат таныған. Семейдегі приходская школада оқыған. Мұсылманша және орысша сауатын ашып алған соң жасынан зерек, зейінді, сергек, Шәкірдің өнер-білімге құштарлығы артады. 1915 жылы Семейдегі ер балалар гимназиясына оқуға түседі. 1916 жылғы көтеріліске байланысты оқуын жалғастыра алмай, ауылына қайтқандағы туралы ақынның қызы Сана қынжыла еске алады. Кейіннен Уфа қаласына жіберіп Ғалия медресесінде оқытқан. 13-14 жасында Семейге оралып мешітте жұмыс істейді өз бетімен мұсылманша кітаптар оқиды.

1914 жылы он үш жастағы Шәкірді әкесі Әбен белгілі бай Көсембай Айдосовтың қызы Шәрәпиге үйлендіреді. Бүгінде Шәрәпиден Алматы облысында қарасты Матай теміржол станциясында ақынның қызы Орынтай Шәкіровадан қалған ұрпақ тұрады [1, 25 б.].

1916 жылы Семейдегі ер балалар гимназиясына қабылданады. Нақ осы жылы ол қазақтың белгілі ақыны С. Торайғыровпен танысып, оның өлеңдерін жатқа айтатын болған. Орыс ақындары А. Пушкин, М. Лермонтов жырларымен алғаш сусындауы да осы кез. Осы кезде революция басталып, жас бозбала сол дүбірге ден қойып кетеді.

Шәкірдің мұсылманша, орысша сауат алып, азамат қатарына қосылып, ат жалын тартқан шағы қоғамдағы аласапыран кезеңмен дәл келді. Ақ патшаның 1916 жылғы Маусым жарлығы, алым-салықтың көбеюі, жергілікті халықтың шұрайлы жерінен айырылуы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына әкеп соқтырды.

Төңкерістен кейінгі қазақ ауылдарына келген өзгерісті, оның жақсылық-жамандығын түсініп болмаған халықтың сергелдеңі басталды. Шәкір осы дүркіреген дүбірдің ортасында қалып халықпен бірге болды, оның қасіретін көзімен көрді.

Ресей қоғамы екіге бөлініп, қарама-қарсы тұрып, екі ұдай атысып жатқанда Алаш азаматтары мен көзі ашық қазақ зиялыларының мақсаты отаршылдықтан құтылып, елін, жерін бөліп алып, жеке ел болу болды. Олар жеке таптық мүддеге бөлінбей, жалпы қазақ халқының қамын жеді. Ұрандары «Оян, қазақ!» болып, отаршылдықтан құтылып, теңдікке, бостандыққа ұмтылу болды [2, 18 б.].

Ш. Әбенев әдеби ортада өмір сүрді. Оның жерлестері – Абай дәстүрін жалғастырушы ақындар: Шәкәрім, Көкбай Жанатаев, Әріп Тәнірбергенов, Уәйіс Шондыбаев, Абайдың балалары: Ақылбай, Мағауия, Турағұл және т.б.

Ш. Әбеневтың шығармашылық қызметі 1916 жылы «Айқап» журналында жарияланған өлеңдерінен басталды. Осы кезде ол Сұлтанмахмұт Торайғыровпен танысып, оның көптеген өлеңдерін жаттап алады.

1937 жылы Алматыда «Әдебиет және искусство» журналында «Қозы Көрпеш Баян сұлу» дастанының Ш. Әбенев жырлаған нұсқасы жарық көреді. Сабырбай, Дулат, Жанак, Түбек ақындардың мұраларын жаздырып, қолжазба қорына тапсырады. Жамбылдың әдеби хатшысы болып қызмет жасайды. Тағы да қуғынға ұшыраған соң, сұранып 1941 жылы соғысқа кетеді. Соғыста бір аяғынан жараланып, еліне қайтады. Отан соғысының I-дәрежелі орденімен марапатталады.

Ғасырға жуық жасап, заңның қилы-қилы қыр-сырынан қаныққан сұңғылы ақын өз жырларына көбіне махаббат пен әділдік, ерлік пен ездік, адалдық пен арамдық, адамгершілікті өзек етуден еш айнымайды.

Шәкәрімнің «Қалқаман–Мамыр» поэмасының әндік сарынын бүгінгі ұрпаққа жеткізген Шәкір Әбенев. Ақынның сатиралық шығармалары да ерекше көңіл аударарлық. Өткір тілді, сәтті тенеулері бар шығармалар көптің көңілінен шығып, ел арасында кеңінен тарайды. Шәкір Әбенев «Таңшебер – Жапал», «Тоқтамыс», «Кейпін батыр», «Ана махаббаты» және т.б. поэмалардың авторы.

«Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Таңшебер Жапал», «Кейпін батыр», «Ана махаббаты», «Алданған қыз», «Патша мен байғыз», «Қорқыт қобзы» аңыз толғауларын мысал етіп өлеңдерін жазды.

Шәкір Әбенев халық мәдениетінің, халыққа еңбек етудің үлкен бір саласы - айтыс өнерімен де танымал ақын. Айтыс ақындық шеберлікті шындайтын ең қатаң да, қатал сын екені белгілі. Шәкірдің айтыс өнеріне ақындық шабыт, сөз тауып қолдана білудегі шеберлікпен қоса, нақышына келтіріп әнге салып айтушылық қабілет, ақынның бойында ерте қалыптасқан ерекшелік [3, 43 б.].

Шәкір Әбеневтың атақ-даңқын алғаш рет әйгілеген – «Қозы Көрпеш–Баян Сұлу» поэмасы. «Шәкір ақынның «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» дастаны жай жыр ғана емес, адамдар қарым-қатынасты, тағдыры арқылы қазақ елін, яғни тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-санасы мен ғұрып-дәстүрін, жан-дүниесін, арманын қамтып суреттейтін,

өлеңмен жазылған роман, шынайы эпикалық шығарма. Мұнда қазақ өлкесінің ұлан-ғайыр қиырлары, ең бастысы революцияға дейінгі көшпенді қазақ қауымының өзара қарым-қатынасы мен әлеуметтік жағдайы нақты адамдар аясында жан-жақты бейнеленген», - деп жазды Сапар Байжан ата ақын жырлары туралы.

Шәкір Әбенұлы әдебиет зерттеуші ғалымдардың назарына іліктірген шоктықты шығармасы – «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасы. Осы жырдың көне нұсқаларын зерттеуші белгілі ғалымдар Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаевтар өздерінің еңбектерінде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының тағы бір нұсқасын көп жаңалық қосып, жаңғырта жырлаған Абай үлгісіндегі ақын Шәкір Әбенұлы - деп атап өткен. Профессор Ысқақ Тәкімұлы Дүйсенбаев қазақ фольклорының ең бір мол саласы лиро-эпосты зерттеуге арналған Қазақтың лиро-эпосы атты еңбегінің 6 соңғы тарауында Шәкір Әбенұлының «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» поэмасына арнайы тоқталып, жаңа мазмұнға ауысып, кемелдене, көркейе түскені сөз болады. Халық ақындары творчествосының көркемдік ерекшеліктерін зерттеп, талдау жасаған ғалымдардың ішінде филология ғылымының докторы С. Негимов ғылыми еңбектерінде Шәкір Әбенұлы шығармаларына да жиі назар аударған.

Шәкір ақынның тағы бір ерекшелігі - домбыра, қобыз, гармон сынды аспаптардың құбылта ойнаумен қатар, өлең мәтінінде өзі жазып, әнін де өзі шығарған сазгердің «Алтай аруы» Құндызды ауылының той-думанының көркі. Туған жерінде ақын мұражайы ашылды, ақын атынан бата берді.

Шәкір ақынның шығармашылығын зерттеу мүмкіндігі енді туды, бұған дейін Сапар Байжан ата XX ғасырдағы қазақ поэзиясының еркін тұлғасы Шәкір Әбенұлының қос томдық шығармалар жинағын өз қолымен даярлап, ақын шығармашылығы туралы монография жазған еді [4, 34–39 б.].

2001 жылы «Жер кіндігі - Жидебай» атты кітабы Елорда баспасынан шықты. Онда ақынның өмірбаяны мен өлең-дастандары берілген.

Артына мол шығармашылық мұралар қалдырған, арқалы ақын, сазгер, көнеден қалған мұраны қастерлеп өткен Ш. Әбенұлы 1994 жылы қазан айында дүниеден өтті.

Ш. Әбенұлы Республика Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған. «Халықтар достығы» орденінің иегері. Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаевтың ант беру рәсімінде бірінші бата берген ақсақал.

Шәкір Әбенұлының ешкімге ұқсамайтын бай әдеби мұрасын былай қойып, дүниеден өткеніне бірнеше жылдар болса да өмірінде ақиқат пен аңызды ажыратар тұстары жетерлік. Оның өмірбаяны, өскен ортасы, түрлі өнер иелерімен аралас-құраласы ел аузында әлі де өз шындығын таппаған. Аңыз лақапқа толы. Шәкірдің өмір тарихына, заманына, өскен ортасына, тарихи деректер мен архив материалдарына жете назар салмай шындық шешілмейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

ЖУРНАЛДАҒЫ МАҚАЛА

1 Айтұлы Н. Ғасырдың көзі тірі куәгері. //Қазақ әдебиеті. - 1992.

3 Әбенұлы Ш. Ұлы құрылыс// Әдебиет және искусство. 1938.

4 Әбенұлы Ш. Қозы Көрпеш - Баян сұлу// Әдебиет майданы. 1937.

ГАЗЕТТЕГІ МАҚАЛА

2 Тлеубекова М. Ақынның артында қалған бір тұяқ// Семей таңы. 1995.

ЫМ-ИШАРАТТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СИПАТЫ

ДЖАСҚАЙРАТОВА Д. М., ТЕМІРБОЛАТ З. Қ.

9 сынып оқушылары, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернат, Павлодар қ.

БАЙРОН М. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернат, Павлодар қ.

Қарым-қатынасты жүзеге асыруда, сөйленіс кезінде ойды жеткізу мақсатында тілдік амалдармен қоса, тілдік емес (бейвербалды) құралдарды да пайдалану дағдысы қалыптасқан. Олар дене қозғалысы, бет-әлпет қимылдары, т.б. арқылы көрініс табатыны белгілі. Ым-ишараттар деп аталатын бұл құбылысты тіл білімінде паралингвистика зерттейді. Барлық паралингвистикалық құралдар өздерінің материалдық тегі немесе жасалу жолына қарай емес, коммуникативтік актідегі атқаратын қызметі мен актіге қатысуы тұрғысынан ақпаратты, ойды жеткізуіне қарай, коммуникативтік акті кезіндегі функциясына сай алғашқылық, негізгі қызмет атқаратын тілдік құралдарға өте ұқсас.

Ым мен ишараттардың түрлері, таралу шеңбері әр түрлі. Ым-ишараттар негізінен ұлттық және әмбебап болып екіге бөлінеді. Әмбебап (универсалды) бейвербалды амалдар жалпыға ортақ,

түсінікті, мәдени ұқсастықтары бар, қатысымдық қызметте бірдей семантикалық мағынасымен ерекшеленсе, ұлттық бейвербалды амалдар белгілі бір топ арасында қолданылатын, семантикалық мағынасы шектеулі, ұлттық нышандарға ие, мәдени, әлеуметтік айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Бет қимылы, дене қалыбы – ұлттық ерекшеліктерді сақтайтын дене тілі.

Бүкіл әлемде негізгі қарым-қатынастық қимылдар негізінен бір-бірінен ажыратылмайды. Адамдар қуанғанда – жымияды, күледі, қайғырғанда – қабақ шытады, ренжігенде – ашулана қарайды. Мысалы, *бас изеу* көп елдерде «иә» дегенді немесе келісімді білдіреді. Келіспеу немесе жоққа шығаруды белгілейтін *бас шайқау* да әмбебап ым-ишарат болып табылады.

Қуанудың беттегі көрінісі әмбебап және барлық халық оны бірдей қабылдайды. Қуану кезінде *екі езу тартылып, көздің айналасында әжімдер пайда болады*. Мысалы: Бақыт күлкісіндей бір рақат, ырзалық елес беріп, Абайға қадала қарап, *езу тартты*. Келгеніне, тапқанына сүйсініп, ішінен алғыс айтқан тәрізді [2, 274 б.].

Басынан сипау – адамдар еркелетуде қолданылатын кинема. Көбінесе, үлкен адамдар баласын еркелетуде басынан сипайды. Мысалы: – Айналайын, қоңыр қозым, – деп арқасынан қағып, *басынан сипады* [2, 267 б.].

Қабағын түю, шыту – біреуге ашулану барысында қолданылатын бейвербалды амал. Мысалы: Құнанбай *қабағын түйіп*, тіксіне қарады да, жүрісінен бөгіліп қалды [2, 12 б.]. Мұндай мысалдар өте көп десек болады.

Тілші А. Исламның айтуынша: «Ұлттық дүниетаным ерекшеліктерінің айқын көрсетер белгілерінің бірі – этномәдени белгілер. Олар жалпы ретуалдан туындайды, яғни қандай да болмасын этномәдени белгінің негізі ретінде ишарат, ритуалдың фрагменті алынған», – дей келе [3, 125 б.], бейвербалды амалдарды ұлттық-мәдени ерекшеліктерді саралаудағы басты нысан екендігін айтып өтеді.

Орыс тілінде баламасы жоқ ым-ишараттарға тоқталатын болсақ, олар тек қазақ халқына тән, қазақ болмысын (менталитет), салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихын, т.б. танытатын ым-ишараттар тобы болып табылады. Соған мысалдар арқылы көз жеткізсек:

Қол жасю – алақаны жоғары қаратыла ашылған қолды кеуде тұста ұстау. Бұл – Құран оқып болған кезде жасайтын ишарат. Құран – Ислам дінінің негізі. Исламда дұға-тілек ету Құранда көрсетілген. Орыс халқында мұндай ырым-дәстүрлер кездеспейтіні белгілі. Орыс

халқы дұға-тілекті қолдың саусақтарын маңдайына және екі иығына тигізу ишараты арқылы жүзеге асыратыны белгілі. Мысалы:

– Бөрәқалла, бөрәқалла... бирахматика я архамәр-рахимин, – деп отырып, Абайға *қол жасйып бата берген-ді* [2, 25 б.].

Әбілқайыр шарта жүгініп отырып *қолын жасйды*:

– Қабыл болғай. Баламыздың ғұмыр жасын ұзақ қылғай. Мерейі асқай, несібесі тасқай. Әллауакпар! – деп *бетін сипады* [4, 25 б.].

– Соған еріп, жолын ұста, – деп ақыл айтып, *қолдарын жасйып бата қылды* [4, 228 б.].

Бата беру – екі қолды бір-біріне түйістіре ұстап, жайылған алақанмен маңдайдан төмен қарай иекке дейін сипалай жүргізіп өту. Бата-тілек – халқымыздың ежелден келе жатқан салт дәстүрі, ұлттық этикеттерінің бірі. Бата сөзі аяқталғанша бата сұраушылар екі қолын көтеріп, алақанын (қол) жайып тұрады. Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бата беретіндер, көбінесе, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер даналар, дуалы ауыз билер болып келеді. Бата қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, әрбір іске данғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептеген. Мысалы: Абай өзі де бетін сипап, ана тілегін барынша қабыл алып, *бата қылды* [2, 45 б.].

Дауыс айту (жоқтау). Жоқтау – қазақтың ертеден келе жатқан салт-дәстүрі. Қазақ дәстүрінде адам өмірден өтсе, үйдің әйелі шашын жайып, жоқтау айтатын болған. Мұндайда әйел «қара бір шашым жайып, жайып да жылайын» деп жылайды. Жоқтауда өлген адамның елге, халқына, ағайын-туысқа тірі күнінде жасаған жақсылығы, мінез-құлқы, мырзалық іс-әрекеті жырланады. Мысалы: Байдалының тапсыруымен Сүйіндік қалың елді бастап ақ үйге кірді де, қаралы теңдерді бұзды. Бұл да жаңағыдай белгі. Осы уақытта Бөжейдің әйелі мен қызы оң жаққа теріс қарап отырып ап, *дауыс айтты* [2, 264 б.]. Үш-ақ күнде өзгеріп салған әйел қатындық қарызын орындап, *дауыс қылып* болған соң, өз-өзіне келіп есін жиды [5, 87 б.].

Бет жырту кинемасы әйелдердің өзінің көңілінің қайғы-қасіретке толы екендігін, шерлі екендігін білдіреді. Бет жырту, бет тырнау екі қолының тырнақтарымен бетін жосылта тырналап, қанату арқылы орындалатын ишарат. Бұл кинема ерін, туысын, жақынын жоқтау барысында қолданылады. Бет жыртудың екінші мағынасы ұрысқан жағдайда болады. Әйелдер қарсыласына қаны қайнап, ашуы келгенде бір-бірінің бетін жыртысады. Мысалы: Барса, *әйелі бетін тырнап жылап отыр* дейді [4, 348 б.].

Құранды кеудесіне басу – құранды қос қолымен көтеріп әкеліп, кеуде тұсына тигізу ишараты. Бұл уәде беру, ант ішудің белгісі

болып табылады. Мысалы: Иісі алаштың беліне бес қару асына алар естиярларының алдында *қолдарына құран ұстап, қан құйысып, ант берісті* [4, 95 б.].

– Ата-бабаның үрдісі үш арыстың тізгінін ұстаған азаматтары *Құран ұстап, ақбоз бие сойып, жас қандарын маңдайына жағып анттасқанды талап етеді* [4, 132 б.].

Ұлттық әдет заңының жолы бойынша шешендер мен билердің дау-дамайы кезінде сөз сұраған адамдарының қимылдарының бірі – қамшы тастау. *Қамшыны алдына тастау* – сөз сұрау ишараты. Сайысқа, текетіреске шақыру қызметін де атқарады. Еуропа елдерінде «биялайын тастаумен» бірдей. Мысалы: Сары үйек жыландай шұбарала *дойыр қамшысын сылқ еткізіп ортаға тастай салды* [4, 129 б.]. Шеткерірек отырған Әбілқайыр *қолындағы қамшысын жұртқа көрсеткісі келгендей, төбесінен асыра бір көтеріп, ортаға тастады.* [4, 130 б.].

Тос түйістіру – екі адамның бір-бірімен төс тигізе құшақтасуы. Оң қолды құшақтасатын адамның сол жақ иығынан асыра арқасына құлатады. Сол қолмен белінен құшақтайды. Құшақтарын жазып жіберіп екінші рет төс қағыстырғанда осы әрекеттер үш рет қайталаынады. Бұл амандасу ишараты болып табылады. Мысалы: Екі жақтың игі жақсылары бітім болғанына қуанысып, *тос түйістіріп құшақтасты* [4, 310 б.]. Қара аңсап, айдалада кетіп бара жатқан бейсаубат жолаушыны соңынан қуып барып, аты-жөнін, ата-бабасын сұраса келе қарын-бөле шығып, үйіне шақырып әкеп, бағылан сойып, насыбай атысып, ертеңіне *тос түйістіріп* жылап айырылысатын бауырмал қазақтардың басын бір алқа қотанға қоссаң, әрқайсысы әр жерден шіреніп, әр жаққа шалқаяды [4, 82 б.].

Әбілқайырдың бетіне өң жүгіріп, көз алдының да әлгі бір қабарыңқы кіреукесі тарап, *кесесін тоңкерді* [4, 42 б.] деген мысалдағы *кесені тоңкеру* ишараты қазақтың тұрмыс-тіршілігінде шай, т.б. сусынды ішіп болғандығын, тойғандығын білдіру мақсатында жасалатын әрекет.

Молдас құрып отыру. Әр халықтың өзіндік дастарқан басында отыру мәдениеті болады. Түркі тілдес елдерде әйел адамдар тізелерін бүгіп, аяқтарын жинақтап отса, ер адамдар малдас құрып, яғни екі тізесін айқастырып отырады. Мысалы: Төр алдында *молдасын құрып*, шай сораптап отырған Мәті би көз алдына келеді [4, 278 б.].

Бетіне су бүркіп, үшкіріп: – Кет, бөлекет, кет! Көш баламнан көш! – деп, *батып бара жатқан қып-қызыл күнге қаратып қойып*, бірдеме ем істеген болды. *Ұшықтаған еді* [2, 48 б.].

Ұшықтау – тамақтан, желден, иістен ұшынған адамдарды ұшықтау бейвербалды амалы бұрынғы ата-бабамыздан келе жатқан емдеу мен ырымның бір түрі. Бұл ишарат та жерге не ауаға түкіру арқылы орындалады. Ал аудармада ұшықтауды тек «удивительное лечение» деп берген.

Қол ұстату, шапш сипату. Бұлар да қазақ халқына тән салттық ым-ишараттар болып табылады. Орыс халқында болашақ келін қызбала мен күйеу жігіттің арасында ондай ырымдар орындалмайтыны белгілі. Мысалы: *Қол ұстату, шапш сипату* деген атақты ырымдар осы [2, 239 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Момынова Б. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер мен бағалауыштық лексиканың рөлі // Тілтаным. – 2003. - №1. – 16 б.

2 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 368 б.

3 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол.ғыл.докт.дисс.автореф. – Алматы, 2004. – 125 б.

4 Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Үркер. Роман. 1-том. – Алматы: «Жазушы», 2010. – 352 б.

5 Бөкей О. Таңдамалы. 1 том. – Алматы, 1994. – 87 б.

ҰЛЫ ҒҰЛАМА МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ АСТРОНОМИЯ ҒЫЛЫМЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

ЕЛУБАЕВА Б. Б.

информатика және математика пәнінің мұғалімі,
№ 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

ЕЛУБАЕВА Н. Д.

10 сынып оқушысы, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

«Қиын іс жоқ жаһанда, ықылас қойған адамға» демекші, астрономия саласы біз үшін тылсым сезілгенімен, ықылас қойған адам бұл ғылымның да биік белесін білімімен бағындыра алады. Елбасымыз мақсат еткен дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін қазақ жастары осындай озық техникалық мамандықтарға ден қойып, әлемдік бәсекеде биік белестерден көріне білуі керек. Халқымыздың рухани және материалды мәдениетінің өзіндік ұлттық ерекшелігімен

дараланған, тарихы, адамзат өркениеті мен мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Өткенімізді ой таразысына салып, ұлттық рухани қазынамызды зерттеу, ұлттық сананы және тарихи жадымызды жандандыру бүгінгі күннің жүрек жарды, көкейкесті мәселелерінің бірі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің космологиясы мен астрономиялық түсініктерінде Ежелгі шығыс философиясының және халықтың ғарыш туралы түсініктерінің әсері байқалады. «Күн – Айдай әлемнің патшасы, басқа жұлдыздар күннің қара бұхара әскері іспетті. Ай – күннің уәзірі, Қытард (Меркурий) деген жұлдыз-хатшысы, Зәһрә (Шолпан) деген жұлдыз-ойыншы, сырнайшы, Мәріх (Марс) деген жұлдыз – әскербасы, Міштірі (Юпитер) деген жұлдыз – қазы, биі, төрешісі, Зүхәл (Сатурн) дейтұғын жұлдыз – казначейі» дейді ғұлама. Мәшһүр Жүсіп осы аспан денесінің адам өміріне қалай әсер ететіндігі жайлы толғанады. Ғытарды немесе Меркурийді хатшыға теңеу арқылы қазақ жас кезде білім алудың маңызды екендігін атап өткен. Қарттық кезеңде адамды қамқорлығына алады дейтін Зүхал немесе Сатурнды «қазынашы» депті. Қазақтың қартты қазынаға теңейтіні содан болса керек. Арабтар Ғытард емес Утәрид, Зәһра емес Зүһра, Мәрік емес Миррих, Міштірі емес Мұштары деп атапты ғаламшарларды. Мәшекен бұл атауларды қазаққа бейімдеп атай салған [3, 107 б.].

Ғұламаның айтуынша, бала туып, жарық жалған дүниенің жүзіне келген соң, бірінші болып Ай құшағына енеді екен. Төрт жыл айға шейін Ай бағып қағады. Ай өзі қандай асығыс болса, жас баланы да сондай тез-тез өсіруге ыңғайлайды. Солай болғаны үшін айтылады: «Бесік баласы бес түлейді», – деп, бес жылда бес түлейді. Абай атамыз айтпақшы, осы тұста баланың жаны семіреді. Осы кезде бала мейлінше шығармашылық еркіндікте болады. Қазақтың «Бес жасқа дейін баланды патшандай ұста» деп баласын тыймай еркін ұстауы осыдан болар бәлкім?! Мұнан кейін баланы өз құшағына Ғытард жұлдызы алады. Он екі жасқа жеткенше бағып қағады. Бұл жұлдыз баланы ғылым – білімге, жазушылыққа баулитын көрінеді. «Солай болатұғыны үшін төрт жастан асқан соң, баланы мектепке берудің керегі де сол» дейді. Дәл осы сөздерді жазып отырған Мәшһүрдің өзі бес жасында мектепке беріліп, алты жасында Шар кітапты мәнісімен жаттап, жұрт аузына ілініп, көп көзіне түскен. Он екі жастан асқан соң отыз жасқа жеткенше адам баласын Күн құшағына алады. Күн баққан кісісін көзге түсіруге тырысады екен. «Отыз жаста көзге түсуге жарамаған жаман өмірінде түк кеспейді» дейді автор. «Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмайды» деген тәмсіл осыған байланысты болу керек. Отыздан асқан соң Мәріх жұлдызы құшағына алады.

Бұл қайрат, жігер, өткірлікпен алас ұрғызады. Мұнан кейін Міштірі құшағына алады. Бұл күйініп, түйініп, бай болу, әр нәрсесі сай болуды ойлатады. Алпысқа жеткенше бағады, қағады. Алпыстан асқан соң Зүхәл құшағына алады. «Бұл Зүхәл жұлдызы адамды ойға салып, дүниеге харыс қылады». Жұлдыздардың адам тағдырына және мінез-құлқына тигізер әсері жайлы ой пікірлер айтады. Аспан шырақтары Күн мен Айдың адам баласы мен дүниеге тигізер пайдасы жайлы ой топшылайды. Айдың адамдар үшін күнтізбелік қызмет атқаратынын болжайды. «Бірі – Айдың туысын күтіп, күллі дүние жүзінің көзі аспанда болады: басы қай күн, ортасы қай күн, ақыры қай күн болатынын білу үшін». Халықтық астрономияда аспан шырақтарының адам баласына жасайтын ықпалы көрсетіледі. Мысалы: «Айың тусын онынан, жұлдызың тусын соңыңнан», «Жұлдызы қарсы», жұлдыз аққанда – адамның өлуі т. с. с. «Ежелгі түсінік бойынша адам баласына (жалпы тіршілікке) әсер ететін күш, әр қат көктің иесі, яки Сайраны (планетасы) болмақ. Олардың реті Зухал (Сатурн), Мишгари (Юпитер), Маррих (Марс), Зүһра (Шолпан), Күтрад (Меркурий), Күн және Ай. Ана құрсағындағы баланың өсу кезеңінің әрбір күні рухани күш – періштенің бақылауында болады» [3, 24 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпеев антика философиясы мен исламдық космографияның орталық назарында болған екі аспан шырақтары – Күн мен Айды қарастыруға ерекше мән береді. «Құдай тағаланың күдіреті күнді шақшитып, жап-жарық қылып, қақ маңдайымыздан қадалтып қойды. Ойласақ керек... үлкендігі де бір дөңгелек нандай күн, күллі дүние жүзіне сәулесі бірдей... Екінші – Күн, төртінші – фәләк (аспан әлемі) жарық болғанда төрт мың жылдық жолда болса керек. Сонан келіп түндігімізден түсіп, үстімізде орнап тұрады» – дейді Мәшһүр Жүсіп. Әлемнің геоцентрлік жүйесі – дүниенің ортасында Жер тұрады, ал қалған барлық аспан шырақтары оны айнала қозғалады деген ежелгі түсінікті дәлелдейді. Н. Коперник планеталар жүйесінің центріне Күнді орналастырғандықтан, бұл жүйе гелиоцентрлік жүйе деп аталады. «Күн төртінші қат көкте, оты күшті: айдай әлемді отынның сәулесімен жарық қылып тұрады. Айда от та жоқ, сәуле де жоқ. Күн сәулесі оған түсіп айнаға түскен күннің екінші бір жерге түскен сәулесі сықылды. Күннен көтерме алған сәулемен түнде жарық болғансып тұрады...» - дейді. Күн – аспан шырақтарының аспан әлемінде орналасуы үшін есеп нүктесі болып табылады. Сонымен, Мәшһүр Күнді шар тәрізді, күнде нұр мен жарықтың тән екендігінде қабылдайды. Күн-өздігінен сәуле шығаратын зор энергия көзі. Ол күн жүйесіндегі барлық денелерге сәуле шығару арқылы күшті әсер етеді: қыздырады, Жердегі тіршілікке

кажетті жарық пен жылу береді, барлық өсімдік пен жануарлар әлемінің өмір сүруін қамтамасыз етеді [5, 123 б.].

Аспан жарты шеңбер түрінде болжанады. Күн аспанның бір шетінен (шығыстан) көтеріледі және батыста төмен батады. Жер формасы бойынша жазық болып табылады. «Төртінші күннің тұтылуы осындай жап-жарық болып тұрған Күн жоғалып кеткеннен ойласак керек... Күн өзі күн болып тұрған жоқ екен, оны Күн қылып жарқыратып қойған әр жағында күдіреті күшті Құдай барлығы» – дейді Мәшһүр Жүсіп. Күннің тұтылуын көрсете отырып, ойшыл шын мәнісінде оның көрінуінің себептерін қарастырмайды. Күннің тұтылуы, дүниені жаратушы Құдайдың іс-әрекеті болып табылады. Мәшһүр аспан шырақтарының аспан белдеулерінде орналасуын да қарастырады. «Көп жұлдыздар жеті көктен әрі сегізінші қабат көкте. Ең бізге жақын көкте Айдан басқа жұлдыз жоқ. Оның бадырайып, адырайып тұрғандығы – жақындығы, өзінде сәуле де жоқ, сана да жоқ. Сәулені, сананы күннен алып, жарқағансып тұр. Оны бірде бірі көрсетіп, бірде қылтитып, қылдырықтай көрсетіп тұрған – Күн сәулесі». Ол аспан әлемін сегіз қабатқа бөледі. Күн төртінші қабатта орналасқан. Аспан шырақтары белгілі уақыт аралығында периодтық қозғалыс жасайды. Планеталар өзінің қозғалысымен, уақыт пен жылдың өзгеруі мен кезектесіп келуін тудырады [1, 117 б.].

«Аспандағы Күн шеңбері және дала үстіндегі көк күмбезінің жарты шеңбері өмір мен ғарышты түсінудің дүние танымдық негізіне айналды». Мәшһүр Жүсіп аспан шырақтарының қозғалысы мен жер бетіндегі болып жатқан құбылыстар арасында байланыс бар екендігін көрсетеді. «Бұл Күннен бірнеше пайдалар бар. Үлгісі күллі ғаламға күдірет жаққан шамы қараңғы үйдің ішінде отырып жұртты не қылмақ, шам жағылса, әркім көңіліне алған жұмысына кірісе бастайды. Екінші – қанша дүние жүзінің демін құрғатып, есетұғын нәрселердің бәрінің өсіп-өнуіне күш береді». Мәшһүр аспан шырақтарын, табиғат пен адам үшін пайдалы іс-әрекеті арқылы бағалайды. Күн-өздігінен сәуле шығаратын зор энергия көзі. Ол күн жүйесіндегі барлық денелерге сәуле шығару арқылы күшті әсер етеді: қыздырады, Жердегі тіршілікке қажетті жарық пен жылу береді, барлық өсімдік пен жануарлар әлемінің өмір сүруін қамтамасыз етеді. «Бесінші – қыстыгүні фәләктің (аспан әлемі) төменгі жағымен, жаздыгүні жоғары жағымен айналады. Онысы да күллі дүние жүзіне пайдасын тигізу үшін. Алтыншы – Аймен бір араға бас қоспайды. Бірінің қылатұғын жұмысын бірі бұзбастыққа әбден ынтымақтасқаны, әрқайсысының жұмысы басқа-басқа болғандықтан». Күн қозғалысын

шығыстан батысқа қарай деп көрсетуі де Күннің тигізетін пайдасы арқылы шешіледі. Күн мен Айдың реттелген қозғалыс күйінде, бір-біріне кедергі келтірмейтін, яғни, өздерінің тұрақты қозғалысында бір-бірімен соқтықпай қозғалады. Күн аспан әлемінде күндіз, ал Ай түнде, бір-бірін ауыстырып, кедергісіз өзінің орнына қайта оралады. Күннің айналмалы шеңбер бойымен қозғалуын мойындайды. Айдың өзін қарастырғанда Мәшһүр айдағы жарық сәуле өзінің жеке сапасы емес, айдағы сәуле күн сәулесінің шағылысуы деп ой түйіндейді. Ол астрономиялық көзқарастарында Күн мен Ай және басқа планеталар мен он екі шоқ жұлдыздар, планеталардың шоқжұлдыздарды айналуы, күннің тұтылуы туралы деректерді қарастырады [1, 116 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жер мен көк» дастанының көне аңыздарға иек артатынын салмақтаумен бірге сол негіздерде белгілі бір мәнді ғылыми дән жатуы ықтималдығын зерделей аламыз. Сонымен қатар бұл аңыздардан халықтың көне әдет-ғұрып, көзқарасын, тарихи, этнографиялық т. б. мәні бар мәліметтерді де табамыз. Мәшһүр Жүсіптің ертедегі грек, араб, түркі ойшылдарын оқумен бірге Ч. Дарвин, В. Белинский тәрізді Европа, Россиядағы, кейінгі XIX ғасырдағы ғалымдардың пікірлерімен таныс болғанын ескерсек, белгілі бір аңызды пайдаланып, белгілі бір пікір айту үшін ақынның көп ізденгенін аңғаруға болады [2, 23 б.].

Өткенімізді ой таразысына салып, ұлттық рухани қазынамызды зерттеу, ұлттық сананы және тарихи жадымызды жандандыру бүгінгі күннің жүрек жарды, көкейкесті мәселелерінің бірі.

Қазіргі ұлттық тарихымызды қайта зерделеу заманында ерекше тұлғаның бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. Уақыт өткен сайын, маржан тас су түбінде жатқан сайын жарқырай түсетіні сияқты Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұрпағына қалдырып кеткен мол мұрасы, баға жетпес байлығы оның даңқын бүкіл әлемге асқақтата паш етіп, өзінің құндылығымен ерекшеленіп тұрады.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр Жүсіп атамыздың сан-салалы, көп қырлы шығармашылығын, оның әдеби, ғылыми, философиялық мұрасын зерттеп, оны көпшілікке, әсіресе жас ұрпаққа таныстыру - ұлағатты парыз. Тәрбие басы адамның өзінен басталары даусыз ақиқат. Жәлеладдин Руми бұл әлемнің құдды тау сияқты екенін, ал біздің істеген істеріміздің сол тау арасындағы айқайға ұқсайтынын,

содан шығатын жаңғырық біздің ісіміздің қайтарымы екенін айтады. Көп жағдайда мұны біз өкінішке қарай есімізден шығарып аламыз. Жыраулардың жырынан, ғалымдардың еңбегінен баяндап, үзінді келтіргендегі мақсатымыз «Үлгісіз сөз болмайды, мақтасыз бөз болмайды» демекші, көнекөз қариялардың бізге қалдырған өсиетін жадымыздан еш шығармай, үлгі етсек деген тілек еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С. Е. Нұрмұратов, Б. М. Сатершинов, А. Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.

2 М. Ж. Көпейұлы. Ай мен Күндей: һәммаға бірдей // Ақиқат. – 1994. – № 4. – 87 б.

3 М. Ж. Көпейұлы. Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 2. – 24 б.

4 М. Ж. Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихы. – 1995. – № 6. – 24 б.

5 Физика: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Р. Башарұлы, Д. Қазақбаева, У. Тоқбергенова, Н. Бекбасар.- Өнд.3-бас. - Алматы : Мектеп, 2013. - 288 б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ АФОРИЗМДЕР

ЕРКЕН А.

9 сынып оқушысы

САБДАНБЕКОВА Г. Т.

ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Лекер ЖНББМ, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы

Қасиетті де киелі Баянауыл жерінен түлеп ұшып, есімі дүйім жұртқа танылған, 1858 жылы дүниеге келген қазақтың біртуар тұлғаларының бірі, ғұлама, әулие Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көзі тірісінде-ақ алты алашқа әйгілі болып, ел-жұрттың айрықша ықылас-құрметіне бөленген, әр қазақтың төрінен орын алған киелі адам. Өзі өмір сүрген заманнан бізге мәлім ақындардың ішінде әлеуметтік мәселелерді көбінесе басымырақ жыр еткен Мәшһүр толғаулары өмір құбылыстары терең зерттелген дидактикалық поэзия, афоризмге бай, мақал-мәтелге айналған нақыл сөздерге, үлгі-өрнекке толы екендігі баршаға аян.

Мәшһүр Жүсіп қаламынан туған өлең-жырлар оның халықтың нағыз ортасынан қайнап шыққан сан қырлы талант екенін көрсетеді. Оның поэзиясына асқақ гуманизм, шыншыл реализм тән. Ол не жазса да халқы үшін, болашақ ұрпағы үшін жазды, халқының мұнын мұндады, жоғын жоқтады. Сондықтан автордың кез-келген өлең-жырларынан халықтық сарын, азаматтық үн бірден көзге шалынып, менмұңдалап тұрады. Өлеңінің әрбір шумағы ақын жанының әсем сырын, гүлдей нәзіктігін, көңілінің жомарттығын, адамға деген сүйіспеншілігін білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар «Өзім не болсам, ол болайын, тек халқымның басына бақытсыздық бұлты үйірілмесін» деп соққан ақынның ұлы жүрегінің дүрсілінің айнасы тәрізді. Бұл жалғанда көріп білгенін, түстеп түйгенін, адамдармен қарым-қатынасын, нені ұнаттып, нені ұнатпайтынын, кімнен үлгі алып, кімнен қашып жүретінін, нені жөн, нені бұрыс деп танытынын өлең тілімен өрнектеп, қағаз бетіне түсіріп отырады. Өлең ақынның шындық, әділеттік, адамгершілік жолында қарсы жұмсайтын басты қаруына айналады. Жұртшылықты сыйластыққа, бірлікке, жақсылыққа шақырады. Ол бұл жолдан тайғандарды аямаған, ел ішіндегі болыс пен бектен, атқамінер жуандардан айылын тартпаған. Той-томалақта, ел мол жиналған аста олардың жауыздығы мен зорлық-зомбылығын халық алдында бетіне басқан. Ащы тілімен масқаралап, шыжғырып қуырған. Бұл үшін олар да ақынды жек көрген, қолдарынан келгенше жамандық істеп баққан.

XIX–XX ғғ. Әдебиетіндегі афоризмдік қолданысты Мәшһүр Жүсіпсіз елестету мүмкін емес, сондықтан енді кезекті ғұламаның ғибратты сөздеріне берелік.

Суреткер балаларға арнап біраз өлеңдер жазған. Олардың барлығына да ортақ тақырып-оқу, білім алу, өнер үйрену, адамгершілік жолмен жүру. Ақын балаларға халықтық өнегесі мол қасиеттерді бойға сіңіре отырып «кедейліктің арқанын» үзіп шығуға үндейді. Болашақта адамның жақсы, жаман болмағы өз қолында дейді. Ақынның «кедейліктің арқанына» жатқызатыны мынадай жағымсыз әдет-қылықтар: жалқаулық, еріншектік, кежірлік, ұйқышылық, кекшілік, салақтық, кір-қожақтық. Адамды байлыққа, тоқтыққа бастайтын, қысқасы жақсы жағдайға жеткізетін қайрат қылу, іс-әрекет жасау, ертенді-кеш ұйқыны бөлу, елгезектік, ерінбеу т.б. қасиеттердің бар екенін айтып, оларды жоғарыда аталған жағымсыз мінез-құлықтарға қарсы қояды. Алдыңғылардан жиренуді, соңғылардан үйренуді балалардан талап етеді. Мәшһүр Жүсіптің туған халқына, Отанына, тіліне, салт-дәстүріне ислам өркениетіне деген зор құрметтің ерекше

маңызды мәні бар. Қазіргі жағдайда оның патриоттық жалынды өлеңдері егеменді елдің жастарын елге, жерге, тілге, дінге, салт-дәстүрімізге құрметін арттырып, оларға ізгілік нұрын сіңіруге, отаншылдық рухты тәрбиелеуге көмектеседі.

*Асқынды болып жара-жауырларың,
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым
Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла
Қазағым, қайран халқым, бауырларым* [1, 42].

Оның көптеген өлең-жырлары ағартушылық сарында болып келеді. Онда ол халықты, әсіресе жастарды оқу –білімге үндей отырып, өнер –білім, ғылым үйрену мәселесін халықтың мүддесімен, биік адамгершілік мақсат –мұраттарымен байланысты алып қарайды.

*Жігіттер, «Өнер алды –ғылым –білім»-
Деген жан, құлағық сал Ислам дінін
Не нәрсе парыз болса, ғылым –парыз,
Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз* [1, 25].

Ғылым жеміс екен, оның өсетұғын ағашы әдеп екен,- деген нақыл сөздерінен ғылым-білім мен еңбекке құштарлық адамның мінез-құлқындағы жағымды жақсы қасиеттерді қалыптастырып, жетілдіретінін меңзейтінін байқаймыз. Ойшылдың пікірінше, білім мен ғылымды үйрену жолында талапты, жігерлі болу адамды белгілі бір нәтижеге жеткізіп, білім биігіне көтереді. Білім мен ғылымға құштарлық адам бойындағы абзал қасиеттердің бірі, әрбір адам өзін үнемі жетілдіріп, дамытып отыруы қажет. Білімді адам ғана өзінің жаратылыс табиғатын, қоршаған ортаның тылсым күш сырларын тануға, саралауға мүмкіндік алады. Ғылым мен білім – адамның рухани жетілуінің қайнар көзі.

Ақын қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық мешеулігі мен артта қалушылығын жою үшін біріншіден, мектеп пен медреседегі оқу ісі заман талаптарына сай болу тиіс, білім беру ісінде халықтың салт-дәстүр мен нанымдарына, тілі мен діни сеніміне ерекше көңіл бөлінуі қажет, екіншіден, адал еңбек ету, өнер үйрену, егіншілік пен сауданы, шаруашылықты дұрыс жүргізе білу керек деп ой түйеді.

*Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса,
Халқынан бойын биік асырмаса,
Бәріне мұсылманның бауыр болып,
Аулаққа бойын тартып қашырмаса.*

Қазақ тілін үйренуге үгіттейтін әлеуметтік тақырыптағы Мәшһүр Жүсіп афоризмдері:

*Қазақ сөзінің асылдығы – қарасаң,
Құраннан табылады да отырады.
Дүниедегі ең асыл тіл – араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі сауһары – қазақ тілі* [1, 58].

Отбасы құндылықтарын дәріптейтін әлеуметтік жарнама бола алатын Мәшһүр Жүсіп афоризмдері. Бұл жарнамалардың мақсаты неке, отбасындағы береке-бірлікті сақтау, әйелдер және балалар құқығын қорғау, демографиялық ахуалды жақсарту болып табылады. Көпшіліктің бүгінде көзін жұмып отырған ащы ақпараттың бірі – Қазақстандағы әрбір төртінші орбасының ажырасып біруі. Еркек пен әйелдің біріне деген сенімінің, құрметінің жоқтығы бұған куә. Мәшһүрдің осы ретте айтар сөзі өзіндік:

*Дүниенің еркек – бір қанаты, әйел адам - бір қанаты.
Екі қанатпен ұшқан құс қандай ұшқыр!* [1, 62].

Мәшһүрдің пікірінше, ұлттық бірлік пен татулық, ауызбіршілік халық үшін жарқын болашаққа жол ашатын және бостандық пен теңдікке жеткізетін бірден-бір жол. Адамгершілік, имандылық салтын ұстану, оразаға шақыруға байланысты әлеуметтік тақырыптағы афоризмі:

*Бес парыз мұсылманға минат болған,
Ораза, намаз, зекет, қажы,- ол-нұрیمان!* [1, 54].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мол шығармашылық мұрасының халқымыздың рухани мәдениетінің тарихына қосқан үлесі зор. Оның білім беру мен ғылым, мәдениет, дін жайлы ой-толғаулары, афоризмдері жарнама арқылы да бүгінгі жастардың бойында білім-ғылымға құштарлық пен имандылық қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Мәшһүрдің идеясы жастарды ұлттық мүдде мен ұлттық рухта тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Мәшһүр-Жүсіп афоризмдері адам баласын дұрыс жолға салып, ақыл үйретіп, оң мен солды ажыратуға үндейді.

Мәшһүр Жүсіптің әрбір айтқан сөзі қазіргі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен және «Рухани жаңғыру» идеяларымен үндес. Ұлттық сана елдің тарихы мен мәдениетіндегі тәжірибелер арқылы ұрпақтың уақытымен үйлессе, елдің тұтас ұлттық зердесі қалыптасады немесе заман талабына сай өрісін кеңейте түседі, демек, Мәшһүр Жүсіптің әрбір афоризмін ұлттық санаға түрткі болу, қозғау салу және ояту мақсатында қолдануға әбден болады.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып жатқан Мәшһүр поэзиясының тереңінде әлі зерттеле қоймаған тың қызықты дүниелер аз болмақ емес. Қат-қабат болып жатқан мол мұраны зерттеу алдағы уақытта

тарихтанушылар мен әдебиеттанушылар үлесінде. Бұл науқанға менің де шағын үлесім қосылды деп сенемін. Аумалы-төкпелі қиын заманда аты аңызға, жыры ұрпаққа рухани қазынаға айналған, даналық сөздерімен кейінге өшпес із қалдырған қазақ халқының ардақты ұлы Мәшһүр Жүсіп еңбектері түбегейлі зерттеліп болған жоқ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қаламгерлік ерекшеліктерін көрсететін табысы, еңбегі, ізденістерінің бірі – оның қолданысындағы афоризмдері. Ақын өлеңдерінде афоризмдерді шебер үйлестіре біледі және стильдік тұрғыдан өзіндік даралығын аңғартады.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. Павлодар 2006. ҚР Білім және ғылым министрлігі С. Торайғыров ат. ПМУ.

2 Мәшһүр Жүсіп «Ит дүние» Таңдамалы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай – 2008.

3 Г.Қ. Жүсіпова «Мәшһүртану белестері ». Павлодар 2005

4 М.Ж. Көпеев «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» Алматы, «Ғылым» 1992.

5 Қ. М. Алдабергенов «Бір туар дара тұлғалар». Павлодар 2003 жыл.

ЖУРНАЛДАҒЫ МАҚАЛА

6 « Қазақ тілі және әдебиет» журналы № 1,2 2009.

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ КЕЙІПТЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

ЖИЛЖАНОВА А. Н.

7 сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

ОКПИНА Б. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

М. Жұмабаевтың табиғат лирикасындағы өлеңдері – күшті ақындық шеберлікпен, зор мәдениетпен жазылған аса сұлу, сырлы жырлар. Тақырыбы әр алуан, бояу нақышы, бейнелеу машықтары, поэтикалық ізденістері де басқа.

М. Жұмабаевтың табиғат лирикасында көркемдегіш амал-тәсілдердің барлық түрі де көптеп кездеседі. Соның бірі – кейіптеу.

Кейіптеу дегеніміз – жаратылыстың, жансыз нәрселерін тап жанды нәрседей етіп, жандылардың істейтін амалдарын істеткізіп суреттеу» – дейді ғалым З. Қабдолов [1, 119 б.]. Сондықтан да болар, кейіптеу – ертегілер мен аңыз әңгімелерде жиі кездеседі. Мағжан Жұмабаевтың жиі қолданатын әдісі – кейіптеу. Табиғаттың әртүрлі құбылысын қимылға келтіріп, адамның ішкі сезіміне әсер ететіндей жанды бейнеде суреттеу үшін ақын көбінесе кейіптеу әдісін қолданады. «Қысқы жолда» боран бейнесі кейіптеу арқылы жасалған, Абай дәстүрін жалғастыра отырып, өз ерекшелігін танытады. Боран бірнеше қимылда беріледі. Мысалы,

Ызғарлы жел долданып,
Екі иіннен дем алып,
Ішін тартып, оскырып,
Кейде қатты ысқырып,
Аңдай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ күледі.
Кейде кенет баяулап,
Жер бауырлап, жаяулап,
Аузы-басы жыбырлап,
Асып-сасып, сыбырлап,
Жерді жапқан кебінді
Сүйіп ақырын құшақтап,
«Әпсүн» оқып, үреді [2, 125 б.].

Әуелі ол ызғарлы, екі иінінен дем алып, ішін тартып оскырады, кейде қатты ысқырады, одан соң, аңдай ұлиды, біресе екі санын шапақтап кенет сақ-сақ күледі. Жалғыз жолаушыға күлгендей. Сонан соң баяулап, аузы-басы жыбырлап, өпik секілді кебін жамылған жердің иманын үйіріп, «Әпсүн» оқиды. Желдің ақырын ұйтқи соғып, қарды әлсін-әлсін үрлеуі молданың «Әпсүн» оқығанына ұқсайтынын ақын шеберлікпен көз алдымызға елестетеді. Демек, жолаушы мерт бола қалса, оған да боран «Әпсүн» оқиды дегенді байқатады. Қарды кебінмен алмастырып, жерді өлген адамға ұқсатады. Бұл да –Мағжан Жұмабаевтың жаңалығы. Лирикалық қаһарман сезімі де боранмен бірге өзгеріп отырады, жүрегі корқып ойнайды, әлденелер елестейді.

«Жел» атты өлеңінде:
Жел – тым тентек бір бала,
Жан сүйгені – сар дала
Дамыл алмай жүгірер,

Ерні өтірік қыбырлап,
 Сыр айтқан боп сыбырлап,
 Кейде өгіз боп өкірер.
 Желге ешнәрсе тең келмес,
 Тау да жолын бөгемес,
 Сақ-сақ күліп секірет.
 Жүйрік желім кім сотқар.
 Біреу бетін жапса егер
 Әдейі бетке түкірет [2, 117 б.]

– деп, кейіптеу тәсілі арқылы жансыз «жел» бейнесін жанды, тірі адамға айналдырып, бірде ерке балаша «дамыл алмай жүгіртіп», «ернін өтірік қыбырлатып», «сыр айтқан болып сыбырлатып», бірде «сақ-сақ күлдіріп», «жорғалай басып жүгіртіп» қояды. Яғни, ақын беймаза желді құдды тірі кісідей құбылтып, оған қызық-қызық қылықтар жасату арқылы өзі суреттеп отырған шындыққа тағы бір тың шырай береді, шынайы сыр дарытады. «Жазғытұрым» өлеңі де кейіптеу тәсілімен ойнақы жазылған. Абайдың «Жазғытұры өлеңінде» күн – күйеу, жер қалыңдық боп алынса, Мағжан күнді – ана, жерді бала етіп басқа қырынан келеді. Абай әуелі көктемді суреттеп алып, кейін күн мен жерге көшеді. Ал Мағжан бірден Күннен бастайды.

«Болды, міне, дәлалтғай,
 Жаттыңұйықтап, еркетай
 Ұйқыңқанды, тұрқозым,
 Ашкөзінді, жұлдызым!»
 Демандайданакырын.
 Жұмсақ жылы сәулемен.
 Сипап жерді Күн күлер.
 Аяқтарын көсіліп,
 Еркеленіп, есінеп.
 Жер – нәресте жас бала.
 Жаңа оянып жатқанда
 Жұмсақ, ыстық бетінен
 Тәтті ғана сүйсем деп,
 Күбірлеп жылы жер жүрет.
 Дамыл алмай жылар қар,
 Ақ шымылдық ашылар.
 Сылқ-сылқ күліп сылдырлап,
 Бірдеңе деп былдырлап,
 Көрінгеннен сүйінші
 Сұрайтын жас баладай,

Асығыпсуларжүгірет.
 Керіліперкежертұрар,
 Мөлдірсуменжуынар,
 Үлдемененбұлдеге,
 Түрлітүстігүлдерге,
 Ши жібеккеоранып,
 Қарағандакөзтоймас,
 Бүлдіршіндейкінер.
 Көріпсұлбаласын,
 Көзішіндеқарасын,
 Қуанып, тасыпжүрегі.
 Қысыпыстықсүйеді.
 Ұзынкүнде ару жоқ,
 Періштемдепайналып,
 Алтын анаКүнжүрет.
 Мұныкөріпбұлттар,
 Күніреніпетерзар:
 «Біздерде алтын анажоқ,
 Тұрақ та жоқбелгілі» –
 Дөптүнжырапкүрсініп,
 Әлсін-әлсінжастөгер [2, 126 б.]

Көктемнің шығуы Күнге байланысты болғандықтан, өмірде де анасыз бала тумайдындықтан Жерді – бала, Күнді – ана етіп алған. Атаулары Күн, Жер болғанымен, әрекеттері кәдімгі ана мейірімін, бала еркелігін сипаттап отырған секілді. Күн – Ана әуелі ұйықтап жатқан жер – нәрестесін «қозым», «жұлдызым» деп еркелетіп, жылы сәулесімен сипап оятып алады. Жер – бала аяқтарын көсіліп, есінеп, еркелеп жатқанда жел де оны сүйгісі келеді. Көз алдындағы қысқы табиғат көріністерін әшейін көзбен көріп қана қоймайды, көкірекпен қабылдап, өзгеше бір бейнемен кейіптеп, кестелеп, бедерлеп көрсетеді. «Жаз келді» деген өлеңде жаз мезгілін суреттеуде кейіптеумен қатар эпитеттерді ақын шебер қолданып, жаздың әсем бейнесін бере білген:

Жел жалығып, хал жиып,
 Қалғып қана тербелер.
 Жұмсақ қана жымыып,
 Жібек қанат жаз келер... [2, 129 б.]

Бұл өлең жолдарында жаз сөзіне «жібек қанат» эпитеті тіркесіп, ұлттық мінез дарытуда ерекше қызмет атқарып тұр. Әрі қарай Еркетай жаз бір күлсе...
 ...Сұлу жаздың лебізі

Қар түгіл, мұзды балқытар... [2, 129 б.].

Жұмақ нұрлы жаз келмек,

Алтын жүзді, алтын шаш... [2, 129 б.].

«Еркетай», «сұлу», «ерке», «жұмақ нұрлы», «алтын жүзді», «алтын шашты» эпитеттері кейіптеумен қатарласа өріліп, әсем образ жасалған.

Көк алтынға көмілген,

Ауаға алтын себілген.

Алтын емес себілген,

Жаздың шашы төгілген... [2, 129 б.].

Жаз мезгіліне ерке, сұлу, алтын шашты, жұмсақ нұрлы, жібек қанатты айқындаулар ерекше рең үстеп, әсем мінез әрі жан бітіріп, өлең табиғатына көрік, дәм беріп, көркейтіп тұр.

Лирикалық кейіпкерлердің көңіл-күйі, жан-толқынысы, сезімі пейзажбен үндесе келуі арқылы «Қайың» өлеңінен көруге болады.

Мысалы, боранды қыстағы қайың:

Қайғылы қайың!

Аяныш жайың.

Сыбырлайсың,

Дірілдейсің.

Еңкейесің,

Күбірлейсің.

Ызғарлы жел

Соққан сайын [2, 124 б.].

Келтірілген өлең жолындағы кейіптеу ақын шеберлігінің айғағындай. Табиғаттың «жандануы» поэзия әсерлілігін барынша арттырған. «Қазақ ақындары поэзияда табиғатты тірі, жанды нәрсе секілді етіп көрсетіп, кейіптеп суреттеудің жаңа, бұрын кездеспеген амал-тәсілдерін орнықтырды» - дейді бұл турасында ғалым З. Ахметов.

Ал «Сең» деген өлеңде:

Сары аяз – сүйген жар

Қайырылмай кеткен соң;

Қайратсыз қалың қар

Жылаумен біткен соң.

Қалың мұз көрленіп,

Қара көк түс алды.

Еруге арланып,

Кетпекке ойланды.

Барында шамасы

Суыққа қашпақшы.

Мұз теңіз – анасы

Құшағын ашпақшы [2, 130 б.].

Жоғарыда келтірілген өлең жолдарында сары аязды сеңнің «сүйген жары», мұз теңізді «анасы» бейнесінде балап көрсету арқылы көктемде еріген қалың мұзға бір жағынан жан бітіріп, суретін көз алдымызға әкеледі. Метафора мағынасындағы аязды «сүйген жар» ретінде суреттеуі өлеңге ерекше айшық, нәр беріп тұр. Мұнда сары аяз сүйген жар қарамай кеткен соң қалың қар жылаумен жоқ болды, ал қалың мұз жел мен күн мазақ қылған соң, көрленіп, қара көк түске енеді, бір сұмдықтың боларын ішінен түйіп, кетуге ойланады, анасы – мұз теңізге жетпекші. Мұндағы бейнелер: сары аяз, қалың қар, жел, күн, қалың мұз, мұз теңіз, ерке өзен. Ақын оған суыққа жете алмайсын, ыстық күн ерітеді деп, өзі де өлеңге сегізінші бейне боп қосылады.

Иірілген айдаһардай ашулы асқар,

Томсарған туғаннан-ақ тарғыл тастар.

Құздарды мәңгі меніреу мәңгі басқан

Жауһардай жарқыраған аппақ шаштар... [2, 155 б.].

Өлеңде «айдаһардай», «жауһардай» теңеулері өлең өрісін кеңейтуде ерекше қызмет атқарып, кейіптеуді одан да әрлендіріп тұрғандығын көрсетеді. Өлең жолдарындағы сөзбен салынған сурет-теңеулер ақын шеберлігін, тіл ұсталығын танытып қана қоймай, көркем өрілген қазақтың өлең өрімін жетілдіруде, дамытуда ерекше орын алады.

Жалпы алғанда, ақын табиғат көрінісін бейнелеуде кейіптеуді жоғары деңгейде қолдана білген. Ақын поэзиясында кейіптеу теңеу, метафора, теңеу, эпитеттермен өріліп, эстетикалық мағыналық қырларымен дараланады. Мағжанның ана тіліміздің бай қорынан асыл сөздерді қисынын тауып қолданғанының нәтижесінде әдеби тілімізге асыл қазына болып қосылған жаңа тіркестер пайда болды. Мысалы: «Сұлу сағым, сұм боран, сорлы бұлт, жүйрік жел, жалқау жел, ерке бұлақ» деген эпитетті тіркестер ақын поэзиясында өзгеше қырымен танылады. Әрине, мұндай көркем сөзді көркем ой тудырмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Мектеп, 1992.

2 Мағжан Жұмабаев. Сүй, жан сәулем - Алматы: «Атамұра», 2002.

3 Нұрғали Р. Әуезов және алаш. – Алматы, 1997. – 98–102 б.

АЙМАҚТЫҚ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ

ЖҰМАТОВ Д. Н.

9 сынып оқушысы, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Туған жер! Бұл – жігерінді жанып, жүрегінді баурайтын, алпыс екі тамырынды қозғайтын әсерлі сөз. Әрбір адамның тәу етер, табан тірер туған жері болады. Ұлтымыздың әйгілі шешені Қазыбек би: «Алтын ұяң – Отан қымбат... Туып өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат», - деп туған жердің қасиетін ерекше бағалаған.

Елбасымыз Н. Назарбаевтың тарихи құжатқа айналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «...Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегіміз әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды», - деп туған жердің қасиетіне ерекше тоқталады [1].

Кереку аймағы – қойнауы кенге, шежіресі сырлы тарихқа толы, топырағы құнарлы, шөбі шұрайлы мекен. Жалпақ жұрты – Ертістің кемерін жалдай қонып, қара алтынымен әлемге танылған Екібастұзды мекен еткен, Баянауылдың сұлу табиғатынан нәр алған дархан халық. Қасиетті өлкеден ұлтымыздың баһадүр-батырлары, маржан сөздің марқасқалары, әлемге танылған дана-даралар, нар тұлғалар шыққан.

Қасиетті атамекенге деген ыстық сезімін, зор махаббатын әр адам өзінше жеткізеді. Туған жерін жырға қосқан, перзенттік парызын өлеңмен өрнектеген А. Шамкенов Қ. Ыдырысов, Р. Сәбитов, Ж. Сәдуақасұлы А. Қани, Ж. Қоғабайұлы сынды аймақтық ақындарымыз шығармалары оқырманын ерекше күйге бөлеп, нәзік сезімін тербеп, ой салады.

Менің туған өлкеме деген сезімім, махаббатым ақындардың туған жер тақырыбындағы өлеңдерін оқығаннан кейін арта түскені сөзсіз.

Поэзияға қалам тербеген ақындарымыздың бірі Халықаралық Джавахарлал Неру атындағы сыйлықтың лауреаты – Аманжол Шамкенов. Ақынның туған жер тақырыбындағы «Жасыл жайлау» «Дала тынысы», «Туған жер», «Ертіс перзенті» өлеңдері – ұлттық бояуы қанық туындылар.

Туған жерім!

Сирек келсем, кешір сен!

Себеп тауып ақтайайын несін мен.

«Көзін жұмды» дей бер, егер бір сәт те,
Сені ойламай көңілімнен өшірсем [2, 95].

Ақын туған жерге сирек келуіне кешірім сұрай отыра ««көзін жұмды» дей бер, егер бір сәт те сені ойламай көңілімнен өшірсем» деген тіркестерді шабыттана, ақтарыла төгілтеді. Егер өлең жолдарын «өлді дей бер» деп алса өлең мазмұны сүренсіз болар еді. «Туған жер» өлеңін өршіл ақын Қасым Аманжоловтың қанша уақыт өтсе де өміршендігін жоймай, әнге қосылып айтылып жүрген «Туған жер» өлеңімен салыстырайық. Қасым атамызда да туған жерге, елге деген құштарлық сезім шынайы бейнеленеді.

Уа, дариға, алтын бесік туған жер!

Қадірінді келсем білмей кеше гөр

Жата алмас ем топырағында тебіренбей

Ақын болмай тасың болсам мен егер [3, 90].

Аманжол ақын «сені ойламай көңілімнен өшірсем көзін жұмды» дей бер» десе, Қасым ақын «қадірінді білмесем, тебіренбесем тасқа бала» дейді. Екі ақын да туған жерінен кешірім сұрап, үлкен тебіреніспен жырға қосады.

Халық ағарту ісінің озық қызметкері, ақын, аудармашы Қабдыкөрім Ыдырысов – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар қаламгер. Ақын «Керекуім» өлеңінде туған жерін тебіреніспен жырға қосады.

Туған қалам,

Керекуім» – бесігім

Міне, тағы өз даусынды естідім.

Саған деген сағынышты арқалап,

Келдім міне, кештеу қалсам кеш бүгін [4, 87].

Өлең жолдарындағы «Керекуім – бесігім» деген тіркес ақынның қазақ өміріне жақын ұлттық нақышты сәтті пайдалану жемісі әрі перзенттік сүйіспеншілікке, сағынышқа толы ішкі сезімін аңғартады. Туған жерге деген сағынышын оятады. Алтын бесік ауылды аңсататыны сөзсіз.

«Туған елге тағзым ету – парызым, Туған жерге қызмет ету – қарызым» демекші «туған ел» – адам жанына жылылық ұялататын өте ыстық ұғым. Қай кезеңде болмасын алыста жүрсе елін, туған жерін сағынбаған жан болмаған. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, танымал ақын Сәбитов Рәшиттің «Ауылымды сағындым» өлеңіне көз жіберейік:

Ауылымды аңсап келсем, сағыныш

Басылмайды-ау көзімнен жас парлатпай, [5, 40], – десе, жерлес ақынымыз Жассерік Жәлелұлы «Ақкөл-Жайылма» өлеңінде:

Пай, пай!
Қоғалы көлдерім,
Сағынып сені шөлдедім, [6.39]. -десе, «Ауылым –аңсарым» өлеңінде:

Туған ауылым!...
Төрт түлігің қайысқан.
Бал қымызын ұсынатын сапырып,
Шөлдегенде сусындатқан,

Аңсап барсам алыстан, - деп сағынышын шабыттана шарықтатады. Өлең жолдарынан жайлаудағы көкөрай шалғын, шүйгін шөптен төрт түлік малдың семіздігі, ат құлағында ойнаған жігіттердің көкпар тартысы, бал қымызды сапырған қыз-келіншектердің әсем қимылы жайлау көркі мен қазақ халықының өмір келбетін асқан шеберлікпен суреттей жазғанына көз жеткіземіз. Жассерік Жәлелұлы «Ақкөлім» өлеңінде:

Ақкөлім!
Ауылым менің – мақтаным,
Жерұйық сендей таппадым...
Ақкөлім!
Бозбала едім көкөрім,
Ер жеттім, сенде көктедім...
Жебейтін жадап жүргенде,
Киелі менің тұмарым.

Ақын «жас едім» демей «көкөрім» сөзін қолдануда шеберлік танытқанын көреміз және туған жері Ақкөлімді жерұйыққа теңеп, тұмарына балайды.

Ақынның өлең жолдарындағы тебіреніс пен үлкен сағыныш сезімін ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңімен де салыстыруға болады. Ақиық ақан «Саржайлау» өлеңінде:

Жазира, жасыл кілем өрнектеген,
Туған жерге, дариға, жер жетпеген!
Кең өлкем, әлдилей бер сен деп келем,

Аңсап келем, сағынып, шөлдеп келем [7, 93], – деген шумақтан Жассерік ағамыздың мұзбалақ ақын Мұқағалидан үлгі ала жазғандығын байқаймыз. Рәшит ақынымыз «сағыныштан көзімнен жас парлайды» десе, Жассерік ақын «сағынып сені шөлдедім» деп, Мұқағали ағамыз «сағынып шөлдеп келем» деп оқырманын бірден елітіп, туған жеріне деген сүйіспеншілігін асқақтата түседі.

Туған жеріне асқақ жыр арнаған Арман Қани ақын «Жағажай» өлеңінде:

Бәріне мұнда құмартып
Керімсал көңіл көсілер.
Ауасы жұпар, құмы алтын
Жұмақ дегенің – осы жер! [8, 88], - деп Баянауыл жерін нағыз жұмаққа балайды.

Өлеңдері нәзік сезімге, ойлы образға толы жерлес ақынымыз Жұмағали Қоғабай «Екібастұз» өлеңінде:

Екібастұз – қара алтынның көмбесі.

Екібастұз – құрыш қолдар мекені..., [9,79], – деп қара алтынымен өлемге танылған туған жерін мақтана, шабыттана жырға қосқанына тәнті боламыз.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Әрбір өлкенің біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деп атап көрсеткен болатын.

Қорыта айтқанда, біз зерттеген Ертіс өңірі ақындарының барлығы туған жеріміздің сұлу табиғатын асқан шеберлікпен, соны тіркестермен, сөз маржанын төгілте жырға қосқандығына куә болдық. Аймақтық ақындардың туған жер тақырыбындағы шығармалары ой-санама ерекше әсер еткені анық. Болашақта мен де қай жерде жүрсем де туған жеріме, кіші Отанымның өркендеп, гүлденуіне өз үлесімді қосуға рухани дайынмын.

ӘДЕБИЕТТЕР

ЖУРНАЛДАҒЫ МАҚАЛА:

1 Назарбаев Н. Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан 12 сәуір 2017 жыл (№80). – 2.б.

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

2 Шамкенов А. Өмірім менің – өлеңім: - Павлодар: ЭКО, 2007. – 95 б.

3 Аманжолов Қ. Өзім туралы: - Алматы: Рауан, 1988. – 90 б.

4 Ыдырысов Қ. Шуақты күндер: - Алматы: Жазушы, 1969. – 87 б.

5 Сәбитов Р. Туған жерім, думанды елім: - Павлодар: ЭКО, 2004. – 40 б.

6 Жәлелұлы Ж. Екібастұз өлең өрінде: - Алматы, 2005. – 39 б.

7 Мақатаев М. Аманат: - Алматы: Рауан, 1988. – 93 б.

8 Қани А. Сен және мен: - Астана: Фолиант, 2012. – 88 б.

9 Қоғабайұлы Ж. Екібастұздан ескен леп: - Алматы: Дайк-Пресс, 1996. – 79 б.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГУМАНИСТІК ИДЕЯЛАР

КАБИДЕНОВА Т.
7 сынып оқушысы,
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
МАҚСАТХАН А.
жетекші

Мұзафар Әлімбаев – екінші дүниежүзілік соғысты басынан өткерген ақын. Ал, соғыс жеке адам ғана емес, күллі ғаламның құндылықтары мен психологиясын, өмір сүру салтын бір ғана сәтте өзгертіп жібере алады. Соғыстан әркім әр түрлі сабақ алады. Бірі бойына үрей мен қатыгездікті дарытса, бірі осыншама сұрапылдың қатерлі екендігіне көзі жетіп, адамзатқа жаңа жол сілтей бастайды. Мұзафар Әлімбаев шығармашылығындағы Гуманистік идеялар осы бағытта қалыптасқаны анық.

Гуманизм – Еуропада XV–XVII ғасырларда қалыптасқан Ренессанстық философияның негізі болды. Бұл уақытта Еуропа қоғамдарында феодализм құлдырап, жаңа буржуазиялық қоғам қалыптасуға бастау алған болатын. Гуманизм – адамды жаратылыстың ғажайыбы деп танып, адам құқын, қадір-қасиетін, адамдық ар-намысын, адамның тандауын, адам еркіндігін, адам шығармашылығын, адам құқықтарын жоғары бағалау, адамға жанашырлық таныту, адамдық сипаттағы қасиеттерді ең жоғарғы деңгейде әйгілеу.

Адам табиғатында бар осы қасиетті ақын Мұзафар Әлімбаев өз шумақтарына қалай қосты?

Ақиқатты іздеген-
Әуелден дос бізбенен
Әділдікті қорғаған-
Бір туғандай ол маған.
Армандасын қолдаған-
Ағайындай олмаған.
Жалғандықты жақтаған-
Бір туса да жат маған.

Ақынның осы шумақтарындағы ой қазақтың ежелден бергі гуманистік көзқарасына саяды. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген халық мақалы бар. Бұл жердегі туралық категориясы шыншылдық, әділдік мағынасында. Бұл да адамға тән гуманистік қасиеттер.

Еуропада ғылым ретіне, философиялық ағым ретінде қоғамда кеңнен талқыға түскен Гуманистік идеяларды қазақ даласында ежелгі билерден бастап, XIX ғасырда өмір сүрген Шоқан, Абай сияқты тұлғалар одан әрмен жалғастырды. Жалпы бұл идея Батыс пен Шығыстың ойшылдарының барлығында дерлік бар.

Мұзафар Әлімбаев шығармашылығында да бұл ойлар көрініс тауып, қаламына арқау болып отырғандығына тағы да біраз мысалдар келтірсек:

Өзімізше шетімізден дейміз-ау
Тұлғамызға жарасады қандай күз.
«Бала» десе «шала шығар...» дейміз-ау,
Демесек те ішімізден ойлаймыз.
Жақсылығын ең алдымен көре біл,
Жамандығын ең алдымен іздеме,
Ізгілік қой ең алдымен керегі,
Өзің де ойла: қалдырасың бізге не?

Бұл өлең жолдарында ақын адамның өз-өзіне биік деңгейде сұрақ қоюына шақырады. Ішкі «меннің» асқынған кезінде «тұлғамызға жарасады қандай күз» деп ойлауы пенде атаулының бәріне тән құбылыс. Өзін барша әлемнен асқақ қойып, эгоға жол берген жанды сәл аялдауға шақырады. «Ізгілік қой ең алдымен керегі» дейді ақын. Одан өзге қылық пен сезім адамзатқа жат.

Мұзафар Әлімбаевты баршасы балалар әдебиетінің өкілі ретінде таниды. Алайда, ол өз шығармашылығында үлкен-үлкен философиялық ой толғамдарға көбірек қалам тербеген ақын. Адамзаттың мынжылдардан бері толғанып келе жатқан сұрағына өз ойымен жауап іздеп, эстетикалық, философиялық көзқарасымен шешім де айта білген.

Күн батады,-дейді-ау жұрт,- ұясына,
Ондай ұя әсте жоқ туасыда.
Інге кіріп ұйқыға шомбайды күн,
Күн самғайды заңғардың қиясына.
Күн бата ма?
Күн батса не болады?
«Күн батты»-деу білместің жорамалы.
Күн тек қана көзіңнен тасаланып,
Көкжиекке зырлайды одан әрі.

Абайдың «өлді деуге бола ма айтындаршы, өлмей тұғын артына сөз қалдырған» деген өлең жолдары санаңызда жарқ еткен болар. Ақын бұл жерде күнді мәңгіліктің символына балайды.

Астрономиялық тұрғыдан Жер бетінде өмір сүріп жатқан адамдар үшін түнде күн батады деген ұғым қалыптасқан. Алайда бұл жер бетінің кеңістігінде ғана ойлай алған адамдардың ой түйіні. Ғаламдық кеңістікпен салыстырған күн ешқашан батпайды. Өз заңдылығымен қозғалысын жалғастыра береді. Ақын осы астрономиялық құбылысты мәңгіліктің өлшемімен символдап береді де:

Мейіріммен жылытса жаңа бізді,
Қарт ананы, жас сәби, анамызды.
Бірте-бірте аунайды батыс бетке,

Жалғастырып араймен арамызды- деп күн нұрының табиғаттағы мейірімін, тіршілікке беретін нұры мен нәрінің қасиетін аша түседі. Егер күн батса жер бетіндегі мейірім, жылу атаулы жоғалып, тіршілік күйремеке. Бұл шумақтардан жер бетіндегі тіршілік атаулыға мейірім мен жылулық нәр беріп тұр деген ақын ойын аңдауға болады. Әрмен қарай көз жүгіртсек:

Күн батпайды, ешқашан күн батпайды,
Күн батса егер қайтадан үн қатпайды.
ырғып сол алтын күндер өткен сайын,
Әр минутын қаншама сырғақтайды.

Осы шумақтан ақынның экзистенциалдық көңіл-күйін тануға болады. Философияның бұл бағыты да Гуманизммен үндес. Өмірдің мәнін табу, өзіндік менді тану, жаратылысты құрметтеу жолындағы толғаныстан туған иррационалды бағыт. Әр күн өткен сайын уақыттың аяусыз ағып жатқандығына іштей қатты қынжылған ақынның үні осы шумқата жатыр. Абайша айтсақ «сағаттың тықылдағы емес ермек».

Ақын айтатын ойларын қарапайым жеткізеді. Ойдың ең негізгі өзегі мен нәрін мың құбылтып, әсірелемей-ақ, өлең жолдарының ішкі ағысына қалдырып отыратындығын байқаймыз. Балалар ақыны ретінде танылған Мұзафар Әлімбаевтың бүлдіршіндерге арналған өлеңдерінде де үлкен ойлар бала тілімен кестеленіп беріледі:

А – Алтай бала дәрігер,
Аурудан сақтар ол мені.
Ә- Әнуар өнер біледі,
Әдемі етік тігеді.
Б- Бауыржан сақшы жауынгер,
Батыр деп сүйген қауым ел.

Бұл өлең жолдарында балалардың жас санасына адамгершілік қағидаларын сіңіруді мақсат тұтқан. Дәрігер болып, адам жанына араша болу, өнер игеріп, қоғамға пайда әкелу, батыр болып ел қорғау

сияқты ізгі қасиеттерді әліпби өлеңіне қосып, жасөспірім баланы ерте жастан адамгершілік қағидаларына тәрбиелеуді мақсат тұтады.

Гуманисттік идея қазақ әдебиетінде қыраулық поэзиядан бері белгілі. Бірақ, оны гүлдендіріп, ерекше дамытқан ақын, қазақ ұлтының данышпаны Абай. Сол Абайдан бері жалғасқан үрдіс кеңінен дамып, қалам ұстаған ақындардың өлеңдерінде жиі кездесті. Мұзафар Әлімбаев та Абай ізін жалғаушы гуманист ақындардың қатарына толықтай жатқыза аламыз.

Тумайды жұртын ақын жылатуға,
Туады жүркерді нұрлантуға.
Өлеңін орамал ғып өтеді олар,
Көз жасын адамзаттың құрғатуға.

Өнер әуел бастан өзіне гуманизмді міндет етіп алған, адамзатқа жанашыр күш. Суреткердің жанына батып, толғандырған дүниесі ән болып, күй болып, өлең болып төгіліп жатады. Сөйтіп, «адамзаттың көз жасын құрғатады». Жанына жұбаныш болады. Сырласады. Мұнын бөліседі. Сонда ғана өнер өзінің биік өресіне жетпек.

Шығады шың басына, шығады өнер,
Шын ақын екі туып бір-ақ өлер.
Алдында әр заманның, әр ұрпақты,
Құламай тікке туы тұра берер.

Бұл өлеңіндегі ақын ойы – адамгершілік ақиқаттың, әр ұжданның құламауына сай келеді. Әр заман, әр ұрпақ алмасқан сайын бұл қағидалар алдынан шығып, туы желбіреп тұра бермек. Қазақ әдебиетінде аты алтын әріптермен жазылған ақынның, арман мұраты «адамзаттың бақыты» десе де болғандай. Бұл мұрат жолындағы өнердің, өлең арқалаған ақынның да гуманисттік міндетін айқындап береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Әлімбаев М., Балдәурен, шіркін, балалық: Өлеңдер, әндер, аңыздар, ертегілер, дастандар. – Алматы: Жазушы, 1973. – 376 б.

2 Әлімбаев М., Балдырғанның базарлығы. Мектеп пен балабақша сахнасына және сабақтан тыс оқуға лайықталған өлеңдер, әзіл-оспақ, жаңылтпаштар, жұмбақтар, әңгімелер. – Алматы: Қайнар, 1977. – 156 бет, сур.

3 Әлімбаев М. Биікке, биікке: Балаларға арналған өлеңдер. Алматы: ҚКӨБ, 1955. - 75 б.

4 Әлімбаев М. Жауқазын: Дастандар мен өлеңдер. Алматы: ҚКӘБ, 1959. – 100 б.

5 Әлімбаев М. Жолдар-жылдар: Өлеңдер. Алматы: Қазмем көркем мәдеббас, 1964. – 184 б.

6 Әлімбаев М. Жүрек лүпілі: Өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 1967. – 135б.

АРМАН ҚАНИДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ

ҚАБЫЛОВА А. М.

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі,

«Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

КАБИДЕНОВА Н. А., АЛИМХАНОВА Д. А.

8 сынып оқушылары, «Жас Дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

Арман Қанидің поэзиясын, шығармашылығын өскелең ұрпаққа тереңінен таныстырып, ақынның шығармаларынан өзінше ой түюге, өлең құдіретін түсінуге шақыру осы мақаланың өзетілігі болып табылады. Ал мақсаты - Арман Қанидің шығармаларын лириканың түрлеріне бөліп және неліктен сол түріне жататынын дәлелдеу

Ақын – ел шежіресі, тарихы, жылнамасы. Ақындықтың ақ туын биік көтеріп, барын, әнін еліне арнаған әрбір жан Алаш үшін аса қымбат. Тұнық сулы көлге жақын, қарапайым елге жақын, соның тымса талантын тұмадан бастап, тәңір сөзді тамырға байлаған жұртқа жақын, соның тамырын адаспай басар ақынның бірі – Арман Қани. Әдебиет әлемі ішінде өлеңі үлгі болса да, өмірі тандай қақтырмас талай жан бар. Ал Арман Қанидің өлеңі де, өмірі де өзгеше. Жырлары да, жылдары да жақын. Арман Қани – өлең өлкесінде қасаң қағидаларды қиратып, жаңа жолмен, еркіндік жолмен келе жатқан ақын. Ертенгі күн, еркіндік күні – Арман Қанидікі. Демек, Арман Қани әспеттелеуге, құрметтеуге әдбен татитын ақын жан.

Арман Бақтанұлы Қани 1954 жылы Павлодар қаласында туған. Әйгілі ақын – композитор Жаяу Мұсаның жиеншары, яғни Жаяу Мұсаның қызы Кәсіптің немересі.

Арман Қанидің бойына ақындық өнерінің қонуы кейдесек емес, біздің «Сіздің шығармашылық жолына түсуіңізге түркі болған кім?» деген сұраққа: - Ақындық деген біздің ата -бабаларымыздан бар, атам Арқаның әйгілі күрескер-ақыны Мәди Бәпиұлымен ағайындас келеді. Менің әжем - Кәсіп «Үш жүзге аты мәлім» Жаяу Мұсаның қызы болады. Бала кезімде Мәди мен Жаяу Мұсаның әндері, өлеңдерін естіп

өстім. Біздің отбасымызда Жаяудың «Ақсисасын», Мәдидің «Үшқара», «Қаракесек» сияқты әндерін айтатын. Соларды естіп өскен соң, мына осы аталарым сықылды ақын болсам, күрескер болсам қиялдадық. Міне негізі сол адамдар деп ойлаймын. Төртінші сыныптан бастап (1964 жылы) өлең жаза бастадым. - деп жауап берді.

Арман Қанидің ақындық тағдыры өзі шамалас ақындардікінен өзгеше, азаматтық сыршыл жырларындағы «лирикалық мені» де өзгешелеу. Өйткені ол жасөспірім шағынан еліміздің егемендігін көздеген ұлтшыл ретінде отаршылдыққа қарсы күресуге бел буған және саяси іс-әрекеттері үшін көмелет жасына толмай «саяси сенімсіз» адамдар санатына жатқызылып, қудалауға ұшыраған.

Ол осыдан тура қырық жыл бұрын, 1969 жылы, Павлодар қаласындағы №3 мектеп-интернатта оқып жүрген кезінде, 9 сыныбында ұлтшыл жасөспірімдердің «Жас ұлан» атты жасырын саяси ұйымын құрып, жұртшылықты кеңестік отаршылдыққа қарсы бас көтеруге шақырған өлеңдер жазып, үнпарақтар таратып, талапкер ақын жұртшылықтың жадынан өше бастаған ұлт қаһармандары мен тұлғалардың тағдырларын, ұлттық көтерілістер мен қозғалыстардың тарихын білмекке құштарлық танытып, көп ізденген. Сәбит Мұқановтың мақалалары жинағынан Алаш қайраткерлері Әлихан, Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып, Мағжан жөніндегі деректерді тіркептеп жинады, Серік Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» кітабынан Мұстафа Шоқайдың образын байқап байыптады, Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романынан ұлт азаттық көтерілісінің көсемі Кенесары ханның бейнесін көріп, қаһармандығына қайран қалды. Ресми емес дерек көздеріне қарағанда, Павлодар облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы белсенді жас ұландардың бірнешеуін бас бостандығынан айыру жазасына кесу жөнінде Қазақстан компартиясы Орталық комитетіне ұсыныс жасаған көрінеді, бұлардың бақытына қарай, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев келісім бермеген екен. Әйтсе де, белсенді жасөспірімдер жазасыз қалған жоқ. Жас ұландардың ісі мектеп жиналысы, комсомолдар жиналысы, ата-аналар жиналысы, педагогтар кеңесі, қалалық комсомол комитеті бюросында қаралып, бұларға үсті-үстіне моральдық-психологиялық соққы берілді. Мұғалімдердің бірі жас ұландарды «Интернаттың тегін тамағын ішіп, империалистердің сөздерін сөйлеген арамтамақтар! Алаш орданың сорақы істеріне еліктеген сорлылар!» – деп ғайбаттады, екінші біреуі: «Егер маған Сталин заманындағыдай билік берсе, бұл балаларды ата-аналарымен қосып қойып, өз қолыммен ататын

едім!» – деп айбат шекті. Осындай жиындардың соңында 1970 жылдың қаңтар айында мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (МҚК) басқармасы әшкерелеген соң, Арман мен бірнеше серігіне «Ұлттық саясат мәселесіндегі өрескел идеялық-саяси қателігі үшін» деген айып тағылып, комсомол қатарынан шығарылды және оқу-үлгерім табеліне тәртібі «3» деген баға қойылып, мектептен қуылды. Осылайша, кәмелет жасына толмай жатып, қоғамнан теперіш көрген бозбала ауылға келіп қара жұмысқа бой ұсынды. Май ауданының Ақшимаң кеңшарында қырықтық, сақман, шөп егу, пішен дайындау тәрізді науқандық жұмыстарда шама-шарқынша еңбек етті.

Лирика – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арманын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр ғып шертетін өлең, әдебиет тегінің бір түрі.

Лирикалық шығармалар кейде шығарманың тақырыбына, мазмұнына қарай бөлінеді:

- Саяси-азматтық лирика – лириканың заман жайын, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой толғамдар ақынның өз көңіл күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеуаркылы көрінеді;

- Махаббат лирикасы – адамға деген сүйіспеншілік, өмірге деген ұмтылыс, жастардың бір-біріне ғашықтығы немесе туған жеріне деген ыстық сезім жырланатын лириканың бір түрі;

- Философиялық лирика – лириканың тақырыптық табиғатына, мазмұндық-идеялық тұрғыда жіктелуіне қатысты туған ұғым. Ол қоғамдық болмыстық өзекті мәселелерінің ақын – жазушылардың шығармаларында көрініс табуы;

- Табиғат лирикасы - лирика жанрының бір түрі, ақынның ішкі жан-дүниесі оның әр түрлі табиғат құбылыстарын сезінуі, суреттеуі арқылы танылатын өлең-жырлар.

Лириканың тағы басқа түрлері - арнау, ой, романс, пастораль, эклога, эпиграмма, эпитафия, эпиграмма, идиллия, баллада, элегия.

Табиғат - адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына, тіршілік, табиғат дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды. Табиғат көркем әдебиеттен үлкен орын алды. Осы табиғат лирикасы Арман Қанидің шығармаларында да кездеседі. Біздің зерттеуге алынған ақынның жыр жинақтарының ішіндегі шығармаларына қарасак «Тамшылар» жинағындағы «Күз» өлеңі табиғат лирикасына жатады. Себебі, бұл шығармада ақын түсі суық тұманды күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерісін, қоршаған орта мен ауа райының

құбылысын бейнелейді. Жай ғана бейнелеп қоймай, жансызға жан бітіріп, кейіптеуді қолданған. Гүл, жапырақ солып, түсі қашқан күздің суық кескінін:

«Ұшардай арып-ашып шалғайларға,

Құстардан кетті ме ерік?

Топ тырна амалсыз самғайды алға,

Тарынған көкті керіп.

Наз айтып мына күзге қайырымсыз,

Салады олар әнін.

Қыз қайың қимастықпен бұлғайды үнсіз,

Сарыала орамалын.», [1, 15–16 б.] - деп, күз түсумен бірге ағаштардың сидиып, жапырағынан айрылғанын, құстардың жылы жаққа амалсыздан ұшуын, қысқасы, көңілсіз күздің бейнесін тамаша түрде елестетеді.

Одан басқа «Таң» деген өлеңінде таңертеңгі табиғат құбылысын ерекше суреттей білді:

«Бұла таңның қойнауында бақ толқыды

Ақ жаңбыр аңсағаннан.

Ақша бұлттар - аспанның ақ толқыны

Оянды ақ самалдан.», [1, 12–13 б.] - деп, таңның әдемі суретін алдына тартады, таңертең аспанда жиналған ақша бұлттарды бейнелеп таңғы сіркіреген ақ жауынды да атап, бір картина ретінде көз алдына келеді.

«Сәтбаевтың жұлдызы туған көктем» [2, 10–11 б.] деген өлеңде көктемді суреттей білді:

«Торыайғыр көлде тербелген әсем толқындар,

Табан астында бұрқылдап тулап, бүлінді!

Бүлкілдеп тұрды құрсағы ару Баянның

Ежелден егіз туатын өнер, ғылымды.

Найзатас ұшы шашырата ұшқын атқылап,

Шаңырағы көктің түрілді!»

Арман Қани көптеген танымал, еңбек сіңірген, қол ұшын берген тұлғаларға арнау жазған. Одан басқа туған жерге және сағынған жерлеріне де арнау жазған:

«Мұң шағу» [2, 126–127 б.] деген өлеңін Әнуар Қалиев ағасының аруағына арнап жазған;

«Қыпшақтар аңызы» [4, 41–42 б.] атты туындысын Иөлеген Темірұлы Байқанның аруағына арнап жазған;

«Профессор Ермек Өтебаев» [1, 43 б.], «Режиссер Ерсайын Төпенев» [1, 44 б.], «Журналист Жанат Тұрғанбеков» [1, 45 б.]

сияқты өлеңдері белгілі бір мамандық иелеріне арналған алғыс ретінде жазылған;

«Елудің ортасы» (Мұхаметжан Дәуренбековке) [46, 46–47 б.], «Тістеніп қалмай тоқсанда...» және «Жұмбақ» (Социал Әйтемовке), [1, 47–49 б.], «Алпысқа талмай келдің сен» (Амантай Бейсенқұловқа) [1, 49–50 б.] сияқты өлеңдерін туған күн иелеріне арнап шығарған;

«Мәртебе [1, 50 б.] деген өлеңін Полковник Ақан Ержановқа құрметпен арнаған;

«Тойдағы тілек» [1, 51 б.] өлеңін Рашит пен Жанарға, яғни жас жұбайлардың үйлену тойына тілек ретінде жазылған өлеңі;

«Қоштасу [1, 52 б.] өлеңін соңғы сөзі ретінде Майдашқа арнаған;

«Едірей баурайында» немесе «Едірей жырлары» [3, 9–12 б.] деген өлеңін Асылбек пен Жақан Мұхамедияровқа арнаған;

«Сенім» [3, 70–71 б.] деген өлеңін Қазақстан Республикасының халық депутаты Қуат Есімхановқа арнаған;

Элегияға арнайы тоқталсақ, өлеңдік ұйқаспен жазылатын, айтылатын, өлімге, махаббатқа, соғысқа қарата автордың қайғылы түрде терең сезіммен еске алуын білдіретін лирикалық өлең-жырлар. Мұндай өлеңдерге жақын туыстарының, достарының олушіге арнап қайғылы түрде айтатын жоқтаулары, елдік-ұлттық трагедияны айтатын мұңлы өлеңдер, адамның немесе адамзаттың басына келген пәле-қазаларды айыптап айтатын қасірет өлеңдері де кіреді. Арман Қанидің шығармашылығындағы элегияға тоқталсақ, «Егіз дүние және жалғыздық» [2, 165 б.] деген өлеңінде ақынның көңілінің құлазығанын мына жолдардан анық көруге болады:

«Кіріптім мұннан шықтанса,

Жақсы сөз жанға болды азық.

Жарық пен түнек жүп болса,

Жұмақ пен тамұқ ол да жүп!»

Келесі, «Шындық елесі» [2, 166 б.] деген өлеңінде өмірден түнілген сәттерін бейнелейді. Өмірдің ащы шындығын айтады:

«Жайым жоқ сабыр сақтарлық,

Жанарда сан от шарпысты.

Жұлқынған ойды көкпар қып,

Күдік пен үміт тартысты.»

«25-ақпан» [2, 167–168 б.] деген өлеңінде 25 ақпан күнгі оқиғадан келген зардаптарды, мұнды күндерін бейнелейді:

«Ұмытпа алам ба, Рауаным!

Сол бір күнәлі есімде.

Сөнгендей болды-ау жанарым,

Ақпанның жиырма бесінде!»,- деп мұнын жырлайды;

Махаббат – адам жанының асыл қасиеті, асқақ мұраты, риясыз, ынтық, нәзік сезімі. Арман Қанидің шығармаларындағы махаббат сезімін «Ақ махаббат ақпан айы» [2, 157-163 б.] көруге болады. Бұл өлеңді Құралай Баяндинаға ыстық сезімімен арнаған:

«Қимағанмен бұл шақты екеуміз де,

Жетегінде жылдардың кетеміз бе?

Ақ желкенін ақ түтек уақыт керіп,

Ақпан айы тағы да жетер бізге.»

«Сені ойлаймын» деген өлеңінде сезімі мына жолдардан көрінеді:

«Еске ап сені мен де ойға берілемін,

Өрімтал өлеңім өріледі.

Сағынғаннан өзінді сарғыш айдың

Уыз нұры жүзімнен төгіледі»

Арман Қанидің шығармаларындағы философиялық лирика «Интернатты еске алу» [4, 19–20 б.] деген өлеңінде кездеседі:

«Мен өмірге тым сирек еркеледім,

Тағдырыммен тартысқан тентек едім.

Содан болар есігі интернаттың

Тарс бекіді алдымнан ерте менің.»

Одан басқа «Шарапханадағы сұхбат» деген өлеңінде:

«Ашқылтым дәмді шындыққа мен де сусағам,

Тап қазір, досым, тасбауырға да жұмсарым.

Жаратқан һаққа жалбарынам да мешітте,

Шарапханада өзіндей жанға мұң шағам.»

Баллада - поэзияның шағын сюжетті лирикалық жанры; Арман Қанидің балладалары: «Ерлік пен махаббат» [2, 70–72 б.], «Керуен» [2, 85–86 б.], «Той үстіндегі елес» [1, 38–40 б.];

Поэма – эпостық жанрдың бір түрі; белгілі бір оқиғаны, адам тағдырын, заман шындығын эпикалық не лирикалық үлгідегі өлеңмен сипаттайтын көлемді поэтикалық шығарма. Арман Қанидің шығармашылығында «Алтынның буыны» [1, 55–67 б.], «Ақшабике» [2, 195–209 б.] сияқты поэмалары бар.

Арман Қани 1989 жылғы ақпанда Олжас Сүлейменовтің Семей ядролық полигонындағы жарылыстарды дереу тоқтату жөніндегі ашық мәлімдемесіне орай, Павлодардағы орталық алаңға таяу көпшілік орында қолына плакат ұстап тұрып мындаған бейбітшіл адамның қолын жинады. Сол жылдың қыркүйек айында Алматыда өткен

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының тұңғыш құрылтайына делегат болып қатысты. «Невада-Семей», «Азат» қозғалыстары, «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымдарының іс-қимылдарына белсене араласты.

Тағдыры тартысқа толы талантты акынның бүгінгі тұрмыс-тіршілігі көз қуантады. Бірнеше кітабы шығып, өлең өлкесіндегі өмірі тың туындыларымен толықты. Дәлірек айтсақ, «Ар алдында» (2001) жинағы, «Қызыл түнектегі ақ бұрқак» (2004), «Тамшылар» (2004), «Шындықпен бетпе-бет» (2006), «Жұлдызды тұман» (2008), «Сен және мен» (2012), «Үйлесім – Гармония» (2014), «Баянауыл жырлары» атты жинақтары жарық көріп, шығармашылық жолы шырайлана түсті. «Ар алдында» жинағы үшін Павлодар қаласы шығармашыл зиялыларының «Қауышу» слетінде «Жылдың үздік акыны» атағымен марапатталды.

Енді егемен елдің оқушыларының ұйымы да «Жас ұлан» аталады. Бір кезде өзі оқыған, қазіргі уақытта «дарынды балаларға арналған гимназия-интернат» аталатын оқу орны Арманды «Жас ұлан» ұйымы қатарына оқушыларды қабылдау шарасына арнайы шақырған. Интернаттағы көрнекі орынға үздік түлектердің бірі ретінде оның да фотосуреті ілініп, өмірбаяны жазылып қойылған.

Қалай десек те, қазіргі әкімдер Арман Қаниға құрметпен қарайды, бірі акынның отбасына жайлы пәтер берсе, екіншісі жыр жинақтарын шығаруға қолдау көрсетті, енді бірі грантпен, құрмет грамоталарымен марапаттады. Мемлекет те, қоғамдық ұйымдар да еңбегін елеусіз қалдырған емес. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Павлодар облысына сіңірген еңбегі үшін», «Павлодар қаласының құрметті азаматы», «Баянауыл ауданының құрметті азаматы» атақтарымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Павлодар облысына 75 жыл», «Қазақ хандығына 550 жыл» мерекелік медальдарымен, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Алғыс хаттарымен марапатталып, құрметтелді. Оның кеудесіне «Невада-Семей қозғалысына 25 жыл» төсбелгісін Олжас Сүлейменовтің өзі қадады.

Жуырда «Сен және мен» жыр жинағы үшін алашшыл акын Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығына ие болды. Ұлы Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында берілген сыйлықтың мәнамызы азаттық үшін күрескен ол үшін айрықша екені анық!

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Қани А. Б. Тамшылар: Жыр жинағы. - «ЭКО» ҒӨФ.: Павлодар, 2004. – 72 б.

2 Қани А. Б. Қызыл түнектегі ақ бұрқак: Жыр жинағы - «ЭКО» ҒӨФ.: Павлодар, 2004. – 216 б.

3 Қани А. Б. Шындықпен бетпе-бет: Жыр жинағы - ҚАЗАқпарат.: Алматы, 2006. – 178 б.

4 Қани А. Б. Ар алдында: Жыр жинағы - «ЭКО» ҒӨФ.: Павлодар, 2001. – 108 б.

5 Жұмашев Қ., Саят Қ. Қазақстан жазушылары – Алматы, 2009 – 229 б.

6 Қайдар Р. Жасымаған жігер // Егемен Қазақстан. 19 қаңтар 2017 жыл.

7 Қани А. Б. Тайсалмауға болмайтын заман еді... // Қазақ әдебиеті. 23 қараша 2012 жыл – 10 б.

8 Тасмағамбетов И. Н. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық – Аруана: Алматы, 2005. – 576 б.

9 Тұрсынғалиев С. Ч., Бәкенова Г. Р. Қазақ әдебиеті: Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық - Арман-ПВ: Астана, 2013. - 464 б.

МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БЕЙНЕШІЛДІК – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІНІҢ НЕГІЗІ

КЕРЕЕВА А. Қ.

8 сынып оқушысы,

Нығманов атындағы ЖОББМ, Ақтоғай ауданы

АДУОВА А. Т.

ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мағжан поэзиясы елді сүюге, өз Отанының тарихымен мақтануға үйретеді. Мағжанды акын еткен қасиетті шындық пен жанды- жансызға деген айрықша махаббатты сездіретін жүрек еді. Расында, Мағжан- бауыры кең тұлпардай көсілетін арналы жүйеліліктің акыны, эстетика - философиялық тұжырымдамасы қалыптасқан акын, қара өлең құдіретін биік деңгейге көтерген акын. Абайдың шексіз шеберлігінің кілтін іздеуден жалықпаған акын [1].

Акынның қара сөзбен жазылған «Балапан қанат қақты» атты шығармасындағы солтүстіктің суығына шыдай алмай, амалсыз қанат қаққан жас балапанның жанына жайлы пана іздеп аласұруы – заманның да, акын көңіл-күйінің де символы. «Балапан» символы бұдан басқа өлеңдерінде де кездеседі.

Зарлайсың ғой жетім боп,

Бесікте қалған балапан! («Жаралы жан») – деп пессимистік сарынға салынады. Батыста айрықша өнер дарыған ақын-композиторлар реквием түрінде «болжам-ақиқат» айтатын дәстүр бар. Мағжанның да «Жаралы жан» өлеңін реквием деуге әбден сияды. Өзге тілге аударсақ, дәл солай атауға тура келеді. Бірақ оның бағасын біз «реквием» деп емес, ұлттық феномен ретінде талдап-танып, өз бағасын беру әлдеқайда әділірек болар еді. Өз уақытының көркемдік көгіне көтеріліп, негізінен авангардтық (алғы шептік) өлең үлгісінде көп ізденген Мағжан кейін кенет шегініп, дәстүршіл өлең мен алғы шептік өлеңін жарыстыра қолданудан қаймықпайды. Жоғарыда байқағанымыздай, дәстүрлі әдебиетіне жетік ол жан сөзін бұлбұлша жеткізеді. Жиырма екі шумақтан тұратын «Жаралы жан» өлеңі 11 буынды қара өлең мен 7-8 буынды жыр үлгісін қатар өріп отырады. Алғы шептік үлгіден бастап, қара өлеңмен аяқтайды. Ұзақ, сюжетсіз лириканың бітім – болмысы осындай [1]. Келесі өлеңінде:

Жас қырандар-балапан,
Жайылып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.

Мен жастарға сенемін! («Мен жастарға сенемін!») – деп болашақтың иесі жастарды қанатын қағып талпынған балапанға теңей отырып, зор сенім артады. Көз алдымызға буыны бекіп, топшысы қатпаған, бірақ көк аспанға құмартқан жас қыран келеді.

Символизм ұғымын орыс әдебиетінен (А. Блок, В. Бальмонт шығармашылығынан) сусындап, қазақ әдебиетіне енгізген романтик ақын ақиқат пен шынайы өмір суреттерін жырлап, өлеңдеріне жаңа түр беріп, жүрек түбінен шыққан жан сырын, жан азабы мен жан тебіренісін суреттеген. Ақын өлеңдеріндегі «Арыстан» қуаттылық пен күш – қайраттың символы ретінде

Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Алаштың арыстаны – Абылай ері... («Түркістан») [2].

Арыстандай айбатты - («Мен жастарға сенемін») – өлеңдерінде қолданылады.

Мағжан қазақ поэзиясының саздылығын, әуезділігін арттырған, соған көңіл бөле отырып, арғысы француз, бергісі орыс символистерінің өлеңдерінен дәстүр тапқан ақын. Европа ақындарының шығармашылығындағы мөлдір бұлақтан сусындай отырып, оны қазақ поэзиясының сұлулығымен үндестіре білген ақын. Мағжан қазақ поэзиясының жарық жұлдызы - ұлы Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз

жолын ұстанғанымен, өзінше жол табудан әсте жалықпай, көп іздеген жан. Өлеңдеріндегі табиғат суреттері, оның тылсым шақтары, ақын көңіл күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш-шаттығымен қат-қабат келіп отырады. Осының бәрі тұтаса келіп суреттеп отырған дәуірдің бейнесін толық ашып береді. Атап айтсақ, ақын қолданған «тұлпар» символы сарқылмас күш – қуатқа ие жастардың бейнесін береді.

Қажу барма тұлпарға,
Талу барма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін! («Мен жастарға сенемін»).

Мағжанның оптимистігін оның қолданған символдарының тәуелсіз Қазақ Елінің мемлекеттік рәміздерінен көрініс табуымен дәлелдеуге болады. Елдіктің белгісі - Елтаңбадағы ең маңызды әрі басты деталь – бұл тұлпар, жай жылқы емес, қос қанатты пырақ. Көшпенді философиясында үлкен мәнге ие бұл мифологиялық бейне символикалық жүк арқалап тұр.

Жылқы – бұл қазақ халқының тегі, тотемі десе де болады. Бірде-бір рәміздерімізде – еліміздің логотипінде тұлпардың, жылқының болмауы – қазақ халқының жетімдігін білдірген болар еді.

Қазақтың бір арманы- сөйгілік мініп, желмен жарысқандай күйде қиын күндерде артқа тастап, болашаққа тез жету. Бұны Мағжан:

Тұлпарға мініп бір шапсам,

Болмас еді басқа арман! («Жаралы жан») – деп жырға қосады. Елтаңба композициясындағы тұлпар - ай мүйізді, алтын қанатты қос пырақ бейнесі. Фольклористикада «қасарыса біткен қос мүйіз» деп сипатталатын пырақтағы ай мүйіз – ерліктің, қайсарлықтың белгісі еді. Мүйіз – киелілік. Ел мұрасында «Ескендірдің мүйізі», «Өтеген батырдың қос мүйізі» деген тіркестердің бар екенін білеміз. Мүйіз – қазақ халқының жауынгерлік рухын, қайсарлық қуатын, қайратты қабілетін айқындап тұр. М. Жұмабаев та «Ескендірдің екі мүйізі» өлеңінде сол ел аузындағы танымды негізге алған.

Заманында ЕскендірЖеті ықылымды билеген.

Асқан алып, киелі,
Түссе де отқа күймеген.
Ескендірдей алыптар
Дүниеге енді туа ма?
...Ескендірдің басында
Екі мүйіз – нысана!

Жабайы жұртқа көрсетсе, Қасиеті қала ма? («Ескендірдің екі мүйізі»).

Ақын қос мүйізді қасиетке балайды, екiнiн бiрiнде болмас нысана дей отырып, Ескендiрдей ержүрек, ерекше болмысты ерлердiң дүниеге келуiн аңсайтынын тұспалдайды. Жылқы – қазақтың егiзi. Ал қанат – бұл жаңашылдық та емес. «Ер қанаты - ат» демеп пе едi атам қазақ?! Қанат- бұл жебеушi, құтқарушы, сиқырлы күш.

Күшгiсiн ғой,
Құдiрет,
Перiштеңе әмiр ет!
Қанатпен бiр сипасын,
Жазылсын iшкi-тысқы дерт. («Жаралы жан») – дейдi ақын.
Қанат – асқақ арман нышаны.
Жас қырандар-балапан,
Жайылып қанат ұмтылған.
Көздегенi көк аспан.
Мен жастарға сенемiн! («Мен жастарға сенемiн»)

Өлеңдегi балапандардың қанатын жаюы – күш жинау, талаптану, алыс армандарға бет алуды бiлдiредi [6].

Халық мұрасында қанаты бар тұлпар бұл – арғымақтың мистикасын айқындай түсетiн элемент, оның ерекшелiгiн, қандай да бiр тылсым күшке ие екенiн бiлдiретiн деталь. Ал Елтаңбадағы қанатты арғымақ биiкке ұмтылу, дамудың төменгi сатысынан жоғарғысына дейiн көтерiлу – әлемдiк өркениетке жетудi бiлдiрiп тұр. Асқақтық, самғау, биiк мақсаттарға жету бiздiң халықтың жаңа заманда игерген жаңа танымы. Қанаттың өзi алтын түстес болуы – молшылықты бiлдiредi. Аңызға айналған ай мүйiздi тұлпар – қазақтың киесi.

ҚР Мемлекеттiк Елтаңбасының ең басты жүгiн көтерiп, оған негiз болып тұрған – шаңырақ. Ол - елтаңбаның жүрегi.

Шаңырақ - «Отан - от басынан басталады» деген киелi ұғымға ие. Шаңырақ бейнесi – бүкiл қазақ елi үшiн тiршiлiктiң, шексiз өмiрдiң нышаны. Көп түрiк еншi алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? («Түркiстан») – деп ақын қазақ жерiн бүкiл түркi баласының қасиеттi Отаны ретiнде жырға қосқан.

Елтаңбаның маңдайшасына бес бұрышты жұлдыз салынған. «Жұлдыз» сөзiн ақын бағалы, болашақ күндердiң еншiсiндегi құндылық ретiнде жырға қосқан:

Жет, жұлдызым, жылжып қана жiбектей,
Жұлдызды – жүзiк,
Айды алқа ғып берейiн.

(«Жұлдызды – жүзiк, Айды алқа ғып берейiн»). Өлеңде қымбат адам да, асыл мұраттар да жұлдыз символына айналған. Жұлдыз қазақы дүниетанымда адам жанының көктегi көрiнiсi ретiнде танылады да, «Жұлдызым жоғары» деп сыйынады. Бұл санадағы тәңiршiлiктiң бiр белгiсi деуге де болады. Әр адамның өмiрiне байлаулы өз жұлдызы болады. Осындай жұлдыз мемлекетке де қажет. Бiз де өз мемлекетiмiздiң жұлдызы жарық әрi биiк болып, Қазақ Елiнiң әрбiр азаматы сол жұлдыздың салған жолына сенiп, қиын уақытта оны бағдарға алып әрқашан жаңа жолға, болашаққа жетелейтiнiне сенiм артуымыз қажет.

Мемлекеттiк Туымызда Күннiң бейнеленуiне де Мағжан бейнешiлдiгi арқылы анықтама беруге болады. Мағжан өлеңдерiнде нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты, салтанатты заманды бейнелейдi.

Алтын күннен бағасыз бiр белгi боп,
Нұрлы жұлдыз – бабам тiлi, сен қалдың! («Қазақ тiлi»).

Аспан денесiнiң уақыт өлшемiне, заман бейнесiне айналғанын байқаймыз. Символизм дегенiмiздiң өзi де осы.

Күлкiн, Күнiм, күндей күмiс табаққа
Мiнсiз сұлу меруерттi шашқандай.

(«Жұлдызды – жүзiк, Айды алқа ғып берейiн.») Көз алдымызға айналасына алтын сәулесiн аямай төккен Күн бейнесi келедi.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен - Күн ұлы, көзiмде күн нұры бар,
Мен келемiн, мен келемiн, мен келем,
Күннен туған, ғұннан туған Пайғамбар «Пайғамбар» [2]

Күн – қозғалыс, даму, өсiп-өркендеудiң және өмiрдiң белгiсi. Күн – уақыт, замана бейнесi.

Көк туымыздағы алтын күн астындағы және Астана төрiнде асқақтаған «Қазақ елi» монументiндегi басты бейне- қанатын жайған қыран құс ақынның «Мен жастарға сенемiн», «Қазақ тiлi» өлеңдерiнде кездеседi.

Қайраты мол қандыбалақ қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған («Жер жүзiне»).

Қанатын жайған қыран құс — бар нәрсенiң бастауындай, билiк, айбындылық бейнесi. Ұлан-байтақ кеңiстiкте қалықтаған қыран елдiң еркiндiк сүйгiш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесiнiң кендiгiн паш етедi.

Мемлекетiмiздiң өркендеуi мен нығаюының кепiлi, тарихи мән –маңызы зор «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы

мен «Тәуелсіздік монументіндегі» барыс бейнесін де символист ақынның поэзиясынан кездестіреміз. Жастардың бойындағы қайрат пен тасыған жігерді, барыстың бейбітшіл, қанағатшылдығын мына жолдардан байқаймыз:

...Жолбарыстай қайратты,

Мен жастарға сенемін! («Мен жастарға сенемін»)

Жолбарыс жүргенінде маң-маң басып,

Жүрегі, қайратына көңілі тасып,...

...Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,

Көрелік төңіректі, тек таң атсын! («Есімде ...тек таң атсын») [2]

Мағжанның символистік тәсілдері санаға психологиялық сендіру арқылы үстемдігін жүргізуге негізделгені байқалады. Сол арқылы ол өз күдіретіне өзі сенбей жасқанып тұрған халықтың бойына жігер, ойына қуат пен рух беріп, санасындағы күдік пенен күмәннің ара қатынасын үзіп, өз-өзіне баға беруге үйретіп, ұлттық сезімін ояту арқылы болашаққа сеніммен қадам басуға тәрбиелейді.

Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі «күн», «барыс», «тұлпар», «қыран», «жұлдыз» т.б. символдардың тәуелсіз Қазақ Елінің мемлекеттік рәміздері мен ел болашағын айқындайтын мемлекеттік маңызды бағдарламалардың нышанына айналуы оның ұлттық дүниетанымы мен көрегендігін, философиялық ой тереңдігімен қоса, елінің жарқын болашағына сенген оптимистік рухын да айқындап тұр. Олай болса, Мағжан поэзиясы еліміздің ертеңіне баруға лайықты қазынамыздың бірі деп айтуға толық негіз бар.

Біздер үшін Мағжантану мәңгіге жалғаса бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 З. Қабдолов. Сөз өнері. II томдық таңдамалы шығ. жин., 2- том. А., 1983.
- 2 М.Жұмабаев. Шығармалары (өлеңдер, поэмалар, қара сөздер) А., Жазушы, 1989.
- 3 З.Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А., 1993.
- 4 Қанарбаева Б. Мағжан символист: Зерттеу. - Алматы: Экономика, 2007.

М. ӘУЕЗОВТИҢ «ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ЗАМАНА ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМ КӨРІНІСІ

ҚАБЫЛБЕК А, НҰРХИСА Ф.

7 сынып оқушылары,

«Жас дарын» мамандандырылған мектебі, Павлодар қ.

СЫРТТАНОВА А.Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

М. Әуезов өз әңгімелерінде әлеуметтік, тұрмыстық, өмірлік мәселелерді тақырыптық арқау етіп, оны көркемдік және шынайылық ерекшеліктер аясында жарасымды үйлестіре білген, көркемдік деген шешім мен шынайылық деген талаптық мүддесінен шыға білген. Қазақ прозасының даму, өсу жолына көз жүгіртсек, XX ғасыр басындағы М. Әуезов әңгімелері көркемдігімен және шынайылығымен ерекшеленеді. М. Әуезов қазақтың шұрайлы тілінің мол қорын шеберлікпен пайдалана отырып, мазмұны мен мәні өзгеше, шынайы, күдіретті шығармаларын өмірге әкелді. Солардың бірі - болашақ жазушының қаламгерлік қасиетін танытқан, 20-жылдардағы шоқтығы биік шығармасы «Қорғансыздың күні» 1921 жылы «Қызыл Қазақстан» газетінде жарияланған еді. Жиырмадан жаңа асқан жас қаламгердің төлтума шығармасына С. Мұқанов: «1921 жылы жазған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы европалық прозаның дәрежесіне көтерілді», - деп баға берген.

Қ. Сыздықов «Қорғансыздың күні» жөнінде: «Осы әңгімеде тек құрдымға кеткен қайғы-мұң ғана емес, мұнда білінер-білінбес болса да бұлқынып жатқан қайсар күш бар, қарауыттып тунжыраған мылқау ағыстың астында жатқан табан толқын бар сияқты», - дейді.

З. Қабдолов: «Затында шын мәніндегі нағыз үлкен талант өзінің өнер өрісінде жаттығу жасап, онша ұзақ күйбендемейтін болса керек. Әуезовтің осынау алғашқы әңгімесінің өзінде өзгеге ұқсамайтын өзіндік мәнер-машығы бар, кібіртіксіз көсіле жөнелген жорға қаламның ізі сайрап жатыр», - деген орнықты пікір білдіреді.

«Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Ескілік көлеңкесінде», «Жетім», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» секілді әңгімелерінің қай-қайсысынан да жазушының ауыл өмірін, елдің тұрмыс жайын, әдет-ғұрпын жетік білетіні айқын танылады. Әсіресе Мұхтар Әуезовтің осы кездің өзінде- ақ барған сайын суреткерлік, баяндаушылық шеберлігі арта түсіп, сан түрлі адамдардың

мінез ерекшелігін, психологиясын, ойлау-сөйлеу мәнерін тап басып тани білетін көрегендігі мен сезімталдығы назар аудартады. Сол замандардағы қоғамдық өмірде орын алған алуан түрлі мәселелерді – ауыл адамдарының өмір-тұрмысы, күн көрісі, үйлену, отбасын құру және құдаласу, күйеу келуі, қыз көру сияқты ескі-әдет ғұрыптар, оқыған жігіттердің мінезі, іс-әрекеттері – осының бәрі адамгершілік идеялары - әйелдің бас бостандығы, әділеттілікті жақтау тұрғысынан ашып көрсетіледі. Аталған әңгімелерінде жас жазушының панасыз, қорғансыз адамдардың жанашыры болуға ұмтылып, қайғы-қасіретке душар болған жетім, жесірлердің ауыр халін тебірене бейнеленуінен оның шығармасындағы гуманистік сипаттың пафосы сол кездің өзінде аса күшті болғаны анық байқалады. «Қорғансыздың күнінде» жаны таза, пәк сезімді жас қызға жасалған зорлықтың, қорлаудың жантүршігерлік айуандық екенін қандай әсерлі бейнелесе, басқа бірталай әңгімелерінде де адал, ар-ұяты бар, бірақ қолы қысқа, жоқшылықты, өмір ауыртпалығын көп көрген адамдарды аяныш сезімімен бейнелеп, әділетсіздікті, озбырлықты, дүниеқоңыздықты, пасықтықты жеріне жеткізе әшкерелейді. Осыларды айта отырып, Мұхтар Әуезов әңгімелерінің басты ерекшелігі қандай десек, алдымен айналадағы өмір құбылыстарын бейнелеудегі көркемдік ерекшелік пен шыншылдық суреттеу әдісін шебер қолдана білетіндігі дер едік. Әңгімелерде баяндалатын оқиғалардың, бейнеленетін кейіпкерлердің бәрі өмірден алынған, сол ортада болатын оқиғалар, іс-әрекеттерді бейнелейтін типтік мінез, типтік характерлер. Мұхтар Әуезовтің көркемдік стиліне оқиғаны асықпай, байсалды түрде баяндау тән. Оның оқиғаны баяндауында кейде суреттеп көрсету жағы басым да, ал автордың атынан кейіпкердің жай-күйін түсіндіру жағы азырақ болатын кездері де бар. Жазушы оқиғаны баяндай отырып, әр түрлі жағдайларға, кейіпкердің әр қадамының дәлелді болуын құнттап, түсінік беретін тұстары да аз емес.

«Қорғансыздың күні» – М. Әуезовтің алғашқы жарық көрген әңгімесі. Шағын шығармада қоғам бойын жайлаған дерттің бір көрінісі зор көркемдік қуатпен ашылған. Мұнда Ғазиза деген панасыз жетім қыздың адам айтқысыз озбырлық, қорлыққа шыдамай, боранда үсіп өлгені айтылған. Бұл шығармада Ақан сияқты қара ниет ауыл әкімінің тағылық қылықтары әшкереленеді. «Қорғансыздың күні» өзінің көркемдік бітімі жағынан қазақ әдебиетіне жаңа өрнек енгізді. «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы европалық прозаның дәрежесіне көтерілді. Осыдан бастап өрбіген қазақтың көркем прозасы ұсақ жанрда да, повесть,

роман сияқты көлемді жанрда да көптеген шығармалар туғызып, көп тілді кеңес прозасының алдыңғы қатарынан орын алды», – деген С. Мұқановтың пікірінде зор шындық жатыр. Әңгіменің құрылысы шымыр, көркемдік бояулары қанық, оқиғалары мен адам мінездері мейлінше шыншыл. Мұнда М. Әуезовтің кейінгі шығармаларында терендеп қалыптасқан ерекшеліктер де көрініс берді. Ең негізгісі «Қорғансыздың күнінде» қазақ прозасында тұңғыш рет өмір ағыстары мен қаһармандар мінезі тұтас бірлікте көрсетілді.

Мұхтар Әуезовтің жиырма төрт жасында жарық көрген «Қорғансыздың күні» әңгімесі қазақ топырағындағы прозалық шығарма жазудың балаң шағы мен таптаурын тәсілін жаңа сатыға көтеріп, туған әдебиетіміздің абыройын еуропалық деңгейге шығарған айтулы туынды болды. Әңгіменің бітім-болмысы, дәлірек айтқанда, сюжеті мен композициясы, тартыс табиғаты, замана шындығының көркем көрінісі, кейіпкерлердің сомдалуы, идеясы, осылар сияқты басқа да толып жатқан компоненттер мұны толық дәлелдейді. Оның үстіне, қаһармандардың мінез-қылығы мен сезім жағдайларына байланысты қолданылатын сөздердің шеберлікпен қиыстырылғандығын атап өтпеске болмайды. Табиғат құбылысының, пейзаждың адам психологиясымен астасып жатқанының өзі оқырманды енжар қалдыра алмайды.

«Қорғансыздың күні» арқылы ол заманының шынайы көрінісін, ащы шындығын, тұтас бір қорғансыздар әлемінің мұң-зарын көрсетіп, оқырманның ішкі сезімін оятарлық жан түршігерлік оқиғаны баяндады. Осы ащы, зарлы шындықты жеткізуде Әуезов асқан шеберлік танытты: оқиғаға қатынасушы адамдардың тамаша портреттерін жасап, онысымен әрекет иелерінің мінез-құлқын да білдірді. Табиғат келбетін суреттеу арқылы адамның ішкі толғанысын, сонымен қатар болар істің хабарын берді, тамаша композиция құра білді.

Жалғыз-ақ сол әңгіменің ішінде болып қорлық көруші, ыза шегуші, қайратты-қуаты жоқ сорлы кемпірдің өзі айтқандығы аз ғана жүрегінің тыныштық, сезімсіз қалпын бұзғандай болып отырды. Сорлы Ғазиза, міне, осындай қарастың шеңгеліне түсті. Ары қорланған қыз басын ажалға байлайды. Өмірден өлімді артық санағандықтан емес. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген ежелгі қазақ халқының мінезін қанына сіңіргендіктен.

Өмірінің соңғы сағатында Ғазиза мына қорлық сұмдыққа қандай қылығы үшін тап болғанын көк аспанға, адамдарға ашына сұрау салады. Сонда да өмірінің ақтық минуттарында ол сұм тағдыры зұлымдығын кешірген секілді. Балалық жүзінде «Менде жазық жоқ,

мен тазамен» - деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар», – деп аяқталады әңгіме.

Әңгімені оқып шыққан оқырман үлкен ойға шомады. «Бұл үйелмен ғана қорғансыз? Иісі қазақ қорғаны кім?» – деген сауалдар еріксіз мазалайды. Осындай үлкен мәселе көтерген жас жазушының кең құлашына, сезімінің, ойдың небір нәзік иірімдерін соншалық бай тілмен дөп басатын шеберлігіне оқырман қайран қалады. М. Әуезов әңгімелерінен біз қазақ елігің сол кездегі хал-ахуалын айнадағыдай көреміз.

Әңгіменің тарихилық негізі де шығарманың өмірден алынған шындық екендігін танытады. Әңгіменің тарихилығы турасында әдебиет сыншысы, жазушы Тұрсын Жұртбаев Мұхтар Әуезовтің осы әңгімесіндегі Ақан болыстың прототипі Кәкітайұлы Біләл деп көрсетеді. Біләл Абайдың туысы бола тұрса да, менмен тақапарлығын ағайын-жұртына, тіпті әкесі Кәкітайға да танытудан айылын жимаған. Кәкітай 1915 жылдың көктемінде кіші әйелі Бибі үйінде төсек тартып жатқанда, көңілін сұрай келіп тұрып, «Кәкем қалай?»- депті де, дағдысынша аттан түспей қайтып кетіпті. Есі кіресілі – шығасылы болып жатқан Кәкітай: «Осы Біләл келді ме?» – дейді екен. Біләл ісінен түніліп отырған туыстың бірі шыдамай Кәкітайға бәрін бүкпей айтса керек. Сонда Кәкітай:

- Әй, Біләл - ай, жынданып өлерсің- ау, сен жынданып өлерсің- ау,- деп кейіген екен. Сол Біләл айтқандай жынданып өліпті. Әңгіменің тарихилық сипатын көрсетер қаһармандардың шынайы өмірден алынған болмыс пен бітім екендігін Ахмет Әуезов, Ғайса Сармурзин, Тұрсын Жұртбаевтармендәлелденген. Т. Жұртбаевтың «Бесігінді түзе» атты эссе кітабында, мұхарттануға өзіндік үлес қосқан Б. Байғалиевтің Біләлдің расында болыс болғандығын дәлелдейтін мұрағат құжатарын тапқанын айта кеткен дұрыс.

Өмірдің шынайы келбетіне терең үңілу, ащы шындықты айтудың қиындығы күнделікті идеологияның қалыптасқан қағидасына айналған тұста замана талабы қаншалықты тосқауыл қойғанымен, М. Әуезов шындықты баса айта алмаса да тұспалдап жеткізді, онысымен де ұлтының ақыл-ойының кемелденуіне ықпал еткені айқын.

Қазақ әдебиетінің тарихына Мұхтар Әуезов сіңірген еңбек өлшеусіз, оның ішінде ерекше оқшауырақ тұрғаны - прозалық шығармалары. Ұлы суреткер М. Әуезовтің XX ғасыр басындағы көркемдігі кемел әңгімелерінің тақырыптық мазмұны, идеялық тереңдігі, композициялық үйлесімдігі толыққанды шебер құрылымын тіл көркемдігі барынша келісті етіп жіберген. Тақырып - көркем

шығарманың басты ірге тасы. Әр түрлі ұлттық факторлар әсерінен әр алуан оқиғалы шығармалар туындайтынын М. О. Әуезов әңгімелерінен анық байқаймыз. Қазақ өміріне бар жанмен құштар М. Әуезов ұлтымыздың тағдырын өз әңгімелерінің айнымас арқауы етеді.

Тарихи шындық пен көркем тіл Әуезов әңгімелерінің негізгі тіні, эстетикалық қуаты. Тарихи шындық жазушы туындыларында фон ретінде ғана алынып қоймайды, ұлттық бояуымен қанықтырылады. Әуезовтің XX ғасыр басындағы әңгімелері дәуір тынысын тап басып, дөп көрсетеді. Осылайша тарихилық шеберін шымырлата, ширектіра түседі.

Тарихи шындықты көркем шындыққа айналдыратын көркемдік құралдар - даралау, жинақтау, жалпылау сынды әдістер арқылы қазақ қоғамының тұтас бір дәуір шындығын шарықтата көрсетеді. Сөзіміздің айғағы мұхартанушы Т. Жұртбайдың сөзімен тұжырасақ: «Шыңғыстаудың қат – қабат хикаялары алғашқы он жылда Мұхтар шығармашылығының алтын өзегіне айналды. Ол тақырып қорғансыз Ғазиза қыздың тағдырын бейнелейтін алғашқы әңгімесінен басталып, Көксерекпен аяқталады».

Көркем шығарма құндылығын бағалайтын оқырманның жүрегінде жатталатын Әуезов әңгімелерінің өзіндік тән қасиеті мен қадірі деп танырылық белгісі – суреттеп отырған тақырыптың тарихилығын көркемдік аяда ұлттық накышпен зерделеуінде. Туған халқының қордалы әдет-ғұрпын, әлеуметтік жағдайы, қоғамдық болмыс-бітімі, ұлттық өресін терең де кең тұрғыда суреттеуі қаламгер туындыларының эстетикалық және психологиялық, сыншылдық және сыршылылық қуатын зорайтады.

Және бір атап айтар ерекшелік XX ғасыр басындағы Әуезов әңгімелеріндегі астар мен пішінде, көркемдік пен түрде, шынайы оқиға үлгісінде өзгеше бір сыршыл да нәзік үндестік бар. Шеберлік сыны да, сыры да осында болса керек. Бұл арқылы қаламгердің өз дәуіріндегі ұстанған шындықты берудегі өмірлік мұрат-мақсаты айқындалады. Қазақ қоғамның ескі дәуірін, кереғар құбылыстарын шеберлікпен ашады.

Қорыта айтқанда, М. Әуезов XX ғасыр басындағы әңгімелерінің жанрлық және тақырыптық мазмұн даралығы қазақ прозасын жаңа сапаға көтерді. Жазушының әңгімелеріндегі төгілген тіл, бояулы сурет сол заманның көркемдік шындығын көз алдымызға әкеледі. Шығармаларымен Әуезов заманының рухани тынысын жеткізді, әлеуметтік мәселелерді көркемдік тұрғыдан зерттеп, қоғам өмірінің басты буындарына қорытынды жасап, бағалап, өткенін таразылап,

болашаққа бағдар беріп, заман шындығын реалистік тұрғыдан жазды. Жазушы өмір шындығының нағыз қайшылықтарын сол қалпында бейнелеуге тырысты, көлекелі жақтарын әшкерелеп, жаңғыртып, жанартуға негіздеді.

Тарихта кемеңгерлер келбеті ұлт өміріндегі шешуші оқиғалар ұлттың өсу жолындағы тарихи оқиғаларға қатысын, қиындықтан қисын, асуларда адастырмас жол іздеді, жұрты үшін жанкештілікке, ұлт тағдыры үшін тәуекелдікке бел буды.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы: Жазушы, 1984.

2 Дүйсенбаев Ы. Мұхтар Әуезов. Мақалалар мен естеліктер. – Алматы: Ғылым, 1974.

3 Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. - Алматы, 1982.

4 Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. - Алматы, 2004.

5 Мұхтар Әуезовта ғылымы. Әдеби сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987.

6 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. - Алматы, 1991.

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ЖОЛЫН ҚУҒАН ҰЛЫ ШӘКӘРІМ

ҚАЗБЕК Ө.

8 сынып оқушысы, Ертіс № 4 ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы
ЖАКАНОВА А. Ш.

ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Білім - ғылымның қадір-қасиетін кештеу болса да терең түсініп, өз бетімен оқып, үйреніп, рухани қазыналарға көп үнілген. Өз елінің сөз мұрасына қоса, басқа жұрт асылдарын меңгерген Шәкәрім Абай мектебінен өтеді, оның кеңес-ақылымен өлеңдер шығара бастайды, поэмалар жазады. Оның жетімдік, жоқшылық көрмей, сауатты да сергек өсуіне ұлы Абай қамқорында болуы қатты әсер еткен. Шәкәрім Абай саясатында саналы, талантты ақын болып қалыптасты. Ол Абайдың көзі тірісінде-ақ оның данышпан ақын екендігін алғаш танып, өлең өрнектерін арнады:

Кел жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берелік
Бір білімді данышпан жан табалық,
Ал, енді олай болса, кімді аталық,
Қазақта қай жақсы бар, көз саларлық.
Шын издесек-табармыз шыны ғалым!
Жалыналық Абайға, жүр баралық.

Ол қазақ қоғамының рухани өсуіне көмектесуді, жастарды ғылым-білім, өнер-өнегеге баулуды мұрат тұтады. Қырық жасқа таянған шақта ол поэзиямен бірыңғай шұғылданып, «Қазақ айнасындағы» көптеген өлеңдерін шығарады, поэмалар жазады, олардың көпшілігі әлеуметтік, гуманистік, ағартушылық арнадағы туындылар еді.

Шәкәрім өмірінің есею жылдарында қалыптасқан қасиеттерінің бірі- өз бетімен білім өрісін кеңейтуі, бірнеше тілдерді: араб, түрік, парсы, тілдерін меңгеріп, қазына қорына еркін бойлап, осы тілдердегі шығармалардың кейбірін қазақ тіліне аудару өнерін игеруі екені айтқанбыз. Адамдардың сана-сезім мәдениетін көтеру, оқу өнерге ынталандыру мақсатымен Шәкәрім талай төл шығармаларымен қоса, басқа халықтар рухани байлығына бойлағанда олардан азаматтық ортақ, ұқсас ой жүйелеріне қанықты, дүниетанымы кеңейе түсті. Шығыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды. Пушкиннің «Дубровский» атты әлеуметтік-тұрмыстық романын, «Боран» повесін, Толстойдың жекелеген әңгімелерін қазақ тіліне өлеңмен аударды. Көршілес аралас-құралас болған орыс халқының тарихы ғылымы мәдениеті мен әдебиетіне деген көз-қарасы Дубровский аудармасының кіріспесінде тұжырымдалған. Революция бұрын Ш. Құдайбердиев қазақ зиялыларымен, орыс интеллигенциясымен жақын таныс, пікірлес болған, олармен бірге қоғамдық маңызы бар істерге араласқан. Мысалы, Императорлық Географиялық Орыс қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесіне Шәкәрім мүше болған. Шытырман қайшылыққа толы қоғам өмірінің қатпарына еркін бойлап, таланты шалқи түскен шақта Шәкәрім рухани тірегі – сүйеніші-Абайдан айырылды. сүйікті ағасы, ұстазының дүниеден өтуі оған қатты әсер етті. Енді ақынның айналасында ой-өрісі озық, дарынды адамдардың аз болуы, болса да бытыраңқы жүрген сәттерде Шәкәрім сынды ерен тұлға бір сәт қоғамнан бөлектеу болуға бел байласа, оның ешбір сөкеттігі болмасқа керек. Адамға, оның ішінде творчестволық ой адамына бір бір мезгіл тыныштық, өз-өзімен болу, ой-сезім дүниесіне бойлау, өмірден алған әсер – тұжырымдарды жүйелеу, содан барып талай көркем

шығармалар туатыны тарихта аз ба. Мысалы, ағылшын әдебиеті тарихында романтик адамдар Колдридж, Саути, Вудсворд қоғам өмірінен мүлде аулақ, табиғат аясында, тау, орман, өзенді жердерді ұзақ уақыт мекендеген, оларды «Озерная школа»-«Көл мектебі»деп атайды. Олар қаншама шығармалар дүниеге келтірген. Шәкәрім де солар іспетті. Өмірінің кейбір жылдарын ол өмір сұмдықтарынан аулақ, табиғат аясында тыныш өмір сүруге бел байлағанын неше түрлі саққа жүгіртіп, өсек-өтірік, жала жауып, тіпті, саяси өң беруге тырысу сол кезде де, кейін де болғаны әделетсіздіктің бір көрінісі еді [1, 45]. Сол кеселге қарсы Шәкәрім өзі былай деп жазған еді:

Кейбіреулер безді дейді елден мені-
Есалаң айтады екен сезіп нені.
Хақиқатты танитын бпта ми жоқ,
Ондайлардың сау емес анық дені.

Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалып,
Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып.
Елу бес жыл жинаған қазынамды
Оңашада қорытам ойға салып

Зорлық, зомбылық етек алған кездегі ел жайын суреттеу, жақсылыққа, әдеттілікке үндеу, білім – ғылым арқылы адамдардың сана – сезіміне, наным-намысына, іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына әсер ету, сөйтіп, қазақ ортасын жақсартуды мақсұт еткен Шәкәрім:

Алаяқ сұмдарға ерсең ,болмас жолың,
Қазығым-ау ,қазағым қайнар сорың.
Өнер-ғылым үйренсең,еңбек етіп,
Мазак болмай елдікке жетер қолың-

деп тұжырымдайды. Қазақ елінің ғылым мен мәдениет өріне көтерілуіне үлес қосуды көздеген ақын енді қауымға, қоғамға сөз өнерімен ықпал етуді көздегені оның «Ақындарға», «Ажалсыз әскер», «Ескі ақындар», т.б. туындыларында айтылған. Шәкәрім 1905-1906 жылы хажыға сапар жасап оралды [1, 68]. Бұл сапарды ол көптеп ойлап жүрген мақсаттарының бірі-Стамбул кітапханаларындағы асыл мұраларды оқуға, тарих тереңіне үңілуге пайдаланған. Алайда тыныштық жағдайда өмір сүріп, творчестволық еңбекпен алансыз шұғылдануына дұшпандары, бай қалдықтары, молдалар, ойы таяз белсенділер мүмкіндік бермеді. 72 жасқа қараған шағында Шәкәрім сол сұмдықтардан аулақ болуға, табиғат тышынтығы аясында өмір сүруге тағы өмір сүруге тағы да бел байлап, Шынғыс таулары бөктерінде оңаша тұрады. Оның қасында

өмір тауқыметін бірге көрген серігі Әупіш қана болған, оған арнап ақын «Серігім жалғыз Әупіш қасымдағы» деген өлең шығарған:

Серігім жалғыз Әупіш қасымдағы
Ертеден жолдасымсың жасымдағы
Таза жүрек ,ойында арамдық жоқ
Қайғымды сен ұғасың басымдағы..

Әупіштің үнемі қасында болуын адам еркін байлау сияқты сезінген Шәкәрім «ойласам, еркінді мен алдым неден, елге бар, рұхсат бердім ырзалықпен, қош, Әупіш, айырылысам сеніменен деп рұхсат етеді.

Сөйтіп бар серігі, өзі айтқанындай –қалам мен қарындаш, «Қажымайтын көрілік жеңгенше» бүкіл шаруаны өзі істеп, оңаша жүрген қарт Шәкәрім туралы қаныпезор ол бандиттермен сыбайлас есі ауған деген сияқты өтірік-өсек, қауесет-лақап таратып, оны түрмеге де жаптырады, алайда, оның бәрі жала екені анықталып, Бақанас түрмесінен босатылады. Өмірінің соңғы жылдары мен күндерін тауда жалғыз өткізіп жүрген жетпіс үштегі шәкәрім 1931 жылдың 2 қазанында дүниеден кеткен.

Зұлымның сұмның қолынан асыл адам қаза тапты. Қаныпезерлер оның сүйегін құдыққа тастайды, туыстары кейін мүрдесін тауып жерлеген. Кісі өлтірген жауыздар қылмыстарын бүркеу үшін оның соңынан неше түрлі жала жауып, қара қағаздар жазып шегелеп, Шәкәрім атын тарихтан өшіруге бар күштерін аямаған. Қанышерлерді жазалаудың орнына оларды қолдаушылар табылған. Өмір бойы ақ пен қара, әділдік пен зұлымдылық алысып келсе, сол зұлымдылықтың бір құрбаны Шәкәрім болды. Оның аты да, бай мұрасы да зұлымдық шырмауынан көпке дейін шыға алмады. Оған ұзақ жылдар бойы буржуазиялық ұлтшыл Алаш партиясының қызметіне, Совет өкіметін орнатуға қарсылар тобына –бай құлақ элементтерге қатысы бар делінген кінә тағылды, оның аты аталмайтын болды [2, 102].

1958 жылы ССРО-ның бас прокуроры Шәкәрімді толық ақтады. Онда Шәкәрім атына кір келтірген деректер жоқтығынан ақтағаны мәлімденді. Ш. Құдайбердиев атына кір келтіретін деректер жоқтығын, тазалығын растаған ресми мәліметке қарамастан, оның аты мен шығармаларын халыққа қайтаруға тағы да кедергілер кедесті. Бірақ, халық оны еш уақыт ұмытқан емес.

Шәкәрім творчествосының басым көпшілігі-поэзиялық шығармалар. Сөз өнерінің осы байырғы түрі-поэзияда, ең алдымен, адам өмірінің қат-қабат қыры мен сыры, қуат берер қуанышы мен қартайтар қайғысы, алға тартар арманы мен жетелер үміті, сәулелі

серпін туғызар мұрат-мақсаттары-баршасы көркем бояулармен, сан килы ою-өрнегімен көрініс табытыны хақ. Шәкәрімнің поэзиялық шығармаларының мазмұны да бай, сала, түрі де мол. Егер тақырыптық және жанрлық мазмұн тұрғысынан қарасақ, Шәкәрімнің поэзиясында азаматтық лирика да, философиялық лирика да, махаббат лирикасы да, табиғат лирикасы да бар, ода, элегия, сонет, тирихт баллад, халық өлеңдері түрінде жазылған шығармалар да кездеседі. Бұл жағынан Шәкәрім қазақ лирикасын айтарлықтай жаңғыртып, байытты, поэзия мәдениетін дамытты.

Шәкәрім өзінің өлеңдер топтамасының алғашқы басылымына «Қазақ айнасы» деген образдық бейне қолданғаны тегін емес. Бұл сөз өнері-өмір сәулесі, өмір суреттемесі деген ақынның биік те, терең философиялық әрі эстетикалық түсінік-ұғымның көрінісі еді. «Қазақ айнасы» ақын бұрын жазған өлеңдерін сұрыптап өзі жүйелендігімен, өзі бастырғандығымен де қымбат.

Шәкәрім ақындық міндетті биік келіп, өз кредосын ұсынған ақын:

Өлең айт дарын өрге өрлегендей
Сезімді қозғап ,тәтті ойды кернегендей
Жанды сөз бойды ерітіп ,маужыратып
Әлдилеп жыр бесігі тербегендей .
Үйірліп көкейіне ұйып жатсын
Тазартып жүрек кірін жуып жатсые
Қаңсыған шөл даланы қанықтырып
Жыр тасып дариядай құып жатсын

Шәкәрім мұрасында эпостық жанрдың бір түрі, белгілі бір оқиғаны өлеңмен баяндайтын, сюжетке құрылатын шығармалар – поэмалар елеулі орын алған.

Ақыл мен ақындық қуаты толыға бастағаннан Шығыста «Ләйлі Мәжнүндерді Батыста Ромео-Джульетталарды танып, іштей түлеген жаңа бір дүниелерді жарқ еткізсем деп құлшынған ақын сол кездегі ел аузында аңыз, ел көзінде елес боп жүрген дастан-трагедияға сұранып тұрған, өзіне бала жасынан қанық Қалқаман –Мамырға жабысты.

Қазақ даласының шыдығын тарихи тұғыдан да жақсы таныған Шәкәрім екі ғашықтың өмірлік трагедиясын бүкіл трагедиямен шебер жағастырды.

Ал бұл дастаннан кейін туған Еңлік-Кебек – Шәкәрім Құдайбердиевтің жаңа белесі, жаңа шыңырауы. Біз енді дүниеге ғашықтық үшін, ынтызарлық үшін ғана туған жүректері шұғылалы, ақ ниеттері аппақ, армандары раушан гүліндей таза, көктем көбелегіндей күнәсіз Еңлік-Кебекпен беттесеміз. Өздері де, өзара сөйлескен

сөздері де ағылып тұрған ән, төгіліп тұрған жыр секілді. Жастар әрбір оқырманның жан сырындай, өз киялы өз мұратындай сезіледі. Осындай ай мен күндей тоғысқан ғашықтар енді-енді ғана бірлесіп, өмір сүре бастағанда бұлар да суық, тастай қатал жауыздық аранына ұшырасады. Олқаталдықты біз бірде рушылдық, бірде байшылдық патриархалдық деп басқан қимылына қарсылық дұшпандық. Шәкәрім осы дұшпан топтың адамдарын даралап көрсетті. Олардың мінез-күлкын іс әректтерін бет –пішіндеріне, қасқыр қылықтарына дейін суреттеді. Біз әдеттері бұзық, салттары қисық, ойларына жауыздық-мейірімсіздік қана ұялаған, ұлын сатып құлдыққа қиятын шалдарының бетінен ұяты өшкен қолдарын адам қанына малғандар портреттерін көрдік.

Поэмада халық –ғашықтар тілектесі. Махаббат үшін өлімнен іркілмеген, ерлік шыңына көтерілген екі жас жұрт көзінде аңызға, әнге, жырлаған Шәкәрім ақынға қайран қаламыз, оларға қызыға, қызықтай қараймыз.

Еңлік – Кебекті өзінің атақты драмасына айналдырған, сол арқылы тұңғыш драмашымыз болып танылған Мұхтар Әуезов те Шәкәрім рухына қарыздар екенін ұмытқан емес.

Ләйлі-Мәжнүн Шәкәрімнің шығыс алыптарымен жарысқа түскенде көтерілген жаңа биігі, жаңа тауы десек те болады. Бұл тау қазақ даласына түгел көрінген қарлы шыңы, қара орманы, тасқын өзендерімен, барлық ғажайыптарымен көрінген бүкіл халқымызды қуанышқа бөлеген биік еді..

Физули, Низами, Науаиларды өз тілдерінде оқитын халықтардың дәрежесіне көтерілдік.

Сөйтіп, Шәкәрімнің басқа поэмаларына тоқтап жатпай-ақ, осы шығарманы алғанның өзінде, оның ақындық тұлғасы аса іріленіп, біздің поэзиямыздың тарихын да ірілендіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 Ш. Сәтбаева «Шәкәрім Құдайбердиев» Алматы – 1991 ж.
- 2 М. Мағауин, «Шәкәрімнің шеберлігі», «Жұлдыз» баспасы, 1988 ж, №10.

ЖҮРЕГІ ТОЛҒАН ЖЫР – ӘЛЕМ (ҚАЗАҚТЫҢ БАРД АҚЫНЫ ТАБЫЛДЫ ДОСЫМОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ)

МАҒЗОМҚЫЗЫ Л.

10 сынып оқушысы, Атырау қалалық мектеп-лицейі, Атырау қ.

ЯКУПОВА М. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-мастер,
Атырау қалалық мектеп-лицейі, Атырау қ.

*«Алтынның да алтындығын сынап Мыс.
Сені жоқтап жыр жазармыз... тынармыз.
Толағай боп тұмадым деп өкінбе,
Табыл болып туғаныңа мың алғыс!»*

Ш. Шыңғысов

Арада туып, аспанға қол созған қыр баласы Табылды Досымовты бүгінгі күнде оқырман қауым мәрт азамат, қамқор аға, адал дос, алты ішекті гитараға жан бітірген көрнекті композитор, әнші, біртуар бард ақын ретінде таниды. Оның сыршыл жырлары жүректерге жылу құйса, нәзік те нәрлі ән мәтіндері көңіл көгінде шырқалып жүргені шындық.

Поэзия әлеміне:

Ұнатады шында көңіл шырқауды,

Таулары жоқ төбемізден бұлт ауды.

Толағай боп туылмадым, әттең - ай,

Атырауға әкелер ме ем бір тауды, - деп «Биіктігімен» басып кірген хас талант нағыз дүлдүл шағында Жүмекеннің жасына жетпей, Мұқағали мен Жұматай ақындардың жасында көз жұмды. Бірақ оның өзі кеткенмен де артында өлмес мұра, әдебиетімізге қосылар нәзік әрі лирикалық поэзиясы қалды [1, 118 б.].

Ақынды көзі тірісінде тани алмадық, таныта да алмадық. Оны көкке көтере алмай, шағын ауылдың ауқымында қалдырдық. Алайда Табылдыны еске түсіргіш «Естеліктер» «Арнау өлеңдер» пайда болды. Көпті мойындату үшін тек қана көктен қарап тұрқ керек. Табылды енді іздегендерге көктен де, жерден де табылары анық.

Поэзия – парасат пен сұлулықты, адамның рухани жан дүниесін байытатын сұлу әлем. Осы сұлу әлемге талай нар тұлғалы адамдар келген. Соның ішінде қазақ жырының қарабурасы Мұқағали Мақатаев, өмірін өлеңмен өрген тарлан талант Төлеген Айбергенов, ойлы, сырлы жырларымен тебіренген Сағи Жиенбаев пен Тұманбай Молдағалиев, шабытпен жырлай білетін Қадыр Мырзалиев, ағыл –

тегіл ақтарылатын, қуатты, құштарлы өлең жазатын ақындарымыз Әділбек Абайділданов, Жүмекен Нәжімеденов, Өтежан Нұрғалиев, Мендекеш Сатыбалдиев, өрнекті өлеңнің кестесін тіккен ақын апаларымыз Фариза Оңғарсынова, Ақұштап Бақтыгереева, өршіл рухты Мұхтар Шахановтар болатын. Осындай ақындарымыздың арасында Табылды Досымовты да атауға болады [2, 28 б.].

Ал, Табылды дарынын ерекшелей түсетіні – оның жай ақын емес, қазақ халқынан шыққан тұңғыш бар ақындығында еді. Ол сөзін де, әнін де өзі жазып, оны тыңдармандарына гитарамен болмаса домбырамен жеткізетін абзал жан. «Қазақ үшін Высоцкий мен Окуджава сияқты бардтар бір төбе де, Табыл бір төбе», - десе жазушы Құлтөлеу Мұқаш «Орыс поэзиясында В. Высоцкийдің де «бард ақын» аталуы «бард» сөзінің ежелгі ұғымына, ойды беру стилі тұрғысынан сәйкес келеді. Ал, В. Высоцкий мен Табыл поэзиясын бір – біріне ұқсас, жақын етіп тұрған сөздерге жаңа мағына жүктеу, ерекше мінезді тіркестер, асау ой», - дейді Ж. Балтоғаева.

Ал, бард дегеніміз кім десек, оны Табыл ақынның өз сөзімен жауап беруге болады. «Бард- біздіңше, жырау. Демек, бұл өнердің қазаққа да жаттығы жоқ. Бардизм партугал халқының гитарамен айтылатын жеңіс жырларынан бастау алса керек... Жалпы, халыққа жеткізгісі келгенін әуенмен беру бізде бұрыннан бар деп айтуға болады. Сонау ғасырдан - ғасырға асып жеткен жыраулық дәстүрімізде өткеннен мұра болып қалған айтыс өнерінде де өрілген өрнекті сөзді әуенмен жеткізу бар. Сондықтан бард – қазақтан алшақ ұғым деп айта алмаймыз. Айырмашылық – тек аспабында ғана. Қазақтар домбырамен, қобызбен сүйемелдесе, нағыз бардтық шығарма гитарамен айтылады.» [3, 37 б.].

Әрине, Табылды Досымовтың қаламы ұшқыр, өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасымен танылған ақын екені дау тудырмайды. Табылды ақынның табиғи ақындық қуаты, суреткерлік қасиеті ешкімге ұқсамайды. Оның көзі қырағы, қиялдағыны шалады, қиырдағаны көреді. Өйткені Табылдың өзіне ғана тән майда қоңыр үні, әрі өлең – жырлары бірдің емес, мыңның, тіпті миллиондар жүрегінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Оның батыстың бұйра жалды құмдарындай бірегей бейнесі, өзі айтпақшы, аспанға ғана қол созатын қыр баласына тән бекзат болмысы халқының жадында мәңгілік қалмақ.

Ақын қазақ халқының көкейіндегі ащы шындық пен сан алуан сырды жыр ғып көрді. «Замани зар» төкті, «Биіктікке» ұмтылды, «Мен қазақпын» деп жанаша жырлап, «Табылдың әнін» салды, өзінің ерте кетерін іштей сезгендей, Марат Отаралиев, Бауыржан Үсенов секілді рухтас достарымен сырласып, түсінде ылғи «Сәйгүлікке» қол созды.

Табылды Досымов шығармаларының биік шыңы – оның лирикасында. Ақынның терең де мазмұнды, көркем суретті, әдемі ұйқаспен жазылған лирикалық туындылары халықтың көпшілігіне қатты ұнайды және сүйіп тыңдайды [4, 5 б.].

Ақын лирикасының негізі – адам жанының нәзік сезімі, ақ сөйлейтін адалдығы, жақсы адамдарға тән жайдары мінезі болып табылады. Міне, осындай қасиет Т. Досымов поэзиясынан табылып отыр.

Туған жер, ел, атамекен туралы көп толғанатын ақын сол жерді мекендеген халықтардың тілі мен ділі, тарихы жөнінде тебіренеді.

Туған жер жайлы ойлар-ақын махаббатының ұйтқысы, ақынның мақтанышы. Ол Отанын шынайы сүю арқылы сол ұлы өнердің перзенті болғанына мақтаныш сезімін паш ете жырлайды. Ақын тек өз жүрегіндегі сезімді жырлап қана қоймай, өзгелер жүрегіне сүйіспеншіліктің алтын дәнін сепкендей. Ақынның туған жер тақырыбында жазған өлеңдері - шынайы махаббаттың, перзенттік адал жүректен шыққан сезімнің әсем үлгісі. Суреткер мен оқырман арасын байланыстырып тұрған алтын арқау да осы шынайылық, адамдық, жұртшылықтың эстетикалық-көркемдік талғамы дәрежесінен шыға білуі болса керек. Ақын Табылды Досымовтың туған жер тақырыбын қозғаған өлеңдері-жан сезімімен суарыла шыққан, оқырманның эстетикалық сұранысын қанағаттандыратын сөз келісімі. Ең бастысы-оқырман жүрегіне не ізгілік нұрын сеуіп, Отан алдындағы азаматтық парызды сан мыңдаған жүректерге жеткізе білуі. Атамекенін аңсаған ақын, Отанын ардақ тұтқан азаматтық шынайы сезім сәулесі оқырманын баурап алып, рахат сезімге бөлейтіні сөзсіз [5, 7 б.].

Ақынның «Әулет диалогы « бұл қазақ өлеңдерінде диалог - сұхбат ретінде ойды қаз - қалпында берудің жаңа стилі.

Мен даурықтым: «Жатырмыз қайта құрып!»

Ұлым күлді: «Кетпейік қайта құрып!»

«Әулет диалогы « - ұрпақ диалогы деуге де болады. Өйткені астарлы оймен жеткізген бұл өлеңінде ұлт тағдыры, тарихи кезең көріністері және әрбір жолы жеке бір тақырып екенін көреміз. Әрбір ақын толғанып жырлап кеткен, «тіл мәселесі де» ақын жырларынан айқын көрінеді. Әлі күнге шеше алмай жүрген тілімізге деген құрметті Андрей досына арналған балладасында:

«Ана тілім айналғанда арыма,

Андрей дос, бір сөз айтам тағы да:

Қазақшаны атаң құсап үйренсін,

Осыны ескерт орыс қандастарыңа! «- деп бір ауыз сөзбен түйінін береді. Иә, басымызға түскен небір қиындықтарды жеңіп, Тәуелсіздігімізге қол жеткізген шақта, мәртебеге ие болған тілімізді тек қазақ азаматы емес, сонымен бірге, бүкіл Қазақстан Республикасында тұратын өзге ұлт өкілдері де білуі тиіс екенін шынайы суреттейді [6, 4 б.].

Бүгінгі күнде елімізге тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Әріні айтпағанда Желтоқсан оқиғасыныңөзі неге тұрады. Табылды Досымов желтоқсанда жанын жалау етіп, алаңға алаңсыз шыққан жастардың бірі, күнікеше біреу біле берсе, біреу біле бермейді. Бардақынныңдосы Бижан Қалмағанбетовтың айтуынша, Табылды ақын көз тірісінде кеуде соғып еш жерде тіс жарған емес.

1986 жылғы Желтоқсан ызғары шаттанып қуанса да, қайғырып, мұнайса да жүрегінде мұз болып қатып, жан дүниесін сыздатып өтті. Ойы оңға бөлініп, санасы санға сөгіліп, миы мұңға желінді. «Мен - қазақпын!» деп, сол бұлғақта күйзелген қазақ жастарын жұбатқан Жұбан Молдағалиевша жаңғыртты, өксік толы өзегін жарып шыққан шиыршықатқан шымыр әуенге жыр ғып қосты:

Мен қазақпын,

Жүрегімде шырылдаған шындықты

Жасқамандар шокпармен!...

Желтоқсандағы қантөгістен соң Табыл нағыз ұлтжандылық сипаттағы, қазақы - патриоттық сезіммен халқыныңжырын жырлайтын терең түйсікті, биік ойлы шығармаларын дүниеге әкелді. Ақын өлеңдерінің сазы -салмақты, сөзі-қорғасын. «Қазақ едім дегенше» атты ащы мысқылы нені меңзеп отырғаны да белгілі.

Қазақ едім дегенше, құсалықпын десеңші,

Тұзағына талайдың тұсалыппын десеңші.

Сәкен, Ілияс, Бейімбет –үш арысты бір түнде,

Арамыздан ап кеткен «Үш әріппін» десеңші, - деп ақын көркем ойды жүйелей дамыту арқылы өз шығармасына қазақ тарихының трагедиясын жинақтаған [7, 6 б.].

Тау тұлғалы Табылды Досымов ұлттық мақтанышымыз екенін мойындаймыз. Құдіретті ақынға көзі тірісінде көрсетілмеген құрметтің, берілмеген сый-сыйпаттың орнын толтырудың бір жөні бар. Ол-ақынның қисапсыз рухани қазынасын ұлт игілігіне асыруға асығу керек.Өлмес өнері-өлеңімен жалпақ елінің жүрегінде жол тауып, бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне бөленген ақынның ұрпаққа ұран болған жырларын елі де ешқашан есінен шығармасы анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 З. Ахметов «Өлең сөздің теориясы» А., «Мектеп» 1973 ж., 118 б.

2 З. Қабдолов «Таңдамалы шығармалар» А., «Өлке» 2004 ж., 28 б.

3 Күзембай Әмір «Келеді көктем» А., «Арыс» баспасы, 2010 жыл, 37 б.

ГАЗЕТТЕГІ МАҚАЛА:

4 «Нарын таңы» газеті. Ж. Даулетияр «Көктем болып жеткен жырлар» №18, 30.04.2009 жыл, 5 б.

5 «Мұнайлы Астана» газеті. Асан Қасан «Әлемі әдемі Әміров» №38 (582), 17.09.2014 жыл, 7 б.

6 «Мұнайлы Астана» газеті. «Көктеммен көңілім де тұр жаңарып» №09 (291), 26.02.2009 жыл, 4 б.

7 «Нарын таңы» газеті. Еркін Сары «Күзембай аға» №52(3589), 27.12.2012 жыл, 6 б.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ӘҢГІМЕЛЕРІ – АУЫЛ ӨМІРІНІҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ

РАХМЕТОВА Л. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВ Н.

II «А» сынып оқушысы,

Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар қ.

Қалам қызметіне ерте (1912 жылдан) араласқан Майлиннің ширек ғасыр ішінде жазған таңдаулы поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалары біздің бүгінгі сөз өнерімізге қосылған қымбат қазына.

Қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі жанрларының қалыптастырып, дамытуға сіңірген ерекше еңбегін, бүгінгі қазақ аулының жаңа тарихындағы жиырмасыншы – отызыншы жылдардың көркем шежіресін жасауда атқарған айрықша қызметін өз алдына қойғанда, Бейімбет Майлин өзінен кейін қолына қалам ұстағандарға анық екі қырымен берді. Сандақ суреткер өлшеулі ғана шығармашылық ғұмырында өлшеусіз еңбек сүйгіштігімен «жаушылық – жазу, жақсы жазу, жақсы жаза алсаң, қалам құрғатпай жазу» екенін тынымсыз іс-әрекетімен қолма – қол дәлелдеп кетті. «Әңгіме – шеберлік мектебі» деп Федин айтқандай, құдіретті зергер әрі қысқа, әрі нұсқа новеллалары арқылы шын мәніндегі әдеби шеберліктің мектебін

ашып, осы жанрдағы шынайы, тап-таза, мөп-мөлдір реализмнің үлгісін көрсетті.

Қараңғы ауылдағы әлі де шырышы бұзылмаған ескілікті, алуан түрлі әділетсіздіктерді көріп, білімі тайыз, саяси тәжірибесі шағын жас ақынның аз уақыт жете түсіне алмай, толғанған, тосырқанған, тіпті, кейде: «Бұл қалай?» - деп, күдер үзіп, торыққан да жайлары болады. Бұл ретте сол кездегі ұлтшыл интеллигенцияның да азын - аулақ әсері болуы ғажап емес. Бірақ ондай сезімдер мен әсерлерден ойшыл ақын, қайтадан өзінің бастапқы сарқылмас қайрат, талабына мінеді, мойымас мықты сенімінен енді еш қашпайды. Ақынның жиырмасыншы жылдардағы шығармалары оның қаламының жылма - жыл төселіп, талантының ұдайы өсіп отырғанын көрсетеді. Тақырыбының ұлғайып, сарынының молайып, ақындық үнінің барған сайын күшейе түскенін аңғартады.

Көркем прозадағы тұңғыш туындысының өзі бірден классикалық үлгіге айналған Бейімбет Майлин өзіне туа біткен, табиғат сыйлаған суреткерлік талант құдіретін сөз өнерінің осы саласында, шынында да, айта қалғандай ғажап күшпен танытты. Сөйтіп, өзінің айрықша қалам қуатын осы жанрды қалыптастыруға жұмсады, өзгеше өрнегін осы жанрға төкті, үздік шеберлігін осы жанрда көрсетті. Әсіресе ол әрі қысқа, әрі нұсқа новеллалары арқылы қазақтың Чеховы атанды.

Бейімбет Майлин қалам қызметіне арналған бас - аяғы жиырма шақты жыл ішінде жүзге тарта новелла жазған және бір қызық жері – өлеңдерінен поэмаларын ажыратпағаны секілді, әңгімелерінен повестерін де бөле қарамаған. Мәселен, «Шұғаның белгісін» автор әңгіме деп атаған. Тіпті, бөрінен ұзақ «Қырманда» повесінің өзін «повесть» демей, бір мың тоғыз жүз отыз үшінші жылы, «бес - алты баспа табақтай әңгіме бітіріп беремін» - деп жазды. Бұл әңгімеде көшпенділермен бірге колхозға кіріп кеткен қылмысты байлардың ашылғанын, олардың қырманмен бірге тазарғанын көрсетпекпін». Демек, оның бүгінде орта көлемді эпикалық түр ретінде талданып жүрген он - он бес әңгімесі әрқайсысында қамтылған оқиға көлемі мен мазмұн тереңіне лайық, идеялық салмағы мен көркемдік сапасына сәйкес өзінен - өзі повесть деңгейіне секіріп шыққан. Бұл да суреткер шеберлігіне саятын шарттылық.

Бейімбет Майлин қазақ прозасына хан - қазына болып қосылған ең таңдаулы әңгіме - повестерінің қай - қайсысында болсын, шындықты оқырманға күр түсіндірмеген, түйсіндірген өмір туралы жай сөйлемеген, сөзбен сурет салып бейнелеген.

Мәселен, «Сексен сом» атты әңгімеде бас кейіпкердің кедей екені айтылмайды, көрсетіледі. «Егеубай ертеңгі шайын ішіп тысқа шықты.

Жапырайған қорасының құлап жатқан бұрышы көзіне шалынды. Темір күрегі алып, құлаған шомды үйе бастады. Албарда тұрған көк шолақ ат, күректің тықырымен Егеубайды танып, жем іздеп оқыранып қойды». Осылар жай сөз емес, жанды сурет. Егеубай тысқа шығып еді, көргені – жапырайа құлаған қора, мал дегенде көзге ілінгені – жалғыз ат, үйге кірсе – қатыны Егеубайдың тозған киімін жамап отыр, естігені қатынының «Осы үйде бүтін бір түйір шай жоқ» деген сөзі. Оқырманға осы түйсіндіруден артық қандай түсіндіру керек?

Үй басына сексен сомнан салық салып, жинауға келгендердің ел ішіндегі пұшайман халі Егеубаймен екі арада болған мына диалогтан ап - анық аңғарылады. - «Қане, отағасы, ақша шығарыңыз», деді кара бұжыр.

- Ойбай, шырағым, ақша жоқ!

- Ақша жоқ деген не сұмдық? Біз ондайды есітпейміз!

- Не көрмеген көктұқыл дейсің, жалтаруын қарашы, - деп, жолдасы күңкілдеді.

- Отағасы, ақша тап!

- «Қарағым – ау, соқыр тиыным жоқ, жерден қазайын ба?!»

Ақыры бұлар қоймайды, ақша орнына Егеубайдың көк шолағын тартып әкетеді. Осы арадан әңгіме дереу аяқталады да, автор айтар идеяны тағы да «саусақпен нұсқамайды» өзінен - өзі мына көріністен келіп бірақ шығады: «Егеубайдың қатыны екі көзді жаспен бұлап тұр еді:

- Құдай - ау, енді қайда барып күн көреміз?!»

Жоқ, күн көреді. Кедейді тағдыр ылғи зарлата бермейді. Заман жаңарады, адам өзгереді. Ауылдағы ескі мен жаңаның арасындағы күрес толассыз. Әділдік пен жауыздық әрқашан айқаста. Бірақ әйтеуір ақиқат біреу: жамандықты жақсылық, жауыздықты әділдік жеңеді. Осы диалектика әр әңгіменің динамикасына көшкен. Майлин мұрасымен мирас боп ауысар тағы бір өнеге – суреткердің осы шеберлігі. «Кедей теңдігі» – қысқа, бар болғаны үш-ақ парақ әңгіме. Осында Бұқабай деген кедейдің ұзын өмірі үш кезеңде, үш түрлі сипатта және ылғи ғана қозғалыс – өсу, өзгеру үстінде суреттеледі. Он жетінші жылы «үсті - басы далба - дүлба, қолы тілім - тілім бұжыр қара» Бұқабай бұлықсыған Кәрім мырзаның мазағына көніп, оның әкесі Қауқынбайдың тепкісіне төзіп жүрген бейшара малай болатын. Жиырма екінші жылы да «қаяу, үстінде шокпыт - шокпыт шапаны бар, иығында жамаулы қап», бірақ бұрынғыдай бұйығы, ынжық емес, біраз пысқан. «Қазынадан үн келген екен, өзім барып алмасам. Кәрім секілділер жеп қойып, бос қалатынмын», - деп қутың - қутың етеді. Енді мырзаны малай сықақтай бастаған. Ал, жиырма үшінші жылғы сайлауда Бұқабай

өзін «пәлен жыл құлданып отын - суын тасытқан Қауқынбайдың мырзасы Кәрімді» азатталған кедейлер арасынан аластап, жиналыстан қуып шығады да, өзі көптің қалауымен ауылнай сайланады. Осының бәрі күшті логикамен өрбіп, қоспасыз шындық қалпында шынайы көрсетіледі. «Айранбай» - терең психологиялық әңгіме. Мұнда қашан көрсең де, көйлексіз, жеңсіз күртеше тонды жалаңаш етіне киіп алып, қабағы бір түрлі тұнжыраңқы, әлдеңеге кейігендей, әлдекімді түтіп жеп қойғандай болып отыратын» Айранбай етікшінің өзімен аталас Кемелбай - шонжарға тәуелділіктен біржола бас тартып, енді «қазына асырайды» деп «коммунисте жазылғаны», сөйтіп, кедейдің тұрмысы тұрмақ, санасы қалай «революцияланғаны» бұрылтпас психологиялық дәлелдермен аса нанымды суреттеледі.

Осы секілді шебер жазылған әңгімелердің бірі – «Арыстанбайдың Мұқышы». Бұл да шап - шағын, бас - аяғы төрт - ақ бет. Сөйте тұра, осының өзі – кішкене әңгімеге үлкен шындық сыйғызып, ол шындықты шындап қана қоймай, тастан қашалғандай тип, мезгіл мінезіне суарылған характер арқылы шегелей білудің үлгісі.

«Төртбақ, тек көз, шалбар бет қараны көрсең, бұл Арыстанбайдың Мұқышы екенде де, қой. Мұқыш екенін сездіруге өзі де құмар, қызмет басындағы адамды көрсе, шырғалап соның маңынан шықпайды. – Жақсы келдің, шырағым, сені көруге құмар болып отыр едік, - деп, өзіңе жастық қоя, сені мақтай сөйлейтіні де бар.

- Кеңес үкіметінің жұмысына қасық қаным қалғанша дайынмын!» - деп белсенділік көрсететіні де бар. Онда да түсіне алмай томырықтық істесең: - Арыстанбайдың Мұқышы дейтін белсенді кедейің мен боламын! –деп төсін қағып қоюдан да тайынбайды. Осының бәрін жаудырса, «Мұқыш осы екен ғой», - деп, өзің де қоя қоясын». Әңгіме осылай басталады. Басы артық бірде - бір бөгде сөз жоқ. Сондықтан ықшам, жинақы. Бастан - аяқ солай. Әр сөз өз орнында, ойнап тұр. Портрет қандай дәл: «төртбақ, теке көз, шалбар бет қара». Ежірейген мықыр Мұқыштың сырт кескіні оқырманның көз алдына дір етіп тұра қалады. Одан әрі Мұқыштың ұрынып - берінген жабысқақ құлқы мен кимылы суреттеле бере, «қызмет басындағыларды» әбден ығыр қылған екі - үш ауыз үйреншікті жел сөзі келтіріледі: «сені көруге құмармын», «жұмысына дайынмын», «белсенді кедеймін». Бәрі өтірік! Шынында, Мұқыш – әкесі Арыстанбай секілді, күні кешеге дейін «осы ауылды бір шыбықпен айдап келген» атқамінер, қу, елжегіш паракор; бүгінде «колхоздан шыққан, жеке шаруа». Баққаны – өсек, ғайбат, іздегені – пәле, жанжал, жұрт арасына ірткі салып, біреуді - біреуге соқтығыстырып, атыстырып –шабыстырып

жүрген сойқан, жалақор, бұзық. Мұндай алаяқ әр тұста да, әр ортада да бола беретіні мәлім. Соның өз кезіндегі бір типтік түрін Бейімбет осылай орасан шебер мүсіндеген. Мұқыш – мықты образ. Майлиннің прозасы, негізінен, ауыл өміріне, оны түбірімен өзгертіп, қайта жасамақ болып өңін айналдырып бара жатқан беймаза мезгіл мінезін бейнелеуге арналған. Мұнда да бас кейіпкер кедей, басым тақырып – кедей тағдыры. Жазушы өзі таныған адам кескінін де, заман келбетін де өзгелерге тек осылар арқылы көркем жинақтап танытты. Сайып келгенде, «Бейімбет Майлин шығармашылығы- дәуіріміздің күнделік жазбалары секілді» (М. Әуезов) көрінетіні де «Бейімбеттің бір жылғы әңгімелерінің басын қосып, жинақ жасаса, олар үлкен кезеңнің сырын да, сынын да сипаттайтын роман тәріздес» (С. Мұқанов) болатын себебі де сондықтан. Осы тұжырымдардың дәлдігі, яғни Майлин мұрасы дұрысында да өз дәуіріндегі өзекті шындықтың көркем шежіресі. Жазушыдан қалған мұраның мирасқа айналуы – сөзсіз.

Бейімбет Майлин лексикасында теңеулер, эпитет, метафоралар мол. Әрбір қимыл, әрбір көрініс, әрбір құбылыс жалаң берілмей, үнемі тапқыр теңеу, ұтымды эпитеттер арқылы келеді және Майлин теңеулерінің барлығы дерлік халықтың ұғымына қонымды, оның тұрмысында, әдетіне, ғұрпына байланысты жатады. Өйткені, өз халқымен біте қайнасып, бірге өскен ақынның басқаша жырлауға, халық ұғымына қонымсыз теңеуді, сөз нақысын, ой өрнектерін басқаша беруі де мүмкін емес. Эпитет, теңеу, метафоралары қай - қайсысы болмасын, кейбір натуралистік жайларын былай қойғанда, ақын бұқара халықтың эстетикалық сезімінің жеткен биігі тұрғысынан шығып отырады. Сұлулық, әдемілік сол ақын өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаның ұғымы тұрғысынан беріледі.

Бейімбет Майлин – аса ірі талант иесі. Ол қазақ әдебиетінің барлық жанрында үлкен еңбек сіңіріп, осы әдебиеттің негізін салушы, үлкен тірегінің бірі болды.

«Бейімбет Майлин еңбектері жаңа өміріміздің шежіресі еді, биік белесіне енді шыға бергенде үзіліп кетті» - деп, Ғабит Мүсірепов айтқаны шындық.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

- 1 С. Қирабаев «Революция және әдебиет» Алматы «Жазушы».
- 2 Прозашы ақын. Бейімбет Майлин туралы естеліктер. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1994 жылы.

3 Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы, 1981 жылы.

4 Бес томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы, 1983 жылы.

5 Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1969 жылы.

6 Қаратаев М., Нұртазин Т., Қирабаев С. Қазақ совет әдебиеті. – Алматы, «Мектеп» баспасы, 1968 жылы.

7 Қазақ поэзиясының Құлагері. // Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1970 жылы.

8 Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1976 жыл.

МАЙ ЕЛІНІҢ ӨНЕРІН ӨРІСТЕТКЕН – ТҰЛҒА

САРСЕНБАЕВА А. К.

оқушы, А. Иманов атындағы ЖББЛМ, Баскөл ауылы

ХАЙРУЛЛИНА М. Д.

жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Баскөл ауылы

*«Мәңгі бұлыт тұрмас сенің басыңда,
Өмір көркем, өмір қызық расында.
«Қыс артынан жаз шығады» ақиқат.
Жаныңдағы жақсылықты жасайрма!»*

Ғ. Сапаров

Жыр әлемінде өз ойын, өмір шындығын көркем тілде ақындық биік тұрғыдан тұтас шеберлікпен жырлау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл тек шабыты жоғары, өзін жыр жолына арнаған үлкен таланттың ғана қолынан келеді. Сондай таланттың бірі – Кереку өңіріне танымал Сапаров Ғабит Көпжасарұлы 1959 жылы 11 маусымда Семей облысы Бесқарағай ауданы Өндіріс ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1969 жылдан Павлодар облысы Май ауданында тұрды. 1974 жылы Жалтыр сегіз жылдық мектебін, 1976 жылы Белогорье орта мектебін аяқтады. Бір жыл «Жалтыр» совхозының құрылыс учаскесінде жұмысшы болды. 1977 жылы Семейдің Н. К. Крупская атындағы пединститутының филология факультетіне түсіп, 1982 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. Содан кейін Жалтыр мектебінде, клубында, мәдениет бөлімінде, «Шамшырақ» газетінің редакциясында қызмет атқарды. 1993 жылдан Баскөл ауылындағы А. Иманов атындағы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

болып жұмыс істеді. Қазіргі таңда жоғарғы санатты ұстаз «Жігер» балалар мен жасөспірімдер клубында қызмет атқарып жатыр.

Ғабит Сапаров – аудан және облыс жұртшылығына, облыстық және аудандық газет оқырмандарына жақсы танымал ақын. Ертістің Павлодар өңіріндегі өлең өлкесінде өзіндік алатын орны бар. Ғабит Сапаров облыстық «Сарыарқа самалы» және біздің аудандық «Шамшырақ» газетінде бірнеше өлеңдері жылдар бойы жарық көріп келеді. Оқырмандарын жырларындағы ойлығымен, сөз тартымдылығымен тартып алады.

Ғабит Сапаров – жұртшылыққа талантымен танылған ақын, облыстық, облысаралық айтыстардың жүлдегері, Павлодар облысы қаламгерлері І байқауының Жаяу Мұса атындағы сыйлығының иегері. Өлеңдері аудандық, облыстық, республикалық газеттер мен «Жұлдыз», «Абай» журналдарында жарияланған.

«Өмір өлшенбейтін өміршең құндылық. Ол екінің бірінің басына қона бермейтін бақыт. Талант – тәңірдің сыйы. Өнер – өмір. Өлең – өмірдің шуағы. Әлемді түрлі қиыншылықтардан иман мен поэзия құтқарады» депті бір ойшыл. Қойнауына қасиет пен құт дарып, шаңырағына өлең түнген өлке – Май елінің өнерін өрістетіп, оған өзіндік қолтаңбасын қалдырумен келе жатқан ұстаз Ғабит Көпжасарұлы Сапаров өлең өлкесіне сонау 70 жылдардың басында қанат қақты.

Көптеген өлеңдерінде шынайы шындықты өзек еткен. Ол көбінесе, қысқа да нұсқа жазады, айтар ойын анық, ашық, жұмбақтамай айтады. Бір ерекшелігі, ол ел ішіндегі еңбегі сіңген азаматтарға жыр арнаған. Бұл өлеңдері өзіндік көркемділігімен, қарапайымдылығымен қуатты да тартымды. Орынсыз пәлсапаға бой ұрып, ақыл айтып кетпейді, «Күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарамын» деп Мұқағали ағамыз айтқандай, қазақтың қарапайым сөздерімен өлең жолдарын өрнектеп, оқырмандарына тұшымды жеткізе білді.

Ақын өмірдің бар құбылысына қалам тартқан. Соның ішінде табиғат, туған жер лирикасы ақынның арналы тақырыптарының бірі. Әркімнің туған жері – жерұйығы дегендей ақынның шығармаларынан туған жеріміздің таңғажайып табиғаты анық көрініп тұрады. Табиғаттың әдемі сұлу бейнесі ақын жырында жай суреттеле салмайды, онда адам мен табиғат арасындағы нәзік байланыс философиялық таным тұрғысынан талданып, ерекше шабытпен жырланады. Табиғаттың әрбір сәтін көңіл-күйімен үндестіріп, сол табиғатқа жан-тәнімен сіңіп кететін ақын жанының жаратылысқа деген ынтықтығы әдемі тіркес, астарлы сөздермен, нәзік те сыршыл тұспалдаулармен өріледі.

Құраманың елі – дархан, жері – бай,
Тайдай тулар балығын – ай, көлін – ай!
Асан Ата беріп кеткен батасын,
Сол батамен көгеретін ерім – ай!
Туласын, туласын балықтары,
Сөнбесін, сөнбесін жарықтары!
Әніміз аққудай қалықтасын,
Аспанда құс болып шарықтасын!.. дей келіп, өзінің туып – өскен, кіндік қаны тамған жерін өзінше түйсініп, өзінше өн-жырға қосады. Туған халқын, өз елін іңкәр жүрекпен сүйген ол:

Баскөліме ертеден-ақ бақ қонған,
Адамының пейілі де ақ болған.
Не көрсе де, көппен бірге көрген ол,
Азаттыққа елмен бірге шаттанған!
Үштен бірі-ақ аман келген соғыстан,
Жойқын жаумен жолбарысша алысқан...
Бүгін, міне, бәйге аттары жарысқан,
Жас жүректер су басында табысқан!

Мұнда лирикалық кейіпкер – ақынның көз алдында бала кезден таныс ауыл – аймақ, өскен өлке көріністері, құстар сайрап, маз болған жазғы орман, көлшік суларда ұшып қонған қаз – үйрек, суда шаттана жүзген балықтары т.б көз алдына қаз – қалпында тізіліп өтіп жатады. Әрі өзіндік сипатымен тартымды өрнек – суреттерге айналады. Күннен ыстық не бар, туған жерден қымбат не бар!? Ақынның өзі туып-өскен жеріне деген кіршіксіз, адал махаббаты көптеген өлеңдерінде айқын аңғарылады.

Ғ. Сапаровтың кеңестік кезеңде жазған «Ақ қан» атты поэмасы қазақ поэзиясындағы Семей ядролық сынақ полигонының зардабын әйгілеген алғашқы әдеби шығармаларының бірі болып табылады...

08.07.1989 жылы Баян жерінде өткен Қ.Сәтбаевтың 90 жылдығында айтылған беташар-таныстыру өлең.

Ассалаумағалә икүм, Баян халқы!
Ежелден сен түсіндің сөздің нарқын.
Келдім бе жер жаннаты – Баянауыл,
Көлің-күміс болғанда, тауың – алтын.
Ауаң жұпар ашады жан сарайын,
Бойынды сергітеді суың салқын.
Тауларың-шөгіп жатқан түйелердей,
Түскенде қою түнің қара барқын.
Жерінде Қаныш, Шәкен, Қанекеннің,

Азырақ топ алдында көрсем шалқып.
Қанша жыл ауымызды буып келді,
Шындықты өтірікпен жуып келді.
Қаныштай асыл шыққан ардагерді,
Көп күзғын шырақ алып қуып келді.



Сурет 1

1988 жылы Мәшһүр Жүсіп атамызға арналған облыстық айтыста (Қанат Шайғазинмен) алғаш рет полигон тақырыбын қозғады. Май ауданы тұрғындарының рақ ауруынан қынадай қырылып жатқанын тұңғыш рет тілге тиек етті. «Америкада «Невада» қозғалысы бар, бізде неге сондай қозғалыс болмайды, әйтпесе Мәшһүр Жүсіп кесенесі неге салынбайды, оған неге Маңғыстаудың тасын әкеп пайдаланбайды» деген сияқты проблемаларды қозғады. Кейіннен осы айтылғандардың барлығы жүзеге асып, Олжас Сүлейменов бастатқан «Семей - Невада» қозғалысы құрылғаны, 1991 жылдың 29 тамызында Қазақстан Президентінің жарлығымен Семей ядролық полигонының түпкілікті жабылғаны, Мәшһүр Жүсіп бабамыз мәңгілік байыз тапқан Ескелді мекенінде зәулім кесеңе тұрғызылып, оған Маңғыстаудың тастары пайдаланылғаны баршаға аян. Павлодар қаласында өткен республикалық айтыста (Семейдің Ақсуатынан келген Сембай Жансақовпен):

- Бос сөзден кейбір ауыз босамайды,
Өтірік, жалған сөзді тасалайды.
Зиянсыз болса егер жарылыстар,
Апарып Мәскеу неге жасамайды? – деп те айтқаны бар.



Сурет 2

«Невада – Семей» қозғалысы құрылып, Алматыдан ақын Олжас Сүлейменовтың айбынды дауысы қазақ сахарасына жеткенде, қолына дәптер алып, қозғалысқа қолдау көрсетуге ауданымызда алғаш дауыс жинаған да осы Ғабит Сапаров ағамыз болатын. Қасында үзеңгілес серіктері Серікбол Әукенов (қазір Павлодар қаласында тұрады), Нұрлыбек Сафин (қазір Алматы қаласында тұрады, «Таң - Шолпан» журналының қызметкері) болған еді. Осы қозғалысты қолдау жөнінде қатты-қатты сөздер айтқаны үшін сан рет жұмыстан қуылып, ел аман, жұрт тынышта ауыр азап шеккені де шындық.

Жыр дариясы жиһан кездіріп, қилы-қилы тағдырлармен табыстырып, сан қиырға саяхат құрғызады. Өзінің баяндауына сүйенсек өлең жазуға деген қызығушылығы б-сынып оқып жүргенде, әдебите мұғалімі шығарма жазу тапсырмасы ерекше әсер еткен. Берілген тақырыпта шығарма жаза отырып, өзіндік өлең шығару қабілеті көрінген. Осы кезден бала ақынның қабілетін шыңдай түскен іздену қабілетінің арқасында бүгінде Кереку өңіріне танымал ақын атанып отыр. Ғабит Сапаров - талант иесі десек те артық болмас. Оның өлеңдерін қызығушылықпен оқитын оқырмандар саны арта түсуде. Үзінділер тыңдаушысын рухтандырады. Сөйтіп өзін де, өзгені де, авторын да биіктетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ғабит Сапаров «Жұлдыздар, маған қарандар» жинағы.
- 2 Ғ. Сапаров. Қозғалыс қарқыны неге бәсең? «Невада-Семей» полигоны. «Шамшырақ» газеті 1989 ж.
- 3 Б. Ескендіров. Құрметке лайық тұлға. «Шамшырақ», «Ұстаздар» газеттері. 2018 ж.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

ТҰРАРОВА Т. Е.

II сынып оқушысы, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

ИДРИСОВ А. Н.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Ұлтымыздың ең ұлық мұраты - тәуелсіздік тұғырына қонғалы бері халқымыз кешкен тарихи оқиғаларға және сол ел шежіресін жасауда ерен еңбек еткен, жұртын өрге тартқан тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан баға беріле бастады. Соның табысты нәтижесі боларлықтай тарихымыздың тынысын бағамдарлық татымды шаруалар атқарылуда.

Жауынгер, батыр, жазушы Бауыржан Момышұлы – алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да данышпан, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған айбынды азамат [1].

Алаштың аты аңызға айналған аяулы перзенті Б. Момышұлының асыл аруағына тағзым етіп, атын ардақтағанда біздің ойымызға оның елі үшін еткен ең ересен еңбегі, ең қасиетті еңбегі – әдеби еңбектері алдымен оралады. Бауыржан Момышұлы – соғысты өз көзімен көрген жазушы. Ол – суреткер. Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан автор әңгімені өз атынан айтады. Осынау дара тұлғаның бүкіл саналы ғұмыры, ғибратқа толы істері, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде. Бүгінгі ұрпақ тәрбиелеуде, адамгершілікке, адалдылыққа, имандылыққа, тазалыққа, Отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, қамқорлық, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге баулуда таптырмайтын қазына іспетті. Сол себепті зерттеу жұмысымызды құнды санаймыз.

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ ауылында туған. Әкесі Момыш өз

бетімен ескіше сауат ашқан, кирил алфавитімен оқуды меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болатын. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі - Қызтумас, қартайған шағында ағайын-туыс «сары кемпір» деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі [2].

1921 жылы бастауыш мектепті Аса интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жеті жылдық мектеп болатын. Бауыржанмен бір сыныпта Әбділда Тәжібаев және Құрманбек Сығындықов оқиды. 1928 жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түседі. Институт директоры Тоқтыбаев деген кісі болатын. Жас баланың қатты суықта жұқа киіммен жүргенін көріп, өзінің кабинетіне шақыртып алады. Баланың қолына бухгалтерияға қағаз жазып беріп, осы қағаз бойынша ақша алатындығын және сол ақшаға ауылға қайтатындығын айтады. Осындай тұрмыс жағдайына байланысты оқудан кетеді [3].

1928-1930 жылдары бастауыш мектепте ұстаздық етеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы ретінде қызмет атқарады. Аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істейді. 1932–1934 жылдар аралығында Қызыл Армия қатарына қызмет етеді. 1933 жылы полк мектебін бітіреді. Атқару комитетіндегі қызметімен көзге түскен Бауыржан Тимофей Дубовиктің қолдауымен Шымкент өнеркәсіп банкінің экономисі болады. Осы қызметте жүрген уақытта 1936 жылы Республикалық банктің меңгерушісі Б. М. Барханның жолдамасымен Ленинградтағы Финанс академиясының жанындағы бір жылдық курсты бітіреді. Біліктілігін бағалаған басшылық оны КСРО өнеркәсіп банкінің республикалық басқармасына аға консультант ретінде тағайындайды. 1936 жылы жаңадан құрылып жатқан бөлімге взвод командирлігіне шақырылады. Бұл кезде рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі болады. 1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И. В. Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет коршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау

тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерілей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Бауыржан Момышұлы - әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А. Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды. Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналасып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді [4].

Бауыржан Момышұлының шығармашылыққа бет бұра бастағанының себебін ол былай түсіндірген еді. «Бригадadan босап, Сочиге кетіп бара жатқанымда, Алматыда Сәбит Мұқановпен кездесіп, әдебиет жайлы әңгімелестік. Мен оған «Сибирь», «Доктор» деген екі өлеңімді оқып бердім.

- Әй, Бауыржан, сен мына өлеңдерді текке қор қылып жүрсін, - деді содан соң Сәбен. - Бұларды қалай да жариялайтып, жарыққа шығару керек. Содан соң кешегі өткен жер жүзілік қырғын соғыстың сыры мен сыпатын қазақта сенен басқа жақсы танып-біліп, түсінетін адам кемде кем. Сондықтан сол жайды қағаз бетіне түсіріп, халқына, ел-жұртына, замандастарың мен туыстарына, болашақ ұрпаққа пайдасы тиетіндей кітап етіп жазып беру - азаматтық міндетің. Сәбит Мұқановтың осы сөзі маған тікелей әсер етті. Сол сөзі мені қабағат рухтандырды.

Бауыржан Момышұлы әдебиетке ерекшелікпен келген екен. Оқырман қауым батырды алдымен шығармалардың автор ретінде емес, шығармадағы ержүрек кейіпкер ретінде таныды. Бауыржан Момышұлы шығармаларын қазақ және орыс тілінде жазған. Алғашқы кітабы «Офицер күнделігі» деген атпен жарық көрді. Одан кейін «Бір түннің тарихы», «Біздің семья», «Москва түбіндегі шайқас», «Майдан», «Генерал Панфилов», «Куба әскерлері», «Адам қайраты» тағы басқада әңгімелері мен повестер жинақтары шықты. Бұл шығармалардың барлығы да көптеген елдердің тілдеріне аударылып басылды. Осы ретте, «Егемен Қазақстан» газетінде 2008 жылы сәуірдің 4-інде жарияланған Көсемәлі Сәттібайдың «Аңыз бен ақиқат» атты мақаласынан үзінді келтіре кеткенді жөн көрдік. «...

Көзінің тірісінде-ақ өмірі аңызға айналған халқымыздың қаһарман перзенттерінің бірі Бауыржан Момышұлы туралы әлі толық айтылып та, жазылып та біткен жоқ. Филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметов Жамбыл облысына орнығып, Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі атанғалы бері атқарған көптеген сүбелі еңбектерінің бірін, міне, осы батыр мұрағатындағы сарғайған құжаттарды жинақтап, көптомдық әзірлеуге байланысты жасап жатыр десек, артық айтқандық емес [5].

Бауыржан әңгіме, повестермен қатар өлең толғаулар да жазған. Бауыржанның бойындағы ақындық қуаттық бүршігі ерте белгі бергендігін мектептегі ұстазы Тәңірберген Отарбаев байқаған. Шәкірттеріне шығарма жаздырып қабілеттерін байқау үстінде бала Бауыржанға «сенен ақындықтың иісі шығады» деп айтқан екені аяулы ұстазы. Бауыржан ұясынан көрген - білген, алған өнеге - тәрбиесін жазудағы мақсатының өзі де сол өзі шыққан биігінің тәрбие нәтижесі ғана емес, сонымен қатар бүкілхалықтық салт - дәстүрден, ұлттық мінезден нәр алғандығын «Ұшқан ұя» шығармасында барынша ашып берген.

Оның мiрдiң оғындай қанатты сөздерi де халықтың аузында жүр. Сөйтсе де сол сөздердi жүйелеп берiп, жинақтаса, ол жаңа бiр сипатқа енiп, халқымыздың батыр ұлының абыздық қырын аша түседi екен.

Бауыржан Момышұлының еңбектеріне тоқталар болсақ, **«Ұшқан ұя» кітабы** - Бауыржан Момышұлының 1974 жылы жазған. Шығармада Бауыржан Момышұлының балалық кезімен әкесі Момыштың бастан кешкен оқиғалары баяндалады. Кітаптың 480 беті бар.

«Москва үшін шайқас» кітабы. Шығармада Бауыржан Момышұлының соғыс кезінде бастан кешкен оқиғалары баяндалады. Кітаптың 368 беті бар. Бұл кітаптың сюжеті желісімен Қазақфильм Ел басына күн туса фильмін шығарған.

«Адам қайраты» әңгімесі негізінде - Қазақ теледидарының телеқойылымы қойылған. 1941 жылдың 5 желтоқсанында омыртқаға оқ тиіп, жарақат алды. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен Аңыз» кітабында Бауыржан өзін санбатқа жеткізгенде дәрігерлер дереу госпитальға апару керек деп шешкендігін, бірақ ол тапаншамен дәрігерді қорқытып, оқты сол жерде шығаруды бұйырғанын айтады. Оқты алып, жараны таңғаннан кейін капитан Бауыржан Момышұлы ұрыс алаңына қайта оралады.

Бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-

ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, әдеби мұрасын аялап, ардақтай білуге тәрбиелеу-басты міндеттердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Бектасова Г. Ұлтын сүйген ұлы адам: Б. Момышұлының 100 жылдығына арналған ғылыми конференция // Түркістан. - 2010. - 4 қараша. - Б.11.

2 Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен Аңыз» Алматы. Жазушы. 2009 ж. 447 б.

3 Бауыржан Момыш-ұлы «Тысячи мысли – тысячи сомнений» Алматы. 2010 ж.

4 Әзілхан Нұршайықов «Әскери күнділік» Алматы. 2010 ж. 28 б.

5 Бауыржан Момыш-ұлы «Осарованные» Алматы. 2010 ж. 35 б.

ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ: ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ МЕН МӘШҮР ЖҮСІП

ФЕРИМХАН А.

II сынып оқушысы, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

МУКУШЕВА Қ. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

Қазақтың фольклорлық шығармасын жинауда фольклортану ғылымының жасаған жұмысы ұшан-теңіз. Халық поэзиясының әр түрлі саласына: әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салтына байланысты және көңіл-күйін көрсететін өлең-жыр, жұмбақ, жаңылтпаш сияқты көптеген шығармалар жиналды. Қазақтың ертегілері мен эпосынан, мақал-мәтелдерінен де бай материалдар жинақталды. Жинау жұмыстары Қазақстанның Солтүстік пен Шығыс, Оңтүстік пен Батыс және Орталық аудандарын қамтыды. Фольклордың эпос, ертегі және мақал сияқты түрлеріне көңіл бөлініп, олардың мол қоры жасалды [1].

«Мәшһүр Жүсіптің қай әңгімені кімнен, қандай жағдайда жазып алғаны туралы дерек беруі – материалдың әдебиет үшін ғана емес, тарихқа қатысты мәнін де негіздейді. Жалпы, Мәшһүр Жүсіптің қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорын жинауы, қазақ тарихы, экономикасы, этнографиясы, географиясы, тіл тарихына т.б. қатысты деректерді мол келтіруі – осының бәрі қазақ мәдениеті,

әдебиет тарихы т.б. үшін құнды деректер көзі, асыл қазына екені анық» [2].

Мәшһүр Жүсіп жазбалары жинаушыларға қойылатын басты-басты талаптарға сай келді. Біріншіден, материалдарды кімдерден қандай жағдайда алғанын үнемі дерлік көрсетіп отырды. Екіншіден, халықтың ұғымын, ауызекі сөйлеу тілі ерекшелігін сақтап, қағазға түсірген. Үшіншіден, белгілі бір аңыздың тарихилығын, шындығын дәлелдерлік деректер қоса келтірілді [3].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын т.б. жинағаны белгілі. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы жинаған фольклорлық үлгілерге жанрлық жағынан келетін болсақ, ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған [4]. Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ерінбей ұзақ жинағаны мәлім. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымас ізденуді, еңбектенуді қажет еткен.

Ғылыми жинақтар іші фольклордың сан жағынан көптігімен де және олардың көп нұсқалығымен де, сапалы сұрыпталуымен де т.б. ерекшеленді. Жинақтар кіріспесінде фольклордың жиналу тарихы мен қазіргі жағдайы, өзіндік ерекшелігі, әлеуметтік табиғаты, фольклор мен әдебиеттің өзара байланыстылығы, жинақтың мазмұндық тақырыпшалары т.б. сөз болды. Ал, басылымдардағы фольклорлық мәтіндер жанрлық жағынан топтастырылып орналастырылып, соңынан ескертулері мен түсініктемелері бірге берілді. Сонымен бірге бұл фольклорлық мәтіндер сұрыпталу мен жариялану әдіс-тәсіліне келетін болсақ: белгілі бір үлгінің пайда болу мәселесі, шығармалардың идеялық- тақырыптық өзара байланыстылығы, халықтық үлгілердің дамуы мен таралу ерекшеліктері, әрі әлеуметтік топтарда олардың өзгеру мүмкіндіктері т.б.- бәрі ғылыми жинаққа кірген мәтіндердің, көбінесе толықтай паспорты толтырылуымен, орындаушылардың аты-жөні көрсетілуімен, мәтіннің қағазға түскен күні, уақыты, жері т.б. тіркелуімен де құнды болды [1].

Қазақ фольклорын жариялауда мынадай ерекшеліктер көрініс тапты: біріншіден, фольклордың әр түрлі жанрларының жеке-жеке кітап болып басылуы жүзеге асты. Екіншіден, мәтін әрі қазақ (араб әрпінде), әрі орыс тіліндегі аудармасымен бірге берілді. Мәтіннің екі тілде жариялануында бірнеше мақсат көзделді: бірі, зерттеушілік

істі жандандыру, яғни Ресей ориенталистері мен түркітанушылары үшін бұл өте ұтымды болды. Екіншісі, оларға, егер қазақ тілін білсе, мәтіннің түпнұсқасы берілді де, қажет болса, қазақша мәтінін орысша аудармасы арқылы кең танысуға мүмкіндік жасалды.

Ғылыми-көпшілік сипаттағы басылымдар, негізінен, фольклорды жалпы жұртшылыққа танымдық, информациялық, тәрбиелік, эстетикалық мақсатта қолдануды көздеді. Сондай-ақ қазақ фольклорын зерттеушілер үшін де маңызды ғылыми дерек көзі болды [1].

Мәшһүр-Жүсіптің үш кітабы: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде Мәшһүр-Жүсіптің жоғарыда аталған еңбектері де бар. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіптің кейбір еңбектері «Айқап» журналында да басылған. Мәшһүр-Жүсіп «Дала уалаяты газеті» беттерінде халық әдебиеті үлгілерін жариялауға ұсынғанда, тек кездейсоқ қолға түскенін бере салмаған, соның ішінен елге пайдасы тиер деген, халықты ұйқысынан оятар деген, қоршаған ортаға ең қажетті т.б. әңгімелерді іріктей білген.

Газет бетінде жарияланған Мәшһүр-Жүсіп материалдарын үш салаға бөле отырып қарастырған жөн /жалпы газетте ақынның 24 мұрасы басылған/. Бірі- өзінің төл туындылары: «Қарға мен лашын» /1889,7/ т.б.. Екіншісі- ақынның өз тұсындағы қоғамда болып жатқан тарихи өзгерістерге деген өзіндік көзқарастары мен ой топшылаулары: егіншіліктің пайдасы, бал арасын өсіру т.б., күнделікті шаруашылыққа қатыстылары /»Баянауылдан хабар», «Баянауылдан», «Тұрмыс жайында болған хабарлар», «Баянауылдан хат», т.б. тәрізді/-бәрі үлкенді-кішілі 14 мақала. Үшіншісі- ел аузынан жинаған фольклор үлгілері [3].

XX ғасырдың алғашқы жартысының соңына қарай қазақ фольклорының барлық жанрлары жан-жақты, жеке-жеке салаларға бөлініп, әрі кең, әрі терең, әрі академиялық түрде талданды [5]. Бұл еңбекте қазақ фольклорының барлық жанры қамтылған. Оларды авторлар тұңғыш рет тарихи шығу мезгіліне қарай орналастырған-бұл сол кездегі үлкен жаңалық еді. Ең көне деп тұрмыс-салтқа байланысты жанрлар есептеліп, мал шаруашылығына, діни нанымдарға қатыстылары қарастырылған. Әсіресе, қазақ фольклорының: ертегі, салт жырлары, батырлар жыры, ғашықтық жырлары, тарихи жырлары, айтыс т.б. жанрлары бұл еңбекте тек әдебиеттану тұрғысынан емес, сондай-ақ алғаш рет фольклортану

тұрғысынан сарапталуы қазақ фольклортану ғылымының түрлі қыспаққа қарамай даму үстінде болғанын дәлелдейді.

Мәшһүр-Жүсіп белгілі бір рудың тарихын, оның ішінде белгілі бір атаның шежіресін, яғни тарихи мәні бар фактілерді беруді жеке алмай, оны да өз замандастарына үлгі, насихат айтуға мысал етіп пайдаланып отырған. Мәселен, «Малшы Алтай» әңгімесінде өзінің ақылдылығымен, еңбекқорлығымен, берілген іске тиянақтылығымен, адамдығымен көзге түскен малшы Алтайдың қалың малсыз байдың қызын алуы, мұратына жетуі айтылады.

Деректерге қарағанда Мәшһүр-Жүсіптің фольклорлық үлгілерді тек үлгі-өнеге т.б. үшін ғана жинамаған тәрізді. Автор сол нұсқалар арқылы өзіндік ой-топшылауларын да бірге беруге тырысқан. Яғни фольклорды- халықтың сана-сезімінің өзіндік көріну формасы деп бағалағандығын көруге болады. Ал, бұл Мәшһүр-Жүсіптің жинаушылық пен зерттеушілігінің бір арнада тоғысқандығын дәлелдейді.

Мәшһүр-Жүсіп сынды ғұламаларымыз тұрғаны анық. Шығыс, батыс мәдениетін, қазақ тілін жетік меңгерумен бірге араб, парсы, орыс, көне түркі тілін жете игеруі және XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласын көп аралауы нәтижесінде Мәшһүр-Жүсіптің қазақ халық әдебиетін өз замандастарына қарағанда анағұрлым мол жинап, ол туралы кеңірек зерттеу жүргізуі мүмкіндігі болды.

Уақытынан оза туған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің елдік мұратын бүгіннің қажетіне жаратып, олардың ісін жалғастыру бізге мұрат. Ол қазақ ұлтын оятып, ұйыстыру жолында бірнеше жылдық пәрменді әрекеттерін жазған еңбектері мен атқарған істерінен айқын аңғаруға болады және қажетті іс болғанын айтқымыз келеді. Еліміздің келешегі кемелді, болашағы жарқын болуы үшін алға қойған міндеттер аянбай еңбек етуді талап етеді. Болашаққа үлкен сеніммен қарышты қадам басу – өткенді саралау, сабақ алудан басталады. Дамуымыздың басты факторларының бірі – тарих тағылымы. Бабаларымыздың өмірі мен ісіне байыппен үңіліп, олардың жетістіктерін бағалап, жеңілістерінен сабақ алу, даналығын бағамдап, олар ашқан ақиқатты пайымдау бізді дамуымыздың саналы қажеттігіне әкеліп тірейді. Біз бүгінгі жаңаруларда жаңылыспау үшін өткеннен сабақ алуға тиіспіз. Халқының азаттығы мен бақыты жолында жан сала күрескен, сол жолда құрбан болған сан салалы асыл идеялары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бірте-бірте жүзеге асып та жатыр.

XX ғасырдың басындағы қазақ көсемсөзі көне түркі жазбалары Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған мұраларынан бастау алатын, «қара қылды қақ жаратын» қазақ шешендік өнерінің заңды жалғасы болып табылады. Осы ретте қазақ көсемсөзін замана төрі биіктерінен мүмкіндігінше ақиқат айнасына түсіре білген ұлт зиялылары халқымыздың санасы мен рухына, оның жұлдыздай жарқырай түсуіне игі ықпал еткені белгілі.

Осы тұста Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығына шектеу қойылып жала боп жабылса да, туған халқына деген шексіз махаббат оларды ұлты үшін қайта жаңғыртты.

Мәшһүр-Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар. Бірі- өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы; екіншісі- шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі; үшіншісі- батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялылары әсері.

Қазақ фольклоры мақсатты түрде XIX ғасырда-ақ жиналып, зерттеле бастады. Әсіресе, Ш. Уәлихановтың, В. Радловтың, Г. Потаниннің, Мәшһүр Жүсіптердің жинаушылық пен жариялаушылық еңбектері, олардың азды-көпті жазған зерттеулері қазақ фольклортану ғылымының бастауы болды. Олар қалыптастырған жинау тәсілдері мен жариялау шарттары XX ғасыр басында, Кеңес өкіметі орнағағанға дейін толық жүзеге асып отырды.

Кеңес өкіметі кезінде фольклорды жинау мен жариялаудың да, зерттеудің де шарттары мен концепциясы күрт өзгеріп, саяси-идеологиялық сипат алды. Сөйтіп, фольклор жанрлары түгел қамтылмады, жарыққа шыққан мәтіндер редакциялауға түсті, ғылыми зерттеулер тек қана таптық-партиялық тұрғыда жүргізілді. Әсіресе, XX ғасырдың бірінші жартысында бұл үрдіс қатты жүріп, фольклорлық мұраға көзқарас біржақты болды.

Қазақ фольклоры негізінен, үш түрлі тәсіл арқылы жиналды: а) тікелей жинау тәсілі (яғни айтушыдан тікелей жазып алу тәсілі); ә) тұрғылықты түрде жинау тәсілі. б) экспедициялық тәсілмен жинау. Бұлардың бәрін де Мәшһүр Жүсіп өз қызметінде кеңінен қолданды. Кеңес өкіметі кезіндегі жарияланымдардың екі түрі болды: а) бұқаралық және оқу-ағарту мақсаттағы басылымдар, ә) ғылыми-көпшілік және ғылыми сипаттағы жарияланымдар. Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары елді сауаттандыру мәселесі бірінші кезекте болғандықтан фольклор, негізінен, оқу-ағарту мақсатында жарияланды. Бірте-бірте ғылыми-көпшілікті жарияланымдар да етек ала бастады. Олардың

қатарында «Дала уалаяты газет» беттерінде жарияланған Мәшһүр Жүсіп жазбалары да бар.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының тарихи шежіресі, күрделі кезеңнің айнасы бола білді. Ендеше, оған тыңғылықты зерттеу жүргізу арқылы қазақ даласының қайшылыққа толы тарихи жағдайларын жан-жақты айқындап, терең тани түсуге мүмкіндік туады деген сөз. Сонымен бірге ұлттық сананың ұйытқысы болған Мәшһүр Жүсіптің халқымыздың өсіп-өркендеуіне қатысты ұсынған негізгі идеялары заман көшінің рухани даму жағдайын жалғастыра түспек. XX ғасырдың бірінші жартысында фольклордың зерттелуі әр мақсатта, әр түрде болды. Кеңес кезінде, идеологиялық мақсатта болса да, фольклорды зерттеу ісі кең жолға қойылды. Фольклорды зерттеу ең алдымен оқу-ағарту проблемасына бағынышты болды. Бұл ретте 1920-30 жылдары мақалалар, оқулықтар мен хрестоматиялар жарық көрді. 1930-40 жылдары сонымен қатар ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеулер пайда бола бастады. Әсіресе, 1920-1950 жылдар аралығында жазылып, жарыққа шыққан Ә. Диваевтың, А. Байтұрсыновтың, Ә. Бөкейхановтың, М. Әуезовтің, Х. Досмұхамедұлының, С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, Қ. Жұмалиевтің, Б. Кенжебаевтың, Ә. Марғұланның, Ә. Қоңыратбаевтың т.б. еңбектерінде жасалған фольклористік талдаулар профессионалдылығымен ерекшелінеді. Сондай-ақ кезінде фольклор туралы жазып қалдырған Мәшһүр Жүсіп ойлары қазіргі таңда да өз маңызын жойған жоқ.

Осы мақсатты биік бағалаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», – деді. Сондықтан да бүгінгі күні ұлттық дүниетаным мәселелерін қайта қарастырып, ғылыми сараптаулардан өткізу тарихтың астарында жатқан терең әлеуметтік психологиялық ерекшеліктер мен іргелі ұстанымдарды қайта жандандыруды қолға алу өзекті мәселе. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қоғамның құндылықтар жүйесін алаш көсемсөз зергерлерінің шығармашылығынан танып, сараптау маңызды деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУШЫЛАР:

1 Жүсіпов Н. Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. - Павлодар. - 381 б.

2 Мукушева Қ. «Publicism of the early 20th century: manuscripts of Maspkhur Zhusup» Man in India. 97(14): б. 419-429.

3 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 5-13 томдар. - Павлодар: ЭКО. 2005-2008.

4 Жүсіпов Н. Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы. - Павлодар. 2003 - Б. 30-160.

5 Қазақ әдебиеті тарихы. 1 том. Фольклор (редак. Басқарған Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі, профессор М. Әуезов). - Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1948. - 439 б.

**АБАЙ МЕН МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
«ТОЛЫҚ АДАМ» БЕЙНЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

ШАЛБАЙ Т. А.

9 сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

БАҚБАЕВА З. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы және «Рухани жаңғыру» мақаласында негізгі аспект ретінде қарастырылып, еліміздің рухани дамуына үлес қосу міндеті қойылды. Осыған орай қазақ поэзиясында өз шығармаларында ұлттық рух пен сананы жырлаған ұлы тұлғалар Абай мен Мәшһүр Жүсіп шығармаларының бүгінгі күндегі маңыздылығын арттырады.

Абай мен Мәшһүрдің «толық адам» концепциясы Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жалғасын тапты. Рухани жағынан бай адам ұлттық бірегейлік пен ұлттық кодты сақтаған, санасы ашық, білімді, ұлтының патриотын»-қалыптастыруымыз керек деп атап көрсетті.

Қазіргі жастар «толық адам» бейнесі арқылы рухани жаңғырады. Әдебиетке деген қызығушылықты артады.

«Толық адам» ұғымы нені білдіреді? Әр кезеңдегі ойшылдар адам атының сақталып қалуы үшін толыққанды адам болудың жолдарын іздестірген және өздерінше әр қилы пікірлер білдірген.

Бірі сол адамға лайықты дұрыс жол бар екеніне сенсе, енді бірі адам бойындағы қаншама сұмдықтарды көріп қорықты.

Абай болса өзіне дейінгі Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қ. Яссауи және Ж. Румидің кемел адам жайлы ой-пікірлерін әділет пен ақылдың сын таразысына салып, тұжырымдар жасады.

VIII-IX ғасырда Әл-Фараби ұстанған моральдық-этикалық ілімінде парасатты адам (инани фазыл) туралы танымында жатты. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» [1, б. 289], – дейді. Әл-Фараби түрік әлемінде өз танымының негізі ретінде жүрекке шешуші мән беруі – Абай негізін қалаған «толық адам» ілімінің түп төркіні қайда жатқандығын білдіретін құнды дерек көздеріне жатады.

Өзінің қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Абайдағы «толық адам» туралы ойдың бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986 ж.) өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеніз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде. «Толық адамның» тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеніз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеніз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер малшашпақ
– Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой
– Бес асыл іс, көнсеңіз [2, 66–67 б.].

Абай атаған бес қасиет негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рақым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін ақын «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» өлеңінде:

Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [2, 218 б.], - деп нақтылай түседі. «Ыстық қайрат» - бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» - елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» - иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек [2, 119 б.], - дейді. Олай болса, Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толымды адам. Абайдың арманындағы «толық адамның» іргетасы дінмен ұштасып, дінмен дамиды және дінмен жетіледі. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік, т.б. бойында жетілдіре білген, дамытқан адам – Абай ұсынған «толық адам» концепциясы.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев жақсылықты бойымызға сіңіре отыра, бізге мінсіз, «толық адам» болудың жолдарын көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіптің пайымдауынша, адамның осы өмірдегі шеткі мұраты-«толық адам» болуға міндеттілігі. Бүкіл Жан дүниесімен, таза жүрегімен, ізгілікті іс-әрекетімен, тән мен Жан тазалығын ұштастыра отырып, Аллаға мың ықыласпен сеніп, құлшылық еткен адам-жолына түскендердің бірі деп санады. М. Жүсіптің ой-толғамдарында:

«Түгел Адам болуға талап қылсақ,

Шала-жарты жандардан сырың жасыр»-деген.

Адам деген ардақты атқа лайық жетілген, кемелденген тұлға болуға үндейді. Біздің ойымызша, Мәшһүр Жүсіп «толық адам»-Аллаға шынайы сенім келтіріп, Алланың нұрына ие болған, оған шынайы беріліп құлшылық еткен, нәпсісін тыйған, құдайлық ғашықтыққа ұласқан, Құдай мен халыққа алдында өз борышын өтей білген, жақсылықты мұрат тұтқан, өз-өзін жан-жақты тани білген жан.

Өзінің «Бес қымбат» деген жырында адамға қатысты құндылықтариерархиясын, яғни сатылы тізбегін сипаттап береді.

«Ең әуел керек нәрсе– иман» – деген,

«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!

«Құдай кешірет!» – дегенмен, іс бітпейді,

«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» – деген.

«Екінші керек нәрсе– ғақыл» – деген.

«Ғақылсызда тауыпқ жағы (шағы) тақыр!» – деген.

«Аз іске ашуланып, дінін бұзар, Иманын көпірлікке сатар!» – деген.

«Үшінші қымбат нәрсе– сабыр» – деген,

«Сабырлысы мұратын табар!» – деген.

«Әр істе сабырсыздық тәубе– зорлық,

«Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген.

«Төртінші, қымбат нәрсе– шүкір» – деген,

«Нығыметке шүкірсіздік– күпір» – деген.

Жатқан жерден: «Құдайкешір!» – деген– қорлық,

«Себепіз деп тура жолмен жүгір» – деген.

«Бесінші қымбат нәрсе– әдеп» – деген,

Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.

«Көпірлік– әдептіде тұрмағандай,

Әдеп деген махаббатқа себеп!» – деген [3, 676.].

Жоғарыдағы маңызды құндылықтық бағдарлар ауқымында, құндылықтар жүйесінде адамның үйлесімді, орнықты, парасатпен өмір сүре алатынына, тіпті бұл фәниде ол толықтай бақытты болатынына ғұлама күмәнданбайды. Әрине, бақытқа жету үшін жоғарыдағы дүние танымдық бағдарлардың ішінен маңыздыларын өзектендірмей, рухани даму жолында бір шама күш салмай нәтижелі іс болмайтынада меңзейді. Ақын адамның тағдырлық жолын баяндап, кескіндеп берер деді нифатализ мауқымында қалып қоймайды, кісінің тандау құқығының маңызды екенін алға тартады. Дегенмен, адамның дүниеге үйлесімді көзқарасы иманнан басталатынына нық жеткізеді. Одан кейінгі орындарға – ақылды, сабырды, шүкіршілікті, әдепті қояды.

Мәшһүр Жүсіптің «Жарты нан» атты хикаясында біздің алдымызға «толық адам» бейнесі келеді. Негізі шығарманың мазмұнына келетін болсақ, жаяу жолаушы мен айдаһар жайлы.

Бір жаяу жолаушы боп келе жатып,

Бір сандық жарқыраған алды тауып, - жолаушы сандық бетін ашады.

Сап-сары көрді ішінде алтын тасты.

...Қолына алып еді, жылан болды.

Бір сәтте өсіп кетті айдаһардай [4, 164 б.], - міне, осылайша айдаһар сандық ішінен шыға келіп, жолаушының өміріне қауіп төндіреді. Айдаһар:

Қолына алдың ойлап нені? -дейді,

– Осынша әуре қылып мені! - дейді.

Ауызға ашылған соң қорек керек,
Жұтамын енді амалсыз сені, - дейді [4, 165 б.].

Осы жолдарын оқи отыра, мұнын қиял ғажайып оқиға екеніне көз жеткізуге болады. Айдаһардың сандық ішіне сыйып кетуі, оның тілге келіп, сөз таластыруы, әсіресе бірден іске көшпей, дау қуалап, тәжікелесуі- өзі де шартты шындық аясындағы әдеттегі көзбен қарағанда расында өтірігі көп көріністер. шындық аясындағы әдеттегі көзбен қарағанда расында өтірігі көп көріністер. Мәселен сұм тажал көмектесуге бет қойған отыз адамға тиіспейді, олар амалсыз жөніне кетеді. Бұлардан кейінгі бес адам тіпті қайран қыла алмасы тағы түсінікті. Осы екі ортада жарты адам пайда болады:

Жарты адам ыңғайланып тұра қалған,

Сөзіне мұның айтқан құлақ салған:

– Айдаһар, айтқаныңның бәрі өтірік,

Нанбаймын мен орынсыз сөзге жалған! [4, 166 б.].

Жарты адамның айлалы лебізі айдаһарды ашуға міндіріп айтқанын дәлелдеу үшін бұрынғы мекені – сандық ішіне қайта түседі.

Мәшһүр Жүсіп осы оқиғанын бәрін екінші деңгейдегі концептуалды емеурінге айналдыра отырып, философиялық мән түйеді. Бұл көркем міндетті автор аясымен егіздес күйіндегі жарты адам – жарты нан атқарады. Пәленің үлкені – ауыздан шыққан сөз екен. Алыстаға отыз кісі де, жақындағы бес досың да, туысың да лаулаған өртке араша түсе алмауы мүмкін: Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,

Бес кісі – бес намазың, білемісің.

Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,

Бұлармен дәнемеге келмес күшің.

Қысылды, мен болмасам, шыбынжаның,

Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.

Таныпқой, танымасаң, мен боламын,

Дүниеде қылған қайыр–жарты наның! [4, 168 б.].

Ақынға тән көркемдік ой қанағатының топшысы мығым. Бір-екі ауыз нақылмен айтыла салатын ұждандық қағида жолдары, әрекет, шешім, пәлсапа-ғақлиялық идея құдіреті, поэтикалық образ, характерлердің шартты қиял әлеміндегі нанымдылығы нәтижесінде өте зор имандылық тұжырымдаманы өрнектейді. Мәшһүр адамға адамның бауырластық, ортақтастық, мүдделестік сезімдерінің бүтіндігін бәрінен жоғары қояды. Сонымен қатар ақын жеке тұлға үшін қажет сапалар құрамында жан-жақты толымды, тұтас мінез үлгісінің сілемін кестелей береді. Аңқаулық, көрсеқызарлық, пайдакүнемдік-ақылсыздыққа баланса, ұстамдылық, мінезге байлық

исламдық инсаниятта хас бағалы қасиеттер саналады. Ақын-философ барлық жанның қатесіз өмір сүре алмайтынын біледі. Сонда да ағаттықтан сақтандырып, зұлымдылықпен күресудің қиындығын, ол үшін жүрек, қайрат, парасат, кісілік сапалардың, яғни Абай айтатын «толық адам» сипаттарының керектігін Мәшһүр Жүсіп терең астарлы символикалық нұсқа-белгілердің көмегімен шебер мүсіндейді.

Қорытындылай келе, Абай мен Мәшһүрдің философиялық ой-толғамдары адам баласын адамдық қасиетке, адалдық пен шындыққа, бауырмалдырыққа, үндеумен және жақсылық пен жамандық туралы терең ойға жетелеуімен құнды. Өмір мәніне, дүние сырына терең бойлай отырып, бұл өмірдің тұтқасы иман қасиетте деп білетін, ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұстайтын адам ғана «толық адам» деңгейіне жете алады. Тек нағыз «толық адамда» жүрегінің тазалығы, жан дүниенің кіршіксіздігі кездеседі.

Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген «толық адам». Абай ұсынған «толық адам» концепциясы Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жалғасын тапты. Рухани жағынан бай адам ұлттық бірегейлік пен ұлттық кодты сақтаған, санасы ашық, білімді, ұлтының патриотын»- қалыптастыруымыз керек деп атап көрсетті.

Білімді, сауатты адамдар - ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Бұл туралы Абай атамыз: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі бекер» деп өсиет қалдырған болатын.

Мәшһүр Жүсіп пен Абайды оқи отыра рухани жаңғырып, қазіргі ХХІ ғасырдың «толық адамы» бола білейік. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтып кеткендей: «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де, кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек». Өткенді зерттей отыра, көотеген жаңа белестерге қадам жасай берейік!

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы : «Ғылым», 1975. – 419 б.

2 Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлендер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Раритет», 2008. – 384б.

3 Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние. Таңдамалылары. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008-416 б.

4 Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Таңдамалы. Алматы: Ғылым, 1990-1т-Өлең, кисса, мысалдар. 273 б.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ЖАКИЯНОВА Г. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 17 ЖОББСОБМ, Павлодар қ.

ЕНОВА Е. П.

8 «Д» сынып оқушысы, № 17 ЖОББСОБМ, Павлодар қ.

Заманауи технологияларға негізделген білім берудің жаңа әдіс- тәсілдерін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдалану оқушының қабілетті маман, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерді бойына жинаған өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптастыруда мәні зор. Бұл технология өскелең ұрпақты оқыту мен дамыту сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік береді.

Ақпараттық коммуникативтік технологиялар кең қолданыс тапқан кезеңде оқыту үдерісіне белсенді енгізу заман қажеттілігінен туындап отырған заңды талаптардың біріне айналды. Айталық, ғаламтор қорлары мұғалімге ғана емес оқушыларға да мол мүмкіндік береді. АКТ мен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімгерлердің танымдық және коммуникативтік қызығушылығын арттырады, тіл мен әдебиет материалдарын өз бетімен түсініп меңгерулеріне септігін тигізеді.

Кез-келген пәнді оқытуда ұстаздарға қойылатын басты талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушыларға сапалы білім беру.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиалық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлылығы құрылымынан оқытудың ақпараттық коммуникативтік технологиялары ерекше орын алады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады, сонымен бірге

білім беру ісінде Ақпараттық коммуникативтік технологиялар құралдары: интерактивті тақта, мультимедия, ғаламтор кеңістігі, электронды оқулықты қолдану болып табылады.

Ал оқушылар интербелсенді тақтаға назар аудара отырып, өткізіліп отырған сабақтарын ұтымды түсінуге мүмкіндік алады. АКТ – топтағы оқушылардың оқыту үшін құнды құрал. Бұл жаңа материалды өте қызықты түсіндіруге көмектеседі. Жаңа технология жәрдемімен үлкен жетістіктерге жетуге болады.

АКТ-ны сабақтың барлық кездерінде: түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, бақылауда қолдану білім сапасын арттыра түсетіні тәжірибеде дәлелденуде. Мәселен, жаңа сабақ тақырыбын түсіндіргенде түрлі оқыту бағдарламаларымен қатар оқушылардың өз бетімен орындаған материалдарын қатыстырамыз. Осы кезеңде АКТ-ны қолдану барысында білім алушының психологиялық және жас ерекшелігі ескеріліп, олардың әрбірінің өзіндік қабылдауының жетекші арнасына сай (аудиал, кинестет, визуал) тапсырманың қолайлы түрін таңдауға мүмкіндік беріледі. Бекіту және қайталау кезеңдерінде бақылау жүргізуге компьютерлік тестілер ыңғайлы. Өйткені қағазға басылған тестіден гөрі, мониторға шығатын тестілерді орындау білім алушыға қолайлы әрі қызығырақ.

Берілген білімді тест арқылы бағалау-бақылау мұғалім-оқушының да уақытын үнемдейді, білім алушының өзін-өзі бағалауына мүмкіндік береді. Сондай-ақ тестілік бақылау нәтижені әділ, тура (объективті) бағалауымен ерекшеленеді. Әр білімгер өз шамасына қарай жұмыс істеп, бағасын бірдей алады. Жауабын көруге, жіберілген кателерінің санғын білуге мүмкіндік алады. Материалды қаншалықты терең меңгеріп анықтайды.

Жалпы, еліміз бойынша қолға алынып жатқан қазіргі бағдарлы білім ұстанымдары оқытудың жаңа жолдары мен әдіс-тәсілдерін, сан алуан амалдарын талап етеді. Мәселен, жобалау іс-әрекеті электронды және дәстүрлі оқу материалдарын үйлесімді ұштастыруға мүмкіндік береді.

АКТ-да оқушылар ғаламтор желісін пайдаланып жұмыс істеп, дереккөздерді зерделейді. АКТ нәтижені көрнекі беруге, нақты бір мәселені талқылауға басқаларды да тартуға мүмкіндік береді.

Ғаламтор желісін пайдалану оқушылардың алынған ақпаратты жинақтауға, талдауға, көрсете білуге машықтандырып, белгілі бір шығармашылық (жазушылық, ақындық, зерттеушілік, т.б.) дағдының қалыптасуына негіз қалайды. Оқу, білім алу тиімділігінің жаңа түрі қалыптасады, яғни, қысқа мерзімде көлемді материалды меңгеруге

үйретеді. Жобаның қорытындысында ғылыми-практикалық конференция, пікірсайыс, компьютерлік көрсетілім (презентация) ұйымдастырып өткізуге болады.

Мысалы: ақын-жазушылардың шығармашыл тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерделеу сабағына Power Point бағдарламасының көмегімен көрсетілім жасаған жағдайда, сабақ психологиялық тұрғыдан жеңіл өтеді, себебі компьютерлік көрнекілік жетімді де жедел (эмоционалды-экспрессивті) қабылдауға оң әсерін тигізеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- тақырыпты оқып үйретеді;
- дұрыс сөйлеуге;
- ережелерді сызбалар арқылы түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтау көмектеседі.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдануда төмендегідей нәтиже беруде:

- ілімділік оқу материалын оқу бағдарламасы бойынша ғылыми негізінде ең жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және ілімдік білімін іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;
- ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;
- игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;
- жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;
- ілімді жаңалық ашуға немесе ілімді іс жүзінде қолданудың жаңа жолдарын іздеуге ұмтылуы тиіс.

АКТ-ны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына енгізгенде мынадай нәтижелерді көруге болады:

- пәнге деген қызығушылық, сабақта оқушылардың өз бетімен жұмыстануының артуы;
- оқушылардың сабақта өздерін еркін ұстауы;

- оқу үрдісіне әр оқушының белсенді қатысуын қамтамасызету;
- оқушылардың танымдық шығармашылық деңгейін арттыру.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық коммуникативті технологиялар оқушының жаңа ақпаратты меңгеріп, өз бетімен ізденуіне, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, иектепте алған білімін күнделікті өмірде жасқанбай септігін тигізеді.

Міне, осылайша АКТ қолдану арқылы тұлға қалыптастырудың бағдарлы оқыту жүйесін іске асырып, білім алушыларды жоғары технологиялы ақпараттық ортада өмір сүруге дайындауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Г. Байтилеуова, «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі». Қазақстан мектебі. 2008 ж. № 6.

2 Б. Исхан «Ақпараттық технологияны қазақ тілі сабағында қолданудың тиімділігі». Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2012 ж. № 11.

3 Аюбаева Т. «Ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде». Қазақстан мектебі 2008 ж. № 11.

4 Секция. Тілтаным
4 Секция. Языкознание

**АББРЕВИАТУРАНЫҢ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТИДЕГІ
РӨЛІ МЕН ҚОҒАМДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

БЕКНИЯЗ Р., ТАТЕНОВА А.

7 сынып оқушылары, Ы. Алтынсарин атындағы

Дарынды балаларға арналған қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.
НҰРМАТ Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы
Дарынды балаларға арналған қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Қазақ тіл білімінде аббревиатура мәселесі туралы басылым санаулы. Бұл орайда жалпылама аталмыш мәселеге алғаш рет көңіл бөлген – ғалым, қазақ лингвистикасының тұңғыш профессоры Кұдайберген Жұбанов.

Тілші Қ. Жұбанов – қазақ тіліндегі аббревиатуралардың ғылыми жіктемесін тұңғыш ұсынған ғалым. Кейін қазақ аббревиатурасы туралы қазақ тіл білімі грамматикасын, синтаксисін негіздеуші ғалым М. Балақаев пен оның шәкірті ғалым Т. Сайрамбаев еңбектерінде қысқарымдарға қатысты талдаулық пікірлер беріледі.

Т. Сайрамбаев «М. Балақаев өмірі мен шығармашылығы» атты зерттеу-эссесінде: «Автор біріккен, қысқарған, қос сөздер туралы құнды материалдар бере білген» [1, 21 б.] жалпы кіріспе берсе, аббревиатураның сөз тіркесі мен сөйлемдегі орны туралы нақты зерттеулік еңбегінде [2] айтады. Бұл ғалымдардан бөлек басқа зерттеушілер де қысқарымдар туралы бірнеше мақалалық пікір-көзқарастарын [3, 4 б.] ғылыми айналымға, зерттеуге түсіргендері белгілі. Бірақ бұл мәселе ХХ ғасырдың 90-жылдың соңына дейін нақты нысандық белгіге алынып, жеке, қомақты болып зерттеуге түскен жоқ. Тіпті кітапхана қорын қарастыруда да аталған тақырыпта ірі зерттеу кездестіре алмадық.

Тек 1996 жылы зерттеліп қорғалған зерттеуші Нүрдәулет Алдашевтің «Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер» атты кандидаттық диссертациясын ғана алғашқы ғылыми еңбек деп танамыз [5]. Ғалым Н. Алдашев қазақ тілді қысқарымдар мен кірме аббревиатураларды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеп, өзара салыстырып, талдап көрсетуі кейінгі зерттеулерге бастау болды.

Мақаламызда қазіргі аббревиатуралардың тілдік артықшылығын (плеоназмы) саралап, талдап, салғастырып көрсету мақсат етіліп отыр. Жалпы плеоназм термині «грек тілінен аударғанда «артықшылық» деген мағына береді. Лексикалық не грамматикалық мағынаны жеткізуде қолданылатын термин» [6, 185 б.] Қысқарымдардың лексикалық, грамматикалық мағыналары туралы да сөз қозғаймыз. Тілдегі жалпы аббревиатураның зерттеулік нысанға түсу деңгейі, қысқарымдардың күрделі тіркес негізінен туындайтыны туралы пікір-көзқарас ғылыми-теориялық тұрғыда сипатталуға тырысылады.

Аббревиатура прагматика және семиотикамен тығыз байланыста дамиды. Сөйлеуші, жеткізуші (трансмиссор) ұсынған аббревиатура оны қабылдаушы (реципиентке) түсіну үшін алдымен субъективтік жақтан емес, объективтік жақтан қабылдауы тиіс болады. Сондықтан аббревиатураның қазақ тілінде қаншалықты орын алатынын толық тану үшін оның зерттеулік нысанға түсу деңгейін де ажырату керек. Тіпті қазақ тіліндегі аббревиатураларды олардың белгілі бір категориялық көрсеткіштерін ескеріп, арнаулы лексика құрамына жатқызуға болады. Арнаулы лексика – «қоғамдағы өзара ыңғайлас әртүрлі әлеуметтік топтардың мамандығына, қызметіне, шұғылданатын кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздер мен сөз қолданыстары(сөйлемше я сөз тіркестері)» болып табылатынын анықтама арқылы түсінсек, оларды сенімді түрде осы құрамға енгізіп, атай аламыз [7, 153 б.].

Шын мәнінде аббревиатуралар ғылым, мәдениет, публицистика, т.б салалардың бәрінде қолданысқа ие. Кәсіби терминология ережесіне сай аббревиатуралар «...арнаулы ұғымдар мен зат атауларын дәл білдіру үшін жасалған (ерекшелеген автор) сөздер мен сөз тірестерінің жиынтығы» екені анық [7, 153 б.].

Қысқарымдарды арнаулы лексикағаенгіздеудеондағы арнаулы топқа тән деген белгілі бір кәсіпке қатыстылық шартты белгісі негізге алынып отырған жоқ. Себебі аббревиатура бір емес, барлық саладакездесетіні аян. Бірақ бұған қарап, аббревиатураны арнаулы лексикаға жатқызбаудыңбасты дифференциациясы (айырмашылығы) деп қарауға болмайтынын талқыға салғымыз келеді.

Арнаулы лексикада термин сөздер басым орын алатыны белгілі. Ендеше аббревиатура да терминдік қасиетке ие. Мысалы, *с.м., м., ** (көбейту белгісі), +, : (*болу белісі кейде /түрінде кездеседі*), т.б. аббревиатура түрлері жаратылыстану ғылымында нақтыланған.

Сондай-ақ аббревиатурада да терминдегідей стильдік (тек қана ғылыми стиль бар), эмоциялық мән болмайды. Терминдермен бірге аббревиатуралардың мағынасы да әрқашан тұрақты.

Аббревиатуралардағы мағына тұрақтылығы оларда грамматикалық түрлену көрсеткішінің болмайтындығымен көрінеді.

Арнаулы лексика құрамына белгілі бір категориялық көрсетішке ие сөздер мен сөз тіркестері жатқызылса, аббревиатуралардың кейбір түрлерін (ҚР, партбилет, ПМ, агроөнеркәсіп, техқызметкер, ҚазҰУ т.б) сөз тіркестері қатарына жатқызу, олардың синтаксистік қызметін түсіндіру тілші ғалымдар тарапынан айтылған. Мәселен, өткен ғасырдың 70-жылдарында жарық көрген профессор Т. Сайрамбаевтың «Күрделі сөз тіркестерінің кейбір мәселелері» атты еңбегінде [2] қысқарған сөздер негізі сөз тіркесіне ұқсас деген пікір білдіріп: «Қысқарған сөздердің мынадай төрт түрі бар. 1. КПСС. 2. Партбилет. 3. КазГУ. 4. Обком. Бұлар кемінде екі немесе одан да көп сөздерден қысқартылып, бір-ақ ұғымды береді. Ал оларды толық жазатын болсақ, облыстық комитет, партиялық билет т.б сөздер біріне-бірі бағыныңқы-басыңқы тіркесте жұмсалған сөз тіркестері дер едік. Енді сол сөздер айту мен жазуды ықамдап үнемдеуе байланысты қысқартылып, сөз тіресінің бір-ақ сыңары қызметінде жұмсалатын дәрежеге ие болды. Сонымен қысқарған сөздер:

1 Тілдегі арнайы сөз тіркестері болатын сөздердің негізінде пайда болған.

2 Бірақ бұрын еркін сөз тіркестері болғанымен, енді түрлі формада қысқаруының нәтижесінде сөз тіркесі формасынан бүтіндей өзгеріп, бір-ақ сөздің мағынасын береді.

3 Сөйлемнің бір-ақ мүшесі қызметін атқарады.

4 Сөз тіркесінің бір сыңарының қызметінде жұмсалады» деп жалпы қысқарымдар мен қазақ тілді қысқарымдардың тіркестік негізден шығатынын түсіндіріп беруі қазір де грамматикалық белгі болып отырғаны түсінікті [2, 12 б.].

Ғалым пікірінде аббревиатуралардың сөз тіркестерінен қалыптасуы, сөйлемдегі орны мен шығу төркіні жеке грамматикалық белгі ретінде ажыратылып көрсетіледі.

«Сөз тіркесі дегеніміз – сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланыста айтылған мағыналық тобы» [1, 53 б.] Демек аббревиатура фонетикалық-синтаксистік сипаттау тұрғысынан «*синкопага*» ұшырап, оның белгілібір тіл таңбалары ғана шоғырланып, жинақталған «нұсқасы» да сөз тіркесі деп таныла алады, сөйлемде бір сөйлем мүшесі болады.

Аббревиатураларды басқа тілмен салғастырып қарасақ, қазақ тіліне қарағанда, ағылшын тілінде қысқарымдардың тіл мәдениеті, прагматистика мен семиотикадағы маңызы көрінеді.

Зерттеуші О. Кастерина кандидаттық диссертация авторефератында [8] қысқарған сөздер мен жаңа сөздіктерді пайдалана отырып, зерттеу жүргізу барысында аббревиатуралардың ықшамдау мақсатында ғана емес, қарым-қатынас үшін де қолданып, оларды «Механизм эвфемизации и табуирования» деп атайды. Оларға «Эвфемизмы употребляются для завуалирования уничижительной поотношению к коммуниканту лексики, которая апеллирует к его умственным способностям, а так же «скрывает» употребление некорректных сравнений: AFCPS< Any Fool Can Plainly See, WAG< Wild Ass Guess, AYSOS< Are YoStupid Or Something, LLAL< Laughing Like A Lunatic. Эвфемизмы маскируют лексику, несущую некорректное отношение к возрасту коммуниканта: OL< Old Lady, OM< Old Man, XYL< Ex Young Lady, физическим недостаткам: NTTFLS<Not Till The Fat Lady Sings, расовой, половой и этнической принадлежности: HAB< Hot Asian Babe, BAP< Black American Princess» – деп талдап, сипат береді [8, 16 б.].

Қазақ тілінде шартты түрде «айтуға болмайтын» сөздерге адресант пен адресат арасындағы тіл мәдениетін, сөз әдебін сақтауда табу сөздер мен эвфемизм атап көрсетіледі. Ал ағылшын тілі үшін аббревиатура тіл мәдениеті саласында да зерттеу нысанасына алынады.

Аббревиатура мәселесі – даулы, шешімі шексіз тақырып. Оны тек бір тілдің өз ішінде ғана емес, салғастырмалы лингвистикада да жеке зерттеу нысаны етіп қарастыруға болады.

Саралай келе, аббревиатура мәселесі қазақ тіл білімінде күн өткен сайын маңызы арта түсетін, лексикамыздың құрамын толықтыратын, тіл білімінің жаңа зерттеу нысанасына айнала беретінін тілдік бірліктердің жинақтық, шоғырлық түрі болып отырғанына көзіміз жетіп отыр.

Қазіргіге дейін аббревиатураға қатысты, олардың грамматикада жазылуы мен айтылуы, сөзжасам саласында жасалу үлгісіне байланысты жаңа аталым тұрғысында алып қарастырылуы туралы аз да болса ғылыми мақала жарияланым көргенімен, ортақ бір шешім таппай отырғаны белгілі. Сонымен бірге аббревиатураның прагматистикалық, семасиологиялық жақтан зерттелуі де кенже қалып отыр. Қысқарымдардың салғастырмалы лингвистика негізінен де зерттеуге түспей отырғаны ғалымдардың оларды танымдық лингвистика (грамматика) жағынан емес, тек құрылымдық грамматика тұрғысынан ғана танитынын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сайрамбаев Т. Мәулен Балақаев: өмірі мен шығармашылығы. Алматы: «Арда», 2007. – 160 б.
- 2 Сайрамбаев Т. Күрделі сөз тіркестерінің кейбір мәселелері. Алматы. 1976. – 70 б.
- 3 «КОЗЫБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 2015: перспективы развития науки и образования»: материалы международной научно-практической конференции. Т.3. – Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева, 2015. с. 95-100.
- 4 ҚазҰУ хабаршысы. –Алматы, 2006 №8-998-99 б.б.
- 5 Алдашев Н. М. Қазірі қазақ тіліндегі қысқараған өздер // Канд. дисс.авторефераты. Алматы, 1996. – 25 б.
- 6 Салқынбай А., Абақан Е. Тіл әлемі: Лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 348 б.
- 7 Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 2006. - 264 б.
- 8 Костерина О. Н. Лексические сокращения в современном английском языке (структурный и прагматический аспект)// Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Санкт-Петербург, 2005. – 23 с.

БҮКІЛ ӘЛЕМ БІР ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙДІ: КОНТРАСТИВТІ ЛИНГВИСТИКА ЭКСПЕРИМЕНТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ

ДӘУРЕНБЕК Р.

8 сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы

Дарынды балаларға арналған қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ. НҰРМАТ Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда қазақ этимологиясында жеткілікті зерттеулер мен жарамды тұжырымдар баршылық. Дей тұрғанмен, осы уақытқа дейін қазақ тілінде сөздердің түп төркінін тануда салыстырмалы тарихи әдіс жиынтығы тіл тарихын танып білудің аса маңызды құралы болып келді. Алайда, бұл әдістің ең көкейкесті мәселесі – туыс тілдер жүйесінің тарихи дамуындағы заңдылықтарды анықтау болғандығы жасырын емес. Яғни, бұл әдіспен тек ғана әлемдегі туыс тілдердің ататілдік моделін жасауға талпыныс жасалды. Ал

сол ататілдің түптөркініне барлау жасауға болса бұл әдістің күзіреті аз. Контрастивтік лингвистика негізінде жатқан салғастырмалы әдіс болса бүкіл тілге тән ерекше заңдылықтарды, сондай-ақ туыс емес тілдердің ұқсастықтарын түсіндіріп бере алады. Бұл – төрткүл жаһанның тұңғыш тілін (салыстырмалы тіл білімі анықтайтын «ататілдің» түптөркінін) тірілту деген сөз.

Тіл білімінде негізінен екі тәсіл бар. Соның бірі - салыстырмалы-тарихи тіл білімі. Еуропалық тіл білімі дамуының жаңа дәуірі тілді дамып, өзгеріп отыратын тарихи құбылыс деп танудан, тілдер өзара туыстас, төркіндес болады деп біліп, сол заңдылықтарды ашуға, зерттеуге салыстырмалы-тарихи әдісті қолданудан басталады. Тіл туралы ғылым тарихында үлкен бетбұрыс болған бұл жайт XIX ғасырдың алғашқы он жылдығында орныға бастайды. Әрине, жаңа әдістің қалыптасуы – ежелгі заманнан басталатын лингвистикалық ой-пікір дамуының заңды, табиғи нәтижесі. ХҮІІІ ғасырдың соңғы жартысы мен 19 ғасырдың алғашқы жылдарында тіл ғылымының даму қарқыны, бағыты жаңа зерттеу әдісінің қажеттігін айқын көрсетті.

Тілдердің бір-біріне жақын, өзара туыстас болатындығы туралы пікір салыстырмалы-тарихи тіл білімінен, яғни XIX ғасырдан көп бұрын белгілі болған. Түркі тілдерінің өзара туыстас, бір негізден тараған тіл екендігін түркі нәсілді Махмұд Қашқари ХІ ғасырдың өзінде айқындады.

Тіл білімінің қазіргі дамуы кезінде лингвистика ғылымы тілді салғастырмалы зерттеуге баса көңіл бөледі.

Контрастивтік лингвистика (салғастырмалы тіл білімі) – жалпы тіл білімінде ХХ ғ. 50 ж. бері қарқынды дамыған бағыт. «Контрастивтік лингвистиканың неғұрлым көлемді салыстырмалы-салғастырмалы саладан бөлініп шығуына контрастивтік зерттеулерге арналған арнайы концепциялар (алғаш рет 1968 ж. АҚШ-та) себеп болды. Контрастивтік лингвистиканың басталуы 1957 ж. Р. Ладонның еңбегімен байланыстырылады. Бірақ XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басындағы орыс тілі мамандарының (А. А. Потебня, Ф. Е. Корш, Е. Д. Поливанов, В. А. Богородицкий, И. А. Бодуэн де Кортенэ, Л. В. Щерба) еңбектерінде контрастивтік лингвистика жөнінде бай материал сақталған. Дегенмен, контрастивтік лингвистиканың жалпы тіл білімінде алатын орны әлі де анықтауды қажет етеді» [1, 159]. Рас, контрастивтік лингвистиканың өзі осы уақытқа дейін тек «екі не бірнеше тілді салғастыра зерттеп, олардың құрылымдық деңгейіндегі жақындығы мен айырмашылығын айқындап» келді [1, 159]. Яғни салғастырмалы әдістер туыс емес тілдерді зерттеуде ғана қолданылып

келді. Ал, бүгінгі таңда аталмыш әдістің зерттеу аясы кеңейді. Соның бірі - контрастивтік линвистиканы сөз төркінін табуда қолдану.

Бүгінгі таңда контрастивтік линвистика сөз төркінін табуда қолданылғанын О. Сүлейменұлының еңбектерінен [2] байқауға болады. Жалпы Олжас Сүлейменұлының ғылымдағы ғұмыры туралы сөз болғанда ең алдымен ғалымның этимология саласындағы ірі зерттеулері айтылады. Тіл білімінің осындай аса күрделі саласына кез-келген зерттеушінің тісі бата бермейтіндігі белгілі. Сөз төркініне талдау жасау үшін тіл тетігін, тілдің өзіндік заңдылықтарын, сол тілдің иесі халық дүниетанымын, әдет-ғұрпын терең білген жан ғана бұл саланың тізгінін ұстамақ. Сондай ғалымның бірі О. Сүлейменұлы Түркі-славянтану пәнінің негізін қалау арқылы ғылымға жаңа бағыт алып келді. Этимология саласында қазіргі таңдағы жасап жатқан ізденістері жаһан лингвистерінің назарына ілікті. Зерттеушінің «Сөз коды» (2014), «Атамзаманғы түркілер» (2011), «Таңбалар тілі» (2014) зерттеулері осыған дәлел. Сонымен қатар, Б. Серікбаевтың «Тіл ұшындағы тарих» (2003), Т. Әбдікәкімовтың «Қас сак аңқымасы» (2003) еңбектері көптеген сөздердің шығу тарихына жаңа көзқараста қарау қажеттігінен ақпар береді.

О. Сүлейменов «пшеница» сөзіне ғалымдар Фасмер, Севортян жасаған этимологиялық зерттеулерді талдай келе, сөз төркінін түркінің «пшешен» сөзімен байланыстырады [2, 35 б.].

Осында біздің қосарымыз бар. Сөздердің семаларын айтпағанда ең алдымен алғашқы буындағы фонетикалық үндестікті байқаймыз.

Этимология тілдегі сөздердің шығу төркінін зерттейтін болса оның өзіндік зерттеу заңдары бар. «Сөздердің шығу төркіні айқындау үшін ғылыми этимологияда генеологиялық, фонетикалық, морфологиялық, семантикалық, этимологиялық деп аталатын принциптер қолданылады

Фонематикалық принцип фонетикалық заңдылықтарға сүйенеді. Яғни дыбыс сәйкестілігіне қарай зерттейді.» [3, 3 б.].

Кесте 1

Көне славян тілінде	пшеница	<i>Тұжырым:</i> Пш(пш) сөзі жалпы осы сөздің түптөркіні болуы мүмкін.
Сербше, хорватша	Вшеница	
Поляк тіліндегі	Pszono	
Чех тілінде	Pšano, pšeno	
Қазақша	пшешен	

Ұсынылған тұжырым, жалпы әлем тілдерінің бір негізден тарайтындығына болжам жасайды. Шын мәнінде, адамзат бір тілде сөйлейді. Ғылымда бұл даулы мәселе ретінде қарастырылып келді.

Алайда, өз тұжырымымызды негіздей түссек дейміз.

Кесте 2

славян тілдеріндегі	дорогой, дорог, драг, дрогі
ағылшын тіліндегі	dear (<i>қымбаттым</i>)
Түрік тілінде (түрік халықтарының өздері үшін ұмыт болған)	друг
парсыша	дост

Кесте 3

Орыс тілінде	дверь
ағылшынша	door
Қазақ тілінде	Дарбаза (үлкен есік баламасы)

Кесте 4

Орыс тілінде	огонь	Сөздің түптөркіні «о» дыбысы болуы мүмкін
ағылшынша	Hot (ыстық)	
Қазақ тілінде	от	

Кестелерде байқалғандай әр сөздің бастапқы дыбыстары бірдей. Бұл бүкіл тілдің түпнегізі бір екендігін айғақтай түседі.

Ойымызды тұжырымдасақ, этимологияны зерттеуде дыбыстық заңдарға да мән беру қажет. Зерттеу нәтижесінде бір лексика-семантикалық топқа жататын сөздердегі фонетикалық құбылыстар үндестігі сөз этимонын анықтайды деген қорытындыға келдік.

Мұндай бағыттағы кең көлемді ізденістердің генеологиялық, типологиялық классификациясына да айтарлықтай өзгеріс енгізуі мүмкін. Мұндай жағдайда лингвистикаға жаңа ғылыми көзқараспен қарай бастаймыз. Типология – туыстық тегіне байланыссыз, тілдердің құрылымдық және функционалдық қасиеттерін салыстырып зерттеу. Типология үшін екі жақты сәйкестік (форма мен мағына түрінде) болуы міндетті емес, салыстырылатын тіл бірліктерінің не формасымен, не мағынасымен шектеледі. Әдетте типологиямен және салыстырмалы- тарихи тіл білімімен бірге аймақтық тіл білімі қарастырылады. Типология жеке тілдердің зерттелуіне сүйене отырып,

тілдің құрылымы мен қызметі туралы жалпы тіл білімінде жасалған тұжырымдарды пайдаланады. Демек, біздің зерттеулер тілдердің типологиялық классификациясын өзгертуге негіз бола алады.

Әзірге, біз 100 бір-біріне фонетикалық-дыбыстық жағынан үндес сөздерді жинақтай алдық. Ғылыми жұмыс әлі де зерттеле түседі қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 ж.
- 2 Сүлейменов О. Таңбалар тілі. А., 2014 ж. - 384 б.
- 3 Қайырбекова Ұ. Ж. Тіл біліміне кіріспе - Шымкент, 2010 ж. - 80 б.
- 4 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы, 2014. 256 б.
- 5 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 1994.

Д. ИСАБЕКОВТЫҢ «ГАУҺАРТАС» ПОВЕСİNДЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ АУДАРЫЛУ ЖОЛЫ

ЖУПАРОВА И. К., КУЛМАХАНОВА Н. Г.

10 сынып оқушылары,

мамандандырылған «Зерде» дарынды балалар мектебі, Екібастұз қ.

СЫЗДЫКОВА С. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Мамандандырылған «Зерде» дарынды балалар мектебі, Екібастұз қ.

Паралингвистикалық зерттеулер – қазақ тілінде ерекше көңіл аударатын мәселелердің бірі. Қарым-қатынас кезінде сөзсіз, іс-әрекетпен берілетін бейвербалды амалдарды зерттеу ұлттық тілдесуге әсерін тигізетін ұлттық мәдени факторларды зерттеудің қажеттілігінен туындайды [1, 26.]. Қазақ халқының тұрмысында біте қайнасып кеткен сан алуан бейвербалды амалдар ұлтымыздың салт-сана, тәлім-тәрбие, әдеп, үлгі-өнеге, тағылым және таным саласындағы ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрге еніп, қалыптасқан бай қазыналарының бір тармағы екендігі жұмыстың басты құндылығы боп саналады. Бейвербалды амалдарды өз орнымен қолдану, шығарманың танымдық мәнін күшейтіп, әсерлілігін арттыра түсетіндіктен, бұл мәселені зерттеу тілдік және тілдік емес қатынастарды түсінуге, толық меңгеруге

мол мүмкіндік береді. Сондықтан бүгінгі таңда тіл білімі саласында қарым-қатынас барысында қолданылатын бейвербалды амалдардың өзіндік ерекшеліктерін қарастыру, оның көркем әдебиеттегі мәні мен мазмұнын, аудармадағы көрінісін ғылыми тұрғыдан зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Бейвербалды амалдар – сөйлеу тілін, яғни вербалды амалдарды толықтырып, өзінше нәр беріп тұратын, қарым-қатынас кезінде өте көп ақпарат беретін амалдар. Мұндай бейвербалды қатынас амалдарын зерттейтін лингвистиканың жаңа саласы паралингвистика деп аталады [1, 62].

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдік емес қарым-қатынасты зерттейтін паралингвистиканың қалыптасып-дамуы – арнайы сөз етуді қажет ететін маңызды мәселе. Тіл ғылымының бұл саласы адамдар арасындағы қарым-қатынастың бейвербалды түрін қамтиды. Адамдар тек тіл (сөз) арқылы қарым-қатынасқа түспейді, сонымен қатар ым, мимика, қимыл-қозғалысты да қолданады. Яғни, қарым-қатынастың вербалды және бейвербалды түрлері өз алдына жеке қолдануымен қоса, бірін-бірі толықтыратын кездері де жиі кездесіп тұрады, ол күнделікті тұрмыс барысында анық байқалады. Бұл терминді, яғни бейвербалды белгілер мен сигналдарды зерттейтін ғылым саласын – паралингвистиканы 1940 жылы америкалық ғалымы А. Хилл ұсынған болатын. Ал жаңа ғылым саласының зерттеу нысанын белгілеген, бейвербалды амалдар мәселесін алғаш ғылыми тұрғыдан зерттеушілердің бірі Дж. Трейгер болды. Жалпы бұл сала XX ғасырдың елуінші жылдарынан бастап зерттеле бастаған [2, 10].

Тілсіз қарым-қатынасқа деген қызығушылық ежелгі дәуірден бастау алған. Ұлы грек философы Платон дене қимылдарын қолдануды жоғары бағалаған екен. Бұдан бұрын 1872 жылы ым тілі мәселесін атакты ғалым Ч. Дарвин өзінің «Адамдар мен жануарлар эмоциясының көрінісі» атты еңбегінде атап көрсеткен. Профессор Бердвисл адамдар қарым-қатынасында жеткізілетін хабардың 38 %-ы сөзбен, 65 %-ы бейвербалды амалдардың көмегімен берілетіндігін тұжырымдайды [2, 13].

XX ғасырдың елуінші жылдарынан бастап бұл ғылым саласы қарқынды зерттеле бастады. Шетел тіл білімінде бейвербалды амалдар елуінші жылдардың басында қолға алынды. Бұл мәселе Дж. Трейгер, Т. Сибеок, Ч. Хоккет, М. Уэст, Р. Бердвисл т.б. лингвистердің, А. Шефлен, М. Уэст, К. Л. Пайк т.б. психологтердің еңбектерінде зерттелді. Орыс тіл білімінде ым-ишараттарды зерттеген Г. В. Колшанский, Н. И. Смирнова, А. А. Акишина, Т. М. Николаева,

А. В. Филиппов, Л. Н. Капаназені, ағылшын тіліндегі ым-ишараттардың зерттеушісі А. Пиз, армяндардың тіліндегі А. А. Хачатрян, Р. М.Тохмонян, ал татарлар мен башқұрттар тіліндегі ым-ишараттардың бірден-бір зерттеушісі Ф. Ф. Султанованы атауға болады. Түркі тілдеріндегі бейвербалды амалдарға байланысты А. Н. Нұрманов, М. М. Саидханов зерттеулерінің маңызы өте зор. Осы жаңа ғылым саласының зерттеу нышаны мен шектерін айқындауда бірқатар ғалымдар өз пікірлерін ұсынған. Мысалы, Дж.Трейгер: «Паралингвистикалық құбылыстар – бұл дыбыстық ерекшеліктер, ым-ишара, мимика және сөйлеу әрекетінің мазмұнын толықтыра түсетін басқа да қимыл-қозғалыстар», – десе, Т. М. Николаева: «...тілдік қатынаспен қоса жүретін кез келген құбылыстар», – деп толықтыра түседі. Ал Г. В. Колшанский: «Паралингвистиканың зерттеу нысаны тек дыбыс ерекшеліктері, қимыл-қозғалыстар ғана емес, сонымен қатар белгілі бір сөйлеу әрекетін қалыптастыратын динамикалық және статикалық жағдаяттық маркерлер», – деп тұжырымдайды [3, 42]. Яғни бейвербалды амалдар сөйлеу тілінде маңызы зор құбылыс.

Қарым-қатынастың бұл түрінің, яғни бейвербалды атаулардың арнайы зерттелуі қазақ тіл білімінде тек соңғы жылдары ғана қолға алынғанына қарамастан, бейвербалды амалдардың қызметі туралы ойларды, тұжырымдарды ертеден кездестіруге болады. Бейвербалды амалдар туралы көзқарастар, алғашқы ойлар қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ. Жұбановтың еңбегінде көп кездеседі: «Ауызекі сөйлеуге сөздердің ондай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дыбыстап сөйлеген сөздің олқысы, көбінесе, ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген, я болмаса, бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінісуге болады, оның үстіне, сөз- сөздің жігін дыбыс сазымен бірде айырып, бірде қосып айтқасын, сөздің орны жылжып кеткені де онша байқалмайды» [3, 148]. Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдарды Ә. Қайдар, М. Мұқанов, С. Татубаев, А. Сейсенова, К. Қажығалиева, С. Бейсембаева, М. Ешимов сынды ғалымдар да әр қырынан зерттеген. Сондай-ақ, Б. Момынова мен С. Бейсембаеваның авторлығымен жарық көрген ым мен ишараттың түсіндірме сөздігі де осы мәселені зерттеуге арналған үлкен еңбек болып табылады. Тілші Мәулен Балақаевтың зерттеу еңбектерінде бейвербалды амалдарға қатысты мәселелер сөз болады. Ғалым бейвербалды амалдарды сөйлеудің қосымша амал-әрекеті ретінде қарастырған. Ол өз еңбегінде: «Сөйлеу әр уақытта сөйлеу жағдайында өтеді, дауыс ырғағы, екпін, қимыл, ым-ишара, нұсқау беру, қол көтеру, көз қысу, бас изеу, күле немесе ызалана сөйлеу – бәрі

ойды дәл жеткізе білудің қағазға түсе бермейтін қосымша амал-әрекеттері», – деп қорытындылайды.

Бейвербалды амалдар тілдік амалдар сияқты көркем әдебиетте де белгілі бір қызмет атқарады. Мысалы, мақұлдау, құптау шарасында бас изеу кинемасы қолданылса, қарсы болу, «жоқ» сөзінің орнына бас шайқау кинемасын пайдаланады. Адам ашулану, ызалану кезіндегі эмоциясын көрсететін бейвербалды амалдар да көп. Атап айтқанда, жұдырық түю, тісін қайрау, ернін жымқыра тістеу, жер сабау, өз шашын өзі жұлу (әйелдерге ғана тән), көзін алайту, өз маңдайын өзі ұру, отының басын сабау, дұшпанының үйін, туырлығын тілу сияқты кинемаларды қолданады. Қолын шапалақтау, санын шапалақтау, бөркін аспанға ату секілді кинемалар қуаныш сәтінде қолданылса, келемеж қылу, мазақ ету кезінде ернін шығару, тілін шығару, бет шымшу, бет сызу сияқтылар пайдаланылады.

Әр елдің өзіне ғана тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі арқылы халықтың тұрмыс-салтындағы, мінез-құлқындағы ерекшелігі мен дүниетанымының сипаты көрінеді. Осыған орай, қазақ жазушыларының шығармаларындағы бейвербалды амалдар қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қатыстылығымен сипатталады. Қазақ әдебиетіндегі шығармаларда кездесетін ым-ишараттар басқа тілге, әсіресе орыс тіліне аударылған кезде мән-мағынасы қаншалықты сақталатыны немесе өзгеретіні М. Әуезовтің «Абай жолы» романының орыс тіліне аударылған нұсқасынан толық байқалады. М. Әуезовтің «Абай жолы» романын аударудың бес тәсілі арқылы басқа да көркем шығармаларда берілген бейвербалды амалдарды аударуға қолдануға болады. Атап айтқанда, Д. Исабековтің «Гауһартас» кітабы мен орыс тіліндегі аударма нұсқасы «Польнь-трава» кітабындағы «Гауһартас» тарауындағы бейвербалды амалдарды аудару барысында көрінді. Қазақ-орыс тілдерінде берілген бейвербалды амалдардың өзара ұқсастығы мен айырмашылығы ағылшын тіліне аударған кезде біршама өзгеріске ұшырады. Түпнұсқаны оқи отырып, көркем шығармадағы бейвербалды амалдарды аударма кезінде берілетін бес тәсілге, яғни орыс тілінде баламасы (эквиваленті) жоқ ым-ишараттар; статистикалық және толыққанды қызметіндегі ым-ишараттар; мүлдем аударылмаған ым-ишараттар; калька әдісімен жасалған ым-ишараттар; теңестіру (компенсация) жолымен жасалған ым-ишараттарға топтастырылып, мынадай мысалдармен нақты дәлелделгенді. Бірақ көркем шығарманы оқу барысында аударудың бірінші тәсілі – орыс тілінде баламасы (эквиваленті) жоқ ым-ишараттар кездеспеді. Ал

екінші тәсіл – статистикалық және толыққанды қызметіндегі ым-ишараттар аудармада былай көрініс тапты. Мысалы:

1 «Ойбай, тұр, қойға қасқыр шапты!» – десең де орнынан жайбарақат көтеріліп, майман-майман басып барып жарбиган жаман кепеден ер-тоқымын алады, сонан соң үйде қалған қамшысына қайта келеді [11, 31].

– Кричи ему даже: «Волки в стаде!» – лениво поднимается, прокосолапит к старой полуразвалившейся землянке, возьмет седло, а потом так же неторопливо вернется в дом за оставшейся там камчой [12, 5].

Аудармасы: - Even shout to him : «Wolves in the herd!» - lazily rises, go to the old dilapidated dugout, take the saddle, and then just slowly return to the house for the remaining kamchy) [жайбарақат көтеріліп –лениво поднимается lazily rises, маймаң-маймаң басып - аудармасы жоқ]

2 Жалпақ танауы балықтың желбезегіндей желп-желп етіп, үлкен қой көздері қызыл көрген аш бүркіттің жанарындай от шашып шыға келеді [11, 32].

Даже дышать начинал по-особому – ноздри трепетали в нетерпении [12, 6]. Аудармасы: He even began to breathe in a special way - his nostrils trembled in impatience) [ноздри трепетали в нетерпении - his nostrils trembled in impatience. Бұл жерде қазақ тілінен тура аударылмайды.

3 Мен оқуға бармайтын боп бекіген түні ертеңі әкем: «Ашып айтсаңшы, Қыжым кемпірдің қызына үйленуге қарсы емессің бе?» – дегенде тоназыған сұр ет пен майлы айранды соғып отырып: «Е, жоқ-ә, оның жаманшылығын көрген кім бар. Жақсы қыз дейді ғой», – деп шімірікпей қойып қалып, қойына жүріп кеткен [11, 36].

На другой день после того памятного разговора, что происходил без меня, отец спросил у Тастана: «Может, ты против? Может, нет у тебя желания жениться на дочери старухи Кыжым?» Тастан, старательно разжевывая холодное вяленое мясо и запивая его жирным айраном, протянул равнодушно: «Да не-ет, отец... Девушка, говорят, справная...» и больше ни слова. Посидел-посидел и пошел к овцам [12, 11].

Аудармасы: The day after that memorable conversation which took place without me, my father asked Tastan: «Maybe you are against? Maybe you have no desire to marry the old woman's daughter Kyzhym?» Tastan, diligently chewing cold dried meat and washing it down with a fat ayran, stretched indifferently: «Oh, no, father ... Girl, they say, spravnaja ...» and

more not a word. I sat and sat and went to the sheep) [и больше ни слова - and more not a word. Қазақ тілінен тура аударылмайды.] Қазақ тілінен тура аударылмайды. Осы мысалдар арқылы автор түпнұсқадағы оқырманна айтар негізгі ойын, эмоционалды-экспрессивті бояуын, қазақ болмысын таныта білуін аудармада да толығымен бере білген. Бұл аударма жұмысының сәтті әрі нәтижелі болғанын көрсетеді. Сондықтан да бұлар стилистикалық жағынан сәйкес келетін, толық мақсатында жұмсалып тұрған ишараттар тобы болып саналады. Д. Исабековтің «Гауһартас» шығармасын аударуда 3-тәсіл аударылмаған ым-ишараттар да кездеседі. Келесі түпнұсқада берілген ым-ишараттар аударуға келсе де, автор тарапынан толықтай аударылмай тастап кеткендігі байқалады. Көбінесе төменде берілген сөйлемдердің бірі аударылмай, ондағы айтар ой алдыңғы сөйлеммен бірге беріліп кеткендігін көрінеді:

1 Біраз үндемей отырып келіскен рай білдіріп *жантая кеткен* [11, 33].

2 Ол *кірпігін жоғары көтеріп* маған бір қарады да, *көзін тез томен түсіре қойды* [12, 40]. (Аудармасы: She raised her eyelashes and looked at me and let her down quickly) [*кірпігін жоғары көтеріп-raised her eyelashes, көзін тез томен түсіре қойды- let her down quickly*]

3 «Айпа» деп *ернімді тістеп, басымды шайқасам* да тындар ол жоқ [11, 44]. (Аудармасы: Saying «Do not say» bit my lips, although I shook my head, he did not listen) [*ернімді тістеп, басымды шайқасам - bit my lips, shook my head*]

4 *Сәл басын изеп көзін жұмды* да, далаға шығып кетті [11, 45]. (Аудармасы: He jerked his head back, closed his eyes and entered the field.) [*басын изеп көзін жұмды - jerked his head back, closed his eyes*]

Аударудың төртінші тәсілі калька әдісімен жасалған ым-ишараттар тілдік бірліктің сөзбе-сөз тәсілі сол қалпында аударылғанын байқатады. Қазіргі таңда бұл тәсіл көптеп қолданылады. Оған мына мысалдар дәлел бола алады: 1. Ол кісі «бара ғой» дегендей жай ғана езу тартып, *басын изеді*. Она улыбнулась, *кивнула головой* [12, 56]. (Аудармасы: - She smiled, *nodded her head*) [*басын изеді - nodded her head*]; 2. Төсегіне қайтадан *шалқалай кетті* [11, 85]. – И снова *завалился спать* [12, 63.]. (Аудармасы: And again *fell asleep*) [*шалқалай кетті - fell asleep*]; 3. Қасына жақындағанымды ол сезе қойды да *ақырын қолын созды* [11, 88.]. Когда я приблизился, *протянула мне руку* [12, 65.]. (Аудармасы: As I approached, she *extended her hand*) [*қолын созды - extended her hand*]; 4. Салтанат сол *қолын жоғары көтерді* [11, 88.]. – Салтанат *подняла вверх руку* [12, 65.]. (Аудармасы:

Saltanat raised up her hand) [*жоғары көтерді -raised up her hand*] Яғни аударма барысында бейвербалды амалдардың мағынасы сақталып, нақты аударылғанын анық байқатады. Сонымен қатар, Д. Исабековтің «Гауһартас» шығармасын аударған кезде бесінші тәсіл теңестіру (компенсация) жолымен жасалған ым-ишараттар да кездеседі. Оған мына мысалдар дәлел бола алады:

1 Салтанат қауғаның жібінен ұстап, нәзік қолымен дірілдей көтерді де, суын астауға ақтарып жіберіп, бос ыдысты құдыққа қайта тастады [11, 45.]. Дрожашими от напряжения руками Салтанат ухватилась за канат и опракинула воду в астау – деревянное корыто, из которого пьют овцы. Затем снова бросила ведро в колодец [12, 22]. (Аудармасы: With trembling hands, Saltanat grabbed the rope and defamed the water in astau -a wooden which from the sheep drink. Then again threw the bucket into the well).

2 Ол кеудесін көтеріп, мандайының терісін сұрткенде, сүйкімді жүзінен Ыбышқа деген ешқандай реніштің ізін байқай алмадым [11, 45]. [12, 22]. (Аудармасы: When she straightened, straightened wet hair from her forehead, I, to my surprise, didn't notice a glimmer on her face)

3. Ол балғаға бір, менің ыза кернеп түтіккен жүзімен бір қарап қойды да: «Тарт әрі балғанды, – деді. – Бол, тез. Сәл кешіксең, ол өз мандайыңа тиеді. Батылым жетіп бәрібір ұра алмайтынымды білген соң, оның жағасынан қолымды босатып, кейін шегіндім. Сол сәтте ол білегімнен шап беріп ұстап балғаны жұлып алды да, түтіп жеп жіберетіндей маған ызғарлана ұмтылды. Мен кейін шегіне бердім [11, 50]. Он глянул на него, потом на меня и зло бросил: – Убери. И поскорее. Как бы он по тебе не заиграл. Я понял, что при всей своей решимости не могу ударить его, потому что вообще не могу ударить человека, и отпустил его ворот. Но стоило мне отвернуться, он тут же ухватил меня за локоть. Молоток оказался в его руке. Я стал отступать [12, 27]. (Аудармасы: He glanced at him, then at me and threw the evil: - Take it away. And as soon as possible. As if he did not play for you. I realized that with all my determination I could not hit him, because I couldn't hit a man at all, and let him go. But as soon as I turned away, he immediately grabbed my elbow. The hammer was in his hand. I began to retreat). Келтірілген мысалдардан қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы арқылы халық мінез-құлқын жақсы білетін тәжірибелі адамдар әр адамның жүріс-тұрысынан, іс-әрекетінен, қас-қабағынан оның көңіл-күйін айтпай-ақ сезіп-біліп отыратындығы байқалады. Дегенмен, аударма барысында орыс тілінде баламасы (эквиваленті) жоқ ым-ишараттар мен мүлдем аударылмаған ым-ишараттар барысында бұл ескерілмейді.

Қорыта айтқанда, қарым-қатынас кезінде сөзсіз, іс-әрекетпен берілетін бейвербалды амалдарды аударуда ерекшеліктер айқын анықталады. Қазақ тіліндегі бейвербалды амалдарды орыс, ағылшын тілдеріне аударған кезде мағынасы ашылып, өзгеріске ұшырайды. Бұл тіліміздің басты құндылықтарының бірі деп есептеледі. Бейвербалды амалдардың қолданылу ерекшеліктері, білдіретін мағыналары, олардың ұлт мәдениетімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, ұлттық-мәдени ерекшеліктерімен байланысы қазақ тіл білімінде әлі жан-жақты талданып, толық жүйеленбеген. Болашақта бұл сала қазақ тілі ғалымдарының тарапынан кеңірек зерттеледі деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Колшанский Г.В. Паралингвистика. –Москва: Наука, 1974. – 81 с.
- 2 Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. - 304 б.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.
- 4 Филиппов А. В. Звуковой язык и язык жестов // Лингвистический сборник. Выпуск 3. – Москва: МОПИ, 1975. – С. 14-34.
- 5 Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттардың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, «Атамұра», 2003. - 136 б.
- 6 Ешимова М. П. Қазақ ым-ишараттары. Лингвомәдениеттану сөздігі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 104 б.
- 7 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. - Алматы: «Жазушы», 2007. - 368 б.
- 8 Ауэзов М. Путь Абая. Роман-эпопея. I том. –Алма-Ата: «Жазушы», 1977. - 608 с.
- 9 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. - Алматы: «Жазушы», 2007. - 432 б.
- 10 Русско-казахский словарь. I том. А-О, II том, О-Я. - Алматы: Издательство «Арыс», 2007. - 640 с.
- 11 Исабеков Д. Гауһартас. – Алматы: «Атамұра», 2012. - 256 б.
- 12 Исабеков Д. «Полынь-трава». – Алматы: «Жалын», 1978. 8 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІН КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ӨНІМДЕРІ АРҚЫЛЫ JAҢАША ТАҢУ

ҚАЙЫРБАЙ Н.

9 «А» сынып оқушысы, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз к.
ЖУМАБЕКОВА Р. Т.
ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мәдени мұра бағдарламасы тарихи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғырту мен дамыту сабақтастығын, еліміздің мәдени мұрасын насихаттау, қолдану, сақтау және зерделеумен байланысты негізгі аспектілерді анықтайды, мәдени мұраны зерделеудің тұтас жүйесін жасауды, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениет, фольклор, салт-дәстүрлер, жазба және ұлттық әдебиеттің ғасырлар бойғы тәжірибесін жинақтау, мәдени мұра мәселелерін топтастыратын материалдық-техникалық, ғылыми-зерттеулерді дамыту мен нығайтуды қарастырады [1]. Қасиетті Баянауыл өңірінде осыдан бір жарым ғасыр бұрын өмір сүрген ізгілікті тәрбие беру идеясын насихаттаған ғұлама ғалым, арқалы ақын, тарихшы, фольклоршы - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Жобаның мақсаты: Мәшһүр Жүсіптің нақыл сөздерін көрнекі ақпарат өнімдері арқылы насихаттау, ғылым – білімге арналған нақыл сөздерінің ерекшеліктерін анықтап, нақты мысалдармен жан-жақты талдау. Өз заманынан аса туған ерекше таланат иесі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы араб, парсы тілдерін жетік білген, Шығыстың ұлы ақындарының көусар жырларымен мол сусындаған, әлем әдебиеті мен ойының жүйесін еркін меңгерген ақын мұраларын насихаттау жас ұрпақ тәрбиесіне берері мол. Жыл керуені алға жылжыған сайын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап, өркендей өсіп, айшықтала түсуде [2]. Мәшһүр Жүсіптей перзенті бар халық шынымен де бақытты халық. М. Ж. Көпеев көркем сөз, өрнекті өлең, шырынды ой арқылы адамзат мүмкіндігі бүгінгі қалыпта қалмау керектігіне мән берген. Адам өзінің болашақ ісіндегі оңтайлы, ізгілікті ісіне кедергі зауалдарды көре білуі, яғни, ой-түйіндерімен тәркіндестігі екенін түсінгеніміз дұрыс. Жер бетіндегі тіршілік нышаны жойылмауының, үнемі амандық, тыныштық салтанатын ғылым ретінде меңгеру сияқты мінездер – Мәшһүр Жүсіп лирикаларының негізгі мұраты.

М. Ж. Көпеев – ауыз әдебиетін, өзіне дейінгі майталман ақындарды терең білумен қатар, шығыс классиктерін де жан –

жақты қамтып, мол білім алған ойшыл ақын. Өз шәкірттерін оқыта жүріп, әрі өлең жазған, әрі халық ауыз әдебиетін жинаған. Бұл жөнінде академик М. Әуезов: «Ол өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілу шарт» – деп өте орынды баға берген [5]. Көркем сөз құдіретін өз мәнінде түсіну мен түйсіну – оқушының баяндауымен, мазмұндауымен болмайтын үрдіс. Бұл ретте Мәшһүр Жүсіптің туған немересі, ғылым докторы, проф. Қуандық Жүсіпов әдебиетті жаңаша оқыту жайлы былай дейді: «Тәуелсіздік алғалы басқа да маңызды іс-шаралар тәрізді қазақ мектептерінде әдебиет пәнін оқытуға басты көңіл бөліне бастауы – заңды құбылыс. Әдебиетті түбірімен (жоғары және орта мектептерде) жаңаша оқыту жайлы бұл пікірді толық құптап, оған әр шығарманың тірегі, ғылымдардың падишасы – пәлсапаның сарында, топшылауды мәтіндерден сұрыптап, алгоритмге салу әрекетіне машықтандыру амалын қосқымыз келеді. Оның дәйектілігін, нақты жауабын басқа ғылым жүйесінен іздемей-ақ М. Көпеев өлеңдерінің тұжырымынан да іздеуге болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұстаздық, діни тәрбие, ғылым жөніндегі ұстанымдарына Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер, философия ғылымдарының докторы, профессор Жабайхан Әбділдин былай деп баға береді: «Мәшһүр Жүсіп қазақ халқын білімге, оқуға, діни ілімге, өзін тазартуға шақырған. Сонымен бірге қазақ халқы үшін, біздің мәдениетіміз үшін ұлы бабаларымыздың, қаз дауысты Қазыбектей билеріміздің кереметтей маржан сөздерін тізген. Едіге, Шорман, Торайғыр сияқты тұлғалардың, бүкіл Қазақта болған ұлы адамдардың кемеңгерлік сөздерін жиып-теріп әкеліп, біздің халқымызға жеткізген. Ол біздің халқымыздың ұлы оқытушысы» [6.4]. Қазақ халқының руханият өлеміндегі жеке орны бар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы пәлсапасын да зерттеу мәселелері өз шешімін таба бастады. Соның бір айғағы ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім «Мәшһүр Жүсіптің діни дүниетанымдық көзқарасы» деген зерттеу тақырыбын бергені жөнінде айта келіп: «Бұл Мәшһүр Жүсіпке керегі жоқ, елге, халыққа, өзімізге керек. Бұл-өзімізді өзіміз танып білу. Осындай адамдарды таныған кезде елдің енесі өседі. Ел биіктей бастайды. Азаматтар ұсақ-түйектен

келелі, ірі-ірі мәселелерге шығады. Мәшһүр Жүсіп сабағының ең басты арнасы да осы деп ойлаймын», - деді [6, 4].

Атақты Мәшһүр Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдеп – ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан – теңіз. Өзінің өмір сүрген уақыты – заман деңгейіне көтерілуде, ондағы оқиғалар мен қоғамдық құбылыстардың мән – жайын жете аңғаруда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көзі қарақты сауаттылығымен қатар табиғи дарын – ақындық, күйма құлақ шежірешілдігі өз алдына болса, жастарға ғылым – білім беруде, ағартушылық педагогикалық көзқарасын жеткізуде үлкен еңбек сіңірген.

Нақыл сөздеріндегі бірліктердің ғылыми негіздеріне тоқталсақ, нақыл сөздер (афоризмдер) - күрделі мәселелерді терең ете дәл жеткізетін ой шалымы кең, қысқа қайырымды шешен сөз. Ол - көп қырлы, түйіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы, қанатты сөз айшығы данышпан ақылдың төзінен, ой көзі айқын керінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан іші - алтын, сырты - күміс сөз төресі. Нақыл сөздер үлгісі қазақ әдебиетінде ерте кезде-ақ ауызекі тіл өнерге, өнегеге айналған шақтан бері қалыптасқан. Нақыл сөздер дегеніміз- үлкен ой, терең пікірге құрылған өмір туралы айтылған ел санасының қорытындысы.

Ащы мен тұщы, алыс пен жуық, жақсы мен жаман - осылар сықылды өмірдің әртүрлі жақтарын ой елегінен өткізіп, олар жөніндегі халықтың шығарған үзілді-кесілді өкімі, өмірдегі әр алуан құбылыс, іс-әрекеттерді өзінше әбден бақылап, сынап келе, «қатесіз», өмірде тап солай болатындығына көздері жетіп, өмір шындығына айтқандары дәл келетін етіп кейінгі ұрпаққа қалдырған халық даналығының сәулесі, ой түйіні.

Нақыл сөз мағына жағынан алғанда, ақыл сөз тәрізді, мынаны істе, жақсы, ананы істеме, жаман демейді, өмірдегі өзінің көргенін, сезгенін, бақылағанын қорытып айтады да қояды.

Ауыз әдебиеті немесе Мәшһүр Жүсіп алдындағы әдебиеттерімізде ақыл, нақыл сөздердің басым жатуы - заңды. Ендеше сол әдебиетті тәрбие құралы студия тілегі жұртты өмірді тануға, адамды өмірдегі жақсылыққа үйретіп, жамандықтан қашыруға жетектейтін ақыл, нақыл сөздердің ауыз әдебиетінен үлкен орын алуының негізгі себебі болады. Ақыл, нақыл сөздердің не әдемі, не терең мағыналы түрлері Мәшһүр Жүсіптің өз өлеңдерінде де көп. Табиғатты, ел өмірін, сүйіспендік, өнер, ғылым, тағы басқа

өмірдің әртүрлі саласына арналған ақынның жай, көркем, сұлу лирикаларымен қатар, өз кезіндегі шет көрген мінез-құлықтарды қатты сынаған улы сатираларымен қатар, өз кезіндегілерге сабақ, кейінгілерге үлгі ретінде айтқан өлеңдер де Мәшһүр Жүсіпте аз емес. Бұл өлеңдердің идеялық мазмұны, характері ақыл, нақыл сөздерді керек етті.

Мәшһүр Жүсіп өзінің әлеумет өміріндегі рөлін жақсы түсінді. Ол өзін өз кезінің ақыны ғана емес, ұстазы деп білді. Сондықтан ол өмірдің барлық саласынан, жұртының бүгінгісіне де, келешектегісіне де сабақ беруді адамдық борышым деп ұқты. Ақынның онысы дұрыс та, орынды да еді...

М. Ж. Көпеевтің ғылым – білімді насихаттауға арналған нақыл сөздерінің жарнамаларын жасадым. Жарнама (реклама, французша – жар саламын) – қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама. Жарнама – ақпарат құралдар: теледидар, радио, газет, интернет, проспектілер, плакаттар, тағы басқалар арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның түрі.

Билборд – үлкен көлемдегі сыртқы жарнамалық құрылым (әдетте, өлшемі 6*3 м.). Осыған «Дүниедегі ең асыл тіл – араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі» деген сөз жазылады (1-сурет).

Сити-борд – әдетте, бірнеше (5-ге дейін) жарнамалық плакаттары бар, арнайы тетік арқылы динамикалық түрде өзгертін, шынының артында орналастырылатын жарнамалық құрылым (өлшемі – 3.7* 2.7 м.).

Жарнамалық плакаттарға Мәшһүрше ғылым-білім пайдасы:

- Ғылыммен айналысқан адам өзін көркем мінезге тәрбиелейді.
- Ғылым аспандағы күн секілді жарығы зор дүр. Әркімнің терезесіне қарай сәулесі түседі.
- Ғылым – ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең дария. Әркімнің ыдысына қарай суы құйылады.
- Ғылым әдепті, жақсы мінезді адамға орнығады.
- Ғылым жеміс екен, оның өсетұғын ағашы әдеп екен, - деп жазылды (2-сурет).

Лайтбокс (жарықпен қамтылған қорап)– құрастырмалы, беткі қабаты тегіс, астында жарық шамдары бар сыртқы жарнамалық құрылым. «Тайдың жорғасы - сатсан, түйе болады. Жігіттің жорғасы - еліне ие болады» деген асыл ойлар жазылады (3-сурет).

Брэндмауер – ғимарат қабырғасына бекітілген жарнамалық құрылым (ғимарат қабырғасының аумағына байланысты өлшемдер әртүрлі болуы мүмкін). Мәшһүр Жүсіптің асыл ойлары:

- Мақсат өмір барысын анықтап, адам бойында ынта-жігерді, талапты тудырады.

- Мақсат адамның санасына да байланысты.

Мақсат қоя білу – адамның өзін-өзі танудағы басты қадамы. Ал екінші қадам – мақсатын іске асыру,- деп жазылды.

Призматрон – үш қырлы айналмалы призмалардан тұратын механизм («жалюзи» принципі бойынша жұмыс істейді). Мұған «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті. Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі. Кедейлік үш ағайынды болады: үлкені – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы.» деп жазар едім (4-сурет).

Скроллер – төменнен жоғары жылжитын, түнгі уақытта дисплейлері ішкі жарықпен жарықтандырылған жарнамалық бейнелермен постерлері бар сыртқы жарнамалық құрылым. «Білімді, зерек адам болам!»- десен,

Қара өзінді басқаның айнасымен» -деп жазылған асыл сөз күнды деп ойлаймын (5-сурет). Баннер – графикалық бейненің шығарылған жарнамалық сипаты.

Постер – жарнамалық мақсатта пайдаланылатын көркемдік рәсімделген плакат. Мәшһүр Жүсіп нақыл сөздерін Абай Құнанбаевтің нақыл сөздерінің үндестігін кесте бойынша постерге салуға болады. 1-кесте

Кесте 1

Мәшһүр Жүсіп нақыл сөздері	Абай Құнанбаевтің нақыл сөздері
Жақсыға мал не керек: Кімде мал болса, сол мал - жақсынікі. Өзі жақсы кісіге - бар дүние сонікі, // Өзі жаман болғанның бар дүниесі біреудікі. Ит тойса да, тоймаса да жаландайды. Түсі игіден түңілме. Қартайғаныңды құрдасыңнан білесің, Кемігенінді құдаңнан білесің. Оңар елдің белгісі: Ақсақалы – үлгісі. Оңбас елдің белгісі: Ақсақалы – күлкісі. Кері кеткеннің саяғы – Далада жүріп тебіседі. Шын жақсының бойында болмас кегі. Не нәрсе талаптансаң табылады. Бүгін аш болған қарын ертең тояр. Құдайдың жақсылығы басында тұр. [2].	«Екі кемнің құйрығын Ұста, жетсін бұйрығын» [4, 98 б.]. «Азат басың болсын құл, Қолдан келмес іске ұмтыл» [4, 125 б.]. «Берекелі болса ел - Жағасы жайлау, ол бір көл. Берекесі кеткен ел - Суы ашыған батпақ көл...» [4, 100 б.]. «Жарлылық, жалынышты жалтақ көздік, Сүйкімді икемі жоқ, шалдуарлық. [4, 54 б.].

Бұл келтірілген үзінділерде ақын өнер, ғылым, еңбек, достық, қастық, әділдік, өсек, өтірік, жауыздық, рахымшылық, талап, ұят, ар, тағы басқа бірнеше нәрселердің бетін ашып, не нәрсені адам қасиет біліп үйрену, не нәрседен қашу керектігіне басалқылық жасап, даналық ақыл береді. Осылар тәрізді өмірдің әр саласын алып, аз сөзге көп мағына сыйғызып, жұртшылыққа айтқан Мәшһүр Жүсіптің өнегелі сөзі, үлгілі өсиеті көп.

Қорыта айтқанда, біздің жинаған материалдарымыз қазақ тілінің сөздік қорындағы нақыл сөздер өзіндік орны мен үлес салмағы бар екендігін көрсетеді. Ақынның нақыл сөздерін жаңартып жұмсау тәсілі, халық тілі үлгісімен жасалған, өз қаламынан шыққан қанатты сөздері қазақтың ауыз әдебиеті тілімен ұштасып жатқандығын дәлелдейді және қазақ әдебиетін байытуға қосқан үлесі болып саналады. Әлем әдебиетінің озық үлгілерін құныға оқып, ізденіп, қоғамдық ойдың қауырт қимылдауына көрік болар батыл-батыл барларуға барып, көркемдіктің сонғы нышандарын танытар жаңалықтар жасау - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қалам ұстаған тұтас бір кезеңінің оза шапқан жүйріктері мен дүлдүлдеріне тән мінез еді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жыр айдыны кең, аспаны асқақ, өз сөзімен айтқанда, «бұтақтары-биікте, тамырлары-тереңде» өлеңдерінің жас буынға берер тағылым - тәрбиесі мол. Ақынның нақыл сөздері жас ұрпақты адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеп, ғылым – білімнің өлмес, өшпес байлық екенін көрсетеді. Қорыта келгенде, нақыл сөздер тілдік

бірліктер ғылыми жұмыстың негізгі нысанын айқындай отырып, тілдік жүйедегі қызметін, сипатын аша алады деп есептейміз. Бұл ғылыми жұмысты мектеп бағдарламасында, жоғарғы оқу орындарында ұсынып, әрбір тақырыпты жан-жақты зерттеу нұр үстіне нұр болар еді. Мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қалдырған мұраларынан әлі де тың казыналар табылады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – Астана 2006-2011 жылдар.
- 2 Мәшһүр Жүсіп шығармалары – 16 том. Павлодар, - 2013. - 356.
- 3 «Мәшһүр тағылымы» жинақ кереку Павлодар 2008. – 458 б.
- 4 Әуезов М. «Абай жолы» - Алматы, 2013. – 426 б.
- 5 М. Әуезов «Әдеби мұра және оны зерттеу» Алматы, 1961. – 375 б.
- 6 «Сарыарқа самалы» 2006 №133, 4 бет.

ҚОСЫМША



Сурет 1



Сурет 2



Сурет 3



Сурет 4



Сурет 5

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР СИПАТЫ

МУСАЛИНОВА С. Р.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

АУБАШЕВА М. Е.

8 «А» сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Кез келген тілдік құрал мәтінде болсын, ауызекі сөйлеу тілінде болсын жөнсіз, қисынсыз қолданылмайды. Ондағы (көркем шығарма тіліндегі, сөйлеу тіліндегі) күрделі синтаксистік құрылымдары, мағыналық топ құрайтын сөздер, жеке дыбыстар, фразеологизмдер – бәрі де талғамымен көркемдік идеяға қызмет ету үшін, ойды әсерлеу үшін, тыңдаушыға ұғынықты болу үшін тартылған тілдік құралдар

болып табылады. Мағынасы айқын аңғарылатын, стильдік бояуы бірден көзге түсетін сөз бен сөз тіркесі, сөйлем бірліктерінің кез келген мәтіндегі қолданыс аясын анықтап, стильдік фон жасауға қатысатын белсенді тілдік құралдар қатарына жататындығын аңғара аламыз. Әр функционалды стильдің өзіндік мағынасы мен бояуы жағынан ажыратылмайтын стильдік қабаты болады. Дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдау олардың жасалу жолдарын, көркемдік құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтауға жағдай туғызады. Сөздің барлығы дайын күйінде экспрессивтік-эмоционалдық қасиетке ие бола бермейді. Сөйлемде не мәтін ішінде стилистикалық бояу туғызып, экспрессивтік-эмоционалдық мағынаға ие болады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің экспрессивтілік қызметін талдау арқылы екі тілдегі ұқсастық пен айырмашылықтарды тануға болады.

Зерттеу нәтижесінде тілдік бірліктердің екі тілде де стильдік қызмет атқаратындығын, эмоционалды-экспрессивтік мән туғыза отырып, оқырман сезіміне айтарлықтай әсер етуге болатындығына көз жеткіздік. Зерттеу жұмысының әр тарауында тілдік бірліктердің экспрессивтік мағынасының әр түрлілігі талданады.

Мысалы ауызекі сөйлеу стилінде эмоционалды-экспрессивтік мағына басым болады. Сол арқылы ол тілдегі өзге функционалды стильдерден дараланып тұрады. Метонимиялық ауыс мағына мұнда мүмкіндігінше көп ұшырасады. Сөйлем құрылымының ауысуы да экспрессивтік мән тудырады. Тілдік құралдардың ішінде фразеологизмдердің экспрессивтік қызметі екі тілде де айырықша.

Сонымен тілдік құралдардың эмоционалды-экспрессивтік рең, стильдік бояу беруін лингвистика ілімінің стилистика саласының ғылыми тұжырымдамаларына сүйене отырып анықтауымызға болады. Стильдік категорияларды сөздің ауыспалы мағынада жұмсалуды, троп түрлері, сөйлем құрылысының ауысуы, яғни инверсия, басқа да көркемдегіш-бейнелегіш құралдар құрайды.

Мәтіндегі сөздер, жай сөйлемдер, сондай-ақ құрмалас сөйлемдер де, грамматикалық тұлғалар да өзі суреттеп отырған оқиғаны көркем жеткізу үшін пайдаланылады. Күрделі сөйлемдер оқиғаны, құбылысты жан-жақты қамтып, айтайын деген ойын нақты жеткізу мақсатында қолданылады. Шылау, қосымша т.б. бірліктер сөйлеу тілінің мәнерлілігін, бейнелілігін арттырып мәтінде стильдік қызмет атқарады.

Сөздер ауыс мағынада қолданылып ойға әсерлілігін күшейтеді, образдылық туғызады. Халықтың сөйлеу тілі лексикалары,

фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдердің экспрессивтік қызметі ерекше. Кейде мәтіндегі сөздер ырғаққа негізделіп құрылып, сазды әуенімен ерекшеленіп, басынан аяғына дейін тұтастай терме, жыр секілді желдірме түрде жұмсалуды да мүмкін.

Прозалық шығармаларда да поэзиялық туындылардағыдай ырғақтылық әуендік, мәнерлілік лексемалар арқылы тууы мүмкін. Және олар сыртқы әдемілік үшін қолданылмайды, ойдың мазмұнын ашу мақсатында күшті көркемдегіш тәсіл болуы ықтимал. Мәтіндегі көсемше формалы етістіктерде, синтаксистік қайталама да ырғақтылық туғызуға бейім болып келеді.

Мәтіндегі ырғақтылық, экспрессивтілік сөйлемдегі сөздің орын тәртібі, синтаксистік қайталаулар арқылы, авторлық баяндаудағы синтаксистік бірліктердің құрылысы арқылы жасалады.

Кейде сөйлемнің белгілі бір мүшелерін өлендегідей ұйқастыққа құру арқылы ырғақтылық жасалады. Шығарманың ырғақты, әуенді құрылымы оқырман сезіміне ерекше әсер береді.

Қазақ және ағылшын тілдерінде мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, нақыл сөздер көркем сөз өнерінің тілдік бұлақтарының бірі болып табылады. Қанатты сөздер мен тұрақты сөз тіркестері бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Себебі қай тілде болмасын ондағы тұрақты, бейнелі сөз оралымдары өзінің алғашқы бастауын шешендік өнер дәстүрінен алатыны бәрімізге мәлім.

Қай тілде болмасын қанатты сөздер өзіндік қайнар көзі, тарихы, даму жолы бар, сыры мол тілдік қазынаға, жалпы халықтық рухани байлыққа жатады.

Мысалы:

East or west, home is best – Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас
Better late than never – Ештен кеш жақсы

Екі тілде де келтірілген мысалдарға көз жүгіртсек, бұл қанатты сөздердің беретін мағынасы олардың жеке сыңарларының беретін мағынасымен байланысты емес. Олардың компоненттерінің мағыналары жымдасып, әр қанатты сөз толығымен бір ғана негізгі фразалық мағынаны білдіріп тұр. Мұндай қанатты сөздер ішіндегі элементтеріне қарай талдау жасап, бірін екіншісінен жырып алуға болмайды, сондықтан да олар фразеологизмдер сияқты сөйлемдегі синтаксистік қызметіне қарай сөйлемнің нақтылы бір мүшесі дәрежесінде жұмсалынады.

Қанатты сөздер халықтың рухани мәдениетінен туындап, тілдегі көрініс тапқан құбылыстар болғандықтан, оларды этнолингвистикалық тұрғыдан салғастыра қарастырудың мәні

ерекше, себебі, қанатты сөздерді осы тұрғыдан зерттеу олардың шығу көзін, мағыналарының даму, бейнелеу түрлері мен қалыптасу заңдылықтарын ашуда, олардың тіл байлығын дамытудағы қызметін анықтауда теңдесі жоқ мәні бар екендігі шүбәсіз.

Four eyes see more than two – Кеңесіп пішкен тон келте болмас
Long absent, soon forgotten – Көзден кеткен көңілденде кетеді

The voice of the people is the voice of God – Көптің көзі көреген; Көптің аузы дуалы. Сонымен, лексика-грамматикалық тұлғалардың экспрессивтілігіне келсек қазақ және ағылшын тілінде фразеологизмдердің, қанатты сөздердің, мақал-мәтелдердің экспрессивтік қызметі айырықша көзге түседі. Жеке-жеке тоқталып талдау арқылы көрсетуге болады.

Қазақ тілінде және ағылшын тілінде көркемдегіш элементтердің бір саласы болып табылатын тұрақты тіркестер тіл тану ғылымының аясында жеке лингвистикалық ілім ретінде аталып жүр. Тұрақты сөз тіркестердің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы – фразеология. Фразеология – тіліміздегі фразеологизмдерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай бөліп, құрамын анықтап, жасалу, даму заңдылықтарын зерттейді.

Фразеология туралы ілім орыс ғалымдары В. В. Виноградов, А. И. Ефимов, М. Н. Шанский, С. И. Ожегов, т.б. ал қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді І. Кеңесбаев,

М. Балақасев, Ә. Хасенова, Х. Қожахметова және Қ. Сәрекенова, Г. Смағұлова, Ж. Қоңыратбаева еңбектерінде қарастырылады.

Фразеологизмдер қазақ тіліндегідей ағылшын тілінде де образды, бейнелі рең беру үшін, эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыру мақсатында қолданады. Фразеологизмдер ойды бейнелі әрі әсерлі етіп жеткізеді.

«Фразеологизмдер тіл- тілдің бәрінде бар құбылыс және бұларды тілдің бөлекше сипаттағы шырыны мен сүрі таусылмайтын дәмді элементтері деп айтуға болар еді. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілді «өткірлігі дегенімізді» айырықша көрінер жері осы фразеологизмдер маңы... Қай елдің, қай жазушының қай шығармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни қаламгерлердің қай-қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім» [1, 41 б.].

Р. Сыздыкова: «Фразеологизмдер - сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл бір жағынан, екінші жағынан, ол жеке қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен

түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып тану ерекше орын алады» [2, 95 б.], - дейді.

«Фразеологизмдер – күрделі лингвистикалық бірліктер. Олардың күрделілігі тек құрылымдық түрлері мен синтаксистік модельдерінің көпшілігімен ғана емес, сонымен қатар тематикалық және семантикалық көп жақтылығымен, сондай-ақ ойдың түрлі эмоционалды-экспрессивті реңктерін бейнелеу мүмкіндігімен тусіндіріледі» [3, 202 б.], - дейді ғалым Ә. Т. Қайдар.

Кейбір фразеологизмдер адам мінез-құлқындағы өзгерістерді жан-жануарлардың іс-әрекетіне, мінезіне теңеу негізінде пайда болған. Мұндай құрылымдар тілде компаративтер деп аталынады, яғни адам мінез-құлқындағы өзгерістерді кез келген заттың, құбылыстың, ұғымның сапалық белгісімен салыстыру арқылы айқындайтын тілдік құрылым. Мысалы, қазақ тілінде: «еліктің лағындай» (сүйкімді), «көлде жүзген аққудай» (сүйкімді, әдемі), «тайға таңба басқандай» (анық), ағылшын тілінде: «as innocent as the baby unborn» (аңқаулық), «as he was born yesterday» (қазақ тіліндегі баламасы - дүниеге кеше ғана келгендей), «as a sheep among wolves» (жуастық, аңқаулық).

Ағылшын тілінде де қазақ тіліндегідей момындық, жуастық символы ретінде көп жағдайларда «қой» – «sheep» қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде адам мінезін «қойдан жуас», «қой аузынан шөп алмас» деп сипаттаса, ағылшын тілінде де «to follow smb.like a sheep», «a sheep among wolves», «lost sheep» тұрақты тіркестерін қолдану арқылы сипаттауға болады.

Ал ғалым Т. Қоңыров болса, функционалдық эмоцияны мағынасына қарай жағымсыз мәнді және жағымды мәнді деп жіктейді [4, 171 б.]. Біз осы жіктеуді басшылыққа ала отырып, қазақ және ағылшын тілдеріндегі эмоцияны білдіретін фразеологизмдерге тоқталайық.

Жағымды мәнді эмоцияны білдіретін фразеологизмдер:

– қазақ тілінде: майдай еру, қабағы ашылу, ішіп-жемей мас болу, бөркін аспанға ату, екі езуі екі құлағына жету, жайраң қағу, көзі шарадай жану, көңілі судай тасу.

– ағылшын тілінде: tread on air, go ape, make good cheer, of good cheer, cry contentwith.

Жағымсыз мәнді эмоцияны білдіретін фразеологизмдер:

– қазақ тілінде: жіпсіз байлану, жаны жай таппау, қабағынан қар жауу

– ағылшын тілінде: be on the bit, on the anxious seat, hot under the collar, in a blue funk, one's blood is up, one's blood turned to ice, etc.

Егерде эмоцияны білдіретін фразеологизмдерді мағыналарына қарай топтастыратын болсақ, онда көңілдену, шошу, корку, ренжу, қуану, жылау, ашулану, таңдану сияқты эмоцияның лексикалық бірліктеріне тоқталамыз.

1 Адамның эмоциялық жай-күйін білдіретін фразеологизмдер.

Қуану: жерден жеті қоян тапқандай, алтын тапқандай болу, бөркін аспанға ату, екі езуі екі құлағына жету, жайраң қағу, төбесі көкке жету, cry content with, make good cheer, of good cheer, tread on air, to be mad {crazy} about smth., go ape.

Қай тілді алсақ та оның фразеологиялық тіркестерге бай екенін көреміз. Фразеологизмдерді экспрессивті мәнің күштілігіне қарай ақын-жазушылар өз шығармаларында түрлі стилистикалық әсерлер беру үшін қолданады. Ағылшын тіліне тән өзіндік ерекшелік қарапайым сөздердің қолданылуынан байқалады. Мысалы, қазақ ауызекі тілінде ит, доңыз, шошқа, қожанасыр, т.б. қолданысы басым болса, ағылшын тілінде ақымақ, ит, кәрі аю т.б. қолданылады.

«You thief ! You robber ! That' what you are! You take all the shillings every week from poor people like me who can't afford it!» (R.G. 46)

Ұрлықшы, қаракшы сөздері мәтінге мәнерлегіштік қасиет үстеген.

«Foolish child! Foolish child! Was the parrot-phrase flung in answer. (O.W. 84)

«Ah! But you don't like being kissed, Jim», she cried. «You are a dreadful old bear». And she ran across the room and hugged him (O.W. 86).

Зерттеу жұмысы барысында тіл стилистикасына қатысты ғылыми еңбектерге шолу жасалып, стилистика бағытындағы зерттеу жүргізген ғалымдар тұжырымдары басшылыққа алынды. Қазақ және ағылшын сөйлеу тілі интонациялық байлығы, эмоциялық, экспрессивті сөздердің мағыналы қолданылуы, образдылық, сөз мағынасының астарлы болып келуі, сөз мәйегі мақал-мәтелдердің мол қолданылуы, экспрессивтік қызметі қарастырылды. Қазақ және ағылшын тілінде экспрессивтік мән тудырушы тілдік бірліктердің қызметі қарастырылды. Зерттеу барысында екі тілдегі тілдік бірліктердің экспрессивтік мәнге ие болатындығы, мәтін ішінде мәнерлілік тудырып, айқындылықты күшейтетіндігі ашылды.

Қорыта келгенде, қазақ тілі де, ағылшын тілі де поэтикалық қолданыстарға бай. Халық қара сөзбен айтар ойды бейнелі сомдайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Смағұлова Г. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің варианттылығы. Филол. ғыл. канд... дис.: - Алматы, 1993, -211 б.
- 2 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. - Алматы, 1997, -224 б.
- 3 Қайдар Ә. Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, 1998, - 304 б.
- 4 Қоңыров Т. Қ. Қазақ теңеулері. - Алматы, 1978, - 192 б.

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ КОНТАМИНАЦИЯСЫ

РУСТЕМОВА С. Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

СЕКЕНОВА С. Б.

6 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қазақ халқының тарлан тарихының тереніне тәнті болған, мақтан тұтарлық жерлес бабаларымыздың: Құтып ақын, Көтеш ақын, Бұхар жырау, Мәшһүр Жүсіп, қаракесек Мәди, Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт сынды дарынды тұлғаларды әкелген көркемсөз жыр толқындарды ұмытпау - біздің парызымыз. Сиқыр сөздің табиғатын түсіне білген, бай ерке өлкемнің баурайында, ұлттық символ әдебиеттің көсеміне сенген ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы, бірегейі – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының рухы мәңгі жасай бермек. Ұлт болашағы, ұлттық мұраны қастерлеген, марғасқа қазақ әдебиетінің майталманы, аса көрнекті ұлы ақыны, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мақал-мәтелдерін зерттеу-мен үшін үлкен мәртебе

Белгілі ақын, зерттеуші Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы мақал-мәтелдердің контаминация құбылысы өз алдына дербес жүйесінде қарастырылмауы-жұмыстың өзектілігі болып табылады.

Мәшһүр-Жүсіп мұраларындағы мақал-мәтелдердің контаминациялану құбылысын қазақ лингвистика саласында жүйеге түсіріп анықтау, көркемдік сабақтастығын саралау. Бұл мақсатқа жету үшін мынадай нақты міндеттер қойылды:

- Мәшһүр-Жүсіп жинаған мақал-мәтелдеріндегі контаминация құбылысының лингвистикалық анықтамаларын жүйелеп жинақтау;

- контаминацияланған мақал-мәтелдерді лингвистикалық тұрғысынан топтау;
- мақал-мәтелдердегі күрделенген, қосарланған, бірлескен контаминация құбылысын жүйелеу;
- ақын қолжазбаларындағы контаминацияланған мақал-мәтелдердің ұлттық төл мәдениетін дамытудағы орнын анықтау;
- контаминацияланған мақал-мәтелдерді көркемдік-экспрессивтік қызметі мен стилистикалық түрлеріне жан-жақты саралап, талдау;
- мақал-мәтелдердің контаминациялық ерекшеліктеріне, сипаттама жасау.

Ақынның мақал-мәтелдер контаминациясы ғылыми тұрғыдағы болжамдардың барлығы дәлелденеді деуге болмайды. Сондықтан ғылыми зерттеу барысында ақынның мақал-мәтелдер контаминациясын тек төрттен бірін ғана дәлелдеп, шындыққа айналдырамын. Олай болса:

- тілдік бірлікте мақал- мәтелдердің сыйысу жолдарын саралап табу;
- ықшамдалу жолдарын ғылыми тұрғыда пайымдау.

Ақынның қолжазбасындағы мақал-мәтелдердің ықшамдалған контаминация құбылысы өз алдына жеке сөз болмауы, жан-жақты талданбауы, жобаның өз алдына ғылыми негізде дербес дәрежесін танытып, жұмыстың жаңалығы болып табылады.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы контаминациялану жолымен қалыптасқан мақал-мәтелдердің лингвистикалық сипаты. Контаминация (лат. Contaminato- қосылу, араласу, жымдасу) - екі элементтен үшінші жаңа тілдік бірлік (единица) жасау. Лингвистика саласында контаминация құбылысын ең алғаш зерттеген ғалым А. Байтұрсынұлының айтуынша, толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің көбін ықшам түрге айналдыруға болады деген. Толық түрден ықшам түрге айналдыруды- ықшамдау дейді. Тіл біліміндегі контаминация құбылысын ықшамдаудың (үнемдеудің) бұл тәсілі Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларындағы мақалдардың көбі құрмаласып келеді. Ендеше, мұндай контаминация құбылысты Мәшһүр Жүсіптің мына мақал-мәтелдерінен қарастырамыз. Жомарт-жоққа тоқтар, тентек-көпке тоқтар, өтірік-шынға тоқтар, асыл-қынға тоқтар [2, 69 б.]. Ал дұрысы, «Жомарттың қолы - береген, жоқтың қолы - алаған».

Ақын мақал-мәтелдеріндегі күрделенген, қосарланған, бірлескен контаминация құбылысы. Контаминация құбылысы

көбінесе ауызекі сөйлеу тілінде пайда болып табылады. Сондықтан, күрделі сөздердің шығу көзі, қалыптасуы еркін тіркестерден болып, контаминация құбылысының сөйлеу деңгейінде болады. Контаминация құбылысы да кемінде екі тілдік бірліктің сыйысуынан пайда болып, алдымен күрделену құбылысы жүреді, сонан кейін барып қана тілдік бірлік тұлғалық жағынан ықшамдалады. Филология ғылымының докторы, профессор Ә. Қайдар мақал-мәтелдердің құрамдық-тұлғалық өзгерістеріне байланысты күрделі сөздерді үш топқа бөліп қарастырады [7, 69 б.].

1 Күрделенген түрлері: «Алпыс жыл (күн) атан болғанша, алпыс күн бура бол» [2, 44 б.], – деген контаминацияланған мақалдың алдыңғы нұсқасы «Дүркінде-дүркін, дүркінде, дүние шіркін бір күнде, Алпыс күн атан болғанша, алпыс бура боп, бір күн зіркілде» [2, 71 б.] деген түрінде қолданылған.

2 Қосарланған түрлері: «Жақсыдан-шарапат, жаманнан кесапат» [2, 64 б.] мәтелдің ықшамдалған түрінің толығы «Жақсыдан шарапат туады, жаманнан кесапат туады». Ақын екі мақалды (мәтелді) тоғыстырып, үшінші бір мақалды «Жақсыдан- шарапат жаманнан кесапат» - туындатып, контаминациялаған.

3 Қысқарған түрлері: «Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда – қазан жаңа» [2, 365м-60 б.], толық түрі «Елу жылда-ел жаңа болады, жүз жылда – қазан жаңа болады» бұл мақалдың құрамы ықшамдалып, яғни контаминацияланып даму барысында түсіп қалған, тұрақталған компонентке (болады) сөзі жатады.

Мәшһүр-Жүсіп мақал-мәтелді әрі сыйыстырып шұбалаң түрінде, әрі ықшамдап қысқартып жазған.

Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларындағы контаминацияланған мақал-мәтелдердің ұлттық төл мәдениетін дамытудағы орны. Ақынның шығармалары образды, ұлттық символды көрсететін мақал - мәтелдерге өте бай. Олар халықтың төрт түлік мал шаруашылығына байланысты: «Ат - биеден, алып - анадан» [2, 82 б.] (туады) сөзі контаминацияланған, салт-дәстүрінен: Қызға қырық үйден тыйым [2, 82 б.]. Ұлттық заттар: «Кигіз кімдікі болса, кеген соныкі» [2, 72 б.]. Тағам дәстүрінен: «Саптыаяққа ас құйып, сабына қарауыл қойып» [2, 88 б.]. Бұл мақал-мәтелде ақын сыйыстырып, ықшамдап контаминациялаған. Саптыаяқ, саба сөзіне назар аударылады. Саптыаяқ, саба - қазақ ыдысының бірі. Яғни, күнделікті асқа пайдаланады. Ұлттық мәдениеттен «саптыаяқ, саба» лексемасы көрініс беріп тұр. Осы жерде ақын бейнелі-мысқылды компонент мәдениет аясында контаминация құбылысын туғызады. Ұлттық тіл семантикасында бекіген бейнелі жүйесі болмақ.

Бұл контаминациялар Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы мақал-мәтелдерінде қолданылатын мәтін мағынасына мәдени сипат береді.

Контаминацияланған мақал-мәтелдердің авторлық өңдеумен қолданылуы және этнолингвистикалық сипаты. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы мақал-мәтелдердің контаминациялық құбылысы, стилистикалық сипаты жағынан сан алуан. Мәшһүр Жүсіп шығармаларында мақал-мәтелдердің көбін өзгертіп қолданған. Мысалы: «Жетім құрсағы - жетеу» [2, 68 б.]. (Жетімнің қарны-жетеу), «Жетім қозы – көткеншек» [2, 68 б.]. (Жетім қозы – түртіншек, отығар да оңалар, жетім бала тасбауыр, торығар да оңалар); «Қызға қырық үйден тыю» [2, 82 б.]. (Қызға қырық үйден тыйым, қала берсе, қырық күннен тыйым) демей, сөздің қолдану аясын өзгертіп, ықшамдап жазған.

Контаминацияланған мақал-мәтелдерің экспрессивтік стильдік қасиеті. Бұрыннан қалыптасып тұрақталған айрықша экспрессивті бояулы контаминацияланған мақал-мәтелдер ақын шығармаларында молынан кездеседі. Экспрессивті мақал-мәтелдер сол дайын күйінде пайдаланып, сөйлеуші зат не құбылыс туралы өзінің көзқарасын және оны қалай бағалайтынын білдіреді. Ақын қолжазбаларындағы мақал-мәтелдер экспрессивті-эмоциялы сезімге айрықша әсер етеді. Мысалы, «Әуелгі қыстау-жердің құты, әуелгі әйел-ердің құты» [185, 51 б.].

Әр түрлі көңіл күйге байланысты, экспрессивті контаминацияланған мақал-мәтелдерді топтасам: Мысалы, «Қырық кісі - бір жақ, қыныр кісі - бір жақ» [826, 83 б.]. «Шоқпар - әрі басқа, әрі көтке тиеді» [2,1131м-98 б] сияқты сөз тіркестер тілімізде әр түрлі жағдайда қолданылады.

Тілек мәні бар тіркестер: іске сәт, құтты болсын, оң сапар, айың тусын оныңнан, жұлдызың тусын солыңнан, бақытты бол мұратқа жет, т.б.

Қарғыс мәнді тіркестер: тумасаң туа шөк, қырық жілік болғыр, сеспей қат, ката қал, желкең қиылсын, тілің қырқылсын, жер жастанғыр, мойының үзілсін, т.б.

Фольклорист қолжазбасындағы мақал-мәтелдер интонация, ырғақпен айтылады. Бұған саяси-әлеуметтік ұрандар, сөйлеу тілінде жұмсалатын сұраулы және лепті сөйлемдерді жатқызуға болады. Кейбір тұрмыстық-қарапайым лексикалық сөз тіркестері (дисфемизм сөздер) күнделікті өмірде қолданылатын бір нәрсенің бағасын кеміту үшін стилистикалық бояуы бар дөрекі, тұрпайы сөздер жатады. Бұл сөз қолданыстары ақынның мақал-мәтелдерінде жиі кездеседі. Мысалы, қатын, сұқ иттің көтін, көпір, ит құрсағы, итаяқ, қатын-жапа, көк долы,

айғыр, т.б тіркестер кемсітіп мұқатуды, жаратпауды қарғыс сөздері сөйлеу тілінде еш өзгеріссіз сол қалпында жазып көрсеткен.

Қазіргі кезде коммуникативтік акт кезінде экспрессивтілік негізінен, контаминацияланған мақал-мәтелдердің бойында сақталған. Сөйлеу барысында контаминациялану негізінде жаңа бірліктер туындап отырады. Кез келген фразеологиялық бірлік негізінен адам эмоциясының әсерінен туындайды. Себебі эмоциясыз адам өзін-өзі дені сау, қалыпты сезінуі мүмкін емес. Біздің әрқайсымызда әр алуан сезім қалыптасқан. Тіпті бір күннің ішінде көңіл күйі бірде мұңды, бірде шат болып түрліше күйге түседі. Экспрессивтілік тілдік жүйеде тілдің көркемдеуіш құралы арқылы беріледі. Ал көркемдеуіш құралдарының бір шеті осы мақал-мәтелдермен ұштасып жатыр.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы мақал-мәтелдерді сараласақ, контаминация құбылысы арқылы үшінші мағынаға ауысқанын байқаймыз.

Зерттеуші шығармасындағы мақал-мәтелдердің өн бойынан контаминация құбылысы арқылы жаңа бірліктердің пайда болуының бір көзі ретінде қарауға болады. Контаминация құбылысы Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасындағы кез келген мақал-мәтелдердің құрамында бар және ол ұлттық символдық бейнесіне өз үлесін қосады.

Ақынның мақал-мәтелдерінің халық тілі үлгісімен жаңартып жасаған тәсілі, өз қаламынан шыққан нақыл сөздері, халық ауыз әдебиеті тілімен сабақтасып жатады. Сонымен, Мәшһүр-Жүсіп жинаған мақал-мәтелдер өзінің баға жетпес бояуы терең асыл сөз жақұт-маржандарын, болашақ ұрпақ біздер біліп қастерлей жүруіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Трушев А. Қ. Оқу құралы ІІ бөлім - Палодар - 2009 - 64 б.
- 2 Мәшһүр Жүсіп Таңдамалы 3 том, Павлодар, 2006 - 42 - 98б.б.
- 3 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. –301 б.
- 4 Жұбанов Е. Қ. Эпос тілінің өрнектері. –Алматы: ҚазССР-інің Ғылым баспасы, 1978. –180 б.
- 5 Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.
- 6 Қосымова Г. Қазақ эпосындағы фразеологизмдер. – Алматы: Мектеп, 1997. 80 б.
- 7 Қайдар Ә. Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: СТоғанай Т, 2004. – 69 - 171 б. б.

8 Аханов К. Тіл білімінің негіздері Алматы, «Санат» - 2003 - 170 б.б.

9 Анықтамалық басылым.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы 2008 «Дайк- Прес».

10 Балақаев М. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы - 1974, 84 б.б.

НЕЙРОЛИНГВИСТИКА – ТІЛ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАҢА САЛАСЫ

ХАВЕЗ А., АНТМУХАМЕТОВА А.

8 сынып оқушылары, Ы. Алтынсарин атындағы

Дарынды балаларға арналған қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.
НҰРМАТ Б.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы
Дарынды балаларға арналған қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Жаңа дәуір әлем лингвистикасында қоршаған әлеммен адамдық факторлардың байланысын жан-жақты қарастыра отырып, адам болмысын дүниетаным негізінде зерделеу ғылымдар тоғысында жаңа бағыттардың дамуына игі ықпал етіп,нейролингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика, культурология, этнопедагогика, әдебиеттану ілімдеріне қатысты өзекті де өрісті мәселелерді өмірге әкелді.

Лингвистика тіл мен танымның, тіл мен адамның, тіл мен сананың, тіл мен ойдың, тіл мен қоғамның, тіл мен ұлттың, тіл мен мәдениеттің сабақтастығын терең зерттеуге бет бұрды. Халықтың тілі арқылы оның дүниеге деген көзқарасынан, ұлттық ерекшеліктерінен, салтдәстүрінен, менталитетінен, әлемнің тілдік бейнесінен ақпарат алып, ұлттық құндылықтарымызды тереңінен танып, қайталанбас болмыс қасиетімізді сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – тіл ғылымындағы жаңа бағыттың басты нысаны. Осыған орай, қазақ тіл білімінің ғылыми ұстанымдары мен әдіснамалық негіздерінің таным теориясымен ықпалдаса, бірлесе зерттелуі қазақ лингвистикасының өрісін кеңейтіп, көптеген ғылыми салалардың қалыптасуына ықпал етті.

Адамның қоршаған ортаны қабылдап, түсініп, оған деген көзқарасының тілдік бірліктерден көрініс табуы оның ой-санасының дамып жетуінде, тұрмыс-тіршілігінде, қоғамдағы мәдени өмірінде ерекше әлеуметтік мәнге ие болды.

Таным – бұл адамның болмысты бейнелеу әрекетінің ерекше түрі. Адам айналадағы білімді санасына таным әрекеттері арқылы қабылдап, ұғып, еске сақтап, таниды. Адамның нақты мақсатына бағытталған және шығармашылық іс-әрекетке негізделген таным нәтижесінде сыртқы әлемнің идеалды образдары қалыптасып, олар туралы білім пайда болады. Халық танымы оның дүниеге деген көзқарасын айшықтайды.

Дүниетаным – бұл ақиқатты дүниеге және ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, адамдардың осы көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсатмұраттары, таным мен қызмет ұстанымдары, құндылық бағыттары. Дүниетаным қоғамдық және жеке адам санасының ұйтқысы болып табылады. Дүниетанымды қалыптастыру – тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың, қоғамдық таптың жетілуінің елеулі көрсеткіші. Дүниетаным үнемі дамып, өрбіп адамның тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрыпынан, салт-дәстүрінен, наным-сенімінен көрініс тауып отырады.

Қазақ лингвистикасын зерттеп, алғаш оның түп негізін қалыптастыруға зор еңбек сіңірген ғалымдардың еңбектерін танымдық жағынан бүгінгі жаңа парадигма аясында қарастырудың маңызы да зор. Осы мәселеге байланысты қазақ тіл ғылымының алғашқы бастамасын А. Байтұрсынұлы еңбектері құрап, тіл арқылы ұлтты, адамзатты, халықтың мәдениетін, тарихын, әлеуметтік ортасын, қоғамын зерделеу кейін Қ. Жұбанов пен С. Аманжолов зерттеулерінде жалғасын тапты.

Қазақ тіл білімінің басында тұрған тұлғаларымыз А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов тіл табиғатына зерттеу жүргізгенде тілдің танымдық қызметіне айрықша көңіл бөліп, оны ішкі көкей көзбен сезе біліп, тіл болмысына әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар мен себеп-салдарды жан-жақты ескере отырып, тілтанымдық мәселелерді біртұтас жүйе ретінде сипаттап, маңызды тұжырымдар жасады.

Қазақ тіл ғылымының аса көрнекті өкілдері, ғұлама ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов пікірлеріне зер салу көрнекті тұлғалардың мұрасын зерттеп, тануға ықпал ете келіп, лингвистиканың қазіргі даму бағытын анықтаумен қатар, диахрониялық және синхрониялық ілімнің даму әдістерін игеруге мүмкіндік береді, қазақ тіл біліміндегі сабақтастықты тануға дәйек болады.

А. Байтұрсынұлы тіл болмысымен таным теориясын сабақтастырып, «тіл– адамның адамдық белгісінің зоры» [1, 13 б.] –

деп тұжырымдайды. Ғалым тіл мен таным бірлігі негізінде қалыптасқан адамдық құндылықтарды, қасиеттерді тіл болмысы арқылы түсіндіруге тырысты. Ол тіл арқылы бейнеленетін таным теориясы негізінде ұлттық қасиеттер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық мінез, мәдени құндылықтар туралы ақпараттан адамның ойөрісі артатындығын нақты мысалдармен көрсетті. Көрнекті тілші адам баласын, оның болмысын, ұлтын, мәдениетін, мінезін т.б. құндылықтарды тіл арқылы зерттеп, зерделеуге болатындығы туралы пайымдауларын мұра етіп қалдырды. Тіл табиғатының сырына терең үңілген А. Байтұрсынұлы таным теориясын адам жаратылысымен, физиологиясымен байланыстыра зерттеп сипаттаса, Қ. Жұбанов: «әрбір құбылысты адам өз тарихи дәуірі тудырған көзқарастары арқылы көреді. Сондықтан әрбір ұлттың, оның ішінде әрбір таптың өзіне жақын, һәм алыс құбылыстары болады» [2, 39 б.] - деп, таным теориясын сыртқы дүниемен, тіл әлемімен сабақтастыра түсіндірді. Табиғатпен біте қайнасқан адам санасындағы тұтас әлем тілде көрініс тауып отыратынын айтқан ғалым алғашқы дәуірде де адамдар танымды абстракцияланғанын меңзейді. Қ. Жұбанов еңбектерінде тіл мен тарих, халық пен таным, ұлт пен мәдениет ұғымдары өзара сабақтас қарастырылған.

Қазақ тіл білімінің көрнекті тұлғасы, тілші-ғалым С. Аманжолов еңбектерінен де таным теориясына арналған тұжырымдар мен пайымдарды аңғаруға болады. С. Аманжолов таным теориясы жайында А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов көзқарастарын жалғастыра келіп: «Әр халықтың тілі өзінің сана-сезіміне ой-өрісіне сәйкес түрде ғана ойдың суретін, бейнесін бере алады» [3, 14 б.] - деген пікір айтады. С. Аманжолов өз зерттеулерінде халықтың, ұлттың, этностың даму тарихына, жүріп өткен жолына үңіле отырып, дүниетанымдық қағидаларға айрықша назар аударады. Тіл тарихы мен ұлт тарихын бірлікте зерттей келіп, ғалым тіл табиғатын, жергілікті диалектілерді, ру, тайпа тілін географиялық мекен-жаймен, ел, жер атауларымен тығыз байланыста қарастырды. Ғалым халықтық ұғымдардың пайда болуы, жаңа мәнге ие болуы қарым-қатынас тілі арқылы көрінетіндігіне көңіл бөлді.

Танымдық тіл білімінде біршама зерттеулер баршылық. Алайда, қазір тіл мен таным мәселесі, соның ішінде жаңа бағыт болып қазақ тіл білімінде әлі қалыптаса қоймаған нейролингвистика мен когнитивтік лингвистика саласын ғылымда жүйелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып саналады.

Когнитивтік лингвистиканың тууы АҚШ-та 50-шы жылдарының сонында ыңдыландыру мен реакция терминдерінде мінез-құлықты

зерттеудің бихевиористік әдістемелігіне реакция болып табылады. Олар кейінірек Европада пәнаралық бағыт ретінде таралып, өкілдері тілді, білімді меңгеріп, пайдалану кезіндегі ментальды процестерді зерттеуді мақсат етіп қойған. Мінез-құлық ретінде ментальды процестерді зерттеудегі аралық буынның ролі. Когнитивтік (ментальдық құрылымдар ойлау, ақпаратты жинау, сөйлемді түсіну мен құрастыру процестерінде адаидар қолданатын когнитивтік стратегияларды талдау жолымен зерттеледі. Зерттеулер 70-80 жылдары белсенді жалғасты (У. К. Эстес, П. фон Геерт, Д. У. Ховарт, Т. Бивер, Й. Байер, М. Бирвиш, Ф. Саша, С. Каннгиссер, Г. Рекхайт). «Language and cognition» журналы шығып тұрады. Қазақ тілінде болса бұл бағытта зерттеулер баршылық.

Ал нейролингвистика көп қарала қоймады. Тіл білімнің бұл арнасында неврология (нейрофизиология бөлімінен), психология мен лингвистиканың тоғысында туып, тіл жүйсін, тіл әдебінің ми субстратымен қатынаста зерделейді. Орта ғасыр дәуірінен бері миға зақым келгенде тіл әдебінің бұзылуы байқалған. Жүйелі зерттеу ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басланған. А. Шлайгер, Г. Вернике, И. Бодуэн де Куртене, В. А. Богородицкий, Л. В. Щерба, Р. О. Якобсон, Л. Р. Зиндер және басқалары тіл патологиясы фактілеріне назар аударған. Замани ғылымда адамзат тілінің глоттогенезін, функциясы мен даму процестерін түсіну үшін биологиялық факторларға жиі көңіл бөлуде. Мұндайда социология, антропология, этнология, психология, палеоневрология, тілдердің тарихи типологиясы, семиотика, кинематика мәліметтерді ескерді. Тілдің көй деңгейлі жүйесінің құрылысы мен генетикалық кодтың кей деңгейлі құрылымындағы ұқсастықты табуға көп талпыныс жасалуда (Р. С. Якобсон, Вяч. Вс. Иванов). Хайуандардың белгіні түсінуіне сандаған бақылау жасалынып, оларды адам тіліне үйрету тәжірибесі жүргізілді. Америкалық ғалым Айрин Пеппербертін зерттеулеріне жеке тоқталып өтуге де болады.

А. Пепперберг өз зерттеулерінде бұған дейін қалыптасқан тұжырымдардың біршамасын жоққа шығарады. АЛЕКС тотықұсына зерттеуі арқылы әлем ғалымдарының назарын аударған. Тотықұстың ми деңгейі 3 жасар баламен бірдей болуы көпшілікті әлі күнге дейін тандантып келеді. Тек осы зерттеулер жалғасын табуы керек.

Ойымызды тұжырымдасақ, нейролингвистикалық зерттеулер қазақ тіл білімінде жаңа бағытта зерттеле түсу керек. Жоғарыда аты аталған ғалымдар еңбектерін қазақ тіліне аудару жұмыстары да кезек күттірмес мәселе. Жалпы келешекте таным мен тілдің ара

катынасын зерттейтін жаңа ғылым салалары өзектілігін арттыра түседі деген сенімдеміз

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс заңы һәм жүйесі. Орынбор. 1923 ж. - 46 б.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. 1-кесек қазақ тілінің фонетикасы (Дыбыс жүйесі)// 2006. – 292 бет
- 3 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Жоғары мектеп оқушылары үшін оқу құралы. I-бөлім. Алма-Ата, 2006. – 292 бет.
- 4 Жұмасова К. Психология: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2006. – 292 бет.
- 5 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998. 304 б.
- 6 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, 2001. № 4. 39-43 б.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ СӨЗДЕРДІҢ ФОНЕТИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЭРМЕТОВА Д. М.

ғылыми жетекші, Өзбек тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

№ 74 НОМ, Шымкент қ.

ВОХИДОВ Н.

8 сынып оқушысы, № 74 НОМ, Шымкент қ.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «Мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.

Тілді қолданушылар әр заманда оның өзіне дейінгі жинақталған сөздік қорын, қалыптасқан заңдылықтарын қолдана отырып, тілішілік және тілден тыс факторларға байланысты өз тарапынан әртүрлі ереже-қағидаларды енгізетіні, сөздік құрамды әртүрлі қырынан байытатыны және қандай да бір бөлігін қолданыстан мүлде шығарып тастайтыны, я болмаса бұрыннан келе жатқан қолданыстарды әртүрлі

қырынан өзгертетіні белгілі. Тілді осындай даму және қалыптасу заңдылықтарын қазіргі кезде қолданылатын тілдердің деректерімен салыстыра отырып айқындау, олардың арасындағы сабақтастықты анықтау қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдері – қыпшақ, өзбек, ұйғыр тілдері – қарлұқ, түрікмен тілі – оғұз группасына кіреді. Біз осы тілдерді салыстырып зерттеу арқылы қалған түркі тілдердің генетикалық байланысын да анықтауымыз қиын емес. Өйткені бұл тілдер қалған түркі тілдерімен де тығыз байланыста болды. Көптеген түркологтар түркі тілдерін бір-бірімен салыстырып зерттеу былай тұрсын, оны монғол, тұңғыс, маньчжур тілдерімен байланыста тексереді. Типологиялық жақтан бұл тілдер орал тілдерімен (угро-фин, самодий) бірігіп, Орал-Алтай тілдерінің үлкен группасын түзеді. (Бұған қосымша: Е. Д. Поливанов, Ф. И. Рамстедттер корей тілін, Т. Винклер жапон тілін де қосуды ұсынған). Қазіргі түркі тілдері мен алтай тілдерінің генетикалық байланысын былай қойғанда, алтай тілі мен орал тілдерінің байланысы онан артық болмаса, кем емес деген пікірді айтады.

Түркі тілдерінің тарихы мен этнографиясын зерттеуде көрнекті орын алған XIX ғасырдағы орыс ғалымы Н. А. Аристов болып есептеледі. Ол түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың Алтай, Монғол жерінен қазақ далаларына өтерінде бәрі араласып, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болған деп есептеп, төмендегі рулардың түркі халықтарының қалыптасуына ұйытқы болғандығын көрсетеді: қанлы, қыпшақ, дулат, алшын, арғын, найман, керей, қырғыз, саха немесе якут, теле, түрк-түкю; қарлұқ т.б.

Бірнеше мың жылдық көршілестік негізіндегі мәдени байланыстардың дәнекерлік қызметі және бар. Сондықтан, маман ғалымдардың пікірі бойынша, қазақ және өзбек тілдерінің көне дәуіріне қатысты мұрағаттардағы лексикалық бірліктердің тілдік табиғатын айқындауда аталған тілдердің даму жолындағы түрлі кезеңдердің ерекшеліктерін ескерген жөн.

Ежелден аралас-құралас өмір сүріп келе жатқан қазақтар мен өзбектердің бұрынғы кезден бері аудармасыз тілдесіп келгендігі анық. Оның үстіне қазақ және өзбектердің бір мемлекет құрамында болуына байланысты бір-бірінің құрамына сіңіп кету жағдайлары да тарихта жиі кездеседі. Осындай жағдайларға байланысты жекелеген атаулардың, сөздердің аталған екі тілдің бірінен біріне ауысуы мәселесінде ақиқатқа жету өте қиын [1, 157 б.]. Академик Ө. Айтбайұлының «ұлт болып бөлінбей тұрған кезде ортақ қолданыста болған сөздерді бір тілден екінші тілге ауысты деп айту қисынсыз. Асылы, тіл-тілдегі мұндай

элементтерді ортақ мұра есебінде қарастырған жөн деп ойлаймыз» [2] – деген пікірі қисынды көрінеді. Сондықтан қазақ және өзбек тілдеріне тән лексика құрамын белгілеуде осы кезеңге жататын лексиканы ортақ мұра ретінде қарастырудың қажеттігі дау тудырмайды [1, 157 б.].

Біздің дәуірімізге келіп жеткен Орхон-Енисей ескерткіштерін оқып қарап таныссақ, түсінуге болады. Оның үстіне бұл ескерткіштер таза түркі тілдерімен жазылған [3, 39 б.]. Себебі Шығыс Түрік қағандығының құрамында өмір сүрген түріктер осы Орхон-Енисей жазуын қолданып, сол жазудың тілінде сөйлеген [4, 12 б.]. Демек, бұл қазіргі түркі тілдерінің де, бәріне ортақ ата тілі болып есептеледі. Әрбір ұлт тілінің қандай өзгеріске түскенін білу үшін оны ескерткіштер тілімен салыстырып, анықтауымыз мүмкін [3, 39 б.].

Қазақ және өзбек тілдерін тілімен салыстырып қарайық.

Кесте 1

Қазақ тілі	Өзбек тілі
Ұл	ўғил
қыз	қиз
ана	она
ата	ота
іні	ини
ер	эр
келін	келин
қатын	хотин
күйеу	куёв

Сол сияқты адамның дене мүшелерінің аттары да жалпы түркі халықтарында, соның ішінде салыстырып отырған қазақ және өзбек тілдерінде, ұқсастығы байқалған

Кесте 2

Қазақ тілі	Өзбек тілі
Бас	бош
құлақ	кулок
көз	куз
қас	қош
аяқ	оёқ
тізе	тизза

Хайуанаттар, құстар, жәндіктерге байланысты лексикалық ұқсастықтар да барлығын салыстырып көруге болады:

Кесте 3

Қазақ тілі	Өзбек тілі
Ат	от
тай	той
бие	бия
айғыр	айғир
інген	урғочи туя
түйе	туя
буқа	бука
өгіз	хукиз

Маусым, уақытаттары да ұқсас екендігі байқалады:

Кесте 4

Қазақ тілі	Өзбек тілі
Күн	кун
жыл	йил
жаз	ёз
күз	куз
таң	тонг

Солсияқты жер-су, табиғат, аттарында да тектестік, ұқсастықтар сезіледі:

Кесте 5

Қазақ тілі	Өзбек тілі
Жер	ер
су	сув
тау	тоғ
теңіз	денгиз

Қазақ және өзбек тілдерінің ұқсастығын сөз таптары бойынша да байқауға болады. Біз кейбір сын есімдерді салыстырып қарайық:

Кесте 6

Қазақ тілі	Өзбек тілі
Қызыл	Қизил
калың	калин
жасыл	яшил
қара	қора
сары	сарик
ұзын	узун
ауыр	оғир
қысқа	қиска
жаңа	янги

Өзбек тілі, түркі тілдерінің оңт.-шығыс (орта азиялық) тармағы қарлұқ тілдері тобына жатады. Өзбек тілі бірнеше диалектіге бөлінеді. Олардың ең үлкені оңт.-шығыс пен қала тұрғындарының тілдік ерекшелігін қамтитын қарлұқ диалектісі, ол қазіргі ұйғыр тіліне ұқсас келеді. Өзбекстанның терістік батысын қамтитын қыпшақ диалектісінде сөйлеушілердің тілі қазақ, қарақалпақ тілдеріне жақын. Оғыз диалектісі оңт.-батысты мекендеген оғыз тайпасының тілдік ерекшелігіне байланысты пайда болған. Қазіргі өзбек әдебиті қарлұқ диалектісі негізінде қалыптасқан. Фонет. ерекшелігі жағынан бұлаталған диалектілер, «о»-мен сөйлеушілер, «а»-мен сөйлеушілер деп екіге бөлінеді (охшом – ахшам). Өзбек тілі басқа туыстас түркі тілдерінен сөзбасында «й» дыбысын (йол – жол, йіп – жіп), сөздің ортасы мен соңында «ғ», «г» дыбыстарын (тағ – тау, ағыз – ауыз) қолдану, сондай-ақ морфол. тұрғыдан көптік жалғауының тек «-лар» түрінде (сизлар, дағтарлар), ілік септігінің «-нинг», табыс септігінің «-ни», жатыс септігінің «-да», шығыс септігінің «-дан» үлгілері негізінде бірғана фонет. нұсқада қолданылуымен ерекшеленеді. Өзбек тілінің жазуы ертеден қалыптасқан, 14–16 ғ-лардағы көне жазба әдеби тілін ғыл. әдебиетте шағатай тілі деп те атайды. Өзбек тіліне үндестік заңы (сингармонизм) тән емес, лексик. жағынан араб, парсы тілдеріне науысқан сөздер көп кездеседі, граммат. құрылымы тұрғысынан жалғамалы (агглютинативті) тілге жатады. 1927 жылға дейін араб, одан кейінгі он жылдық талатын (1927 – 38), 1939 жылдан кирилл (орыс) әліпбиімен қолданса, қазіргі жазуы қайтадан латын әліпбиіне көшті (1994).

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «... мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады. ... Олай болатыны, тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың жүздеген жылдармен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты» [3]. Осы мүмкіндіктің арқасында қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, әлемдегі түрлі елдермен, соның ішінде бауырлас түркілік елдермен сан алуан сала бойынша тығыз байланыс орнатып, оның ұстанған бағыт-бағдарлары айқындалды. Туысқан түркі халықтардың жақындасуына қолайлы жағдай қалыптасып, оң нәтижелерге қолжеткізуге мүмкіндік ұлғайды. Түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы – достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына және ғылыми-танымдық байланысының нығаюына барынша ықпал ете түсті. Ілгері замандардағы тарихи түрлі оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір, шыққан тегі ортақ, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі тамырлас түркі халықтарын бір-бірінен алыстатып, өмірлеріне «өзіндік» өзгерістер

жасағаны баршаға аян. Алайда олардың этностық қалыптасуы бір екендігін айғақтайтын басты екі ерекшелік бар екені сол дәуірдің өзінде де анық аңғарылатын. Оның біріншісі және ең басты көрсеткіші – олардың тілінде екені ғылымдан ақтыланып, түркі тілдес халықтар тілдері біршама зерттеліп-зерделенді, лингвистер тарапынан жіктемесі (классификациясы) жасалды, екіншісі – түркі халықтарының этникалық негізін бұл тартпай дәлелдейтін деректік мағлұматтар тарихи-этнологиялық, фольклорлық мұралар мен көне түркілік жазба ескерткіштер де жатқаны баршаға айқын бола бастады. Кенес үкіметі бұл мәселеге аса сақтықпен қарап, түркі әлеміне ортақ заңдылықтарды түбегейлі зерттеп-тексеруге мүмкіндігінше кедергілер келтіріп келгенеді. Осы мақсатқа орай, тәуелсіздік жылдарында қазақ тарихы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануы, түркітануы ұлттың тарихи даму көзі әрі рухани мұрасы болып табылатын көне түркі және орта түркі дәуірінің тарихи-әдеби жәдігерлерін зерттеп-зерделеп, үлкен ғылыми жетістіктерге қол жеткізе бастады. Түркілік жазба мұралардағы қазақ әдеби тілі мен әдебиетінің даму тарихын пайымдауда маңызды рөл атқаратын құнды деректер мен мәліметтер ғылыми айналысқа түсіп, мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтарына енгізілді. Сөйтіп, қазақ жазба тілі мен әдебиетінің қалыптасып өркендеу дәуірін айқындау мақсатында көне түркі жазба мұраларына жататын Орхон-Енисей-Талас ескерткіштеріне, орта ғасырдағы оғыз-қыпшақ дәуірінің әдеби мұрасы болып саналатын «Қорқыт ата» кітабына, «Оғызнама» дастанына, «Кодекс Куманикус» сөздігіне, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіне, Махмұд Қашқаридің «Диуани луғат ат-түрік» кітабына, Ахмет Йүгінекидің «Һибат ұл һақайық» еңбегіне, Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметіне», Алтын Орда, Шағатай ұлысы, Моғолстан, Әбілқайыр (Өзбек) хандығы және Қазақ хандығы тұсындағы жазба әдебиеттер мен эпистолярлық жазба материалдарға және осы сияқты т.б. жазба мұраларға, ауызша жеткен, бірақ кейінгі ғасырларда қағазға түсірілген жыр-дастандарға іргелі зерттеулер жүргізілді. Ұзақ уақыт бойы «жазба тіліміз бен әдебиетіміздің тарихы XIX ғасырдың екінші жартысынан ғана бастау алады», «Қа, сыртқы әсерді өзінше игеріп алу қабілетіне қызмет ету керектігі ескерілмеген жағдайда, ол жазудың қолайлы болуы екіталай. Өзбек тілінің жаңа әліпбиіндегі графемалар жүйесі гетерогендік сипаттағы әдеби тілдің дыбыстық қорына негізделгендіктен, бір әріп бірнеше фонеманың репрезентанты болып қабылданған.

Қазақстанның басқа да көптеген этностарынан айырмашылығы сол, өзбектер мен қазақтар бір рулық бесіктен шыққан, олардың жалпы

тарихи тамыры тереңде жатыр. Бір сөзбен айтқанда - туысқандар. Мүмкін, сондықтан болар, олардың арасында, әдетте, қандас туыс адамдарға ғана тән ерекше қатынастар қалыптасты. Тарихи туыстықты қалыптасқан аймақтық шекаралар да растайды. Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, қазіргі кезеңде өзбек диаспорасы өмірлік тәжірибесін көбейте, оны жаңа әлеуметтік-тарихи жағдайға сәйкестендіре отырып, тұрақты дамып келеді. Қазақстандық өзбектердің көпшілігі Қазақстанды шын жүректен өз Отаны деп есептейді. Демек, қазақ және өзбек тілдерін өзара салыстыру арқылы олардың бір-бірімен жақындығын, түркі сөздері екендігін, сақталу дәрежесін анықтаймыз. Демек, түркі тілдері, соның ішінде қазақ, өзбек тілдері негізінен түркі тілдік, бір-бірімен тектестік қасиетін сақтап қалған. Бірақ бұл тілдердің ескі сөздік құрамын сақтап қалғандығын шартты түсіну керек. Өйткені салыстырылған сөздердің мазмұны дәл келгенмен, айтылуында бірсыпыра фонетикалық өзгерістер пайда болған. Демек, әрбір тіл ұлт тілі болып қалыптасуда өзіндік өзгешеліктер пайда болады. Ол өзгешеліктер – бір тілді екінші тілден ажыратудағы ұлт тілінің белгісінің бірі. Демек, әрбір ұлт тілі өзінің қалыптасу дәуірлеріне жеткенше өте көп бұрылыстарды, тарихи кезеңдерді басынан кешірген, ол әрбір тілдің сөздік құрамында із қалдырғанын көреміз. Қазақ және өзбек тілдерінің сөздік құрамына енген араб, парсы-тәжік, т.б. сөздері біртіндеп сіңісіп, халыққа толық түсінікті болғанда, өз сөзіндей қалыптасып кеткен. Бұл сөздерді тек салыстырып зерттеп, этимологиясын іздемесек, қазіргі қазақтың немесе өзбектің сөзі емес деу де қиын. Сондықтан бір тілдің лексикалық құрамындағы сөздерді екінші тілдермен салыстыру арқылы ғана оның тарихи даму жолдарын, ескі түркі тектестігін сақтау дәрежесін, өзінің жақын тілдерімен байланысының алыстық, жақындық өзгешелігін анықтау мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілі білімі мен түркітану мәселелері. «Жібек жолы баспасы» Алматы, 2007.
- 2 Айтбайұлы Ө. Қазақсөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). Алматы, 1997.
- 3 Нұрмаханова Ә. Н. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы «Мектеп баспасы» Алматы, 1971.
- 4 Айдаров Ғ., Құрышжанов А., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. «Мектепбаспасы» Алматы, 1971.
- 5 Қазақ ССР тарихы. I том. Алматы, 1957.

6 Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және Орта ғасырлық Қазақстан. «Қазақстан». – Алматы, 1992.

7 Добромыслов А.И. Города Сырдарьинской области Казалинск, Перовск, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент, 1912.

8 Каллаур В. А. К истории г. Аулие-Ата. Протоколы за седаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии, 1903.

9 Ходжиев А. П. Өзбектілі. Түркітілдеріэнциклопедиясы. – Астана, 2002.

10 МәшһүрЖүсіпКөпеев. «Айқап». 1913.

11 Сұлтанов Т. Қазақхандығыныңтарихы. Мектеп. – Алматы, 2002.

12 Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы, 1997.

13 Тынышпаев М. История Казахского народа. 178 б. Алматы, 1993.

14 Мухаммадризоғли Тухташ Мамаев. Иқонва Иқонликлар. – Тошкент, 2003.

ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТА ДАҒДЫҒА АЙНАЛҒАН КЕЙБІР СӨЗДЕРДІҢ СӨЗ САПАСЫНА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ

ЯКУПОВА М. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Атырау қалалық мектеп-лицейі, Атырау қ.

МИРАСОВА А.

10 сынып оқушысы, Атырау қалалық мектеп-лицейі, Атырау қ.

Сөз мәдениетінің нормативтік сапасы бойынша функционалдық сауаттылыққа, дұрыс сөйлеу талабына басымдылық беріледі. Сөз дұрыстығы жөніндегі ой-тұжырымдар А. Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ол: «Сөз дұрыстығы – әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды. Ол үшін сөз мағынасын, тұлғасын өзгертетін жалғау, жұрнақтарды дұрыс тұтыну керек; сөйлем ішінде сөздерді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру керек; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластыру, дұрыс орналастыру керек», - дейді. Әдеби тіл нормасы тіл тазалығын қамтамасыз етеді: біріншіден, ол сол қоғамда әбден орныққан ортақ заңдылықтарды қолдануды міндеттейді, орынсыз ауытқушылыққа жол бермейді; екіншіден, тілді қарабайырлықтан сақтайды, диалектілер

мен жаргондардың орынсыз қолданылуына тосқауыл қояды; үшіншіден, сөзді талғап жұмсауға төселдіреді. Тілдің морфологиялық, синтаксистік амал-тәсілдері, лексикалық қазынасы бір-бірімен астаса, ынтымақтаса келіп, тіл байлығын құрайды. Оқушының сөзді құбылтып қолдануда жұрнақтардың, жалғаулардың рөлін білуі, еркін және тұрақты тіркестердегі ойдың нақтылана, тереңдей түсетіні жөнінде түсініктерінің қалыптасуы сөз мәдениетіне төселдіретін баспалдақтар болып саналады. Сондықтан тіл білімінің салалары туралы аяқталған, тұтас білім беруді көздейтін негізгі мектептің мақсаты оқушының тіл туралы дүниетанымын кенейту және әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу дағдыларын жетілдіру болып белгіленді [1, 392 б.].

Сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркестері мен сөйлемді тілдегі мағынасына қарай сай қолдану, ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп жұмсау – сөз дұрыстығы деген ұғымды білдіреді. Сөз ақиқат өмірдегі белгілі бір затты, нәрсені, құбылысты меңзеп тұрады. Сөз – ақиқат өмірдегі белгілі бір заттың, нәрсенің, құбылыстың тілдегі «өкілі».

Қазақ тілінде самай сөзінің самай шаш, самайын қырау шалған тәрізді орындарда жұмсалып, адамға байланысты қолданылатыны белгілі. Солай бола тұрса да біз автордың былай деп жазғанын оқимыз: «Баса киген түлкі тымағының екі самайына қалың қырау қатқан Өзен қарияның шанадан түскені болмаса, қозғалмай тұр» (газеттен).

Сөз дұрыстығынан жөнсіз ауытқудың мұндай түрлері тіл білмегендіктен емес, көбіне мұқиятсыздықтан болып жатады. Әдетте, самай, желке дегендер – адамға қарата айтылатын сөздер. Тымақтың самайы, желкесі болмайтыны белгілі. Адамға тән мұндай нәрселерді киімге таңу ақиқатпен үйлеспейді.

Әдетте, сөз әр түрлі ұғымды, заттар мен құбылыстарды дәл атап қана қоймайды, оларды бейнелеп те айтады. Тілімізде «аса көп мыңғырған мал» деген ұғымды алалы жылқы, ақтылы қой деп те бейнелі тіркеспен атайды: «Алалы жылқы, ақтылы қой, Андыған бөрі жемей ме иесі ұйықтап жатқан соң» (Махамбет Өтемісұлы).

Ал осындай бейнелі сөздер мен сөз оралымдарының мағына-мазмұнын қайсыбір авторлар тап басып дәл тани алмай жатады. Сондай тіл мүмкіндігінің бір мысалы мына тәрізді: «Шағын алаңға шықтым. Анадайдан бір отар ақтылы қой шашырай жайылып келеді» (журналдан). Әдетте, ақтылы қой «есебіне сан жетпейтін, мыңғырған қой» дегенді білдіреді. Олай болса, бір отар қойдың есебіне сан жетпегені ме? Сөз дұрыс қолданылмаған тағы бір мысал көрсетелік: «Аш адам тырысқақ» (жарнамадан). Тырысқақ сөзінің

негізгі мағынасы – өте қауіпті жұқпалы ішек ауруы және оның бұл сөйлемде қолданылуы өрескел қате [2, 392 б.].

Этностың ақиқат дүние туралы көзқарасы, салт-дәстүрі, жол-жоралғылары әдет-ғұрпы, моралі, әдебі, тұрмыс-тіршілігімен байланысты ақпараттар жинақтаған тұрақты сөз орамдарының мазмұндық құрылымында ақиқат дүниенің тілдік бейнесін көрсететін ұлттық менталитетті танытатын компоненттер болады. Осыларды айқын аңғара білмеген жағдайда сөйлеуші немесе жазушы коммуникативтік сәтсіздікке ұшырауы ықтимал. Соңғы жылдары, әсіресе, радиохабарларда жылы лебізді құттықтау сөз айта келіп, мерейтой иесіне «қартаймаңыз» деп тілек білдіреді. Қазақ мәдени қоғамдастығы «қартаймаңыз» деген тілекті қабылдай қоймайды, мұндай тілек «кәрілік жасқа жетпеніз» дегендей сезіледі.

«Адам қартаймайтын шайтан емес қой» деп қайсыбір кісілер мұндай тілекті қош алмайды. Қазақ салтында қарттық үлкен құрмет, адамның қызметі, атақ-дәрежесінен гөрі жасын сыйлау, жасына қарай жол беру жағы мықтап ескеріледі. Үлкендердің байырғы кезде кәрілікке жеткізсін, жағың түспей, жамандық көрме; ақ сақалды сары тісті бол дейтіні сол этикалық норманы айқын аңғартады.

Сөйлеудегі (сондай-ақ жазудағы) дәлдікті қалай ұғамыз? Әдетте, сөйлеушінің сөзіне риза болып, айызы қанған адамның «дәл айтты, тауып айтты» деп, өзгенің сөзіне баға беріп отыратын кездері бар. Рас, сөйлеуші өз ойын өзгелерге дәл жеткізе алмаса, жаңағыдай бағалаудың болуы да мүмкін емес. Сондықтан әсерлі айтылған сөзді «дәл айтты, тауып айтты» деп түйеміз.

Бұл – сөз дәлдігі жөнінде әдеттегі түсінігіміз. Мұнда нақтылықтан гөрі жалпылық басым. Ал сөз дәлдігі деген лингвистикалық терминнің бұл түсінікпен дәл келетін тұстары да бар, одан өзгешелеу ұғынылатын жерлері де бар.

Сөз дәлдігі деген сапаға қойылар талаптың бірі – сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану. Сөзді тілдегі мағынасына сай талғап, таңдамай қолдана салудың баспасөз беттерінде кездесетін кейбір мысалы мынадай, «Мен келген кезге дейін бұл аймақта қой басын өркендетуге мән берілмей келеді екен» (журналдан).

Осындағы шыркы бұзылғн қолданысқа назар аударсаңыз, дәл айтуға «мұқтаж» болып тұрған сөздердің «мен-мұндалап» тұрғандығын байқайсыз. Қой шаруашылығын өркендету деп айтуға болатындығы белгілі, ал қойдың басын қалай өркендетуге болады? Әңгіме қой санын көбейту жөнінде емес пе?

Сөздерді өз мағынасына сай қолданбау, дәлдіктен көз жазып қалу, әсіресе басқалардан гөрі дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әр басқа немесе бір түбірден тарап, дербес мағынаға ие болған сөздерді (бұлар тіл ғылымында паронимдер деп аталады) жұмсау да жиі кездеседі: «Енесі сүйектерін сырқыратып орнынан қозғалды» (кітаптан); «Жігіт жусан иісіне еліктеп, мас болғанын сезбеді» (журналдан); «Мүйізден зерделенген сандықтың құрсау қаңылтырлары ғана жатыр» (журналдан). Бұл жерде сырқыратып емес, сыртылдатып; еліктеп емес, елітіп; зерделенген емес, зерленген деп қолданып, дыбысталуы ұқсас сөздердің мағыналық паркын ажырату қажет. Онда неге тегіс жерде сүрініп, сөзімізден ақау жіберіп жатамыз? Оның себебі біреу-ақ: ол – сөз қолданысымыздағы ұқыпсыздық. Ұқыпсыздықтың салдарынан дәлдіктен айырылып, сөздерді бірінң орнына бірін сапырылыстырып жұмсау шоқы – шұқы; тынық – тұнық; ауа – әуе тәрізді дыбысталуы ұқсастау атауларды қолдану да жиі кездеседі. Сөз – болмысты бейнелейді. Сөз – шындықтың санамызда сәулеленуі. Айналамыздағы заттар мен құбылыстар сөз арқылы таңбаланады. Осыған сәйкес бізді қоршаған «құбылыстар» мен «сөз» арасында белгілі бір қатынастың бар екендігін аңғарамыз. Кейде сөз дәлдігін сақтай алмай, көз жазып қалуымыз үлкен бір себебі «зат» («құбылыс») пен «сөз» арасындағы байланысты жете тани алуымыздан. «Сөзді» білмесек, сол сөздің қандай заттың (құбылыстың) таңбасы, бейнесі екенінен бейхабар болсақ, сөзді сол заттық мағынасына сай қолдандық деп айта алмас едік. Кейде сөзді дәл қолдана білмеуіміздің себебі «зат» - «сөз» қатынасын дұрыс ұқпауымызға байланысты [3, 34 б.]

Енді сөзді дәл қолданбаудың мынадай мысалына назар аударайық.

«Өліарада ауа өңі өзгеріп сала берді. Шалқалаған жаңа ай шағырмақтанып, күн қабағы кәдімгідей салыңқы тартқан» (газеттен); «Берекелі күздің аңкылдап алтын күрек желі есті» (газеттен); «Әкеңмен тумалас Қоңырбай деген нағашың бар» (газеттен). Осылайша сөзді дәл, орынды қолданбау қатеге ұшыратады, тіпті сөйлеушіге абырой әпермейтіндей күлкілі жағдайға душар етеді. Мысалы, әкемен тумалас адам нағашы болушы ма еді? Ал өліара сөзіне келетін болсақ, қазақ ұғымында өліара деп ескі ай мен жана айдың қараңғы кезін айтады. Өліарада ай көрінбейді, ай көрінетін кез өліара деп аталмайды. Ал алтын күрек деген тіркесті автор, сірә, метафоралық қолданыс деп ұқса керек. Қар кетіріп, жер бетін дегдітетін жел алтын күрек деп аталады. Оны жазда немесе күзде соқты деу сөз қолданысымыздағы үлкен ағаттық.

«Өліарада ай көрінді», «Күзде алтын күрек есті» деген баяндаулар әсіресе табиғаттың қыр- сырына қанық диқан мен малшы қауымды иландыра қоймайды. Қазақ сөзінің байлығына қызығып, оны кәдеге жаратамын деу – жақсы талап, бірақ сол байлықты дәлме - дәл жұмсай білу де керек. Байқасақ, жылдың әр мезгілінде соғатын желдің өз атауы бар. Күздің қара суық күндері үйіріп соғып, тал, терек, емен мен үйенкі жапырақтарын төгіп кететін жел – жапырақ жел деп аталады. Жылылық әкеліп, қыс бойы жатқан қасат қардың көбесін сөгетін желді тілімізде ескек соқты дейді. «Оңтүстіктің жылы желі, ескегі соқты. Осыдан бір ай бұрын соқса, жұрт оны «жыл әкелді», «игілік әкелді» деп, қуанышпен қарсы алар еді (М. Әуезов) [4, 112 б.]»

Қазақстан Республикасының негізгі халықтың тілі болып табылатын мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу - біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Сондықтан да елімізде, отбасымызда мемлекеттік тілді үйренуге мүмкіндіктер өте көп.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін толық іске асыру үшін көптеген шаралар жүргізуде. Елбасы: «Қазақстан халқы үш тілді жетік меңгерген және барлық әлемге жоғары білімді ел ретінде танылуы керек» деген еді.

Қазақ тілі – әлемдік тіл кеңістігінде қайталамасы жоқ, ғасырлар бойы гуманизм мен прогресске, қазақтардың ұлттық тұтастығы мен бірлігін нығайтуға қызмет етіп келе жатқан тіл. Бұдан басқа, ең бастысы, қазақ тілі – біздің ана тіліміз, шексіз бай көркем тіл.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері / Балақаев М. - Алматы: Қазақстан, 1965. - 186 б.

2 Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары / Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. - Астана: Елорда, 2001. - 230 б.

3 Абалкова Б., Игібаева А.К. Интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениетін дамыту / Абалкова Б., Игібаева А. К. // С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004. -392 б.

4 Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі: Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. - Алматы: Атамұра, 2001.-112 б.

5 Секция. Қазақ тілі және латын әліпбиі
5 Секция. Казахский язык и латиница

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

ЕЛЬДЕСОВА Ә. Е.

8 «А» сынып оқушысы, № 2 Ертіс ЖОББМ

МАХМЕТОВ Ә. Қ.

география пәнінің мұғалімі, № 2 Ертіс ЖОББМ

Кешегі ұлылардың сенімін ақтап, тіл бірлігін жалғастыруда барлық күш-жігер, жауапкершілік алдымен бүгінгі жастарымызға түсетіндігі айдан анық. Ал біз осынау абыройлы парызды қаншалықты атқарып жүрміз? Пайымдап көріңізші. Өзгелерге еліктеп, өзінің ана тілін мансұқ етіп жүрген жастарымыздың қатары аз ба?

Тілі енді шыққан бүлдіршінге басқа тілді мультфильмдерді көрсетіп, орыс балабақшасына беруді дағдыға айналдырған өзіміз болсақ керек. Көпке топырақ шашудан аулақпыз, бірақ қоғамдық көлікте Өтегенді «атаген» деген жастарды көргенде, ішің удай ашиды. Бүгінде еліміздің әр аймағында тілді дамыту тұрғысында біршама істер жүзеге асырылып келе жатқандығын да ескерген жөн.

Тіл – қашанда ұлттың ұйтқысы. Сөзі өз тілінде шыққан халықтың егемендігі баянды, тұғыры қашан да биік. Қазіргі кезде мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі маңызы мен салмағы күн санап арта түсуде. Жас ұрпақтың тілі ана тілінде шығып, қазақ тілінде білім алуына, басқа да тілдерді жетік меңгеруіне толық мүмкіндік те бар. Өзге тілдің бәрін біліп, өз тілімізді құрметтеу үшін, ең алдымен, тілді білуге деген қажеттілік туындауы керек деп ойлаймын. Екіншіден, әрбір адамға тілді үйренуге деген ниет пен білім қажет. Ананың сүтімен бойға дарыған туған тілді құрметтеу – ең қымбат, ең асыл қасиеттердің бірі. Ал осы қасиеттерді жасөспірімдердің бойына сіңіріп, қазақ тілінің мәртебесіне сызат түсірмеу баршамыздың жұмыла көтерген жүгімізге байланысты.

Жалпы тіл мәселесіне келгенде әрқайсымыз жауапкершілік танытуымыз керек. Өйткені мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, мәртебесін өсіру жолында мұндай жауапкершілік болмаса, қолға алған істеріміздің нақты мақсатқа жетуімізге айтарлықтай кедергі келтіреді. «Тіл тұғыры – ұлт тұғыры» екенін естен шығармауымыз керек. Әсіресе, кейінгі жастар қазақ тілін үйренуге, қазақ тілінде сөйлеуге жетік мән берсе деп ойлаймын. Себебі жастар – елдің

келешегі. Ел келешегі тек қана экономикалық жетістіктермен ғана емес, мәдени-рухани қазыналарымызбен де айқындалып, тұғырлана түсері хақ. Олай болса, жастарымыз тіл мәселесіне келгенде сергектік танытып, жанашырлықпен қараса, игілікті іс болар еді [1].

«Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайды» демекші, қанша қартайсақ та, қазақтың халін, тілінің тағдырын айтудан шаршамауымыз керек. Мен айтпасам, сіз айтпасаңыз келер ұрпақ кімнен тәлім алып, қалай өз тарихын білмек?! Мен өз тарапымнан қазағымның басқа жұрттың тілін ғана емес, дінін де қабылдауы ешбір халыққа ұқсамайды-ау деген ойға қаламын. Неге десеніз, бір отбасында ата-анасы қаны қазақ бола отырып, бала-шаға, қала берді туған-туыстармен өзге тілде еш мүдәрмей, кедергісіз сайрайды да, өз ана тіліне келгенде, қақалып-шашалып, шатпақтап, батпақтап шүлдірлей қалады. Қалада өсіп, таза орыстанған ортада қалыптасқан қазаққа түсіністікпен қарап, «Иә, ойын жеткізе алмай тұр, орысша айта ғой» деп қолпаштап жіберетініміз де рас. Намыс қайда? Ал енді кеше ғана ауылдан тілдің тұнығына тойып, салт-дәстүрдің уызына қанып келген ұл-қыздарымыздың бүгінде қалаға келе сала тілін бұрап, өзге тілде (қате-қате болса да) шүлдірлей қалатынын қалай түсінсек екен? Күлкілі-ақ! Сонда ол қай ұлттың өкілі болды?! Өз тіліннен неге сонша жеріді екен бұл жастар? Жастар ғана емес, жасамыстарымыздың да жағдайы солай. Күрсінесің де қоясың. Бұл жақсы қасиет емес, тек-тіл қасиеті! Тәуелсіз болдық, тіліміз тәуелсіз болғанда туылған бала өз ана тілінде неге сөйлемейді? Өз елінде, өз мемлекетінде өз ана тілін ақша төлеп үйреніп жатқан бірде-бір басқа ел баласын естіген де, көрген де емеспіз. Мұндай сорлағандық ешбір халықта жоқ шығар. Өз тілінен өзі жерген деген сөз-өзінің анасының сүтінен өскен соң жиіркенген деген сөз. Басқа теңеу таппадым.

«Үнінен, тілінен, жерінен, дінінен айырылған халық жер бетінен жойылып кетеді» деген Әл-Фараби бабамыздың сөзін ескерсек, жаһандану жағдайында әр қақты тіл тағдыры толғандыруы керек. Қазіргі таңда қазақ тілінде таза сөйлейтін өзге ұлт өкілдері жоқ емес. Таңғалатын да ештеңе жоқ, мәселе сойлей алғанда емес, мәселе қазақтың тілі үшіннамысын жыртып, шын жаны ашып, шынайы шырылдап өткен, қаншама тілге қатысты еңбек жазып, тер төккен, өзге ұлттың өкілі жөнінде айтпақпын. Қанымыз қазақ болғанмен, жанымыз қазақ бола алмай жүргенімізді жасырмайық [2].

Кенес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы «Қазақ тілі-сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтатаян

тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл» деген болатын. Осындай керемет тіліміздің жаңа жаһандану заманындағы бүгінгі жағдайы қазақ үшін ұят және сын.

Тіл – ұлттың жаны

Қазақстан азаматының қазақ тілін білмеуі мүмкін емес әрине, бірақ қаны қазақ азаматының өз ана тілін менсінбей, қазақша сөйлеуді ар санайтынына қарның ашады. Соны көрген нағыз тіл жанашырлары қол қусырып қарап отыра алмай, тіл үшін түрлі әрекет жасап жүрген жайы бар. Жалпы тілге деген жауапкершілікті әрбір адам өз бойында сезінуі керек.

М. Дулатовтың өткен ғасырдың басында жазған «Қазақ тілінің мұңы» атты туындысы бар. Онда: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, ділмар, бабаларымның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мәлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай епкінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қайдамын? Кірленіп барамын. Жасыдым. Мұңайдым. Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Оның үстіне қазақ тілі-мемлекеттік тіл болды деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ не керегі бар, босқа қуанған екенмін...» деп қазақ тілі өз мұнын шағады. Қайсыбір ұлттың болмасын, болмыс-бітімі ол-ана тілінде. Сондықтан да өз тілін ұмытқан халық өзін ұмытып, өзін басқаларға таныта алмайды. Тіл дамымаса ұлт та ұйыспайды. Себебі тіл-тарихы терең, ұрпақтан-ұрпаққа өз әдеті, мәдениеті, мінез-құлқымен сақталып келе жатқан құнды дүние [3].

Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік тілді қоғамдық өмірге ендіру бағытында жүзеге асқан елеулі де нақты жұмыстарды ешкім жоққашығара алмас. Мемлекеттік ұйымдар мен өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілі төңірегінде психологиялық ахуал қарқыны бәсең болса да, оң өзгеріске бет алды.

Бірнеше ғасыр бойы үстем болып келген, онсыз да тегеурінді орыс тілі қайтадан іс жүзінде мемлекеттік мәртебеге ие болып алды. Енді күнделікті өмірде орысша жазғанды қазақшаға, қазақша жазғанды орысша аударуға мәжбүрміз. Қазіргі мамандардың айтуынша, Қазақстанда таза қазақша сөйлейтін қазақтар көп емес, негізінен қазақтар аралас, қойыртпақ, орыстанған тілде сөйлейді, ал оқитындар мен жазатындар одан да аз. Кейбір зерттеушілер елімізде қазақтардың алпыс пайызы орыс тілінде сөйлейді деп жазып жүр. Оны күнделікте өмірден өзімі де көріп келеміз. Қалалы жерлердегі қазақ мектептерінде оқитын ұл-қыздарымыз үзіліс кезінде көбіне орыс тілінде қарым-қатынас жасайды. Әлі де орыс мектептеріне баратын

қаракөз балаларымыздың саны азаймай отыр. Орта арнаулы және жоғары оқу орындарындағы орыс топтарында оқитындардың көбі-өз балаларымыз. Қазақстан бүгінгі күні тек екі ғана емес, үш тілдің: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің өзара әрекеттестік алаңына айналды. Іс жүзінде, қазақ тілі екі әлемдік тілмен бәйгеге түсті және бұл бәсекелестік күресте ғасырлар қиыншылығын көріп, әлі еңсесін көтере алмай келе жатқан қазақ тілінің аман қалуы қиын. Осыдан 10 жылдан астам уақыт бұрын дайындалған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасына бірсыпыра өзгерістер енгізіліп, бірер бұқаралық ақпарат құралдарына ұсынған болатынбыз. Бұл жоба «Қазақ үні» газетінде 2018 жылғы 22 мармырдағы санында жарық көрді. Жобада бірінші кезекте мемлекеттік тілді меңгеруді, ең алдымен, қазақтарға қояды. Өйткені мемлекет құрушы ұлт, тілдің иесі, ежелгі қолдаушысы тілін меңгермейінше, қоғамда мемлекеттік тілдік таңдауына ықпал жасау мүмкін емес. «Тоқсан сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей, ана тіліміздің айдарынан жел ессін десек, «Мемлекеттік тіл туралы» Заң қабылдау қажет. Өйткені мемлекеттік тіліміз арнайы заңмен қорғауға мұқтаж болып отыр. Қайталап айтқымыз келеді: бұл бағытта екі түсінік болмауы қажет. Қоғамдағы әрбір құбылыстың тоқырар кезі, бетбұрыс жасар шағы болады. Шындап келгенде, біз тілдік кеңістіктегі шындықтың шегінде тұрмыз [4].

Тіл қадірі арта түссін десек...

Елімізде мемлекеттік тіліміздің қадірі жыл санап артып келеді. Әрине, әлі де шешілмеген толғаулы мәселелер бар. Дегенмен, бұрынғы жылдармен салыстырғанда тіл аясын кеңейтуге қатысты көптеген шаралардың атқарылып жатқанын байқау қиын емес...

Жуырда қазақ тіліне аударылған 18 жаңа оқулықтың өзі неге тұрады. Өзге ұлт өкілдерінің де қазақ тіліне деген бетбұрысы жақсы. Үйренуге ынта, талап білдіріп жүргендер көп. Шынтуайтына келгенде, мемлекеттік тілді Қазақстанның әрбір азаматы білуі тиіс. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, тілге мемлекеттік мәртебе берген кез келген ел оның толыққанды дәрежеде қолданылуын қамтамасыз етеді. Өйткені мемлекеттік тіл Өнұран, Елтаңба, Туымыз секілді негізгі нышандарымыздың бірі. Бұл орайда айтайын дегенім, мемлекеттік тілдің жүзеге асырылуының негізі білім беру жүйесі арқылы қалыптасуы керек. Егер балабақшалар дұрыс жолға қойылса, бүкіл қазақ баласы балабақшасына баратындай болса, қазақ мектептері сапалы оқулықтармен қамтамасыз етілсе, тілдік жағдайымыз бүгінгіден жақсара түсері анық. Тіл қадірі арта түссін десек, бұл бағытта нақты іс-шараларды жүзеге асыруға тиіспіз.

Сонымен қатар тіл жайын ойлағанда,мына мәселені де есте ұстауымыз керек. Мысалы, қазақ тілінің өзге елдердегі жағдайы қандай екен? Шетелдегі қандастарымыз өз тілін ұмытпауы үшін, оларды тиісті оқу құралдарымен қамтамасыз ету үшін не жасалып жатыр? Бәлкім, сол елдерде тіл оқыту орталықтарын ашуымыз керек шығар. Мұндай жұмыстар қаншалықты жолға қойылған. Басқа елдер өз азаматтарының тіл үйренуіне, салт-дәстүрін ұмытпауларына ерекше көңіл бөлетінін білеміз. Біз де сол деңгейден көрініп, дербес мемлекет ретінде шетелдердегі отандастарымыздың тіліне қамқорлық танытсақ,қанеки. Бұл үлкен әрі кешенді мәселе деп ойлаймын [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаһандану әлеміне ала қашқан зымырандардың жалына жармасып, алға ұмтылған, рухы жыртылған, тілі қырқылған бүгінгі буынға Абай разы бола қояр ма еді. Абай мыңмен жалғыз алысса, қазір тіл білетін қазақ тіл білмейтін қазақпен күнде арпалысып жүр. Әрине, ел ішінде орысшасы орысты жаңылдыратын, қазақшасы талайды табындыратын қазақтар да бар. Сондай-ақ қазақшадан басқа тілдің бәрінде жорғадай кесіліп, жыраудай жосылып тұрған қазақтар да жеткілікті. Өз тілінді жетік біліп, өзге тілді жете үйренудің үлгісінің өзі-Абай. Абайдың тек-тұлғасы мен тіл танымының арасында айырма жоқ. Оның болмысының өзі санаңды сәулендіріп, ұлтыңды ұлықтап,тегінді танып, тілінді ту етіп көтеріп,тұғырға қондыруға міндеттейді. Ұлы ақынның ұлағатты мұрасынан алар тәлімінің тағы біреуі осы. Ұлтымыздың ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы кезінде «Әр ұлтқа төрт нәрсе керек. Олар тіл және жазу, оқу. Осылары болса ғана әр халық-өзінше халық. Егер бұлардан айрылса, ол ел халық болудан қалады» деген. Осы тұрғыдан келгенде ана тілін білу және сол тілде іс-қағаздарын сауатты жүргізу мәселесі- бүгінгі күннің көкей-кесті мәселесі. Өз тілінде сөйлеуден безу-ақ сүтін беріп, асыраған анасын ұмытуымен бірдей. Ана тіл-ар өлшемі!

Осы зерттеуімді Қадыр Мырза Алидің өлең шумақтарымен аяқтағым келеді:

Ана тілің-арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте!.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 AuyI-aimak.kz
- 2 Qazaqstan dauiri. - № 4 – 2019 жыл. - 10 бет.
- 3 ANA TIII - № 34 - 2018 жыл. - 4 бет.
- 4 ANA TILI - № 24 - 2018 жыл. - 5 бет.
- 5 ANA TILI - № 16 - 2018 жыл. - 4 бет.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

ҚАЙРБАЙ Ғ.

11 сынып оқушысы, № 20 лицей-мектебі, Павлодар қ.

ШОМАНОВА М. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 20 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің биылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы, Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақ елінің болашақ даму стратегиясын айқындай отырып, 2025 жылдан бастап қазақ тілінің латын әліпбиіне көшетіні туралы қорытынды пікір айтқан болатын. Президент жолдауы Қазақ елінің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-ағартушылық дамуын, халықаралық кеңістіктегі орнын жан-жақты бағамдап, ішкі және сыртқы жағдайды толық ескеріп, әліпбиді қашан, қандай жолдармен ауыстыру керек, осыларға байланысты дұрыс шешім шығарды деп, – ойлаймын. Жеке өз басым Президенттің бұл бастамасымен толық келісемін. Латынға көшу секілді маңызы жоғары мемлекеттік мәселеде біздің алдымызға дейінгі басқа елдердің тәжірибелері бар. Мысалы, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан сияқты мемлекеттерді айтуға болады. Осы мемлекеттердің латын графикасына көшу тәжірибелерін қарап, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, бізге қажетті тұстарын алған жөн. Ол үшін, мамандар арнайы осы елдерге барып, ғалымдармен кездесіп, ондағы латын графикасына қатысты жағдайды жан-жақты талдап, зерттеулері тиіс деп, ойлаймын. Бірақ, Өзбекстан мен Түрікменстанның қателігін қайталамауымыз керек. Мемлекет тарапынан арнайы қаулы қабылданып, оған ғалымдар жұмылдырылуы абзал. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегендей, бұл істе айта кетер бір мәселе, графика ауыстыру, жазу реформасын жүргізу ісінде әр елдің осыған себеп болған түрткі жайттары, тілдерінің даму деңгейі, шараларды жүзеге асыру кезеңдері, әріп таңдау принципі өртүрлі. Сондықтан басқа елдің

оң тәжірибесін өзгеріссіз қабылдай салуға немесе теріс тәжірибесін талдаусыз жоққа шығаруға болмайды. Ең басты мақсат өз еліміздегі жағдайды талдап, тілдің мұқтажын, халықтың қалауын, қазақ тілінің ұлттық тіл ретіндегі, сондай-ақ адамзат мәдениетіндегі ерекше феномен ретіндегі сақталуы мен болашақтағы дамуына мүмкіндік туғызуды бірінші кезекте ойлау керек. Тілдің қоғаммен бірге дамып, ғылым мен техника дамыған сайын көршілес елдерден және басқа да шетелдерден жаңа сөздер кіруі арқылы да толығып отыратыны табиғи заңдылық болып табылады. Қазіргідей басқа елдермен арада барыс-келіс жиілеген замандағы күнделікті тіршілікте өзге тіл сөздерінің енуі де, әсері де күшейе түспесе, бояуламайды. Ал кірме сөздердің барлығын дер кезінде қазақы айтылымға икемдеп отыру да оңай шаруа емес. Әрбір оқыған сауатты адам өзге тілден келген сөздің де қазіргі кирилл әріптерімен өзгеше жазылып тұрғанын оғаш көріп тез қабылдай қоймауы мүмкін. Ал латын әліпбиі бұл қиындықты өзі реттеп, жұртшылық кірме сөздерді қазақы қылып жазып, қазақы оқып кеткенін өздері де байқамай қалар еді. Сондықтан тіліміздің табиғи айтылымына қайшы келетін кемшіліктерімізден арылатын кез келді. Әр сөзді бабалар салған жолмен ұлттық үндесіміне қарай айтуымыз үшін жарыса қапталдап кедіргі келтіретін ескі әліпбиімізді латын әліпбиіне ештеңеден қорықпай алмастыра салуға мүмкіндік келді. Демек, ұрпақ келешегін ойласақ, ұлттығымыздың негізгі белгісінің бірі тілімізді сақтап қаламыз десек, бірден-бір дұрыс жол – латынға көшу. Тіл білімі институты латын әліпбиіне көшу бойынша қоғамдағы негізгі күшке айналып, Үкімет ұйғарымымен оларға сондай құқық берілуі керек. Ал, Тіл білімі институтының осы бағыттағы шешімдері мемлекеттік деңгейде талқыланып, іске асуы қажет. Осыған байланысты латын әліпбиіне қатысты ғылыми орталық Тіл білімі институтында болады. Олар кімдерді қажет деп санаса, соларды осы сараптамалық жұмысқа тартуы қажет. Бұл жұмыстарға арнайы қаражат бөлінуі тиіс. Ал, олардың үстінен латын әліпбиіне көшу мәселелері бойынша мемлекеттік комиссия құрылғаны жөн. Тіл комитеттері де осы жұмысқа атсалысады деп ойлаймын. Елбасының Жобасынан кейін баспасөз беттерінде осы латын әліпбиіне көшу туралы түрлі пікірлер айтылып жатқаны бәрімізге белгілі. Солардың бірі – тез арада латынға көшуіміз керек деген пікір. Алдымен бүгінгі компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бәріміздің электрондық поштамыз бар. Ол поштамыз кирилл, араб, немесе басқа емес, латынмен жазылған. Астымыздағы көлігіміздің нөміріндегі әріптер латынмен

берілген. Куәлігіміз бен паспортымызда латын әліпбиі тұр. Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Яғни латын әліпбиі бізге таңсық емес. Ол біздің қоғамға еніп кеткен. Оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымызға келер болсақ, олар төмендегідей:

Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды танбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз;

Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді;

Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруіне тиімді жолдар ашылады;

Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Осыған байланысты, біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынаста тығыз байланыс жасауымызға мүмкіндік туады.

Ал енді кедергілерге келетін болсақ, айтарлықтай үлкен кедергілер жоқ. Негізінен, осы мәселеге байланысты халықтың көзқарасы, ниеті бір болса, қиындықтарды жеңіл шешуге болады. Жастар жағы, орта буын өкілдері компьютерді толық меңгергендіктен латынды дереу үйреніп алады деп ойлаймын.

Басылымдарды латын графикасына ауыстыруда пилоттық варианттары болуы керек. Екі жазу қатар қолданылуы мүмкін. Кейбір ақпарат құралдары осы графикаға өтуі қажет шығар. Бұқаралық ақпарат құралдары жаңа жазуға тез өтуі үшін өз оқырмандарын осыған дайындау мәселесін өз мойындарына алуы керек. Латын әліпбиіне көшу — егеменді еліміздің жиырма жылдықтан отыз жылдыққа өту кезіндегі аса маңызды мәдени-идеологиялық жұмысы. Бұл әліпбидің артықшылығы мыналар:

- 1 Оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым;
- 2 кірме әріптер жоқ;
- 3 жол асты, жол үсті белгілері жоқ.
- 4 бір дыбыс – бір әріп ұстанымы сақталды.

Қабылданған әліпбидің кемшілігі ретінде ә, ө, ы, ғ дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбағанын айтуға болады. Осы кезден бастап, латын графикасына қазақ тілі «көндіге» бастады. Мәселен, бұл әліпбиге 1933 жылы Қ. Жұбанов өзінің толықтыруларын енгізді, яғни әліпбиде 24 әріп, 1 дәйекше болды. Толықтыруда, сондай-ақ, f, h, x әріптерін енгізді. Қ. Жұбанов ұу, үу, ый, йй қосар таңбаларының орнына бір таңба алуды, дәйекше қызметін пайдалануды ұсынады [2, 138 б.]. Қ. Жұбановтың бұл ұсынысы, яғни ый, йй, үу, үу қабылданбады. Ол кезде Қ. Жұбанов болашақта қазақтар бұл қосарлы дыбыстарды дыбыстаудан алыстап кететінін білмеді. Дегенмен бұл әліпби әріптер саны қосылмағанда үздік әліпбидің санатында қалар ма еді? 1940 жылы қазақ жазуы кириллицаға негізделген графикаға көшірілді. Болашақта латын әліпбиіне көшкенде 26 әріппен көшсек қана біз тілімізді өзінің үндесімі заңы негізінде сақтап қала аламыз. Ал 42 әріпті ауыстыра салу, «бір адым алға, екі артқа жүру» дегенге алып барары сөзсіз. Зияткерлік ұлтты қалыптастыруда латын әліпбиіне тек осылай ғана көшу ғана өзінің игі нәтижесін берері сөзсіз. Басында латын әліпбиіне 26 әріп бойынша көшу мынадай қиындықтар туғызатыны анық:

- 1) өз қазағымыздың өзі бір күнде «сауатсыз» болып қалатындай жағдай туындайды;
- 2) басқа ұлттардың түсінбестігі туатыны анық;
- 3) орфографиялық нормалар тұтасымен өзгеретіні барлық халыққа қиындық туғызады;
- 4) жер-су атауларын қайта жазу мәселесі дау-дамай тудырады;
- 5) бұрынғы тарихымыз, мәдениетіміздің мол мұрасы, кітаптар болашақ ұрпаққа түсініксіз болып қалуы ықтимал.

Дегенмен де латын әліпбиіне 26 әріп бойынша көшсек қазақтың болашақ таза қазақтық ұлтын қалыптастыратынымыз айдан анық. Латын әліпбиіне осылай көшсек мынадай жақсылықтарға жетеміз:

- 1) қазақ тілінің басты үш дыбыстық заңы, атап айтқанда, буын үндестік заңы, дыбыс үндестік заңы, ерін үндестік заңы бұзылудан сақталады;
- 2) акцент пайда болып, дұрыс интонация нығая бастайды;
- 3) кірме лексика, терминдер сөздер үндестік заңдарына бағынады, мәселен: стартер – сартер.
- 4) бірінші кластан бастап балалардың басын ауыртып келе жатқан, емлетануда қиындық туғызып жүрген, қазақ сөздерінде ешқашан дыбысталмайтын және болмайтын басы артық 16 әріптен құтыламыз.

5) сөйлеу мәдениеті көтеріліп, орфоэпиялық нормалар орфографиялық нормаларды ығыстыра бастайды, соның негізінде зияткерлік ұлт негізі қалыптаса бастайды.

6) латын әліпбиін менгеру ақпараттық кеңістікке шығуды жеңілдетеді, яғни ғаламтор жүйесін халқымызға ана тілінде менгеруге жол ашады.

7) басқа елде тұратын қандастарымызға өз тілінде ақпарат алуды жеңілдетеді.

Қазақ тілінде латын графикасына көшуде емле ережелерін зерттеп, өзімнің латын алфавит үлгісін құрастырдым. Қазақ тілінің емле ережелерін латын графикасына ауыстыру бейімдеу жақтарын қарастырылды. Ғылыми жобада Н. И. Ильминский, Ғ. Қ. Хасанов, Қ. Күдериннің еңбектерін басшылыққа алдым. Қазақ тілін латын графикасына ауыстырудағы ережелер заңдылықтар анықталғанына сенімдімін.

Қазақ тілінде латын графикасына көшуде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану, Кириллицадан латиницаға көшіруді автоматтандыру, қазақ ағылшын сөздігін латын графигінде құрастыру және көзі нашар көретіндерге әдебиетті оқытуға электронды көмекші құрастырдым.

Кириллицадан жазылған кітаптарды аудару құралын жасадым. Инклюзивті білім берудегі көзі нашар көретін немесе мүлдем көрмейтіндерге қазақша мәтінді латын графикасында дауыстап оқитын электронды құрал ойлап таптым. Латын графикасына көшудің автоматтандырудың маңызын көрсетеді деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айталы А. «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи тамыры», «Егемен Қазақстан», 2014 ж 26 ақпан.
- 2 Айталы А. Қазақ тіліне сұраныс жоқ елде, латын әліпбиіне сұраныс бола ма? «Жалын» журналы, № 3, 2013.
- 3 Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. XX ғасырдағы қазақ әдебит тілі. – Астана: Елорда. – 2000
- 4 ӘзімбайҒали. <http://qazaqtimes.com/article/8505>.
- 5 Байтұрсынов А. Тілтағылымы. – Алматы, 1992.
- 6 Кәкшішұлы Т. Латын әрпіне көшу. «Жалын» журналы, № 4, 2014.
- 7 Күдерина Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010.

8 «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», атты халыққа арнаған жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2014, 17 қаңтар.

9 Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Egemen.kz

10 Н. Назарбаев «Бейбітшілік кіндігі» - Алматы, Атамұра, 2010 ж.

11 Н. Назарбаев «Қазақстан жолы» - Алматы, 2006 ж.

12 Н. Назарбаев «Тарих толқынында» - Атамұра, 1999 ж.

13 Садықова Г. Латынға көшу-заман талабы. – Астана: Елорда. – 2015.

14 Сыздықов.С. «Мәңгілік Ел» Бұл көне тарихтан тін тартқан идеяның жаңа дәуірмен ұштасуы», «Егемен Қазақстан» 2014 ж 4 желтоқсан.

15 Тәрбие.оргсайтынан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтары және мәні.

THE STATUS OF THE STATE LANGUAGE IN KAZAKHSTAN AND IT'S IMPROVEMENT

KANAFINA S.

grade 11 student, Nazarbaev Intellectual School

OSPANOVA N. A.

scientific adviser, teacher of Global Perspectives

Language plays an enormous role in society. It is a vital tool for communication between all the nationalities and between whole people, this is how they can exchange their thoughts and ideas. Moreover, language is a simple way to build friendships, economic relationships, and cultural ties. There is a huge diversity of languages in our world, almost every nation has its own one, which creates a culture and unites all people. And it becomes comfortable to speak in only one common language, therefore, people forget about their mother tongue. At the moment the problem is gaining momentum covering all countries of the world. Some languages may be on the verge of extinction. For example, in Belarus, there are two state languages - Russian and Belarusian. Most Belarusians now speak Russian. The fact that the situation with the Belarusian language is threatening has been recognized by UNESCO experts: in the map of World Languages, the Belarusian language is selected as capable of being hurt (<https://thinktanks.by/publication/2016/02/20/v-atlase-yazykov-yunesko-beloruskiy-yazyk-na-pervoy-stadii-vymiraniya.html>). This is the first steps towards destruction.

As for our country, we have an identical problem, a small number of people use Kazakh in everyday life which can lead to a decrease of our national identity, which arose from the influence of the colonial system of the Soviet Union and continues to be influenced by western culture. In my perspectives, I am worried about it, because I am a Kazakh and my native language is respectively Kazakh. I think that my state language is very beautiful and all people should use it in everyday life despite the fact that our country is getting globalized and integrated with other cultures. Given these problems, the main goal of my project is to identify the status of Kazakh language in the country, evaluate the actions taken by the government of Kazakhstan regarding the above problem, also, suggest new methods.

Kazakhstan disposes of itself as a country that supplies equal opportunities for the development of languages of all peoples of the republic, as Kazakhstan is a multinational country. However, The Law on Languages in the Kazakh SSR, adopted on September 22, 1989, introduced the concept of the «state language», and the Kazakh language was given the status of the state language, whereas the Russian language was proclaimed «the language of international communication». But, attentiveness to the development of the native language of the peoples of the republic, the state policy of Kazakhstan emphasis on the development of the state language. It is considered that 25 % (and some 40 % said) of Kazakhs did not know their native language in the Soviet period (Oion & Zhumashev, 2017).

The status of our native language depends on a certain region of the country. In fact, the Kazakh language is recognized monolithic and uniform. Nevertheless, there are several contrasts which alter in different regions of Kazakhstan. Firstly, the Kazakh language has a number of dialects in the oral communication of definite regions of the republic, despite this fact, it does not interfere with communication with each other (Malov, 1941). Secondly, by the results of her poll Valitova (2015) reported that the majority of Kazakh respondents in the Atyrau and South Kazakhstan regions actively use only the Kazakh language in communication – 85.8 % and 77.0 %, respectively. On the contrary, the smallest percentage of Kazakh respondents who speak their families only in their native language are in Pavlodar (20.4 %), East Kazakhstan (32.4 %) and Karaganda (45.4 %) regions. It is closely connected to the history of the development of Kazakhstan as a country. Since the Russian Empire took a Small Horde under protection from the Jongars at the beginning of the eighteenth century, Russian culture has begun to influence the Kipchak steppe lifestyle. That is why in the several regions there is a high rate of the population speaking in Russian and neglect of

Kazakh as a means of communication in all spheres of life (Masanov & Abylkhozhin, 2001).

In the first years of independence, a language policy began to be followed in the Republic aimed at the development of all languages of the peoples of Kazakhstan, especially the state lingo. An authorized body for the development and implementation of the state language was created - it is called the Committee on Languages of the Ministry of Culture and Information. The country began to take measures aimed at the execution of language policy: huge funds were allocated from the budget; on the lead of the President of Kazakhstan N. Nazarbayev, the Presidential Foundation for the Development of the State Language was established.

The effectiveness of language policy depends on the preservation of interethnic concord in Kazakhstani society; therefore, it is an important part of state policy, this explains the fact that some laws were decided by the Constitution of the Republic of Kazakhstan. The main goal of the whole language policy is to ensure the functioning of the state language as the most important factor in strengthening national unity while preserving the languages of all ethnic groups living in Kazakhstan. Nevertheless, the country purposefully aims at raising the position of the state language regardless of the region of the country. Smagulova (2008) consider that Kazakhstan's government pursued the monolingual policy of kazakhization aimed at establishing Kazakh as the state language of independent Kazakhstan, and the main purpose of Kazakh language legislation was to upgrade the status of the state lingo. Generally, they made efforts aimed at incorporation and legitimization of Kazakh in the major state institutions such as government bodies, education, and as well as in the names of geographic locations, streets and roads and organizations.

The government acted like this:

1997–2000 -the formation of the Legal Basis for Language Building in the main spheres of public life begins. In 1998, the State Terminology Commission was established under the Government of the Republic of Kazakhstan and began to work. The government decided to take more aggressive measures, as they were worried about the slow establishment of the Kazakh language into state structures. It had launched a new series of actions to reach a goal, '2007 is the year of the Kazakh language', by the end of which all state structures were expected to increase not only the volume of the paperwork in Kazakh but also its quality; they were also expected to enlarge the availability of services in Kazakh.

2001–2010 - as part of the implementation of the State program of language functioning and development for a ten-year period, the language

construction strategy was defined in expanding and strengthening the social and communicative functions of the state language. Also during this period, «Trinity of Languages» was launched (<http://prokuror.gov.kz/>).

In order to realize the Program, a national system for assessing the state language proficiency of citizens of the Republic of Kazakhstan – KAZTEST was established at the National Testing Center. Since 2008, the Department for the Development of the State Language has been established in the structure of the NTC. Now the state language proficiency is demanded both from the government employees and workers in the sphere of science, culture, education, health and public service. Therefore all of the government workers should pass this test. As a result of implementation, Kazakhstan should achieve the following key indicators: «an increase in the proportion of the adult population who speak the state language according to the results of Kaztest: by 2014 – up to 20 %, by 2017 – up to 80 %, by 2020 – up to 95%;» (Zhumashev & Dosova, 2017).

As the results of these programs, by 2012, identified that:

- the infrastructure of teaching the state, language was significantly expanded: kindergartens with the Kazakh language of instruction - 1,178 (an increase of 876 since 2001), schools - 3,821 (an increase of 173 since 2001), 101 centres of teaching the state language were created;

- the proportion of documents in the Kazakh language in government bodies is about 67 %;

- development of a methodological base for teaching the state language (multi-level educational-methodical complexes, 10 types of dictionaries with a total circulation of 720 thousand copies, 8 industry two-and three-language dictionaries with a total circulation of 260 thousand copies);

- the communicative function of the state language is strengthened (in the content of the state media (hereinafter - the media) the volume of broadcasting in the Kazakh language in the electronic media, as well as the share of the state language in the print media is over 50 %);

- systematic work is being carried out to develop and strengthen cultural ties with compatriots living abroad; (<http://prokuror.gov.kz/>).

It shows us that the laws were productive.

The next stage in the distribution of the state language is the plan for 2011–2020:

At the first stage (2011–2013) it is planned to implement a set of measures aimed at improving the regulatory and methodological framework for the further functioning and development of languages. Thus, within the framework of the first stage, it is planned to improve the regulatory framework in terms of eliminating legal gaps and toughening

responsibility for violating the laws on languages. At the same time, it is planned to work on improving the standards of teaching the state language, developing the regulatory framework for accreditation centers for teaching the Kazakh language and rating their activities.

In the framework of the second stage (2014-2016), it is planned to introduce new standards, technologies and methods in the field of studying and applying the state language, as well as preserving linguistic diversity. At the same time, at this stage work will begin on the accreditation of state centers for the study of languages. It also assumes the introduction of mandatory minimum requirements for the level of proficiency in the state language for public servants, public service workers and the provision of public services.

The third stage (2017–2020) of the Program assumes the organization of work on the introduction of mechanisms for controlling the degree of mastery of the state language.

Along with this, it is assumed to systematically monitor the degree of demand for the state language in all spheres of public life, the quality of its proper use and level of proficiency, while further maintaining the positions of other languages (<http://prokuror.gov.kz>).

The actions for 2011-2020 were also efficient. Minister of Culture and Sports of Kazakhstan, Arystanbek Mukhamediuly, government meeting reported the main results of 2017, reports Kazakhstan Today. According to the minister, in 2017 the share of the population that speaks the state language was 83.1%. Today in Kazakhstan there are 89 regional centres for learning the state language. In 2017, 58,348 students attended state language training courses. In addition, last year 17 varieties of children's literature, 14 dictionaries, 14 scientific and educational, 16 educational and methodological manuals were released and distributed throughout the country. Nonetheless, he noted that by the end of 2017, the share of document circulation in the state language was 92%. Of these, in central government agencies - 89%, in local executive bodies - 93.3%. According to the Ministry of Information and Communications, the share of media content in the Kazakh language is 72% (<https://www.kt.kz/>).

Taking into account all the facts, it is important to note that the status of the state language has indeed improved, and all adopted laws have a result.

REFERENCES

1 http://altaica.ru/LIBRARY/AN_SSSR/malov2.pdf

2 <http://rep.ksu.kz/bitstream/data/1802/1/%D0%98%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%B8%D1%8F%2029-32.pdf>

3 https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=WO_I4d612fMC&oi=fnd&pg=PA166&dq=r elated:ju3dvwGLw8UJ:scholar.google.com/&ots=sL8hcdQz_E&sig=O1HkW4ZmmFr8-44UE4Q3CAqr6bQ&redir_esc=y#v=onepage&q&f=false

4 https://www.kt.kz/rus/state/kazahskij_jazik_znajut_svishe_83_kazahstacev_1153654610.ht ml

5 <https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/337/%D0%94%D0%B8%D0%B0%D0%B3%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9%20%D0%BE%D1%82%D1%87%D0%B5%D1%82%20NUGSE%20KAZ.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

6 https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008034#pos=74;-31

7 <https://articlekz.com/article/11813>

ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ӘСЕРІ

ҚАЙЫРҚАН Ә. Б.

оқушы, Назарбаев Зияткерлік мектебі ХББ, Павлодар қ.

ТУЛЕБАЕВА Б. Т.

Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі,

Назарбаев Зияткерлік мектебі ХББ, Павлодар қ.

Қазақ тілі – тамыры терең, тарихы бай тіл. Қазақ тілі XIV–XVII ғасырлардан бастау алады. Тарихқа үңілетін болсақ, 1929 жылға дейінгі кезеңде қазақ халқы араб жазуын пайдаланды. Осыдан кейін 1929–1940 жылдар аралығында латын әліпбиі қолданылса, 1940 жылдан қазіргі кезге дейін кириллицаға негізделген қазақ әліпбиін қолданып келеміз, алайда, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» - деп айтқаннан-ақ жаңа әліпбиі жайлы талқылаулар жүргізіліп, оның бірнеше нұсқасы пайда болған еді [1]. Ал сол жылдың 26 қазанында қазақ тілінің жаңа латын әліпбиі елбасымыздың жарлығымен бекітілген болатын. Кейіннен 2018 жылғы 19 ақпанда осы қаулыға түзетулер енгізіліп, 25 таңба пен 8 диграфтан тұратын әліпбиі жария етілді [2].

Латын әліпбиіне көшу туралы талқылаулар жарлық бекітілгеннің өзінде-ақ жүргізіліп келеді, себебі ана тіліміздің болашағы ешбір қазақты немқұрайлы қалдырмайды. Бірі осы өзгерісті қолдап, оның жас елімізге тигізетін жағымды әсерлерін алға тартса, екіншісі бұл жобаның осал тұстарының көп екендігіне мән беруде, демек қазіргі таңда «Латын әліпбиіне көшу» тақырыбы өте өзекті болып табылады.

Бастапқыда латын әліпбиіне көшудің мақсатын айқындап алған жөн. 2012 жылғы желтоқсанда «Қазақстан-2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында елбасымыз Н. Ә. Назарбаев республикамыздың 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі қажет деп айтқан еді [3]. Ал еліміз әлемдік өркениетті елдер қатарынан қалмай, керісінше Қазақстанның сол мемлекеттермен бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру үшін латын әліпбиін білу және қолдану өте қажет екендігі анық, демек латын әліпбиіне көшудегі басты мақсат та осы болып табылады.

Кирилл әліпбиін ауыстырудың келесі себебі - қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтау. Ал ұлттық бірегейліктің сақталуы тілдің сақталуынан тікелей тәуелді. Дәлірек айтсақ, Н. Ә. Назарбаев атап өткендей, қазіргі кезде Қазақстанда қолданылып келе жатқан кирилл әліпбиінде қазақ тілінде жиі қолданылмайтын «щ», «я», «ч», «ц», «ь», «ъ» әріптері бар, ал осы әріптер қазақ тілінің негізін бұзады [4]. Егер аталған орыс тіліне тән әріптер әліпбиімізден алынып тасталынса, онда қазақ тілі орыс тілінің ықпалынан шығып, тіліміз дұрыс қолданылатын болады.

Латын әліпбиін енгізудің тағы бір қажеттілігі бұл – латын графикасының қазақ тілін білетіндерге ағылшын тілін тез, әрі оңай үйренуге мүмкіндік беруі. Осындай өзгерістер Қазақстанның инвестицияларға ашық болуына және латын әліпбиіне негізделген жаңа ақпараттық кеңістікке енуіне жол ашады. Сонымен қатар, шет елдердің азаматтары да аса қиналмай-ақ қазақ тілін оқып, біле алады, демек қазақ тілі өзге ұлт өкілдерінің арасында тарап, халықаралық деңгейге шығу мүмкіндігін иеленеді.

Жоғарыда аталып өткен қажеттіліктермен қатар, жаңа әліпбиі түркі тілдес мемлекеттермен бірігу барысында да аса маңызды рөл атқарады. Түркі тілдес мемлекеттердің көбінің мемлекеттік тілі латын графикасына негізделген, ал Қазақстан латын әліпбиіне көшетін болса, сол елдермен рухани және мәдени байланысын күшейтіп қана қоймай, көне түркі халықтарының ескерткіштері мен тарихи мұраларының сақталуына септігін тигізери сөзсіз.

Латын әліпбиіне көшудің саяси мақсаты да бар. КСРО кезінде кириллицаны енгізудің көмегімен түркі тілдес халықтардың орыстандырылуы жүргізілген болатын. Қазірдің өзінде де кириллицаға негізделген әліпбиі халқымызға әсерін тигізуде. Мысалы, қоғам қайраткері Амангелді Айталының айтуы бойынша, кирилл әліпбиі тек қазақ тіліне әсерін тигізіп қана қоймай, қазақтардың орыс мәдениетіне еліктеуіне де себеп болуда [5]. Ал латын әліпбиіне көшу арқылы қазақ халқы Ресейдің ықпалынан босайды.

Латын әліпбиіне көшудің қазақ тіліне әсері зор болатыны айдан анық, ал сол әсерді жан-жақты талқылау үшін SWOT талдау әдісі қолданылды. Латын әліпбиіне көшу реформасының күшті жақтарына тоқталатын болсақ, біріншіден, әліпбиі тек 25 таңба мен 8 диграфтан тұрады. Кирилл әліпбиіне негізделген қазақ тілі 42 әріптен тұрса, қолданылмайтын «щ», «я», «ч», «ц», «ь», «ъ» әріптері жаңартылған әліпбиде болмайды. Бұл адамдарға қазақ тілін оңай үйренуге мүмкіндік береді [6].

Аталған реформаның кемшіліктері де бар. Біріншіден, Қазақстанның халқына жаңа әліпбиді үйрену және оны күнделікті өмірде пайдалану қиынға соғады, себебі барлығы кирилл әліпбиінде білім алған. Екіншіден, латын әліпбиіне негізделген қазақ тілі үшін арнайы ережелер құрастыру қажет, ал бұл үрдіс латын әліпбиін білетін мамандардың болуын талап етеді.

Латын әліпбиіне көшу қазақ тіліне көптеген мүмкіндіктер береді. Мысалы, латын әліпбиін қолданушы өзге елдердің тұрғындары қазақ тілінде жазылған еңбектерді аса қиындықтарсыз оқи алады. Сонымен қатар, олар қазақ тілін де меңгеру мүмкіндігіне ие болады. Бұл қазақ тілінің басқа мемлекеттерде де қолданылуына жол ашады, яғни тіліміздің дәрежесін жоғарылатады.

Латын әліпбиіне көшуден қазақ тіліне әсер етуі мүмкін қауіп-қатерлерді де атап өткен жөн. Мәселен, латын әліпбиін үйренетіндіктен, қазақстандықтар ағылшын тілін де меңгере алады [7], бірақ осының нәтижесінде қазақ тілінің қажеттілігі төмендеу ықтималдығы жоғары. Осыған қоса, латын әліпбиін меңгеру барысында қиындықтар туындап, қазақстандықтардың арасында сауатты адамдар саны төмендеу қаупі де бар. Әрі жаңа әліпбиді үйренуге деген құлшыныс барлық қазақстандықтарда пайда болуы нақты емес, көбі орыс тілінде сөйлеуді жөн көруі мүмкін. Аталған қауіп-қатерлердің ықпалынан келешек ұрпақ мүлдем қазақ тілін білмей өсіп, қазақ тілі жоғалған тілге айналу қаупі туындай алады.

Латын әліпбиіне көшу Қазақстанға көптеген мүмкіндіктер ашса да, қазақ тілінің дәрежесіне жаман әсерін тигізу қаупі де бар. Болашақта латын әліпбиіне көшу реформасы егжей-тегжейлі жоспарланып, болуы мүмкін қауіп-қатерлерді алдын алу шаралары ұйымдастырылса, латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына үлесін қосады. Мәселен, латын әліпбиіне көшуде асығыстық жасамай, біріншіден алфавиттің ортақ тоқтам жасалған нұсқасын анықтау керек. Екіншіден, оны үйрету мен оқытудың мемлекеттік механизімін жетілдіріп, белгілі бір жүйе қалыптастыру қажет. Үшіншіден, халықтың өзі саналы түрде оны меңгеруге талпыныстар жасауы тиіс.

Бүгінгі күні халқымыздың қазақ тіліне, кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне көшу үдерісіне деген көз қарасын анықтау үшін, сұрақтарға жауапты халықтың өзінен жинастыру қажет. Сондықтан, латын әліпбиіне көшудің қажеттілігі мен оның қазақ тілінің дәрежесіне, елімізге тигізетін әсерін бағалау мақсатында елімізде тұратын азаматтардан сауалнама алынды. Сауалнама - зерттеу жобасының тақырыбын толық, әрі нақты ашу үшін қолданылатын әлеуметтік әдістің сандық түрі. Сауалнама survey.monkey.kz сайтында жасалып, оған 100 адам қатысты. Респонденттерге 5 сұрақ қойылды.

Сауалнама нәтижелерін талдау ыңғайлы болу үшін және респонденттерді жас шамасына қарай бөлу үшін сауалнамадағы алғашқы сұрақ олардың жасын анықтауға бағытталған. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі 13–17 жаста (34 %), 29 %-ы 18–22 жаста, 27 жастан асқандар пайызы 30-ға тең болса, қалған 7 %-ы 23–27 жас аралығын белгілеген.

«Қазір қазақ тілін қаншалықты жиі қолданасыз?» сұрағына 61 респондент «Күнде қолданамын», 8 респондент «Мүлдем қолданбаймын», 17 респондент «Тек сабақта/жұмыста қолданамын», 14 респондент «Кейде қолданамын» деп жауап берген. Демек, қазір қазақ тілін күнде қолданатын адам саны оны мүлдем немесе белгілі бір жағдайларға байланысты ғана қолданатын адам санынан артық.

Сауалнамадағы үшінші сұрақ «Латын әліпбиін енгізгеннен бастап қазақ тілін қолдануыңыз қалай өзгереді?» болды. Бұл сұрақта «Күнде қолданатын боламын», «Мүлдем қолданбаймын» «Тек сабақта/жұмыста қолданатын боламын» «Кейде қолданамын» жауаптары болды. Бірінші жауапты 41 адам, екінші жауапты 12 адам, үшінші жауапты 27 адам, ал төртінші жауапты 20 адам таңдады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендеу, латын әліпбиін енгізгеннен кейін қазақ тілін күнделікті тұрғыда қолданатын адам саны 20-ға төмендейтіні, ал

мүлдем қолданбайтын және тек сабақта/жұмыста, кейде қолданатын адам саны артады (сәйкесінше, 4-ке, 10-ға және 6-ға).

Келесі «Қазақстанның латын әліпбиіне көшуін қолдайсыз ба?» сұрағына 43 қатысушы бұл өзгерісті толықтай қолдайтынын, 48 қатысушы мүлдем қолдамайтынын, 5 қатысушы нейтральды көз қараста екендігін және 4 қатысушы білмейтінін айтты. Жүргізілген сауалнамадан кейбір адамдар латын әліпбиіне көшу қазақ тіліне жағымды әсер етеді деп ойлайтыны байқалса, кейбіреулері жағымсыз әсерін тигізеді деп жауап берген, әрі бұл сұраққа жауа бере алмаған респонденттер болды.

«Латын әліпбиіне көшудің қазақ тілінің дәрежесіне әсері қандай болады?» сұрағына респонденттердің 46 %-ы «Жағымды, мысалы шет елдік азаматтарға қазақ тілін үйрену оңайырақ болады» жауабын, 39 %-ы «Жағымсыз, мысалы қазақстандықтарға қазақ тілін үйрену және қолдану одан да қиын болады» жауабын, 15 %-ы «Ешқандай әсер етпейді» жауабын таңдады. Осыдан, респонденттердің басым бөлігінің ойынша латын әліпбиінің қазақ тілінің дәрежесіне әсері жағымды болады.

Сауалнама жүргізу нәтижесінде әр адамның латын әліпбиі жайлы ойы әр түрлі екендігі байқалады. Кейбір респонденттер осы жобаны қолдаса, кейбірі Қазақстандағы бұл жаңашылдыққа қарсы екендігі білінеді. Яғни, қазіргі кезде ешбір адам латын әліпбиіне көшудің салдарын нақты білмейтіндіктен, бұл мәселеге белгілі бір қорытынды жасау қиын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Арынова З., Латын әліпбиіне көшу мәселесі, 2017 ж. – URL:<http://e-history.kz/kz/contents/view/6807>

2 Әбдірахманқызы Н., Битабар Ж., Мәжілісте латын әліпбидің нұсқасы ұсынылды, 2017 ж. – URL: <http://24.kz/kz/zha-aly-tar/bastyzha-aly-tar/item/195929-m-zhiliste-latyn-lipbidi-n-s-asy-syn-ylid>

3 «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы, 2013 ж. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001385>

4 Муканов Б., Назарбаев: Жаңа әліпби әлемдік кеңістікке интеграциялану үшін қажет, 2017ж. – URL: <https://informburo.kz/novosti/nazarbaev-novyuy-alfavit-nuzhen-dlya-integracii-kazahstancev-v-m-irovoe-prostranstvo.html>

5 Қадыржанов Р. К., «Әліпбиді таңдау – бірегейлікті таңдау», 103 бет, – URL: <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal/Kadirjanov0905.pdf>

6 Шестернева С., Латын әліпбиіне көшу - болашаққа қадам, 2017 ж. – URL: https://liter.kz/ru/articles/show/36738-perehod_na_latincu_shag_v_budushee

7 Құл-Мұхаммед М., Латын әліпбиіне көшу үш түрлі мәселені шешеді, 2017 ж. – URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/perehod-latinitsu-reshaet-triedinuyu-zadachu-muhtar-kul-32-6379/

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – БҮГІНГІ ТАҢНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

ШАРАПИДЕНОВА Б. Б.

1-11Юк тобының оқушысы, Қазтұтынуодағының
Павлодар жоғары экономикалық колледжі, Павлодар қ.

ДЮСЕМБЕНОВА Д. Н.

қоғамдық пәндерінің оқытушысы, Қазтұтынуодағының
Павлодар жоғары экономикалық колледжі, Павлодар қ.

«Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады.»
ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Жолдауынан

Еліміз тәуелсіздік тәжін кигеннен бері көптеген қазақ тілшілері латын әліпбиіне көшу мәселесін көтеріп келеді. Латын әліпбиіне көшу туралы ой-пікірлер 1926-1929 жылдардан бастап бастау алғаны баршамызға тайға таңба басқандай белгілі. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген.

Қазіргі таңда Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың латын әліпбиіне көшу саясатын қолдаймын. Себебі, біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық – тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Сондай-ақ бүгінгі компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік

ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бәріміздің электрондық поштамыз бар. Ол поштамыз кирил, араб, немесе басқа емес, латынмен жазылған. Астымыздағы көлігіміздің нөміріндегі әріптер латынмен берілген. Куәлігіміз бен паспортымызда латын әліпбиі тұр. Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Яғни латын әліпбиі бізге тансық емес. Ол біздің қоғамға еніп кеткен. Оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз төмендегідей: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіріуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол да табиғи іс екендігін айтқым келеді.

Қазақ ұлты өзінің тарихи жолында сан түрлі жазу түрлерін пайдаланды. Ең алғаш тасқа таңба салу арқылы іс-әрекеттерін түсіндірді. Кейін 1929 жылға дейін араб әліпбиін, 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын қарпін, ал 1940 жылдан бастап кирилл алфавитін пайдаланып келеміз. Бүгінде әлемде көптеген жазу үлгілері бар. Әлем елдерінде ең көп қолданылатын әліпби – латын әліпбиі. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, біздің еліміз де латын қарпіне көшуге ниет білдіруде. Бұл қазір Қазақстанда күрмеуі шешілмей тұрған мәселелердің бірі. Осыған қатысты ғалымдар мен тіл мамандарының, жалпы халық арасында пікірталастар туындап жатыр. Бірі латын қарпіне көшуді дұрыс деп есептесе, енді бірі бұл пікірге қарсы шығуда.

Жаңа әліпби – саналық өзгерістің бастауы ол үшін орыс, ұйғыр, татар тілдеріндегі газет-журналдар мен баспалар да бірыңғай латын қарпімен жарық көруі қажет! Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында латын әліпбиіне

көшу мәселесін ортаға салып, нақты уақытына дейін белгілеп берді. Сындарлы шешім көпшілікті елең еткізіп, қоғам қайраткерлері мен тіл жанашырлары арасында қызу пікір-талас туғызды. Латын қарпі төңірегіндегі осындай орамды ой-толғанымдардың бір парасын талқыға салсақ дейміз.

Тәуелсіздіктің басты тірегі – мемлекеттік тіл. 2050 жылыға дейінгі кезенге арналған бұл даму стратегиясында да мемлекеттік тілге жеткілікті орын берілген. Әсіресе, Елбасының 2025 жылы Қазақстан латын әліпбиіне көшеді деп қадап айтуы көпшіліктің көңілінен шығып отыр. Жолдауда «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Бүгінде латын әліпбиі мемлекеттің бекітуінсіз-ақ жұртшылық арасында кеңінен пайдаланылып жүр. СМС хаттар жазғанда, шетелдік әріптестермен, қандастармен байланысқанда латын әліпбиі қолданылуда.

Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі – Ахмет Байтұрсынұлы. А. Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама [1, б. 204].

А. Байтұрсынұлы қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы іске асатынын жақсы түсінді. Ғалым сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесін кезек күттірмейтін мәселе екенін біліп, 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді.

Латын жазуын қабылдағанда қол жетер нәтижеміз неде? деген тәрізді сұрақтар өз уақытында қойылғанмен, оларға жауап бұрмаланып, бүркемеленіп, басты саяси-идеологиялық мақсатты құпия қалдырып келген. А. Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуымен тез арада, әрі жеңіл, оп-оңай сауат аша бастаған қазақ халқын тағы да жаңадан латын таңбасымен қайтадан сауат ашуға мәжбүр етті. XX ғ. бірінші ширегінде Орта Азия халықтарының арасында латын әліпбиіне көшу процесі үдей түседі. Сонымен қазақ жазу тарихындағы ұлттық жазу мен оның латын графикасына көшу кезендерін қарастыра келгенде мынадай қорытынды шығаруға болады. Латын графикасының қазақ қоғамында орын алуы тек саяси идеологиялық түрткіжайтқа негізделді [2, б. 65].

Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді [3, б. 22].

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70 % елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда біздің ұтатын жақтарымыз деп мынадай пункттерді атап көрсеткен болатын: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

Қорыта келгенде латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен

жеңісін әкелері сөзсіз демекпін. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ [4, б. 194].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2015. 204 бет.
- 2 Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы. канд. дисс. Алматы, 2014, 65 бет.
- 3 Жаңа емле: ой, пікір, ұсыныс. 2018.
- 4 Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары. Алматы, 2017. –194 бет.

МАЗМҰНЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, филос.ф.к., Г. Ахметованың алғы сөзі3

1 Секция. Академик Қ. И. Сәтбаев және оның білім беру мен ғылымдағы рөлі 1 Секция. Академик К. И. Сатпаев и его роль в развитии науки и образования

Аманжолова Қ. Д., Ташиева Ж.	
Ғасыр адам, асыл адам	4
Ауғали М. А., Масайнова К. Б.	
Өнегелі өмір	9
Бакбаева М. Т., Музафарова Б. С., Нұхы А. Ш.	
Сәтбай-Шорман әулетінің арасындағы байланыс туралы	13
Кенжесары Ә. Б., Қаржасбаев Т. К.	
Қ. И. Сәтбаевтың шежіресінен – сыр шертемін	18
Нукешов А. А., Жақупова Р. Т.	
Қ. Сәтбаев – туған өлкемнің шок жұлдызы	23
Шайдуллина М. Д., Махметов Ә. Қ.	
Дара дарын	29

2 Секция. «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру» баяндама және мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы

2 Секция. Программа «Рухани жаңғыру – взгляд в будущее» и статья «Семь граней Великой степи»

Абдрахманова Д. С., Шакенева Ш. К.-К., Орумбаев Е., Масловская Е.	
Наследие великой степи. Асық – терапия	36
Абулгазина С. М., Смагулова А. Қ.	
Ұлы даланың ұлы есімдері	40
Айтжанов А. С., Нұрпейіс Г. Д., Бейсенбекова А. С.	
Ұлы даланың жеті қыры: Ұлы Жібек жолы	45
Айтмакушева Б. М., Маженова З. С.	
Жас ұрпақ патриотизмі Шоқан ізімен	52
Амангельді Д., Марзатаев Е. Т.	
Мәңгілік ел – ұлтаралық қатынас пен қоғамдық келісім идеясы	60
Аргын М., Ахметжанова А., Габдуллина А. А., Бекполова Г. А.	
Тема Великой Отечественной войны в произведениях писателей Восточного Казахстана	65

Асанов И. Р., Абышев А. А., Маралбаева К. Р., Мустафина Н. М., Соғумбаева А. Д.	
Стартап «Возрождение казахской традиционной рецептуры травяных чаев на основе дикорастущих растений Сарыарки»	72
Бакишева К. С., Буханова Д. У., Маратбекова А. М., Мырзакан С. Қ.	
Көркем шығармадағы жетім бала жан дүниесінің суреттелуі	76
Бекболатқызы А., Казбекова Ж. Д., Бейсенбекова А. С.	
Ұлы даланың жеті қыры. Алтын адам	81
Дисенова А., Калиев Д. С., Асанова Д. Е.	
Естай Беркімбаулы	87
Игберлинова Г. Б., Иманмагзамова Г. К.	
Рукоделие нашего села	92
Исмагулова С. Ж., Нығметханова Ж. Д., Кидырмаина А. Ж.	
Шығыс Қазақстандағы қасиетті жерлердің ішкі-сыртқы туризмді дамытуға қосатын үлесі	97
Кабдылкармова С. Б., Нурбай А. Д., Бейсенбекова А. С.	
Ұлы даланың жеті қыры. Қазақстан алма мен қызғалдақтар отаны	101
Казангапова А. К., Қойлыбаева А. Т.	
Атқа міну мәдениетінде иппотерапияның алатын орны	108
Капенев Б. М., Егінбай А. М., Загоруйко С. Н.	
Открытый Казахстан	112
Кисина Г. А., Кетикова Ж. Т.	
Атқа міну мәдениетінің жастарға рухани тәрбие берудегі маңызы	118
Мұзафар Д. Ә., Тугельбаева А. Е., Бейсенбекова А. С.	
Ұлы даланың жеті қыры. Аң стилі	123
Рахмет А. М., Кусайнов И. А., Ахметов Д. К., Мақсатхан А.	
Әлем мәдениетіндегі ортекенің орны және дифференциациясы	128
Рыбалко Е. О., Кабиденнова Б. М.	
Қазақстан тәуелсіз, дамыған, өркениетті елге айналуына ұлтаралық келісімнің әсері	133
Сташевский Д. А., Иванова Е. В.	
Крылья джигита	137
Таңатқызы Ш., Зыханова Н., Далбина Ж. К., Акимжанова Г. Б.	
Ер қаруы – бес қару	143
Тілуқабыл С. О., Адуова А. Т.	
Көкпар және көкпар аты	149
Толубаева Г. О., Унййбаева Д. С., Темірболат А.	
Заманауи технология бойынша қой жүнінен жасалған ұлттық киімдер	155
Турақұлов Ш., Жусупов Н. М.	
Атқа міну мәдениеті	160
Хайратханқызы Р., Ежиханова Г. К.	
Рухани жаңғыру – концепция процветания государства	163

3 Секция. Қазақ әдебиеті 3 Секция. Казахская литература

Абдильманова М. С., Сапарғали М. С.	
Ы. Алтынсарин өңгімелеріндегі антитезаларды қолданудың тәрбиелік мәні	169
Аденова Б. О., Кизат М., Рамазан А.	
Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезеңіндегі оқиғалы өлеңдері	174
Дроздова М. В., Шорманова А. Р.	
«Ұлы даланың жеті қыры» мақала аясында «Дала фольклорының антологиясы» бағыты бойынша Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ертегілеріне заманауи цифрлық форматта тыныс беру	181
Асқарова А. Е., Жұмадилова Ш. Т.	
Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» поэмасындағы «Мәңгілік ел» идеясы	189
Біржан З., Ахатов Т. Қ.	
И. Байзақов шығармаларының көркемдік ерекшелігі	195
Болатқызы А., Жеңісқазина С. Е., Қумашева А. Ж., Бияхметова Ж. Қ.	
Шәкір Әбенев – шынайы талант иесі	201
Джасқайратова Д. М., Темірболат З. Қ., Байрон М. Ж.	
Ым-ишараттардың ұлттық-мәдени сипаты	205
Елубаева Б. Б., Елубаева Н. Д.	
Ұлы ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбектерінің қазіргі астрономия ғылымымен байланысы	209
Еркен А., Сабданбекова Г. Т.	
Мәшһүр Жүсіп толғауларындағы афоризмдер	214
Жилжанова А. Н., Окпина Б. М.	
М. Жұмабаевтың табиғат лирикасындағы кейіптеулердің қолданысы	218
Жұматов Д. Н.	
Аймақтық ақындар шығармаларындағы туған жер тақырыбы	224
Кабиденнова Т., Мақсатхан А.	
Мұзафар Әлімбаев шығармаларындағы гуманистік идеялар	228
Қабылова А. М., Кабиденнова Н. А., Алимханова Д. А.	
Арман Қанидің шығармашылық өмірбаяны	232
Кереева А. Қ., Адуова А. Т.	
Мағжан поэзиясындағы бейнешілдік – тәуелсіз қазақ елінің мемлекеттік рәміздерінің негізі	239
Қабылбек А., Нұрхиса Ф., Сырттанова А. Т.	
М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» өңгімесіндегі замана шындығының көркем көрінісі	245
Қазбек Ә., Жаканова А. Ш.	
Ұлы Абайдың жолын қуған ұлы Шәкәрім	250

Мағзомқызы Л., Якупова М. С. Жүрегі толған жыр – әлем (Қазақтың бард ақыны Табылды Досымовтың шығармашылығының тақырыптық ерекшелігі)	256
Рахметова Л. Б., Альмишев Н. Бейімбет Майлин өңгімелері – ауыл өмірінің көркем шежіресі	260
Сарсенбаева А. К., Хайруллина М. Д. Май елінің өнерін өрістеткен – тұлға	265
Тұрарова Т. Е., Идрисов А. Н. Бауыржан Момышұлының әдеби мұрасы	270
Феримхан А., Мукушева Қ. С. Дәстүр жалғастығы және жаңашылдық: қазақ фольклоры мен Мәшһүр Жүсіп	274
Абай мен Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы Шалбай Т. А., Бакбаева З. С. Абай мен Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «Толық Адам» бейнесінің қазіргі таңдағы маңыздылығы	280
Жақиянова Г. К., Енова Е. П. Ақпараттық технологияны қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қолданудың тиімділігі	286

4 Секция. Тілтаным
4 Секция. Языкознание

Бекнияз Р., Татенова А., Нұрмат Б. Аббревиатураның жасанды интеллектідегі рөлі мен қоғамдағы маңызы	290
Дәуренбек Р., Нұрмат Б. Бүкіл әлем бір тілде сөйлейді: контрастивті лингвистика эксперименттері негізінде	294
Жупарова И. К., Кулмаханова Н. Г., Сыздыкова С. А. Д. Исабековтың «Гауһартас» повесіндегі бейвербалды амалдардың аударылу жолы	298
Қайырбай Н., Жумабекова Р. Т. Мәшһүр Жүсіптің нақыл сөздерін көрнекі ақпарат өнімдері арқылы жаңаша тану	306
Мусалинова С. Р., Аубашева М. Е. Қазақ және ағылшын тіліндегі фразеологизмдер сипаты	313
Рустемова С. Б., Секенова С. Б. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы мақал-метелдердің контаминациясы	319
Хавез А., Антмухаметова А., Нұрмат Б. Нейролингвистика - тіл ғылымының жаңа саласы	324

Эрметова Д. М., Вохидов Н. Қазақ және өзбек тілдеріне ортақ сөздердің фонетика-грамматикалық ерекшеліктері	328
Якупова М. С., Мирасова А. Тілдік қолданыста дағдыға айналған кейбір сөздердің сөз сапасына тигізер әсері	335

5 Секция. Қазақ тілі және латын әліпбиі
5 Секция. Казахский язык и латиница

Ельдесова Ә. Е., Махметов Ә. Қ. Тіл – ұлттың жаны	340
Қайрбай Ф., Шоманова М. С. Латын әліпбиіне көшудегі ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану	345
Капафина С., Оспанова Н. А. The status of the state language in Kazakhstan and it's improvement	350
Қайырқан Ә. Б., Тулбаева Б. Т. Латын әліпбиіне көшудің қазақ тіліне әсері	355
Шарапиденова Б. Б., Дюсембенова Д. Н. Латын әліпбиіне көшу – бүгінгі таңның өзекті мәселесі	360

**АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ
120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«ХІХ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

1 ТОМ

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова

Компьютерде беттеген: А. Елемескызы

Басуға 25.03.2019 ж.

Өріп түрі Times.

Пішімі 29,7 × 42 1/4. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 21,3. Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 3282

«Toraighyrov University» баспасы

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.